

84(5403)6
Т-86

Еркінбек Тұрысов



НҰРЖАУДЫҢ
НҰРЛЫ ТҮНДЕРІ



Еркінбек ТҰРЫСОВ


НҰРЖАУДЫҢ НҰРЛЫ ТҮНДЕРІ

Туған жер, өмір, тағдыр, табиғат жайлы
толғаныстар, естеліктер, арнаулар

275070

*Сүйізгіс ардақты ақынды ұстаз
азамат атасо-уағатын
Қауалпер досомыз
ізі тілекпен, бауырлас
қолыңмен Еркінбектен.*

“ОТЫРАР” ҚИМАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП
КІТАПХАНАСЫ”



25 сз 2015 м

Алматы 2009

УДК 821.512.122.

ББК 84 Қаз 7-4

Т 86

Т 86 **ТҰРЫСОВ Е.**
НҰРЖАУДЫҢ НҰРЛЫ ТҮНДЕРІ: *Туған жер, өмір, тағдыр, табиғат жайлы толғаныстар, естеліктер, арнаулар / Еркінбек Тұрысов. – Алматы: “Нұрлы Әлем”, 2009. – 264 б. + 32 б. жапсырма.*

ISBN 978-601-205-097-4

Алпыс жыл ағымында арымай, талмай қалам тербеп ел сөзін сөйлеген, қалың оқырманға бес жүзден астам тарихи, көркем, публицистикалық шығармаларын жолдаған жазушыға бірге өсіп, біте қайнаған ел-жұртының да айтары аз болмаса керек-ті.

Ұлы дария бұлақтан басталатыны сияқты, өмірінің әуелгі соны соқпағын алыста, қасиетті Қаратауда – “Нұржаудың нұрлы таңынан” бастап, ұланғайыр дүниенің ұзақ жолынан өткен жазушы жайында, оның ұрпақтан-ұрпаққа ұласар аса ғибратты әдеби еңбектері жайында ұлағатты ұстаздар мен замандас-қаламдастардан қалған арнау сөз, толымды толғаныстар, ақын жырлары өзінше бір өрнекті дүние.

“Нұржаудың нұрлы түндері” сонау бір алыста қалған балалық, жастық дәуірден басталған өрелі өмірдің сыры мен жыры, өшпес белгісі.

УДК 821.512.122.

ББК 84 Қаз 7-4

Т 4702250201
00 (05) - 09

ISBN 978-601-205-097-4

© Тұрысов Е., 2009

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ**

№ 3871

**Қазақстан Республикасының
мемлекеттік наградасымен марапаттау**

Қаулы етемін:

1. Республика алдында сіңірген еңбегі үшін және қоғамдық өмірдің тиісті саласындағы жемісті қызметі үшін:

Жазушы Еркінбек Тұрысовқа (Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы) “Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері” құрметті атағы берілсін.

2. Бұл Жарлық қол қойылған күннен бастап өз күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.Назарбаев

**17 наурыз 1998 жыл
Астана қаласы.**

ҰСТАЗДАРДАН, АҒАЛАРДАН, ЗАМАНДАСТАН, ҚАЛАМДАСТАН ҚАЛҒАН СӨЗ

Мұхтар Әуезов:

«Қадірлі – қымбат іні Еркінбекке! Бірнеше жақсы күндерде бірге кешкен сапар және сыйластық, достық белгісі ретінде.

Жазушы М.Әуезов, 25.09.1959 ж. Кентау).
(сый кітабына жазған қолтаңба).

Әділбай Омаров:

«Мұхтар ағаның үлкен үміт артар жас қаламгерлерге қамқорлық жасағанын, тікелей творчестволық қамқорлық көрсеткенін біз көріп те, сезіп те, іштей сүйсініп те жүрдік. Солардың ішінде Тұрысов сынды таланттың көзін ашып, ой-өрісін кеңейтіп, өмірлік жолдама бергенін жақсы білеміз»...

«Асыл арман» кітабынан, «Жазушы». 1974 ж.

Ғабит Мүсірепов:

«Әуезовке ұнаған, жолсерікке жараған шәкірт баланың жақсы жазатынына сенемін. Еркінбекті қатарға алғанымыз жөн болады».

Жазушылар одағы алқа мәжілісінде сөйлеген сөзінен.

Бауыржан Момышұлы:

«Саған айтарым: Енді Бақтиярдан бергі Үйсін тарихын менен жақсы білетін үш шал қалды. Олар: Күркіреу – Боқтысаздағы Сұлтанмұрат, Машаттағы Жорабек, Көкталдағы Мақұлбек».

Айтып жаздырған өсиетнама дәптерінен.
23.03.1973 ж.

Шыңғыс Айтматов, қырғыздың халық жазушысы:

«Аса құрметті Еркінбек! Мыңдаған ризалы оқырмандарыңмен бірге «Келіншектау», «Ақбақай», «Құралай жолы», «Қыран тауы» атты кең тараған кітаптар жазған Сізді тынбай ізденудің шуағында өткен әдебиеттегі мерейлі күніңмен құттықтап, еңбегіңе жаңа екпін тілеймін!»

Құттықтау телеграмма. Фрунзе, 17.10.1977 ж.

Илияс Есенберлин:

«Сен алтын көмбе үстіндесің, Еркінбек. Қаратаудың күз қиялары мен сай-салалары, жері мен елі таусылмайтын сыр мен жырдың кені. Іргеде ұлы Түркістан мен Самарқанд, Баба-ата мен ежелден қалған Исфиджаб. Оның әрқайсысы ашылмаған аңыз, тұнған тарих».

Хат жолдарынан.

Әбіш Кекілбайұлы, Қазақстанның халық жазушысы:

«Құрметті Ереке! Жарты ғасырдан астам мерзім бойы жұмыс пен творчестволық қызметтен қол үзбей келесіз. Сан алуан тарихи, көркем, публицистикалық туындылар жазып, қалың оқырман қауымға оннан астам

кітаптардың авторы ретінде танылдыңыз. Шығармаларыңыздың көбі әдеби байқаулардың басты сыйлықтарымен марапатталды.

Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет заманымызда халыққа қайрат пен жігер қосар «Бәйдібек – Сыланды» қайырымдылық қорын басқарып, ел құрметіне бөленудесіз. Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болғай. Ереке!»

*Хат жолдарынан,
15 қазан, 1997 ж.*

Қасым Қайсенов, Қазақстан халық қаһарманы, партизан-жазушы:

«Аса құрметті Еркінбек! Сенің батыр да қатыгез бабаң «Темірлан» ойламаған жерде менің қолыма тұтқынға түсті.

Бабаң жайлы сол заманның әуені, сол заманның тілімен аңыратыпсың!

...Сөз саптасыңа қарағанда ұлы Мұхтар ағаңа еріп жүрген өміріңнің бақытты күндерінде оның сарқытын сарқа ішкенің көрініп тұр...»

*Хат жолдарынан,
29.01.1993 ж.*

Жұмабек Тәшенов, мемлекет қайраткері:

«...Сен мені неге іздемейсің, охотник?!

«Аңшы аушыны алыстан таниды», – деген данышпанның сөзін неге білмейсің?!»

*Алғаш кездескенде айтқан сөзі.
қаңтар, 1965 ж.*

Асанбай Асқаров:

«Шымкент облыстық әкімшілік арқылы жазушы Еркінбек Тұрысұлына!

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы!

Қазақтың белгілі қаламгері, Сізді мерейлі мерекенізбен шын жүректен құттықтаймыз. Өмірің ұзақ, еңбегің жемісті болсын».

*Құттықтау телеграмма.
Алматы, 16 қазан, 1997 ж.*

Мұхтар Шаханов:

...Болғандай елдікке мұрагер,

Ағасың әні асқак, жаны алау.

Осылай биіктеп тұра бер,

Шаянға орнаған Қаратау!

(Жыр кітабынан арнау сөз).

Әбу Сәрсенбаев:

Еркінбек! “...Баукең жайлы әңгіменді өте қызығып оқыдым. Жақсы жазылған. Әсіресе алғашқы бөлімінде Баукеңе тән мінезді өз болмысынан аша білгенсің. Қазір мен “Ол Бауыржан полкінен” деген деректеме үстінде отырмын. Әңгіменің көп пайдасы болды...”

Сау бол, жақсы ұланым! Деніңе саулық, жұмысыңа сәттілік тілеймін!

24.03.1975 ж. Алматы, Интернациональная 129.

(хат жолдарынан)

Қалдарбек Найманбаев, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы:

«Жазушыға көрсетілген құрмет – ол, сөз жоқ әдебиетке көрсетілген құрмет. Халқы сыйлаған қаламгер, шын қаламгер. Оны халық алдында 40 жыл халқымен бірге болып, халық өмірінен қаншама тарихи көркем туындылар берген Ерағаның өнегелі жолынан айқын көреміз».

Шаянда, «Мәдениет сарайында» халықпен кездесуде сөйлеген сөзінен.

Нұрлан Оразалин, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

Сіз бұл мерейлі күніңізге елге сіңірген абыройлы еңбегіңізбен, талай оқырманның рухани азығына айналған шұрайлы шығармаларыңызбен, ағалық, кісілік келбетіңізбен жарасты келіп отырсыз. Сұрапыл соғыс жылдары қаршадайыңыздан туған ауылыңызда еңбек етіп, ерте есейіп, аудандық, облыстық газеттерде жауапты қызмет атқара жүріп, ел өміріне етене болып өстіңіз. Осы өмір сабағының ізі алғашқы туындыларыңыздан-ақ айқын көрінді.

*Хат жолдарынан,
Алматы, 12 қазан 2007 ж.*

Әбілда Аймақ:


... “Ақбақаймен” желдіртіп,
Иыққа артқан бұрымын.
“Келіншектау” кербезің,
Мөлдіреген тұнығың.
Дәріптедің тағы да,
“Темірланның” құзырын.
“Түндер сазының” таусылмас,
Қызықтадың қылығын.
Бүгін міне әлпештеп,
Жатыр қазақ түстікте
Бәйдібектің құлынын!!!

(Арнау өлеңінен)



Бірінші бөлім

ШЫҒАРМАЛАР





НҰРЖАУДЫҢ НҰРЛЫ ТҮНДЕРІ

(повесть)

Отан үшін жан беріп алыста қалған жан аға, қаншама жыл қармансақ та таба алмадық сені. Бейтаныс ел, шет жерде – Трансильвания тауында жатқан Сауқымбектің әруағына.

Автордан

Тау мен даланың алыс шалғайында, көне мен жаңа дүниені жалғап ғасырлар жасаған ежелгі ел мекені, бүгінде аудан ордасы – Шаян ауылының қарасы алыстан шалынады. Ауылдың өзен тарабындағы шеткі биігіне орнаған мекен-жайымның үстіңгі қабатынан әр күні таң шапағында шығыс өлкені тұтас көмкерген көгілдір Боралдай тау тізбегі көрінеді.

Үлкен Тұра шыңына иек артқан Шаншар мен Мергенұшқанның жалаң құздарына жалғас Ақшоқы мен Қызыл сеңгірдің нобайы бұлдырайды. Аралық сексен шақырымды алып жатса да сол биіктің алыс бейнесі қашанда көзге ыстық, көңілге жақын. Аялаған алтын бесік туған жер сол таудың баурайында, Қошқар мен Талдының таза бұлақ суларының жағасында. “Уақыт озғанмен көңіл тозбайды” – деген сол, арада жылдар өтсе де ел мен жер, туған ауылға деген сағыныш сазы бір сәтке дамып тауып көрген емес.

Ауылға барсақ, ешкімге тәуелсіз – тыныш жайда аз күн аялдап, кезекті бір жазбаны қолға алып, аунап-кунауда өткерсек, – деген ниетте өнеуі бір жақсы жазда балалық, жастық шақтың жайсаң күндері қалған жерге қайта бір оралған едік.

Таусылмас тіршіліктің сол бір сәтті күні бізді ел ортасынан бастап жөнелген Әсілбек пен Кәдірбек екіндінің кезінде, көркем шындары көгілдір мұнар құшқан Боралдайға Шіліктінің тұсынан асып, төскейін жабайы мәуе ағаштары көмкерген құзар шоқы баурайында, тау өзені жағасында ат басын тартты.

– Міне, көке. Тау десеңіз тау, су десеңіз су, жан аяғы баспаған таза жер. Бұдан артық жаннат бұл маңайдан табылмақ емес.

– Көріп тұрмын, қарағым. Ықыластарыңа рахмет.

Алдын ала келіскендей іні-бауырлар көгалды алаңқайға оқшау тігілген кішкене қоңыр отауда бірер сәт бізбен бірге болып, енді ертең қоналқыға келеміз, – десіп аттанып кетті. Біз шағын қауым – Шырынкүл, жүрдек көліктің тізгінін ұстап келген он төрт жасар Нұржан, кішкене селтиген қалалық қыз Шәрия болып осында қалдық.

– Естідің ғой, Шырынкүл, бауырлардың қалай мақтағанын бұл жерді.

– Кәйтсін, әйтеуір риза болсын дейді-дә.

– Иә, оларда еш кінә жоқ. Араға небары мүшел салып дүниеге келген олар, ол күндердің, сол сұмдықтың бірден-бірін көрген жоқ. Солай болғасын оның не екенін қайдан білсін.

Кеудесін кездейсоқ құйын шалған адамның мына кең дүниеге сияры қиын. Кешке шейін біршама уақыт бар. Аз-кем бас сейілітіп қайтқалы арқалықта шаншылған Қылшалының биігіне көтерілдім. Қылшалының қиясы зау көрінгенімен жүрер аяққа жайлы. Қалың таушиіе, тасбұршағы, қоңырбас, рауашы аралас шатысып бытыса өскен құмай тасты, қалың бозды қия бет. Тек биіктің – биік шоқтығы түйе өркештене барып Қаржастың кара күрең құзарына ұштасады.

Сол Қаржастың иығына жеткеніме біршама уақыт өтті. Сондағы бір кішкене текше тасқа орнығып, бір сиқыр арбап кеткендей мына алда көрінген дүниеге, жалғыз берген, тек жалғыз рет келген қайталанбас келбетіне есім кетіп қараймын.

Бәрі бөз-баяғы қалпында. Тек мына Қостөбенің өркешін асып, осылай құлайтын біздің баяғы жаяу көшіміз өткен жалғыз аяқ сүрлеу жоқ. Оны бульдозермен бұзып ұлтанға шейін салынған машина өтер жол жатыр.

Анау төменде, қос шатқалдың қиылысқан жерінде аңғарды кернеп қос өзеннің күндіз-түні, жаз-қысы толассыз сарнайтын өуеніне елтіп, аңғардың нақ ортасына дара біткен жалғыз шың, қасиетті – Нұржау тұр. Біздің балалық күндер мен жас шағымыздың куәсі – Нұржау. Ол бір жағы Боралдай, бір жағы Нұржаудың өз суы қосылысқан сағада, өзеннің арғы бетінде. Мына биіктен ол қоныс алаңына тым жақын, қол созымда сияқтанып көрінеді.

Құзар көлеңкесі ұзарып, тау іші күңгірт тартты. Қоңыр отау алдынан жылтылдап кешкі оттың жарығы көрінеді. Енді көз байланбай тұрғанда қоналқыға оралу керек.

– Иә, не көрдің, не қызық бар екен? – дейді, ешнәрседен бейхабар байырғы елдің қызы Шырынкүл.

– Бәрін де көрдім. Бірақ, оның ешнәрсесі айтылмайды. Сен оны сұрамағын қазір.

– Е-е, солай де, ерік өзінде. Кешкі шай ішілді. Енді бір шама уақыт алған отбасының кешкі әңгімесінен кейін үйдегілер түн ұйқысына бас қойды.

Енді араға ықылым заманның қаншама жылын салып қайтып оралған мына ғажайып тылсым түннің жалғыз күзеткері халімде кірпік іле алмай өз ойымның тұңғиығына шомып, жападан жалғыз жатырмын. Менің дәл осы хал-жайымды күткендей таяуда түн түнегіне шомылған қалың нудың ішінен баяғы бір көрінбес көкше құстың мұңлы сұңқылы естілді. Япыр-ай, мәңгібақилық көмей-сырнайдың үзіліп, үздігіп шығар сол бір өзгермес, өшпес жалғыз ғана өуені еді ол. О, керемет, шеті-шегі таусылмаған өмір-ай!

Мына жым-жырт мүлгіген құзар тау қойнында мұң-сазды тұнық түнде үйден шығып, тілдесуге, үндесуге шақырған сырлы дүние құшағында тұрмын. Шырқауда шарықтаған толық айдың нұрына шомған алаңқай айна жүзіндей айқын көрініп алдымда жатыр. Алаңқайдың арғы бетін көмкере жылжып өр жағы үнсіз, айдынды көк иірімнің суы тас кешуге ұласып, түнгі дүниеге құлдыр-былдыр үн қатқан Боралдай жарқырайды. Оның бергі жағасы, қайраң мен шымдауыттың шегінде шөккен нардай шомбал тас болушы еді. Менің жанымды тебірентіп, тыным таптырмай алға жетелей түскен де, өмірбақиға есте қалған сол тас мүсіннің бейнесі. Біздің өлім мен өмір шегінде, қыл үстінде қалған жастық күнімізді сақтаушы кішкене тас ошағымыз бен қазанымыз сол жон арқалығы жып-жылтыр, жұмырлана біткен көксүр, шомбал тастың іргесінде болатын.

Жоқшының көз-көңілі алыста, қиялы-қиянда жүретіні бар.

О, құдіреті күшті құдай-ай, мен сол жоғымды алдан табармын деп, тұрған орнымнан қозғалғаным сол еді, өлденеге тірелгендей сүріне жаздап тоқтадым. Тұла дүнием дір етіп, құйқа тамыр шымырлап кетті. Сол сәтте мен өзімнің табан жолымда баяғы жұп-жұмыр арқалығын ай сәулесіне тосып, тұла-тұлғасының дені жер қойнына



шөккен елес өмірбақилық есте қалған көк тасымды көрдім. Еш қатесі жоқ соның өзі. Тек арада өткен қырық төрт жыл екі ай мезгілде қаншама жауын жуып, қар қақтаған сұлу мүсін қажыған қарт атадай тым шөгіп кетіпті. Мен үнсіз тізе бүгіп, көзге келіп қалған бірер ыстық тамшыны ірке алмай, оның қаншама заман таңын атырып, тапжылмай күткен тұтас тұлғасын құшып аймалай бердім. Оның сырлы мәрмәрдей жел ысқан қабырғасында сонау бір сырлы да мұнды көктемде жан анам жаққан үміт отының жылуы суымай, мәңгілік тұрған сияқтанды.

Иә, сол бір көктем...

Ақпанның ақыры қыстың соңы десе де, тау өлкесінде қарлы да, тоңды. Шығыстан соққан қызыл жел қашанғы жосынды жолаушы жолын көк сауытқа қайта құрсап тастаған.

Арқалығын ақбасты Алатауға беріп, Құланның жазығына көсіле орын тепкен Борнайды сонау шеткі, Қаратау қойнындағы жеті Қараойдың бірі – Қошқаратамен жалғастырған жолаушы жолы бұл күні жүргіншіден таза, меңсіз де меңіреу еді.

Осы мимырт – тілсіз дүние төсінде бейне бір жаудан қашқан қашқындай, үстінде жүргіншісі жоқ тұл ат тұлдырсыз даланы беттеп, есілте жортып келе жатты. Оның тізгіні желкелікке түйілген, шылбыры ер қасына ілінген, қос үзеңгі ер үстіне қайырылып байланған, әдеттен тыс, көрер көзге сұсты еді.

Тұл арғымақ сол арынды желіспен жетпіс шақырым жол басып, жол-жөнекейгі орыс деревняларын орағыта өтіп, күреңбелдің бел-белестерін асып, сол жортуынан танбай, Талдыбұлақ бойындағы ел ішіне кіргенде оны көргендер:

– Ойпырым-ау, мына күрең кеше ауданға кеткен Түрекеннің аты ғой. Үстінде Түрекені қайда? Иесін тастап неге жападан-жалғыз қайтқан? – десіп үрке қарап тұрғанда, сол күрең еш жерге кідірмей біздің үйдің есігінің алдына жетіп, маңдай тіреп еді.

Аттың мына келісінен шошынған отбасындағы барша жан дүрліге тысқа шықты. Тұтас тұлғасы бусанып, қырауланған күреңнің мына түрінен таңдана шошып, ақшыл-ашаң жүзі сұрланған апамның – “үйбәй, сұмдық-ай!” деген даусы тым үркінішті естілді. Талша бойлы талдырмаш он екі-он төрт жастардағы әпкелерім Жарқын мен Сейсен сыңсып жылай бастады.

– Тәйт, тоқтат! Қайдағы жоқты бастамай, – деген қайраты қайтпаған, бөкене бойлы қара кемпір – кәрі әжем Зәйтанның даусы тым өктем шықты. – Ат Тұрысбектің өз қолынан кеткен ғой. – Қараңдар тұрманын, бір хабары бар шығар.

Іргелес отау үйден аптыға басып қасында шырайлы келіншегі Айша жеңешем бар Жолдасбек келді. Ол ат айылын босатып терлік пен желдік арасынан төрт бүктелген алақандай көкшіл қағазды суырды. Оның бүктеуін ашып көне араб әріпімен жазылған хат сөзін ежелеп оқи бастады. “Мырзаш, Әділай”, – деп бастап өз хабарын жазыпты әкем. – Мені уәкіл Мамыржановтың үстімнен түсірген дөклаты арқылы қамауға алды. Көмпіске қарсы, байшыл сабатажник деп жазғырыпты. Астық ұрада, мал қорада, ұйымға алғызбайды, ортаға салғызбайды, – депті. Бұл жалған сөз. Кінәм жоқ. Іс шындығын табар. Хабардар боларсыңдар”, – депті.

Әкемнің Мырзаш, Әділай – деп сөз арнап отырғаны жаңа ұйысқан колхоз басында өзімен үзеңгілес жүрген ағайын – достары еді. Жолдасбек енді хатты алып соларға кетті. Не дәрметі тимек олардың, құдайдың өзі білсін.

Араға бірер күн салып, азын-аулақ ас-ауқаты, қоржын-қосқалағымен Әділай мен Жолдасбек жолға шықты. Жаңа ұйымдасқан колхоздың басын біріктіріп, қайтсек ел боламыз деп күн-түн қатып шат-шөлегей іс басында жүріп аяқ астынан табылатын зұлымдықтың торына түскен бастық бауырын іздеп кетті.

Оның мән-жайы, Мамыржановтың қаскөйлік дәклатының сыры өзге болмаса да, мына Жолдасбекке мәлім. “Бәле қайда, басар аяғыңның астында” деген сол, бір қан жалаған сұрқай қыстың қалың ортасында адамның басын тәркі-тәлкекке салуға машықтанған бір уәкіл ауданнан, осы алыста, тау ішіндегі шаруагер ауылға келген.

– Ойбай, бұл жай уәкіл емес. Қит еткенді қия бастырмайтын ГПУ-дің адамы екен, – деген дақпырт сөз дүнк ете түскен.

Сол уәкіл бірер күн колхоз бастығы Тұрысбекпен бірге ел ішін шолып, аязды күні түс әлетінде Әжібек атамыздан қалған үлкен шаңырағымызға келіп аттан түсіп еді. Үйдің үлкені көрі әжеміз болып, уәкіл мейманды тік тұрып қарсы алысқан-ды. Бұл қашаннан қонақжай үйде қона жатып күтімде болған уәкіл ертеңгі шәйдің үстінде айнала тұтылған кілем, ірге жақта ілулі ақ күміспен қақталған ат-тұрманына көз тігіп, жанында шәй ұсынып отырған Тұрысбекке:

– Мына бір тұрған неғылған жабдық. Жабдықтап жорға мінердің заманы өткен жоқ па? Ескіні қоздырмай, тиісті жеріне тапсыру керек. Мұны мына маған бергендерің жөн болар, – деген.

– Қайдам. Оның билігі менде емес, мына отырған көрі кемпірде. Шалының бар кезінде ырым ғып, ілік алды немересіне арнап жасатқан еді, – деп қипалақтады Тұрысбек. Бұл сөзді құлағы шалған әжем:

– Шырағым-ау, ол жабдықты көз ашып көрген алғашқы немересі Сауқымжанға атап, атасы арнайы қарой мырзабикедегі Жанұзақ ұстаға жасатып еді. Сол атасынан қалған көз еді. Немерем оқуда. Тірі болса о да адам боп атқа мінер, шырағым. Не қаласаң да басқа нәрсе қалағын. Ол үшін ренжи көрме қарағым, – дейді.

Қадалғаннан қан алып, еш жерде беті қайтып көрмеген Мамыржанов өң-түсі құбыла өзгеріп, қанын ішке тарта сұрланып, “жәрәйді”... деп сызданғаннан өзге үн қатпайды.


Бұл үйден өңі қарауытып, жауатын бұлттай түнеріп атқа мінген уәкіл сол күні түсте шаш ал десе, бас алуға дайын ауылдағы жандайшап шолақ белсенділерден тандап Үйсінбай мен Таханды шақыртады.

Туасы адал тірлікке қырсыз, бөтуа-берекесіз күн кешіп, енді мына өзгеріс тұсында “күніміз туды” – деп елеріп шыға келген бұлардан атасы бөлек Тұрысбек бастық боп атқа мінгесін күншілдік кеселінен, тістері қайраулы, зығыры қайнаулы екен. Енді әлеуетті уәкілдің сол Тұрысбектен сырт айналғанын көріп, желі оңынан тұрыпты.

– Ол Тұрысбек өзі кешегі ақ үй тігіп, ат жүйрігін тандап мінген Әжібек байдың баласы емес пе еді. Бай баласы бай біткенді қорғамай, кімді қорғайтын еді. Малды да ұйымға алған жоқ, ұраны да ашқан жоқ. Астық біткен әр үйде көмулі, жердің астында жатыр. Не дегеніңіз, жолдас Мамыржанов. – Бұл Әжібекұлы айтып келгенде колхоз құрылысына қарсы тап жауларының адамы. Нанбасаңыз өз көзіңізбен көріңіз. Кімде қанша астық барын айрандай ашып береміз, – деп маймандапты.

Мына “ақжүрек” белсенділерімен ойы бір арнада табысқан Мамыржанов сол күні өгіз арбалы бір қосын нөкерлерімен ауылды шеттен түсіп әлгі қос белсенді істік темірмен сүмбілеп жүріп тауып берген ұраларды ашқызып, әр үйдің жан біткенін ұлардай шулатып күнкөріс ырзығын қапқа қаптап, бір уысын қалдырмай тазалап берсін.

Иә, сол күні алыстағы колхозға қарайтын Кеңбұлақ, Талдыбұлақ, Қошқарата ауылдарынан тартып алынған астық көші колхоз қоймасына емес, ауданға баратын үлкен жол үстіндегі Көлтоған пунктіне жол тартыпты. Ал, ауыл-аймақтың мал біткені алдымен ортаға түсіп, кейіннен бай малы енді кедейдің еншісі, – деп әлгі берекесіз белсенділер ту-талақай бөлісіп, құртып тынған. Мынадай ақ қар, көк мұзда ауыздан нан, қорадан мал кетіп, тақыр жерде қарманып қалған сорлы ауылдың ендігі күні не болмақ.



Сол ауыл үйлерінің келер-кетері көп, сонысына қарай құдайдың берген берекесі бар үлкен үйлерінің бірі, мен туған қоян жылының қысында дүниеден өткен Әжібек атамның қара шаңырағы екен. Әжібек көргендердің айтуында мықты шаруалы, малдан бұрын ақыл жиған, аталы ауылдың сөз сөйлері боп өткен салауатты көріе екен.

Қошқаратаның мөлдіреп ағатын қара суының бойында ескі қыстауда алғаш мына кереметі көп сырлы дүниеге көз ашқанда, сол ат тағасындай иіліп, үлкен қойнау жасап ағатын өзен суының арғы жағалауына төбеден төнген қира тасты жалын қиясын кекіліктің сайраны жаңғырып жататын жартасты заңғар биікті көрер ек. Қыстаудың сырты көлбей көтеріліп, “ауыл қонысы” дейтін биіктегі шоқы тасқа барып ұласатын шуақты өріс еді.

Көктем күндерінде жаюлы кілемдей түрленетін сол майсанды өрісте топтана жусап, дүркірей үркіп, ойнақ салып, мәңгілік тіршіліктің қырмызы гүлі – жас төлдердің үйірі жатушы еді.

Дастарханда наны мен өрістегі малы бар туған жер, ұшан даласымен тағдырлас елдің шығардағы жаны екенін езуден ақ сүті кеппеген біздер ол күндері қайдан білуші едік.

Әкеден кейінгі бұл шаңырақтың естияр ер-азаматы Жолдасбектің алыстағы Борнайға жолаушы кеткенінің ертеңіне “үйді қаттаймыз”, – деп өгіз арбалы қосынын ертіп әлгі әпербақан белсенділер – Үйсінбай мен Тахан келді. Ол күні айтар сөзі уәжді, отбасының тірегі апам да, мына қыр асты Балакүнгедей төркінінде еді. Осы ыңғайлы сәтті күткендей әлгі көздері алабұртқан екеу әй-шайға қарамай төрдегі жүкті аударып, ескі кебежені ашып, сеңсең тон, текемет, алаша атаулыны алақандай қағазына тізіп жатқан еді. Осы сәтте сырттан көрші ағайын Сары атаның кенже баласы Керімбайдың:

– Әкетті, ойбай әкетті, түйені әкетті деген оқыс айқайы естілді.

Айқайдан шошынған әжем, қоңырқай нұрлы жүзі сұрланып, есіктен қарап еді, біздің мал атаулыдан қалған жалғыз қара атанның бас бұйдасын атпен тартқан әлдекім әудем жер ұзап қалған екен. Оны көрген әжем соңынан құлдыраңдап жанұшыра жүгірді.

– Әй, тоқта, тоқта! Тастап кет, айналайын. Шиеттей балаларды аясайшы, – деген зар дауысы естіліп бара жатты әжемнің. Бірақ, қанша жалынса да тас жүрек белсенді, көрі әжемнің жан дауысына қайырылып та қарамады.

Маңдайдан аққан жан тері қалың әжім басқан бет-жүзін жуып, әлсіреген әжем қайтып оралғанда әлгі белсенділер үйдегі бар ырзығымыз төрт қап бидай мен бар іліп аларды арбаға артып үлгерген еді. “Соп-сop” деп ұзын қамшысын ысқырта үйірген Таханның тобыры доңғалақтары әндеткен ауыр арбаны қоршап кете барды.

Шарасыз сенделген әжем жазған қапалықтан қарауыта түтігіп, маңдайын тізесіне сүйеп ұзақ отырды. Тек әлде бір шақ, кеш алды екіндігінің кезінде есін қайта жиып, ширағандай, белін белбеуімен қынай буып, қолтығына қап қыстырып, әлгі баспаншылар соңынан жоғарғы ауылға кетті.

Сол ауылда әжем бұлақ басында қара атанды сойып, қырық жілік бөліске салып жатқан әлгі тобырдың үстінен шығыпты. Сол жерде әжеме жанашырлық жасаған әлдекім:

– О, шеше, келіп қалған екенсіз. Баққан малдың басы иесіне бұйырсын, алып кетіңіз, – деп қара атанның басын дәу қара томардай ғып әжемнің алдына қойыпты. Ләж-шарғысыз жан, “құдайдың жазғаны осы болса кәйтейік”, – деп басты қапқа салып, арқалап, ымырт үйіріле оралды. Сол бас үйдегі баршамызға оншақты күн жүрекке жалғау, таңдайға талғау болды.

Солай, жайлауға көшкенде бір үйдің жүгін көтеріп, қайыспаған жарықтық қара

атанның басы үлкен үй мен отаудағы қызыл сирақ жәутіктерді оншақты күн асырауға жарады. Атадан қалған жарықтық, мал да болса бізге ең соңғы жақсылығын жасап кетті. Пышакқа ілінер ақырғы талшығына шейін қырнап алынған, тек ақсүйегі қалған қасиетті басты әжем соңғы сорпалықтан кейін бәрімізді бір дастархан басына отырғызып, әжім торлап бүріскен еріндері күбірлеп, құранын оқып, қол жайып бәтиқа жасады. Бастың ақ сүйегін қашаннан сақталған ескі жаулығына орап, бүгінде іші аңырап бос тұрған мал қораның төріне қазық қағып іліп қойды.

Сол күннің ертеңіне сәске шағында күндегідей үлкен үйдің отбасына жиылып, ас күткен біздер кішкене ағаш табақ, тостақтарға құйылып, алдымызға қойылған дәмі кермек тұзды ыстық суды ұрттай отырып, алғаш рет бұл үйде енді қара ошаққа таяу бұрышта, бума делше тұздан басқа ешқандай ас-ауқаттың жоқ екенін білдік. Бұл да болса құдайдың өлмеске жазғаны шығар, әлгі барды көз алдымызда тонап кеткен мұндарлар бәрін алса да, делше толы тұзға тимепті.

Осылай аш өзекті тұзды сумен алдаумен біршама күндер өтті. Бұл күндері бірде әжем, бірде апам жоғары-төменді ауылдарға кетіп өздері де тоналып, үп етіп отырған ағайындар ішінен мата белбеулерінің ұшына түйіп қарамы кіші тостақтай қоңырқай ұнтақ әкеліп, оны әлгі тұзды суға сеуіп, атала жасап беріп жүрді. Қуырылған дән талқанының аталасы, әлгі кермек қара суға қарағанда атты кісідей көділгі тамақ еді. Бірақ балапанына дүниені шарқ ұрып ырзық таситын қарлығаштай қос ананың ауыл аралап сабылған жүрісі қашанға жетсін. Тағы да әрекетсіз, шарасыз аш-аңызды күндер туды.

Бір ғана қарайған жүрек, аш өзекке тірек болар Борнайдан келген Жолдасбектің хабары еді. Елден кеткен екеуі түрме мен ГПУ ортасында қаншама күн сабылып, апарған ас-ауқатын бергеннен басқа ешнәрсе тындыра алмаған екен. Тек ауылға қайтудан бір күні бұрын ауатком дейтін үлкен мекемеде қызмет атқаратын бұл елмен ілік-шатысты Шілменбет Қалықұлдың білімдар баласы Ісметілла көше жүзінде бұларға кездесе кетіп, өзі көп араласқан Әділайға жақсы хабар айтыпты.

— Түрекеңнің үстінен түскен материалды тексеруге ауатком хатшысы Момышұлы бастаған арнайы көмәсия, сол Загорный жағына барып қайтты. Көмәсия елден шыққан алғашқы бөлшебектің бірі Түрекеңді ақтап, Мамыржановтың дәклатін айыптап қайтты. Бауыржан, ол айтқанынан қайтпайтын қайсар жігіт. Құдай қаласа көп ұзамай Түрекең босанып, елдегі қызметіне қайтады, — депті.

— О, аузына май, айналайын Ісмәтжан деп қуанған бұл екеуі, сол қуанышының буымен елге қайтыпты.

— Е-е, құдай, айналайын жасаған, бір өзің жар бола гөр, — деп көрі әжем жарықтық кішкене иегі дірілдеп, кемсең-кемсең етті. — Шиедтей жәутіктердің көз жасын көре гөр!

Көкемнің абақтыдан шығып елге қайтады, — деген хабары ел ішін жайлаған талапай тартыстан бейхабар, тек алыста Борнайға асатын Ордақонғанның қасқа жолына көз талдыра қараумен күн батыратын біздердің төбемізді көкке жеткізді. Тұлымшағы селтиген әпкелерім, менен бір жас кіші, беске енді шыққан Айша жеңешемнің тұңғышы — Бидайшыға шейін жалбаңдасып шуласып, ауыл сыртында қара күңгейдегі кішкене қира тасы қардан арылған қара шоқының текше тасына барып, қалақ тастардан үйшік соғып, бәйшешек ғұмырындай гүл шешекті қуанышпен балалықтың ойын-ойнағына кірісіп жаттық.

Аз күнде аштықтың азапты шеңгеліне түсіп, айлашарғысыз мүсәпір күн кешкен күйімізді көрген Жолдасбек Бесшоқыдағы орыстарға кетті де, сол жақтағы Пытыра дейтін мыңболғыр біреуден кәдімгі өзен жағалай сыңсып тұратын сәмбінің өрімінен тоқылған мөрдөшке дейтін құралды арқалап келді.

Оның өзі сырт қарасы үлкен келідей ақыл-айламен қолдан тоқылған тор, қапас,

көер көзге қызық зат. Оның кемерленген ішіне күйдірген сүйек салып, түнемеге су иіріміне тастаса таң атқанша азды-көпті балық түсіп қалады дейді. Оның өзі де бұрын бұндайды көрмеген бізге бір қызық дүние. Жолдасбек сол мөрдөшкесін арқалап, әр күні Талдының қара су иіріміне кеш өлетіне кетіп, таңсәріде құдайдың бізге деп бұйыртқан оншақты шабағын шыбыққа тізіп әкеліп жүрді. Шабактың сорпасы аштың көзін ашатын мың да бір табылмайтын ырзығы. Көктем қарсаңындағы көк өзектің шағында, “е, құдайлап” қалт-құлт күн кешіп жаттық осылай.

Жаратқан тәңірдің алды кейде кең де, кейде тар. Жолдасбек бар өнерін төгіп, қандай айла жасаса да, кейде ілінген шабақ, ауына кейде түспей жатты. Мұндайда тұзды суды талшық етуден басқа амал жоқ. Қыспақтағы өмірді қиындатып, қинай түскісі келгендей, бірде қар, бірде мұздағын төккен ақпан да құрсауға қысып, көктем күні де жылдай ұзап барады. Сол күндердің бірінде ертеңгі тұзды қара суымызды алдыға алып жатқанымызда бес жасар Бидайшы “апа, н-а-а-а-н! – деп ыңырсиды боздап жібергені.

От басында бүкшиіп отырған әжем:

– Үйбай-ай, кәйттім енді, құдай-ай! Қырып алмасам игі еді, – деп отырған орнынан ұшып тұрды. Бір тысқа шығып, бір ішке еніп, үй ішінде қаңбақтай қалбаңдады.

– Үйбай, жақсылығы көп құдай-ай! Кетейін. Ескі қыстауға кетейін, өзекке талғажу болар ілінгенді іздестіріп қайтайын, – деп бұрышта бос жатқан ала қапты қолтыққа алып жөнөп кетті.

– Япыр-ау, ел көшкелі екі жыл болған Қошқаратада қалған қыстау, жазған кемпірге не бермек. Не тауып келмек. Не болса да шайнауға келер, қарын жұбатар бір нәрсе әкелсе екен...

О, құдыреті күшті құдай-ай! Әжемнің жаратқанға сыйынып, қалған қыстауға іздеп барғаны бұдан екі жыл бұрын заманның оң шағында Оңғарбай асындағы ең ақырғы көкпарда, Тұрысбек нән серкені тақымға басып, қан доданы қақ жара шығып, жұлдыздай аққан жүйрікті іркілмей Қошқардың қара суына салғанда алдыңғы қос аяғы ұйыққа батып, әңгірлей ұшып, белі үзіліп жазым болған күрең төбел айғырдың төрт бүктеліп қамба түбінде қалған терісі екен. Сол қаңсыған теріні қапқа салып арқалап, бүкшендеген әжем түс өлетінде оралды. Келе қасаң боп қатқан бір кездегі семіз жүйріктің терісін Талдының суына салып, ақжем қып жібітіп, болбыраған теріні жағаға сүйреп шығып, оның түк жағын орақтың өткір жүзімен сүрмеде сүріп, қыл-қыбырынан тазарған ақ теріні көтеріп үйге келді. Оны шет пұшпағынан өрлете тіліп, майдалап кесіп, сол кесіндінің бір шеңгелін қайнатуға қара суға тастап жатты. Тұз салынып, ұзақ бұлкілдеген тері сорпамыз да дайын болды-ау бір кезде. айтары жоқ, тері дегені болмаса, аз да болса қара судың дәмі кәдімгі ет сорпасына ұқсап қалған сияқты.

– Тек сылдыр суын ішпей, ішіндегі түйірін тіске салыңдар. Ұзақ жатып қаңсып қалғаны болмаса, бір кезде қолдан сойған жал-жаясы тұтас шыжықтай күреңнен қалған тұлдыры ғой, жарықтық. – әжем осыны айтып, қара сорпаны ішіп тастап, енді әрқайсымызға бірлі-екілі түйірден тиген ақ шандырды ауызға салып құлшына шайнап жатқан бізге мейірлене қарап отырды.

Бізге дейін екі жаз, екі қысты өткеріп, қаңсыған терінің бір кезде шылқыған майлы шелінен не қалған дейсіз. Қан-сөлінен әлдеқашан айырылған бармақ басындай ақ шандыр қанша шайнағанмен резеңкеше былқылдап өткір тіске берісер емес. Түсте азуға салған түйір қара кешке шейінге жетіп жатыр. Шайнай-шайнай бергесін жақ талып, шекелік те қарысады екен. Ақыры сағыздай созылып, жемтігі қалған теріні тысқа шығып ышқына бір түкіріп тастап, өз жайына кеткеннен басқа

амал жоқ. Бірақ, қалай десе де жоқтан гөрі бар жақсы. Күн ұзағы талмай шайнап, тамсана сорған терінің сөлі аз да болса аш өзекті талдырмай күнді-күнге жалғауға жарап жатты. “Ажал келмесе қырық жылғы қырғыннан қалар” деген, бұ да болса қайырымы мол құдайдың бізге деген ғайыптан берген сыбағасы шығар. Әуелі құдай, екінші жаның жаннатта болғыр нұр жүзді әжемнің әрекеті болмаса, жүрдай тоналып, азынаған үйдің төрт қабырғасы ортасында айла-шарғысыз қалған біздің күніміз не болмақ еді.

Біз осылай күй кешіп жатқанда біздің әкеден кейінгі арқа сүйеріміз – жұмсақ мінезді, күн көңілді инабатты жан Қантай апамды қатал тағдыр тағы бір қыспаққа алып, өуре-сарсаңына салып қойған-ды. Өткен жазда өз анасы Қыздархан дүниеден қайтып, әкесі Қойбағар жетпістен асқан жасында қос-қабат мезгілсіз қазаланған үлкен ұл Ысмайыл мен келіні Қаламқастан қалған он екі жасар немере қызы – Қалимаға қарап қалған екен. Заманында кімсің – Сәуірбай бидің мырзасы атанған, арғы атасынан қыдыр қонған қастерлі әулеттің арыстандай Қойбағары ауру, екі көзі көруден қалған. Қойбағардың көп перзенті жастай шетінеп, кейінгі көрген екі ұлы Ыбырайым мен Досыбай әлі үйленбеген бозбала. Қолдан мал, ауыздан нан кеткен мына аласапыранды заманнан ығып, кәсіп ізденіп Төшкен асқан екен. Олардан өзін хабар жоқ.

Жақынына жан күйдірет қайран жан – Қантай апам бұл күндері екі оттың ортасында қалған жайы бар. Бірі аңыраған аш дүниеге қарап ауыз ашқан біз де, екіншісі анау, өзі туып өскен үлкен ұяда қартайған шағында қанаты сынған қырандай әрекетсіз – қайратсыз жылуы қашқан қашанғы қара ошаққа таяу жер төсегінде ескі сеңсеңін жамылып, ыңырына көлбеп жатқан әкенің жайы. Бүгін әлжуаз құралайы құздарда қалған киіктей айналып бізге келсе, ертеңіне ет жүрегі сырқырай-сыздап, қыр асып, Балакүңгейдегі ескі қыстауға жанұшыра кетіп бара жатқаны.

Бір күні Балакүңгейден қас-қарая оралған апам, әжемнің алдына келіп, ақ жаулығының ұшымен екі көзін басып, ұзақ шағынып, үнсіз егіліп жылады.

– Көйтемін ене-ау, анау екі жүгермектен хабар жоқ. Сорлы шал арам өлмесін, алып кетейін деп арқама салып, арқалап, Қалиманы жетелеп бері шығып ем. Салдай ауыр кісіні жеткізуге шамам келмеді. Ауылдан әудем жер ұзап шыққанда жан терге түскен мені аяды білем. – “Қой шырағым, мені сүйрелеп азапқа түспеші. Орныма апарғын, Алланың жазғанын сол қара орнымда көрейін. Мен ризамын”, – деп жалынды ғой, жарықтық. Амал не, айтқанына көніп, жәкемді қара орнына қайта апарып, жер төсегіне жатқызып қайттым. Қасында еліктің лағындай шошайып, сусынын ұсынар жалғыз Қалима қалды. Жалғыз тындырғаным – әуелі құдай деп ана диірмен басындағы немере бауырымыз Райымбектен қалған естияр жалғыз түяк Қазанғапқа тапсырып кеттім.

– Әй, шырағым-ай. Егіле беріп қайтесің. Бір алланың жазғаны болар. Тірі болса әлгі түз жолына кеткен екі ұлы да оралар. Тәуекел ісі жел қайық деген, өзің де таралып, тым жүдеп кеттің, күйзеле берме шырағым, – деп келінін жібектей жұмсақ сөзімен жұбатып, жанына жалау боп отырды жақсылық үшін жаралған менің қайран әжем.

Осылай, шыбын жаны шырқырап, тыныш тірліктен қалған апам сұр жыландай ысқырған сұрқай дүниенің қыспағына түскен әлжуаз перзенттері мен тағдырдың тәлкегінде қалған асыл текті әкесіне пана болғалы екі ауылдың арасында сабылып жүріп жатты.

Сол күндердің бірінде үлкен атасы Жанғазымен бір туған немере ағасы Қойбағар басында күзетте отырған төркіні Райымбектің үлкен ұлы Қазанғап, Талдыға қайтқалы жатқан Қантай апам:

– Әпке, ескі диірмен қалдасынан қалған азын-аулақ дөңді мына заман ағымынан қорқып, шағын дорбаларға бөлшектеп, жақпар тастардың қуысына тығып сақтап ем. Ол да таусылуға жақын. Соның бірер тостағын балаларға ала кетіңіз. Ал анау кішкене қара сирақ Еркінтайыңды бізге әкеп тастаңыз. Аз күн болса да балалармен бірге болсын, – депті.

“Өзен жағасындағының өзегі талмас” – деген, арғы атасы Жанғазыдан диірмен ұстаған кешегі өткен Райымбектің Қазанғабы есеппен күн өткізген, үш жылғы аштықтың азабын шекпей оңаша қуырмашы таусылмаған пысықтардың бірі еді. Енді апам тағы да төркін жұртын бетке алып жолға шықты. Мені бірде арқалап, бірде жетелеп, әлде бір шақта Балакүңгейдегі Қазанғаптың үйіне келді. Бұл үйде көп кідірмей, мені нағашым үйіне табыстап:

– Аз күн осында бол айналайын, кейін күн жылып, көк шыққасын алып кетем, – деп мені арқамнан қағып, көзі жаутандап, аз тұрды да, терең күрсініп аралығы қозы көш жер Қойбағар атамның ескі қыстауына кетті. Мен үнсіз бас изеп ұзай түскен апамның сыртынан телміре қарап қала бердім.

Бір жақсысы Қазанғап үйі баласыз емес, кейінгі шешесі Орынқұл ападан туған мен қатарлы Күмісбек, одан бірер жас кіші томпиған торы қыз – Ұлбосын, жеті-сегіздер шамасындағы тәмпіш мұрынды тығыршықтай қара бала Оразқұл бір үйдің ішін думандатуға жетіп-ақ жатыр. Бұлар шетінен ойынпаз, ескі жарғақ дорбадан уыстап ақ-қызылы аралас қой асығын шығарып хан алшымға таласып, шекемтас қағуға шебер-ақ.

Көргенге көнбіс, тағдыр талқысына икемді балалық – базарлы өмірдің құдай-құдыретке наласы жоқ. Елден асып жетіскен жері болмаса да, сырт көзден таса, оңашада бұрыптағы бұйығы ошақта бір мезгіл от жанып, кішкене қара қазанда қос уыстай дән қуырмашқа қуырылып тұрады екен. Сол ыстық қуырмаштың серпі уысын Нұрлығыз жеңгей ортада түгі қаратылып жайылған ескі тонның бетіне тауыққа жем шашқандай шашып тастайды. Осы тонды айнала жұтына жайғасқан төртеуіміздің енді таласа-тармаса жарғақ арасынан дән теру жұмысымыз басталады. Біртіндеп терген дөңді жалма-жан ауызға қақшып, тіске басып жатамыз. Бақсақ бұл еріккенге ермек, майрампаздың ойыны емес, мына мұртын ұртына жалғап жатқан күнелкінің күнінде қызылқарын жас балаларға жүрек жалғау, көңіл жұбанышының амалы екен.

Солай, бір мезгіл шуласа шуаққа шығып жарбандасып, қалған уақытты қара ошақтың маңында Қазанқап үйін басқа көтеріп жатқанымызға оншақты күн өткен еді. Бір күні бізді көрші ағайыны Әліпбайдың он төрт – он бестерге келген естияр баласы Татубайға табыстап, кешке оралмақ болып, Қазанғап пен Нұрлықыз қыр асып Естінің аулына кетті. Көктем иісі білінген шуақты күні бала біткеннің үйде отырмасы бар. Үлкен сәске шағында қуырмашты теріп тауысқан соң ортамызда әлгі Татубай бар, үй сыртындағы жиған жүктей текше тасты күнгей беткейіне шықтық. Желсіз тұнық шуақты күнгейде, жақпар тас кенерінде қолдан үйшіктер соғып, кәдуілгі тіршіліктің нұсқасын қолдан жасап, ұсталық жарысына түсу балалықтың балғын көңілі үшін қандай қызық. Жұқа, қалақ тастардан әрқилы үй, қора ошақтар, оның биік мұржаларын орнатып, мөз-мейрам болып, күн еңкейіп, кеш мезгілі таяп қалғанын байқамай қалған екенбіз. Кенет бізден шылбыр бойы төмендеу отырған Күмісбектің – “Ойбай, қасқыр!” – деген жан дауысы шықты. Дүрліге үркіп, Күмісбектің шегірлеу көзі шатынап қадалған жаққа қарасақ, бізден небәрі арқан бойы жерде, жақпарды жағалап, кішкене бұташаны паналап бізге қанды көзі қадалып, желке жалы күжірейіп, шабуға шақ тұрған нән көкжалды көрдік.

Шын қорыққанда дауыс шығарудың қиын екенін алғаш рет, сол жолы көрдім. Арбалып қалағандай бір сәт қыбыр-қимылсыз қалғанда, артқы жағымызда қылқи мойынын созып, серейген Татубай өзі бас болып, – Ойбай! – деп үй жақты бетке

алып зыта жөнелді. Сол замат баршамыз оған дүрліге ілесіп жанұшыра жүгіріп келе жаттық. Дәліз үйдің ашық есігінен аптыға кірген Ұлбосын мен менен кейін жеткен Күмісбек есікті ішкі тұтқасынан тартып жауып қалғанда, сырттан Оразқұлдың тұтқаға жармасып шырқыраған жандауысымен бірге оны талап жатқан арлан қасқырдың жаншошырлық ырылы естілді.

Бұл сәт Күмісбек есіктің ішкі тұтқасын сіресе ішке тартып, табалдырыққа табан тіреп тұрған-ды.

Оразқұлдың ойбайлаған дауысын естіген Ұлбосын: “аш есікті”, – деп Күмісбекке шыңғыра ұмтылып, бар пәрменімен соғып жіберді. Жартылай ашылған есіктен Оразқұл ішке құлай берді. Оны бөріміз жабыла тартып, ішке сүйреп кіргіздік.

Жүрегі ұшуға жақын, өкпесі өшкен Оразқұлдың сөз айтуға халі жоқ, ыңырсып етпетінен жатыр. Тері шалбардың бөксерлігі пәрше-пәрше. Май құйрықтан шылқыған қан көрінді. Қасқырдың ақсиган азу тістері бүйректей бұлтиған Оразқұл құйрығының бір жағын жұлып өкеткен сияқты. Оны ашып көруге үрейленген біздерде дәрмен жоқ. Тіпті ашып көргенде де қолдан келер не болатын еді.

Біздің ойбайлаған айқай-сүреңімізді құлағы шалса керек. “Әй, не боп қалды, соншама шулап”, – деп қолында сүйеу таяғы, Әліпбайдың кәрі шешесі – Бұлданай әже келді бүкшендеп. Ол кісі келген бойда құйрығы қанға бөгіп дөңбекшіп жатқан Оразқұлдың тері шалбарын сыпырып, жараны көріп, төрге төселген ескі киіздің жалбыраған бұрышын жұлып алып, жалма-жан ошаққа қарай ұмтылды. Киізді сөнбеген қарағаш шоғына күйдіріп, ыстық киізді қаны қата қоймаған Оразқұлдың құйрығына бажылдатып жабыстырды.

– Қорықпа, айналайын, жараң тым үлкен емес. Әлі-ақ жазылып кетеді, – деп жұбатып жатыр қайырымды қарт әже.

Шынында да Оразқұлдың құйрық жарасы анау айтқан қауіпті емес екен, тері шалбарымен қоса қарпып тістеп, жұлқа тартқан көкжалдың өткір тісі, май құйрықтың кішкене алақандай жерінің біраз майын тері-перісімен жұлып өкетіпті.

Балакүңгейдегі Жаңғазы қыстауында бір топ ойын баласына қасқыр шауыпты. Райымбектің кенжесі, Қазанғап қолындағы Оразқұлды қасқыр талапты деген оқыс хабар келесі күннің таңында-ақ Талдыдағы біздің ауылға да тарапты. Сол күні түсте өкпесін қолына алып Қантай апам да жетті. Бізге қасқыр шапқан кешегі күннің кешінде Қазанғап пен Нұрлығыз да келген еді. Жай-жағдайды апам солардан сұрап бөксерлігі тұтас ескі ақ орамалмен орап тасталған Оразқұлдың жанына келіп, оны маңдайынан сипап, немере ағадан қалған бір тұяқты жылы сөзімен жұбатып ұзақ отырды.

Түс мезгілі ауған екіндінің кезінде алдына ыстық талқан шайма быламығын қойған төркініне сөз айтып:

– Мына Еркін аз күн қолдарында болды. Өз балаларындай бағып-қақтындар. Рахмет. Кешегі жайсыз хабарды естіген соң кәрі әжесінің шыбын жаны шүберекте. Өзі де әжесін сағынған шығар. Енді мұны аш қасқырдың аузында кетпей, аман тұрғанда алып қайтайын деп, мені қасына ілестіріп қайтар жолға шықты.

– Қолдан келерімізді аямаспыз, әпке. Хабардар боп жүрерміз, – деп төркіндері жамырай жалбаңдасып шығарып салды.

Бас-аяғы бес шақырым жердегі Балакүңгейге, Жанғазы қыстауына баруым өз өмірімдегі үйден ұзап шыққан алғашқы сапарым ғой әрине. Бергі беті қоңыр адырлы Марқаның қырат-қырқалары, арғы жағы алыста мұнарланған Боралдай тауына ұласатын ұзын бұлақ – Ордалының жөн-жоталары арасында тар аңғарда тулап ағатын жіңішке тау өзені Талдының бойында шашырай қоныс тепкен туған ауыл бала көңілге ұжмақтай көрінетін. Арада өткен екі аптадай мезгілде отбасы, өскен ұяны сағынып қалған екенмін.

Бір жағы аштықтың азабы, екіншісі әлі де абақтыдан қайтып оралмаған үлкен ұлының уәйімі шығар, өң-жүздері жұқарып шәушиіп азып кеткен қайран әжем, шырайлы жүзі нұрланып, күндей күліп тұратын Айша женешем, үйде қалған тұлымшақты әпкелерім, жортпаш бала Бидайшымен бейне бір алыс жолдан келгендей шұрқырай қайта табысып, жалбандасып жатырмыз.

— О, шырағым, көрпелдешім, жәутігім, аман-есен келдің бе? — деп әжем байғұс бәз баяғы жылы құшағына алып, мақпалдай жұмсақ аялы алақанымен маңдайымнан сипап жатты жарықтық. Сөйте отырып: әлігі көк бөрісі түскірден жүрегі ұшып кетті ме деп жаным жай таппады ғой менің, — деп жабағының жалындай тікірейген төбе шашымнан бірер иіскеп қойды.

Ауылдағы жаңалық: наурыздың алғашқы ақ жауынынан кейін дала төсі масатыдай түрленіп, жұлып жеуге жарайтын қырда қартаңқұлақ, қақы, өзен жағалауы — тоғайда сарымсақтың төбесі қылтия бастапты. Әр баланың қолында бір-бірден кішкене ағаш істік. Жерден әлгі көк өсімдерді түбірімен аудара жұлып, әр жылғада жылт-жылт ағып жатқан мөлдір суға шайып тастап, бүктеп ауызға ұрып, езуден көк көбігін шығара күртілдете шайнайды.

Тау өлкесінде сәуірлі көктемге тірі жеткен адамға талшық болар жер-ананың сыйы көп. Алдымен ана наурыз ортасында ауызға ілінетін қартаңқұлақ, қақы, сарымсақ, жуаны алданыш етіп жүргенде, сәуірдің ішінде қыр елінің бір құмарлы асы аппақ қардай қозықұйрығы көрінеді. Сол тұста бала біткен жамырап тәтті түбір жауқазынға жармасады.

Бұл аз күнгі “көкше байлықтың” ізінше, сәуірдің соңына қарай ел-жұрттың “енді аштан өлмеспіз” деп үміт артары — тау алғысының күні туады. Алғы ол ыстық қауметке жарайтын адам ырзығы болғанмен ауызға түскенше жан-терді сығып алатын ауыр бейнеттің ісі. Биік таулардың бөктерінде, қия бет, сай саласында құмай тастақты топырақта өсетін бұл кереметтің әрбірі бала жудырығындай түбірін, мойынға дорба асып, қолға шөкуіш, қайла сияқты құрал алып, жерді тізерліктен қазып жүріп жинайды.

Кәдімгі пияз іспетті қоңырқай, жұқа қабықпен тұмшалған түбір сүттей ақ, көрер көзге сүйкімді. Бірақ ол болмысында удай ащы. Сол түбір таза суға жуылып топырағынан шайылған соң түрпі немесе қақпақ тастарға үгіп езіледі. Ақ ботқадай қою алғы езіндісі мол ыдысқа салынады да, үстіне таза су құйылып, енді сүт түстес сұйықты тұндыруға қояды. Түпке тұнған алғының көгілдір суы татып болмастай ащы. Сол суы төгіліп, жаңа су құйылып, тұнған алғы қайтадан араластырып қайта тұнуға қояды. Осылай ең кемі алты-жеті рет қайталануға тиіс. Оны жұрт алғы қайыру дейді. Енді ащысы қайырылған, уынан айырылған алғыны күн көзіне кептіруге қояды. Ол енді кәдімгі ұн түстес, сарғылт ұнтаққа айналады. Алғының азығы осы. Жарты шелектей суға қос уысын салып, бұрқ-бұрқ қайнатылған алғы қоюлана түсіп, үйіріліп барып піседі. Бұл қара суға қайнаған көгілдір түсті бөкпен төрт-бес кісінің бір ішер тамағына жарап жатыр. Ашыққан, тарыққан елдің көктем келе өзегін созып күзететіні сол — алғының күні. Бірақ әлі наурыздың іші. Оған шейін әлі ай жарымдай уақыт керек. Бұл аш өзегі талған елге аз күн емес қой.

— Иә, солай, ауыл сыртындағы көгалды қырқада қақы теріп малша жайылып кеткен біздер шаңқай түстің шағында үйге келсек, көрші ағайынның кемпірі — Мырзақыз шешеден басқа үлкендер жоқ. Бөрі көрі әжем бас болып, қыр асып кетіпті. Таңсәріде ұлы әруақтың орнын сақтаған жарықтық көрі нағашы Қойбағар ата дүниеден өткен екен. Сол Балакүнгейдегі ескі қыстауда жаназа күтіп түнеп қалған үлкендердің Қантай апамнан өзгесі, келер күннің кешіне қарай қайтып оралды.

Бұлар айтып келген бір жаңалық: әкені баладан, малды қорадан айырған астан-кестен заманнан азық, күнкөріс іздеп, Тәшкен жағына ауып кеткен Қойбағардың

жуадай екі ұлы – Ыбырайым мен Досыбай, елден барған әлдекім айтқан хабармен қайтып келіпті. Қойбағардың құдайдан күндіз-түні тілеп, күткен жалғыз мұраты сол еді. Көзі жұмылмай тұрғанда сол екі ұлы алдына келіп, мына фәниден ризалықпен кетіпті.

– Уа, шіркін дүние-ай! Неткен әулет, неткен жандар еді кезінде. Заман сазы деген осы да, – деп әжем кішкене ескі құлын бөстегінің үстінде біз көрмейтін әлдекіммен сырласқандай өз-өзінше сөйлеп отыр. Бәлкім естісін, біз білсін дейтін шығар. Әр сөзін ақырын, баппен сөйлеп бір өзіне аян өткеннің сыры мен жырын мұңды, жайлы даусымен жалғай түседі.

– Уа, шіркін Рысбек, Төребек, Сәуірбайдың заманы-ай! Бәрі де аққан судай өте шықты ғой тәйірі. Неткен әулет, неткен жандар еді...

– Әже, – деп мен оның мұңды жүзіне қараймын. Кім ол, Рысбек дегеніңіз? – деп оның ертегідей жайма шуақ сөзін бөліп, түрткілей түсемін.

– О, шырағым-ау, кішкене жәутігім-ау. Сөз ұғар болсаң айтайын: біліп ал көрпелдешім, – деп әлгі үзілген сырды, жаңаша жаңғыртып, жалғай түсті.

– Рысбек білсең, сенің бөтенің емес, түп нағашың. Мына кешегі өткен Қойбағар сол ұлы әруақтың шөбересі. Рысбектен Құдияр, Құдиярдан Сәуірбай, Сәуірбайдан Қойбағар, Қойбағардан сені туған Қантай. Рысбек сенің түп нағашың болмай кім болатын еді.

Рысбек бабан кешегі хан Абылай заманында Құба қалмақты атақты Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сынды батырлармен тізе қосып, осы Қаратаудан қуып, Алатаудан асырған батыр қолбасшы болған. Оның аты күллі сикымның ұраны.

Өзі аралас-құралас қатар өсіп, қатар көшкен ағайынды ел сикым, шымыр болғанда, сол шымырдың Қойгелді – Қожықтың бар-баданды, текті әулетінен шыққан Зерделі қызы – Зейтана әжемнің Рысбек бабам жөніндегі ертегідей әңгімесі – екі ғасырда өткен төрт атадан асып, мына туған жердің дымқыл топырағына күні кеше берілген қарт нағашым Қойбағарға жетіп тірелгенімен, сол шеңберде ғана қалғанымен, бала қиялымызды қиянға шырқатып тастаушы еді. Құба қалмақ дегеніміз кімдер, оларды Рысбек бабам неге, не үшін Алатаудан асырды? Ол кезде оның бәрі біз үшін ашылмаған сыр, шешілмеген жұмбақ боп қала беруші еді.

Араға елу жыл салып, ықылым заман өтер. Ұлы дәуірде осынау хан ордасы – Ұлытау мен Түркістаннан Аспара, Алакөл асып, Жоңғар асуы, Тарбағатай тарабына дейінгі қазақтың ұшан даласын жарқылдаған қылышы көк найзаның ұшы, жел қанатты тұлпарлар тұяғымен дүбірлетіп өткен ұлы бабалардың мәңгілікке қалдырған ізі, өрелі ұрпаққа өсиет етіп қалдырған ісі жаңа қырынан тағы бір жаңғырып жайлауын табар деп ойлап па едік сол кезде.

Иә, мына жаңғырған, таңы қайта атқан дүниеде қайта тірілген, қайта өрлеген ел тарихы, сол ұлы дәуірдің кейінгі мұрагері “Уа, шіркін дүние-ай!” – деп хал-қадірінше ұрпағына мұңды сыр шертетін ата-әжелерімізден мәңгілік мұраға қалған жыр-дастанның ашылмаған, айтылмаған беттері.

Өз Тәукеден Абылайға дейінгі қазақтың үш ханының тұсында, орданың дана ақылшы, кеңесшісі болып дәуірлеп өткен әйгілі Төле бидің қарындасынан туған жиені – Шінет батырдың үлкен ұлы Рысбек қазақтың байтақ жерін Жоңғар басқыншыларынан жаппай тазарту, азаттық жорықтың ақ туын желкілдетіп жеңіске жеткізген ақыры ақтық жорығының тұсында дәуірлеп, даңқты ғұмыр кешті. Бөгенбай, Наурызбайдың жер қайыстырған қалың қолы құрамында күллі Қаратау өлкесінен жасақталған жеңімпаз түменінің қолбасшысы болды.

Рысбектің түмені Қаратау жерінен қашқан жауды өкшелей қуып, бұл өлкеге әйгілі Ұзынбұлақ, Садырқамал, Майтөбе, Аспара шайқастарына қатысты. Шапырашты Наурызбай қолы құрамында Жоңғар батыры Боралдай, Шамалхан,



Даржы-хан бастаған қалмақтың қолын Алатау бөктері, Іле, Нарынкөл жерінде талқандау жорығының алдыңғы легін бастады.

Міне, сол заманында даңқы жер жарған батыр қолбасшы жорықта жүрген жастық шағында сүйген жары, жас баласымен жаудан ыға көшкен сиқым көшінде Қаратаудың асуында, қалың қалмақтың қоршауында қалып, опат болған. Он жылдай үстінен сауыты, қолынан найзасы түспей, ел кегін, жер кегін қанмен жуған Рысбек қайтып оралғанда төрт салалы қалың дулаттың дуалы ауыз билері жиылып: – “Ендігі сиқым ұраны – Рысбек!” – деп бата беріп, Көк жонның көл тоғаны тұсына төрт жерге төрт ақ отау тігіп, көрші қырғыз бен үйсін ішінен төрт қызды тандап бір күнде осы отауға түсіріп, ұлан-асыр той жасап, шалқыған бір дәурен сүрген екен.

Міне, сол төрт отауға түскен келіннің үлкені Наршадан (лақап аты Бөдене) Құдияр, Данияр, Молдияр, Бөзіл, екінші әйелі Айғанымнан – Батырбек, Төребек, кіші тоқалы Қызданайдан Төрекүл боп серідей жеті ұлдан өз заманында қанша бай-бағлан, датқа, би-болыстар өсіп-өнген еді.

Рысбектің – Құдияр ұрпағынан шыққан Сәуірбай, Дәуімбет би, Батырбектен өсіп-өнген күллі Ақсу-Арыс, Шымкент атырабына билік жүргізген әйгілі Қасымбек датқа, Ыса датқа, Белқожа би, Төребек өулетінен шыққан Шерім, Нарқозы би. Кешегі ақ патша Николайдың тұсында сонау Ақмешіттен Әулиеатаға шейінгі ұлан өлкеде қос-жүйрігі – кара тұлпар мен қасқа тұлпары аламан бөйгенің алдын бермеген атақты Мақұлбек болыс өз заманында дәуірлеп өткен Рысбек батырдың ұрпағы еді.

Қалың сиқымның қос ұстыны – ағайынды Рысбек пен Тұрыстың өулеттері бергі шеті қос сүңгі, Қошқарата бойынан шығыста Алатауға иек артқан Күркіреу тарабына шейін, Күңгейде Арыс бойы Майлыкент – Ақсуға шейін кең өлкені жайлап ұлы төңкеріс алдында алты жүз түтінге жеткен екен.

Енді менің жан адамға жақсылығын жасауынан жазбаған күн сипатты Қантай апам мен мақпалдай жұмсақ мінезді мархабатты жан әжем неге “уа, шіркін дүние-ай! неткен өулет, не деген жандар еді”, – деп неге күрсінеді, неге күңіренеді, неге күйзеледі? Оны біз сұрамаймыз. Оны бізге айтпайды. Айтқанмен оған мән беріп, ұғып жатқан біз бар ма?!

“Жұт жеті ағайынды” дейді, өмірдің, тағдырдың уын көп татқан қазақ жұрты. Онысы тек малдың жұтқа ұшырауы емес екен ойласақ, жұттың ең ауыры – адам басына арылмас қасірет әкелетін ар мен адамгершіліктің жұты. Бұл жұттың тұсында ең алдымен адамның өзі азғындайды. Одан мейірім, шапағат кетеді. Мейірім, шапағат кеткен жерде береке-бірлік жоқ. Береке-бірлігінен айырылған жерде ел тозғындайды. Сондай жұттың ең ауыры сан ғасырлар ұшан-теңіз ұлы жазирада өз жөні, өз салтымен өмір кешкен көшпенді қазақ еліне қалай келгені бүгінде айдай әлемге мәлім.

Сол азғындықтың жұты ең алдымен өзге емес, өз халқымыздың жақсысы мен жайсаңын жұтты. Жоңғар ала алмаған, Құба қалмақ жеңе алмаған Рысбек өулетіне қырғидай тиді. “Іштен шыққан жау жаман” деп қазақ тегін айтпаған. Бай-бағланды тап жауы деп конфискелеп, жер аударумен басталған “ұлы бетбұрыс” тұсында, ел ішіндегі ауқатты шаруаны “мынау бай, мынау кешегі би, мынау құлақ” деп елеріп атқа мінген берекесіз белсенділер – ар-ұятты жиыстырып, өз туысы, өз жерлестеріне көзбе-көз күйе жағып, мал-пұлып тартып алып, қолын бұғауға, басын айдауға салып, тоз-тозын шығарып айдатып жатты.

Жаназасы тұсында тышқақ лақ табылмай, арпаның қара быламығымен көмілген, момын шаруалы өмір сүрген Қойбағардың аянышты тағдыры, анау ала көктемде тамыр қазып, сай-салада малша өріп жүрген аш-арық қызыл қарын балалар солардың ісі. Қай заман, қай дәуірде болмасын жаратушы құдырет басы жұмыр пендесін сондай жұттан, ар-ождан, адамгершілік жұтынан, азғындықтың жұтынан сақтасын!

Шуақты наурыздың сәске шағы. Тоғайдағы жуада біраз жусап, үйге келсек кәрі әжем ескі мәсі-кебісін киіп, белін белбеумен мықтап буып жиналып жатыр. Мені көрген жерде:

– Ә, Еркін, келдің бе, бүгін күн бейсенбі, Алланың нұры жауғыр Қойбағар рахметтігердің жамбасы жерге тигелі бесінші күн. Жүр қарағым, нағашыңның орнына қол жайып, бата қып қайтайық. Қантай келіннің де екі көзі төрт болып жол караумен отырған шығар. Көне жүрейік, балам, – деді.

Кідірмей қол ұстасып жолға шығып, Балакүңгейге асып, нағашымның ескі қыстауына таяп келдік. Келсек, қыстау сыртындағы ескі бейіттің маңы топырлаған оншақты адам. Абыр-сабыр, у-шу. Сол шоғырдың шетінде екі аттылы бір жаяуды қамшы сілтеп қуып жүр. Қуып жүрген ат үстінде әкірендеген біз танымайтын біреу. Ал зар еңіреп сидандап қашып жүргені, Қойбағардан қалған екі ұлдың үлкені Ыбырайым.

– Оу, бұлары несі, бәтір-ау! – Мына бейіт басындағы айғай-шу, үргін-сүргіннен шошыған әжем, жай-жағдайды алдан шығып қарсы алған Әліпбайдан сұрап еді.

– О, шеше, айтпаңыз! Елде жоқ сұмдық боп жатыр. Өне бір жоқ іздеген екі мұндар, ұрым сендер, – деп, әлгі Ыбырайым мен Досыбайды ат бауырына салып жүр.

– О, сұмдық-ай! Жоқ іздеген сотқардың бейіт басында несі бар, – деп аяғын шапшаң басып даурыға-дүрлігіп жүрген топқа таяп келді.

Келсек, әлгі ат үстіндегі екеудің біреуінің тақымында мылтық, екіншісінің қолында өрімі сала құлаш ысқырған өгіз қамшы.

Арқа-желкесін өгіз қамшының өрімі осып, ашу қысқан Ыбырайым әжемді көрген бетте өршіп кетті. Қолындағы жұдырықтай тасын ат үстіндегі қамшылыға ысқырта сілтеп, ат шылауына жармасып, шын айқасқа шықты. Сол сәтте аттылының сілтеген қамшысы тағы да Ыбырайымның білек қарын осып жіберді. Бастан асыра гүрс етіп мылтық атылды. Енді Ыбырайым желбегей жейдесінің омырауын айыра жыртып жіберіп, жалаң төсін ашып мылтықтыға ұмтылды.

– Ат, ат иттің баласы! Аtpасаң қолында өлемін, – деп топырағы бусанған жас мола жанында жатқан күректі ала ұмтылды. Сілтеген күрек адамға емес ат басына тиді.

Арт жақтан “босат жолды былай” деген күркіреген өктем дауыс естілді. Төменгі ауылдан Қазыбек пен оның үлкен ұлы Арынтай ұзындағы сала құлаш сойылын оңтайлап, ентелей басып келеді екен. Шатақтың енді насырға шабарын сезсе керек, қос аттылы көп ортасына сылтып, ойқастап шыға берді. Енді топқа түсуге батылы бармайтын сияқты. Әудем жер ұзап барып жұдырығын көрсетіп, әлденелерді балдырлап өрлей барып, қырқадан асып кетті.

Мән-жайды әжем сұрастырса, қарсанда әкесі хал үстінде жатқанда әлгі жазған Ыбырайым: бір лақтың реті келер ме екен деп жоңға көтеріліп, Марының сазында жаңа ұйысқан совхоз ішіндегі жақын туысқаны Шыңғысбайдың Райына барған екен. Онысынан еш нәтиже шықпапты. Ыбырайым кеткеннің ертеңіне сондағы совхоз табынынан бір тайынша жоғалыпты. Ой-қырды бірер күн шолған бақташы мен ферманың “көртопырағы” (гурт-управ дегені), “ұрым сол” – деп әлдекімдердің көрсетуімен Ыбырайымның ізін қуып, ылдидағы қыстауға кепті. Адамнан ар кетсе амал бар ма, әлгі екі мұндар үй ішін, қаңыраған қора-жайларды тінтіп, еш нәрсе таппағасын қолына күрек алып, ескі бейіт шетіндегі топырағы кеппеген жас молаға кепті.

– Мұның не, деген Ыбырайымға әлгі әпербақан “көртопырақ” мұнда адам емес, ұрлап әкеп сойған тайыншаның еті жатыр. Тығып тастағансыңдар. Ашыңдар! – деп



өкірендепті. Бейіт басындағы шатаққа ағайын аз үйлі ауыл адамдары жиылған. Нәтижесі әлгі.

Топпен бірге қыстау үйге келіп едік. Қантай апам Қалимамен бірге тізесін құшып ішкі босаға жанында отыр екен. Мұндана дауыс салып, сыңсып қоя берді:

...Қара көкке ер салған,
Көк қаршыға қолға алған.
Жайлауға көшті бастаған,
Ақ үйді тігіп тастаған
Ақ жастығын жастаған
Қайранда менің көкем-ай!
О, жасаған жалған дүние-ай!

Осы ма едің көрсетпегің, көрерім, – деп зарлана жоқтау салды.

Қой, қарағым, сабыр ет! Көппен көрген ұлы той – деген, ендігі өмір берекесін енді мына соңындағы екі бозымыңа берсін, – деп үлкендер басу айтты. Баяғыша кең жайылған көне дастарханға кішкене арпа күлшелері туралап, ескі самауырмен шай келтірілді. Өткен ұлы әруақтарға бағыштала құран түсіріліп, тәрабә оқылды. Бұл өлкеге әйгілі Сәуірбай бидің заманында жорға мініп жосынды жол кешкен ортаншы ұлы Қойекеңе ел-жұрттың көрсеткен ақырғы сый-сияпаты еді.

Ел басына келген қасірет – естігіш елең құлақтарға тарап жатқан үркінішті жайлар, онсыз да үп етіп, ебелектей күн кешкен жұрттың сұрын алған сұрқай көктем осылай ақыл жетпес, ойлап болмас сұмдықтарын алға тарта берді.

Балакүңгейдегі Қойбағар қыстауында Жоннан келген әлгі екі жандайшаптың жоғалған малын жер бетінен емес, бейіттен іздеп, мүрде ашқызбақ болып ауыл үстіне әлек салған сол сұмдығына жан түршігіп жүргенде, “төменгі қалған қыстауға сандалып ауған аштар келіпті”, – деген сөз тарады. Ескі қыстау бұл арадан едәуір қашықта болса да, сол көзі қарайған бейбақтар келіп қала ма деп әйелдерде зәре жоқ. Олай болатыны, адамды құдай аздырмасын, азды екен онда арам, адал дейтін ұғым қалмайды. Қолына түскенінен айырылмайтын көрінеді.

Тағдыр бізге шын қасіреттің, адам қасіретінің не екенін өз көзімізбен көруді сол көктемде жазған екен.

Бір күні Талдының суын жағалай қу салындыдан отын іздеуге кеткен апам түсі қашып, қорқып оралды.

– Ойпырым-ай, ене, ана төменгі жағалбайлы Үсіпбектен қалған ескі, жаман тамының алдында түсінен жан шошырлық біреулер отыр. Адам әлпеті қалмаған. Сол жаман тамды паналаған сияқты.

– Қайтесің, қарағым, Күңгейден ауған, кешегі шалқыған бай ауыл нөкістердің адамдары деседі. Құдай басқа салғасын не болмайды пендесі. Өз бетімен жансауға сандалып жүргендер нетер дейсің.

Құдай ондағанда, сол әжем айтқан нөкістер көзге көрініп келмеді. Тек келесі күні таңертең қоражайға барған апам, сонда босағада жататын жуас ит – көк қаншық Құтжолдың жоқ екенін айтты. Әлдекім сонда асулы шаңырақтың желбауын пышақпен кесіп, сонымен Құтжолды байлап өкеткен сияқты.

Арада бірер күн өткенде, жан адамы жоқ иесіз қалған ескі там алдынан өткен Жолдасбек Құтжолдың үкі құйрығы соққан желмен үлпілдеп күресінде қалған терісін ғана көріпті. Аштар жансауғалап сай-салаға сандалып кеткен көрінеді.

Бұдан аптадай мезгіл өткенде, бір күні қырға қурай теруге шыққан Айша жеңешем азғана отынын аркалап түсі қашып, жыламсырап оралды.

– Әже, – деді келген бетте жеңешем, – мен бір сүмдық көрдім.

– О, не дейді тағы да!

– Қурай теріп Төсбастауға шығып ем. Сондағы арғы шеткі жылғаның бойында бір бейшара әйел жатыр шалқасынан. Қимылсыз, жаны жоқ-ау шамасы. Сол әйелдің төсінде...Әлсіз тырбанып нәрестесі жатыр. Қорқып кеттім, қайтеміз әже?!

– О, жасаған-ай! Қайда әлгі Жолдасбек, шақыр мұнда! Арада сүт пісірімдей өткенде қасына Айша жеңешемді ілестіріп, колына күрек алып Жолдасбек келді. Төсбастауды бетке алып жолға шықты. Төсбастау алыс емес, екі шақырымдай жер. Неге екенін білмеймін, қал дегеніне көнбей, арқан бойы артта ілесіп келем.

Жылға беткейіне шыққанда жап-жақын жерде көк майсада шалқалап сұлай созылған бір жас әйелдің денесі көрінді. Оның төсін құшып, ұйықтап қалғандай қимылсыз титтей нәрестесі жатыр.

– О, бейшаралар-ай! Екеуі де тыныпты, – деді жақын барып нәрестені аударып көрген Жолдасбек.

Жасына жетпеген сәби анасының төсін ұзақ аймалап, жемтік қып сорып тастаған. Үстінде титтей, шұлғаудай кір шүберегінен өзге лыпа жоқ. Ана төсінен жылу кеткесін сорлы, аштықпен бірге ызғарға тоңып, қатып қалған екен.

Жолдасбек тез қимылдап, жылға биігіне жер ошақтай ұзынша шұңқыр қазып, әйелді түсіріп, жанына нәрестені қойып, саз топырақпен жауып тастады. Рақымсыз тағдыр бағыт-бағдарсыз сандалып сай-салада баудай түсіп қалып жатқандар ішінен мына бейкүнә келіншек пен оның сәбиін осылай жұтты.

Қуаныш-жұбанышы, қайғы-мұны қоңсы қонып, аралас көшетін көктемнің күніндей құбылмалы өмір, үделі үміт, жарқ етер жаңалығымен қызық. Жерден тауып жегенге, көбік езуді көпіртіп шайнағанға мәз балдыр-балалықтың желігі қуып ойқырды шарлап, түс қыза үйге келсек, құдайға мінәжат етіп, әруаққа сыйынудан танбайтын көрі әжемнің маңы арқын-жарқын көңілді сөзге молығып қапты. Айлап, жылдап көзден жырақ кетіп жыл құсындай сағыныш сазымен сарғайтатын бұл шаңырақтың биіктегі жұлдызы – әке-шешесінің көз қуанышы үлкен ұлы – Сауқымбегі оқудан аз күнгі мезгілге оралған екен.

Жасы он беске толып, бойы биіктеп, дередей болып өсіп қалған тұр-тұлғасы келіскен сүйкімді бозым баланың келуі өзге емес, мына жарбандаған жаман-жәутік біздер үшін бір мереке. Бірақ, ол күні Сауқым, қасына топтана жетіп келгенімізде басымыздан сипап, жылы шырай көрсеткені болмаса бізге көңіл бөле алмады. Әкесінің абақтыға қамалып, нағашы атасының мынандай қысталаң-қиын шақта дүниеден қайтқаны, қорадан мал, қаптан дән кетіп күйзеліс күйге түскен үйдің жайы жанына қатты батады ғой әрине.

– Әже, жеңеше (әже бауырында өскендіктен ол, туған шешесі Қантайды жеңеше дейтін) тым жүдеп кетіпсіндер ғой тегі. Уәйім етпендерші, жан тірі болса көштен қалмаспыз. Әлі-ақ ел қатарына ілініп кетерміз, – деп қос анасына ойлы жанармен көз тастап отыр.

– Е-е, ақылыңнан айналайын, шырағым-ай! Сау жүрсек жүдегенде тұрған не бар дейсің. Құдай сендерді аман қылсын, – деп, әжем жең ұшымен жасаураған көзін сүртіп, аз-кем кемсендеді. Құдай сәтін салғанда сол күні Жолдасбектің көңге біткен қалың шоңайна ішіне құрған тұзағына бір шіл ілініп қалған екен. Соның сорпасын ұрттап, қауметтеніп алған ол, аталас ағайын Тәжібайдың өзі тұрғылас ұлы Шермаханмен бірге нағашы орнына қол жайып қайтқалы Балакүнгей қыстауына кетті. Содан тек түнемеге оралды.

Кешегі көп тырбаныс күннен соң, өзімізге мақпалдай көрінетін киіз



төсегімізде ұзақ тырайып, күн көтеріле тұрып, тысқа шығып, Сауқым ағамызды іздесек, арғы жақтағы жалғыз үй – Митке атайдың өзі қатарлы кенже баласы (қасынан дәу, ақтөс қара төбеті қалмайтын) Яшкемен бірге Талдының шүнет иірімдеріне үңіліп, су жағалап жүргенін көрдік. Көктемде қар суымен қарқындап лайланып, тасып ағатын Талдының жасыл жағасы ала жаздай бала біткеннің үйірсек орны. Оның майда құрақты жағасында ала көктемнен сарымсақ пен жуа бықып, қалың өседі. Жоғарғы шатқал саласы Сөлделіде жаздың күні жабайы алмасы сабағынан иіліп, бүлдіргені тұнып тұрады. Бірақ оның күні өзірше алыс.

Әйтсе де, аштық пен жалаңаштықтан жадап-жүдеген көктемнің алдағы әр күні бір жақсылығын сыйлайтын сияктанып, сағымдай көк жиекте көрінген үміттің оты сарқылмайды. Енді мына тумысында артық сөзге жоқ, бар іске орнықты, жаңалық ашуға күштар, кішкентайларға қайырымды Сауқым ағаның келгені көңілге медеу, жүрегімізге жұбаныш. Біздер үшін ол көрегенді көсем. Ол бар жерде бізге көрінбейтін бақыттың құсы алдымызға өзі кеп қонатын сияктанады.

Яшкемен түске шейін бірге боп, өзен алқабын шарлап қайтқан Сауқымның бір ашқан жаңалығы – сол арғы беттегі Митке сайының жоғарғы Күнес беткейінде жауқазын жапырағы құлақ аша бастапты. Тоғайда көк қакыны көпіртіп көк қарынды созумен мезі болған біздерге қант татитын жауқазынға бір тою алыста күткен арманымыздай көрінеді.

– Распа-ей, көке! Қашан апарасың, апаршы бізді жауқазынға – деп оған жалбандай кеп жалбарындық.

– Апарамын, қалайда апарамын сендерді. Тек аптықпаңдар бүгін. Бірер күн күту керек. Жауқазын өлі жас, өзегін ашпаған, жуасы толмаған. Бірер күннен соң барамыз, жарайма дейді, Сауқым бізге аянышпен қарап. Біз үнсіз басымызды изейміз. Енді сол жауқазынға барғанша, таласа қазып, төтті өзекке тойғанша жарғақ құлақ жастыққа тиер емес.

Сол жауқазынды сайды жұрт “Митке сайы” дейді. Олай дейтіні сонау бір жылдары осы Талдының жағасына көшпенді орыс мұжықтары орнап, деревня “Семидворка” атанған екен. Сондағы жеті үйлі деревнядан бүгінде ірге теуіп қалғаны осы Павленко Дмитрий Федорович атайдың үйі. Қайсыбір жылғы дүрбелеңнің басында жергілікті қазақтардан жалшы салған Семидворканың Лопатке дейтін бай өулеті Көлтоғандағы қалың орыс ішіне кеткен көрінеді.

Ал Митке атайдың дүрбелеңнен қорқатын жері жоқ. Қойнаудағы мөлтекте түртінектеп, өндірген “шөп-шаламын” жеп күнелтіп отырған қара қасқа крестьян кедейдің өзі. Атайдың үйелмені көп. Алексей, Андрей, Иван дейтін сабаудай үш ұлы бұл күнде кәсіп іздеп Әулиеата жағына кеткен. Жирен қаба сақалы омырауын жапқан сол Митке атай, Мария шешей, ең кейінгі ұл-қызы Яшка, Пашамен бірге шатыры қамыспен құндақталып жабылған кішкене ақ “хатасында” тұрып жатқан кезі.

Яшка өкесіне тартқан ашық мінезді барынша қазақи, қарапайым, еңбекқор, өнерсүйгіш жігіт боп өсіп еді. Бірақ, қатыгез тағдыр, от оранған дауылды, дабылды жылдар қияндағы қыстауда бейкүнә өмір кешкен осы бір шуақты ұяны да аямады. Соғыстың алғашқы қаһарлы-қырғын кезінде бір жыл ішінде бірінен соң бірі аттанған серідей төрт азамат түгелдей қан майданда опат болды.

Мұндай қасіретті жасы қайтқан қарт адам қалай көтерсін. Кейбір ащысын ішіп алған кештері жазған атай үй сыртына шығып, сабалақ шашын қос қолымен шеңгелдеп, қара дарбыздай палуан басын шайқап, ұлдарының атын атап шақырып, ботадай боздап тұрар еді. Әй, рақымсыз жалған дүние-ай! Сол жазған атай, қырық жетінші жылдың қысында, кеңірдектен келтіре ішіп ап Көлтоғаннан түнделетіп

қайтқан жолында, Жидебайдың биік жарында арбасын аударып, құзардан ұшып өлді. Ал жан адамы жоқ, жападан жалғыз қалған Мария шешей ақ таяғын қолға алып, бір кеште жолға шықты да, қайтып оралмады. Алыста тау қойнауындағы мархабатты ұяның маздаған оты мәңгілікке солай өшті.

Солай, айтулы күні жауқазынға баратын боп жаттық. Жарқын мен Бидайшы үйде қалды да, сәске шағында жер қазар істігін сайлап алған Сауқым Сейсен екеуімізді ілестіріп Талдыға қарай шықты. Митке атай үйіне тұстас салынған өткелге келсек, өшейінде сылдыр қағып сыландап ағатын сұлу Талды, қып-қызыл ботана, тар арнасына сыймай, талқаны шығып, тасып жатыр. Сондағы өткел-көпір дегені екі жағасы есік пен төрдей өзен үстіне кесе-көлденең құлатылған жалғыз жұмыр бөрене екен. Тасқын су сол бөрененің астын жалай жұлқынып жатыр. Тәуекел деп қол ұстаса жылжып, арғы жаққа аман-сау өтіп те кеттік. Митка үйі сыртынан бізге Яша мен оның көзі тотияйындай көк, алтын шашты талдырмаш қарындасы Паша қосылды.

Әлгі өзегі өсіп, қызғалдағы ашылмаған жауқазын жапырағы әлгі Сауқым айтқан күнес беткейде еккен егіндей тұнып тұр. Келе тиісіп, қазып алынған ақкөріш төтті түбірді күртілдетіп жатырмыз. Бірер сағатта қарын да тойды, қалта да толды. Көңіл жайланып, майсаң көкке шалқалап жатып ақшоғыр мақта бұлттар көшкен көгілдір көкке масайрап, балқып қараймыз. Шырқаудан шырқыраған бозторғайдың өсем әні құйқылжиды. Бұл бір мархабатты сәтте мына құпия сырға толы шексіз ғалам балғын көңілге зұлмат-зұлымдықтан, қасірет-қайғы атаулыдан арылған мына кіршіксіз аспан көгінен адам затына арнаған бар жақсылық нұрын өлшеусіз төгіп тұрғандай.

Бәйшешек ғұмырлы балалықтың бал татыған сайранды-сазды шақтары көзден кеткенмен көңілден өшпек емес. Қырдағы аз-кем сейіл-серуенсіз өтіп, шапағатты күн екіндіге еңкейген шақта ауылға бет түзедік. Яша мен Паша өткелге шығарып салғалы бізбен бірге су жағасына келді. Қасында бір елі қалмайтын Нардос атты тайыншадай нән қара төбет.

— Сен күте тұр, Еркін, мен мына Сейсенді өткізіп келейін, — деді Сауқым.


Жасы он бірге шығып, есейіп қалған сергек қыз аяғын бөренеге ширақ басып, секеңдеп өте шықты көпірден.

Енді Сауқым мені сол қолымнан мықтап ұстап, жетелеп бөренеге көпір үстіне шықты. Қоян жонданған тайғақ жұмыр ағаштан тәй-тәйлап басып, жайлап жылжып келемін.

— Суға қарама, аяғыңды дәлдеп бас! — деп зекіді Сауқым. Дәлдеп басу үшін суға қарамау қайда. Қалт-құлт жылжып, ойнақшыған өзеннің нақ ортасына келген бір шақта менің көз алдымда өзен емес, аяқ басқан көпірім құстай ұшып, өрге зымырап бара жатты. Көпірден қалып қоймайын деп, алға ұмтыла беріп Сауқымның қолынан жұлынып, бұлқана ойнақтап жатқан қызыл жоса қанды толқынға тоңқая құлап, сүңгіп кеттім.

Жандәрмен қарманып, жарқ еткен дүниеге бір қарағанда менен шылбыр бойы қашықта құлаш ұрып толқынмен арпалысып маған қарай ұмтылып жүрген Сауқымды көрдім. Одан кейінгі су астында барлығып, жанталаса барып мұнар құшағына жұтылып кете барған белгісіз жұмбақ дүние. Тек есімді жиып, көз ашып қарасам аузымнан ақтарылған жарты шара лай суға еңкейе төндіріп құшақтай құшқан Қантай апамның алдында көлденең түсіп жатырмын. “Көрер күн, жарық дүниесі бар” деген осы шығар.

Сол күні маған аждаһадай қызыл өңеш аранын ашқан ажалдан мен қалайша аман қалдым. Арынды ағын ішінде жанталаса қарманып жүрген ағама бермей, қанды



көмейіне жымыра жұтқан ажалдан мені не керемет құтқарды. Кейінше ес жиғасын үлкендер сөзіне құлақ тоссам, мені ажал тырнағынан құтқарған керемет те, құдырет те біздің бар қимылымызды бағып, Яшаның жанында тұрған Митке атайдың қара төбеті екен. Сұр толқынның ішінен әр жерде қараң етіп бір көрініп ағында кетіп бара жатқан мені су жағалай қуған Яшаның: “Бери, Нардос!” – деген бұйрығымен жарлауыт жағадан суға қарғып түскен төбет, су ішінде балықша жүзіп қара шапанымның желкелігінен тістеп мені арғы беттегі жайуат жағаға сүйреп шығыпты. Қазақтың “жеті қазынананьң бірі ит”, “Жаман достан, жақсы итің артық” дейтін қанатты сөзі айтылғанда менің көз алдымда әркез ақыл ұясындай тұнжыр көздерін әр қимылыңнан алмай, жаутандап тұратын сол бір қасиетті қара төбет – “Нардостың” бейнесі елестейді.

Өлместің күнелкі күйін кешкен ауылда аз күнгі демалысы өте шықты да, Сауқым қалаға, оқуына кетті. Көп күттіріп сағындырып келетін ағамызға енді табыстық-ау дегенде мауқымыз да басылмай жадап-жүдеп біз қалдық.

Өмірбақи өшпейтін үмітпен өмір сүретін пендесіне берем десе жасағанның жақсылығы алыс емес қой. Мұң сазды аянышты ғұмырды жарық күннің шапағатымен жылытып, жұбанышты күн өткізіп жатқанда жоғарғы ауылдан екі өкпесі алып-ұшып Сары атаның кенжесі қырқырауық Керімбай жетті. Ол анадайдан ентелеп:

– Сүйінші апа, сүйінші жеңеше, көкем келе жатыр! Борнайдан босанып көкем келе жатыр, – деп қарлығыңқы даусымен қырқырай айқайлайды.

– А-а, Не дейді? Рас па, жаным-ау, аузыңа май айналайын! Е-е, құдай, е, жасаған, жақсылығыңа жаза гөр! – деп әжем пеш алдындағы шуақты тері бөстегінің үстінде отырған жерден ұшып тұрды.

– Көкем қазір біздің үйде. Жаяулап келеді екен. Сәлемдесуге келген жерде атам дәм татуға кідірттіп, мені хабар беруге жіберді.

– Е-е, Құдай! Файып Ерен Қырық Шілтен, Әзіреті шері қолдай гөр!.. Әжем асыға үйге кіріп, ескі қобдишасынан иленіп сүрілген қоңырқай бұйра қозы елтірісін алып шығып, оны Керімбайдың қойнына тықпалап жатты.

– Ала ғой, айналайын, қолдағы барым осы болды. Бөрік істетіп киерсің.

– О, рахмет, апа. Бөрінен де көкемнің аман-есен келгенін айталық...

– Уа, жаратқан Алла, ата-бабам әруағы, әмісе жақсылығыңа жаза гөр!.. Енді әжем отау үйдің сыртына, бағы бір кезде мал жусаған көндес тепсенде қарманып, күрекпен жер аударып жатқан Жолдасбегі, апам мен Айша, Тазақұл келіндеріне құлдырай жүгіре хабар беріп, шақырып, төрдегі төсеніш, ескі көрпелерді қағып-сілкіп жүргенде Қылышбек қыстауынан бергі үлкен жол үстіне жоғарғы ағайындардан Еркетай, Төртбай, Оразалы, тағы басқаларды ілестірген көкемдердің тобы да көрінді. Наурыздың қоңыржай жайлы кешінде ай жарым аралықта қаншама қағажу халді бастан кешіп, жадап-жүдеген үй іші мәре-сәре қуанышқа кенелді. Абыр-сабыр амандық-қауышудан кейін, құран оқылып, жиылғандар он шақты күн бұрын әкесін шығарып салған Қантай апама көңіл айтысты.

Бұл күндері біздің үйдегі бар байлық, қайсыбір жолы Жолдасбек қара атанмен артып келіп, мол түсіріп алған ылдидағы Ақкөлдін қара тікен тұзы еді. Соның бір дорбасын алып Жолдасбек Бесшоқыдағы тамыр-таныс орыстары – ағайынды – Пытыра мен Шодырға барған екен. (Жолдасбектің Пытырасы мен Шодыры Петро мен Федор ғой әрине) қайырымды жақсы жандар:

– Биздике бидай жоқ, Жолдас. Мынаны ал, – деп дорбасын толтырып арпа беріпті.

Бұ да болса құдайдың бұйыртқаны шығар. Соның бір табағын әжем мына жәуіткітерге жүрек жалғау болсын деп қол диірменге тартқызып, күлшелер жаптырған

екен. Соны дастарханына салғызып, қашаннан қолға үсталмай тұрған ескі сары самаурынды далаға шығарып, шай келтірді.

Өзі кеткеннен кейінгі ауылдағы жай-жағдайды ағайыннан естіген көкемнің қабағы қатулы. Тек әңгіме арасында айтқаны: Басына күн туғанда адамдық, азаматтық жақсылықты Борнайда райисполком мекемесінде қызмет атқарып жүрген әділ-азулы жігіттер Шілменбет Қалықұлұлы Ісмәттілла мен Құли Момышұлы Бауыржаннан көріпті. Уәкіл үстінен түсірген материалды арнайы көмәсиямен тексертіп, шындыққа көз жеткізгесін Бауыржан өзі бір топ қызметкерді бастап барып, абактының есігін теуіп ашқызып, жазықсыз отырған тау атырабындағы жаңа ұйысқан колхоз бастықтары өзі Әжібекұлы Тұрыспен бірге Сәзебекұлы Әбішті айдап шығыпты.

– Сендер жайлы жамбаспен түрмеде жатсаңдар, елдегі аш-арықты кім асырайды. Жөнеңдер, жұмыстарыңа барыңдар! – деп айқайға басыпты Бауыржан.

Соны естіген ағайындар:

– Былтырғы көктемде торытөбел арғымақпен уәкіл болып келген, қызыл жалаулы қос басында сөз сөйлеген Бауыржан ғой ол. Әлда әділдігіңнен айналайын азамат-ай, десіп жамырасып жатты ағайындар.

Келесі күні таңның атуымен екі үйлі жанның бар үлкендері жаңа күрекпен аударылып, бусанып, былбырап жатқан көлемі едәуір егістік мөлтегіне келді. Мақпалдай есілген қара қошқыл топырақты уатып, иіскеп көрген әкем етігін тастап, жалаң аяқтап, дорба толы арпаны қолтыққа алып, егістікке кірді. Дөні доланадай ақ арпаны уыстап, құлаштай серпіп егінжайға сеуіп шықты. Долана бұтасынан алдын ала өзірленіп, егінжай сыртында жатқан сүйретпеге арқаннан бітелі бау тағып, соны Жолдасбек екеуі иыққа асып, сүйреп жүріп жаңа себілген дән бетінің топырағын ұлпалап, тырмалап тастады.

– Қашаннан тыңсырап жатқан көндес мөлтек қой. Топырағы тым құнарлы. Сәуірін беріп, бұйыртса, бітіп қалатын шығар, – деді көкем, маңдайдан тамшылаған терін саусағымен сыдырып.

“Қарманған қарап қалмастың” әрекеті ілгері үміт, арыған-ашқан көңілге медеу. Мезгіл қазір наурыздың соңы. Бірер аптада сәуір де кіреді. Сонда мына жерге себілген дәннің құдай бұйыртып бітіп берсе ауызға түсуіне алда аттай 85-90 күн бар. Ол дегеніңіз үш ай мерзім ғой. Өндіршегі созылып, аш өзегі талған жұртқа үш күннің өзі жылдай ұзақ емес пе?! Оның ендігі есебін, біздің аштан өлмей, сол күндерге тірі жетуіміздің есебін бір құдай, қала берді, әр күнгі әрекет қимылына телміріп үміт арттарымыз мына алдымызда жүрген үлкендер білмесе, біз қайдан білетін едік.

Кешікпей көкем Кеңбұлақтағы кеңестің кеңсесіне шақырылды. Ауданнан келген бір үлкен уәкіл әлгі сұңғыла Үйсінбайдың қолына түсіп, көресінін көріп, аяусыз ала-құйын жүрістен арыған, күреңтөбелді қайта мінгізіпті. Мына торғайдай тозған елдің басын құрап, басқарарсың, – депті.

Сол уәкіл Борнайдан Көлтоған арқылы алыстағы бір елден жәрдемге деп елу қап бидайдың келе жатқанын айтыпты. Бірақ ол бидайдың бір дөні үйдегі қап пен қазанға түспейді. Марқадағы егіндік басына түседі де, қолына мылтық беріліп қарауыл қойылады. Қос басына үйінді тіккіз де, әр үйдің бар азаматы қолына күрек алып егіске шықсын. Мына Алексеевкадағы орыс колхозынан келетін төрт өгіз соқаның жәрдемімен дөнді түп-түгел жерге сепкізіп тастайтын бол, – депті.

– Күрекпен жер аударатын адам атаулы өлместің күнімен жерден тамыр-талшық қазып сай-салаларға өріп кеткен ғой, аш-арықты жұмысқа қалай саламыз, – деген екен көкем.

– Еңбеккерлердің ас-ауқатына, жәрдемшіге келе жатқан алты қап арпаның ұны бар. Содан аз-аздап күлше жапқызып, быламық-шайма жасатып, бір мезгіл ыстық бергіземіз, – депті уәкіл.



– Е-е, онда жөн екен.

Солай, мың да тоғыз жүз отыз үштің көк өзекті көктемінде өлмеген ел, “Кеңбұлақ” колхозының жұрты өлместің тірлігіне көшетін боп жатты. Қырға, қос басына Жолдасбектің кішкене қоңыр отауы тігілді де, Жолдасбек пен жеңешем сонда көшті. Ал көкем болса ертеден кешке шейін колхоздың маңдайында қалған жалғыз қылқұйрық – күреңтөбелдің үстінде. Төрт бригадка бөлінген жүз қаралы түтіннің бас көтерері төрт бригадир Аққұлы, Әбітай, Қоштай, Жүзейбай. Саржыны арбандатып өлшеп, шем ұрып берген сүдігердің басына шыққан.

– Я, биссімілла, – деп иісініп, былбырап жатқан танапқа күрек салған бейнетқорлар там-түмдап жылжып, маңғаз-марқаның бөктері мен анау Боралдайға қараған Қостөбе баурайын қарайтып-ақ тастады.

Күректен бел жазып, Шынтай кемпір жалғыз келіні Дөмекулге әкелген арпаның көгілдір ашымық сусынына жиылып тұр еді.

– Апа-ау! Біз болса да құдай жарылқап, мына қазынаның жұмысына іліндік. Ал ауылда, тоғайда қалған әлгі қызыл қарын шиеттей бала-шағаның күні не болар екен? – деп жыламсырады, майда балалы, жалғызілікті Балақұл.

– Е-е, шырағым-ай, “Тәңірі асыраған тоқтыны қасқыр жемес” деген екен ғой. Жер аяғы босаған, алдымыз жаз ғой. Құдай аман қойса көк жеп, шөп жеп жүріп ілігіп кетер де.

Иә, тәңірі басқа салғанды көтеруге келгенде адамнан көнбіс, адамнан жансебіл жан иесі жоқ. Жан біткеннің бір құдайына жазып, тағдыр қамытын кигенінің үшінші көктемі ғой бұл. Құдай бізге деген жақсылығы келер деп ішек созумен көз-көңіл де талды, жер тырманып, шөп тамырын қазумен тырнақ та тозды. Уа, Тәңірі, жақсылығың, жайсаң күнің қайда сенің?!

Таңмен тұрып, сабылған жүріс, қалың қарбаластың ішінде күн өткізетін көкем бір күні іс басынан кеш оралды. Әжемнің бізге деген шарқ ұрып жүріп тапқан ырзығы-күрең айғырдың көнтерісі де таусылуға айналған. Сол тері сорпасынан бір-бір тостаған алдымызға алып, сораптай сорып, бір түйірі таң атқанша жарайтын ақ шандырды жұлқына шайнап отырғанбыз.

Төрге шығып жайғасқан көкемнің алдына әжем осы қара сорпаның бір тостағанын қойды. Түбінде бірер турам тері түйірінен басқа дөнеңе жоқ, суы сылдыраған тұзды сорпаны бірер ұрттап, там-түмдап татып көрді де, кері қайырды. Көкемнің көңіл-күйі тым жүдеу сияқты. Қарауытып, түтіккен қоңырқай жүзі мына жылтыраған, әлсіз шам жарығында бұршақтың бұлтындай сұсты. Биік еңсесін алға беріп, түндей түнеріп үнсіз отыр.

– Ей, балам, неге тұнжырайсың, неге үндемейсің?! Сен тұнжырайтын болсаң, мына жұртың, мына жәутіктердің күні не болар екен? Көтер басыңды!..

Әжемнің мына қара кеш, күңгірт көлеңкелі үй ішіндегі үні соншалық айқын, соншалық өктем естілді.

– Мына көжектердің өзегі талмасын деп қарманып жүріп ескі қыстаудан тауып келген әлгі шелқатық та таусылуға жақын. Төрт-бес күндігі қалды. “Қарманған қарап қалмас” деген. Құдай жеткізсе “үш аяқты шідердегі ат өлмес – үш тоғыстың” күні де туды. Бұл алғының түп байлаған кезі. Таңның атуымен мына ауыл-аймағының егістегі азаматыңнан өзге кеуде көтерер тірі жанын жи да, кідіртпей Боралдайдың алғысына көшір. Енді қарманатын кез келді, қарман қарағым, – деді.

– Алғы! Боралдайдың алғысы дейсіз бе? – деп көкем селт ояңғандай еңсесі шөккен кеудесін оқыс көтерді.

– Иә, Боралдайдың алғысын айтып отырмын. Құдай бұйыртып ала алса, бір адам қазған бір күннің алғысы әр күні бір үйлі жанды тойындыруға жарайды. Ертеңгі күнді жол әзірлігіне, ақыл, кеңесуге бер де, арғы күні таңның атуымен ауыл-

аймағының бас көтерерін түгел көтер. Мына Қантай келін, ана арық жәутігін алып, солармен бірге кетсін.

Менің қайырымы мол, қайран әжем ел бастаған еңселі баласына бұйрық қып біздің алдағы күніміздің түйінін, аштан өлмей, сары маңызды алтын масаққа жетуіміздің түйінін солай шешті.

Көш Талдыдағы ауыл ішінен үлкен сәскеде қозғалды. Төменгі ауылдың жиырма шақты түтінінің қайраты қайтқан көрі-құртаңы күні ертең көш жолы кеткен Боралдайға қарап аузын ашып азық күтетін әлжуаз бала-шағадан өзге тік тұрар барша жаны арқаланып, ұбап-шұбап Ұзынбұлақ жотасының жалғыз аяқ соқпағымен жолға шыққан. Біз апам екеуіміз тізбектің соң жағында келеміз. Апамның арқасында ішіне кішкене қара қазанды сыртынан орап салған кеспелтек киіз, шағын көрпеше, көпшік нығызданған төрт қырлы көкшіл темір астау. Қолында ішіне алғы қазар шекуіш, бірер ыдыс-аяқ толтырылған үлкен шелек. Бізден әудем жер алдымызда, бізге желкелігін беріп, бұл көштегі жалғыз көлік атаулы кішкене көк есегі үстіне тұғжия мініп Қылышбек атай кетіп барады. Көк есек байғұстың үстіне теңденіп артылған жүк, саусылдата ілінген ыдыс-аяқтың көптігі сонша, бізге оның қап-қара кішкене құрыш тұяғын соқпақ жолға қадай басып, маймаңдаған жіңішке сирағы ғана көрінеді.

Ұзынбұлақтың тауып қойған атына қарай, оның сонау көз ұшындағы түйе өркештенген Қостөбеге қарай сұлай созылған құба жотаны өрлеп ішектей созылған жолы да ұзақ. Сол жол ұзаған сайын сіңірі созылып, қары талған жаяу көштің жүрісі де баяулай түсті. Қол созым жерде алдымда бара жатқан апамның талып шаршағаны, оның қадамы қысқарып, екі жағына теңселе басқан ауыр қимылынан анық көрініп келеді. Оған болысатын дәрмен қайсы. Алыста бұлдыраған Қостөбенің қарасына қараған сайын көңіл азып, жүрек сулайды. Тірсегім шалынып, сандалып әрең келем. Жол ортада қалып қоймасам жарар еді.

Қостөбеге барар жол ортасынан ауып, асудың өркеші анық көрініп қалғанда мен мүлде қалжырадым. Көз алдым бұлдырап, аяқты алып жүруге шама келмей қалды. Сандалып, тұрып қалдым да, амалсыздан “апа-а-а...” деп айқайладым. Дауысым аянышты, боздап шыққандай еді.


Шылбыр бойы ғана алдымда келе жатқан апам, арқалаған жүгін, жол ернеуіндегі жарлауытқа тастай беріп маған бұрылды. Бет-жүзін тер жуып, тотыққан ашаң жүзі қарауыта түтігіп кетіпті. Қолымнан жетелеген бойда мені жол шетіндегі жүгінің үстіне мінгізді де, тырмыштап таңылған жүкті қайта арқалап жолға түсті. Мен темір астау үстіне талтая мініп, екі аяғымды апам мойнының екі жағына салып келемін. Бейне бір жол үшін жаралған желмаяға мініп алғандаймын. Қайран туған ана... Қадіріңді кім білген. Қайран құлдырай шапқан құлын мінезді балалықтың дәурені-ай! Солай болар, көктемгі көбік судай өтер-кетер деп кім ойлапты.

Ұзақ өрдің, ауыр жүктің салмағы сансыратып, талып, шаршап келе жатқан апам желкесіне мені мінгізіп алғасын тым қинала бастады. Демі тарылып, арқан қысқан кеуде тынысы алқынып, қимылы баяулап, аяғы шалынып, сандала түсті. Ақыры ұзай алмай, жол ернеуіндегі жарлауытқа арқасын бере құлады да, жүгін тастап, мені арқасынан алып, алда әудем жерде ұзап бара жатқан Қылышбек атайға айқай салды.

– Ата! Әу, ата! Сөл тоқташы, атасы!

Алғашында естімей тарта берген атай, апамның жан дауысы шыққасын, есегін қиялмай бұрып, тоқтап, бізді күтіп тұрды.

– Атасы, мына бала болдырып, жүре алмай қалды. Асуға шейін ала кетіңізші, құдай жарылқағыр.



– Ойпырмай-ай, қай жеріне отырғызам мұны? Артқы жаққа сыйса мінгестіре қой, балам, – деді Қылышбек атам аз да болса жанашырлық көрсетіп.

Атамның арқа жағы, көк есектің құйыршығы үстінде сынық сүйемдей ғана ашық жер бар екен. Апам мені көтеріп, сол аядай жерге жапсырды. мықтап ұста, атаңның белдігінен ұстап ал, – деді апам, мені сәйгүлікке мінгізгендей қуанып.

Көсеудей күстенген екі аяғымды көк есек бүйірінде бұлтындаған қоржын-қосқалақ үстіне артып, бөкселікті өлгі титтей құйымшаққа жапсырып, қос қолыммен жалпақ қайыс белдіктен ұстап, атамның арқасына тас кенеше жабысып келемін. Атамның мойынтұрық қажыған қостағы көк өгіздің мойнындай қалың әжімді қатпарланған желкесі мен кір жейдесінің жағасынан ащы тер иісі мұңкиді. Мейлі ғой, не қылса да асуға алып шығар құс қанатындай көрінген көлік құйрығынан ұшып түспесем болғаны. Ұштың екен, бұл пырақтың құйымшағы енді қайтіп бұйырмайтынын білемін.

Қисаңдап, бұлталаңдап тынымсыз алға тартқан жануар құйрық удай ашып, тас боп қарманып ұстанған екі қолдың қары талып, атамның көк желкесіне үздіксіз сүйкеумен қоңқыш мұрын әбден қышып, мезі болған бір шақта үнемі өрге ышқынуымен келе жатқан көк есектің басы ылдиға еңкейгендей болды. Атам “иш-ша” деп тоқтатты да:

– Ал, балам, асудан астық. Енді алдымыз ылди. Өзің жүгіріп жетерсің, түс, – деді. Менің мінгескелі бері тілегенім, күткенім де сол еді.

Жерге сыпырыла түсіп қарап ем, алдыңғы жақта арғы беткейі төбесі көкке шаншылған көк мұнарлы биік тау, баурайы қалың ағаш терең аңғар көрінді. Артқы жақта апам недәуір қашықтап қалған екен. Арқасында жүгі, теңселе басып ілбіп келеді. Шыбын жаны киналып, жетсем деп келеді ғой, әрине. Апам асуға ілінген бетте жүгін, арқалығын биікке беріп “уһ” деп құлап түсті. Қарасам, апамның тотығып түтіккен ашық жүзін маңдай, самайдан аққан ащы тер жуып кеткен екен.

– Уһ, жаным-ай, Еркіш-ай! Неге қалдың атаңнан? Жүре аласың ба өзің, – деп, апам маған ұясы кең шаршаулы қос жанарымен соншалық аянышпен қарады.

Мен апамды аяп, жылап жіберуге шақ тұрмын.

– Өзім, өзім қалдым атамнан, апа. Енді алдымыз ылди, өзім барам, – дедім мен аз да болса апамды жұбатқым келіп.

– Е-е, шырағым. Жарайды онда, аз дем алайық, отыр, – деді.

Асуға талықсып, талып жеткен апам, ет қызуымен барар жерге барып алайық деген сияқты. Бет-жүзін бел орамалының шетімен сүртіп, терін құрғатып аз отырды да, жүгін арқалап, мені қолымнан алып, тағы да жолға шықты. Ендігі жолымыз барынша тік шыңырауға түсіп бара жатқан сияқтымыз. Ақыры, талған буын бота тірсектене дірілдеп, қалжырап, талған бір шақта сарыны тау күңіренгіп ағып жатқан асау өзен Боралдайдың жағасындағы шағын майсанды алаңқайға да жеттік-ау бір кезде.

Келіп алған ел-жұрт арқалаған жүгін әр жерге шашып тастап, мәре-сәре жапырласып жүр. Көшпен бірге келген екі шал – жоғарғы ауылдың Жолымбеті мен біздің насыбайшы Қылышбек атай алып келген өткір шоттарымен өзен жағалай самсап тұрған қалың сәмбінің ұзын құрықтарын ауыл үйлерінің күрке-шайласы үшін шетінен таңдап, баудай түсіріп қырқып жатыр. Осының бәрін сырттан шолып келе жатқан апам, арқа жүгін ертең қатар түзейтін күркелі ауылдың ық шетіне жасыл алаңқайдың көк иірімі мен тас кешудің шектескен шетіне, өзен жағасына тым таяу жерге түсірді. Біздің күркешеміз издесе таптырмайтын қолайлы да, барынша көрікті көркем жерде болмақ.

Қылышбек атай қырқып берген ұзын сәмбі құрығының он шақтысын сүйреп әкеліп, оның түбірін дөңгелек шеңбермен жерге шаншып, басын түйістіре байлап

шайламыздың “шаңырағын” көтеріп, “керегесін” жайып та үлгердік. Оны былтырдан гүрған қу қамыс бауларымен тымшап жауып, қайызбен бекітіп алуға ол күні мұрша келмеді.

Сыртқы нобайы тұрғызылған сол шайламыздың ішіне апам әлгі жүктерін кіргізіп, кішкене ақ киізі мен көрпешесін төсеп болды да:

– Міне Еркін, біздің үйшігіміз осы. Құдай құтты қыла көрсін. Енді біз осында қонамыз, – деп апам бір мұратына жеткендей көңілдене күлімсіреді. Көрі әжем көп айтатын Боралдайды көргелі, алғы дейтін кереметтің не екенін білгелі, жарғақ құлағым жастыққа тимей мына құзарлар қоршаған кереметті сырға толы тау ішін армандай аңсап келген маған бұдан артық пейіш, бұндай шаттық қайдан табылатын еді.

Шайла алдына шығып, айналаға әлденені іздегендей аңтарыла қараған апам:

– А, Еркін, күн болса әлі ерте. Бесіндіктен жаңа еңкейді. Жарық барда жақсылап ошақ соғып алайық, – деп кішкене екі құлақты қара қазаншасын көтеріп, шайладан оншақты қадымдай су жағасына таяу жерде бір заманда ұлы тасқынмен бірге келіп қарасы шөккен нардай жұмыр жонды көгілдір шомбал тасқа келді. Сол тасқа тандана, қызыға аз қарап тұрды да:

– Бір жағы батыстың желіне ық, мына жағы от тиюге ашық, мына тас бізге арнап орнағандай екен. Ошақты осыған жапсыра соғайық, – деді апам.

– Мен апамның ошақ орнына мына ғажайып тасты тандағанына іштей қуанып, басымды изедім. Кідірмей апам екеуміз жақын жердегі таудың сорғыма қалақ тастарынан тасып, қазаншамызға өлшеп, түтін шығарлығы бар, сүйкімді ошағымызды соғып та алдық. Осының ізінше өнеу бір тас кешу сыртына тасқын әкеп тастаған қу салынды қақсалынан, кебу бұталардан біраз отын тасып алдық. Тарамдалған қу бұталардан қазан астына қаластырып апам, “иә, біссімлдә, әруақтар қолдай гөр” – деп от тұтатты. Қашаннан күнқақты кебу бұталар маздап жанып, ошақтың кішкене тас құбырынан шаншылып көкшіл түтін шыға бастады. Апам екеуміз бұған қызыға қуанып қарап тұрмаз. Өзенге таяу жерде жақпар тас астынан шығып мөлтілдеп ағып жатқан бұлақ суынан құйылған бір табақтай су кішкене қазанымыздың сәнін келтіріп, шымырлап қайнай бастады. Апам осы сәт жүгіріп шайласына барды да, жүк арасынан кішкене қол тоқпақтай бір түюлі түйінішті алып келді. Оның байлауын шешті. Ол кішкене төрткүл шүберекке түйілген қоңырқай ұнтақ майда ғып түйген арпаның талқаны екен.

Қандай қиын қыстауда да ананың аты ана – баласы үшін отқа да күйіп, суға да түсіп жанын жалауға байлайтын қайрандағы ана ғой. Қайда, кәйтіп сақтағанын кім білсін. Дәл бір осы күнімізді алдын-ала білгендей ебін тауып, сақтап жүріпті ғой жарықтық. Сол талқанның серпі уысын қазандағы суға сеуіп, аздап тұз салып, бүлкілдете қайнатып, бөкпен пісірді. Оны демін алғызып, аз-кем бүқтырып қойды да, қашанғы қара ағаш ожаумен табаққа құйып, айнала ашық, өзі жоқ, жобасы бар шайламызға әкеліп мені төр алдына төрдей қып отырғызып, табақты алдыма тартып:

– Ал, Еркінтай, қарның ашып қалжырап келдің ғой, жақсылап тойып алшы, айналайын, – деді.

Қою, дәмді бөкпенді шетінен кертіп ішіп апам екеуміз әжептеуір әлденіп қалдық. Шіркін, арып-ашып жүргенде айнала құзар таулар төнген түл табиғат аясында отырып ішкен сол бөкпенің ғажайып дәмі ешуақытта тандайдан кеткен емес.

Болашақ шайламыздың нақ ортасына апам салған кішкене киіз төсекте бір көпшікті жастанып, көрпешені жамылып, сондай бір төтті ұйқыға батып, ұйықтап шықтық. Ертеңгісін көрші шайлалардың бірінен алған қол орақпен былтырғы қу қамыстың оншақты бауын орып шайламызды ұядай ғып жауып алдық. Желге берік

болсын деп шайланың қамыс жабуын апам екі жерінен айнала тал қайызымен таңып тастады.

Сәскелікте апам бір тостақтай атала жасап алдыма қойды да, дорбасын мойнына іліп, қайла сияқты кішкене шәкүшін қолына алып ауылдың өзі тұрғылас әйелдері, келін-кешектерімен алғы қазуға шықты.

– Нұржау, қос шатқалдың ортасында аңғарды екіге бөліп, төбесі көк тіреген анау көгілдір шыңды Нұржау дейді, Еркін. Біз сол Нұржаудың қарсы бетіндегі өнебір көрінген күнгей қияға шығамыз. Құдайдың бұйыртқанын, шапағаты мол жарықтық, сол Нұржау жағынан көреміз, – деді апам маған мән-жайды түсіндіріп. Сен мына шайлаңнан ұзап кетпе. Иірімге барушы болма, айналайын, – деді.

– Мақұл, апа, – деп ұзай түскен апам мен сол бағыттағы аспан көгіне тіп-тік шаншылған сұлу мүсінді құзар шынның көркіне таңдана қарап қала бердім.

Алғышылар күн қызылы төменге, сеңгір өркешіне қонып, тау іші күңгірт тарта бастаған кеш әлетінде оралды. Ширақ жүріс, көңілді жарқын дауыстарына қарағанда тәуір олжалы сияқты.

Шынында да, алғыға аттаныстың алғашқы күнінің өзі тым шүйгінді бопты. Қырдан қайтқандардың дорбасы да, көңілі де тоқ.

– Иә, жаратқан, өзің оңла, әрдайым сәтін сала гөр! – деді апам, аз-кем ыстық аталасын ұрттап демін алған соң, дорба толы алғысын темір астау толы таза суға аударып жатып.

Апам алғысын шайып, тазартып, оны жалпақ қақпақ тасқа егеп-езіп ұзақ отырды. Ертеңісін алғыға шығар сәтте түнемеге астауға тұндырылған тұндырманы көрсетіп, оның ащы суын төгіп, жаңалап құйды да, ал Еркін, көрдің ғой, қалай екенін кешке шейін осылай суын жаңартып тұрғайсың, – деді апам.

Үлкендер ұбап-шұбап тауға шығып кеткенде бір сәт жым-жырттық басқан күркелі ауылда күн қызылы көтеріліп, аңғардың іші әдемі ащы шуақпен жылына түскен бір шақта қамыс күркелердің кішкене үшкіл есігінен қылқиған бастар көрініп, көгалды алаңқайға тыриған арық қара сирақ балалар шыға бастады.

Қашан, қайда болмасын балалықтың базарына тиым жоқ. Бастары қосылған бұлардың қаншама айлар, жылдар нан дегеннің не екенін ұмытып, көктем шыққалы жер тырманып көкқарын боп, мына құзар таудың ішіне өлместің күні, аштықтың азабы айдап келгенімен ісі қайдан болсын. Бейне бір мархабат күйі шалқып жатқан дарқан әке үйіне келгендей тау ішін жарыса шыққан жаңғырық, айқай-шу, таза ауада жез қоңыраудай сыңғырлаған көңілді күлкі кернейді.

Тау ішінің мына тұнып тұрған жұмбақ табиғаты, сарқырап ағып жатқан арынды өзен, оны жағалай гүл шешегін жарып сыңсып тұрған қалың тоғай, күнгей қиядан үлкен шеңбер жасап жиған жүктей тоғайға төніп тұрған жақпар тас, қай тұрғыда ойнап, қалай сайран салсаң да жетіп жатыр. Ойынпаздар бір мезгіл жақпарға барып үйшіктер салса, енді бір сәт ағын судың құмдауыт жағасына жырып кішкене арықтар жасап, кәдімгі су диірменін орнату әрекетімен өуре.

Сөйтіп уақыт оздырып алғанда бір кез қырға кеткен шешелердің тапсырмасы еске оралып, өзен жағалай қаз-қатар ыдыстарда қалдырған алғы тұнбаларының ащы суын төгіп ыдыс түбіндегі сірескен тұнбаны қайта езіп, үстіне тұщы су құюға ұмтыламыз.

Кейбір шақта шұғыла шуағындай маужыраған тоғайдың тұнжыр тыныштығын бұзып, тақ-түк, шақ-шұқ еткен тынымсыз дыбыс естіледі. Ол қарағаш кеспегінен қасық, ожау, шөміш ойып, келі-келісап сияқты көшпендінің көне құралын жасауға кірісіп жатқан Жолымбет пен Қылышбек атайлардың балта-шот жаңғырығының дыбысы. Бұл жерде келі-келісапқа салып түйетін дән атаулы сірә жоқ. Бәрі ілгері ниет, алдағы үміттің әрекеті ғой әрине.

Алғышылар Нұржауға келіп қоныс тепкелі бес-алты күн өткенде күнделікті ішіп-жеп тойыншылықтан артылған қарамы едәуір боп жиналып қалды. Енді бүгін әр шайланың дайындаған буыншақ-түйіншегін, қоржын-қосқалаққа ұрып, оны көк есегіне теңдеп, Қылышбек атай Талдыға, елге жөндейді. Кеңірдегі созылып, өндіршегі үзіліп ауылдағы аш-арық осыны күтіп отыр ғой.

Нұржаудағы күндер өз жөні, өз ырғағымен осылай өтіп жатты. Шуақты күн, мөлдір түндер бұ дүниенің ұжмағын осында орнатып қойғандай. Бірақ тілсіз табиғаттың адамға деген сыйы сәуірдің күніндей сан құбылып тұратыны бар емес пе?

Ол күні таң күндегідей арайланып атты, күні бойы шуақ шапағаты аңғарға өлшеусіз төгіліп тұрды. Кенет кеш алдында дем тарылып, төбеден тымырсық қысып, мына кең дүние тарылып бара жатқандай болды. Қарасақ, батыста үлкен сенгірдің үстінен кара қошқыл қою бұлт қайнап шығып, аспан кеңістігін тұтастай жайлап келеді екен. Сол кезде қырдағы алғышылар да асыға жүгіріп, күрке шайласына жетіп үлгерді.

Осыны күткендей аспан әлемін қақырата жарып жібергендей сұрапылмен бірге найзағайдың отты қамшысы осқылап, түнерген түнек дүниені бір сәтке көз қарықтыра жарқыратып жіберді. Құбыладан екпіндете соғып, бір ересен нөсер төбеден төніп келе жатты.

Әлемнің жүзін кернеген сарыл-гүрілі аралас кара нөсер шелектеп құя бастады бір кезде. Әуелі құрғақ, ұдай көрінген шайламыз қаншалықты шыдар екен мына алапатқа. Апам мені құшақтап, бауырына басқан күйде шайла ортасында екі бүктетіліп, салынған киіз төсектің үстінде отыр. Тау ішін жарып жіберердей күркіреген кереметтің күшімен шарт-шұрт найзағай оты осып өткен сайын “астапыралла, сақтай гөр!” – деп, мені жұқалтаң ескі барқыт бешпентінің етегімен қымтай түседі.

Шайланың ішін күн қақты, желқақтыдан қорғап тұрған аз да болса пана болсын деп жабылған селдір қамыс, мына бет қаратпай төгіп тұрған жаңбырға қаншалықты төтеп берсін. Қамыстың бойымен төмен жүтірген жаңбыр суы бізге көрінбейтін сансыз саңылау тауып, тамшы дегеніңіз тырсылдап тама бастады. Уақыт өткен сайын ол молая түсіп, төбеден қос қабат жаңбыр жауып тұрған сияқты. Биіктен шүмектеген су апамның арық, ашаң тұлғасын малшып, бет-жүзін жуып, омырауына сорғып жатты. Қорқыныштан ба, әлде тоңғандық па, әр қабырғасын, төс сүйектерін санап алғандай жүдеу апамның тұла бойы безгек тигендей дірілдейді. Менің маңдайыма тамып жатқан жылы тамшылар жаңбыр суы ма, әлде апамның көз жасы ма, түсінбеймін.

Төбеден сорғалағаны аздай түннің бір шағында іргелікті көмкере көмген кішкене арықшадан асып, шайламыздың ішінен қызыл су жүре бастады. Бұл анық қатер-қауіптің белгісі. Өзен тасып кенерінен шықса, бізді шайламызбен бірге жұлып әкетуі мүмкін ғой. Дәл осы сәтте әр жақтағы күркекелердің бірінен:

– Шығындар! Су келе жатыр. Түгел шығындар! – деген ер кісінің өктем айқайы естілді. Жұртқа жарлық сап, ауылдың амандығын ойлаған Жолымбет атай екен. Қараңғыда шулап, қалбаңдаған әлдекімдер таяудағы қия беткейдің етегіндегі кемер-панасы бар жақпар тастарға қарай кетіп жатыр.

Шайладағы төсеніштер мен қолға ілінер ыдыс-аяқтарды алып, біз де сол жақпарға келдік. Жақпардың қойын-қуыстары сақырлаған тас іші болса да, аз да болса қысылғанға пана. Жауын төбеден төпеген қараңғыда сүріне-қабына жүріп, бой-басқа пана боларлықтай кішкене қуыс тауып, сонда қира тастар үстіне жайғастық. Қуыс іші ылғал-ызғарлы болғанмен жауын тимейтін ықтасын да екен. Бұ да болса



өлмес жанға тәңірдің сыйлаған жақсылығы шығар. Сол қуыста бүрсие отырып енді алыстан атар таңымызды күттік.

Таң алдында нөсер тоқтағандағы апамның уәйімі, ошағы мен сонда асулы тұрған кішкене қазаншасы еді. Тасқын су шайып кетті ме екен деп жаны жай таппай отырды. Жок, Тәңір жарылқап ошақ та, қазан да аман. Бөз-баяғы асулы, қақпағы жабулы қалпында тұр.

Қашан да болмасын қаһарлы дауыл, жойқын нөсерден соң жарқыраған жана күннің келері аян. Бірақ, сол күнгі арайлап атқан таңмен ілесе туған Нұржаудың күні ерекше жайдары да еді. Жуынып, таранған арудай Нұржаудың таңғы шығы мөлдіреген кіршіксіз жасыл нулы тоғайының үстінен көгілдір көк жүзіне шырқап шыққан жаңа күннің шуақ-шұғыласы өлшеусіз төгіліп тұрды. Ой мен қырда шешек атқан қырмызы гүлдер мәңгілік өмірдің көркін паш еткендей құбыла құлпырып, жайнай түскен.

Күркелі ауылдың барша жаны ол күні ешқайда ұзап шыға алмады. Кірпіктен кара тырнаққа шейін су болмаған, малшынбаған нәрсе жок. Күн көзі көтеріліп, бой жылынған шақта бір-біріне қараған әйелдер, келін-кешектер арасында шуласқан күлкі көбейді. Күлмей қайтсін, баршасының үстіндегі бар лыпасы тұтастай тұлғаларына жабысып қалған. Әйел біткен бейне бір судан шыққан тауық сияқты, сып-сыйдаң сүмелтіп жүр. Ауыстырып кие қояр басы артық киім қайдан болсын. Үстіндегі барлық суын сығып, қағып-сілкіп қайта кигелі бүгежектеп, маңайдағы тал-тоғайдың тасасына кетіп жатыр байғұстар.

Араға күн салып, ботана боп бұрқан-талқан тасыған Боралдай да сабасына түсті. Дауылдан, нөсерден кейінгі жайнап шыққан күн нұры тек адамзатын емес, жан-жануар, тіршілік дүниесін қайта түлетіп, шаттықтың шапағына кенелтіп жатқан сияқты. Таста көкек сұңқылы мен тоғайда қалың нудың ішінде жаңа гүл ашқан жабайы алма, долананың арасында бұлбұл құстың құйқылжыған әсем әуені естілді. Барша ғалам мына сиқырлы-сырлы дүниеге арнап сан қилы даусымен мәңгілік махаббат жырын жырлап жатқан сияқты.

Кешкілік күркелі ауыл тас беткейге, бұталарға жайып кептірген төсеніштерін шайласына қайта тасып, маздаған от басына қаумалай отырысып, алғы бөкпендерін ішіп жатқанда Нұржаудың күншығыс иығынан күміс табақтай жарқырап туған толық айдың нұр жүзі де көрінді.

— Шайла ішінің сызы кебе қоймапты, Еркін. Бүгін мына ошағымыздың жанына қамыс төсеп, сонда қонып шығайық, — деді апам бөкпенге тойып, қайранға төселген киіз үстінде шалқалап жатқан маған.

Мынадай нұрлы түнде аспанда самғаған сансыз жұлдызға көз тігіп, көусар ауылы түзде түнегенге не жетсін. Мен қуана бас көтеріп, орнымнан ұшып тұрдым.

— О-о, апа, дала қандай жақсы! Әр күні осы далаға ұйықтайықшы, — деп қуанып қалдым.

— Жәрайды, айналайын. Бүгін сөйтеік, арғы жағын көрерміз.

Әр күні таңмен бірге тұрып, күн ұзағы тыным таппай қалжырап, шаршаумен нұрлы жүзі бозарып, азып кеткен апам, кішкене көпшікке бас қойғасын, бұйыға жатып ұйықтап кетті. Сол сәтте жақындағы қарағаш, доланасы мүлгіген қалын нудың ішінен мен көрмеген, мен білмеген жұмбақ құстың үзіп-үзіп үздігіп шыққан мұнды сұңқылы естілді. Сол үнге бас көтеріп, құлақ тосқан апам: — Қорықпа, Еркін, бұл түн күзеткен көкше құстың үні ғой, — деді.

Мен сыбырсыз, жайлап орнымнан тұрып, ошағымыз жанындағы дінгек тасқа келіп, сол тастың жұмырланған жонына кеуде арта сүйеніп, күміс шұғылаға тұнып жатқан аңғардың түнгі келбетіне қараймын. Оң жақта қарауытқан Сеңгірдің құзы. шығыста ай астында төбесі көк тіреген сұлу мүсінді Нұржаудың шыңы. Қарсы

алдымда көк иірімнің айдыны көрінеді. Көк иірімнің ай сәулесіне малынған түнгі айнасы барынша қызық. Су бетінен шіркей қағып шоршыған шабақтардың дөңгеленген өрнегі қалқиды. Енді бір сәтте сол шабақтарды қақшуға соңына ирелендеген із тастап қылқындаған су жыланы кетіп бара жатады. Бір ғана тамақ үшін аңдысып, жан алысып, жан беріп жатқан сиқырлы-сырлы дүние.

Ел ұйқыда, ал менен оның ауылы аулақ. Неге екенін өзім де түсінбеймін. Нұржаудың нұр жамылған тұнық түні астында жақын маңайда үздіксіз үздіккен мен көрмеген, мен білмейтін көкше құстың сұңқылына сүрең қосып өзен өлкесінде құлақ тұндырып бақалардың шуылы жаңғырып жатқан-ды.

Сол шуылдан ерек, таяудан бір бақаның зорланып, ыңыранып шыққан аянышты үні естіліп жатыр. Неге олай, не себепті қиналып ыңыранады, жұмбақ жай.

Бақаның сол аянышты үні қашаннан құс ұйқылы сергек жан – апамның құлағына жетсе керек. Ол жайлап жастығынан бас көтеріп, менің тас дінгекке сүйеніп түн күзетіп, ұйқысыз тұрғаныма таңданып:

– Еркін-ай, неге тұрсың ұйықтамай, – деді.

– Жай, апа, ұйқым келмегесін тұрмын.

– Ал анау ыңыранған бақаны естіп тұрсың ба?

– Иә.

– Жылан жұтып жатыр ғой оны. Сауап үшін құтқару керек бейшараны.

– Жылан жұтып жатыр!..

Менің зұлмат зұлымдықтан бейхабар жүрегім дір ете түсті.

– Апа-ау, көйтіп табамыз, қалай құтқарамыз оны?

Апам үнсіз орнынан тұрып, қолына таяқ алып, бақа дауысы шығып жатқан жағалауға таяп келді. Жағадағы тайыз, тастақты қайранға қадала қарап, біршама қимылсыз тұрды. Мені ишаратпен жанына шақырды да, таяғының ұшымен сол қайранда малта тастардың үстінде қыбырлап қарайған әлденені көрсетті.

Ой, сұмдық-ай! Ай сәулесі астындағы әлгі қарайғанға анықтап қарасам, ұзын тұрқы шағын оқтаудай қарашұбар жылан өзінің басынан әлденеше үлкен құрбақаны артқы борбайынан қармап, кең көмейіне толғай тартып, біртіндеп жұтып жатыр. Жыланның ауызы, езуі жыртыла айырылып, сұмдық үлкейіп, бақаның жарты денесін бөкседен қамтып жұтып жатыр. Қара меруерттей жылтыраған екі көзі сыртқа теуіп, ұясынан шығып кеткен. Жылан жып-жылтыр тұла денесімен шиыршық атып, ышқына тартқанда сорлы бақа резеңкеше созылған жарғақ көмейге жылжи түседі. Бақаның жарты денесі басы, алдыңғы екі аяғы әзірге сыртта. Сол екі аяғы баяу тырбаңдап, әлсіз ыңыранады бейшара.


Дәл осы сәт апам таяғының ұшын жыланның желкелігіне туралап, тасқа жаныштай басып қалды. Қылғынып, шошынған жылан ширатыла ышқынып көмейіне кептелген құрбақаны тастай берді де, таяқтан босап, суға қарай ирелендеп жөнелді. Ажал аузынан босанып, құтқарылған құрбақа бөкселігін әлсіз игеріп, тастақ үстінде тарбаңдап жансауғалап беталды бара жатты. Мен алғаш көрген аңдушы мен алушы арасындағы өмір үшін шайқас осылай тынды.

Сәуірдің тамылжыған нұрлы түнінің бір шағында апамның былбыраған жайлы қойынында балқып бір төтті ұйқыға батқан екенмін. Танауды қытықтаған ащы шуақтан оянсам, күн кіші сәскелікке көтеріліп қапты. Апам кішкене қара тостақ толы алғы бөкпенді қасыма қойып, дорбасын асынып, шәкуішін қолға алып, алғыға кеткелі жатыр.

– Еркін, үйден кетпе, иірімге жолама, айналайын, – дейді апам маған мейірлене қарап.

– Мақұл, апа.

Апамды көзбен ұзатып, кішкене таза бұлаққа беті-қолды шайып, кермек дәмді



көгілдір жылы бөкпенге кірісіп жатырмын. Бүгінгі бар ерік, кешке дейінгі ұзақ күн өз еркімде ғой әрине.

Талма түстің шағы екіндіге енді ауысқанда жартастарды жағалап желкек теруге шыққан бір топ бала, енді ғана өрге бет алып едік. Қарсы алдымыздан аяғын ақсай басып келе жатқан біреу көрінді.

– Оу, мынау Мақұлбай ғой, анау қолындағысы немене-ей, – деді балалардың бірі.

Қарасақ, Мақұлбай, бізден едәуір үлкен, он бестерге келіп, серейіп өсіп қалған Міншай апаның баласы, қырға кеткен жерінен бір өзі келе жатыр. Көзі былаудай ісік, жылапты. Қолында құйрығын жапырақпен орап, сығымдап ұстап салақтатып әкеле жатқан сала құлаш сұр жылан.

Біз мына көріністен шошып кеттік. Мақұлбай түп-тура өздерімен көрші шайладағы жақын туыс атасы Жолымбетке тартты.

– Ой-б-о-о-й! – деді Жолымбет атай мынаны көрген бетте. Жаңа шығып, топырақ жалаған бәле ғой мынау, – бұл бөленің дәрімен қайтуы оңай болмас, әкел, – деді де, жыланды жіңішке кенеп жіппен құйрығынан байлап, тақаудағы жерге қарай иілген тал бұтасының ұшына басын төмен салбыратып іліп қойды.

Енді көлеңкеде ыңыранып жатқан Мақұлбайға келді.

– Қане көрсет, қай жеріңнен шақты, – деді Жолымбет.

– Міне, мына жерден, – деді Мақұлбай сол аяғының бақайшық жағын нұсқап.

Жылан бақайшақтан жоғары кебістік жиегіне таяу, көк тамырдан шағыпты. Тіс орны қос нүкте болып көрініп, домбығып ісіп тұр. Жолымбет тал қабығын сыдырып, жылан шаққан аяқты тал қайызымен тілерсектен буды.

– Шыда балам, жылан заһарының емі өз заһарымен дұға, аз сабыр ет деп, әлгі асулы жылан астына тамызық қалап, от жақты. Жалын аралас көк түтін, жыланның тұла бойын шарпыды. Жылан жанталаса бұлғақтап, шиыршық ата бастады. Бір кезде оның аузынан сілемейленіп, сарғыш көбік көрінді. Соны тамыр жапырақпен іліп алып, сол көбікті ісікке жақты. Енді Мақұлбайдың жанына қос тізерлей отырып, ілуде бір кездесетін ауыр дұғасын оқуға кірісті.

– “Ғұла-ғұзу захабба, мүмкін Сахадат Раһим” – деп бастайды да, өңіршегі талғанша демсіз сорғытып, – “уа Рахматулла, пірім қолдай гөр, куфф”, деп қайырады. Әр дем қайырған сайын “Уһ, жаным!” – деп ыңырына түседі Мақұлбай.

Ертеңгісін үйден шешесімен шыққан Мақұлбай алғының қалыңын іздеп, тым өрлеп Ақтастының жалын қиясына шыққан екен. Мақұлбайды жылан сол сәтте жақпар тасты жағалап жүрген жерінде шағыпты. Бұл жайды қайтар жолында, ауыл сыртында әлдекімнен естіп шыбын жаны шырқырап Міншай апа жетті. Келе тал астында талықсып, сұлап жатқан баласын көріп жанұшыра шошып түсті.

– Ойбай құдай, шұнақ құдай-ау! – тағы да қандай пәлене душар қылдың мені, – деп зар қақты.

Кешке қарай Мақұлбайдың халі тым ауырлай түсті. Көнек боп іскен аяғын игере алмай, өңі өрт сөндіргендей қарауытып, мағынасыз, өлденелерді айтып, сандырақтай бастады.

Бұған шейін жылан шаққан жерге жаншылған тамыр жапырақ тартып, Мақұлбайдың аузына желкектің сығып алған тамыр сүтін тамызып, жанұшырып жүрген Міншай:

– Ойбай-ай, кәйттім енді, – деп Мақұлбайдың аяғын құша жата қап жалап, жылан шаққан жараға аузымен жармасып сора бастады.

Мұны көрген шайлалардың бірінен шыққан Күмсек шешей:

– Бұлай ету балаға, не анаға қатер, – деуші еді. Мына жазған Міншай қатерге енді өз басын байлапты-ау, – деп күңкілдеді.

Сол шешейдің айтқаны келді. Ертеңіне келіп көрсек Мақұлбайдың әбден сорылып, ақжем болған аяғы икемделіп, ісігі қайта бастапты да, Міншай апаның аузы адам көргісіз дорбадай боп ісіп кетіпті. Тілі аузына әзер сыйып, көнтек еріндері қақ-қақ жарылып кеткен. Шайласының ішінде жанын қоярға жер таппай аласұрып жатыр.

Кешеден бері жасөспірім Мақұлбайдың тілеуінде болған ауылға, енді мына Міншайдың ауыр жағдайы аз тауқымет болмады. Байғұстың жаны қайтсе қалады деп аяқтарынан тік тұрды. Тілі аузына сыймай, нәр татудан қалған әйелдің аузына біреулер “шипалы” деп, тамыр жапырақтың тұнбасын тамызса, енді біреулер желкек тамырынан езіп алынған ақшыл уызын қайнаған суға қосып, қамыс түтікпен жұтқызып әлекке түсіп жатты.

– Пай-пай, шіркін, осындайда бір сіміріп сүт болар ма еді – деп тамсанды ақсақ Мәдеш.

– Ой, сен де бір, қайдағы жоқты айтады екенсің. Сүт болса мына құзғын таудың ішінде сандалып неміз бар еді біздің, – деп, әлдекім оған зекіп тастады.

– Әй, айтпақшы Күлдән келін емізулі ғой. Сүттің аты сүт. Адамның сүті жылқы саумалымен тектес деген. Сұрап, емшегін сауғызып көріндерші. Сауап үшін, бірер қасық болса да, улы қайыруға септігі тиер, – деп апам келіншектердің бірін шеткі шайладағы емізулі баласымен келген Күлдән жеңгейге жұмсады.

Арып-ашып алғы қазып жүрген жас әйелде ағып тұрған сүт қайдан болсын. Сонда да болса ақылды, қайырымды келіншек, “бары осы болды” деп кішкене пиаламен екі қасықтай емшек сүтін беріп жіберіпті.

– Бұ да болса шүкір. Ем қыла көрсін, – деп қолы епсекті абысыны Катша әлгі сүтті қамыс түтікпен құйып, Міншай апаға жұтқызды. “Ажалсыз ажырап азаптан, тапқыр тәуіп, дәрі болса” – деп бұрынғылар айтқан ғой. Адамның әрекеті, алланың шапағаты ма, әйтеуір, төрт күн екі дүние арасында жатқан Міншай, бесінші күні дегенде ісігі біртіндеп қайтып, беті бері бұрылды. Там-тұмдап алғыға қарап, аяғынан тұрып кетті. Бірақ қағына жабысқан жыланның уы тегін кетпеді. Міншайдың алдыңғы бұрыннан мүжік тістері түгелдей қаусап түсті де, тек қызыл жалақтанған иегі қалды.

Байғұс Міншай-ай, мына өмірден көресіні көрді-ау! Бала үшін жанпида деген осы да, десіп жатты оған жаны ашыған ағайын, көршілер.

Жаратқан тәңірі адамзатына деген бақыт сарайының кілтін ашам десе өз қолында ғой қашанда. Ақпан мен мамыр арасы – үш ай мерзімде тағдырдың алға тартқанын көруге жазғанын көріп, енді үзілмеген үмітті алдағы жарық күніне жалғап, көрер жақсылығын, таусылмайтын тірліктің ащы-тұщысын ел-жұртпен бірге тартқан күндер осылай өтіп жатты.

Қиналып-қысылғанда бізге пана боп, берер жемісінен алдымызға шашу ғып шашқан нұрлы Нұржауға әкеміздің үйіндегі аунап-қунап жүргенімізге де айға жуық уақыт өтті. Бұл мерзімде Нұржаудың мархабатты қойын-қойнауы бізге деген ырзығын аяп қалмады. Күн асқан сайын алғының түсімі де өсіп, ауылда қалған аштарға жөнелтер сауқат молайды. Мұндағы бейнетқорлар да ақ маңызды алғы бөкпенін кертіп ішіп, көңілі жайланған шақтарда:

– Е, құдай-ау, бұған жеткізгеніңе де шүкір. Енді аман қойса алдымыз жаз, жаратушының бізге деген жақсылығы да тұрған шығар, – деседі.

Үлкендер Нұржауға жансауғалап, өлместің күнін іздеп келгені, арқа сүйер үміті осы қапқа да, қазанға да түсер алғының азығы ғой әрине. Ал екі көзі жер көк арасының ауызға түсер тіске сап құмар тарқатар бар жемісі атаулысын іздейтін бала біткеннің таппайтыны жоқ. Ондай жер жемісі, тау жемісі мына қасиетті атаңдай

маңғаз шың — Нұржаудың баурайында, сай-саласында тұнып тұр. Марқаның жас құйрығындай сүйкімді, дәмді қозықұйрық, түбін тартсаң сүті шыққан желкек, ақ керішті сарымсақ, тау пиязы, әйтеуір жүрген аяқ, іздеген қолға жетіп-ақ жатыр. Аз ай, апталы күндер күтсең ендігі кезек менікі деп таушие, жабайы алмұрт, ақ алмасы самсып тұр. Шіркін, Нұржау нұр жамылған бейнеңе, дархан бейіліңе тең келетін не бар еді мына шексіз дүниеде!

Ол күні қырдағы алғыдан апам күндегіден ерте оралды. Дорбасы лық толы аккеріш түбірді астауға аударып жуып, тас түрпімен езіп, тұндыруға қойып, кешкі бөкпеннің өзiрлігіне енді кірісіп жатқан еді. Ел жақтан Нұржауға құлайтын жалғыз аяқ сүрлеуде қырқаның арасында тоқтап, мына тоғайдағы қалың күркелі ауылға таңданғандай қарап, қалқайған екеудің қарасы көрінді. Оның біреуі бойшаң да қасындағысы ербиген жас қыз баласы сияқты. Олар енді жалғыз аяқпен осы ауылға қарай келе жатты. Апам олар таяп келгенде ғана байқапты:

— Уйбай, мынау біздің Сауқым ғой, о, айналайын, — деп орнынан ұшып тұрды. Сауқымбек қасына ербитіп Сейсенді ертіп апты, шұркырай табысып, мәре-сәре болдық та қалдық.

Сауқымбек соңғы көрген үш айдай аралықта бойы биіктеп, ажарлана түскендей. Үстіне киген киімдері де өзіне жарасымды. Жерге қойған шағын, арқалық жүк салғыштан сарғыш қағазға оралған ораманы шығарып ашып, бізге әкелген сәлем-сауқаттарын бере бастады.

— Мынау жеңеше, сізге әкелген орамал, мынау әзияске кебісі, ұлтарак салып киіп алыңыз. Ал мына сабынмен киім-кешегіңізді жуып жүріңіз...

— Мынау сенікі, — деді Сауқым қолыма жұмыртқадай жұмыр, сырты-сырлы сырнайды ұстатып, үрлеп көр, — деді. Сырнай сызғып тұр. Тау ішінде құйқылжыта әндетіп, төбем көкке жетіп, масайрап қалдым.

— Оқуың қалай, қарағым. Қанша уақытқа келдің? — деді апам Сауқымға кешкі бөкпен үстінде.

— Оқуымыз жақсы, жеңеше. Он күндік демалысқа шықтық. Оның да үш күні өтіп қалды. Оның да бір күнін мына қызыңыз құртты, — деді ол езу тарта жымыып. Сұрасақ былай бопты: әжесінің қасында екі күн болған Сауқым таудағыларға барып қайтайық деп рұқсат апты. Жолға шығарда, Нұржаудың жолын білетін бе едің, — деп анау қарындасы Сейсеннен сұрапты. “Білмеймін десем, ілестірмей тастап кетер” деп қорқып, ол білемін депті. Жүр ендеше деп, Сауқым ертелеп жолға шығыпты.

Нұржауды туасы көрмеген ербиген аңқау қыз Сейсен оның жолын қайдан білсін. “Осы шығар” — деп шамалап, Сауқымды Төлесай арқылы асатын Шіліктінің жолына салып жіберіпті. Содан екеуі адасып берсін. Шілікті жолымен Боралдайға түссе, ел-құзсыз, шатысып-батысқан тоғай, аяқ алып жүрер жол жоқ. Өзен жағалап өтпек болып көп әуреленіп, тас кемерлерді жағалап ағатын арынды иірімдерден өте алмай, ақыры кейін қайтып, Төлесайға қайта асыпты. Сол жерде кездейсоқ кездескен тәңір жарылқағыр біреу, бұларды бір қыр асырып, Нұржауға баратын түзу жолға салып жіберіпті. Содан екеуінің әр төбенің басына бір шығып, жер шолумен шаршап-шалдығып келген беті.

Құдай ондаған құзар тау ішіндегі біздің күнкөріс халімізді оймен шамаласа керек. Сауқым иық қапшығына салып жеңілтек жұқа жамылғысын ала келіпті. Ошақ маңындағы қамыс-бойра төсеніш үстіндегі төсегімізде, осы жамылғы астында құшақтаса жатып екеуіміз бір рахат ұйқыда түнеп шықтық.

Ертеңгісін, күндегідей апам осы далаға, жаңа шыққан күннің шуағына дастарханын жайып, алдымызға ертеңгілік асымызды қойды. Алғының төбінен апам кішкене күлшелер пісіруші еді. Қызыл алтындай нұрланып пісетін бидай ұнының күлшесіндей қайдан болсын. Әйтеуір жоқтан тәуір, көңіл, көз жұбанышы ғой. Басы

өрең бірігіп, қақ-қақ жарылып, жырымданған көкаяз көздей күлшелердің бірін қолына алып морт сындырып, дәмін татып көрген Сауқым мырс күліп:

– Ай, жеңеше-ай! Көріп жатқан күндеріңіз шамалы-ақ екен ғой. Амал не, көнесіздер де, – деді.

– Көнбеске не шара, карағым. Бұл күндер де өтер. Пысықшылыққа, адам сияқты өмір сүрер күнге де жетерміз, – деді апам жай күрсінгендей болып.

– Жан тірі боп, оқуымызды бітіріп, адам боп шықсақ, жеңеше, қолыңыздан мына ауыр ісіңізді де алармын.

– Айтқаның келсін, айналайын. Құдай өмір берсін сендерге.

Иә, сол күні нұр жамылған Нұржаудың аясында отырып бір құдайдан осыны сұрап еді, анасы. Бірақ, тағы да қуаныш-жұбанышы, қауіп-қатері аралас он жыл өтер. Сонда мына туған анасына бұл ғұмырдың бар жақсылығын сыйламаққа сөз беріп, жарық дүние кеңістігіне шарқ ұрып өскен ұлы, арман-мұратына жете алмай, мәңгілікке көз жаздырып кетер, – деп ойлап па еді?!

Сауқымбек берген уәдесінде тұрып оқуын да, Шымкенттегі институтын да бітірді. Бірақ оның игілігін көрмеді. Институт бітіре тұрып, әскер қатарына алынды, екі жылғы мерзімі өтеліп, енді елге қайтамыз деп тұрғанда алапат соғыс басталды. Москва түбіндегі ұлы шайқас, әйгілі Сталинград майданы... Сақтаушы төңір, оны осы екі қырғыннан да аман алып шықты. Отан жерін басқыншы жаудан тазартудың ұлы жорығына бастан-аяқ қатысты. Енді сол Ұлы Жеңістің арайлы таңы саз беріп қалғанда сонау қалың Карпаттың арғы жағы Трансильвания жерінде болған бір шайқаста оққа ұшты.

Қайран ана, бір киырдағы майдан шебінен жеткен “Сіздің ұлыңыз, гвардия лейтенанты... Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған соғыста...” – деп басталатын бір парақ қағазы мен оның қан жуған кеудесінен алынып, ауданның арнайы басшы кісілері әкеліп тапсырған “Отан соғысы орденін” құшып қала берді.

Ол күндер, өткінші өмірдің қымбат қимас шағы қаншама алыс тартса да кір шалмас бала көңілге жаққан шамы ешқашан өшпек емес. Арада барша дүниені теңселткен дауылды-дабылды жылдар, жас қартайып, кәрілер керуені қырдан асқан тұтас бір дәуірлі мезгіл өтті. Әйтсе де замана таңымен бірге келіп, артында аз жылғы тәтті елесін қалдырып ғайып болған жас жанның бейнесі, онымен айырылысқан соңғы күн, соңғы сәтіне дейін дәл кешегідей көз алдымыздан кетпеді.

Аз-кем алға кетіп айтсақ, – ол біздің Талдыда да ауылдық көк мектепте бастауышты бітіріп, бір қадам болса да жоғары өрлеп, Бесшоқыдағы кеңес ортасына жеті жылдыққа жаңа келген кезіміз. Оқу басталғалы небәрі екі аптадай ғана болған. Екінші смендегі екінші сабаққа енді кірісіп жатқанымызда класқа шырайлы апайымыз Зинаида Хасаншина кіріп келді. Ол сабақ беруші мұғалім апай Қарақұлова Мырзағызға, кешіріңіз, бір баланы іздеп келдім, – деп бәрімізді барлай қарап тұрды да:

– Тұрысов, сені директор шақырады, – деді.

Япыр-ау, аты-жөнін бүкіл аудан білетін, жақында озат ұстаздар ішінде Москваға барып Калининнің қолынан орден алған ауыл-елдің бетке ұстаған адамы – үлкен кісінің, шаңды жолды шаңғытып шапқылаған көп қара сирақтың бірі, менде не шаруасы бар екен... Үрпие таңданып, сол Қалдыбаев Сейіткөрім ағайдың жұмыс бөлмесінің есігін жасқана ашсам, бөлме ортасында директор ағай екеуі әлденені көңілдене сөз етіп, жақында ғана ортамыздан қалаға оқуына кеткен Сауқым ағам тұр. Үстінде бөз-баяғы жарасты киімдері. Тіп-тік қайырған, өзіне жарасатын қою қара шашын тып-типыл алдырып тастаған. Ол көрген жерде.

– Ә, сен келдің бе, Еркін. Сабақтан соң үйге қайтасың ғой. Мен сендерге келе жатырмын. Кештетіп барам. Хабарымды айтарсың, – деді.



– Мақұл, көке.

Мен әрине, ағамның ортамызға қайтып оралғанына қуандым. Сөйте тұрып, жақында ғана оқуына кетіп, енді ретсіз қайта келгеніне қайранмын.

Сол күні кешке, ымырт жабыла қасында қатарлас директор досы Сейіткәрім бар қос атпен қатар түзеп Сауқым келді. Көкем, әжем, әпкелерім, кіші отаудан Жолдасбек пен жеңешемдер келіп жабырласып қалды. Шай үстінде Сауқым:

– Әже, көке, біздің өмірде аз-кем өзгеріс болғалы тұр. Әскерге шақырды. Халықаралық жағдай қиындап тұр ғой. Екінші курс балалары түгелдей Отан қорғау қызметіне алынатын болдық.

– Япыр-ау, оқуларың біткелі тұрғанда...

– Нетер дейсіз. Сау болсақ екі жыл да өте шығар.

– Екі жыл дейсің бе, жаным-ау... Мына оқуың да тым ұзап кетті ғой. Соның ұшығына шығам деп көз майынды тауысып ең, жарығым. Тым болмаса... деп, әжем дауысы бәсейіп, мұңая жыламсырады.

Әжемнің тым болмаса, – деп арғы жағын айта алмағаны көкейдегі көп арманның бірі ғой. Тым болмаса жұрттың балаларындай келін де түсіріп бермедің, – деп ілік алды немересіне кінә артады да жарықтық. Соны іштей біліп отырған сезімтал Сауқым:

– Әже, жан тірі болса тілегіңізге де жетерсіз. Үміт алды – жақсылық деген ғой. Тек мына дүниенің тыныштығын, жақсылығын тілейік.

– Ий, ақылыңнан айналайыным-ай, тілемегенде не етейік. Пенде арманы таусылған ба еді? Қайда жүрсең де аман жүр, құдай алдыңнан жарылқасын, құлыным!

Иә, сол күні, сол бір қоңыржай кеште Сауқым әкесімен біршама кеңесіп, ертең ауыл ағайындарымен жүздесіп, қош айтысқасын асығыс жүретінін айтты.

– Мына Марқабұлақта “НӨТИ” – мен тың бұзып, сүдігерді жыртып жатқан өзіміздің Шермаханға ылдидағы МТС-тен күн аралап май тасып, мәшине келіп тұр ғой. Ертең кеш келетін кезі, жолыңнан қалдырмаспыз, – деді көкем.

Бір жағы үймен қоштасуға берген мерзімді қатаң тәртіп, екінші жағы жылдар сыртта оқуда жүргенде сарғая-сағынып, күтетін өскен ұя, жан бауыр, жақын жандарды қимайтын шығар, Сауқым сол сынық жүзді қалпында жай бас изегені болмаса үн қатпады.

Сол жылдарда аштықтан ел құтылып, қамба дөнге толып, қарын нанға тойғанмен, мына арқаға артары көп дүние оларды қысы-жазы демей жанталас тірліктің қалын бейнетінен құтқарған ба еді.

Ала көктемнен басталатын қым-қуат ауыл тірлігін түгесе алмай жатқанда не көп, күн құрғатпай ауданнан жетер тапсырма, келіп жатар уәкіл көп. “Канал қазуға”, “Жол салуға”, “Байжансай, Ащысай барып кен қазуға”, “Шаян-Бөген даласынан дермене, итсигек оруға”, “ПЫЗУ”-ға оқуға деп келіп жататын адам салығында есеп жоқ.

Сондай адам салығы өзге емес, ауыл елін басқаратын басқарма үйін де айналып өтпейді. Бұдан ай бұрын ғана сонау бір қиырда, дарияның арғы жағынан Киров каналын қазу жұмысынан келген Қантай апам бұл күнде сағымы ойнаған сары даланың бір шетіндегі “Қызыл көпір” жағында дермене дейтін дәрі шөп орағында жүрген. Айтушы сөзіне қарағанда Шымкентте Сантонин зауытында жасалатын дүниедегі ең дәреметті дәрі сол дермене дейтін шөптің дәнінен жасалатын көрінеді. Соған ауылға адам планы келгенде, қашанда қиын бейнеттің алдында жүретін апам да кеткен-ді. Енді мына алды беймәлім алыс жолға аттанар ұлы, туған анасын іштей іздейді ғой әрине. Жер ұшағында жүрсе де іздеп тауып, көзіне бір көрініп, ыстық құшағына бір құшпай, құштар көңіл тынар ма?!

Қалың қарбаласты, құс ұйқылы күздің бір түні мен абыр-сабырға толы бір күні

өте шықты. Күн батып, ымырт үйіріле көк атын жедел желдіртіп қырға егіс басына, қосшыларға кеткен көкем жетті.

— Мәшине де келе жатыр. Ал, қарағым, жүрер жолыңнан қалма, — деді.

Сауқымды ортаға алып, жиылғандар өре көтерілді. Бәрі қырдан түсер қасқа жолмен кешкі электр шамын жарқыратып Талдыдағы көк мектептің алдына келіп тоқтаған жүк машинаға бет алды. Жұрт соңында тіп-тік тұлғасы жарасып, Сауқым мені қолымнан ұстап келе жатты. Көпке таянған кезде ол, жалт бұрылып, мені қосқолдап қолтығымнан алып, биік көтеріп түсірді де, шаң басқан кірпі шашымнан бір сипап:

— Жақсы оқы, хат жазып тұрасың ғой, — деп машинаға қарай аяңдай берді. Екі өпкелерім соңынан жылай жүгірді.

— Қош, қарағым, аман барып, сау қайтқын. Құдай жолыңды берсін, — деп жапырласа қоштасып жатты үлкендер. Отын сөндірмей, баяу діріл қаққан машина орнынан күркірей қозғалып, қою түн құшағына жылжып ұзай берді. Бұл 1939 жылдың естен кетпес сентябрь айының 15-ші күні еді. Оған қайтып туған жердің топырағын жазбады.

Енді сол Сауқым, бізге келіп, туған жер ағайын-туыстарымен қайырласып ұзақ сапарына жолға шыға тұрып, алдағы қатерлі жылдар, отты күндер туарын ойлады ма екен сірә. Сонау бір сағым ойнаған сары далада бейнет шегіп жүрген туған анасына бармай кете алмапты.

Арада көп жылдар өтсе де, біз Сауқымның туған анасын іздеп шарқ ұрып, жүріп кездескенін білмейтін едік. Барша өмірін арманда қалдырған сүйікті ұлын ойлап, сағынып-сарғаюмен өткен ана кейбір оңашада ғана, сол бір баласымен айырылысу сәтін еске алып, кейінгі балалар ішінен зерделі немересі Сәбитке (Бүгінгі тарих ғылымының докторы, профессор) өткен ертегідей әңгіме қып айтады екен жарықтық.

— Қантай әжемнің сол әңгімесі еске түскенде, — дейді Сәбит, — менің көз алдыма “Солдат туралы баллада” кинофильміндегі майдан шебінен анасын іздеп келіп, мезгіл өтіп, тек қайтар жолында ғана кездескен жас солдаттың бейнесі елестейді.

“...Сәске мезгіл еді, — дейді Қантай әжем, аңызға мизамның күні ысып кеткенше біраз өндіріп тастайық, — деп дермене орағына қызу кірісіп жатқан едік. Маңдай терлеп, десте молайып, бір сәтке бел жазғанда қалайша, қай жақтан екенін бір құдай білсін, анадай жерде келе жатқан Сауқымды көрдім. Бәз-баяғы сабырлы, сүйкімді қалпы. Қасыма жақын келіп “жеңеше, қалайсыз” — деп езу тарта елжіреп, қарап тұрды айналайын.

— Қайдан жүрсің, жаным-ау, — деп таңдана қарап қалыппын.

— Сізді көріп, қоштасып кеткелі келдім, жеңеше. Әскерге бара жатырмыз, — дейді жылы жүзді қалпында.

Мына тосын жайға не дерімді де білмей, тұрып қалыппын. Жүр, қарағым, — деп, Сауқымжанды ілестіріп, өудем жер, Қызыл-көпір маңындағы есігі күншығысқа қараған жатын үйімізге келдім. Кезекші аспаз Қанымай екеуміз алдына кішкене дастархан жайып, отқа шәугім қойып, шөй бердік.

— Уәйім етпеңіз, жеңеше, әскер қызметі баршаға міндет қой, тыныштық болса сол міндетімізді атқарып қайтармыз, — дейді айналайын, әбіржіген мені жұбатып. Қараймын, келері келгенмен өлшеулі уақыты өтіп қалған сияқты. Көпір арқылы Шымкентке өтетін жол жаққа қарай береді.

— Сізді көріп кетпек едім, жеңеше. Көрдік міне, уақыт тар, бірер сағаттан соң, жолға шығайын, — деді сәл мұңайып. Амал қанша, қимасам да маңдайынан бір сүйіп, “қош қарағым”, — дедім ғой.

Ол кез дала жолында машинаның кем жүретін кезі. Түркістан жағынан Шымкентке өтетін жол үстінен шаң көрінген сайын көпірге барып, жақтауына сүйеніп, біраз тұрып, қасыма қайта келіп, бір сәт болса да тастап кете алмай жүрді.



Ақыры бір кезде тоқтаған мәшине шоферімен тілдесіп қайта жүгіре келіп, ал жеңеше сау болыңыз, – деп бетімнен бір сүйді де, артына жалт бұрыла бір қарап, жүгіре басып барған бойда жүк машина үстіне қарғып шығып, бұрыла қол бұлғап кете барды ғой. Соғыс жоқ, ел тыныш болса да іші бауырым елжіреп әзер тұрдым. Сөйтсем жаратқан тәңір “осыған риза бол!” – деген екен ғой. Қайран қарағым-ай, – деп мұңаюшы еді-ау жарықтық.

Иә, сол күні, нұр шапағатты Нұржаудың саясында апам жайған дастархан басында өміріміздің бір шуақты сәтін өткізген біздер келер заманымыздың тұтас бір дәуірлі ұрпақ кешуге тиіс болған от оранған дауылды, дабылды жылдары тұрғанын қайдан білетін едік.

Сол күні сәске шағында апам көршілерімен бірге күндегідей алғысына кетті. Енді мен күн ұзағы сағынып келген ағамен біргемін. Ол қайтер екен, күн ұзағын қалай өткізер екен? Әрдайым бір жаңалық іздеп, көңілді мезгіл өткізуге күштар Сауқым бір қызықты көрсетуі керек қой.

Биікте Сенгірдің құзы, төменде қалың тал-тоғайы көмкерген арынды өзен Боралдай, қарсы алдымызға шымырлап, жылжып жатқан көгілдір иірімнің айдынына көз жіберіп, үнсіз отырған Сауқым, бір кезде әлгі жол қапшығының аузын ашып, одан тігін инесін және бір орам мәшине жібін алып жанына қойды. Инені тал шырпысының ұшына көз жағын шаншып, ошақтағы шоққа қойып қыздырды да, балқыған ине ұшын жіңішке шырпыға орап иіді. Оған әлгі жіптен бау тағып ұзын сәмбі құрығына байлады. Енді міне тез арада қармақ та дайын болды. Оны бастан-аяқ қарап алды да:

– Ал, Еркін, анау көк шалғынға бар да, біраз шегіртке теріп кел, – деді.

Мынадай бір қызықтың шеті көрініп тұрғанда шегіртке де сөз болып па, тәйірі. Жалма-жан ұша жөнеліп, көгалда бығып жүрген шегірткеге қырғидай тиіп, шетінен ұстап, борбайларын суырып, қанатын жұлып, кішкене кірлі тақияға сүңгітіп жүрмін.

Сауқым сол шегірткенің бірін қармақ ұшына шаншып, таяуда биік жартасты кемерлеп, шымырлап жатқан көк иірімге келді. Қармақты бір түп сәмбінің тасасынан суға тастап, иірім толқынында шыр айналып, қалқыған құрай қалтқыдан көз алмай қарап тұрды. Көп ұзамай әлгі қалтқы бір сәт діріл қағып тұрды да, кенет суға шөгіп, солқылдық сәмбі құрықтың басы иірім суына иіліп кеп кетті. Соны күткен Сауқым қармағын сүйрей тартып, әуелете көтеріп, сілтеп кеп қалды. Қармақпен бірге жарқырай биік көтерілген білектей нән балық майсаңда шоршып, бұлқанып жатты.

Өмір жасаған адам сан қилы қуаныш сәтін бастан кешері анық. Әйтсе де сол бір қайырлы күннің ұмытылмас сәтіндегі аушылықтың алғашқы қуанышы менің тар кеудемдегі кішкене бала жүрегімді өлшеусіз шаттыққа кенелтіп, сол өзгермес-өшпес суретімен мәңгілікке қалып қойған еді.

Бұл олжамыздың басы арада бес-он минут сайын қайталана берді. Сауқымның да күн қаққан қоңырқай жүзі нұрланып, езуінен күлкі кетпей аяғын нық басып, барынша көңілдене түсті.

– Енді мына балықтарды жиыстырайық, – деді Сауқым бір кезде бөкімен сәмбінің бір айыр жіңішке өрімін кесіп жатып. Әлгі балықтарды соған тіздік. Екі жағынан қол ұстаса көтеріп, шайла алдындағы малта тасты су жағасына жеткіздік. Сол жерде Сауқым өткір бөкімен жарылған балықтардың ішегін өттен ажыратып, бір табак ішекті асулы қазанға салып, үстіне біраз су құйып бұрқылдата қайнатты. Су беті кілкіген майға толды. Соның бір тостағын қасықпен қалқып алды да:

– Міне Еркін, сендердің алғы қатықтарың да дайын, – деді. Ал балықты ішкі жағынан ашып, майда тұз сеуіп, әлгі діңгек тастың жонына қақтауға жайып қойды.

Кешкісін алғыдан қайтқан апам, қазан, табак, тостақ біткеннің бәрі май, біздің мәре-сәре халімізді көріп таң-тамаша болды.

– Япыр-ай, мұны қайтіп алдыңдар? Мына майлар қайдан шықты? – деп, жүдеу кескіні нұрланып, қуанып жүрді жарықтық. Ол күнгі балық майы қатылып, үйіріліп піскен алғы бөкпенің дәмі де өзгеше еді.

Келесі күнгі қырдағы алғыдан ерте оралған апам, майын мол қатып, қазан толы бөкпен пісіріп, балығын қуырып, басы Жолымбет, Қылышбек кәриелері бар, ауылдың бір үлкендерін кешкі асқа шақырды. Күн жарығы сөнбеген қоңыр кеште шайла алды майсаңға мол жайғасып, Жолымбет атай, үлкен ұлдың алғашқы олжасына, өткен әруақтарға бағыштап құран оқыды. “Әрдайым жолың болсын, балам”, – деп, білім қуған шәкіртке бата берісті.

Тәңір сыйласа өмір шіркіннің аз күнде-ақ өңін өзгертіп, түлкідей түрленіп шыға келері бар. Мезгіл өрлеп, күн қияға шарықтап, ішке ел қонғасын жер жемісі молая, аш-арықтардың көңіл-күйі биіктей түсті.

Өршіл боп жаралған адамзатында қияметте де ойын-күлкіге тыйым жоқ. нұр жамылған Нұржаудың шырқау күні мен нұр сәулелі түндері жайлауын тапқан жайсаң көңілді жастарға қанат беріп, шарықтаған сияқты. Сол күндері әр кеште маздаған от басы, айлы түн аясында кейде жеке, кейде жұптасып айтылар мәңгілік өмірдің алақоңыр әсем әндері естіліп жатар еді.

Бұл шақта тағдыр тұсап, матап тастаған біреу болмаса, дені сау, өмірге құштар жанның бейтарап қалары жоқ. көрі-жасы бар ауылдың барша жаны оты биік жанып, әні шалқып жатқан ақ шайлаға қарай жылжиды.

– Е-е, бәсе, кім десек, өзіміздің Күлшайым мен Балакүл екен ғой. О, айналайын, шырқандар осылай деген арт жақта, ала көлеңкеден әзілқой Әділбектің дауысы көтеріңкі естілді.

Бұл шақта аспаннан ай нұры төгілген әдемі алаңқайда қиғаш қасын керіп, лашын құстай сыланған Күлшайым мен нұр жүзі күлімдеп тұратын Балакүлдің бір қырындай отырып, сызылта қалықтайтын әдемі сазды дауысы мына мөлдіреген кәусар ауада қандай биік естілер еді.

Сыр мен сымбат, ән мен жан сұлулығы үйлесіп қосылғанда одан өткен кереметті кім көрген. Мұндай сұлулықты, құштар дүние, сіңірі шыққан кедейлік, мына жеңешемдер тау суына жалдата жуып қайта киер боз көйлек те бір мысқал кеміте алмаған. Қаймағы бұзылмаған тұл табиғатқа арнап жаралғандай мына сымға тартқан сұлу мүсін, қақ жарыла өріліп, арқаға құлаған қос бұрымды қолаң шаш, жайсаң жүзді көмкерген жазық маңдай, қара көз жайсаң ел келіндері биіктете шырқалған әнмен мына нұр жүзді Нұржауға шашу шашып жатқандай.

Қайран дүние, өз табиғатың, өз болмысыңа сай, сенің о баста әйел затына өзің берген, өзің сыйлаған, өмір нәріне суарылған әсіре бояусыз таза сұлулығыңа не жеткен еді.

Күн соңынан күндер өтіп, тау іші, ауылдастар ортасы өмірдің сыйға тартқан бейнеті мен қызық-шыжығын бірге көріп жүріп жатты осылай.

Бір күні мамыр ортасы, тобылғы гүлдеп, көк шалғындар толысып тірі жан біткен масайрап жатқан шақ еді. Ертелеп қырға кеткендердің бір тобы кеш әлетінде дуылдасып, шуылдасып оралды.

Алғы қаза ұзап шыққан кезбелердің бірі тауға мықты сидам жігіт Әділбек бұған шейін жан аяғы баспаған Қараштың биігіне шыққан екен. Сол шетте Күйгенқараның



қалың терең шатқалынан ғайыптан түскендей шағын үйір жылқы көріпті. Тау тағысы емес, айна-қатесі жоқ, кәдімгі адам қолынан өсіп-өнген сәйгүліктің үйірі, — дейді. Өздері бесеу. Жирен айғыр, өткен жылдарғы құнан, тайы және қасында құндыздай сұлу құлынын еріткен кер бие. Адам затынан қол үзіп, тағыланып кеткені сонша, адамды көрген бетте осықырып, үрке қашып табан астынан ізім-ғайым болады, — дейді. Сол Әділбек маңы енді кешкісін барша ауылдың үлкен-кішісіне толды.

— Айтшы көне, қалай, қайдан көрдің, қайда кетті? — десіп үлкендер жағы оны қаумыштай түсті.

— Сол өргі Қараштың биігіне шыққаным сол еді, өзіме жап-жақын жерде тобылғы-торанғысы қалың өскен бетегелі жылғада еш нәрседен бейхабар өрістеп, жусап тұрған келісті жирен айғыр жанында бір сұлу ақжал жирен төбел құлыны бар кер биені көрдім. Үшқат бұтасының тасасына бекініп, асықпай барлап, байқаумен болдым. Жал-жаясы биіктеп, жануарлар әбден жетіліп, семіріп алған. Әлсін әлі бетеге күлтелерін күрт-күрт үзіп, қос құлағын қайшылап сонау ылдига шаншыла қарайды.

Бұдан әрі шыдамым таусылды. Орнымнан тұрып, бұларға қарай бірер кадам басқаным сол еді, жирен айғыр осықырып кеп жіберді де, орғи жөнелді. Түп-тура жабайы киік дерсің. Жұптары жазылмай сорғи тартқан беті төменгі бадалға ұрып қияға тартып бірте-бірте биікке өрлеп кетті. Шамасы, Үшқараның бергі шатқалына барып тоқтайтын шығар.

— Үшқараның?!... Ой-бой, бетін ұзаққа түзепті-ау, онда!

— Япыр-ай, қайдан, қалай келді екен бұл жаққа? Ел ішінде қыл құйрықтың көзден ұшқанына аз-кем жоқ, бес жыл өтіп еді ғой...

— Ендеше бұл жануарлар ғайыптан келген жоқ. Сол баяғы кәмпіс болып, Құлан арқылы айдалған Кәкубайдың мың жылқысының бір ұшқыны болар.

— Сөзіңнің жаны бар. Жер қайыстырған көп жылқы кәмпіс көшінің соңынан осы Боралдайды бөктерлеп Шақпақ, Көкірек арқылы өтпеп пе еді.

— Сонда қалай, қашқын жылқы содан бері осы Қарашты мекендеп қалғаны ма?

Тебінге жаралған жануар емес пе? Боралдай іші қалың қорыс, жан аяғы баспаған жықпылы көп, сай-саласы қалың өскен күреңсе-бозы жылқының жаны. Түз өрісте көндігіп қала берген де.

— Е-е, солай-солай. Басқаша болудың реті жоқ. Бұл сол баяғы Арқадан ауған атақты Кәкубай жылқысының сарқыны болды. “Көлдің орны құр болмас”, — деген...

Ауыл жұрты Әділбек жеткізген мына таңғажайып жайды әрқайсысы өзінше жорып, ұзақ қауқылдасты.

— Ей, жарандар, Әділбектің айтып келгені, өздерің айтқандай алып қаштың сөзі емес, ақиқат нәрсе. Мына аласапыранды дүниеде не болмай жатыр. Тәңірі берген бақ-дәулет күні кеше тек Кәкубайдан емес, ол арқа сүйеп, пана ғып келген атақты Мақұлбектен де өтті емес пе?! Кімнен қалса да әйтеуір ел сағалап, жер паналап қалып кеткен, бір азаматтың малы да, — деп сөз кезегін ортада, өзге жұрттан еңселі отырған Жолымбет атай алды бір кезде.

— О, жөн сөз, дұрыс айтасыз атасы, — деп оған қошамет көрсетіп, қоштай кетті көпшілік.

— Жөн болса, ол жылқының иелігін жер көргенше ел көрсін. Азамат алды анау отырған Оразалы, Сұлтан, мына Әділбек, Мәдеш, Мақұлбайлар бар, бір күнге жер шұқығанды қоя тұрып ана Әділбек айтқан өргі Қарашқа шығындар.

— Ойбай-ау, сіңірі шыққан жаяу-жалпыға ұстата қояр ма екен асаулар.

— Сөзің жөн, адамнан қол үзді жабайы тарпаң боп кеткен жануарлар, оңайлықпен қолға түспейді өрине. Тек есебін тапқан, айла-әдіспен ғана алса керек, ондай есе бермес асауды.

- Сонда әдіс-айламыздың жөні не болмақ?
- Асаулар беті ашық биікте алдырмайды, әрине.

Оны алыстан көріп, сыртынан торып, тұс-тұстан қоршай үркітіп, жөні келсе мына Ақтас – Аюлының терең шатқалына қуып түсірген жөн. Шатқалдың қос қапталы тік жартас, тағаны тар. Сол шатқалдың осы Боралдайға шығаберіс аузына арқан керіп үш-төрт қарулы азамат тұрсын. Айнала биіктен айқай естіген асаулар осы шығаберіске келгенде, барша жұрт боп, қоршап, қыл мойыннан құрық салатын болсын. – Әрекет, тек бір ғана әрекет осы болмақ, басқа жол жоқ.

Әйгіме түйіні Жолекең айтқан осы жөнге тірелді. Таң сәріден Әділбек бастаған тауға икемді төрт адам жолға шығуға сөз байласты.

– Япыр-ау, Жолеке, бұл жүрген өнеу бір жылы ГПУ-лер ұстап, байлап, көмпіскелеп өкеткен, Марының сазында ызғып жатқан Кәкубайдың малы болды ма шынымен? – деп, Оразалы, Жолымбет атайды сөзге тартып, сөнуге қалған әңгімені қайта түртіп, от алдырып жіберді.

– Кәку ол тумысында бұл елдік емес, сонау бір қиырда Ұлытауға шейінгі Сарысу бойын жайлап, Жетіқоңыр, Шу бойын қыстаған Арқаның Алшын, Тамасынан шыққан еді ғой, – деп Жолымбет әңгімесін арғы, түп жағынан бастады.

Қаншама заман көш-қоны бірге ағайынды Алшын-Тама екі ел іргесі сөгілмей, бір жағы құм сырты Сарыарқаның ұшан даласын ен жайлап жатар еді. Сол елді төңкеріс тұсында және одан бергі кешегі күндерге шейін Алшынның бар-баданды ортасынан шыққан ағайынды екі азаматы – Бәйсейіт пен Мұқыш билеп тұрды. Екеуі де оқыған, заман сазын баққан, жабыққанға жөн айтар көзі ашық, көкірегі ояу жігіттер еді.

Жиырма алтыншы барыс жылының қара күзінде сол елге Ақмоладан губерналық ГПУ – дейтін бір мекемеден өкіл боп, қасында бірер мылтықты жасауыл нөкері бар Қараноғай Шалаев дейтін бір шенеулік келген екен. Ол өзі момын елді қойдай иіріп, ішіп-жегенді місе қылмай, әуселесі кең бір құдай атқыр көрінеді. Келгесін әр ауылда онаша үй тіккізіп, бірнеше күн қона жатып, тоғайып алғасын, түнемеге қасыма қыз-келін келтіресін деп әмір береді екен.

Сондай бір кезекте желек астындағы жас келіні соның қолына түскен бір момын мұңын шағып, ел сөзін сөйлейтін азамат Бәйсейітке барған ғой. Ал, Бәйсейіт болса, мынаған ыза-кегі қайнап, қасына бір топ сақа жігіттерін ертіп, сол түннің бір шағында Қараноғай мырза жатқан ақ отаудың сыртына келіп аттан түскен.

– Ойпыр-ай, не болды екен, сонда?!

– Е-е, не болатын еді. Өзі батыр, өзі бай Әділбайдың екі ұлы ел аузына қараған Бәйсейіт пен Мұқыш есе жіберген бе еді мұндайда. Жас сұлудың жанында шала мас, былқып жатқан мырзаны, мойнына қыл арқан салып өлекседей сүйреп шықпай ма. Сол күні оны серкедей өңгеріп барып, мойнына тас байлап қалың Шудың бір терең жылым-иіріміне шым батырып тынған.

Бұл оқиғаны әлгі Қараноғай мырзаның бұдан шеткері басқа үйде жайбар ұйқыдағы жасауыл нөкерлері білмей де қалған.

– Ой азамат-ай, ө! Әлгі нәлетінің сазайын мықтап-ақ берген екен де!

– Беруін берген ғой. Бірақ, арты атыс-шабысқа апарып соқпады ма.

Губерне өкілінің ізім-қайым құрығаны жоғары жақты қатты дүрліктірген ғой әрине. Қарулы өтрәт бастап көмесия үстіне көмесия келіп, ақыры әңгіменің шыны ашылғасын, әлгі ГПУ адамдары қырдағы Алшын-Тама ауылдарына қырғидай тиген.

Ерегістің арты үлкен шатаққа айналып, басқа қатер төнгесін Бәйсейіт бір түнде Бетпақтың үстін басып, өзінің бір кезде Омскіде бірге оқыған досы, бұл кезде абырой-



атағы дүркіреп тұрған атақты ақын Сейфоллаұлы Сәкенді медеу тұтып Ақмешітке тартқан.

– Ой, азамат-ай ө! Әлгі Мұқышы қайда жүр оның?

– Мұқыш бір жүйрікті мініп, әлгі жасауылдан тартып алған пүнтөпкесін асынып, бірер мықты жігітті ілестіріп, қалың Шудың нар қамысына сіңген.

– Бәрекелді, жігіт деп осыны айт!

– Иә, Мұқыш азулы жау аузынан солай кеткен. Бірақ, өкімет құрығы ұзын ғой, Қаратау жағы, Созақ жерінде жансауға ғып жүргенде, анау отызыншы жылы абайсызда қолға түскен.

– Қап, өттеген-ай, ө! Ал енді анау Көку бай дегеніміз қайдан шақты?

– Көку сол алшын, таманың Жөгі әулетінің атақты бір шонжары еді. Өздері Әділбай-Бәйсейітпен қоян-қолтық аралас, айтқаны болып, дегені жүріп тұрған ғой кезінде. Ел шетіне жау келіп, тықыр таянғасын ерте қамданып, мың жылқысын айдатып, ағайын-туысымен бір түнде дүрк көтеріліп, Мойынқұм сыртымен шығысқа тартқан. Солай күні-түні тоқтамай, сонау Қамқалы, Жолөткеннің тұсынан күнгеі бұрылып, алдын-ала ат шаптырған хабармен оны бұл жақта Шығыс Қаратау, Көсеге жонында күткен туысы Жағалбайлы Нұралыұлы Рахыман аулына келіп, ат басын бірақ тартқан екен.

– Е-е, ірі төрелер алдын талай көрген, көсем сөзді Рахыман ғой көдімгі.

– Иә, сол Рахыманның өзі. Сол Рахыман сөзге пысық болғанмен, биліктің адамы емес. Бір жағы тұтас керуенді көшін тартып, құла дүзге сыймаған қарақұрым малын айдап келген туысы бір өзінің қойын-қолтығына қалай сыйсын. Осы жағын ойлап, ол ауыл елі іргелес, қалың сиқымның қаракөгінен шыққан Шерімнің шешен ұлы Мақұлбек болысқа жеткен.

Рахыман мен Мақұлбек арасы қашаннан барыс-келісті, құдандалы, көңіл жетерлігі болғасын, құдайдың өзі айдап келе жатқан ағыл-тегіл дүниенің сый-сыбағасы мен салар салмағын Мақұлбек иығына артпағанда кімге артатын еді.

Ол кез Мақұлбектің өз атағы мен дүбірлі жиын-тойда аламан бәйгенің алдын бермеген әйгілі қара тұлпарымен даңқы жер жарып, дәуірлеп тұрған кезі.

– Келтір, Реке! Бауырың сауға сұрап келген екен. Бір байға пана болмасақ несіне жер басып жүрміз. Мына төменгі Мыңшабырдан бергі Аралтау сырты, үш Сүңгіге шейінгі жонның үсті сонікі. Жазда Марының майдамсазын жайласын. Қыс қонысына бұққан Сүңгі, бас Сүңгінің қалың жықпыл-жынысы жетіп жатыр, – деген.

Міне, осыдан кейін біздің Қаратаудың жон-жота, сай-саласын алып, қалың қой қарақұрым көп жылқы, тырнадай тізілген қалың түйе қаптап берсін. Мына Әулиенің бұлағы, доланалы, Молдаөлгеннің басына аз ғана мөлтек егіп, қалтылдаған ауылдың егіні мен шабыны сол қалың нөпір тұяқтың астында қалды. Балаталды, қара сайының бұлағын әужел еткен қалың Шақшам мен Есті ауылдары егін суарып отырған таза бұлақтардың суы үйездеп тұра қалып, бас қойған үйір-үйір жылқыдан боз-ботана боп ақпай қалды. Рахандар мен Мақандардың ауылына жаңа туыстар келгесін күнде жиын, күнде той. Жабағылар жығылып, ақ үйлерде сары қымыз сапырылып жатты. Бұ да бір өткен дәурен екен де!

Сол бақ-дәулет деген мына түлкібұлаң заманда кімге опа ғып, кімге барып тұрақтап қалған еді. Бір күндегідей өтті де, бәріне зауал жетті.

Алдыңғы кезек әлбетте, өкімет адамының көзін жойған “Кеңеске қаны қас” Әділбай ұрпағы Бәйсейіт, Мұқыштармен ақ үйлерін қатар тігіп, сары бел, саумал көлдерге бірге көшкен Көку байдікі еді. Алыстан тасталған құрық алдымен, сол Көкудің қыл мойнынан ілінді. Сонау Көкіректен шыққан көп аттылы өтрөт, бір күнде ұшан-теңіз малды Молдаөлгеннің майдам сазына жиып қыз-қырқын, қатын-қалашты ұлардай шулатып, артында азалы ән, ұзын сонар шұбалған шаң қалдырып,

көш басын шығыс күнгеіге бұрған. Сол көш Боралдай-Бөкей тауларын бөктерлеп кете барған. Малы айдауда, өзі байлауда кеткен Кәкудің көшін бұдан қайтып еш пенде көрген емес.

Бұдан кейін кешегі белсендінің кезінде мына Жидебайдан шыққан Мақанның өз бауырлары “Алатын жауың мұнда”, – десіп, қол шошайтып, көрсетіп бермеді ме?!

Әуелде Мақұлбектің бағына келген қара аты енді оның өз басына сор болып жабысты. Қолынан ат кеткенмен оның даты кетпеді. Арғы атасы Рысбек, Батырбек, Төребектен бергі жердегі бұл әулеттен шыққан бай-бағланның бәрі тізімге тізіліп, алты алашқа атағы жеткен зорлықшыл-шонжар деп көрсетілді.

Зор болатыны, әлгі шымыр Макемтастың қолынан емес, жолынан, еріксіз лауға кеткен қарабастіні оязной поштабайынан айтыс-тартыста ажыратып алғаны. Оны Мекемтасқа бермей, өзі баптап, жиын-тойда аламанға қосып, атақ-даңқ іздеп, екі ел арасын қалың қырқыс, дау-жанжалға салғаны.

Бұған шейін беймәлім қара ат жүйрік шыққасын “Тұлпар түбін табады” деп қалың шымыр көтерілді емес пе? Ал, Мақан болса, мен атты Шымырдан емес, келмекке кеткен жерде, бодауына ат беріп, ауыстырап поштабайдан алғанмын, – деді. Ақыры шымырлар жағы сойыл алып барымтаға көшті. Мақұлбектің өзін байлап, әулетінің бар малын айдап кетті.

Сикымдар да қарап қалмады. Үш жүздей жігітін атқа қондырып, Талас тарабындағы Шымырдың бар жылқысын үйірлеп айдап келді. Қаншама ту бие, асауларын шыңғыртып ұстап, Оңғарбайдың асына сойды. Саяқтарын ұстап мініп, қан дода көкпарға салды. Ақыры екі жақтың жақсылары алдына Белқожа, Нарқозы сынды шешен би, ел ағаларын салып, боз бие құрбандыққа шалып, ақ киіз үстіне ала арқан тастап, екі даукесті жүгіндіріп, азары бар болса да безері жоқ ағайын, табысып тынып еді ғой.

Мақұлбек сол жиырма сегізінші ұлу жылы қыршылдаған қыс ортасында ұсталды. Әулиеата, Борнай жағынан келген қызыл жағалы ГПУ-лер орта Сүңгіде қыстау жайында жайбар жатқан жерінде түнемеге үстінен түсті. Қолын қайыра бұғаулап, аяғын таралғыға таңып, айнала қоршап, сақырлаған сары аязда Келтоғанның бай орысы Башкатов Ыстыпанның қызыл түнекелі көк үйіне жеткізді. Қамба тамына қамап, зілдей қара құлып сыртынан қолына мылтық беріп, қарауыл қойды.

Мақұлбекті Борнай арқылы Әулиеатаға айдаушылар басшы-қосшысы бар бес-алты аттылы ГПУ-лер еді. Бақуатты орыс Башкатовтың жылы үйінде “шырт-пырт”-тарды бірінен соң бірін ашқызып, “ақ май” үстінде қызара бөрткен соң бастықтары оны пунтөпкелі екі мықтының алдына салып, екіндінің кезінде аттандырып жіберген де, басқасы әлгі қызыл түмсық отырысты қимай қалып қойған ғой.

Айдаушылар Келтоғаннан ұзап, Қоңыртөбе-Успенкеден өткенде қыстың қысқа күні кешке тартып, күн де батқан. Қас қарайған апақ-сапақта бұлар ел шетінен ұзап, ұры кезіп, бәрі жортар Күреңбелдің қырат-қырқаларына да ілінген. Шығыстан жалақтап, бет қаритын сары жел соғып тұрса керек. Сол мезетте әлгі айдаушылар тоқтап, темекі шекпек болыпты.

Қойнынан темекі қалталарын шығарып, газет жыртып, шылым орай бастайды. Сол сәтте бұларға қарап Мақұлбек тіл қатыпты. Өзі орысшаға судай Мақан:

– Сендердің орап жатқандарың темекінің қай түрі? – депті.

– Ой, жақсысы қайдан болсын бізде, кәдімгі ащының өзі ғой, – депті шуда мұртты біреуі.

– Онда ащыны тартып қор болғанша, жұпар иісті махорка тартпаймыз ба?

– Қайда, ол махорка?

– Мына менің қойын қалтамда.



– Шеш қолын мынаның, Петро, – дейді үлкені екіншісіне бұйырып. Ол ат үстінен Мақұлбектің қолын шешеді.

Мақұлбек қойынға қол сұғып, темекі толы кестелі қалтасын ұсынады. Ана екеуі шылым орап, әлек болып жатқанда Мақұлбек сол қолымен ат шылбырын сулықтан шешіп үлгерді. Енді үш орама да дайын. Оны тұтату керек. Сіріңкені жел өшіріп ырық бермейді. Енді бұлар тұлып тондарының жағасын көтеріп ықтасын қып бұрылып, ортасында Мақан үшеуі бас түйістіріп, шылым тұгандыра бастайды. Сол сәтте көкпар, сайыстың талай көкесін көрген Мақұлбек әлгі екеуді қос қолымен мойыннан қабат күшып, ұмар-жұмар аттан аударып, өзі үстіне құлайды. Сол қолының қарына іле түскен қыл шылбырды тартып жіберіп астында құшақтаса құлап дөңбекшіген екеуді жалма-жан көк желкеден, жуан кеудеден орай тартып, әп-сәтте матастырып байлайды.

Өздерінен әл кетіп, буылған теңдей боп теңкиген екеу мүсәпір халге түсіп, – өлтірме, өлтірме, бізді Мақұлбек! – деп жалыныпты.

Құдайдан бір басына азаттықты ғана сұраған Мақан айдалада айла-шарғысыз сорлы күйге түскен қос айдаушының қанын жүктеп не қылсын.

– Қыбырлаушы болмаңдар! – деп бөкселіктен бір-бір теуіп, пунтөпелерін сыпырып, айқастыра асынып, қос атты қосарлап жетекке алып, Бөкей тауын бөктерлеп тартып кеткен.

– Ойхой, шіркін, Мақан-ай! Қын түбінде жатпайтын асыл тектім-ай! – деп қылыштай қылшылдаған Қылышбек айызы қана құлшынып, қыраттана түсіп отырды.

– Ал, содан ары не болды?

– Иә, Мақұлбек сол аязды қара түнді жамылып Бөкей тауын бөктерлеп күнге асып, одан сонау Өгемтау, Қаржантау, Шыршық арқылы Сырдан өтіп, ат басын Байсын жағына бұрған. Сол жақта Бөкенің жерінде өзіндей елден ығысқан әлді әулеттер ұрпағынан түйелі өртілдің басын құрап, кірекеш керуен тартып, Өргенішке шейінгі ел ішінде өкімет жұмысын да атқарып жүрген көрінеді.

– Пәлі, азамат-ай, ө!

– Иә, солай, алланың сүйген пендесі ақиретте де қор болмас деген осы да, – деп Жолекен ұзын хикаясын бітірген еді сонда.

Әділбек әкелген тосын жаңалық күнкөрістің күйінде сүттей ұйыған ауылды осылай қым-қуыт қиқуға салды. Әлдеқалай бір мәнжубас болмаса, Жолекен мен Қылышбек төңірегіне жиылған естияр үлкендер мен елігіп-ентелеген балаларда күндегі бейжай ұйқы болмады. Үйден-үй сұрастырып, бірер шумақ мықты арқанның да басы құралды. Енді таң сазында торғаймен бірге оянған бас көтерер азамат атаулы қолдарына сәмбінің сидам құрықтарын алып жолға шықты.

Бұлар әуелі екі топқа бөлінді. Әділбек бастағаны Ақтастың сайынан оңға қарай бұрылып, өр Қарашқа өрлеп кетті де, арқан-жіп арқалаған Оразалы, Сұлтаннар тобы өзенді өрлей Аюлының терең шатқал сайын бетке алды.

Аюлының Боралдайға шығаберіс шатқалы өзенмен өрлей барған адамға алыс емес, тиіп тұрған жер. Бұлар келісілген есеппен сол айдаушы топты шатқал биігінде сырттан торып, керек мезетте шығаберіс тар ауызда табылмақ.

Көз ашқалы көк аспанның астында, несібесін тау мен жерден терген тау жұртының баласына көбіне аушы мен аңшылықтың ісі жөргегінен мәлім. Аңшының ісі бар жағдайда андушы, алушысымен қызық. Түн ұзағын күс ұйқылы өткізіп, таң алдында жөнейтін олардың көрер қызығы алдында. Барша ғұмырда үделі үмітін келер күнге артып, сол үміттің желегінде жүргені.

Ағайын ортасы бүгін де сондай, үмітпен жолға кетіп барады. Аулайтыны, алсақ дейтіні тәңірдің қызық үшін жаратқан тұз тағысы емес, адам өулетінің өз малы. Өз қолынан кетіп, фәни бір себептен тағы аңға айналған Қамбар ата баласы. Өздері бар болғаны бесеу дейді: Айғыр, бие, өткен жылдарғы құнан, тайы және биыл дүниеге келген жас құлын.

Қалай десе де аң орнына мал аулап, қиқуға басар мына күн, біз үшін ауылда, күрке төңірегінде, алғы захарын қайырумен күн өткеріп жүрген бір топ қара сирақ балалар үшін таптырмайтын жаңалық. Күн ұзағы жер-көкке сыймайтын біздер ағайын-туыстығы, күрке көршілігі жақын Бердібек, Баубек, Тама өзге жұрттан ұрланып өзен бойы Аюлының шатқалына келе жаттық. Үлкендер сөзі рас болса, жабайы жылқыларды қамаудың қызығы осы маңда болмақ. Сол есеппен үш шақырымдай өрлеп, ақыры Аюлының шығаберіс аузына да жеттік. Енді бұл жерде көрініс беруге болмайды. Үлкендер ісін бүлдірсек, көп шатақтың болары анық. Біз шығыс мүйіске бұрылып, сол жерде жақпар тас кемеріне, бір шок тобылғы тасасына жайғастық.

Вақыт озып барады. Күн шаңқай түстен ауып, екіндіге ойысты. Сол шақта өр жақтан, сонау алыс биіктен талмаурап жеткен айқай естіледі. “Кетті-кеттілеп” жатқан сияқты. Алдыңғы беткейден тас сықыры естілді. Оразалы, Сұлтандар аптыға құлап келеді екен.

– Ұмтыл-ұмтыл! Ұста, тарт арқанды, – деген дауыстар естілді. Сол шақта біз отырған теріскей беткейден ойға қарай ойысып, қалың ағаш, құраған бұта, жапырақтарды салдыр-күлдір қиратып, ойқастай орғып келе жатқан жирен айғыр да көрінді. Соңында қарқындай шапқан кер бие, үкідей үлпілдеген жирен төбел құлынымен жұлдыздай ағып, таяқ тастам жерден өте берді.

– Тарт, ұста ойбай! – деген айқай шыққан тоспаға қарасақ, жирен айғыр, бір жағы ақшешек томарына байланып, екінші ұшын екі жігіт шірей тартқан керме арқанға алқымынан килігіп қалған екен.

Айғыр жалма-жан жалт бұрылып, жар тасқа шапшыды да, тас қабырғадан кері серпіліп қайта ұрынды кермеге. Керме астында шыңғыра шапшыған құлын даусы естілді. Сол сәтте кері ойқастап, өрлеп алып қайта ұрған кер бие екпіні көк тасқа өкше тіреп, арқан тартқан Оразалы Сұлтанды есік пен төрдей жерге өңгірлетіп жіберді. Арада қас қағым өткенше арқан үстінен орғып, жануарлар соңында бұрқаған шаң, жанұшырған айқай-шу, салдұр-күлдір жаңғырығын қалдырып, тіп-тік құмай тасты қия бетке шапши өрлеп, бірте-бірте биіктеп бара жатты.

Алақандарын қыл арқан қиып, бет-ауыздарын тас-тікен айғыздап, өң-жүзі өрт сөндіргендей түтіккен Оразалы, Сұлтандар бейне бір тау киігіндей жансебіл өрге шапшып, ұзай түскен үйірге аңтарыла қарап қалған. Алыста айға қол созған шарасыздың халі.

Күн еңкейіп тау ішін кеш көлеңкесі жапқанда бір күнді түгелдей қалың қарбаласта өткізген айдаушы қағушы, тосушысы бар ауылдың үлкен-кішісі түгелдей кешкі отбасына қайта жайылды. Біреуді-біреу кінәлап көпке созып айтылған баяғы көбік сөз. Соны үнсіз, ұзақ тыңдаған Жолымбет:

– Құдай нәсіп қылмағанға қол созғанның өзі әбес. Киелі мал иелі. Ол мына заман сазын көрсеткелі келген Ғайып ереннің өзі. Жануарлардың жүрген жері жайлы болсын! Төңір алдынан жарылқасын оларды. Бүгін күн бейсенбі, мына Күмсек шешелерің жайған дастарханға бәте ғып, құран оқып жіберелік, – деді.

Жұрт үнсіз тарады. Бұдан кейін тағдырдың төлкегімен келіп, алдымыздан ғайып болған сәйгүліктің үйірін еш пенде көрген емес.



Қашанда, қайда болмасын, тіршіліктің сан тарау арнасында ағатын адам өмірі, сол өмірдің жақсылығын күтіп, қызығы мен шыжығын іздеуден танған емес. Елден жеткен хабарға қарағанда мына ауыл азаматтары жанын жалауға байлап жүріп, маңдай термен өсірген, бүгінде масақ байлап ырғалған аз егіннің өнімін, өкіметтің қарызына қайтарып, қалғанын түгелдей келер жылғы егістің тұқымына қалдыру керек, — деген жоғарыдан нұсқау кепті.

— Япыр-ау, мына ішегі көгеріп, тау-тасты кезіп, сандалған елді қайтеміз, — деген үлкендерге:

— Өзірше шыдау керек, қысқа қарай жоғарғы өкіметтен “продпомощь” келетін көрінеді. Оған шейін ел азын-аулақ еккенін алсын. Аңыздың масағын терсін, — депті.

Бұл әлі отыз үштің көктемі ғой. Екі жыл ел есеңгіреп сандалған әйгілі отыз үштің көктемі. Жазмыштың жазғанын тағы бір жыл, табаны күректей бір жыл күтуіміз керек болғаны ғой.

“Басқа түссе баспақшыл” деген, бұл жұрт өкімет пен құдайдың қай көрсеткеніне көнбей жатыр. Әлгі жоғарының беретін “продпомощи” рас болса, күтпегенде не шара. “Ел де, егін де өкіметтің қолында. Қазына халқын өлтірмес”, — десті мұндағылар.

Осылай күптігей көңілді үміт отымен жылытып жүріп жатты жұрт. Бір күні кеш өлетінде жоғарғы күркелерден шығып Қостөбеге асатын жалғыз аяқ сүрлеумен бара жатқан әйел-еркегі аралас, иықтарына дорба асынған, бес-алты жаяу көрінді. Бұлар кештетіп қайда шықты? Не шаруамен шықты? Ол жағы беймәлім.

Тек келесі күні кешкісін от басында апама келіп онаша отырып әңгіме қылған Күмсек шешемнен, жоғарғы ауылдың біраз жас-желеңі кеше кеште Қостөбенің теріскей баурайында жаңа сарымаңыз тартқан егіндікке “салқын масаққа” барғанын білдік.

“Салқын масақ” — ол ешкімге көрінбей, түнемеге жаңа рең алған егіннің масағын ептеп қиып алып, дәнін қолмен үгітіп, тесік қуырмаш қуырып, елден бұрын ауыз тию. Ел ұғымында бұл үлкендер жолаушы кеткендегі жастардың бастанғысы сияқты орынды құбылыс. Бірақ мына тарылған дүниенің ондай еркелікті көтеруі екіталай. “Ұры” деп ұстап әкетсе жазаланып, айдалып кетудің ауылы тым алыста еместігі аян. Ал ұсталып қалу ол күндері онша қиын іс емес. Бидай масақ байлап сүттен бастағалы, бригад, ақыран дейтіндер ат үстінде. Ертелі-кеш егін айналасынан із кесіп, танаптан шықпайтын көрінеді. Сол күндері Төлесайдағы ауылдан өтірік-шынын біліп болмас, аңыздай бір қауесет ел ішіне тарап жатты.

— Не дейсің, осы Боралдайдың ішінде бір үйір ұялас қара құлақ қасқыр пайда бопты. Ел ішінен мал кеткесін, адам аулайды екен. Адам болғанда көбінше кешкілік түнемеге шет шелшен шыққанды аңдиды екен. Тіптен ішіндегі бір сырттаны білдірмей, ауыл ішіне еніп, үйге кіріп, төсектегі, бесіктегі баланы алып кетеді екен. Түнемеге әйелдер балаларына еге болсын. Шашау-шалыс бейшеккі жүрісті қойсын, — десіп дүрлікті. Солай десе де мұндағы жұрт сол мамырдан соң қыраулы суық күзге дейін сол адамқор найсап қасқырлардың өзін де, ізін де көрген жоқ. Сонда бұл ненің үркініші, ненің дақпырты?

Кейін сұрастырғанда оның да мән-жайы мәлім болды. Бір жағы ылдидағы қалың ауыл, екіншісі мына Боралдай бойындағы көп алғышылар түнемеге аз егінге “салқын масаққа” шығып тыныштық бермес, — деп Төлесай бөктеріндегі Қоштай ауылының саққұлақ ақыраны Айтмұраттың таратқан қауесеті екен.

Талдыдағы ауылдан жеткен: “Биылғы өнім өкімет қарызы мен тұқымнан артылмайды. Дөметпесін” деген жайсыз хабардан кейін Нұржаудағы алғышылар

да ертерек елге жетсек деген асығуды қойды. Бір күн болса да мына түсімді кезінде алғыдан алып қалайық. Күні ертең рауаш дәні мен кара тары да піседі. Содан құр қалмайық. Оның арғы жағында мына теріскей Боралдайда, Қараш пен Ақтастың ақ алмасы да піседі, содан қақ кептіріп алайық, — деп бөтуаласты.

Сол күндердің бірінде апам маған: Еркін, біз осында әлі маусымның соңына дейін болатын сияқтымыз. Әжең сені сағындым, бірер күнге жіберсін депті. Анау Қанжар атаң міңгестіріп ала кетпекші. Барып кел әжеңе, айналайын, — деді. Апамның мына айтқанына қатты қуандым.

Ертеңгісін Қылышбек атам мені міңгестіріп ауылға тартты. Ана бір көш кезіндегідей емес, көк есектің жүгі жеңілдеу, бөксерлігі кеңірек екен. Асудан асқасын бұлтың жорғасына басып, дымбырлай жосып келеді.


Арада өткені екі айдай уақыт, Талды бойының бейнесін тым өзгертіп жібергендей. Ұзынбұлақтың ұзын жотасын бойлай созылған жалғыз аяқ сүрлеудің қос қапталы, қыр-қырлар тұтас орала біткен көк шалғынға тұнып қалған. Талдының тоғайына түскесін Бесшоқыдан Кеңбұлаққа өтетін кара жол бойындағы қойнаудан біздің үйдің қарасы да көрінді. Мен әжеме арнаған сәлем-сауқат буыншағымды иыққа асып жаяу тарттым. Бұл дүниеде жылуы сөнбейтін жанның ұжмағы кара шаңырақты ұстаған — әже құшағына не жетсін. Бейне бір мені ұзақ сапардан оралғандай мейірлене аймалап жатты жарықтық.

Біз Нұржауға көшкелі бері біздің мекен-жай мен оның айналасы не күйде. Бәрін көргім, бәрін білгім кеп, шарқ ұрып, бөйіз таппай жүрмін. Ең бір қуанышты жай: Тепсендігі арпа сары маңызданып, ересен бітік өсіпті. Талдап өрген қыз шашындай алтын сары масағы өсем иіліп, ығып тұр. Қалай қуанбассың, бұл біздің бұйыртыса бүгін-ертең ауызға түсер ең қастерлі ырзығымыз ғой, әрине.

Бұл аралықта ала көктем мен сәуірде бұрқан-талқан тасып жататын Талдының суы, жуасып сабасына түскен. Баяғы тап-таза мөлдір қалпы сылдыр қағып сыландап ағып жатыр. Үйіміздің тұсындағы төменгі суат жанында иірімнің жағасында қай заманда, қалай өскенін кім білсін, тамызда ақ сүттеніп пісетін бір түп жабайы алма болушы еді. Сол жарықтық мына тар жылы бізді ойлағандай тамылжып қалың сапты. Әрбірі кішкене бала жұмырығындай көк жемісін әзер көтеріп сағасынан иіліп, самсып тұр. Бұл да болса көңілге медеу, көзге қуаныш.

Бұл күндері таусылмайтын шаруаның тауқыметі алдында көлденең тартылатын көкем күн ұзағы үй бетін көрмей, қыр мен ойда сабылып жүретін көрінеді. Аз ғана егінжай басына Жолдасбек пен Айша жеңешемді қайта көшіріп, сол жерде болашақ қырманның тағанын тазарттырып, мына өр жақ Алексеевкадағы бай орыс колхозының бастығы өзімен достас адам Башкатовтен сұрап өкелген жалғыз “лабагрейкаға” және мала тастарға, сатылы арбаға қосар көлікті Майтөбедегі жаңа совхоздың жас директоры Көсеубаевтан алатын боп сонда кетіпті. Талма түстің кезінде әжем қолына пышақ алып, тепсендегі арпаға барды. Соның күн сәулесі мол түсетін күнгей шетінен біртіндеп теріп сығым арпаны сабағынан қырқып алды да, үйге өкеліп ерінбей, алақанымен үгітіп камырдай балқылдаған көкшіл дәннің бір тостағын қазанға салып, қуырды да кеудіреген жеңіл тесік қуырмашты кішкене ағаш тостакқа салып үйелменді немерелерін түгелдей шақырды. Дастархан жайып, табақтағы дәмді алдымызға қойып, өткен әруақтарға бағыштап құран оқыды. Қаншама сағындырып, сарғайтып жеткен жаңа өнімнің дәмін әжеміздің қолынан осылай таттық. Арада өткен жылдар, ағын-төгінді заман қандай шадымен-шарықты болса да, сол бір қайырымды мамырдың соңғы күндерінде мархабатты жан ұсынған арпа қуырмаштың дәмі еш уақытта өшіпек те, кетпек те емес.

— Сауқым қалдырған қармақты неғылдың, — деді мені әрдайым кінәлап, мінеп жүруге құштар тетелес Сейсен әпкем.



– Қармақты ма, – дедім мен төмен қарап мінгірлеп, – менен томар тартып алды. Су асты иірімдегі томарға іліккен екен. Балық екен деп тартып қалғанда, жіп бауы үзіліп, қармақ тереңдегі томарда қалды.

– Күтіп ұста, – деп Сауқымның айтып кеткені қайда? Балықты үйіп жатқан шығар десем, құртып тындым де солай! Қатықсыз қара алғыға қайта таңылдық десейші.

– ...

– Әй сен алты жасар балаға дігірлей берме өйтіп. Суға түсіп кетпей, аман жүргеніне шүкір де. – Үлкен естияр өпкем Жарқын маған жанашырлық етіп, Сейсенге жекіп тастады.

Қалай десе де өз кінәм өзімде ғой менің. “Күтіп ұста” деп маған адамдай сеніп Сауқым қолыма ұстатып кеткенде, баяғы балғын балығы бұлаң қаққан көк иірімнің бір шабағын да ала алмай, қармақтан айырылып қалған өкінішім қалай кетсін. Соны ойлағанда ішім удай ашып, ұнжырғам түсіп жүргенмін. Әуелгі күндері ішім қанжылап, қармақты жұтқан иірімнің жағасына әлденеше барып жүрдім. Бірақ, терең суы үйіріліп, шымырлап ағып жатқан көк иірімнен қармағымды алам деу аспандағы жұлдызға қол созумен бірдей еді.

Талдыдағы қыстауға әжем жанына келгеніме екі-үш күндей өткенде, менің көз алдымда мәңгілік қалып қойған мынандай аянышты оқиға болды: Күн шаңқай түстің шағы болатын. Күні кеше әжем масақтан, тесік қуырмашын қуырған арпалықтың маңынан шымшықтың ұшпа балапанын іздеп жүргемін.

Жүгіре жүріп дөңгелене егілген арпалықтың арғы, күнбатыс жақ шетіне барғанымда өлденеден шошынып кілт тоқтауға тура келді. Сол шеттен қол саласындай қалың арпада оның жібектей жұмсақ сабағын жапырып, жіп-жіңішке із салып, өлдене ішке бойлай еніпті. Бұл өңірден мал да, ит те құрығалы қашан. Не болды екен, – деп, өлгі із кеткен жаққа мойнымды созып қараймын. Байқағаным із тым ұзап кетпеген. Арпалыққа кірген нәрсе жақын маңда сияқты. Сөйтіп тұрғанда небөрі есік пен төрдей ғана, жақын жерде бірер арпа масағы өлденеден әлсіз қимылдады. Өлгі ізбен арпа ішіне аяғымды жайлап басып шылбыр бойлы еніп, мойнымды созып қарасам, жап-жақын жерде жан-жануар емес, адамның баласы, бес-алты жасар шамасында шыбын жаны кеудесінен шықпай, тек сүлдесі қалған қыз бала шалқалай түсіп жатыр. Екі жағынан бірер арпа масағын иіп аузына салып малжап, соның сөлін сорып жатыр. Қасына барғанда, ол мені байқап, масақты малжауын тоқтатып, жыламақ еді, жылай алмады. Соншалық әлсіз ыңырсып, аспан жүзіне қадалып, жанары сөнуге шақ қалған көзімен шатынай бір қарады да, қан-сөлсіз тек теріге ілінген аядай жүзін бір жағына аударды.

Мен арпалық ішінен ытқып шығып, жүгіріп әжеме келдім аптығып:

– Не болды, сонша Еркін-ай?

– Әже, анау біздің арпаның ішінде... бір жаман арық қыз жатыр.

– Япыр-ау, не дейді мынау тағы да?! – Әжем орнынан ұшып тұрды. – Қайда, қайдағы қыз жаным-ау!

Мен әжемді бастап, өлгі қыз жатқан жерге алып келдім. Қыз әлгінде көргендей екі масақты екі жақтан иіп әкеп, аузына салып, малжап жатыр.

– Ой-бу, сорлы-ай. Әй, жазған дүние өмір-ай, – деп әжем қызды жатқан жерінен көтеріп үйге алып келді. Есік алды шуаққа төселген ескі бөстегі үстіне салды. Қыздың тірі дегені болмаса адам кейпі қалмаған. Бір-біріне сіңірімен жалғасқан саудыраған сүйекті тек терісі ғана ұстап тұр. Қол ұшын берер, қарайласар әке-шеше, жақын жан атауының бөрінен айырылып, қаншама күндер, сызды түнді панасыз өткізген жансебіл жанның жеткен жері осы сияқты. Әжем бұл үйдегі балалардың үлкені Жарқын өпкемді қырдағы Жолдасбекке жүгіртті де, өзі қазан астына от жақты.

Алғының сұйық аталасын аздап көкталқанмен байытып, қоймалжың дайын астың бір ожауын тостаққа құйып, кірпігі ғана қимылдап жатқан қыздың жанына келіп жайғасты. Кішкене қасықпен аузына тамызып еді жарытып жұта алмады бейшара. Жағы қарысып қалған сияқты. Енді бөкпенді сұйылтып, бір езуіне там-тұмдап құйып көрді. Бірер тамсанып, өндірішегі қимылдап жатқандай болды.

— Жұт, жұтып жіберші, айналайын, — дейді әжем, қыздың ерні аздап қимылдағанынан үміт қып.

Қыздың кенеулі қою асты талғап жұтуына шамасы келмей жатқанын байқаған әжем, тостақтағы асты сұйылтып өкелді. Қыздың жақ сүйектерін жұмсақ алақанымен біршама уқалап, аузын өзер ашқан шақта сұйық аталаны аз-аздап құя бастады. Жылы астың дәмі таңдайына барып, тартылып семуге қалған қарны тілеген сияқты қыз тіл үстіне барған аталаны әлсін-әлсін қылқ еткізіп жұтып жатты. Осылай ұзақ отырып әжем аш өзекке әужәл боларлықтай екі-үш тола қасық аталаны қыз аузына құйып үлгерді. Бұдан кейін аз да болса нәр алып, ес жиғандай болған қыз ұясы шұңғыл тартқан кішкене жәудір көзін әжеме ұзақ қарап, сәл езу тартып жымығандай нышан көрсетті.

— Е, айналайын, қорықпа. Мен әжеңмін ғой сенің. Ертең-ақ, шауып, ойнап кетесің, — дейді әжем, қыздың селдіреген кішкене тұлымшағынан сипап,

— Әж... жжж... деп сыбырлаған қыздың әлсіз дауысы өзер естілді.

— О, айналайын қызынан. Жақсы қызымсың сен. Айта қойшы атың кім еді сенің?!

Қыз жанары солғын тартқан кішкене қарақат көзін әжемнен алмай телміре қарап жатты.

— Айта қойшы айналайын, атың кім сенің, — деп әжем әлгі сұрағын тағы қайталады.

— Үм... міт, — деп сыбырлады қыз кеберсіп, тобарсыған кішкене жұқалтаң еріндері өзер қимылдап.

— Үміт! О, айналайын. Атың қандай әдемі, өзің де әдемісің сен. Әдемі, сұлу қыз боп өлесің, сен Үміт.

Әжем қызды әлдендіре түсейін дегендей қазандағы жылы аталадан жаңартып әкеп, кішкене қасығымен қыз ерніне тигізіп еді. Қыз әжеме жәудірей қарап, басын әлсіз шайқады. Бұдан кейін қыз ас-судың ешқайсысын қабылдамады. Іші қобыздай созылып, сазарып үнсіз жатты. Қос басынан “шекөшке” дейтін ең кіші шыныға ерітілген май құйғызып, асығыс Жолдасбек те жетіп еді. Бірақ бар қарбалас, үйдегі әжем әзірлеген ас-ауқат, сусын атаулы қызға ем бола алмады. Бөйшешек ғұмырлы тағдыр екі дүние арасында ұзақ талықсып жатып, таң сарғая әжемнің алдында үзіліпті. Сол күні әжемнің ескі ақ жаулығына оратып, қол қарына көлденең салған Жолдасбек періштедей пәк жан иесін биік көтеріп барып төменгі ауылда, Ақмырза қыстауының сыртындағы ескі қорымға апарып, туған жердің қасиетті топырағына тапсырды.

Араға төрт күн салып, Талды мен Нұржау арасында дымбырлап тыным таппайтын Қылышбек атай оралды. Апам жіберген сәлем-сауқат бір дорба алғы ұнтағын ала келіпті.

— Әлгі келіннің алғы қайыруға бір өзі шамасы келмей жатыр. Мына баланы қайтар, жеңеше, ертелеп ала кетейін, — деді Қылышбек атай әжеме.

— Мақұл ғой. Аз да болса қолғабыс қой келінге, — деді әжем атайдың сөзін қоштап.

Солай, мен көзге ыстық, көңілге ұя салған Нұржауға қайтып оралдым да, біздің



алғышыл-бейнеткештік өмір-тұрмысымыз жалғаса берді. Уақыт алға жылжып, тамылжыған шуақ қызған сайын, қасиетті Нұржаудың аясында адамға деген жер жемісі де молығып-толыға түсті. Әр күні апам дорба толы сүт маңызы толысқан алғысымен бірге “көрелей” дейтін уыз татитын домалақ түбірлерді және ақкеріш сүйкімді тау пияздарын көптеп әкеліп жүрді. Кешкі отбасында аяқты талтайтып тастап, алдыға үйіп қойып, осы бір тау жемісін жемсау қайқайғанша күйсетудің өзі бір ғанибет.

Маусымның ортасына таяу күз-қияларда, жартастар жиегінде қаулап өсетін рауаштар да толысы пісе бастапты. Оның өзек басында қыз бөркіндегі қарқарадай күттеленген қырмызы шашағы толысқан дөнімен майысып алыстан әйдік көрінеді. Сол күндері жұрт тау тырмысып, бір мезгіл рауаш дөнін сыдырып, дорбаларын толтырып қайтып жүрді. Қазанға салып қуырып, бір қайнама қызыл кермек суын төгіп тастап, асылған рауаштың көжесі кәдімгі жүгерінің көжесіне ұқсас ашқарынға таптырмайтын жұбаныш.

Бұл кезде Нұржауға Сеңгір мен Қылшалының қызыл қия беткейлерінде қалың өсетін шиелері де шиқандай қызарып, уылжып толып піседі. Бала біткеннің сол қызыл қияға тас кенеше тырмысып, тау шиесіне жабылатыны да міне осы кез. Әр күні олар қарыннан қалғанын қалта дорба, тостақтарға сықап келіп жатқаны. Оның өзі де шарқ ұрып, мына дүниенің ләззатын іздеп дамыл таппайтын бала көңілге бір мереке, бір мерей.

Бір күні кешке, әр кездегідей тас ошағымыздың жанында қоналқы бөкпенімізді ішіп, шытырлап жанып жатқан от қызуын қызықтап отырған сәтте апам маған көңілдене үн қатып:

– Еркін, сен ертең ешқайда кетпе, тауға бірге шығамыз, – деді.

Апам ашып айтпаса да, бізді күткен бір жақсылық бар сияқты. Мен қуана мақұл апа, мен дайынмын ғой, – дедім.

Шынында апам, жалпы жұртқа жария ғып айта бермейтін, тек өзінде құпия сақтайтын бір жаңалық көріп қайтқан екен.

Онысы жұрт ұғымында осы қастерлі Қаратау мен Боралдайдың ішінде, қалың құйқалы теріскей бөктерлерінде өте сирек өсетін алланың тек сүйген құлына көрінетін жабайы дақыл – қара тары. Оны сол көрген жерінде иіле тағзым ғып, “Е, қасиетті қара тары – қара аспан, мені саған жіберген Омар-Оспан” деп бойындағы бір затты ырым ғып, сол жерге тастап кетеді екен. Егер олай етпей таңданып, қара тарыға қол тигізіп, ертең келіп аламын деп кетсе, ол қайта оралғанша қара тары төгіліп, тек сабағы ғана тұрады екен.

Осы жайды көңілге тоқып өскен тау қызы менің апам, қасындағы серіктері Балакүл, Сейсеқыз, жеңешемдер үшеуі өлгі ырымды жасап, бел орамалдарын шешіп, сондағы тобылғы бұтасына іліп кетіпті. Енді міне таңның атуымен бұлар сол қасиетті дақыл-қара тарысына шықпақ. Оның сөгі сауға қуат, ауруға шипа, ұлық пайғамбардың асы болған деседі. Қара тарыға шығу, күндегіден өзгеше, дайындықты керек ететін шаруа көрінеді. Сол есеппен апам көпке шейін күйбендеп, қап-қанарын жамап, жақында Қылышбек атай арқылы тоғайдағы ауылдан алдырған кішкене қол орағын сайлап, арқанша, жіпшуларын әзірлеп, буып-түйді.

Ертеңгісін тау қырлары күн нұрына енді малынған шақта асау ағынды Боралдайдың бойын өрлеп, жолға шықтық. Қара тары өскен жер күндегі алғышылар шығып жүрген күнгедей емес, Нұржаудың күншығысында, теріскей сыртында, едәуір жерде, Қараш пен Күйген қараның шатқал сайының басында, кемерлене біткен бір құйқалы қойнауа екен. Қараштың қиясын өрлеп, шеткі белегерге шыққанда, алдымызда айнала ырғай мен тобылғы қоршап өскен кең қойнауа масақ басы иіліп ығып тұрған қара тары да көрінді.

Әуелі бір масағын алақанға үгіп, қара маржандай жылтылдап тұрған мөлдір қара дөңді тіске сап көрген үшеуі, оның толыса піскеніне көз жеткізіп, алқапқа қызыға қарап тұрды да:

— Иә, биссімілла, Ғайып Ерен, Қырық Шілтен, бұйырта гөр, берекесін бере гөр! — десіп, орағының жүзі күн сәулесіне шағылыса жарқ-жұрқ етіп тары орағына кірісіп кетті. Апам сағағынан ашылған тарыны сығымдап тастап барады. Мен оларды дестелерге жиыстырып жүрдім. Жарыса қатарласа түскен олар түске дейін едәуір жердің тарысын шалып үлгерді.

Шаңқай түстің шағында орақшылар үлкен сары долана ағашының саясында отырып өздерімен ала келген түскі астарын ішіп, бел жазып рахаттанып отырды. Аспан жүзі ашық, орақшылар көңілді. Бұл шеттен Нұржау тұсынан елге асатын Қостөбенің асуы да айқын көрініп тұрды. Жеңешемдер ауылда өткен күндерін еске алғандай, сол асуға қарап, әлденелерді көңілдене сөз етіп, күліп отырды.

Күн алыста көгілдір таулар өркешіне еңкейе үлкен бесін шағында орақшылар орақ түсімін жиыстырып, сағағынан қиылған тарының сусылдаған масақ бастарын сығымдап қап-қанарларына лық толтырып, оларды арқанша жіптермен тырмыштай буып, арқалап, қайтар жолына шықты. Алып кете алмағанын жиыстырып, долана жанына қалдырып кетті. Қайта айналып келіп, алып кетпек.

Осы қара тары саяхатынан кейін апам-жеңешемдер үш-төрт күн алғысына шыққан жоқ. Әлгі тарыны тасып жеткізіп алу оны шетінен кең жайылған алаша бетіне салып, аяқпен басып дөңін қауызынан ажыратып, суырып, тазартып алудың өзі тынымсыз қимылмен ғана тынатын көп әрекеттің ісі екен. Міне үш күнге созылған сол әрекеттің арқасында ұстасаң уысында тұрмайтын қара маржандай сусылдаған мөлдір дөңнің бір үймесі кере жайылған алаша үстінде жатты. Енді оны ұқсатып ақтап-сөктеп ауызға салу кәдімгі екпе тарыдан өзгелігі жоқ, бірталай жұмыс еді. Қайнату, сүзу, кептіру, тую...

Әйтсе де әрекетшіл адамға оның да есебі табылады. Апам қалайда тары сөгінен бізге осы Нұржауда ауыз тидіруге мықтап бекінсе керек. Мына жоғарғы ауылға барып, Сейсекездің үйінен ауылдың рауаш дөңін жаншуға деп алдырған келі-келсабын алып келді. Тарының бірер табағын қайнатып іске кірісті. Ертеңіне кешке қарай апам күріштей таза сөктен көже асып, соның бір табағын ортамызға қойды. “Күріштей” десек те, сол күріштің өзі, тіптен дөң атаулының бірде-бірі дәмділігі мен азықтық қасиетіне келгенде сол қара тарымен теңесе алмайды. Алыста, Қаратау, Боралдайдың қол жетпес қиян шетінде сирек кездесер сол жарықтық бір татқан адамын тамсандырып, қайта келмес арманындай боп қала бермек.

Маусымның соңына қарай бір күні тоғайға, елге кеткен Қылышбек атай, аталас ағайын Төртбай үйінің ерттеулі үлкен көк есегін жетекке алып оралды.

— Мына көлікті әжелерің, келін, сендерге жіберді. Егіндерің ораққа ілігіп, пысықшылық боп қапты. Қайтсын, — деп жатыр, қарағым — деді.

— О, рахмет, атасы. Аттан түсіңіз, — дәм татыңыз, — деп атайды түсіріп, шайламыздың төріне отырғызып, бабына келіп, уылжып піскен тары көженің бір табағын қәриенің алдына қойды.

— Япыр-ай келін, мынауың бір естен кетпес тамақ болды. Рахмет, — деп атай алғысын айта-айта кетті.

Жақсылық хабар айтып, әжемнің көлік жібергені бізді қатты қуантты. Жүрекке сан қилы ізгіліктің сезімін ұялатқан тауда өткен екі айдан астам мерзімнен кейін Талдыға қайтқалы жатырмыз. Қуаныш қойынға сыймай алып-ұшып жүрмін. Уақыт өлі ерте. Шаңқай түстің шағы. Апам асықпай үй-ішін жиыстыра бастады. Ас-ауқат, азықтарды қаптарға бөліп салып теңестіріп, жүктерді артуға ыңғайлап қойды. Тас ошағымыздан қазанды алған кезде, жайнап жатқан отқа апам қасықпен май тамызды.



Аш өзекке талғажу іздеп талып келгенде екі ай бойы асыраған қастерлі ошағын қимағандай, оған мейірлене қарап тұрды.

Түс қайтып, көлеңке арқалыққа шыққан екінді кезінде артынып-тартынып жолға шықтық. Мені көк есектің үстіне баптап мінгізіп алға салып, апам артқы жақта ілесіп келе жатты. Ас-азықтар теңделіп артылып, үстіне үй жүгі жаймаланған белі мықты көк есектің үсті жайлы. Жол жағалай белуардан тіреле өскен көк шалғын арасынан шырқай көтеріліп биікте айнадай аспан жүзінен құйқылжыта шырқаған бозторғай әні жүректі әсем сезімге бөлеп, жан тербейді.


Асудың биік өркешіне шыққанда көліктің басын бұрып, тоқтап, шығыста сонау қарауытқан Қараштың биігінен алыста Сеңгірдің күрең құздарына ұласып, көгілдір мұнар құшқан Боралдайдың келбетіне қарап тұрдық. Неткен сұлу, неткен көркем дүние еді бұл. Сол сұлулыққа тұнған сырлы дүниенің нақ ортасында, көк торғынға оранған тау шатқалын қақ жарып, тулап ағып жатқан асау өзеннің арасынан аспан көгіне шаншыла бой көтеріп келісті-кербез Нұржау тұр. Бейне бір қымбат қимасым қалып бара жатқандай шың келбетіне ішкі дүнием елжіреп, телміре төніп қараймын. Қош Нұржау. Қош, менің қиын да, қызықпен өткен бала күндерімнің бесігі.

Біздің Боралдай ішінде өткізген санаулы күніміз де сарқылды. Тамыздың ортасы, қоңыр кеш әлетіне уәделі сәтте Әсілбек пен Кәдірбек келді. Енді ел ішіне аттануға тиіспіз.

– Қалай көке, ұнады ма, сізге, мына ел мақтаған Боралдайдың іші, – дейді қос інім қосарлана жарысып.

– О, несін айтасың, ұнағанда қандай! Аман болсын Боралдай. Сендер де аман жүріңдер. Көріскенше күн жақсы!

сәуір, 1993 жыл.





ТАЛДЫНЫҢ ТҰНЫҚ СУЛАРЫ

Уа, шіркін, жарық дүние, кейде шөл, кейде көл боп шалқитын толқымалы, шалқымалы өмір-ай!

Нұржауда өткен нұрлы күндер мен нұр шапағатты күндерді артқа салып ауылға келсек, мұндағы ел ажары, барша жанның өзі де, сөзі де танығысыз өзгерген. Арпаның алғашқы көкталқанына тойынған елдің, әсіресе жастар жағының көкірегі жалынды. Ауданнан келген бір уәкіл әлгі Әдей дейтін жесір қатынның көкірегін ұрып, жұлынып тұрған шотмандай қара пұшығымен оңаша сөйлесіп: – Өкіметке шын берілген сендер сияқты жастар керек, – деп, жел беріп кеткен екен. Содан бері оның сөзі ірі. Өзіндей кедейден шыққан қаратабанның бесеуін бастап ауданға кеткен екен, бәрі комсомол боп қайтыпты. Енді сол Боранбек жәшеке (ячейка) құрыпты. Өзі колхоз бастығының үстінен қарайтын бопты... «Жаңа өнімнің бір дәнін де шығын еткізбей өкімет планына, қалғанын ортаға күйғызамыз» деп дәкіләт жазған дейді. Осының бәрі төрт жылдай сергелдеңге түсіп, құс ұйқылы манаурап, жаңа оянған жұртқа жаңалық, қызық.

Сол Боранбек кеше ауданнан келгесін үлкен жиналыста қалың көптің алдына шығып сөз сөйлепті. Қарсанда маңдайына түсіп тұтасқан, асаудың жалындай қайратты қалың шашын желкеліктен әлгі өзіндей жалаңаяқ Әбдірейдің Райышына қидырған екен. Өтпес қайшымен қара серкенің терісіндей жұлмалап ондырмапты. Желкесін өзі көрмегесін, Боранбектің онымен ісі жоқ. Шаштың алдыңғы жағын жай қайыруға көнбегесін, Әдей апаның сақардан сығып жасаған қара сабынының көбігіне бөктіріп, қайыра жығылған шашты кірге батқан қара тақиямен бастыра киіп, жұрт алдына шығыпты. Ауылда бірінші болып шаш қайырған өзі болғасын, оны жұрттың көргені керек. Лениннің шәпкесін сығымдап, бір қолын қалтасына сұғып, бүйірін таяна сөйлеп тұрған суретін ауыл кеңесте көрген ғой. Енді өзі құдды төңкеріс көсеміндей қара тақияны қолға алып ұзақ сөйлепті. Тек Әдей апа өзі қолдан тоқып, тігіп берген өрмек камзолының жан қалтасы болмағасын, камзолдың бой тігісін бүйір тұстан сүйемдей жерін сөгіп жіберіп, сол жыртыққа оң қолды сұғып жіберіп, шертиген жалаңаш қарынды алақанмен рақаттана сипап тұрып бұлбұлша сайрапты.

Боранбектің жалынды сөзі, әсіресе, “бәрі Отан үшін, халық үшін ел дәулетін көз қарашығындай қорғаймыз” дегені езілген тап, қара кедейлерді қатты толқытыпты.

Бұрын мұндайды көрмеген шал-шауқандар танданып: «Ойпыр-ай, мынау болайын деп тұрған бала ғой», – деп таңырқап, тәшін қылыпты.

Жалынды комсомол Боранбектің ұрандап, белсеніп шыққанына тұрарлықтай, о жылғы егіннің бітісі де ересен еді. Ала көктемде Қазақстанға жоғарыдан келген жаңа



басшы Мырзаянның жәрдемге жіберген қырық қап ақ бидайы бітіп қапты. Әр масағы кере қарыс, дәні доланадай. Астықты жинап алуға ауылдың бас көтерері тайлы-таяғымен жұмылып жатыр. Өкімет жағы Ылдидағы Шошқабұлақ «мытысынан» үш бригадка үш лабагрейка жіберіпті. Ол дегенің керемет! Парлап өгіз, не қос ат жеккен сол керемет орнынан қозғалса болды, орақ тістері зырылдап, егініңді әп-сәтте жайпап, дестелеп тастайды екен. Тек арбанды апар да, қырманына таси бер.

Сөйтіп, біздің ауыл Марқабұлақтағы егінжайға іргелес майдамсазға Жолдас көкемнің алты қанат киіз үйін тігіп, қызыл қырманын сайлап, білектерін сыбанып, қым-қуыт астық науқанына кірісіп жатты. Қосшылар үйінің иесі осы үшіншінің екпінді бригады Жолдас көкем мен аспазшы Айша жеңешем болғасын, оларға арқа сүйер көңіл тоқ – ағайындас үйлердің жас-жәутіктері – Атымтай, Бекбау, Бердібектер болып, үлкендерді жағалап осындамыз.

Әлбетте, жаңа жаз, жаңа күн, жаңа өнім – сарғая күткен елдің өмір мерейі. Қатарынан төрт жыл өрісте мал, дастарқанда нан көрмей сансырап-сандалған ауылдың «Құдай жеткізсе жеттік пе?» деген үлкендері басқармамен ақылға келіп, осындағы жұмыскер азаматтардың бір мезгіл ыстық ауқатына қаулы алғызып, қырман басына бір нән қара серкені келтіріп, Бесшоқыдағы «Горнуал» («Горная воля») орыс колхозындағы Шодырдың (Федор) диірменінен екі қап ұн тартқызып әкелген еді.

Енді қос басы бүгін думан, көңілді. Семіз серкенің еті анау шеттегі үш бұтты ошақта асылған қара қазанда бүлкілдеп қайнап жатыр. Айша жеңешем жер ошағында сары теппенің шоғына нарттай боп піскен алғашқы таба нанын оттан шығарды. Оны дастарқанына орап, кеудесіне баса құшақтап, қос үйдің төрінде отырған ауыл қариясы Бекқұлға әкеле жатыр:

– Атасы, дәмнің алды, бәтенізді беріңіз, – деп иіле келіп жайылған дастарқанымен атамыздың алдына тартты.

Алақанын жайып, көзін жұмып, ұзақ күбірлеген атай: – «Уа, пәруәрдігар, Ғайып Ерен, Қырық Шілтен, әулиелер қолдай гөр» деп бет сипады. Сөйте отырып, сыпа жарықтық әлгі нанның шетінен бір түйірін ғана үзіп, дәм татты:

– Ал, қарағым, тілеуінді берсін, бала – періште, жолы үлкен, мынаны осындағы жас балаларға өз қолыңмен үлестір, – деп, нанды жеңешеме қайтарды. Құдай берді деген осы, жеңешемнің берекелі қолымен үзілген бал татыған нанның бір-бір үзімін алып далаға шыққанымыз сол еді, арғы шеттен Боранбек шыға келгені. Бізді көрген жерде түнерген түкті қабағы астынан кішкене шокты көзі шатынап:

– Әй, нан жегіш иттер, нан жеген мына ауыздарыңды бұзып жіберейін бе, – деп кіжініп келе жатты. Қос жұдырығын тас қып түйіп апты.

Осы сәт біз жақтан одан қалыспайтын, онымен құрбылас қайсар бала Бердібек едірейіп, алға ұмтылды.

– Ал, кәне, бұзып көр. Сенің мына пұштиған мұрныңды бетіңе жапсырып жіберемін, – деп шақырайып айбат шекті.

Бірі қоғамға, колхозға «бақайшығына» дейін берілген патриот, екіншісі ауылдың тау кезіп, өзен жағалап тыным таппайтын өңшен арық-жәутіктерді соңынан шұбатып, құсқа тұзақ құрып, балыққа қармақ салып, бізге дүниедегі ең білгір, данышпандай болып көрінетін жолбасшы көсеміміз Бердібектің жекпе-жек, төбелес майданына шығуға шақ қалғанда «қалайда бір қызықты көрсею» деп айнала қылқиып тұрғанымызда

табан асты келе қалған Айтмұрат охранник екеуін екі жаққа құлақтарынан сүйреп ажыратып жіберді.

Өзіме етжақын Бердібекті қанша жақсы көріп, оған құдіреттей арқа сүйеп, іштей мақтан етіп жүрсем де, анау Боранбектің қай қылығына екенін өзім де түсінбеймін, бәлкі қаратабан кедей, кеңеске, төңкеріске, Сталинге, одан бергі мына жаңа ес жиып, бас көтергелі жатқан колхозымызға шын берілген адалдығынан шығар, іштей жаным ашып бүйрегім бұратыны да рас. Әсіресе бізге, күні ертең біз де осындай отаншыл болсақ деп армандайтын кішкене жәутіктерге, Боранбек бастап, жиындарда алға шығып, өр дауыстарын биік көтеріп:

Кел, кедей жастарым,
Ұйымдас жалшымен.
Байларды, молданы
Қойдай қу, қамшымен!
Бұл заман сенікі,
Өз еркің қолыңда.
Сап түзеп, бірлес те,
Таптың түс жолына!
Алға бар, тайсалма,
Қызыл ту қолға алып,
Өзі тұр партия,

Жеңіске жол салып! – деп аяқтарын сарт-сұрт басып, қол сермейтіні қатты ұнайды. Олар, осы Боранбектер, осы кедейлігімен Отанға, өзіміз көрмеген, білмеген партияға, әсіресе анау кеңсе мен жаңа ашылатын көк мектептің төрінде бәрімізге қол созып, күлімдей қарап тұрған Сталин ағамызға берілгендігі қызықтырып, бала жүректі қызғаныш сезім түрткілейтін.

Әне, анау, өкіметтің, Сталиннің шын ұлы екенін көз алдымызда көрсетті. Аш болса да, адалдығын мақтан етті. Нанға толы аузымызды бұза жаздады. Нағыз қорлық осы емес пе бізге. Онымен салыстырғанда біз кімбіз енді?

“Алға бар тайсалма,

Қызыл ту қолға алып”, – деп ұрандайтын өзге емес, осы Боранбектер. Ертең, мереке-мейрам күндерінде қызыл ту басқаның емес, осы Боранбектің қолында желбірейді. Одан артық қуаныш, бақыт бола ма?!

Рас, бүгінде Боранбектер қамшымен қойдай қуатын байлар да, молда да жоқ. Олар бізге дейін қуылып, құрып кеткен ғой. Енді, тап жолына түскен, Отанға шын берілген Боранбек нағыз адал, комсомол екенін ұзамай іс жүзінде көрсетті. Ол өзге емес, өз шешесі – барлық балаларға “шырағым” деп мейірлене қарайтын Әдей апамызды қылмыс жасап, жарты кілә бидайды қуырып жатқан жерінен ұстап алыпты. Жай ұстап алмай, қолында дайын жүретін көк дәптерін ашып жіберіп, отыра қалып әктілеп, оған көршілері Тәшен атай мен кемпірі Зибакүл әжемізді куәге тартып, қолдарын қойдырып, шыжыған шаңқай түсте қырманшылар қосына айдап кепті.

– Комсомол, аудан тапсырмасын атқарып жүрген менің шешем ұрлық жасайтын болса, басқалардан не сұрауға болады? Біз мұндай қылмысқа жол бере алмаймыз, – депті Боранбек, қасқайып көп алдында.

Ойлап қараса, оныкі жөн, оныкі заң. Заңға қарсы тұру – қылмыс. Қылмыстың соңы – сот!

– Байғұс-ау, ол бидайды қайдан ала қойып ең? – деп сұрапты қырманшылар, ұяттан өлердей болып әбіржіген Әдей ападан.

– Қайдан алушы ем? Қырманға қол сұққам жоқ. Қайтар жолда, егіндік шетінде орақтан қалып кеткен біреу сығым масақты осы жүгермегім жесінші, шаршап жүр ғой, талқан қозғап берейін, – деп ала кетіп ем. Бар болғаны мынау – деп егіліп, белбеуінің ұшынан былғауыштың басындай түйіншекті шешіп, қос уыс қуырмашты үлкендер алдындағы дастарқанның шетіне төгіпті.

– Қайтесің, байғұс-ау, жылама, балаң үкімет адамы. Тапсырма, тәртіп солай болғасын оны кінәлауға болмас. Өз қолын өзі кеспейтін шығар. Әктісін сотқа бермейтін шығар, – деп жұбатыпты, оған жаны ашыған көпшілік.

Солай, тәртіп пен талаптың арқасында шығар, ел елдігін жасап, ес жиды. Сол жылы өкімет планын да орындап, ауылдың қамбасы дәнге толды. Тоғайдағы мөлтекте масағын иіп тұнып қалған тарысын шымшықпен арпалысып жиып алған елдің көңілі көтеріңкі. Қатарынан үш жыл сай-салаға қаңғып, сандалған ауыл балаларына көк мектептің есігі қайта ашылды.

Екінші, үшіншіге баратын әпкелеріммен ересек балаларға ілесіп, көңіл құсым шарықтап, сол мектепке алғаш рет мен де келе жатырмын. Бізге мұғалім болып, жоғарыдан жолдама алып, өзге емес, өзіміздің аталас ағамыз, енді ағайымыз Бекназарұлы Қожатай келіпті. Ол мен үшін әлбетте зор мақтаныш!

Мектептегі оқу әлбетте әліппеден басталды. Ол маған, тіптен жаңалық та, қызық та емес. Біздің үйге жоғарыдан келетін газеттерге үніліп, ауыл елін басқаратын әкемнің кітаптарын ақтарып, қара танып, ежелеп оқуға жарап қалған маған, мынау әліппе дегенің ойыншық. “Е, мен оны білемін” деп қатарластарымды менсінбейтін сияқтымын. Амал не, біріншіні аттап өтіп өрлеп кетуге жол жоқ.

Мектептен келе әліппені атып ұрып, әнеубір күні Бесшоқыдан Бердібек әкелген Майлыұлы Бейімбет жазған “Байшұбар”, Әбдіқадыров Қалмаханнның “Амантай” атты жұқа кітаптарын алдыма қатар қойып жаға қалып оқуға кіріскенмін. Кітап сөзі ауылдағы мақтаншақ, бөспелердің әңгімесінен әлдеқайда қызық. Әсіресе Амантайдың ауылы Сырдария тоғайында қырғауылға тұзақ құрғыш Әшірбай ағайдың бастан кешкен қызық хикаяларын айтсайшы. Тоғайы толы қырғауыл, оның небір сұлу қораздарын тұзақтайтын атасы бар Амантайға қызығар едік.

Ал біздің ала жаздайғы көретін көп қызығымыз Бердібектің қолында. Ол не ойлап, қайда бастаса соңынан қалмай балапанша шұбырып, солай жүгіреміз. Біздің жақта Амантайдың Әшірбай атасы құсап тұзақтап, қырып ұстайтын қырғауыл жоқ. Оның есесіне, қырда кекілік, тоғайда торғай, ал Талды мен Қошқардың қара суы көк иірімдерде бығып жүретін балыққа толы.

Бердібек көңілі келгенде, апамыздан жалынып сұрап алған ине, түйреуіш, ілгектерді отқа балқытып, ширата иіп, қармақ жасауға шебер-ақ. Сол қармақтармен жайлы-шуақты күндері бізді ауылдан біршама жырақ Талдының құйғанындағы Қошқардың иірім суларына бастайды. Көкқасқа айғыр шегірткелер шаншылған үшкір қармақты қапқан білектей көкбас, сары сазандар сілтей тартқанда – бұлғақтай көтеріліп, көкмайсан

жағалауда тулап жатқан шағы қандай қуаныш. Өмірбақиға естен кетпейтін балалықтың бақытты шағы!

Араға бірер жыл салып, отыз жетінші жылдың бұрқасын-бораны көп қысы, онымен жалғас ел ішін қилы күйге салған аптап жалыны мен аңызға жазы келді. Күн аралатып Тәшен поштабай әкелетін газеттерге қараймыз. Чкалов, Байдуков, Беляков дейтін ержүрек ұшқыштар терістік поляр мұхитынан асып, Америкаға жетіпті. Мәскеудегі Ұлы Советке сайлау өтетін болыпты. Кремльде Калинин Жамбыл атамызға Ленин орденін беріпті. Күн сайын жаңалық, қырда жұмыс басы күнде жиын.

Үшіншіні бітірген Боранбекті «осы білімің жетеді» деп, бастықтар тәбілшіге сайлапты. Оның қолында дәптер, арбиған абажадай ағаш сажын, қалтасында газит. Түсте бір сәт саяға жиылған көпке газетін ашып жіберіп, жаңалықты түйдек-түйдегімен соғатын осы Боранбекке мына жаңа қызметі тіптен тауып бұйырған.

Сол күнгі поштамен келген газет алдымен оның қолына тиген екен. Соны өзі оңаша ашып көрген Боранбек: – Жолдастар, тындандар, сұмдық бір жаңалық хабар келді, – деп түтігіп, аптығып қостағы қалың көптің алдына шықты.

– Біздің Қазақстанның өкімет басында отырған Құлымбетов, Исаев, Нұрмаков, Айтықов, Қожановтар Жапонияның агенті, халық жаулары екен. Міне, қараңдар, – деп, «Социалды Қазақстанның» сыртқы бетін жұртқа қаратты.

– Не дейд, ойпыр-ай! – десіп, үрке дүрліккен жұрт газет бетіне көз тікті. Сол бірінші бетте төбеден салбыраған, жеңінде фашистердің белгісі бар бес саусақ бүретін бүркіттің тұяғындай арбиған, оның әрбіріне мойындарына шынжырлы қарғыбаулары ілінген, беті адам тұрпатты, тістері ақсқан бес қарашолақ ит байланыпты. Олардың астына ағалған жаулардың аттары жазылып, «суретті салған Чекалин» деп көрсетіпті.

Жоғарыдан келетін үлкен газет солай жазса, тыңдамасқа, иланбасқа не шара? Осы хабардың артынша ауданнан үсті-үстіне уәкілдер келе бастады. Айтатыны: жау тек қана жоғарыда емес, олардың құйыршықтары ел ішінде. Олардың сырты кәдімгі адам, іштері арам. Жаулармен Ежов жолдас аяусыз күресу керек депті. Қырағы, сак болыңдар, – депті.

Сол қауесет енді күн санап ақиқатқа айналыпты. Шымкентте Досов, ауданда Жүсіпов пен Жақсыбергенов ұсталыпты. Бесшоқыдағы бұрынғы ауыл кеңесі Жолданбаев, оның орнына ауданнан келген Тоқымбаевтар солардың құйыршығы екен. Енді сол Қалтай мен Нарбектің осында, ел ішіндегі сыбайластарын іздейтін көрінеді. Қалтай домбырасын тартып аунап-қунаған, Нарбек аттан түсіп, дастарқанынан дәм татқан ауыл үйлерінде үрей жоқ. Оның есесіне, қайсы бір қаратабан қасқалар қасқайып алға шыға бастапты. Қит еткенді «троцкишіл», «құйыршық» деп, жанын көзіне көрсететін бопты.

Сақтық пен қырағылық тек өкіметтің, үлкендердің ісі емес, ол аяғын тік басқан баршаға, тәрбиеші ағайларымызбен бірге, әліппені жаңа тәмамдаған біздерге де тиесілі екен. Павлик Морозовтан үлгі алған, Шығыста, Алатау жағының бір ержүрек пионері шекарадан өтпек болған бір шпионды ұстап бергенін «Октябрь балалары» (қазіргі «Ұлан») газеті барлық Қазақстан пионеріне үлгі етіп хабарлапты. Шеттің шпионы шекарадан өтеді. Ал, өз ішімізден шықса ше? Ол зиянкестер, бақсак, өз ішімізде де жүр екен. Ол өзге емес, өзіміздің екі мұғалім ағайымыздың бірі екен.

Ол Ұлы Совет сайлауына дайындық қызып жатқан кез еді. Округтік сайлау кәмесиясына біздің ауылдан мүше болған күйеуі момын шаруа, бір сүйкімді келіншектің сауаты кемшін екен. Соны саяси сауаттандыру міндеті бөліске түскенде, осы міндет жүктелген екі мұғалім – Жағалтаев пен Серғазиев келісе алмай, керісіп қалған екен. Сол іштей арбасудың аяғы насырға шапты.

Үлкен үзілістен класымызға енді кіріп, есеп сабағы басталып жатқанда есік ашылып, көрші төртіншінің ересек оқушысы Үсіпбек кірді.

– Ағай, бізде жағрапия сабағы еді, анау картаны алайыншы, – деп қабырғада ілулі тұрған мектептегі жалғыз СССР-дің физикалық картасына жақындай берді.

– Токта, кет! – деп Жағалтаев оны кластан қуып шықты. Оның ізінше есікті жұлқып ашып төртіншінің мұғалімі Серғазиев Ұябек ағай кірді.

– Сен неге бермейсің картаны? – деп зекіп, қабырғада дөңгелек темір шығыршығынан ілінген картаны ала бастады.

– Берілмейді, ала алмайсың, – деп Жағалтаев Құрсақбай оның екінші шетінен ұстады.

– Бермейтін ол сенің әкендікі емес, – деп Серғазиев картаны жұлқып қалды. Карта ортадағы бүктемесінен астыңғы дәке жапсырмасы тұсынан дыр етті. Қырсық шалғанда, карта жыртығы дәл орта тұстан қисық кетіп, Қызыл жұлдызбен белгіленген Москваны шарпып кетер ме?!

– Атаңа нәлет, троцкишіл жауыз, халықтың жауы, мына картадан әдейі отан жүрегі қызыл Москваны жойып тындың ба? Мен саған көрсетемін, – деп айқайға басты Жағалтаев.

– Білгенінді қыл. Қолыңнан келсе, аяма, – деп Серғазиев те сұп-сұр болып қалшылдады. Сабақ жайына қалды. Екі кластың балалары не болар екен деп үрпиісіп отырмыз.

Ашуы қайтпай, қаһарға мінген Жағалтаев көк дәптердің қос парағын ортасынан ағытып, сірестіре жазып, актісін жасады. Болған оқиғаны пәктілейтін мектепке жақын көршілерден пошташы Тәшен мен үй сыпырушы Зибакүл, тағы басқа бірер үлкендерді шақыртып, қолдарын қойдырып, Әбітай бригадтың үстінен ер түспейтін торы шолағын мініп, он шақырым кеңес орталығы – Бесшоқыға шапты.

«Төтенше оқиғаға» тоқтау жоқ. Актіні көрген Жұмағұлов оны ала-шапқын шабарман Құдайбергенге тапсырып, сол сәтте шұғыл түрде жетпіс шақырым жердегі ауданға жөнелтіпті. Арада төрт-бес күн өткенде басына шошайма жұлдызды шілем киіп, жамбастарына наған асынған бір топ көк жағалы, қызыл жағалы «особи аддельдің» адамдары келіп, Серғазиев ағайымызды елдің көз алдында екі қолын бұғаулап, бір шопырға мінгізіп, алдарына салып айдап жөнелді. Амал қанша, айдалған ағайымызбен мектеп терезесінен телміре қоштасып, жүрегіміз езіліп қала бердік.

Әңгіменің аманда шындығы қымбат қой. Сен солай еттің деп, бұл жақта Жағалтаевты жан адам жазғырған жоқ. Қиянаттың ісін Құдайдың өзі табар дегені осы шығар. Араға біршама мезгіл салып, жаңа келген жылы көктемнің бір түні Жағалтаев ағайымыз біршама айлар ғашықтық мұңын тартқан жас келіншекпен бірге бұл ауылдан ізім-ғайым жоқ болды.

Ай-күн аманда екі бірдей мұғалім ағайымыздан көз жазып, жетімсіреп қалғанда, жағдайдан хабардар аудан ағарту бөлімі Сиқымбеков қатты ашуланып, мынадай бейбастық орын алған мектепте қатаң тәртіп орнатудың шұғыл шарасын көріпті. Қатаң

тәртіп ол, әрине, өркөкірек өктемшілдік ісі емес. Осы жағын қарастырса керек, бізге көк мектептің көсегесін көгертең деп өзге емес, сонау алыстағы Қазан шаһарынан бұдан көп жыл бұрын ғайыптың сыйлығындай боп келіп, іргеміздегі Боралдайда отыз жыл тапжылмай ұстаздық етіп, талай ел азаматының көзін ашқан әйгілі мұғалім Мұхитдинов Әбдірахманның ұлағатты шәкірті Ботбаев Қожамжар ағайымызды жіберіпті.

Өзгелерде шаруам жоқ, бізге мына нұр жамылған Нұржау жағы – асау сарынды Боралдай ішінен, өзге емес, жақсы көретін жеңешемдердің бірі – Сейсеқыздың туған бауыры, Қожамжар көкеміздің келуі мені қатты қуантты. Іштей марқайып, қалай да жақсы жағымнан көрініп, тәртібімді түзеп, оқуды жақсы оқуға тырыстым. Осы талпыныс-талабымның пайдалы болғанын мен барша өмірде ұмытқан емеспін.

Мөлдір бұлақтай сыландап сырғитын уақыт, білінбей күндер өтіп, сол ұмытылмас отыз сегізінші жылдың толысып-толған көктемінде менің Алатаудай арқа сүйейтін Бердібек ағам ауылда төртіншіні бітірді. Кеңеске қарайтын бес ауылда бесіншіден өрге қарай оқытатын мектеп жоқ. Сондай бір үлкен мектеп құрылысын кеңес орталығы Бесшоқыда енді қолға алмақ. Оған шейін, мектеп құрылысы біткенге шейін, оқуға талабы бар балаларды өкімет жағы біз көріп-білмеген бір шеттегі «интернат» дейтін үлкен орынға апарып оқытады екен. Соған баратындар қатарында біздің ауылдан зерделі-зерек бала деп менің қымбатты, қимас ағам – Бердібек ілігіпті.

Енді сол Бердібек кітап, жол-азығын, азын-аулақ киім, уақ-түйегін жол қапшығына сайлап, жүргелі жатыр. Ауылдық кеңестен келген кісі ат арбасын көлденең тартып Бекназар атадан қалған ескі қоржын тамның алдында тұр. Ауылдың алыс қалада оқудағы Сауқымбегінен кейінгі қарлығышы Бердібектің өкімет қол астына аттануы, әрине оқиға.

Қоштасуға ағайын-тумалардан бірталай кісі жиналыпты. Он төртке енді шыққан қаршадай баланың талпыныс-талабымен жолға аттануы әйелдер жағын қатты толқытты. Солардың ортасынан Талшыбық шешем кемсендеп:

– О, талабыңнан айналайын, құлыным-ау, сағынатын болдым ғой сені. Аман барып, сау қайтқын. Құдай, Қошқарата әулие алдыңнан жарылқасын, – деп баласын бауырына құшып, бетінен, маңдайынан шөп-шөп сүйіп жатыр.

Жүрер сәтте Бердібек маған бұрылып:

– Мен саған хат жазып тұрамын, сен апама оқып беріп тұр, жарай ма, – деп күлімдеп, басымнан сипады.

– Жарайды, аға, солай етемін, – деп сөзді келте қайырдым.

Бердібек мықты ғой әрине. Шешесі Талшыбық апа егіліп, ағайын-тумалар көзіне жас алып жатса да, бойын тік ұстап, аяғын баппен, маңғаз басып, мыңқ етер емес. Қол бұлғап қоштасқан ағайынға көк арбаның үстінде тіке тұрып, күле қарап кетіп барады.

Арада біршама күн өткенде, ел ішінен өкімет қолына кеткен Бердібектің күттірген хаты да келді. «Сағынышты сәлем хат», – деп бас тақырып қойып бастапты Бердібек. – Алтыннан ардақты көретін Еркін інім. Өздеріне дұғай сәлем жолдаушы – ағам Бердібек деп білерсің. Міне, біз он бес күн болды, өкімет қамқорлығы арқасында интернатқа жетіп алып, оқып жатырмыз. Ауылдан шыққасын, жол-жөнекей Бесшоқы, Сарыойлық, Шұқыршақ, Қарағай деген елдерден өттік.

Келген жеріміз тал-теректері аспанмен тілдескен, бау-бақшалы үлкен көше. Интернат-мектебіміз сол көшенің нақ ортасында. Тоғайда Алмалы дейтін өзені ағып жатыр. Бір мезгіл өзенге шомыламыз. Интернат жағдайы жақсы, үш мезгіл тамақ береді. Алты бала бір бөлмеде жатамыз. Тәртіпті балалар. Демалыс күні жақын мандағы тауға шығып, тамашалап қайтамыз.

Біздің апама, сұраған ағайын-туыстарға менен дұғай сәлем. Апам уәйім етпесін. Амандық болса, оқуды бітіріп, ойнап-күліп қайтармыз. Хат жүзінде құшақтап, бетіңнен сүйдім. Сағынышты сәлеммен ағаң Бердібек», – депті.

Әлбетте, жақсы көретін, жаны жақын ағатайымнан хат алғаныма қатты қуандым. Кітап арасына ұқыптап сақтап, оңашада көп қайталап оқып жүрдім. Мен де соған ұқсап, есейіп, елден алысқа ұзап адам болып елге, ағайынға хат жазып тұрсам деп, іштей армандап жүрдім. Сөйте жүріп, апыр-ай, өкімет қарамағына өтіп, алыстан сәлем хат жолдап жүрген жан ағам Бердібектің барып оқып жүрген интернаты қайда екен? Есейіп, жол білетін болсам, шіркін, іздеп барар ма едім, – деп армандадым.

Құдай бұйыртыса, адам арманы, табиғат жолы түзу ғой. Көп ұзамай, алыстағы екі ағам – қалада институтта оқып жүрген Сауқымбек пен белгісіз бір өлкеден сағынышты сәлем хат жолдап жатқан Бердібектің қайда екенін білудің де сәті түсті.

Сол отыз сегізінші жылдың жаз күндері де келіп жетті. Әкем колхоз ісімен қалаға жүргелі жатыр. Қос арба жегіп, оған астық артып, Шымкенттің базарына бармақ. Оны саудалап-сатып, колхоздың шөп машиналары мен қол күшіне аса керек боп жатқан көсеген, орақ, балта, шот, кетпен, күрек сияқты керек-жарағын алып қайтпақ. Осы арба-көліктермен ылдида Шошқабулақ дейтін жерге дейін, алыста, құлақ естіп, көз көрмеген Таскешу дейтін жерде «Бозарық» дейтін канал құрылысына «адам планымен» кеткендерге аспазшыларды алмастыруға өзімнің Қантай апам мен жоғарғы бірінші бригадтан Қанымай да бірге бармақ.

Үшіншіде оқу біткен, жазғы каникул басталған. Тас айдауға жетілетін қызыл қырманға дейін бірталай күн уақыт бар. Қалаға барудың, Шымкентте оқып жүрген сағынған Сауқымбек ағамды көрудің мынадай реті келіп тұрғанда, қалайша қалуым керек? – Барам, қайтсем де барам, қалмаймын, – деп әке-шешемнің алдында жер тепкілеп жылап, қатты шатаққа бастым.

Менің қайтпасымды білгесін шығар: «Жарайды, айқайынды тоқтат, тек мына түрінде кәйгіп барасың? Анау жабағының жалындай боп өсіп кеткен шашынды Әбітайға алғыз. Мына қарғаның тұяғындай көнтақа аяғыңды сабындатып, әпкелеріңе жуғыз», – деді көкем.

Әбітай міндетін әп-сәтте атқарды. «Мынадай шашқа жаман ұстара өтпейді, шашынды жақсылап қиып берем?» – деп, Күлдән жеңгемнің дәу қара қайшысын қолға алып кірісіп кетті. Алдыңғы жақтан төрт елі кекіл қалдырып, екі самай, төбе, желкені қолынан келгенше келістіре қасқалапты.

– Әзірше, осы жетеді. Қалаға барғасын сарт шаштаразға жөндетіп аласың, – деп жұбатып жатты Әбітай, айнадан ала қауындай ала-құла басымды көріп қынжылған мені. Жолаушылар жиналып, асығып жатқанда, өзіме оң көзімен қарамайтын тетелес Сейсен әпкем ала жаздай шаң мен тікен кешіп түйетабанданған аяқты қайбір оңдыртып жуатын еді? Шылапшын толы суға жалдатып, біраз үгіп көрді де, тек бет жағы боршып, түрпідей

түктенген аяқты талған қолдың шапалағымен бір ұрып, «Осымен болды, құры!» – деп жайына кетті.

Сонымен, маған деген көйлек-көншектің тәуірін киіп, қызыл ала өгіздер парлап жегілген, үстіне нән қазақы қаптар толы астық артылған Еркетай мен Әлібай көкелер айдаған қос арбаға қайқая мініп ап, кіші сәске кезінде алғашқы сапар жолға аттанып кеттік. Сол күні күйлі көлік, тоқтаусыз аяңмен ауыл ортасынан біршама ұзап та кеттік. Бердібек ағам хатта жазғанындай, жол-жөнекей Бесшоқы, Сарыойлық, Шұғыршақ, Қарағай дейтін елдерден өттік. Көліктер шаршап, қиналмасын деп Сарыойлықта түстеніп, өгіз шалдырып, Қарағайда өзен жағасы көк шалғында түнеп, сол Қарағайдағы «Қытайыпке» дейтін орыс ауылы кәпірәтівінен жолға деп, тәтті пешени алып, көкемдер өгіз арбасының бетін бір таусылмайтын ұзын жотаға бұрды.

Арба донғалақтары әндете шиқылдап, атан өгіздер аяғын теңселе басып, үлкен сәске шағында күнбатыста көрінген биік дегелеңге көтерілдік.

Ол биікті білетіндер Шоқан асуы дейді екен. Сол биіктен айнала жер өңір, арқа жағымызда – Қосмола, Ақшоқы, күнгеі бетте – Боралдай, Қостұраның шыңдары, теріскейде Бозбұтақтың көкжал қалың таулары көрінді. Былтыр Жолдас, Сұлтан, Оразалы көкемдер, Тазакүл апамдар тау жолы құрылысына қатысып қайтқан Байжансай кені сол шетте. Япыр-ай, мынадай құз тауларды бұзып, жол салып жатқан неткен күш деп, көк аспанның астында көгілдір мұнар құшқан тұл табиғатқа қызыға, таңдана қараймын.

Мына камшылар жақ терең-терең тау аңғарында көк желек бау-бақшалары қарауытып ел мекендері жатыр. Сол жаққа жалтақтап қарай бергенімді байқаған көкем:

– Сенің алыстан «сағынышты сәлем хат» жазып жатқан Бердібегің оқып жатқан ано-оу көрінген Орловка, – деп бұған шейін маған жұмбақ, бейтаныс ел тарабын иегімен нұсқады.

Расы керек қой, өзім қиыр шеттегі кішкене ауылда жүріп, алысқа өкімет қол астына оқуға кеткен сүйікті ағамды зәулім үйлері қатар түзеген, үлкен бір қалада екен деп жүргенімде, ол бір тау ішіндегі өзіміздің ауыл іргесіндегі Бесшоқы сияқтанған жай бір мекен екеніне және оның оншалықты алыста емес, аттылығы түстік жер, бар болғаны отыз шақырым жердегі орыс селениесі екеніне іштей қоңашсып қалдым, «Мейлі ғой, деймін іштей, – оқуын бітіріп елге келсе, бұрынғыдай Талды мен Қошқардың тоғайларын шарлап, қармақ салып соңынан шұбыра ілесіп жүрсек», – деп өткен қызық күндерімізді елестетемін.

Иә, сол Бердібектер Орловкада, интернатта бес кластық оқуын да бітірді. Алтыншыға өткенде, сол отыз сегіздің күзінде Бесшоқыда жаңа салынып жатқан қазақ, орыс, аралас орталау мектебі ашылып, ортамызға қайтып оралды. Туған жер, өскен ауыл, қаймағы бұзылмаған таза табиғат ішінде қыр мен ойдың қызығын көріп, сайран салар өмірдің шегі болар деп, алаулаған бала көңіл қалай ойласын ол кезде. Әттең, сол Бердібектер аман жүргенде, қандай адам, қандай азамат болып өсетін еді. Дәл бір солардың өрімталдай өсіп-өніп, енді жетіліп келе жатқанын көре қалғандай, олар он жетіге енді толып, ауыл мектебін бітірген тұста бар ғаламның астан-кестенін шығарып ұлы соғыс басталды. Елдің бар азаматтарын түгелге дерлік көтерген әйгілі 42-нің сұрапылды көктемінде буынып-түйініп жатқан ағасы Қожатайдың: «Жассың ғой,

қарағым», – дегеніне көнбей, «Комсомол белетім қалтамда, он жетіге толдым, мен сенен қалмаймын, көке», – деп Бердібегі туған ағасымен бірге кетіп еді.

«Мен Берлинге дейін барып, ана Гитлердің көртышқанның тұмсығындай істиген мұрнын бұзамын», – деп дәл бір базарға кетіп бара жатқандай кеңкілдей күліп, оны қимай қоршап, қасына үймелеген бізді әлденеге алдарқатып, жұбатып кетіп еді. Ұзап кеткен ат-арбалы сарбаздар керуені соңынан асау құнанын ала-құйын шабысқа салып, құйындай ұшқан жас ұланды ақыры, ақтық рет көз ұшына ұзатып қала берген едік.

Бір өмірдің шекері мен заһарын мильқтан татқан Қожатай көкеміз арзан сөзге жоқ, өр мінезді, өткір тілдің адамы еді. Жаңа заман таңында ерте оянып, ел ағарту, білімнің жолын қуып, сол білім қуатын елде жаңа көтеріліп келе жатқан жас өскінге жұмсауды мұрат тұтқан жігерлі азамат өзіндей әуелгі толқын ішінде талай ел, талай жерді шарлапты. Алматыда оқуда төңкерістің қызыл сұңқары Сейфоллаұлы Сәкенмен таныс болып, оның жалынды сөз – лекциясын тындапты. Сәкенге деген сол өшпеген сүйіспеншілігі болар, Сәкеннің күні батып, таңы қайта атпаған кешегі тар дүниенің өзінде Қожатай аға желкеден төнген заман қылышынан жасқанбай, Сәкеннің «Бір жаралы лашын құс» әнін қоңыржай бір жайлы-жайсаң даусымен ыңырана толқып, толғайтын еді.

– Шіркін, Сәкен, келбеті қандай еді! Аудиторияда күткен тыңдаушыларының алдына келіп, қырық бес минут сөйлегенде, қыры қылыштай қара шалбарын сындырып, бір минут те үстелге тізе бүкпейтін еді. Сәнге ұстап жүретін кішкене сырлы таяқшасын секірте қақшып, аяғын тық-тық басып, опера үйі алдынан шығысқа қарай көсілген Калинин көшесін бойлап, еш жаққа мойын бұрмай, қасқайып кетіп бара жатқан оны көрген жұрт тоқтай қалып сыртынан қызыға қараушы еді.

Сол Сәкенді көрген, оның өмірбақи әнін айтып, есімін қастерлеп өткен Қожатай аға жастық шақта Жуалыда Бауыржанмен қатар жүріп, Шымкентте Аймауытовпен талай-талай кездескенін, Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» романындағы ғашықтықтың өртімен Мүсәпірдің (Мұстафа) миын мылжалаған Бүркітті (Сұлтанбекті) қалай сөйлетіп, аңыз оқиғаның бас қаһарманы аузынан ақиқатты білгенін, өткен өмір, кешкен күндер елесін көз алдымызға келтіріп жыр ғып айтар еді.

Бәлкім өзі көп көріп, өмірдің қара қасіретін көп тартқандықтан шығар, соңынан ілескен жалғыз жеткіншегінен көз алдында айырылып, сол қан-қасіретті сапардан жаны жаралы, жүрегі қаралы қайтқан ағаның мына әділетсіз дүниеге айтар өкпе-назы көп еді.

– Бердібегім, жалғызым, – дейтін Қожатай көке, кейде көз-көкірегін қысқан шер тиегін ағытып: «Көке, мен өзіңнен қалмаймын» деп қайда барсам, қасымда жүрді. Өлі иегінен қылтанағы көрінбеген жуадай жас баланың маған телімді мән-жайын көрген командирлер аяп, оны менен ажыратпады, майдандағы армия құрамына бірге келіп, ақырғы сәт, соңғы минутқа шейін бір батальон, бір рота, бір взводта жұбымыз жазылмай бірге болдық. 42-нің сұрапыл сұмдық күзінде, терістік Дон, Воронеж батысында үлкен шабуыл кезінде көз алдымда оққа ұшты.


Алды-артымыздан гүрсілдеп, жермен қосып, адам денесін де аспанға атып жатқан

бомбалар мен снэрадтан бас көтере алмай жатқанда, небэрі арқан бойы жерде Бердібектің «көке!..» деген жан даусы естілгендей болды. Көкала түтін ішінен бас көтеріп қарасам, атойлап келе жатқан жазған бала, жау шебінің алдына кесе-көлденең тартылған тікен сымға етпеттей құлап, кеудесін алға бере, сымға асылып қалған екен. Дәл бір құны кеткендей, жау оқ боранын соған қарай боратып жатты. Өлсем бірге өлейін деп, орнымнан тұра ұмтылғанда, қарсы алдымнан түскен ауыр жарылыс толқынынан топыраққа көміліп, ес-түссіз, таскерен, меңіреу халде қоршауда тірі қалғандар ішінде жау қолына тұтқынға түстім.

Жазмыш ісіне амал не, құлыншақтай шапқылап соңымнан қалмаған қарашығымға қол ұшымды беріп, бір уыс топырағымды да сала алмадым. Ес-түсімді Кременчук тұтқын лагеріне апарып тастаған жерде білдім. Содан арғы қияметтің несін қозғайын... Бәрі көруге жазған адам басынан өтер-кетер тағдырдың ісі.

Қос арба доңғалағы тынымсыз шикыл қағып, асудан асып, алыстағы ел шетінен ұзай түсіп барады. Алда қалаға дейін, мына мимырт жүрісте әлі де үш күнді алатын беймәлім жол жатыр. Ол одан әрі – айларға, жылдарға, дауылды да дабылды ұлы замандарға ұласатын ұланғайыр ұзын сапардың дамылсыз бала жүрегіне еншілеген үш күні ғана...

*Балабөген – Алматы,
тамыз, 2004 ж.*





МӘУЕ ТЕРЕ БАҒАНДА

Алыстағы майданнан азалы хабар бергендей сұрапыл соғыстың алғашқы қысы жылы жақ — оңтүстікке де тым ерте түсті. Қарашаның ортасында басталған қарлы боран ұзақ күндер мен түндер толассыз соқты. Күнгейлі Қаратау өлкесін тұтастай қалың ұлпа қар жапты. Күн аяз. Мектеп іші суық. Жылдағыдай отын жеткізетін азамат ағалар түгел майданға аттанған. Алыста, батыс майданда, Москва бағытында теңдесі жоқ ұлы шайқас жүріп жатты. Алматыда жасақталған генерал И.В.Панфиловтың 8-ші гвардияшы дивизиясы құрамындағы Б.Момышұлы басқарған гвардия батальоны асқан ерлікпен шайқасып жатқан күндер еді. Бесінші класта кезекті сабағын өткізуге келген жетекші мұғалім Мырзайым Қарақұлова апайымыз: Балалар, бүгінгі сабақты “Қазақстан ұлдары Отан соғысында” атты әңгімемен аяқтаймыз. Жоғарыдан келген хабарға құлақ ассақ, мындаған жаралы жауынгерлер шығыстағы қалаларда, әскери госпитальдарда жатыр. Оларды тез емдеп, жазып, қатарға қосу үшін тау бұлақтарында өсетін аса шипалы шиповник (қазақтар оны өуелмұрын дейді) мәуесі аса пайдалы депті. Боралдайдың тау бағбаны, орманшы Орақбай атайдың айтуынша Сенгірдің баурайындағы Бұғамал, Кенелдіктің шатқал сайларында қалың өскен шиповник мәуесі бүгінде уылжып піскен, тұнып тұрған көрінеді. Ертең ертелетіп мәуе теруге шығамыз. Жиналған мәуені өз қолымызбен майдан госпитальдарына жөнелтеміз. Жылы киініп, бір күндік ас-азықтарыңмен келіңдер”, — деді.

Бұған біз қатты қуандық. Майданда жауға қарсы Отан үшін ерлікпен соғысып жүрген жауынгерлерге, госпитальдарда жаралы жатқан көкелерімізге қол ұшын беріп көмектесу — әрқайсымыздың арман-мұратымыз еді.

Алғашқы сапарымыздың өзірлігін жасап, ертеңгі күнгі белгісіз тау табиғаты мен оның қиын соқпақты жолын, мәуе терудің қызулы қызығын ойлап, ұзақ түннің көп мезгілін ұйқысыз өткіздік. Таң шолпаны шығыстан бой көтергенде “Елдос, тұр айналайын” деген көрі әжемнің жайлы даусы естілді. Арада аз уақыт өткенде Мырзайым апайымыз бастап, Бестаудағы мектеп ауласынан жолға шыққан ұл-қызы бар 17 оқушы, әлдекім аттылы жүргіншілер омбы қарды бұзып салған жалғыз аяқ сүрлеуде тырнадай тізіліп келе жаттық.

Алды өр, орманды тау тарабы — Боралдай бұл жақтан едәуір қашық, он шақырымдай жер. Қалың қарлы тар соқпақпен бару жаяу жолаушыға оңай емес. Ересек-естияр балалардан Құрманбек, Асқар, Тұрғанбектер кезектесе алға шығып, жол бастап, асудан асып, мезетті жер — Бұғамал шатқалына түс мезгілінде жеттік.

Тау өзені Боралдайдың қалың мұз өткелінен өтіп, шатқал ішімен біршама жүргенде өрге тартқан шатқалдың өн бойында ақшағыл ұлпа қарға төнген қоңырқай қалың бұталарда сағасынан иіліп, мөлдірей тұнып тұрған шиповниктің қан-қызыл мәуесі де көзге оттай басылды.

Шатысып-бытысқан қалың бұталарды айнала тұра қалып, уылжыған жемісті таласа-тармаса теріп, ыңғайлы ыдыстар — себеттер мен дүңгіршектерге сығап жаттық. Арада қалың қарбаласта біршама уақыт өткенде ыдыстар да толды.

Ызғарлы, сұсты тау табиғаты қатал. Жеміс терудің қызығында қыстың қысқа күні өте шығыпты. Кешке таяу айнадай ашық аспан жүзі бұлынғыр тартып, төбеден төнген Сенгірдің құзар шыңын сұрғылт сұсты бұлт тұтастай тұмшады. Әлдебір көрінбейтін құдірет сыбызғы-сырнай тартқандай ызыңдатып, әндетіп, ызғарлы жел көтеріліп, батыс тараптан қиғаштай соққан қарлы боран басталды.

Құбылмалы қыс күнінің мынадай қауіп-қатерін ойласа керек, мұғалім апайымыз балаларды тез жинап, аттарын атап, түгендеп, таяу маңдағы құзар шың баурайында ежелден саяткер-құсбегі, аңшылар аялдайтын тас үңгірге бастады.

Үңгір – кіреберісі ашық, іші кең, айналасы берік тас қорған. Осындай қысыл-таяң сәтте адамға арнап шебер табиғат өзі қолдан жасап қойғандай еді.

— Енді бізге отын керек, балалар. Тез құрғақ отын жинап алайық, — деп, бір топ ересек балаларды бастап апайымыз таяу маңдағы өзен аңғарына, қалың қарағаш орманына кетті. Бұрқасын боранмен арпалыса жүріп, олар құрғақ ағаштардан едәуір отын жиып келді. Сөйтіп жүргенде тау ішін қою қараңғы түн пердесі жапты.

Айнала сыңсып, бір мұнды әуенге басқан тұңғыық түпсіз дүние. Мың сан көрінбес көмей қосылып, сыбызғы-сырнайын тартып жатқан сияқты. Дүлей дүниенің зарлы әуеніне жақын маңайдан аш қасқыр көмей-кернейден созып ұлыған қаралы үнін қосты.

Ол кез елде сіріңке тапшы. Арамызда темекі шегетін жан баласы жоқ. Тек сәті келгенде әбжел, пысық естияр бала Құрманбектің қойын қалтасында қол орамалға орап, әлдеқалай сақтап жүрген шақпақ тас пен от берер оттығы бар екен. Бармақ басындай өсіл кескірдің қырымен шақпағын соғып, шоқ тұтатып, тараштап қаластырған тамыздыққа от берді. Енді қу ағаштар маздағы лаулап, қараңғы үңгір ішін қызыл күрең от сәулесі жайлап, қоналқы орнымыз өзінше бір көңілді күйге ұласты.

— Ел кісілері іздеп келер болса, бізді осы от жарығымен табар. Келмесе, таңның атуын осында күтеміз. Түн ұзақ, біз бүгінгі күн кестесі бойынша өтетін өн сабағын бастаймыз. Қане, қыздар, алға шығындар, — деді апайымыз қос-қабат қатарымызды түзеп тұрғызды да, — бүгінгі өн сабығымыз — өткенді қайталау. Валентин Катаевтің “Метелица” шығармасынан Дон казағы жесірінің өлеңі. Ал қане:

Кетті казак соғысқа,
Үйге тастап әйелін.
Үйге тастап жас жарын,
Жас қызын, жас бөбегін.
Содан бері жылдар өтті,
Майдан кеткен атты казак.
Барлығы да қайтып келіп,
Үйді-үйіне кетті тарап.
Бірақ біреу қайтпай қалған,
Өзгелердің бәрі қайтқан.
Менің асыл жігітім ол,

Әлдеқашан... қаза-а-а тапқан!.. Айнала түнек түн. Ысқырған ызғарлы қарлы боран. Көп дауыс қосылып, баяу бастап, алыс қиянға қанат қаққан қоңыржай зарлы да, мұңлы өн. Ол екінші рет әуелей шалқып, қайта толқыды:

Үйге тастап әйелін,
Үйге тастап жас жарын.
Жас қызын,
...Жас бө-ө-өбе-гі-і-ін!
Бірақ біреу қайтпай қалған,
Өзгелердің бәрі қайтқан.



Менің асыл жігі-ті-ім, ол —

Әлде-е-қашан... — деп өрлей қанат қаққанда алдыңғы қатар ортасынан сымбатты қыз Сынжанның даусы дірілдей толқып, тұншығып, бір сәт тоқтап тұрды да, егіле бүгіліп, өксіп-өксіп жіберді.

Алыстағы майдангер әкесінен жақында қаралы хабар келген, жас жүрегі жаралы, көңілі қаралы Сынжанның мұңлы да зарлы үніне онымен қатар жүрген барлық қыздар дауыс қосты. Құзар тау, дүлей дүние ішіндегі ән сабағымыз қайғылы жүректің ыстық жасымен жуылды.

Енді апайымыз бастап, бөріміз айнала қоршап Сынжанды жұбатуға кірісіп жаттық.

— Қой, Сынжан, айналайын! Көкең сенің тірі. Қаралы хабар келгендерден хат та келіп жатыр. Әлі-ақ қуанышты хабары да келеді, — деп Мырзайым апай ән сабағын әлгі әсерлі-сазды әуенде айтылатын ауыл қыздарының жаңа өлеңіне бұрды.

Ал, қане, енді “Көкеме хат” атты өлеңімізді айтамыз:

Алатаудың аршасы-ай,
Басына бұлбұл қонсашы-ай.
Майданда жүрген жан көкем,
Жауды жеңіп келсеші-ай!
Ақ көйлегім жеңі тар,
Жең ішінде хаты бар.
Хатын ашып қарасам,
Жан көкемнің аты бар.
Ақ көйлегім етегі,
Көлең-көлең етер ме?!
Майданда жүрген жан көке,
Тілипон ұрсам жетер ме?!

Көп дауыс қосылып, тас үңгірдің ішін күңіренген өнге бөлеп, сан рет қайталап шырқаумен ұзақ түннің ортасы болған бір шақта кенет жақын жерден әуіпдеп үрген ит даусы, оған қосылып тау ішін жаңғыртқан айқай естілді. Арада санаулы минуттар өткенде омбы қарды бұза жарып бір топ аттылы кісі де келіп жетті. Бұлар мәуе тере тауға кетіп, боранды түні дүлей ішінде қалған жас шәкірттерді іздеп шыққан Дүйсебай, Әлжан, Қырықбай, Құралбайлар бастаған Бестаудағы үлкен ауылдың бір топ қарт аталары еді. Қаһарлы жыл, қарлы қыстың бұрқасынды боранға ұласқан қызыл мәуе сапарын осылай өткізген жас ұландар аталар бастаған бір көш боп қайтар асудан асқанда, кенет дүлей дауыл да толастап, аспан жүзі айнадай ашылды. Алыс зеңгір аспанда жарық жұлдыздар ерекше ақ алмастай жалтылдап, жымың қақты. Кешікпей аңғардағы ауылдың қарауытып түнгі сұлбасы да көрінді.





ЖИҒАНДЫ КЕЗГЕН ҚАҒАРМАН

(Ақырғы айқас)

Айдынын бұл жаһанның араладым,
Асылын саусақпенен сараладым.
Қаншама көркем дүние көрсем дағы,
Жаннатты туған жердей таба алмадым.

Қажымұқан


Ғаламды дүрілдеткен соғыс дауылы батысқа жөңкіліп, жеңіс таңы алыстан шаң берген 1944 жылдың көктемі еді. Тау мен дала балауса гүлге оранып, ұлы күндерге шашу шашқандай ерекше түрленген сәуір айының орта тұсы болатын. Қиян шеттегі ауылда үш жылдай жанталас тірліктен арып-ашқан бірер жасөспірім алдағы күнімізге үміт артып қалаға келдік. Газет хабарында жазғандай мұғалімдер институтының алты айлық даярлық курсы мен кейбір қысқа мерзімді мамандық мектептері жеті класты бітірген жастарға есігін аша бастапты.

Шіркін, қашан болса да махаббат көркі көмескі тартып көмкерген Шымкентіміздің көктемгі келбетіне не жеткен. Барша көшелердің бойында жаңа гүл төгіп жас жапырағы жайқалған зәулім шынарлар мен таласа иін тірескен ақ терек, көк теректері кіршіксіз көк аспанға қарай бой түзеп, қаздай тізіліп сыңсып тұр. Астан-кестен дүниеден бейхабар, бейне бір ұжмақ аралы сияқты.

Ол күндері ең сәулетті Совет көшесімен қанаттас орталық паркке кіреберіс кең қақпаның жанында көлемі үй қабырғасындай кере тартылған кенепке қолдан сызылған еліміздің Еуропа бөлігінің үлкен картасы тұрар еді. Әр күні жаудан босатылған қалаларға жаңадан қызыл жалауша шаншылып қойылар еді. Майданнан жаңа, жақсылық хабар күткен халық ертелі-кеш сол картаның алдында жабырласып жатар еді.

Бір күні қалың жұрт жана ілінген бір ғажап жарнама алдында таңырқап қалыпты. Ол аса зор рамаға кере тартылған полотноға түсті майлы бөяумен баттита кеп салынған бір ғаламат тұрпатты алып адамның суреті. Сурет болғанда кәдімгі ер тұлғалы ірі палуаннан гөрі – баяғының ертегісінде айтылатын тауды төңкеріп, емен ағаштарды тамырымен қопарып тастайтын жалғыз көзді диюларға ұқсайды. Танданған жұртқа денесінің бұлшық еттері төңкерген қазандай болып, бөлек-бөлек ойнаған арыстан пішімді бір керемет екі қолымен әрқайсысы қара қазандай екі гирді аспандата көтеріп, талтая шабынып қарап тұр. Сурет астында орысша «Хаджи-Мухан – чемпион мира по французской борьбе» деп бадырайта жазыпты да, ойын болар орны мен күні көрсетіліпті. Соның ертеніне қаланың орталық көшелерінде ақ мата, көк маталарға «Хаджи-Мухан, Қажымұқан» – деп жазылған транспаранттар қаптап кетті.

Соғыстағы жеңістермен еңсесін көтере түскен қала жұртына, әсіресе алыс аудандардан келген оқудағы жастарға мына кереметті көру бір мерей сияқтанды. Қанатын кір шалмайтын балалық қиял шартарапқа шарықтап, көшені бойлай оқуға келе жатырмын. Көз алдымда аңыздан да биік мификалық қаһарман – Қажымұқан тұлғасы, көкейімде



өнеу бір жылы, тым балауса шақта, ауылда үлкендерден естіген Қажымұқан есімі, оның көдімгі адамға емес, әлде не кереметке ғана бітер алапат күші.

Соғыс алдындағы жайлы жыл, жайма шуақты күндердің бірі еді. Жер көктеген көктем мезгілі. Ортасында колхоз бастығы Онғарбаев Мырзаш ағай бар, біраз ақылгөй қариялар, бел буған келін-кешек аралас тау ауылының өңкей сақадай жігіттері жабылып, көк мектебіміздің таяу маңында жер қопарып, жол салып жатты. Жақын маңда ашық далада қатар қазылған жер ошақтарда от жанып, онда асаршыларға деп сойылған қара серке мен нән қазан бидай ботқа бүлкілдеп қайнап жатыр. Көңілді жастар арасы әзіл-ажуа, шулаған күлкіге толы. Бес-алты жігіт «әуп-па, әуп-па» десіп, қазған жолдың ұлтанынан табылған қалыңдығы бір кез, көлемі есік пен төрдей бір нән сартасты аудара алмай жатыр.

Жер астынан табылған жалпақ тасты көріп Мырзаш ағай қуанып кетті. «Ту, мынау бір табылған олжа болды, аударындар да, көтеріп анау терең арнаға жеткізіндер. Түп-тұтас күйі, арнадан арба өтетін көпір ғып саламыз, көне, келіндер, жабылындар жігіттер», – деп айқай салды.

Қалың топтан жұптасып сегіз жігіт шықты. Ал кеп көтер, кеп көтер. Сары сендей сірескен алып тас мыңқ етер емес. Іріктеліп, он екі, бұдан соң он алты жігіт шықты. Ата-баба әруағына сыйынып, айқайға басып, ышқына жанталасты. Тас мызғымады. Шектен тыс зорланып, нарттай қызарып кеткен жігіттер мандайларынан мөлтілдеген терді білектерімен сыдырып, шарасыз халде тұр еді. Қалың топтан: «Пай-пай, шіркін-ай, дәл осы жерде жердің тұтқасын іздеген Әжімахан-дәу болар ма еді», – деген әлде кімнің даусы естілді. Жұрт жалт қарады. Сөйлеп тұрған бұл дүниеде білмейтіні жоқ, тақылдаған шешен Шәуеннің Әбітайы екен.

–Ой-хой, – десейші, ол дегенің пайғамбардың қызы Бибі-Фәтимамен бәстесіп, қырық күн күрескен Әзіреті Әліден кейінгі Адамзаттың алыбы екен ғой, – деп Мырзахметтің Пірмені жаңа тұтанған Әбітайдың сөзіне май тамызып жіберді.

–Ия, ол солай, бұл дүниеде күш иесінен Әжімаханға тендесетін адам жоқ, бір қолымен шірей тартып отарбаны жүргізбей қояды екен. Кеудесін көпір ғып үстінен аптәмөпіл өткізеді екен. Оның зұлмат күшіне танданған елге – «Шіркін, мына жердің тұтқасы бар ма екен, егер болса сол тұтқаны қолыма ұстатса, осы тұрған жерінді төрт айналдырып орнына қояр едім», – депті.

–Ойпырым-ой, сұмдық-ай, сабаз-ай! – деп танданып, жамырасқан жұрт Әбітай бастап берген аңыздай әңгімені бір-бірінен асырып, талай жерге жеткізіп тастап еді-ау, сонда. Бала қиялы сан-саққа шырқап бөйіз таппайды. Қайда сол Әжімахан. Бар ма екен ол, мына шексіз өмірде. Бар болса көрер ек, білер ек. Тек үлкендердің бізді еліктіріп, алдап, ойдан шығарған ертегісі шығар...

Сөйтсек, сол Әжімаханымыз, алыс ауылдарда мификалық күдіреттің ғажайып туындысы, эпостық аңыз-жырлардың қаһарманы сияктанып ел аузында жүрген Әжімахан атамыз көкте емес, жерде екен. Ұлы дәуірдің көшімен бірге келе жатқан халықтың адамы, ардагер замандасымыз екен. Енді сәті түссе қияли қаһарманды өз көзімізбен көретін сияқтымыз.

Түстен кейін жатын орнымызға енгігіп Елшібай келді. Ауылда мектептес, қатарлас жүретін аталас ағайыным – енді қалада есепшілік курста оқып жүрген Төттібайдың Елшібайы – Қажымұқан ойынының хабарын естіп есі шығып кетіпті.

–Орталық паркте, алдағы жексенбіде, жазғы театрда, кешкі сегізде басталады екен. Бүгін билет сата бастапты. Алдыңғы жағы елу сом, ортасы қырық, кейінгі жақ отыз сомнан екен. Қане кеттік, қалып қоймайық, – деп ентеледі.

Елу сом... бір кило нанның пұлы. Не тәйірі, күн түгілі апта бойы нан жемей аш жүрсек те, қажы атаны көруге тиіспіз ғой, әрине. Асығып қассаға келдік. Жалынып жүріп төртінші қатарға қол жетті. Қуанышымыз қойнымызға сыймай жүр.

Күткен күн, күткен сағат та жетті. Қалың үйенкі аясында айнала қабырғасы биік қып тақтаймен қоршаған, төбесі ашық жазғы театрдың іші аптығып жеткен адамдарға

лық толған. Аралық жақтау, өтер жол үсті иін тіресіп түрегеліп тұрған жұрт. Айнала биік ағаштардың бұтағына шығып, құсша қонып алған майда балалар қаншама. Құс базарындай шу-шу, гу-гу бас айналдырып, құлақ тұндырады. Барша жұрттың көзі төбеден құйылған прожектор нұрына шағылып, құбыла-құлпырып тұрған сахна шымылдығына кадалған.

Сырнай мен кернейден талмаурап сыңсыған бір нәзік музыка сазы естілді-ау бір кезде. Сол сазды әуенге тербеліп, барқыт шымылдық та қақ жарылып сырғып барады. Дуылдаған жұрт та қол соғып, тұнық ауаны қақыратып жіберді. Бірақ, кілем жайылған сахна айдыны бос еді. Жақтаудан жайлап басып аяғына баяғының қайқы тұмсық өрнекті көк етігін, зерлі жағалы барқыт бешпентін, басына сусар бөрік киіп, белін жалпақ кемер белдікпен буған қапсағай денелі келісті кісі шықты. Сілтідей тұнған жұрт күбір-күбір, сыбыр-сыбыр боп кетті.

—Уоу, Қажымұқанымыз осы ма?

—Жоқ ойбай, бұл өртіс. Сағидолла Ерғалиев дейтін өртіс.

Сол Сағидолла ағай саңқылдағын зор даусымен жұрт алдына әлемнің қаһарман адамы, тендесі жоқ палуан, французша күрестің дүниежүзілік чемпионы Қажымұқанның келіп тұрғанын хабарлап, Қажекен келер жаққа қарай бұрылды, оң қолын кеудесіне басып, сәмбідей иіліп тұрды. Сыңсыған сырнай әуені, шулаған ел, дуылдаған, дүрілдеген қол соғудың толқынында жылжып көшкен таудай болып, үстіне тобығына түсіре туырлықтай мол жұқа қара шапан жамылып, қызыл шоқыдай тап-тақыр жылтыр басы прожектор отымен жарқырап, теңселе басып келе жатқан Қажымұқанды көрдік. Ол сахнаның қақ ортасына келіп тоқтады да, шоң желкесіне тұтас орнаған шоқыдай басын сәл иіп көпке сәлем берді. Нар кеудесін көтере беріп соншалық шапшаң қимылмен үстіндегі жамылғысын сыпырып, Сағидоллаға қарай лақтырып жіберді. Енді алдымызда ұзақ өмірдің өлшеусіз жүгін көтерумен талмаған, қайыспаған қара нар — алып тұлғасы арса-арса болып болбыраған қара шал тұрды.

—Қажекен бірінші кезекте күш өнерін бимен көрсетеді, — деп хабарлады хабаршы. Баяу басталған сазды әуен сыңсып тұр. Әуен толқынында Қажекеннің болбыраған тау денесі шиыршық атып ширығып, әр мүшенің бұлшық еті жеке-дара тас түйін боп жиылып, білек еті ән ырғағымен бүлкіл қаға бастады. Балтыр еті, білек еті, төс еті бір орнында ойнақшып, көрінбейтін бір құдірет бүлқиндырып жатқандай. Сол би ырғағы, ән толқынына бағынған алып тұлға, өзіне ғана тән ғажайып сырлы қимылмен барша жұрттың дүрілдете қол соғып дуылдаған қошаметі үстінде, өз орнында өкшесімен ырғалып бір айналып шықты да тағзым етті.

Екі жігіт екі жағынан көтеріп, ұзындығы төрт құлаш жуан бөрене мен жуандығы білектей ұзын темірлерді сахнаға әкеп тастады. «Сегіз жігіт шықсын сахнаға» деп айқайлады хабаршы. Мықтымын деген сегіз кісі төрт-төрттен бөлініп, бөрененің екі басын қолтықтай, қапсыра құшып сіресіп тұрды. Музыка ырғағымен алшандай басып келген Қажекен еңкейе беріп, бөренені сегіз адамымен иін ағаштай иығына іліп ап, әуіп тұрып кетті де айналдырып кеп жөнелсін. Кәдімгі карусель. Әрбірі бес бұттан кем соқпайтын сегіз адам бөренеге жармасып шыр айналған алыптың иығында қалбандап ұшып жүр. Кейін білдік, бұл дегеніміз Қажекен көрсетпек болған күш өнерінің ең жайлысы да жеңілі екен.

Екі жаққа төрт-төрттен бөлінген осы сегіз жігіт енді жуандығы бір дүйім, ұзын жұмыр темірді алып келді. Оның қақ ортасы алақандай ғана ақ орамалмен оралды. Сол оралған жерден темірді нақ тақыр төбесіне қойғызған палуан қасқая тұрып ап, — көне басындар төмен, — деп күркіреді. Өз салмағына күш салмағын қосқанда тоннаға жуық тартатын сегіз жігіттің серпін тегеуріні не қойсын. Лом темір сықырлай түсіп, иіліп, екі басы сахна еденіне барып тірелді. Доға боп иілген лом аспанға көтерілді. Нар түйедей қайыспаған Қажы-ата, дуылдаған, уралаған халыққа еңкейіп басын иді. «Көріңдер, міне» — деп тұрғандай. Өлдекім шыдай алмай еніреп жіберді. Кәрі емендей сірескен жуан мойынға



үйлесім тауып жатқан, жарасқан Қажы-атаның басының шоқыдай болған төбесін кара темір қанталата қак бөліп, терең із тастап жіберген екен.

Сұрапыл-сұмдық күшпен басқа қойып доғаша иілген сом темірдің порымына қарай Қажекең орындаған бұл номер «доға» деп аталады екен. Екі жақтан шыға келген жігіт Қажекеңнің қос самайы, маңдайынан мөлтілдеп бұлақ боп ағып, шор-шор тұла денесін жуып бара жатқан жантерін екі жақтан ақ орамалмен ысқылап сүртіп жатқанда, хабаршы, — ендігі номер «шығыр» — деп айқайлады.

Әлгіндегі сегіз жігіт тағы да ұп-ұзын боп солқылдаған сом-темір алып шықты. Темір енді Қажекеңнің көк желке, кара құсына қойылды. Төрт-төрттен екі бөлініп, темірді кеуделерімен тірей алға ұмтылған жігіттер. Абайсыз тұрған Қажекең бір сәт алға қарай тәлтіректеп барып тоқтады. Енді ол бөренедей екі қолын қанаттай жайып жіберіп, темірге асып, Әуіп, пірлерім қолдай гөр» — деп күркіреп, кейіншектен серпіп кеп жіберді. Екі жақтан алға, ортадан артқа серпілген сұрапыл күшке шыдас бермеген көк темір дәл ортасынан майысып, палуанның жуан мойнын орай, екі жағына шығыршықтап айқасты. Енді ол мойнын орап айқасқан темірді екі қолымен жазынқырап жіберіп, қамыт сияктандырып басынан суырып, қос қолдап жоғары көтеріп, сахнаны бір айналып шықты да, шетке қарай лақтырып жіберді.

—Ее, бұл-бұл ма, қызығы да, сұмдығы да алда, — деп дүрлігіп жатты әлдекімдер арт жақтан.

—Тас, тас келтіріңдер, — деп айқайлады хабаршы. Төрт жігіт қолдарындағы білектей-білектей лом темірлерімен нән кара кебежедей күрең шомбал тасты дүңк-дүңк аударып әкеле жатты. Әлгінде астан-кестен дүрілдеген қалың жұрт енді не боларын күтіп, сілтідей тынды.

Бұл кезде Қажекең сахнаның дәл ортасында, жайылған кілем үстінде көлденен шалқасынан түсіп тас әкелушілерді күтіп жатқан-ды. Міне енді бақандай төрт жігіт әлгі нән тасты палуан кеудесіне көтеріп қоя алмай, қи аунатқан қоныздай тырбандады. «Әкел мұнда» деп күркіреген Қажекеңнің зор даусы естілді. Тас бөренедей боп кілем үстінде созылған Қажекеңнің оң қолының үстіне құлатылды. Ол «Әуіп-пірім» деп бұлқынып кеп қалғанда әлгі тас Қажекең кеудесінде ойнақтап жатты.

Арғы жақтан сабы сала құлаш жарты бұттық дәу балғасын сүйретіп қарағаштай қатқан жағы қырғыштай ұзын бойлы бір корей жігіт келді. Ол мына Қажекең төсіндегі нән тасты анау балғасымен соғып қиратуға тиіс. «Ұр» — деген командамен бірге әлгі соққыштың балғасы жарқ етіп тасқа тигенде одан нажағайдай жарқ етіп от шашырады. Ал кеп соқ, ал кеп соқсын, гүрс-гүрс. Нар кеудеде қанбақ ойнап солқылдаған кебежедей күрең тас мызғыр емес. Балғашының қары талса керек бір кезде. Жаңсақ сілтенген балға бірде мына шетін, бірде ана шетінен тиіп, айналасына жарқ-жүрқ от шашып, екі шынтағын кілемге тіреп, сіресе ұстап жатқан Қажекең құшағында байыз таппай, — теңселе ойнақшып кетті. Қырқырай, ыныранған дыбыс естілді.

—Тоқтат оңбаған, жоғал, — деген айқай естілді арт жақтан. Бір аяғы кара санынан жоқ, балағын белдігіне қыстырған әскер формасындағы бір майдангер орыс жігіті тотияйындай екі көзі шатынап, қос балдақты тоқылдата басып, өршелене ұмтылып келеді екен. Оның жолын милиционер кес-кестеді. Ысқырық шалынды.

«Ұр» деген команда қайталанды. Тағы да гүрс-гүрс, тағы да жарқ-жүрқ ұшқан от. Балғашы қалжырап, талған сайын, балғасы да сандалып ауытқып тие берді. Қажекеңнің шыдамы таусыла керек, «Ей, дәлдеп, жөндеп ұр, қап мына ит» — деп күркіреді. Бір кезде ол сол жақ қолымен әлгі балғашы жақты қармап кеп қалып еді, шаңқ етіп ащы даусы шыққан соққыш жігіт балғасын тастай беріп, бір аяғымен шойнандап қаша жөнелді. Кейін сұрастырсақ, әлгінің ойнақшытып қате соққанына ыза болған, жаны қиналған Қажекең қос саусағымен мытып қалып, балтырының көк етін езіп жіберіпті.

«Мықты балғашыдан кім бар, шықсын бері» — деген хабаршы залға қарап айқайлады.

Сахнаға сырт жейдесін жүре шешіп, төс еті мен білек еті бөлек-бөлек боп ойнаған шон желке, жирен басты орыс жігіті жүгіріп шықты. Тас пен кеуде тым биіктік еткесін, әлгі ұрғыштың астына тапшан қойылды. Ол бір сұмдық, қарулы әрі айлакер балғашы екен. Сабы сала құлаш ауыр балғаны басынан шыр айналдырып сілтеді. Енді қос қолымен тіреп, сіресіп қалған Қажекеннің төсіндегі алып тас, бейне бір алып пружинаға орнатқандай секірді. Балғашының қимылына көз ілесер емес. Сол осылай ышқына кайқайып оныншы, бәлкі жиырмасыншы рет соққанда шығар, жаутандаған сан жүздеген көздердің алдында қақ бөлініп, қара тер шылқ-шылқ ағып жатқан нар кеуденің екі жағына домалап түсті. Театрдың ашық айдыны емес, бүткіл ауғанбаудың (бұрын қалалық қазақ-өзбектер бұл паркты осылай атайтын) аспанын жарып жіберген халықтың тікесінен тұрып дүрілдеген айқай-шуы астында, жан теріне тас тозаны иленіп, түнере-түтігіп кеткен палуан ата, өзі де Қаратаудың бір құзар шоқысы сияктанып тұрды.

—О жаным, айналдым, — деп аппақ сақалы шәушиген ала тақиялы кәриге кемсең-кемсең етті.

Әр номер, әр көрінісі осылай, жан шошырлық ауыр, қияметтей қиын, жан алып, жан берердей қатерлі Қажекеннің ойыны бір-біріне ұласып жатты. Екі сағатқа созылды. Сол бір ұмытылмас ұлы көктемде екі сағат бойы саялы жайлы кеште жиылған қалың жұрт елім деп еңіреген ержүрек адамның, нағыз халықтық қаһарманның құдіретті күші мен ғажайып өнерінің куәсі болды.

Ойын біткесін ашы тер бет-жүзін әлденеше жуып, қашалған тас мүсіндей қарауытқан Қажекен көлдей көлеңдеген жамылғысын иығына жамылып сахнаға қайта келді. Иін тіресіп, жаутандап үнсіз тұрған қалың елге қарай күнгірлеп-күркіреген зор даусымен тебірене тұрып сөз сөйледі.

— Қымбатты бауырларым, достарым, — деді Қажекен теңселе тұрып. —Ел басына күн туып, асыл азаматтарымыз Отан үшін, ел үшін қан майданда жүргенде, кеудесінде жаны бар қандай адам қол қусырып отыра алады. Соның бірі мына мен елу жыл дүниені шарлап көрсеткен өнерімнің сарқынын алып алдарына келдім. Терім мен көзімнің жасын қоса төгіп, майданда қан кешіп жүрген балаларға көмектесуге келдім. Ертең мен, мына сендерден түскен ақшаны бір сомын алып қалмай, Отан қорғаудың керегіне беремін. Ойыным ойларыңнан шықты ма, шықпады ма, білмеймін, бүгінге қолымнан келгені осы. Қазір менің жасымның да, күшімнің де қайтқан кезі. Жетпісті оралтып, сексенге иек артқанда барыма риза болыңдар, кешіріңдер — деп астыңғы қолбыраған үлек ерні икемге келмей үнсіз қалды да, шоқыдай шомбал басын нар кеудесіне құлатты. Енді ол сансыз қолдардың нәсерлете соққан қошемет, құрметі, құлақ тұндырып уралаған айқай-шуы астында кеудесін асқақтата көтеріп, ауыр қозғалып теңселе басып, сахна төріне қарай ұзап бара жатты.

Ұлы дүбірлі, дауылды жылдар да өтті. Жаңа өркендеу-өрлеудің басы боп — 1946-шы жыл да жетті. Бүкіл ел Жоғарғы Советтің екінші сайлауына әзірленіп жатты. Сол жылы күллі Қаратау өлкесіне қар қалың түсті. Ақ боран, аяз, шақырлаған сіреу қар ақпанның аяғына шейін көбесі сөгілмей жатты. Қалада оқу бітіріп, ауданға жаңа оралып, жас қызметші болып жүріп жатқан кез еді. Ақпанның алғашқы күні аудан орталығы Шаянның қалың жұрты клубқа топ-тобы, лек-легімен ағылды. Мұнда бүгін ұлы Советтің депутаттығына кандидат — облыстық партия комитетінің бірінші секретары Хабир Мұқарамұлы Пазиковпен кездесу болмақ. Ол дегеніңіз жақсылық аңсаған елге, ду-думанды ұлы той. Жеңіс туын желбіреткен былтырғы көктемнен кейінгі ел еңсесін шырқай бір көтерген ел жиыны осы еді. Солай болғасын кешегі құбыладан алтын күректетіп соққан алғашқы жылы желден соң, миы шыққан дала жолының ауырлығын ескеріп, Қызыл көпірге ат шаптырған аудан кісілері сонау Қарауыл төбе жаққа ұзақ-ұзақ көз жіберіп, жоғарыдан келер мейманды тағатсыз күтумен тұр.

Бір кезде әлдекімнің арт жақтан «Келе жатыр» деген оқыс айқайы естілді. Күтушілер жалт бұрылды. Анығында орталық үлкен көшемен ылди жақтан айнала қоршаған адам тобыры ішінде, қайқы бел нән ақбоз атын асықпас аяңға басқызып, арбасының нақ ортасына түйедей боп шөккен бір кісі келеді екен. Бала біткен солай қарай шұбай жүгіріп барады. Бәрінің аузында бір ғана сөз — Қажымұқан!

—Япыр-ау, мына келе жатқан шындығында Қажымұқан атамыз ғой, — десіп, жұрт дүрлігісіп қалды. Қарасак, жүргіншінің төрт доңғалақты ұзын бел арбасы, сірнеуге үймелеген шыбындай жармасып мініп алып шулаған баладан ине шаншар бос орын қалмапты. Солардың ортасында ат делбесін кішкене қазанбас қара балаға ұстатып қара шекпенінің жағасы жайлауына кетіп, айналасына антарыла қарап, тұлғалы Қажекеннің өзі отыр. Соның бәрін ылди-өрі көп, қиыр-шиырлы дала жолының сан қилы азабына көндіккен Қажекеннің қайсар серігі — ақбоз ат аяғын асықпай алшан басып, мықшия тартып келеді. Осылайша аудандық клуб алдына жетіп тоқтаған Қажекен арбасын аңыздай келіп, қаумалай қоршаған қалың ел, палуан атасын айқай-шу, көңілді күлкімен жамырай амандасып, түсіріп алысты.

—Мына Тасқұдықта, Көкіштің Айтбегінде жатыр едім. Облыстың үлкен кісісі келеді дегесін, ұшырасып сәлемдесейін, — деп келе жатырмын, — деп күркірей жауап қатты Қажекен амандық сұрап, айнала қоршай тұрған аудан басшыларына. — Бар жұмысым сол.

—Үлкен кісіміз — ол облыс адамы ғой. Ал сіз, бүткіл қазақ, бүткіл совет елінің, қала берді дүние жүзінің Қажымұқаны емессіз бе, — деп көңілдене күліп тұр, аупарткомның бірінші хатшысы Боранбаев Әлібек.

—Ей, қарағым-ай, үлкен болсам, сәлем бергеннен кішірейіп қалар деймісің мені. Жә, жиындарың қайда болады, ел адамдары ішіне апарыңдар мені.

Қажекен клуб залының алдыңғы қатарына жалғас, терезе алдына арнайы қойылған үлкен былғары диванға бір өзі молынан жеке жайғасты.

Бұл кезде тау өлкесінің сансыз жылғаларын қуалап, алғашқы қызыл су біткенді жиып алып, тасып жатқан Шаян өзенін күркірей жалдап өткен он доңғалақты қуатты жүк машинасы келіп тоқтады. Оның кабинасынан ірі, сом денелі, биік тұлғалы, нартай қызыл шырайлы кісі — Жоғарғы Советтің депутаттығына кандидат Пазиков күле амандасып, түсіп келе жатты. Сол кісімен бірге президиум столынан орын алған аудан басшылары кездесу жиынын бастап та жіберді.

Жұрт сенген өкіл трибунаға шығып Пазиковтың өмірбаянын оқуға кірісіп те қалған еді. «Сәл, ғапу етініз» — деп Пазиков оны тоқтатты да, орнынан тұрды. Ол президиум столын айналып өтіп, басқышпен төмен түсті. Бірінші қатарды жағалап, Қажекеннің қасына келді. Қажекен де орнынан ауыр тұрып, бірер қадам басып үлгіріп еді. Екі жақтан созылған төрт қол бірге табысып, екі нән құшак айқаса түсті. Жұрт дуылдай қол соғып, орындарынан дүрліге тұрып кетті.

—Жүрініз, — деп Пазиков, президиумның стол жағын нұсқады.

—Жок, Хайыр, інім, маған осы орын да жетеді, елмен бірге отырайын.

—Жүрініз, — дейді Пазиков.

—Жок, қарағым, рахмет, анау столыңа мен сыймаймын ғой барғанмен.

Ақыры обком секретарының айтқаны болды. Екі жігіт жүгіре қимылдап, Қажекеннің былғары диванын сахна төріне, президиум столының жанына қойды. Өркештеніп, асықпай қозғалған Қажекен, жұрттың дүрілдете қол соғып, құрметтеу үстінде президиумға жайғасты.

Осы кездесу жиынынан кейін обком секретары аудан басшыларымен ел аралап кетті де, Қажекен бірер күн осында, аудан орталығында елмен дидарласып, еру боп жататын болды. Клубтың шығаберісінде, көше бойында анталаған қалың көп, немере, шөберелерін жетектеген кемпір-шал. Қажекенді теберік тұтып, айнала қоршап жіберер емес. —«Мына баланыздың қолын алыңызшы, атасы» — деп сүрініп-қабынып жүр. Ал,

үлкен өмірін түгелдей ел-жұрты, туған халқына берген Қажекен болса, бәріне бас иезет көрсетіп, өзі де балалардай мәз болған көңілді күйде, тау тұлғасы баяу қозғалып бара жатыр.

Сол күнгі кеш, қоналқыға Қажекен келіп түскен Бакбергенов Жаппардың үйі сәтін келтіргенде, өзім ауданның жас қызметкері болып қолында тұрып жатқан Сейсен әкпелермен іргелес, жақын көршілес еді. Солай болғасын, Жаппардың үзенгі жолдасы өрі тату көршісі Ахметов Дүйсенбай ағаймен бірге шақырылып, Қажымұқан атамызбен бір дастарханда дәмдес болып, оның ғаламат әңгімесін тындау мүмкіндігі маған да туып қалған еді.

Төрт жылғы астан-кестең соғыстан кейін, ел жана ес жиып, жұқалаң тұрмыс күйде тұрып жатқан еді. Бір уыс кант, бір салым шай, тіске басар бір тілім нанның өзі тапшы-тақсымды. Соның өзінде ауданның тұтыну ұйымының бастығы Бакбергеновтің үйі әлемге әйгілі адам келіп түскен соң, еш нәрсесін аяп қалар емес. Бар тапқанын әкеліп барынша мейман алдына үйіп-төкті. Бірақ, табиғатында барынша да ойшыл Қажекен астан бұрын әңгімеге ден қойып, дәм-тұзға самарқау қол созып, мамыражай отыр.

Бір ғажайыбы, ақша дегенді қажет болғанда ащы тер, асқақ өнермен қапшықтап жиған Қажекен, бой-басын соншалық елеусіз, қарапайым ұстайды екен. Үсті-басына киіп жүргендері жиып келгенде бір қойдың құнынан аспайтын жай, арзанқолды нәрселер. Басында қара сәтенмен тысталған көне түлкі тымақ, үстіне кигені ескі, шығыс үлгіде тізерліктен төмен түсіре тігілген, тік жағалы сұрғылт бешпент пен көдімгі шәлі жағалы, мол, қазақы қара шекпен. Аяғында бозжұлықтау боп көнерген ескі мәсі, кебіс. Сондай қарапайым, жұпыны күй оның бүкіл өмірінде, халық ортасында Алатаудың бір асқар шыңындай боп көтерілген атақ-даңқын, қадір-қасиетін бір елі де төмендетіп тұрған жоқ. Керісінше, туған халқымен қаны да, жаны да бірге, елмен етене өмір кешкен жанның ұлы тұлғасын, жан сұлулығын барынша биіктетіп, нұрландырып тұрғандай.


Енді осыны көздерімен көріп, бүгін Қажекеннен әңгіме тындаймыз, — деп келген ауданның басқару ісіндегі Өсербаев Өскенбек, Қабылбеков Арыстанбек, Момбаев Әби, Үмбетов Жакан сияқты жігіттері атағы Алатаудай адамның төкаппар емес, тіптен көнбіс, көдімгі жайлы қариялардың бірі екенін байқағасын, палуан атаны балаша иландырып, сөзге тартып, зор кеуденің тереңінен күркіреп шығатын күнгірттеу қоңыр үнге ентелей құлақ тосып отыр.

— Елу жыл ел аралап, күш өнерін көрсеткен екенсіз, Қажеке, осынша өміріңізде палуан атаулыдан сескеніп, қорыққан жеріңіз болды ма? — деп сауалды төтесінен қойды бір кезде ауданның жер бөлімінің бастығы өр мінезді Өсербаев Өскенбек, құрықтай биік еңсесін алға жібере ентелеп.

— Е-е, сескенбейтін, қорықпайтын мені адам емес, екі аяғы аспаннан салбырап түскен күдірет деп пе едіңдер. Адам кейде күштен емес, іріліктен емес, өткірліктен, қайсарлықтан да қаймығады. Ілгеріде мынадай бір аңыз естігенім бар. Қалың нудың ішінде ілуде бір кезігетін зарық дейтін жыртқыш аң болады екен. Үлкендігі көдімгі мысықтай ғана. Бірақ, атқан мерген оны жерден көтеріп ала алмайды екен. Қасиетті деп терісінің үстіңгі бетін ғана сойып алады екен де, астыңғы беті сүйегімен бірге қалып қояды екен. Сол зарық күндердің күнінде жер күніренте ақырғанда, аң патшасы арыстан мен жойқын күш иесі жолбарыс та жасырынар жер таппай, жер бауырлап жатып қалады екен.

Сол айтқандай, ілгеріде дүниені дүрілдетіп тұрғанда, белдесер балуан емес, жай, өзімізбен бірге жүрген қаршығадай қара баладан бетім қайтып, қаймығып қалғаным бар.

Жиырма бесінші сиыр жылының жазында ісі қазақтың әнші-күйшісі, өнерлі адамдары басымыз қосылып, Арқада үлкен думан болып ашылған Қоянды жәрменкесіне барып өнер көрсетіп жүрдік. Арамызда көдімгі өртіс Қалыбек, әнші Әміре, Майра, төкпе ақын Иса сынды елдің ардақ тұтар адамдары бар еді. Мен болса да құдайдың берген қара күшін аямай, өртүрлі күш өнерін көрсетем. Ал қара тілі тас жарып, алмас қылыштай қылшылдаған



Байзақтың Исасы домбырамен құбылта сайрап, мені жұрт алдына алып шығатын хабаршым. Кейде ол табаны кызып кеткенде менің жұрт алдына шығатынымды ұмытып, желдірмесіне басып, өленді түйдек-түйдек төгіп, талай уақытымды алып қойып жүрді. Сонысы ұнамай, бір күні өнерпаздар өзіміз онаша отырғанда, мен Исаға тиісіп:

—«Құмырсқа жолыңды біл» деген, осы Иса сен неге өзеуреп, лағып кетесің — дей беріп ем, домбырасын дүмбірлете шертіп, өленін нәсерлетіп отырған Иса, тура бұлтсыз күнгі нажағайдай шарт етіп:

—Кім құмырсқа, күшті болсаң шық бері, көрсетші маған күшінді, — деп домбырасын тастай беріп, білегін сыбана бастады. Қарасам, ойнақшыған кішкене шүнірек көзі от шашып, құбыла жарқылдап тұр екен. Мына бетінде түп-тура жағаға жармаса түсетін жайы бар. Шынында мен оның ұшқын атып, жасындай құбылған көз қарасынан қатты сескендім. Өзім тез бәсейіп, «ей, қара тентегім, басылшы» — деп мандайынан сипап отырып, жуасытып алған жайым бар. Қайтымы тез Иса да, бұлттан шыққан күндей қайта жарқырай, домбырасына қол созған. Байқасам, оныкі ашу емес, маған көрсеткен бір оқыс әзіл, еркелігі екен, — деп Қажекен кең көмейі күркілдеп, тұтас жотасы бүлкілдеп, қабағы астында жасаураған жанарын алдындағы ақ орамалмен сүртті. Бұл сәтте Қажекен сөзін кірпік қакпай қадала тыңдап отырған көптің бірі, үнемі «Ш» әрпін «С», «Ж» әрпін «З» ғып сөйлейтін ақкөңіл, аңғал кісі, ауданның соты Момбаев Әбекең шыдай алмай сөзге килікті.

— Ойпыр-ай, мына Иса зүйек зүтқан екен. “Азалды қарға бүркітпен ойнапты» деген. Өзі томасадай боп Қазекене дөп қылғанын қараңыз. О, тоба, — деп жағасын ұстағанда, тыңдаушылар да қоспасы жоқ табиғи әдемі әңгімеде, бала мінезді алып аңғал кейпін көріп, тежеусіз күлкіге басып, біраз дуылдады.

Осылай отырғанда Қажекене деп арналған кешкі қонақасы келді. Сынағаны емес, сыйлағаны болар, бордақыға байланған құнан қойды сойып, тайқазанға тұтас асылған етті сом-сом мүшесімен ауқымы орта қазандай сырлы ақ шараға басқызып, үстіне білем-білем құйрық үйгізіп, Жаппардың өзі бастап әкеп Қажекен алдына тартқанда, ұзақ өмірінде мұндайдың талайын көрген палуан ата, одан сескеніп үріккен жоқ. —Менен сендерге сыбаға болсын, — деп қанаттас отырған жігіттерге, бір-бір мүшеден ұсынды да, өзі де жеңіл-желпі біраз қарпып алғасын, қою күрең шайды асықпай тарта отырып, осы орайда тағы бір қосалқы әңгіменің шетін шығарды.

— Мынадай түр-тұлғама қарай ма, әлде палуан болғасын солай деп ойлай ма екен, кейбіреулер мені мешкей деп түсінетін сияқты. Ерегісте бір қойдың етін түп-тұтас көтере жеп кету ілгеріде ел ішінде болып тұратын. Ондайды талай көргенбіз. Анығында мен қомағай да, мешкей де емеспін. Кәдуілгі бір кісіден артық ас жемеймін. Тамақ — ол тіршіліктің нәрі. Ол өмір сүру үшін, аштан өлмеу үшін, ел-жұртқа пайдалы іс тындыру үшін керек деп білген жөн.

«Баршылық не дегізбейді, жоқ не жегізбейді» деп бұрынғылар айтқандай, кейде бір сәттік мақтан үшін, асып төгіліп жатар да жайымыз бар емес пе?! Былтыр күзде біраз күн мына тау сыртына асып, ел аралап, Созақ жағында жүрдім. Құмкент маңына барғанымда, хабарымды есітіп, алдымнан көз көрген ескі дос Мәлік төре шықты. «Арнайы өзің келдің. Кәне жүресің,— деп түп етектен ұстады. —Жарайды, Мәкем, барайын, көпке қиған бір күннің сенен несін аяйын», — деп баяғы қара шаңыраққа түсейін.

Кешегі өткен қиянатшыл заманда жасынан зомбылықты көріп қиқар өсіп, берсе қолынан, бермесе жолынан жұлып-жұлқып жеп, аш бөрідей жортуылды күн кешкен ұрыншақтау екенін де аздап білетін едім. Осы бір пәлені бүлдірмесе неғылсын деп отырғанда, шай келтірді. Үй сыртында ажырықты көгалда нән қара қозы сойылып жатқан. Енді Мәлік қолына да дағарадай леген ұстап кіріп келе жатыр. Легенде тегештей боп төңкеріліп қозының теріден жаңа ажыраған жас құйрығы. Соны дастарқанға баппен қойып, өзі қасына шөкелей жайғасып:

—Қуырдақ піскенге шейін, мынадан көрмейміз бе, — дейді.

—Ой, мынауың не сүмдык! Құйрықты шикі жеп, жыртқыш боп кетеміз бе?!
—О, палуан, білмей жүрсін — денсаулыққа бұдан жақсы нәрсе жоқ.
—Ендеше денің сау болсын, маған карамай ала бер өзін, — дедім, әуселесін көргім кеп.
—Ой өттесі-ай, сыбағаннан құр қалатын болдың, палуан. Құйрық қарпудың үш түрлі жолын білетін едім. Қасқыр боп тарту, бүркіт боп қылғу, адам боп асау. —Соның қай түріне салайын.

—Асағанды күнде көріп жүрміз ғой, қасқыр боп тарта бер.

Ол енді ұмытып кетпей тұрғанда дегендей аз ойланып, бір кез селебені алақанға жанып-жанып алды да, тұтас құйрықты ортасынан қақ бөлді. Жартысын шеткері қойып, екінші бөлігі жатқан легенге төне түсіп, екі қолымен жер тірей былқып жатқан құйрыққа тұмсықты батыра қарпып, сылқ-сылқ жұта бастады.

—Оу, қоя тұр. Бүркіт боп қылғымайсың ба, қалғанын.

Е жөн, айтқаның болсын.

Мұнысы оған оңайлау түсті. Селебе әрі-бері жүріп өткенде қол басындай боп бөлектенген бірер білемді, сол бөлек-бөлегімен қақши қағып, қылғып тындырды да, босаған ыдысқа әлігі жарты құйрықты салып, «Балам-ай, алып кет мынаны, — атанның сыбағасы, қазанға салыңдар», — деп айқайлады.

—Ойбай, Қазеке-ау, әлгі Мөкеңнің тамасасын көрем деп, ас қалғам десеңізсі. —Пай-пай сіркін, Мәлік-ай, — деп Әби ағай, Қажекен әңгімесінің соңын қағып әкетіп, барша жұртты тағы бір ду күлдірді.

—Ия, солай балалар. Бұ дүниеде, аспан асты, жер беті кең-ақ қой. Жасымнан жиһан кезіп, бармаған ел, көрмеген жер қалған жоқ. Қаншама жұртты танып, дәм-тұзын таттық. Ұшаң теңіз әлемнің әр шегінде әр алуан жандармен дидарлас, сыйлас болдық. Дүниеде не көп, ғажайып жақсы жер, жақсы адамдар көп. Солай бола тұрса да, туған жер, өскен елдің орны басқа, алыс елде жүргенде көз алдына келіп, кеуденді сағыныш кернеп тұрады екен.

Енді Қажекен оң жағында сүйеулі кішкене көне домбыраны қолына алып, оны күректей қолымен бірер сипап, әрбірі кішігірім білектей барбық саусақтарымен жоғары-төмен сырғытып, баяу тыңқылдатып отырды да, көмейі бүлкілдеп, баяу қонырқай әндетті.

Өнердің өзім білген арқасында,

Өлкені алыс-жақын араладым.

Жақсысын саусақпенен сараладым.


Қаншама жер жаннатын көрсем дағы,

Ұжмақты туған жердей таба алмадым.

—Ай-һай, деген. Айналайын Қазекен, өзінде тек күс емес, қансама сөз алтыны да затыр екен ғой, — деп Әбекең санқ ете қозғалып, Қажекене біртабан жақындай түсті.

—Енді міні, жас болса жетпісті орталап, сексенге өрлеп барады. Ата-бабаларымыз кір жуып, кіндік кескен қасиетті өлкеде, қалған өмірдің жайлы тұрағына жетіп тоқтайтын да кезіміз келді. Ел азаматтарында кінә жоқ. Көшіріп әкелем, әрқайсымыз он кесектен құйсақ та үй салғызып берем, қасымда бол, — деп мына Тасқұдықта Айтбегім отыр. Шіліктегі шаңы бұрқыраған ескі қонысты қойыңыз, алып кетемін, — деп Шәуілдірде Жүнісбеков Жүзбай жатыр. Қараспан тауы — Қаратау, ежелгі атамекенің — мол сулы Арыс жағасынан артық жер қайдан болсын, бізге келіңіз, — деп хабар айтып Шораев Мырзахан жүр. Тұз-дәм бұйырса, қабырғамен кенесіп, соның біріне мақұл дейтін шығармыз.

Сол жылғы жаз. Ұмытылмас жаз күндерінің бірі еді. Облыстық комсомол комитеті шақырған бір жиынға барған шаяндық бір топ жас, қаладан күн еңкейе шығып, кеш әлетінде Арыстың ағаш көпіріне еңкейіп қалған едік. Кенет үстінде сауда жүгі бар біз мінген газиктің арты бір жағына жантая қиралаң етті де, шаңды жолда тонқып-тонқып



тоқтады. Алға қарасақ борпылдақ шанды боратып, ор қояндай орғып бір донғалақ әудем жерде зытып барады. Кабинада екі көзі тұздай, мұрны біздей боп сопайып Абдулла шофер шықты.

—Ой, анау не-ей, көке?!

—Не болушы еді. Ол біздің дөңгелек қой, осінен шыға қашқан. Әй, сор қысқан басым-ай, құрыдық-ау енді:

—Оу, көке, не істейміз енді.

—Жә, қорықпандар, ел іші жақын ғой, бір амалын жасармыз.

Абдулла асықпай донғалақ осіне біраз үніліп тұрды да, —Ал, тұрмалық, бүйтіп, мен үш донғалақпен илалап мына өзен жағасына түсем, түсем де сол жерде күтем. Сендер мына Темірланға барып, жерден қазсандар да диска бекітетін алты гайка тауып келіндер.

—Құп болады, көке.

Біз Темірланға жүгірдік. Келсек ел-жұрт, кәрі-жасы демей өкпелерін қолына алып, жапатармағай, ұзын көшемен төмен қарай ентелей басып кетіп барады. Біз «гайка» десек, оны құлағына ілер бір жан жоқ.

—Ой гайкен не, мынадай қызық кеште сандалған. Мына «Коммунизмнің бауына қызық көргелі барамыз. Күрес көргелі барамыз. Біздің Қажымұқан атамызды іздеп, сонау Мәскеуден әрқайсысы түйедей үш палуан келіпті. Солар осы кеште палуан атамен күш сынасқалы кілем үстіне шықпақ.»

—Қажымұқан, күрес... ойпыр-ай не дейді. Құрысын гайка, оның бір бөлесін етерміз.

Табан астында сиқырлы күшке басымыз шырқ айналған біз, іздеп жүрген гайка, шоңқиып орта жолда қалған машинаны ұмытып, толқындағы жаңқадай боп, көп ішінде кете барыппыз. Келсек, колхоз конторының алдындағы бау іші ығы-жығы адамға толы. Ағашқа асығыс сым тартылып, ол кезде ілуде бір көрінер — электр шамы шолпанындай жымың қағып тұр. Иін тірескен қалың адам қоршаған алаңқайға алаша, киіз кең жайылып, ортасына кілем төселіпті. Қалың жұртқа тәртіп айтып, қарбаласта ауыл кеңесі мен колхоздың басшы кісілері жүр. Бұдан сәл оқшау, алма ағашы астында, бір топ үлкен кісілер ортасында, ақ киіздің үстінде төбеге орнаған гранит обадай болып, күреңіткен басы түнгі жарықпен жалтырап, арыстан кеуделі алып атамыз отыр. Ұлы дүбірге құлақ түрген көрмедегі кәрі тарлан-жүйріктей, тас түйін боп, шиыршық атып, бекіп алған жайы бар.

О жарықтық, қасиетіннен айналайын Қажекем, ата-баба құдіретіне сыйынып, тәуекел етіп отыр-ау, — деп әлдекім көзі жаутаңдап, кемсең-кемсең етіп тұр.

—Келе жатыр, жол беріндер, — деген дауыс естілді бір кезде. Қарасақ қак жарылған қалың көпті аралай, қасында ауыл кеңестің төрағасы және тілмаштық міндет атқаратын кешегі майдангер, бүгінгі село дәрігері биязы мінезді, ақсары, келісті жігіт Бектаев Ахмет бар, арыстан пішінді, нар кеуделі үш палуан келеді екен.

Бұлардың жасы үлкені, әрі жолбастары — жас құралпы елуді еңсерген, екі иініне екі адам мінгендей төртбақ әлемнің атышулы бірінші алыбы —Иван Поддубныйдың жақын шәкірті, жойқын күш иесі Василий Сарелла, оның жанында құрыштан құйғандай зор, насат тұлғалы, таразыда сегіз пұттан астам салмақ тартатын, французша күрестен әлемге әйгілі шеберлердің бірі ленинградтық Александр Соловьев және аренада алты пұттық гир тастарын алақанында жаңғақша қағып ойнатқан сом білекті, батыр жүректі свердловтық жас палуан Юрий Минин еді.

—Ұлы болсаң кіші бол, — деген ғой. Соншалық алып күш иесі Василий ағай, өзінің тұрпатымен көп алдында қандай кіші, қандай ізетшіл еді десеңізші. Ол көпке басын иіп сәлем беріп ортаға шықты да, бұл өнерлі бригаданың Россиядан байтақ қазақ жеріне, туысқан қазақ еліне келген ізгі сапар-мақсатын айтып, өздері тәңірідей сыйынып құрмет тұтатын ұстазы, Әлем қаһарманы, әрі жасы үлкен ағасы Қажымұқанды арнайы іздеп келгенін, сау-саламат көрісіп, қуанышқа бөленгенін айтып өтті. Сонымен бірге,

Қажекеннің өз келісімі бойынша французша күрестің бірі кәрі, бірі жас айтулы екі шеберінің Қажымұқан мен Соловьев арасында шын спорттық, шын жолдастық айқасты тамашалау мүмкіндігі тұрғандығын көңілді күйде айтып шықты.

—Ал, көне, ардагер ұлы чемпион Қажымұқан мен бүгінгі атақты шебер Александр Соловьевті ортаға, кілем үстіне шақырамыз, — деп Сарелла бас ие тағзым етті.

Сол екен, екі жақтан сырт жамылғыларын сыпырып тастай беріп, алшаң басып бір-біріне қарама-қарсы таяп келген екі алып, бір-біріне қол созым жерде, кілем үстіне нар түйедей болып, қос тізерлеп шөкті де, білеу-білеу білектері айқасып, ұстаса кетті. Бір ғажабы, бұл француз күресі дегенің, ө дегеннен белден ұстасып, алып та, шалып та соға беруге болатын қазақша күрестен мүлде басқаша екен. Екі дәу кәдімгі «хан-алшым» ойнайтын балаларша қарама-қарсы шөкелей жайғасып, қолдарын сандарына бірер шәпеттеп, күректей қол алақанын ысып-ысып жіберіп, бірі желкеден алса, екіншісі оны бір қолымен нықтап тіреп, екінші қолымен сүбілектен қарпып шірей кеп тартады. Енді сол тарту күшімен оған қарсы тіреу күші пара-пар келіп, алақандарын жалаңаш денелерге шарт-шұрт соғып, арыстанша айқасып жатқан екі алып, жойқын күшке салғанда зорланған тұтас тұлғалар дауыл шайқаған алып емендей сықырлады.


Шам сәулесіне шағылып жалт-жұлт еткен, астаң-кестең айқасып жатқан екі дәудің алып денесін бұрқыраған ащы тер жуып кетті. Баяғы бір бапты шағында адуын қарқынмен ес жиюға келтірмей қарсыласқан қара темірдей қапсырып жіберетін Қажекен бұл жолы да көп езгілесіп жатпай, істі тез тындыруға бекінген жайы бар. Бірақ, Соловьевты сүбелектен мол қарпып, әлденеше қақырата тартқан Қажекеннің темір тегеурінді алпамса алақаны жан терге малынып шылқылдаған палуан денесінен тірек таппай тайғанап кете берді. Ақыры бас төреші Василий Сарелла ширек сағаттық шайқаста бірін-бірі ала алмаған екі дәуді ажыратып, он минуттық тыныс сәтін бергізді.

—Мынау күшік, мені қатырды, — деп күркіреді Қажекен тұла денесінде бұршақтаған ащы терді сала құлаш ақ орамалмен сүрткізе отырып, — жон арқа, бүйір, желкесін сықпа маймен сылап келіпті. Денесі иірім судағы жайын балық сияқты не ұстауға не қармауға келмейді. Айтыңдаршы, үстің құрғатып, алдамай, адам сияктанып шықсын күреске.

Араға сүт пісірімдей уақыт салып, екі дәу ортаға қайта шықты. Жай, самарқау қол созысып, бірін-бірі бірер қозғап көрген соң, қарағаштың безінде шор-шор шомбал білектер айқыш-ұйқыш айқаса кетіп, шарт-шұрт сілкісті-ай келіп. Бұл жолы екеуінің де аянып қалар түрі жоқ. Бұлардан көз алмай, сілтідей тынып, «Е құдайлап» қалың жұрт тұрды сыбырлап.

—Ия, пірім, қолдай гөр, — деп қариялар жағы қалбақтап қалды бір кезде. Қарасақ, осы кез көз ілеспес жылдамдықпен айқас кезінде Соловьевтың келідей жирен басы Қажекеннің қолтығына қилігіп, тұтас денесі қиялай аударылып, ұлы палуан-ата астына шалқалай жұтылып барады екен. Шірене зорланып, ыңыранған дыбыс естілді. Енді бір сәтте, жусанды қырдың алтайысын айызы ғана сығымдап, кең дүниеге пандана бір қарайтын қыран бүркіт сипаттанған Қажекен зор тұлғасы ауыр қозғалып, кілем үстінен көтеріле берді. Ал, адамдық қасиетті биік ұстайтын жомарт жанды Соловьев күрес жеңісінің үлкен абыройын үлкендік жолымен емес, әділ сайыста таза күшімен, қолынан алған Қажекен алдында тағзым етіп, бас иді.

Дүрілдеп, дуылдаған қалың көптің қол соғып құрмет көрсетуі үстінде бас төреші Сарелла аяғын алшаң басып келіп, бұл сәтте баяғы бір арыстан тұлғасы қайта оралып, өркештеніп тұрған Қажекеннің қолын көкке көтерді. Бұл ұлан-ғайыр қазақ даласында туып, дүниенің сарайын дүрілдетіп өткен жібек жанды, алып жүректі адамның өмір майданындағы ең соңғы, ең ақырғы айқасы еді.




Сол жылғы көктем, сол жылғы жаз. Елдіктің, адамдықтың жолымен елу жыл сапар шегіп, бүгінде мына асыл алқалы Арыстың алабында тұрағын тапқан Қажымұқанның кара шаңырағы бүгінде бұл өлкенің Мекке – Мединесіне айналған. Көп жұрт сәлем бергелі келеді, көп жұрт батасын алғалы келеді, біреулер «әулие» деп табынғалы келеді, біреулер ырым-теберік болсын деп алып атаның ескі – құсқысын пәршелеп жыртып, бір жапырақтан бөліп әкеткелі келеді. Біреулер қандай адам екен деп көргелі келеді. Әйтеуір келем деушіге себеп көп. Келіп-кетер қалың елде есеп жоқ. Соның нақ ортасында – «Келіндер» дегеннен басқа қағажу – қатқыл сөзі жоқ, тау тұлғасына жібек мінезі жарасып, жағасы жайлауына кетіп Қажекен тұрады. Барша ел-жұрттың бір ғана білетіні: Халық Қажымұқандікі, Қажымұқан халықтікі. Солай болғасын өзінің ұзақ жол, ғажайып өмірінде ол бұдан артық шен, бұдан асқан дәреже іздеген емес. Оған оның қажеті де жоқ еді.

Ол күнгі таң күндегідей қырмызы нұрланып атты. Күз таяп келсе де күн көктемге бергісіз. Соңғы аптада желсіз аптапқа тұтылып, алып денесі қорғасын құйғандай ауырлай түскен Қажекен ол күні ерте оянды. Шайын асықпай ішіп, үлкен сәске шағында тысқа шықты. Үй сыртында боз биесі жегулі дайын арбасына қарай ауыр қозғалып аяндай берді.

–Ал, Мінайім, дайын ас, жайлы төсек үстінде отыра беруден жалықтым. Мен мына жоғары Күнту жаққа жылжып, жарықтық Нұралы ақын жатқан жеріне барып қайтайын. Тірісінде көрмедім, енді әруағына басымды иіп қайтайын.

–Бүгін жүзіңіз тым күренітіп тұр, ауырып қалмаңыз атасы.

–Е, ауырсақ несі бар, ауырмайтын адам, сүрінбейтін тұяқ болған ба еді, дүниеде. –Сол боз биенің жердегі шылауына еңкейіп, нар кеудесін шоқыдай боп қайта көтерді. Дүние шыр айналып, аспан аударылып, жер төңкеріліп, көз алды күнгірт тартып жүре берді. Екі ғасырды жалғап, кара емендей қайыспаған алып тұлға, ұлы теңіз тұңғиығына мәңгілік шомған құз жартастай, бірте-бірте қасиетті жер құшағына құлап бара жатты.





СӘКЕН ДЕП ӨТКЕН БІР ӨМІР

*Талай сыр, ертегіні ел айтады,
Бзындап таудан соққан жел айтады.
Сырласып, сыбырласқан жапырақтар,
Күндіз түн күңіренген көл айтады.*
Сәкен

Аспаннан алау жапырағы төгілген алтын күздің осы бір шағы неткен сұлу, неткен көрікті еді. Тамылжыған қоныржай кеш әлетінде қиялай түскен қызғылт нұрға шомылған қаланың мына жан біткеннің қапаста қалары жоқ.

Солай ағылған жұрт ағынында біз де келе жаттық.

Біз дегенде, жанымдағы серігім өзге емес, өзіме етене жақын жеткіншек інім, бұл кезде ел білетін елеулі азамат. Үлкен алаңның шегі Түркістан көшесіне тоғысқан сәтте, кенет иықтан түртіп тоқтатты да: — Өне бір кемпірге қараныз, көке, — деп, жай ғана сыбырлады.

Мен әлдеқалай оқыс нәрсеге опытығып қалғандай, аңтарыла тоқтап, Сәбит нұсқаған зәулім ғимарат алдындағы шағын алаңқайға жалт бұрыла қарадым. Ешқандай танданарлық нәрсе жоқ. Әлгі алаңқайдың ғимаратқа қарама-қарсы бергі жиегінде келгендерге арналған аласа ағаш орындықта, арқалығын батар күннің қиғаш сәулесіне беріп, бізге көрінбейтін бет-жүзін әлдеқалай қарсы алды биікке мезгеп, жападан-жалғыз, қыбыр-қимылсыз, үстіне белін қынай бұған қарақоңыр, жұқа желқағарын киіп, басына дәл осы түстес қоңыр орамалын құндақтай ораған тұрымтайдай тұлғалы әйел заты отыр.

— Иә, көріп тұрмын, қарағым. Неткен әйел, неғылған жан еді ол?

— Ол көшедегі көп әйелдердің бірі емес, көке. Бүгінде жасы сексеннен ары аунаған қазақ кемпірі. Әр күні таң сазымен батар күннің шұғыла-шуағында айнадай айқын көрінетін аноу биіктегі айшықты-әсем жазуды күзетіп отырғанына отыз жылға аяқ басты. Сонау алпысыншы жылдың дәл осындай алтын күзінде мына жаңа орнатылған зәулім сарайға төңкерістің “Қызыл сұңқары” Сейфуллин Сәкен есімі беріліп, қала жұрты анау биіктегі Сәкен аты жазылған алтын-айшықты жазудың ақ шымылдығын ашқанда қалың жұрт ағымында келіп, жападан-жалғыз түн күзетіп қалып қойған екен. Содан бері ертелі-кеш, өмірбақыында осында.

Төңкеріс сұңқары — Сәкен!.. Отыз жыл түн күзетіп, деймісін?! Мен алтын нұр шапағында жарқыраған сонау биіктегі айшықты-айқын жазуға қадалып, сол жақ қолымен әлдене шағын ақ ораманы құндақтаулы баладай кеудеге басып, оң қолын шаршап-талған бет жүзіне тіреуіш етіп қатып қалған ғажайып жан иесіне тандана қарап, бір сәт тапжылмай қалған екенмін.

Сәбит мені жетелеп, енді жай серуендегі кісі боп, оны ишаратпен жақын маннан бір қырынан көрсетті. Тілдесу қажетсіз, жауап қатпайды, — деп ескертті.

Оның бет-жүзі, түр-әлпеті енді біршама айқын көрінді. Ел ішінде азапты-ауыр жылдарды еңбекке піскен, арық-шөкім еті жоқ. Мезгіл табымен бір кездегі жайсаң ажар — көріктің



өзі кетіп, өңі қалған. Сылынғыр-сынық, тотыққан қарасұр жүдеу жүзі бір жұмбақ-тұңғыық мұнға толы өзгеше аянышты еді.

Дүниеде адамның жан дүниесін қиянға шарлатып, қайдағыны көз алдыннан қайта бір өткеретін көзкөріністен сиқырлы ғаламат болмайды тегі. Осы сәт Сәбит өзінің мына бір елеусіз, қысқа сыр-әңгімесін анықтай, толықтай түсіп, сөз сабақтады: Көрдiңiз ғой, көке. Мiз бакпай, тiптi кiрпiгiн де какпай, анау биiктегi айқын жазуға қадалып қалғанын. Анау, кеудеге, жүрек тұсына құшақтай-құшқан ақ орама — Сәкеннің “Тар жол тайғақ кешуі”. Білетiндер кiтаптың жиырмасыншы жылдар соңында латынша басылған алғашқы нұсқасы, дейдi. Осы Құдайдың оған еншiлеген осы жалғыз, аманат мәнгi-бакилық сыйлығын құндақтап, құша отырып, әлдеқашан сөлi қашып, тобарсыған жұқалтан ерiнi күбiрлеп, сан қайтара айтылар құрандай жаттанды жалғыз сөзi бiр ғана Сәкен есiмi... Иә, солай көке. Сұрағанға тiл қатпай, жөн айтпайтын, сыр шешпейтiн оның өз тағдыры өзiне ғана аян. Бұдан алпыс жыл бұрынғы заман таңында қалған халықтың қыран-ұланы, төңкерiс дауылпазы Сәкен өмiрiн, Сәкен есiмiн жалғыз жанына жалау еткен осы бiр жан иесi мына жарық жалғаннан, мына батуға қалған күннiң әлсiз сәулесi сияктанып кетiп барады өмiрден...

Кешiкпей қала үстiн қарабарқын түн пердесi жапты. Тұңғыық-тұнық аспанның сансыз жұлдызы самсыды. Ел ұйқыда. Үстiнгi қабаттағы мекен-жайдың құбылаға қараған жартылай ашық, айналмалы лоджа есiгiнен осы түнгi дүниемен сырласып жападан-жалғыз отырмын. Көз алдымда күн шуағына малынған айшықты жазу. Сол жазуға телмiре-төнiп, отыз жыл тапжылмаған қатпа қара кемпiрдiң бейнесi.

Сәкен! Бұл есiм бiздiң балапан жүрек, балауса санамызға қашан, қалайша орнығып едi? Ол күндер кiршiксiз таза сезiмге қанат берген тым биiкке шарықтатқан алғашқы әлiппеден басталған бакыт құсы бiр өмiрде әсте естен кетер ме?!

Ол кез бiздiң Талдыдағы көк мектептiң үшiншi класы табалдырығын жана аттаған осындай алтын күздiң шуақты бiр мезгiлi едi. Мұғалiм ағайымыз өткен бiр жылы бiз көрмеген Алматы атты қалада “Совпарт” дейтiн оқуға өзi жан-тәнiмен берiлген ұстазы — осы Сейфоллаұлы Сәкеннен дәрiс алған Бекназарұлы Қожатай өзi қарсаңда әр сөзiн ежелеп құлаққа кұйып үйреткен, бүгiнде Абайдың “Желсiз түнде жарық ай” өлеңiнiң керемет сазды әнiмен өзi бастап барша бала қосылып, кең бөлменi кернеген қоңыржай үнмен толғана шырқар едiк.

...Ұйықтап жатып түсiмде,
Сарыарқа — салқын бел көрдiм.
Белден-белге ұласқан
Айдынды шалқар көл көрдiм.
Ортасында сол көлдiң,
Бар едi үлкен аралы.
Сол аралға кеп қонды
Бiр лашын құс, жаралы!
Жарасы терең, жас қыран,
Биiктеп қайта ұшар ма?!
Теңiзде толқын, тулаған
Жалынын күннiң құшар ма?!

Биiктей шырқап, толғана-толқып, бейне бiр қиырға шалқып кеткендей ән сазы баяулай барып тынғанда, бiзден бiр қырындай бұрылып, жасаураған жанарын ақ орамалымен бiрер сүртiп, сыртқы кең дүниеге мұндана көз жiберетiн ағайымыздың iшкi сыр, өшпейтiн жүрек жалынынан бейхабар бiздер, заман сазында қанаты сынған сұңқарымен қоштасу әнi екенiн ол бiр кез, қайдан бiлетiн едiк.

Арада керуен өмірдің көп жылдары көшті. “Кезек дүние кезімен” өткенінің екінші сазын тербетіп ұлы заманның алпысыншы жылдары жетті. Жас қаламгер тілшінің бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ еді. Жарық дүниенің қиырын кезіп шарықтап жүрген шак. Қаратау асып, Бетбақты басып, Арқаның алып даласын кезіп ел мен жер тарихынан өткені мен кеткенін тербеп, теріскейдің ұлан өлкесінде жүрміз.

Бұл өлкенің жібек желі Сәкен деп желпіп, Құзар таулары Сәкен деп күніреніп тұрғандай. Ай астында керілген байтақ дала, кербез шындар сол бір алыс, өткендегі сырлы жаздан сыр тартқан баз-баяғы қалпында.

Жаз еді. Бұдан үш мүшел бұрын, ұшан дала, ішкі жайлауларға сыймаған, сыйыса алмаған кара құрым түліктің жайы дүрк көтерген топ жолаушы Шымкенттен шығып, Созақ жерін бетке алып келе жаттық. Топ жетекшісі Созақ ауданының хатшысы сырбаз жігіт Қожамсүгіров Ахмет және обком бюросынан өкілдік алған байырғы журналист, облыстық газеттің редакторы Байтұрсынов Мәди аға. Бұл сапарында бұлар Бетпақты көктеп өтіп, Сарысу атырабы, Қоңырдың құмдары, Сарыарқаның салқын өлке, сансыз жайлауын көріп қайтпақ.

Бағы бір заманғы керуеннен қалған Ақалай жолымен арқаны бетке алған жолаушылар, құм мен түздің бұлаң құйрық соқпағын басып, кеш әлетінде төменгі Шудың еспе тұсындағы – «Көкмұрын» жайлауына жетіп, ат басын тартқан-ды.

Төменгі Шу өлкесі ол кезде суы бүгінгідей тартылмаған. Қарасу иірімдері мань тірелген нар қамыс, жазықты кең алқаптар, балқұрағы сыңсыған берекелі де бейілді. Қайда қарасаң да кешкі самалда бұйра толқынданып шалқып жатқан көкмайса. Сол жазықта әр тұста егіз қонып, топтана қоныс тепкен Созақ елінің малшы ауылдары. Көз тойып, көңіл шалқиды.

Қоналқыға түскен үйіміз байырғы бақташы Жотабайдың үлкен шаңырағы, көпті көрген көненің көзі, барынша қонақжай боп шықты. Оның үстіне келген жеріміз қыр мен ой, Арқа мен Қаратауды жалғастырған қашанғы кара жолдың үстіндегі жер кіндігі – «Көкмұрынтай». Мұндағы Келден батырдың қыстау орны қайдағы бір өткен-кеткенді қозғап, көңіл тербетті. Май шам жарығында кешкі шай үстінде жан-дүниенді сикырлап қиялға қанат берер сан алуан әңгіменің арнасы да ашылды.

Құдай ондағанда бізге Созақта қосылып жолбасы міндетін алған мал маманы Жүсіпов Өмірзақ та, ауыл дәрігері Мөркембаев Сәттібай да Арқа мен Бетпақ осы Шу бойының жолын да, елін де жақсы білетін бұл өлкенің өткен-кеткеніне жетік боп шықты. Әсіресе Сәттібайдың сөзі дәмді Ел мен жер тарихына келгенде әңгімеге сынаптай сырғиды.

– Көкмұрынтай әйгілі Исаның «Құралай сұлуы» туған жер ғой шіркін. Несін айтасыз. Қазақтың сырлы да мұнды тарихын дастан еткенде Исаға жан баласы жеткен бе, еді.

«...Келденбай бұл өңірден таңдап алған,

Көкмұрынтай өзенін мекен қылған.


Ол өзен Шудан аққан бойыменен.

Батысқа өлкені өрлеп кетеді арман...» – деп жырға қосқаны осы «Көкмұрынтай» емес пе еді – деп бір қайырып

– Сондағы бұл жиһаннан армансыз жан іздеген диуанаға сыр шаққан батыр бабамыз Келденнің жұрты осы. Келденбай қыстауы мына тиіп тұрған жер – Тойтөбенің сыртында.

Оны былай қойғанда, бұл «Көкмұрын» Арқадан Созаққа құлап, Қаратау асқан кешегі қызыл сұңқар Сәкен ағаның көзін көрген, өшпейтін ізі қалған қасиетті мекен ғой – деп бір тоқтады.

Бұған шейін әңгімені Сәттібайға қиялай көз салып жамбастап жатып тындаған Мәдиге



Сәкен аты естілгенде басын оқыс көтерді. Өзі Ақмолалық арғын, Сәкенмен жерлестік-туыстығы бар сөз қадірін, ел қадірін ардақтаған кісі., қос жанары жасаурап толқып кеткен жайы бар. Алтын жиекті көзілдірігін ақ орамалмен бірер сүйкеп қайта киіп Сәттібайға қарап:

— Сіз Сәкен дедіңіз бе, қайта айтыңызшы осы әңгімеңізді, — деп одан көз алмай ақ жастығын қомдап өрлеңкіреп отырды.

— Иә Мәке, мен өзге емес, қазақтың мандайына ерек біткен жан аяулы Сәкен Сейфуллин ағамыз жайында айтып отырмын.

— Ал.

— Сол Сәкен Колчак түрмесінен қашып шыққан сонау дауылды жылдары, жолай ел аралап совет сөзін сөйлеп, қазақ азаматтарын елдікке-бірлікке шақырып Арқа жерінен мына Бетпақты басып екі ұдай сапар шеккен ғой. Әуелгісі қыс кезі сары аязда жоғарғы Шу жағы Қамқалыға тоқтап сонда ойықтан шыққан Сүйіндік деген жігітті жолбасы етіп Әулиеатаға барған.

Ал екінші сапары келер жылдың жазында осы «Көкмұрынтай» арқылы Ақалайдың жолымен біздің Созаққа өткен. Созақта ол кезде атақты Әйгелді датқаның өулетінен шыққан милиция нәшәндігі — Тәукебайды қасына ертіп жүріп бірнеше күн Созақ маңындағы тау жайлауына көшіп шыққан ауылдарға барып, жас азамат, қазақ қыздарының басын қосып, оларды жаңа өмірге егелік етіп, өнер-білімге талаптануға шақырып, жалынды сөздер сөйлеген екен.

Сол жылы Сәкенді көргендер, шіркін-ай, неткен келісті азамат еді. Мойылдай қара шашын қайыра бір тараштап, қоңырлау даусын биік көтеріп, жұртқа қарап сөйлеп кеткенде, танадай жарқыраған екі көзі оттай жанып, күнкақты қоңырқай жүзі нұрланып кетер еді, — деп тамсанып отыра еді.

— Қайда енді сол Сәкенді көрген Сүйіндіктер мен Тәукебайлар?

— Сүйіндік ол біздің елден жоғары, күншілік жер қамқалылық қой. Кешегі алапаттан аман қалса, тірі жүрсе, сол елінде шығар... Ал, Тәукебайдың өмірін тағдыр басқаша шешкен.

— Қалайша?

— Кешегі өткен Қалашекін дүрбелеңі туып, көмпіс басталғанда, ел ішіндегі әлдекімдер: «Мынау атақты Әйгелді бидің немересі» — деп көрсетіп, басқа бұлт үйіріле бастағасын, қызметті жиыстырып, бас сауғалап, Тәшкент асып, Тұзақ жағына ығысқан еді. Бірақ өкіметтің құрығы қашқанды құтқарған заман ба, отыз жетінші жылғы қанды науқан кезінде «Сәкеннің досы, халық жауы Сәкеннің құйыршығы» — деген сусылдақ-суық сөз оны сол Тұзақ жерінде тауып, ақыры сол жақта ұсталып кеткен деседі.

Сәттібайдың мына сөзінен кейін Мәди-аға жүзі қарауытып, үнсіз қалды. Тек жанында әңгіме басталғалы қойын дәптер, қаламымды ыңғайлап, әр сөзді бағып, оңтайлы отырған маған, естідің бе, — дегендей, иек көтеріп, қиялай бір қарап қойды.

Ой бағып, жол тоздырған тынымсыз жас тілші үшін ел тағдыры, адамдар тағдырына іздеу салғаннан биік мұрат болған ба! Өзім сонау бала шағымда көз ашып алғаш көрген, соғыстың сұрапылды жылдары бес күн жанынан қалмай, жолсерігі болған тірі қаламгерім, әйгілі дастангер-дүлдүл Иса Байзақовпен қат-қабат аты аңыз болған Сәкен жайы қозғалғанда мына кең дүниеге сыймастай халге түскенмін.

— Япырым-ай, неткен сәйкестік, неткен сәттілік бұл. Ұлы дала шалқарын шарлап жүріп, мына шебер дүние, қазақтың екі бірдей жарық жұлдызы Сәкен мен Исаның ізіне қалайша салды бізді? Сүйіндік қайда? Бар ма екен, мына құпия сыры таусылмаған шетсіз-шексіз дүниеде. Тәукебай — Сәкеннің досы, жалынды жастық шақтың серігі қайда екен ол? «Құйыршық» боп атылып кетті ме екен шынымен? Екі серік екі есім. Сол сырлы жаздың шешілмеген жұмбағы, кішкене жол дәптерімнің бетінде қала берген.

Арада көп жылдар өтіп, жетпісінші жылдары ғана Мойынқұм сыртында құм мен Шудың

Бетпаққа астасқан шегіндегі байырғы ел мекені — Қамқалыға жолым түскен. Әдейі іздеп барғаным Сүйіндік қой, әрине. Сол әулие көрген кереметті көріе жетпіске келген шағында, туған жері топырағында қарсы алдымнан кездесіп еді.

— Сұрағаның балам, Сәкен ғой, әрине. Айтайын. Ол дүниеге бір келер, ағыш тұрған ақындық таза өнеріне кескін-келбеті, сырбаздығы, кербездігі келіскен ерекше бір жан еді. Небары төрт күн жанында болдым. Өзі үшін емес, туған елім, қазағым деп жалындап тұрған жас еді. Ол кезде менің де жиырмаға жаңа ілінген кезім ғой. Маған оның сөзі де, өзі де бір керемет боп көрінген. Қыс кезі еді, жер бетін ұлпа қар жапқан, қылшылдаған аязды кез еді. Осы Қамқалыдан жоғары Қамсақтыны өрлеп, Асы тұсында арғы бетке өткізіп Әулиеатаға жеткізіп салып қайтқанмын.

Әр кез, әр тұста жалт етіп бір көрініп, қайта кездеспеген сол бейненің өшпеген елесі жайлы алыстағы шаруагер жанның таза, үлкен жүрегінде қастерлеп сақтап келген бар сыры осы еді.

Арада тағы да көп жыл өткенде біздің Шаянда баяғы шарапаты мол Мұхтар аға салғызып берген, оған өз аты берілген үлкен мектептің тоғызыншы класында оқып жүрген біздің Нұржамалмен бірге оның кластас достарының бірі сүйкімді ақсары қыз Ләззәт келіп сәлем беріп жүруші еді.

— Аға, деді бірде Ләззәт қарақат көзі нұр жайнап. — Сіз біздің атамды білесіз. Атамды кітабыңызда жазғансыз.

— Атаң кім еді сенің, Ләззәт?

— Менің атам Сүйіндік. Мен сол атамның қызымын. Фамилиям да Сүйіндікова, сол атамның атында. Атам Сәкеннің досы болған.

— Е-е, солай де Ләззәт. Атаң сенің Сәкен сынды бүкіл халқы ардақ тұтқан адамның қаламымен тарихта қалған адам. Атаңа өнеу бір жылы іздеп барып, сәлем беріп қайтқанмын. Мықты еді. Одан бері он жыл өтіп кетті. Қалай саламаттығы жақсы ма атаңның? Қамқалы мен Шаян арасы недәуір қашық жер. Өзің қалайша Шаянға келіп қалғансың?

— О, атам биыл сексенге келді. Дилы, тетік. Әңгімені жақсы айтады. Әрдайым Сәкен досын еске алып, «жақсының шарапаты» — деген деп келген ағайынға Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен Сіз жазған «Келіншектауды» көрсетіп, міне, менің атым осы кітаптардың ішінде деп көңілдене сөз етіп отырады. Былтырға шейін атамның қолында болдым. Өзімнен үлкен әпкем ұзатылып, тұрмыс құрып, осы Шаянға келген. Сол кісі атама айтып шақыртып, атам ризалығын берген соң, осы әпкеме келіп, осында оқып жүрмін.

Бұл Сәкенмен дидарлас, сапарлас, дәмдес болған қарапайым ел адамы бауырында тәлім алған жасөспірім қыз әңгімесі. Ол балапан-балғын жүректен шыққан ешбір қоспасыз, қыр гүліндей сезімнен туған қысқа ғана болса да, Сәкен сөзін сөйлеген, Сәкен жырын жырлаған қыр елінің бір қызғалдағы іспетті көрінді маған.

Сәкен жайындағы менің ізденіс әрекетім, тапқан таянғаным осы шығар. Өмірдің бұйырғаны осы болса, бұдан да шүкір деп қаншама жылдарды артқа салдық. Бірақ, «алтынды саз астында кір шалмайды» — деген, бұдан жетпіс үш жыл бұрын, жаңа дүние таңында сол бір ғажайып жанның сары сахараға салған ізі, тау ішінде қалдырған сазды үні өшпеген екен.

Палата есігі жайлап ашылды да, жеті-сегіздер шамасындағы томпиған торы бала көңілді кескінде қол ұсына сәлем берді.

— Иә, атың кім сенің?

— Алмасбек.

— О жақсы жігіт екенсің, — Кімнің баласысың, Алмасбек?

— Атамның.

Осы сәтте кең есіктен Алмасбектің атасы да көрінді.

Жас құралпы алпысты өрлеген, тіп-тік еңселі, биік тұлғалы, аққұба жүзді көкбурыл шашты келісті кісі сәлемдесе орындыққа жайғасты.

– Кешіріңіз, Ер-еке, біз өзіңізді іздеп сонау Сырдың арғы жағынан – Жетісайдан аманат жүгін арқалап, арнайы шыққан адамбыз. Өз атым Бейсенбай, әңгімені бастамас бұрын, Сізге жазған досыңыздың сәлем хатын берейін.

Ол қойын қалтасынан конверт алып ұсынды. Ашып көрсем, хат өзге емес, жиырма жылдай өзіміздің «Оңтүстікті» басқарған байырғы қаламдас қанаттас жолдасымыз Әмірсейіт Әлиевтен екен:

«Мына кісі – деп жазыпты Әбекең, – еліне еңбегі сінген әйгілі Әйгелді датқаның ұрпағы, өзі де абыройлы кісі. Әулетінің тарихы кезінде «Оңтүстікте» басылған. Әкесі Тәукебайдың есімі Созақ елінің есінде, қайраткер, халық адамы болған. Туған жері Шолаққорғанда бір көше бүгінде сол Тәукебай есімімен аталады. Бұл ағаны тыңдап көріңізші. Бәлкім, бір шығарманың туындауы да мүмкін ғой...»

Мен хаттан көз алған сәтте, Бейсенбай әңгімесін бастады. Мен Әбекең сізге жазғандай, өз заманында теріскейде ел сөзін сөйлеген атакты Әйгелді датқаның немересі, Жайшыбектің баласы Тәукебайдың жалғыз ұлы едім. Арғы бабам Әйгелдіні, атам Жайшыбекті көргем жоқ. Созақ жерінде туған екем. Бірақ тағдыр маған сол елде сайран салып өсуді жазбапты. Төрт жасымда жер ауған әкеммен бірге жер ұйығына кете берген екенмін.

Әкем совет дәуірінің адамы, ескі большевик. Сонау жиырмасыншы жылдары Созақта милиция нәшіндігі болған екен. Сол жылдары есімі қазақ еліне мәлім лениншіл революционер ақын Сәкен Сейфуллинмен сол Созақта кездесіп, дос болған. Сол Сәкенді қуғыншыдан құтқарған екен. Кейін «Ұлы өзгеріс» тұсында, 1928-ші жылы кекшіл жаулары «Бұл патша заманында ел билеген атакты датқа Әйгелдінің немересі» – деп көрсетіп, басына қатер төнгесін, қос дария аралығы – Самарқан, Байсын жағына қашқан.

Сол жақта Арқа мен Қаратаудан ығысқан өзіндей би болыс, ауқатты әулеттерден шыққан сикымның әйгілі бәйге жүйрігі – қара тұлпарын мінген болысы Шерімұлы Мақұлбек, найман Қадырбай сияқты көптеген ел адамдарымен бірге өкімет жүгін таситын түйелі кірекеш әртелін құрып, шаруагер іс басында жүргенде ел жақтан жеткен материалмен «Датқаның баласы» – «Халық жауы Сейфуллиннің құйыршығы» – деп, 1938-ші жылы 14-ші тамыз күні ұсталған. Сол кеткеннен әкем ұзақ жылдар айдауда жүріп, арада 16 жыл өткенде 1954-ші жылы оралды...

– Сәкен Сейфуллин дейсіз бе? Сіз сонда Сәкенді көрген, бірге болған Тәукебайдың ұлысыз ба, Бейсеке?

– Иә, еш қатесі жоқ. Айтып отырғаным ақын Сәкен ғой, баяғы. Мені Сізге әкелген де, сол Сәкен мен әкемнің жайы...

Қарадай жүріп қашқын боп, басы байлауда, өзі айдауда кеткен әке артында жастай қалған тірі жетім балада қайсыбір жетіскен жастық шақ болатын еді. Қуғын-сүргіндегі әулетке ата тегіміздің атын сақтайтын, не әкемнің атын сақтайтын түзу фамилия да бұйырмады. Жансауғада жүргенде әкенің «халық жауы» атағынан жасқанып, бір жамағайынның атын жамылып – Кәдіров болып кеткенмін. Сөйте жүріп, «қарманған қарап қалмас» – деп, ауыл мектебін, кейін Ташкентте финанс-экономика институтын бітірдім. Бүкіл еңбек жолым осы мамандықта өтті. Совхоз директоры, көп жыл Жетісайда аудандық финанс бөлімін басқарып, сол жұмыстан жақында зейнетке шықтым.

Бейсенбай, осылай өз жайынан, өз өмірінен мұң шағып сөйлеп отыр. Ал, бұл сәт менің көз алдымнан қас-қабат бұдан отыз алты жыл бұрынғы «Көкмұрынтайдағы» кез көлбен қағып өтіп жатты.

– Әкем айдаудан қайтқасын көп жасай алмады. Күн көрмес «итжеккеннің» тайгасында итшілеп өткізген өмір қайбір саулық қалдырсын. Өзі барынша жүдеу, аурушыл болып

1961 жылы 74 жасында дүниеден қайтты. Туған жер топырағына бармақшы еді, бара алмады. Сөз қадірін білетін бір қаламгерге Сәкен жайын айтпақ еді, айта алмады...

Сол 61-ші жылы көктемде жұмыстан үйге келсем, әкем жер төсегінде екен. Қолында газет. «Онтүстіктің» бір нөмірі.

— Балам — деді әкем түскі шайдың кезінде, — мынаны жазған бала, — деді газеттегі «Сарыарқаға жол» деген көлемді әңгімені көрсетіп. — Созақтың елін, жерін адамдарын көп көрген сол газеттің тілшісі екен. Біздің балалық-шағымыз өткен, жас кезімізде талай ат шалдырған жасыл жайлауымыз «Көкмұрынтайға» барып, Сәкеннің баяғы бізге келген Созақ сапарына іздеу салыпты. Шіркін, Сәкен, қайран Сәкен, — жөнің бөлек еді ғой, әй жалған дүние-ай! — деп әкем, шаршаулы қос жанары жасаурап толқып кетті.

— Балам, — деді әкем, енді үзілген сөзін қайта жалғап. — Күннің — күнінде, сәті түссе, сен сол тілші баланы көрерсің. Сонда Сәкен жайын есіне салып мына әңгімені айтарсың, — деді.

...Ол кезде Созақта едім. Отыз төртке енді толған жігіт кезіміз еді. Сонда милиция нәшәндігі едім. Жаздың күндері Созақ сыртына көшіп шығып, киіз үйлер тігіп, ата-қонысымыз — Төртшиде отыратынбыз.

Бір күні, жиырмасыншы жылдары маусым айының орта тұсында, кеш әлетінде үйде отырғанымда, сырттан атын тасырлата бастырып, үй алдына келген бейтаныс жүргінші.

— Кім бар, сөйлес, — деді. Мен жеңіл көтеріліп, үйден шықтым. Үй алдында қыланбоз арғымағы үстінде қаршығадай қаздып сұлу отырған қияқ мұртты, көзі оттай жанған, келбетті жас жігітті көрдім. Қасында қаракөз атқа мінген, сәмбідей сымбатты жап-жас келіншек.

— Осындағы милиция бастығы Жайшыбекұлы керек еді, — деді жүргінші.

— Іздегенің Жайшыбекұлы болса, ол осында, аттан түсіңіз, — дедім, қонақтың тегін адам еместігін түс-тұлғасынан байқап.

Қонақтар түсіп, төрге жайғасты. Аз-кем амандық сұрасқан соң, тығыз шаруа бар еді, тысқа шығайық, — деді.

— Әңгіме былай — деді сыртқа шыққасын, жас жігіт.

— Мен Акмола уезі, Нілді болысының қазағы Сейфолланың ұлы Сәдуақасын. Жұрт мені Сәкен дейді.

— Сәкен! Даусым биіктеу шығып, қалбандап қалсам керек. Сол кездің өзінде Сәкен есімі қазақ даласында аққудай қалқып жүрген ғой.


— Иә, сол Сәкен. Сәкен Сейфуллин, — деп атайды мені.

— О, Сәкен-ау, сені білмейтін бұл дүниеде қазақ бар ма?! Қалайша, қай тағдыр кездестірді бізді, — деймін мен өз көзіме өзім сенбей.

— Жарайды, бауырым. Көп нәрсені асықпай кеңесерміз. Ал, алдымен, мына әйел баланы бір сенімді жерде сақтау керек. Бұл торға түскен, торғайдай басыбайлы, бір байдың есігінен бостандыққа қашып шыққан беті. Соңында қуғыншы бар. Қалайда құтқару керек. Өз арманына жеткізу керек, бұл қызды.

— Айтқаның болсын, Сәкен. Бір қызға пана бола алмасақ, несіне кісі боп жүрміз. Қазір-қазір, — деп кермедегі кер аттың тартпасын қайта тарттым. Арада сүт пісірім өткенде, бірер шыны-аяқ қымыздан кейін, Сәкен екеуміз, әлігі үкідей үлпілдеген перизатты ортаға алып, тау жақты беттеп тартып кеттік. Сонда тау баурайында кішкене Тасбұлақтың жанында біздің тумалардың төрт үйлі ауылы бар еді. Ат басын солай түзедік.

Қаратау сырт арқалығы кен, ұшан далаға ұласқан келісті-кербез дүние еді ғой, шіркін. Теріскейден ат айдарын аймалап майда-қоңыр самал жел баяу желпіп тұрды. Тау биігіне көтерілген әлгі толыспаған сұлу ай нұрлы сәулесін төгіп тұр. Айнала маңғып жатқан дархан дүние. Бұлақты бойлай қонған ауыл-аймақтың жерошақтарында маздаған кешкі



оттары көрінеді. Ашық өлкеде кешкі жібек самал ақын жанның жүрегін қалай тербетпесін. Сәкен, биік қоңырқай даусымен сөйлеп келе жатты.

– Міне енді, сен де, ел шетіне жеттін, Меруерт, енді алдында күткен арманың да алыс емес. Еркін өмірде оқып, білімді адам боп, мұратына жетерсің. – Солай емес пе ө, Меруерт – дейді ол келіншекке бір қырындай көз тастап.

– Солай ғой, аға. Жаратқан жақсылығына жазғай да.

– Сен бақыттысың, Меруерт. Солай болады да. Енді сен, уәйімді тастап тек, алдағы келешегіңді ойлағын.

– Ризамын, аға. Бұл дүниеде ризамын сізге.

Сол кеште жаңа кездескен жас достармен Қаратау баурайында келе жатып Сәкен жанында жарық дүниеге талпынған, еркіндігін, бақытын іздеген жас әйелдің Меруерт екенін білдім. Өзі де меруерт десе дегендей. Аққұба ашаң жүзді, қарақат қара көздері ақыл мен парасатқа тұнған, ақ маңдайлы ай қабак, әппақ кіршіксіз тістері ақ маржандай тізілген, сымбатына көз тойғысыз жан еді.

Кешікпей, ауылдың тау жақ шетіне қонған қараша үйге келіп аттан түстік. Бұл ерінен ерте қалып, бетке ұстаған жалғыз ұлға жақында келін түсірген Жайдары женгейдің үйі.

Сөзге де, іске де бекем. Ер мінезді, қайратты әйел жалған жан жарық іздеген жас келіншекті өз қызындай қарсы алды.

– Мен тіріде қабағына шыбын қонбайды. Өздеріңдей сеніңдер, – деді жеңгей шай үстіндегі әңгімеден кейін бізді аттандыра тұрып. Анығы да солай болды. Қашан бұл елден кеткенше жан аяғынан аулақ, таза жерде тұрды.

Ертеңіне үлкен сәске кезінде тақымдарына сірестіре басқан сойыл, қолдарында дырау қамшысы, қарасы он бес шақты топ қуғыншы сау ете түсті.

– Қайда, қайда әлгі тама Жайшыбектің баласы. Шығар бері, әлгі ел кезген қатын азғырғыш арғынды. Шығар, арбап пінде ғып алып кеткен жесірімізді. Қойдай көгендеп, бересің қолымызға, – деп ат үстінде даурыға айкайға басты. Топ алдында астына арынды жарау ат мініп, білегін сыбанған майлы қара құрдай қызарған, екі көзі шатынап өрекіп, атын тебіне, ұмтыла түседі.

– Ей, тоқтандар, – дедім мен, әр сөзімді нықтап, бұйыра сөйлеп, – біріншіден бас бостандығын іздеген әйел, өкімет қолына өтіп кеткен, ешкім зорлықпен ала алмайды оны. Екіншіден, сендер қай заманда, қайда тұрсыңдар өзі. Қазір келген іздеріңмен тайыңдар. Өйтпейді екенсіңдер түгел аттан сыпырып, қаматып тастаймын. Қайда жігіттер біздің, шығыңдар! – дедім барынша жігерлі, зілді сөйлеп.

Үйден алдын ала шақыртылып, бір бесатар винтовка, екі нағанмен дайын тұрған екі қызыл жағалы қызметкер шыға келді де, менің сыртқы жағымнан нағандарын суырып, аспандата екі дүркін оқ атты. Мылтық даусынан аттар үркіп, оскырына кейін шегінді.

– Қайтыңдар, іздеріңше. Өйтпейді екенсіңдер, аттырып тастаймын, – деп аттыларға жақындай түстім.

«Бір мылтықтың аузына қырық кісі сиыпты» деген. Әлгі содырлы топ сойылдарын шошандатып, жалт бұрылып, теріскей құм жақты бетке алып құйындата жөнелді. Бұл кезде Сәкен, үйдің кереге жақ тауына таяу, өзінің жазу дәптері жатқан шағын дөңгелек үстел жанында ешнәрсе сезбегендей нұрлы жүзі байсалды отырған-ды.

– Әлгі надан шабармандардың бетін бопсамен оңай қайтарғандарың жөн болды, – деді, жай-жағдайды жетік біліп отырған Сәкен, көңілді кескіні жарқырай түсіп. – Жарайды, енді мен бес күн өздеріңмен біргемін. Бүгіннен бастап елге шығып, Лениннің жаңа саясатын айтамыз. Тәуке, – деді, өз сапарының мән-жайын ашып.

Сол күні кешке, Сәкен қонақжайы алдындағы аз серуен кезінде Меруерт жайын қысқаша баян етті. Ақмоладан Түркістан арқылы Қызылордаға беталып шыққан осы сапарында Сәкен жол бойы жайлаудағы ел ішінде қалың жұртпен кездесіп, қазақ жерінде жаңа өмір орнатудың жайынан жиындар өткізіпті. Сонда Жеті қоңырдың құмдарында

мындап жылқы айдаған атақты Көку байдың ауылында, осы елдің өзі қатарлы оқыған ағайынды жігіттері Бәйсейіт, Мұқыштармен кездесіпті...

Сәкенді сырттай білетін зиялы азаматтар оған арнайы үй тіккізіп, апта бойы ортасында ұстап, ел жайымен жете таныстырған екен. Сонда Көкуге көрші Алшын ауылында жасы алпыстан асқан бір сасық байдың есігінде екі әйел үстіне үшінші болып, басы байлы халде жүрген жиырмаға енді толған Меруерт жайымен кездесіпті.

Ол жайды Сәкенге Меруерт атынан айтушы Мұқыш, Меруерттің төменгі Сарысуды жайлаған уақтың бір шаруагер адамының қызы екендігін, жастай атастырған, әлгі байдың тоқал шешесінен туған кенже інісі қалыңдығын аламын деп жүргенде көкпарда аттан ұшып, дүние салған екен. «Іні өлсе біз бармыз», — деп қалың мал өтісі бар бай топ адамдарымен қыз ауылына әлек салып, әлсіз шаруаның қызы Меруертті екі кеш арасында лақ көкпардай өңгеріп әкетеді. Ұшарға қанат, қонарға көлін таппай жүрген жіпсіз байлаудағы Меруерт бар мұның оқыған ел азаматы Мұқышқа шағыпты.

— Кетер ем. Мені құтқаратын, қол ұшын беріп, жарық таңыма жеткізетін жан иесі болса, жерұйығына кетер ем, — дейді, бұл жаққа әйгілі ел адамы Сәкен келді, — деген сөз құлағына жеткен соң.

Әйел тілегін естіген Сәкен кездесуге қарсы болмайды. Сол кездесу бір топ ауыл жастарымен бірге сол Мұқыштың ауылында, Мұқыштың үйінде болған, сол күні кешкі елеусіз шақта ұзақ жүріске мықты қаракөк жарау атқа қаршығадай қонған Меруертті қатарға алып, өзінің қылаң боз арғымағын мінген Сәкен бұл ауылдан жедел аттанып кеткен.

— Бұл арадан Сарысуға құлайтын Бесқұлан жолымен Шеңгелді, Еспе арқылы төтелеп жүрсек таң ата «Көкмұрынтойға» одан әрі кештетіп Созакка да жетерсің, — дейді бұларды ауыл сыртынан ұзатып салған Мұқыш. — Созакта Жайшыбекұлы Тәукебай дейтін жарамды азамат бар. Өзі сонда милиция бастығы. Бай ауылы қарап жатпасы мәлім. Қуғыншы барса, сендерді қорғайтын да, құтқаратын да сол Тәукебай болмақ, — дейді.

Сәкеннің арамызда бес күн болатынын білгесін аз кенестік те, мына ың-жыңнан тысқары оңаша тыныш жерде оның бір мезгіл демалуына жағдай жасауға келістік. Ондай жер әлгі Меруерт түскен ауыл Тасбұлаққа таяу орын — Балықшы шатқалы тандап алынды. Сол жерге таза бұлақ жағасы майдам сазға екі үй тіктіріп, біріне Сәкенді жайғастырдық та екіншісі ас үйге арналды. Сәкеннің жанына көмекші күзеткер есебіне екі жігіт бөлдік.

Айнала жартасты биік шыңдар қоршаған көкмайсаға жұптаса тігілген қос отау ерек табиғатпен үйлесіп, жарасып тұрды. Сәкен түске шейін сол отау ішінде қағаздарына шаншылып, түскі шайдан кейін атқа мінетін. Қасына аудан атқомінен өкіл алып, оған қоса мені ілестіріп осы маңдағы жайлаудағы ауылдарға шығып жүрді. Айтар сөзі көбіне қазақ жастарының бүгіні мен болашағы, бостандық, тендік, бірлікке жету, білімге талпыну. Жаңа заманның лайықты азаматы болу.

Сәкен ел ішінде пәлендей бір молайтып топ жиюды, үлкен тобырды іздемейтін. Төрт-бес, он-он бес кәрі-жастың басы қосылды екен, ортаға шығып жүзі нұрланып, сөйлеп кетер еді. Сөзі қандай дәмді, даусы қандай жағымды еді сабаздың.

Әр күні ел ішінен кешкі салқында тау ішіндегі қонақжайына бет бұрар едік. Осында бірер сәт шайланып алған соң, көне Тәуке, енді аз уақытымызды бөліп, Меруертке барып қайталық дейтін. Бұл арадан Тасбұлаққа дейін тай шаптырым ғана жер. Кешкі жайлы ауада жедел бастырып, жарты сағат өткенде, баурайдағы ауыл да ай жарығында едәуір жерден айқын шалынатын.

Ауылдың тау жақ сыртында, бұлақ жағасында зау боп өскен қаратал тұрушы еді. Сәкен Меруертпен сол тал саясында кездесіп жүрді. Мезетті мезгіл, белгілі жерге жеткенде, қырқа биігінен ауылға көз жіберген бізге, үйден шығып, ақ көйлегі ай жарығында ақ



желкендей жалтылдап қара барқыт камзолын желбегей тастап, асыға басып келе жатқан сол сұлу бейне де көрінетін. Сәкен қылаң боздың тізгінін маған беріп кездесер жерге жаяу тартатын.

Осылай үш күн өткен. Сол күннің кешінде Сәкен маған:

– Тәуке, сен бүгін осында бол. Бір түнді бізбен өткіз, – деді.

Сәкеннің аттанар мезгілі таяу екенін білем. Оның қасында болудың әр сәті мен үшін шексіз қымбат еді.

– Жарайды Сәкен, қанша күн десең де дайынмын ғой. Тек, сенің керегінді өтей алсам болғаны, – деймін мен.

Сол күні Балдысудағы ауылдан қайтқалы бері Сәкен елден ерек бір күйде болатын. Бізге көрінбейтін әлденені өзі ғана көргендей, қиыр шетке көз жіберіп, өзімен-өзі сырласып, ыңылдап, мен естімеген елде, жоқ бір қоңыржай әнді әлденеше қайталап жүрді. Сол әннің жібек толқынды әсем ырғағы уақыт өткен сайын айқындалып биіктей түскендей еді.

Енді міне, сол айлы түні Тасбұлақтан оралғалы Сәкен өзге дүниені біржола ұмытқандай бір сыртқа шығып, бұлақ жағалап ары-бері аяндап, қайта оралып, май шам жарығында шай столы үстінде жатқан дәптеріне әлденені сусылдата жазып, қайта тұрып кетіп жүрді.

Сәкеннің ақын жаны мына түнгі тұнық дүниемен сырласып, жүректің сазын алдындағы ақ қағазға төгіп жүргенін білсем де, ләм деп тіл қата алмадым, тіл қатуға батылым да бармады. Осы жұмбақ жанның сырлы бейнесін бағып, қиялдана қызығып, әрі тандана жатып бір шақта мызғып кеткен екенмін. Шығыстан құланиек таң шапағы саз беріп қапты. Қарасам Сәкен орнында жоқ. Төсегі сол кешкі салулы күйінде жатыр. Тез тұрып тысқа шықсам. Сәкен таңғы таза ауада ақ көйлектің жағасын ашып тастап, бір парақ ақ қағазы қолында кеше кешегі қалпы баяу ыңылдап ынырана әндетіп тұр екен.

Иә, ол түні Сәкен атар танды көз ілмей атырды. Тек менің тысқа шыққанымды байқаған сәтте тез бұрылып, таяп келді де:

– О, Тәуке енді жан да, көңіл де тыныш. Енді осында түске шейін дем аламыз. Ертең ертелеп жол ғой, бізге – деді.

– Мақұл, айтқаның болсын Сәкен.

Аз-кем шайланып, салқын қымызбен сусын басып алғасын Сәкен екеуміз қатарласып енді тыныш ұйқыға бас қойдық. Түс мезгілінде оянсақ, тынығып серігіп қалыппыз. Бұлақ суына бет-жүзді шайып, түскі шайға отырдық. Сол шақта Сәкен төрт бүктелген парақтың бүктелуін ашып арабша айшықтап жазған өлең жолдарын бір шолып:

– Тәуке, бұл өлең мына қасиетті тау келбетінің, таза ауа, көусар бұлақ, айлы түнгі дархан даланың жемісі. Тыңда – деді де, қоңыржай жайлы даусымен баяу желпіп оқи бастады.

«...Келемін тау ішінде түнделетіп
Аймақты күңіретіп, өлендетіп
Ақбоз ат астымдағы сылаң сағым.
Жалтақтап құлақтарын елендетіп
Ақбоз ат менің тұлпарым,
Шалқыған көңіл сұңқарым,
Көкірек керіп жұттым мен,
Ауаның жазғы жұпарын.
Ей, Сүмбілшаш
Қара көзің,
Тәтті сөзің,
Білгейсің келгенімді жалғыз өзің.
Ұйқыға әнімді естіп берілмессің,

Маужырап төсегінде керілмессің
Ақырын үйден шығып уәделі,
Жеріңе келуге сен ерінбессің.
Ей, Сүмбілшаш...»

Иә, бұл өлеңнің жолдарында тек менің туған жер, өскен мекенім қасиетті Қаратауым, Сәкенмен бірге өткен сол бір айлы түн, аяулы шақтың суреті тұрды. Сол өлеңнің сырлы жолдарында тағдырдың өзі осы күн, осы ғажайып түндерімізге сыйлаған сол бір сұлу бейненің естен кетпес елесі тұрды.

Сәкеннің Созақ жеріндегі соңғы күн, соңғы кеші ешбір алансыз, тау мен даланың шектескен шегінде сұлу жаз, назды табиғат аясында жай сейіл-серуенмен өтті. Ат мініп, Қозмолдақтың қоңыр беліне көтеріліп, алыста туған өлке арқа жағынан ескен қоңыр желге кеудесін тосып, көңіл толғанысы үстінде өтті. Күн еңкейіп, қиян дала қиырына шөккенде Тасбұлақтағы онаша отауда, үй иесі жеңгей қолынан дәм татып, ертеңгі жол жайын ескеріп, ай туа бұл ауылдан аттанып кеттік.

Тасбұлақтан ұзай бере, Сәкен манағы қағазда оқылған сырлы өлеңін енді анқыған әніне қосты. Ән кереметін, жан кереметін көрер жан, сол бір сұлу дүние астында, тау шатқалына бастаған жол үстінде көрсе еді. Сол жол құзар шындар құшағына тартып, терендей түскен сайын, күдірет өзі қолдан құйып бергендей, ол күңірене шалқып, асқақ өрлеген, биіктей түсті...

«Ее-ей, жан сәуле, кара көзін, тәтті сөзін,
Білгейсің келгенімді, жалғыз өзін...»

Мен міне сол айлы түн, Сәкен жанында келе жатып мәңгілікке жасайтын дүниенің сұлу бейнесі, тек сол дүниеге бір келер ұлы жүректен туатынын алғаш көрдім. Иә, ел мына қаншама заман сазында күзеткен қасиетті тау ішінде қазақтың жайсаң жанды Сәкеннің дарқан жүрегінен туып, өшпестікке қалған қымбат белгісі еді.

Таңмен бірге оянып, ертелеп жолға шыққан жолаушылар маусымның таң салқынында жедел жүріске салып, кіші сәске шағында Суындық асуының биігіне де ілінді. Биікте ат басын тартқан Сәкен, сол жақта қалып бара жатқан ұлан дала шалқарына бұрыла бір карап тұрды да:

— Ал, Тәуке, қиын жол басып, шалдығып келгенде ел жұртыңмен басқа пана, жанға сая болдыңдар. Бұл күндер ұмытылмайды. Біз Сізге ризамыз. Кәне, қайыр! — Сау болыңыз, — деп қолын ұсынды.

— Қайыр! Жолдарың болсын Сәкен! Оң сапар болсын, — деп Қарнаққа, одан әрі Түркістанға тартқан ежелгі тау жолының асу биігінде тапжылмай қала бердім. Алда жаз мұнарында бұлдыр тартқан шексіз өлке құшағына енген қос жүргінші бұлдырап, ұзай берді.

Бұл оның қастерлі ұлы даланы басып, Қаратау арқылы тағдырының қиян шетіне тартқан сапары еді. Қайран Сәкен, мезгілсіз ұшқан лашын құс, жөнің өзге ғой...

Қадірлі оқушым бұл сырды қағазға түсіру үстінде азын-аулақ әдеби астар бергеніме кешірсін мені. Бейсенбайда кінә жоқ. Ол бұдан отыз жыл бұрынғы әке сөзін, әке аманатын барынша дәл, хал-қадірінше қарапайым, тілмен, қаз-қалпында жеткізуге тырысты. Сол ешбір бояусыз қарапайым әке сөзімен бұдан көп жыл бұрынғы заманымыздың таңында Сәкенмен өткен күндерін, Сәкен бейнесін, тау ішінде туған оның сырлы да сұлу әнін көз алдыма қайта елестетті. Мен тек әңгіме тындаушы емес, осынау қиын жылдарда өткен өз жастығымның шағына қайта оралғандай, ақбоз аты үстінде айлы түні тау ішін жаңғыртып, асқақ әнге салып, есілтіп кетіп бара жатқан Сәкен ағаның жанында бірге жүргендей күйде болдым. Сөз күдіреті, ән күдіреті деген осы болса керек-ті.



Бейсенбай әңгімесін аяқтап, үнсіз отыр. Екінші қабаттағы терезеден Түркістан жағы, Қаратауға мезгеп жатқан ұлы далаға қарайды. Бұл өлке оның кіндік қаны тамған туған жер, алтын бесігі. Араға алпыс жыл салып іздеп шыққан қастерлі атамекені.

– Біз енді жүрелік, – деді Бейсенбай алдағы жолсапарының мән-жайын айтып. – Үлкен мақсат өзіңізбен кездесу еді. Тәңірі жолымызды берді. Кездестік. Айтар сөз айтылды. Енді Созақ асып, туған жерді бір көрсек деп бара жатырмыз. Сол шетте ұлы бабам Бәйгелдінің сағанасы жатыр. Бір замандағы биік сағана құлап, үйіндісі жатқан көрінеді. Сол қасиетті топырақты мына Алмасбекке көрсетіп, әруақтар басына құран оқып қайтпақпыз.

– Көп рахмет, бауырым, – Жолдарың болсын.

Солай, көп жылдар әке аманатын арқалаған Бейсенбай өз міндетін хал-қадірінше атқарды. Одан бері де ағын судай жылысып көп жылдар өтті. Уақыт озғанмен адам жаны тозбайды. Жел кезген жазирада аңыз бен шындығы қат-қабат шектесіп жатқан Сәкен тойындағы өмірдің өлшеусіз жыр-дастанына өз тағдырының бұйрығымен отыз жыл мәңгілікке сөнбейтін ғашықтық таңын күзеткен ғажайып қара кемпір хикаясы қосылды. – Кім еді ол?! “Сәкен – Сәкенім” деп жалғыз сөзді жанына жалау, талма жүрегіне талшық еткен жан иесі. – Ол Меруерт, баяғы Меруерті ғой, Сәкеннің дейміз бе? Енді оны айқындап жатудың қажеттігі қайсы? – Солай өткен өмір, кеткен күн, қайта оралар жолы жоқ!

Мамыр, 1993 жыл.





АРҚАДАҒЫ АМАНАТ

(Досовтың соңғы күндері)

Досовтың тергеудегі ақырғы сөзі: «Қазақ жұртын өз еліндегі шұрайлы жерге орналастыру, Ертіс бойындағы құнарлы өлкелерді әділеттік тұрғыда қайта бөлу Сейфуллин бастаған топтың саясаты еді. Өткеннің ашы сабағы көп нәрсені саралап, терең ойлануға үйретті. Бұдан 3-4 жыл бұрынғы халді ұмытуға болмайтын еді. Партия жүргізген солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының тең жарымынан астамы аштан қырылғаны үшін өз ұлтымыз алдында Голощекин тәрізді орыс отаршылары емес, туған халқының шын ұлдары — біздер жауапты едік. Оны біз ешқашан ұмыта алмаймыз!»

Алдымда том-том үйілген іс қағаздары. Шешендер мен көсемдердің сөздері. Бұдан аз-кемі жоқ алпыс жыл бұрын әбжел қыздар сытырлата машинкадан шығарып, ісмер қолдар әспеттеп түптеген, сөйтіп соны ұрпақтарға сабақ үшін қалдырған заман шежіресі. Оның сарғыш тартқан беттерінің бірінен (сол жылдары түсірілген суреттен) бізге құба тастан қашап, құрыштан құйғандай қыран пішімді, кең маңдайлы, келісті, отыздан енді ойысқан толымды жігіт жасындағы азамат адам қарайды. Оның жігерлі бет-бейне, батыл кескініне үйлескен өткір жанары — беріспес шайқастарға жаралған ер қайратынан хабар беріп, ұшқын шашып тұрғандай.

Бұл Досов! Оңтүстік Қазақстан облысын басқарып тұрған кезі. Отыз сегізге толған шағы. Төңкерістің от-жалынды жылдарында тым ерте есейген, жиырма жасында Қазақстан Орталық атқару Комитетінде хатшы, 23-те Семей губерниясын, 26-ға толғанда Орал облысын басқарып, 28-ге шыққанда алты жыл Мәскеуде Кремльде Сталинмен жүздесе-тілдесе жүріп, Калинин, Молотовпен бірге елде «Ұлы өзгеріс» аталған колхоздасу дәуірінің жоба-жоспарын жасаушы. Сол кезеңде Қазақстанда голощекиндік «Кіші революция» ұранымен өріс алған асыра сілтеушілікке қарсы Рысқұлов, Нұрмақов, Қожановтармен бірге алғаш дауыс көтерушінің бірі. ВКП(б) Орталық комитеті аппаратында жауапты қызметтен Қазақстанға қайта оралып, Ақтөбе обкомында бірінші хатшы болып, енді республикадағы ең күрделі, ірі облыс — ол кезде Қазалыдан Қордайға дейінгі ұланғайыр өлкедегі 37 ауданды алып жатқан алып өлке — Оңтүстік Қазақстанға келген кезі.

Солай жастық шағынан жалындап, аз жылда айтып болмас бедел мен биліктің биігіне көтерілген, қуат-құдіреті кемелге келген адамның өршіл өмірі біздің жерімізде, Оңтүстіктің шуақты өлкесінде қалай үзілді? «Халық жауы» деген атақ оған қалай, не үшін тағылды? Қандай жағдайда камалды? Одан әрі тас камалдың ішінде аяусыз колдан ажал тапқанға дейінгі өткен айлар мен күндерде қандай қияметті бастан кешті? Егер онымен адам сияқтанып тілдескен болса, кешегі берілген большевик, енді «Ұлтшыл троцкист» сондағы



тергеу адамдарына не айтты? Шындық пен жасанды -жалғаншының, жалпы ол жөнінде ел ішіндегі аңызға ұласып жатқан ақиқаттың бет-бейнесі қайсы?

Кеткен керуеннің соңынан шырақ алып іздеу салғандай хал кешуден бұрынғы мені осы қиын шаруаға бастаған бір күтпеген кездесуді айта кеткен жөн болар: Бұл бұдан көп жыл бұрын әлі де «Халық жауларының» басынан ғасырдың қара таңбасы кетпеген сонау елуінші жылдардың орта тұсында болған жай еді.

Ерте көктемнің мезгілі. Әлденеше күн аспан жүзі ашылмай жер мен көктің арасын дымқыл сыз жайлап алған. Редакция тапсырмасын орындап, алыстағы ауданнан жаңа оралып, жазу қағаздарға енді шаншылып жатқанда есік ашылып, бөлмеге жас құралпы елуді еңсерген, жүдеу жүзді, биік бойлы, ақсұр-ашаң кісі келіп кірді. Ол әлдекімді іздеп жүргендей барлай қарап, сөлемдесіп, орындыққа жайғасты.

– Сен мені танымайсың, қарағым. Осында екеніңді сырттай естіп, өзім келіп отырмын. Аталарың ағайынды Әжібек пен Әлімбектің барында, апамыз Мәриенің көзі тірі кезінде, бала күнімізде тайға мініп, тау асып үлкендермен бірге ауылыңа талай барғанбыз. Заман сазы тұрымтай тұсымен кеттік.

– Мен Әлжанмын. Естуің бар шығар, Мұрымбаев Әлжан дегеннің болғанын, өз заманында дүрілдеп дәурен сүргенін. Енді, міне, «баспақшыға жан қайғы» жай пенденің күнін кешіп жүрген жайым бар...

Осылай бұрын-соңды жүздесіп-тілдеспеген, менің ата-тегімді менен жетік білетін бейтаныс кісі көп жылдар санасында сарғайған әңгімесін бастады.

Газет дейтін білгенге бұл заманның шежіресі ғой, қарағым. Тғындайтын құлақ, ұғатын жүрек болса, оның беттерінен өткен өміріміздің талай сырын табады. Сол ұлағатты жерде екенсің. Мен өзіңе санаулы айлар болса да ортамызда болып, «Қазақ елім» деп өткен бір қайраткер азамат жайында аманат сөз айтқалы келіп отырмын.

Оның аты-жөні Досов Әбілқайыр. Ол – көп белсендінің бірі емес. Құдай төрт құбыласын түгел берген ерек пішімді жан еді. Бір жылдан астам ғана біздің облысты басқарды. Обкомда бірінші секретарь болып тұрды. Ол мені жетер биігіме жеткізді. Бар жақсылығын жасап кетті. Өмірбақилық өтелмейтін қарыздар етіп кетті. Сол жайынан бірер сөз айтайын.

Отызыншы жылдардағы аштан қырылған елде аман қалған жастары алғаш ес жиған 34-тің көктемінде күнкөріс кәсіп іздеп қалаға шұбырдық емес пе. Бұл қорғасын зауыты жаңа бой көтеріп, зәулім мұржалардан көкала түтін көк аспанға шалқып тұрған шағы еді. «Зауытқа жергілікті ұлт жастары керек екен» дегенді естіп осында келдік. Айтса-айтқандай, мұндағы адамның-адамы шыдайтын көк жалын арасында шойын науаларды күн-түні толассыз ағып жатқан қорғасын бұлағының қайнар басында, жалын құсып күркіреген балқыту пештерінің жанында, тек төзімге жаралған «Қу қарынның тоғы» үшін өлуге бар өзіміздей өрімтал қазақ жастары тұрғанын көрдік. Бейнетіне қарай ақы-төлемі көп, сыйлы дегесін, біз де сол топқа келіп қосылдық.

Адам баласы көре келе дозақтың отына да көндігеді деген. Көп ұзамай өлгі тас шайнап, жалын құсып жатқан сұрапылдың көмейінде тұрып, жан шошырлық күркілі мый қайнатқан ыстығына да үйрендік. Оқтың-оқтың берілетін қаймағы қою салқын сүттен жұта жүріп «Шуровка» дейтін кере құлаш ұзын көсеулермен сол сұрапылдың көмейін көсейміз. Ол дегеніңіз кезекте алты сағат маңдайдан ашы тер сорғалатқан тоқтаусыз қимыл, жанталас айқас. Қорғасын бұлағы – ол баяулықты, сылбырлықты төзбейді. Металл қорытудың тек жан тер төгумен жалын құшып ағатын бір ғана жолы, біз бастан кешкен бейнеті солай еді.

Сол бір кездегі төгілген тер, адал бейнетіміздің қайтымы шығар, арада жыл өтіп, алғашқы бесжылдықтың екпінділерін марапаттау тұсында – зауыттың бірінші стахановшысы деп менің есімім аталды. Донбасста Стаханов, Шымкентте Мұрымбаев, атақ-даңқымыз дүрілдеп жүре берді. Кешікпей бізге Мәскеуден үлкен ақсақалымыз Калинин келді. Зауытта митинг болды.

Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ:
 ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ЖОЛЫ

Өмірбаян өткелдері, ой-толғау,
 бағыт-бағдар...

Бащпаның сурақтарына жауап

Еркінбек Тұрмысұлы
Зия Құрманғали, 1921
Телекөл.

Н. Назарбаев
27.11.98

АЛМАТЫ
 «ҚАЗАҚСТАН»
 1991

Президент қолтаңбасы



Жоғарғы Кеңес грамоталары



Анамыз Қантай Қойбағарқызы
(1893 - 1971)



Әкеміз Тұрыс Әжібекұлы
(1895 - 1968)



Кіші апа Тазақұл Сармантайқызы
(1905-1998)



Борлысай мектебінің 6-кл.
оқушысы, қыркүйек, 1941 ж.



Алғашқы жаңуя, 1946 ж. қазан. Шаян ауылы.



Інісі Мекембекпен 1948 ж. Шымкент.

Ішкі істер қызметіндегі жылдар



1948 ж.



1953 ж.



1954 ж.



Қантай апа немере қызы Құлпанмен
сәуір, 1948 ж. Шаян ауылы.



Біздің отбасы, 1954 ж. Шымкент.



Мұхтар мен Нұржан.



Әпке - қарындастар Ақжарқын, Сейсен, Баршақұл, Мекембек інім, Тұрар, Құлпан, Шырынкүл және мен.



Гүлсара студент 1976 ж.



Айдар, Асқар балалық шағы, Шаян, 1958 ж.



Бала Мұхтар, оқушы.



Ағайынды Тұрыс, Жолдас немерелері ортасында



Ауыл ағасы Әділай Тәшімбетұлы



Талдыбұлақтағы бастауыш “Көк мектепті”
бітірушілер. Май, 1940 ж.



Бастауыштағы парталас дос
Фазыл Құлжамбеков, 1947 ж.



Қантай әже немерелері ортасында. Наурыз, 1955 ж.



Бауырлас дос Шырынтай.
Берлин, май, 1945 ж.

**Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан Гвардия лейтенанты
Сауқымбек Тұрысовтың жастық шағы, студенттік, әскери қызметтегі,
Ұлы Отан соғысының майданындағы жылдары.**



1937 ж.
Шымкент медтехникумінде




1939 ж.
Студент ЧПИ.



1940 ж.
Қызыл Армияда..



Қоштасу. 22 маусым,
1941 ж. Челябинск.



17 тамыз, 1941 ж. Арзамас
госпиталында.



1942 ж. Сталинград
майданында



Тамыз, 1944 ж.
Румыния.



Май, 1944 ж.
Днестр өзені, Молдавия.



1970 ж.
Мрамор тас ескерткіш.



Демалыста: Киславодск, қаңтар, 1963 ж.



Демалыста: Арасан капал, тамыз, 1978 ж.



Елде. Аудан қызметкерлері, 1 май, 1988 ж. Шаян.



Жолдас, Баршакул.



Ессентукиде.



Орынбек, Түзелкүл Кокшетауда.



Балабақшадан қашып
келген Нұржан тентек



Май мерекесі күні, Шаян жағасында. Сол жақтан:
Әбубәкір, Амалбек, Еркінбек, Тілеубек, Сәлия, Шырышқұл, Аршақұл 1 май, 1959 ж.



Шақшам жұртының шежіреші атасы
Әтем кәріе осындай еді.



Заманында қалың сиқымның атақты Мақұлбек болысының
әйгілі қара тұлпарының атшабары, жүз жасап дүниеден
өткен Тәутей Қарымсақұлы ағамыз.



Шаян, Созақ елінде ұзақ жылдар басшы
қызмет атқарған Әлжанов Сәни аға



Марапат, марапат!.. Алғашқы шапан.
Аудан басшысы Қ. Әріпбаев сахна төрінде



Шаянның шаңды даласын малға толтырған
Қазиев Қожасейіт көкеміз есімізде



Ата-енелердің кірпігіне кір жуытпай елу жыл –
ел-жұртына дастарқан жайған Шақшам атаның
қос келіні Шырынқұл мен Тоқтахан осындай еді

Табиғатқа саяхат Бөрте, Зөре және Нұржан



Келе ғой, дос.



Қорықпа!



Е, солай!



Алғашқы айлар.



Бөрте мен Сұлу Зөренің табысуы



Ертенгі жем...



Енесінен айырылған қос құралай



Кәйтсек екен...



Орманшылар кордонында қоштасу.



Жас дәрігерлер Ерубай, Нәзір, Арап,
Төлебектер ортасында. Шаян, мамыр, 1960 ж.



Ізтілеу аға ұлдары мен
келіні ортасында.



Отан қыраны, Қаһарман ұшқыш Талғат
Бигелдиновпен біздің Ләйлә.



Ұлағатты ұстаз-ғалым
Әріпхан Байқоңыров.



Гүлсара мен Шәрия.



Мұхтар мен Ғани.



Сәбит Мұқановтың Шаянға келуі. Төменгі үйдегі кездесу.
Алдыңғы қатарда: Сәбен, Мәриям апай, Рахманкүл т.б. Қараша, 1965 ж.



Аудан басшылары Шаян ауылы кәриелері ортасында.
Ақын Мыңбайдан жыр тыңдауда. 1 май, 1948 ж.



Шаянның қызметкер қыздары Ұлту, Рахима.
Комсомолдағы күндер. 1946 ж.



Шырынкүл “Ақбақай”
кітабына шашу шашқан күн. Май, 1973 ж.



Ауданның қызметкер қыз-келіндері.
1 май, 1948 ж.



Мұхтар ағамен “Оңтүстік сапары”
күндерінде. Арыс жағасында. 1960 ж.



Ұлы ғалым Қ. Сәтбаевпен Кавказда
кездесу күндері. Кисловодск, қаңтар, 1963 ж.



Кемеңгер ағаларым Ғабит, Бауыржанмен кездесу сәттері. Сәуір, 1981 ж.



Қазақ сахна өнерінің жарық жұлдызы
Құрманбек аға туған елге келгенде. Тамыз, 1965 ж.



Ұстаз аға, байырғы қаламгер
Әділбай аға жұмыс орнында. Тамыз, 1959 ж.



М. Әуезовтың “Оңтүстік сапары” күндерінде үйімізге келуі. Мамыр, 1960 ж. Шаян.



Ұлы Мұхтармен бала Мұхтардың кездесуі. 25 сәуір, 1961 ж. Шаяндағы үй.



Мұхтар ағаны Шаяндағы үйде қарсы алу. 25 сәуір, 1961 ж.



М. Әуезовтың сапары күндерінде Мыңжылқы тауы, “Балықшы әулие” бауында. 25.09.1959 ж.



Бауырлас іні Амантай



Ғабит аға жұбайы Ғазизамен.
15. 04. 1981 ж.



Ұыз-Жібек көш керуенінің Шаянға келуі.
Меруерт, Құман төменгі үйде. Күз, 1970 ж.



Қазақстан жазушыларының VIII съезінде. Әдебиет қайраткерлері
Ғ. Мүсіреповпен бірге. Сәуір, 1981 ж.



Дарынды жазушы Тәкен аға



Шаяндағы төменгі үлкен үй, 1971 ж.

Ол зауытқа Ленин орденін тапсырды. Алғашқы стахановшылар легін бастаушы деп менің және смена шебері Ерназаров Пернебек екеуіміздің кеудемізге «Еңбек Қызыл Ту» орденін қадады.

Көп ұзамай, 36-шы жылдың соңғы күндерінің бірінде зауыт ішінде әдеттегіден тыс қарбаласқа түсті. Досов келеді екен, десіп жатты жұрттың бәрі. Досовтың жақында жоғарыдан келіп сайланған обкомның секретары екенін естігенбіз. Үлкендерді қарсы алу, әрине, бастықтардың ісі. Біз қара жұмыскерлер өз орнымызда ұзын кесулермен от көсеп, іс басындамыз. Бір кезде балқыту пештерін жағалап, қасында зауыт директоры, Шахмуратов партком Насибуллин тағы басқа бір топ кісілер ортасында келе жатқан Досовты да көрдік. Тіп-тік сом денелі, нағыз қыр қазағына тән жазық, бет, дөң мандайлы. Сыртына ықшам, қара былғары кепкі, аяқта жалтыраған етігі үйлескен жігерлі азамат, аяғын нық басып айнала жіті көз салып, жақындап келе жатты.

— Зауытымыздың екпінді металшысы орденді Мұрымбаев дейтін азаматымыз осы, — деп мені үлкен кісіге мақтауымды жеткізе таныстырды Шахмуратов.

— Е-е, екпінді металшы... Мұрымбаев осы деңіз! — Ол менің қағылез жұқалау бой-басыма сынай бір қарады да, қалай бауырым, кен қорыту ауыр соғып жатқан жоқ па, сендерге? — деп мені бұрыннан білетін жақын туыстай жанына тарта сөйлеп, ықылас көрсетіп тұрды, үлкен кісі.

— Рахмет, ағасы. Өндірістегі іс ауырын біз көтермесек, кім көтереді. Сау болсақ, намысты қолдан бермеспіз.

— Жарайды, жолдас Мұрымбаев. — Біз сөзімізді жалғаймыз әлі.

Обком секретарының зауытты аралауы жалғаса түсті де, арада бірер сағат өткенде мен осында іргелес смена бастығының шағын жұмыс бөлмесіне шақырылдым. Досовпен арадағы алғашқы, қысқа болса да естен кетпес әңгіме осында өтті.

Ол менің қандай ортадан шыққанымды, мынау ауыр іске қалай келгенімді, отбасымда кімдердің бар екенін, осында ескі шаһарда бір өзбектің әулісінде, тар лашықта тұрып жатқанымды, тіпті ішкі тұрмыс жағдайымызды, ас-ауқатымызға шейін ешнәрсесін қалдырмай сұрады.

— Жарайды, бауырым. Намыстарың бар екен. Қазақтар тек малдың адамы. Ауыр өндіріске бармайды, дегеннің жалған сөз екенін сендер көрсеттіндер. Шыдай тұрарсың. Бәрі де болады, — деп орнынан тұрды да, қолын ұсынды Әбілқайыр. Адамның адамы, қайран қазақтың бір деген азаматы осындай-ақ болар да. Оның бір сөзі арзан кеткен жоқ. Мен бұл дүниеде адамға деген Алланың жақсылығын әуелі Құдай екінші сол азаматтың арқасында көрдім.

Араға көп күн салмай кірпіш үйлердің біріне, кең жаңа пәтерге жайғастым, шыртытай киіндім. Партия қатарына өттім. Үлкенді-кіші жиындардың төрінде отыратын болдым. Барлық жерде көргенім құрмет, бірінші бесжылдықтың екпіндісі, бірінші стахановшы, кімсің Әлжан әйгілі металшы Мұрымбаев!..

Солай інім, көп ұзамай айта беретін 37-ші жыл келді. Жаз, ортасына таяу елде естімеген сұмдық басталды.

Мәскеуде Алматыда елдің бетке ұстары ардақты азаматтары топ-тобымен ұстала бастады. Екі жақсы қазақтың бірі жау — «халық жауы», «құйыршық»!. Ондайлар біздің зауыттан да табылды. Күні кеше өзіміз тәңірдей табынып жүрген жанашыл инженерлер Төртаев, Кальминсондар бір түнде ғайып болды. Олар «сатқын», «шетелдік әгент, зиянкестер» екен. Расы керек қой, «жау» дегенді естігенде біздің де зығырымыз қайнайтын. Бірақ, шырағым тілім жазықты, өз сөзім өзімде, Досов жау дегенге мені құдай да, адам да сендіре алмайтын еді.

Иә, сол жылы, сол қырғын науқанмен қат-қабат Ұлы советтің алғашқы сайлауына қызу әзірлік те жүріп жатты. Шымкент округінен біздің Ұлы советке ұсынған, берілген бәлшевик, обком секретары Досов Әбілқайырды сайлайтын боп жаттық. Көшелер мен



мекеме-жайлардың іші-сырты толы плакат. Қайда қарасаң Досовтың есімі, суреті, өмірбаяны. Шақырған ұран, мақтау сөз. Құдайдай сеніп жүрдік.

Сайлауға небары 17 күн қалғанда, ноябрьдің 25-і күні кешкісін, қала халқының өкілдері өз кандидаты Досовпен кездесуге облыстық драма театр үйіне жиналды. Маған еңбек екпіндісі ретінде облыс, қаланың үлкен кісілері тобында президум үстелінің екінші қатарынан орын берілді. Кезегімен суырыла шығып, марапаттаушылар сөзінен кейін мінберге Досов көтерілді. Ол Қазақстан мен ел ішіндегі сол кезеңдегі жай-жағдайға кен тоқталып ұзақ сөйледі.

Досов сөйлеп тұрғанда үстел басында, бірінші шетінде отырған Кальнинг дейтін облыстық НКВД бастығы сахна арқылы сыртқа шығып, қайта оралып, әлде неге тынымсыз аландаумен болды. Досов сөзін аяқтады. Жиналыс жабылды. Жұрт дүр көтеріліп сыртқа беттеді. Басшылар жақтау бөлмеге өтіп, кйініп шыға бастады. Ең алдыңғы болып шыққан Досовты оның жалтылдаған су жаңа «МК» жеңіл машинасы жанында әлгі Кальнинг күтіп тұр екен. Ол:

—Абилхайыр Искакович, я здесь оказался без транспорта, подбросьте пожалуйста по путив мое рабочее место,— деді.

Досов әлденені сезгендей оған жалт бұрылып, тіктене қарады да:

—Ну, что же, садитесь,— деді.

Досов, алдыңғы орынға жайғасқан сәтте, әлгі Кальнингпен қабаттаса артқы орынға тағы екеуі отырып үлгерді. Жалтыраған қара «МК» баяу қозғалды да, Совет көшесіне шығып жөнеле берді.

—Әкетті деген әлдекімнің сыбыры естілді артқы жағымыздан. Төбеден мұздай су құйылғандай жан түршігіп кетті. Анығы солай болды. Сол кеткеннен оны қайта көруге жазбады тағдыр.

Бірақ, Досовтан көз жазсам да, мен оның рухынан алыс кете алмадым. Арада небәрі тәулік өткенде мен ойламаған жерде горкомға шақырылдым. Завком секретары Нәсибулин деген жігіт асығыс, тәуір киіндіріп, алды да жөнелді. Не деп болады. «Досовтың құйыршығы» деп ұстағаны осы шығар, деген ой да келіп қалды басыма. Бірақ мені қала басшысының кабинетінде қарсы алушылардың шырайы жылы.

—Сізге Мұрымбаев жолдас, халық үлкен сенім көрсетіп отыр. Шымкент округінің сайлаушылары Сізді Ұлы советтің депутаттығына кандидат етіп ұсынғалы отыр. Қалай, қарсы емессіз бе,— деп горком секретары Чураков тандана әбіржүлі менің бой-басыма күлімсіреп барлай қарады. Қарсы болмасаңыз, Мұрымбаев жолдас, осында округтік комиссияға келісім хатыңызды өз қолыңызбен жазып беріңіз..

Иә, қарағым солай. Бұл өмірдің өз бұйрығы ма, әлде тәңірдің тәлкегі ме, мен күтпеген жерде, өңі түгілі, түсіме кірмеген Ұлы советке сайландым. Сол күні көргенім өмірбақи көз алдымнан кетпейді. Көше толы студенттер мен оқушы жастар, күні кеше төбеге көтерген Досовтың суреттері мен қызыл-жасыл плакаттарды жұлып, табандарына таптап жүр. Арада бірер күн өткенде қала ішінде менің суретім басылған көкала қағаз қаптады.

Шіркін, тұрағы жоқ, баянсыз құбылмалы дүние-ай! Адам басына «Қыдыр» боп қонақтайтын баяны қайда екен оның?! Осылай Кремль сарайында, «күн көсемнің» көз алдында ұлы мәселелер шешетін ұлы жиында айтулы азамат Досовқа тиесілі орында өзі бар, сөзі жоқ санатта бар мәні жоқ, кешегі қап шекпенді Мұрымайдың баласы мына мен отырдым.

Мақұл ғой, бай-бағлан, түп-тамырымен жойылған байлық та, билік те тап қолына көшкен Ұлы совет елінде, мынадай алтын сарайда жұмысшы тап өкілі біз отырмасак, кім отырсын. бірақ шырағым, соғыс жылдарын тұтас қамтыған сол 9 жыл депутат санатында жүргенде өзім қалың ортасында болған қаншама ұлы жиындарда мен сияқты от көсеген кенші, не түркістандық Шарап Ниязовтай кетпен шапқан мақташы, немесе әулиеаталық Өтепберген Жақсымбетов сияқты таяқ ұстаған қойшыдан жөн сұраған құдайдың пендесі

болды ма?! Жоқ! Көре алмадық ондай ұлықтарды. Өз ақылы өзінен артылып жатқан данышпандар біздердей қаймана кара жұмыскердің ақыл-кенесін не қылсын?

Әйтсе де әр нәрсе өз кезегімен деген. Кімнің кім екенін ердің ерін, елдің елін сынайтын тұс, Ұлы Отан соғысында жауға атылған 100 октын 90-ы Қазақстанда, оның 60-ы Шымкент зауытында жасалды деген, анығында рас сөз. Зауыттың көк қорғасын құйылып, жезбен тысталған қызыл октын өзенін дамылсыз ағызып жатты. Күн сайын пәлен вагон, апта сайын эшалон.

«Адам жылқы мінезді. Қарын тойған күн құдайын ұмытады» — деген сөз бар халықта. Асып айтылса өзі кешірсін. Жеңіске жетіп, бөркімізді аспанға атқаннан кейін, кейбір болған-толған немелер Отан үшін қан төккен ағалар мен зауытта көкірегі көк түтінге ысталған көкелерге пыскырып қарайды деп кім ойлаған. Ұлы Жеңіске санаулы айлар қалғанда 44-ші жылдың көктемі мен күзінде кен балқыту кезінде екі рет металдың ұлы газына уландым. Өкпені қапқан, қанға сінген қорғасын қойсын ба, екі-үш жылдай жиі төсек тартқызып ақыры қатардан шығарып тынды. «Кәсіптік кесел— целткоз» дейтін бір жармасса қалмайтын пәле. Ол ит мынадан да көрініп тұр ғой— деп Әлекең сол қолының қан-сөлсіз, ішіне қорғасын құйып қойғандай көксұр тырнақ көбесін бірер шертіп қойды.


Өзімді бақ пен такка жеткізген баяғы бір жалын пештің жанынан айырылып қалдым— деп несіне өкінейін... Өкінбеймін, қарағым. Бұл дүниеде бір басқа тұрақтап қалған шамшырақты кім көрген еді. Керуен дүние өтеді, кетеді. «Қазақ елім» деп жүрегі жалын атқан Досовтай арыстанға баян етпеген ол, мен сияқты кешегі тақыр кедейдің тайқы маңдайын не қылсын! Тек мына дүниеге адам болып келгесін, халықтың қарызын өтеп, адам болып өту арман ғой. Мен сол қарызымды жүрегімнің қанымен, маңдайымның терімен өтеп едім, кезінде. Тек өтелмеген бір қарыз кетіп барады мойнымда. Ол тағы қайталап айтайын бағын да, тағын да маған аманатқа қалдырған Досов Әбілқайырдың қарызы. Өзінді іздеп келгенім де соның жайы, сол бір асыл азаматтың естен кетпес есімі.

Бір кездері азаматтық ары жалғыз жанына жай тапқызбай арқадағы жүгінен арылудың жолын іздеп жүріп кездескен Әлжан ағаның сол әңгімесі шағын дәптердің беттерінде тұрағын тапқалы тұтастай азамат жасын алып жатқан дәуірлі мезгіл өтті. Дүниеде не ауыр, арқалаған аманат, өтелмеген қарыздың жүгі ауыр. Әр кез сол дәптер, сондағы заман сазына үн қатар әңгіме еске түскенде көрінбес сезім толқыны, төзімге жаралған жан сарайын бір шайқап өтер еді. Сол қарыз, аманат жүгі қашан қалай өтеледі, — ол ретін де, сәтін де өзі келтірер өмір мен тәңірдің ісі.

Көктем еді. Бұдан 23 жыл бұрынғы 1976 жылдың жайсан күндері еді. Қазақстан Жазушыларының 7 съезінің алғашқы күні, үлкен үзілістің кезінде «Евразия» атты ұлы кеңістіктің шартарабынан басы қосылған қаншама майталман қаламгерлер абыр-сабыр араласқан әйдік залдың іші гуілге толған. Ол кезде қайран елін қапылыста қалдырған ұлы Мұқан (Әуезовтен) өзге алыптар тобының қатары сирей қоймаған.

Өз басым үлкен талантымен бірге жан туыстығын ерекше ұнататын жаз дидарлы аға Ілекенді (Есенберлин) маңайлап, қасынан кете алмай жаймашуақ сөзін тындап келе жатып, төрگی жақ шеткі бұрышта шағын дөңгелек үстелшені айнала жайғасып, өзара қызу әңгіме құрған қос Ғабен (Мүсірепов, Мұстафин), Баукең мен Мұхамеджан Қаратаев ағаларға сәлем бере бұрылды. Жайық Бектұров Мүсіреповтың алдында Мәскеу Кремлінің елге таныс әйгілі Георгиев залында көп адамның естелік үшін бірге түскен көне фотосуретін Ғабеннің алдына көлденең тартып, ертеде бір өткен жайдан қыза сөйлеп жатты.

— Міне, ол мынау отыр. Калининмен қатар отырған соның өзі. Партияның 17-ші



сөзінде түсірілген суреті. —Мәскеуде ЦК-да жауапты қызметте жүрген кезі— дейді Жақан, әлдене өткен жайды нақтылай түсіп.

Әңгіме Досов жайында екені бірден көрінді. Бұл өзге емес, өзіме таныс бейне. Бұл суреттің шағын нұсқасын Шымкентте, обкомның партия мұрағатында қалың құжаттар арасынан көргенмін, демек, Бектұров, Досовты білетін адам.

—Сен өлгі түрмеде не болғанны өз көзіңмен көрдің бе? —деді кенет Ғабен қасын кере ынырана баяу үн қатып.

—Ол сұмдық өмірбақи көз алдымда, Ғабе! Ол кез менің Шымкентте қалалық комсомол ұйымын басқарған кезім. Досовты қарашаның соңғы аптасында театрда, сайлаушылар алдында сөз сөйлеген жерінен әкетті. Біз облыс жастар ұйымындағы Дүйсенәлиев бастаған «құйыршықтар» желтоқсан ортасында қамалдық. Дүйсенәлиевті төтенше пленумда Досовты қаралап сөз сөйлегені де құтқармады.

Ресми мағлұматта Досов Алматыда алғашқы үлкен топпен бірге атылды, — дейді. Бірақ мен сенбеймін оған. Анығы ол күнге оны жеткізбеген болар. Түн ортасында тергеуші алдында отырғанда алыстау, шеткі бір бөлмеден сұмдық бір арпалыс, аяусыз төбелестің айқай-шуы, ерсілі-қарсылы жүргіндер дүмпуі естіліп жатқан-ды. Бір кезде сол бөлмеден шыға берісте еңгезердей екеудің өз аяғымен жүрудей қалған, бет-жүзі бұзылып, қанға батқан оны өлекседей сүйретіп келе жатқанын көргем. «Адам ит жанды» деседі, бірақ ондай жарақаттан иттің де тірі қалуы екіталай...

Гулеген зал ішіндегі қысқа сөзін Жақан солай бітірді. Ғабен де, өзгелері де үнсіз тындады оны. Бұл сәтте кезінде Досовты қаншама көрген сыйлас (бәлкі сырлас) болған замандастар не ойлап, нендей жүй кешті, өздеріне мәлім. Тек Ғабен ғана:

—Жә, солай де, — деп жалғыз сөзбен әңгімеге нүкте қойды да, алдында жатқан темекі қорабына қол созған.

Сәгі келгенде «Қазақстан» (қазігі «Жетісу») қонақжайында мен орналасқан бөлме Жайық ағамен іргелес болып шықты. Сол күннің кешінде оңаша тыныш сәтте қолға дәптер, қаламымды алып, көненін көзі, көркем сөзді жазушы ағаны тындауға бардым.

Жастықтың жүректен өшпес өршіл мезгілін көрікті Шымкенттің сырлы шаһарында қалдырған кісі өзі сан рет ресми жиындарда сөзін естіп, көргенін көкейінде түйген кісі өмірінің таңында— қазағым елім деп ерте оянып алысқа самғап ұшқан шынға шыққан, шынырауға құлаған арынды азамат жайлы ол күндердің елесін қайта көргендей тебіреніп ұзақ сөйледі. Жақанның айтуында Досов тік мінезді, бет-жүзін демейтін кесіп айтатын кескір де өткір адам. Қимылы серпінді, жанары ұшқын атқан, өзіне де өзгеге де, талап-талғамы биік, ерек тұлғалы азамат болған. 36-жылғы маусымнан 37-жылғы қарашаның соңына дейінгі облысты басқарған жыл жарым мезгіл оның өз халқының келешегі үшін белді бекем буған жігерлі де іскерліктің адамы екенін көрсеткен-ді.

Киров каналы құылысының басталуы, ащысай Байжансай, кеніштерінің Ленгір шахта құрылыстары мен Шымкент қорғасын зауытының өрлеуі, мақта тазарту зауыттарының қатарға қосылуы, голощекиндік зұлмат аштық қасіретінен кейінгі ел шаруасының қуатталу кезеңі қашан да қайнаған іс ортасынан табылатын осы азаматтың есіміне қатысты болды.

Зұлымдық атаулының әрдайым жақсыны табатыны сол, тергеу үстінде қисынсыз қиянатқа төзе алмаған өр мінезді адам қайыспас қайсарлыққа көшкен ғой. Оның ақыры тергеуші бөлмесінде теңсіз айқаста оны аяусыз соққыға жығумен тынған. Намыс отымен суырылған текті жан бұлт ішінде жарқылдап сөнген найзағайдың отындай осылай көзден ұшқан.

Арада апталар айлар, жылысып жылдар өтті. Енді міне, бұдан 62 жыл бұрынғы есімдері мәңгілік өмірдің биігінде қалған қазақ ұлдарының сөнбес рухы біздерге жаңа дәуір ұрпағына аманат сөзін айтады. Сол аманат алыста емес, халықтың қайғылы тарихында қаралы жылдар мұратын сақтаған өз ортамызда, бұрынғы НКВД, КГБ, бүгінгі КНБ-нің мекенжайында. Оған ұзақ жылдар бірдің қолы жетсе де, екінің қолы жеткен емес.

Сол мекенжайдағы кездесіп кенесуден соң жайын жарық болғыр кешегі өткен генерал Дружининнің ақ пейіл азамат жігіттері Уәлихан мен Қуаныш, ізетшіл Жәмила қарындастар болып тік тұрып көмекке келді. Досов және оған қатыстылардың ісі» дейтін 8 томнан тұратын ұшан-теңіз дүниені бірінен соң бірін алдыма тартты. Не дейді сол. Қаншама таусылмас сыр, сарқыламс жырды ішке бүккен сұм заманның шерлі шежіресі.

Әуелгі беташар сөз – Досов тұтқындалған 25 қарашаның ертеңіне 26 қарашада Қаз. Орталық партия комитеті көшпелі бюросының мүшелері – республика прокуроры Атаниязов, партия комиссиясының төрағасы Асриев, Орталық Атқару комитетінің төрағасы Өмірзақов, оқу-ағарту халық комиссары Манкиннің қатысуымен обком мен Шымкент қалалық комитетінің біріккен пленумында басталыпты.

Саясат, бағыт дейтін көрінбейтін құдірет құдайдан биік қойылған тұста, дүниедегі ең қымбат, ең ғазиз адам өмірі тағдыр таразысына қалай түсті, қалай бағаланды. Сол таразыны тартушылар дүние кезек, әр асқанға бір тосқан, зорға да бір зауал бар екенін, тіпті ол алыста емес, қыр астында екенін білді ме екен, сірә?! Жок, білмепті. Алда өмір барын, оның баршасы келер ұрпақ қолында қайта өлшенерін білмепті. Білуді қажет етпеппі.

Әлбетте, мәселе қаймана қазақтың бірі емес, ірі тұлға, тұтас бір облысты басқарған адам туралы болған соң шығар, оның саяси болмысын пленумда «талдау» арқылы саяси жолмен шешу қажет болған сияқты.

Енді алдымызда бір-біріне керепар екі дүние, екі жайдың есігі ашылады. Біріншісі – республика, облыс пен қаланың қаймағы жиналған сол пленумда Досов партия мен халықтың алдында ары таза, берілген большевик екенін айтып, арыла сөйлейді. Шындыққа көз жеткізуді сұрап шырылдайды.

Ал, арада санаулы күндер өткенде алғашқы тергеуден бастап, Қазақстанды СССР-дан бөліп әкетуді көздейтін буржуазияшыл, ұлтшыл ұйымнан басшыларының бірі екенін еркін мәлімдеп, «ағынан» жарылады. Иә, сонымен:

Атаниязов (пленумдағы сөзінен): Жинақталған материалдар Досов Әбілқайырды советке қарсы буржуазияшыл, ұлтшыл ұйымға белсене қатысушы деп жариялауға толық мүмкіндік береді. Осыған байланысты біріккен пленумға мынадай шешім ұсынылады:

1. Ә. Досовты партия мен қазақ халқына сатқындық жасаушы ретінде обком хатшысы қызметінен алып, обком құрамы мен партия қатарынан шығаруға.

2. Одақ советін сайлау жөніндегі Шымкент сайлау округі еңбекшілеріне Досовтың кандидатурасын алып тастап, оның орнына Ленин, Сталин партиясына берілген лайықты кандидат ұсынуға.

Досов (пленумдағы сөзінен): Менің бар өмірім партия мен халықтың алдында өтті. Кешегі батырақтан басшылыққа өсірді. Алматыда, Ақтөбеде, Семейде, Мәскеуде (партия қайда жіберсе) партияның мызғымас жолын ұстандым, халыққа қызмет етуді мақсат еттім. Шындықты айтудан таймадым. Мәскеуде қызметте жүргенімде М.И. Калинин қатысқан бір кездесуде Голощекин маған «Сен, Досов, «Қазақстан өте қиын жағдайға душар болды» дегенді көп айтады екенсің» деді. Мен оған «Асыра сілтеуден ел күйзеліп жатқаны белгілі жәй емес пе» дедім.

Иә, сол қателікті түзету өзінше бөлек мәселе болды. Сол үшін мен Қазақстанға қайта шақырылдым. Мирзоянның телеграммасын алған соң елге оралдым да, іске кірістім. Мәскеуде Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақовпен тек жерлестер ретінде үлкен жиындарда қонақасыларда кездесіп тұрдым.

Мен буржазияшыл, ұлтшыл да емеспін. Қайталап айтамын, мен жау емеспін, ол түбегейлі қате! Менің кім екенімді партия, халық біледі. Ежов, Мирзоян біледі... Тағы да қайталаймын....

Степанов (облатком төрағасы) Досовтың зиянектік ұлтшыл топтың басшысы екенінде күмән жоқ. Мәскеуден Ақтөбе, Алматы, Қарағандыдан алынған хабар, осында Кальнингте (облНКВД бастығы) отырғандар сөзі Досовтың совет мемлекетін жойып, Қазақстанда капитализмді қайта жаңғыртудың белсенді күрескері екенін айқындайды.

Манкин (Қаз. оқу-ағарту халық комиссары): Досов мұндағы барлық сөзді жала, қате дейді. Мирзоянға кездестір дейді. Бізге сенбейді. Бұдан біз тамыры тереңге кеткен жаудың әрекетін көреміз...

Таганский (обкомның екінші хатшысы); Біз аса шебер бүркенген жаумен бетпе-бет келіп отырмыз. Досов шындықпен келіспейді. Айқын фактілерге, ағысқа қарсы әрекет ессіздің ісі...

Екінші бірі егіздің сынарындай сөз сөйлеп, Досовтың «жау» деп жариялап өздері судан таза, осы отырғандардың өздері адамның басы алмадай қағылып жатқан мына тұрлаусыз тұлдыр дүниеде күні ертең кім боларын ойламайтыны қайран қалдырады. Қысқа күнде қырық құбылған шіркін өмір құрығынан кім құтылған? Азамат адам тағдырын айтып болмас тәңірдің тәлкегіне салған сол топтың өзі түгел дерлік Досовтың ізімен қиямет сапарына аттанғаны әркез кім-кімді де ойландырса керек-ті.

Міне, енді Досовтың тергеудегі ақырғы сөзі: «Қазақ жұртын өз еліндегі шұрайлы жерге орналастыру, Ертіс бойындағы құнарлы өлкелерді әділеттік тұрғыда қайта бөлу Сейфуллин бастаған топтың түпкі мақсаты еді. Өткеннің ащы сабағы көп нәрсені саралап, терең ойлануға үйретті. Бұдан 3-4 жыл бұрынғы ауыр халді ұмытуға болмайтын еді. Партия жүргізген солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының тең жарымынан астамы аштан қырылғаны үшін өз ұлтымыз алдында Голощекин тәрізді орыс отаршылдары емес, туған халқының шын ұлдары— біздер жауапты едік. Оны біз ешқашан ұмыта алмаймыз!» (Досовтың ісі. 4 том. 24 бет).

Солай, бұдан 62 жыл бұрын жазғы бағында бұлбұлы сайрап, сарыала күзде сары жемісі самсыған гүл көрікті Шымкент аспанының астында өз заманында айдарынан жел ескен азаматтың бірі —Әбілқайыр Досовтың соңғы із, соңғы күндері осылай өтіпті. Одан бері өмір озып, жер түлеп, адам, заман өзгерді. Тек өзгермес, өшпес бірден-бірге ұласып мәңгі соғар адам ұрпағының жүрегі. Ол өткен күндер елесінен әркез сырқырап, сыздауынан танбайды!

*Желтоқсан. 1999 жыл.
Шымкент.*





ТАҢҒЫ ЕЛЕС

Бауыржан аға және оның жел қанатты тұлпары жайлы әңгіме

Бұл ел есінен өшпейтін Ұлы төңкерістен кейінгі Қазақстанды Голошекин дейтін қатыгез жарты патша басқарған тұста, ел бастан кешкен сұм заманның алды, айта беретін 31-ші қой жылының ерте көктемінде болған жай еді. Ол кезде әкеміз Түрекен басқаратын он сегізінші ауылдың «Қызылтан» аталған жаңа ұйысқан көп үйлі колхозды ауылы ежелгі ата заманы салтымен қыстау мекенінен қозғалып, Талдының сыртындағы «ауыл қоныс» атты биік тепсеңге ақ үй, қоңыр үйлері шаңырағын жаппай көтерісіп, көшіп-қонып алғанына біршама күндер өткен. Сәуірдің шақпақ оты шартылдап, күркірей төгіп өткен ақ жаңбырынан соң гүл-шешегі жайнаған даланың теріскей тау жағы – түйдек бұлттар үстінде аспан айдынын сан түрлі бояуымен құлпырған кемпіркосақтың керемет алып шеңбері кернеп тұрған.

Бұл кезде аяғын тік басқан тірі жанның үй ішінде қалары жоқ. Қарбаласты кешкі сауыннан соң үлкен-кіші түгелдей тысқа шыққан. Түгелдей кеш алдының мынадай керемет шағын тамашалап, бір топ майда жәутіктер «мекеме» аталатын, төбесінде қызыл байрағы желбіреген алты қанатты ақ отаудың сыртында үлкендер арасында тұрғанбыз.

– Уай, мыналары кімдер-ей, деген әлдекімнің оқыс даусы жұрт назарын өр жаққа аударды. Теріскей тау тарабына қараған құба жоннан құлайтын қашанғы қасқа жолмен осылай беттеп, суыт жүрісті үш салт атты жедел бастырып келе жатты. Соларды сыртынан шолған үлкендер ортасы:

– Оң жақ шеткісі өзіміздің бастық Түрекен ғой, ал, қасындағылары кім екен? – десіп, аңтарылып тұрғанда, екпінді ерен жүріспен бусанған арғымақтарын жедел бастыра келген жүргіншілер үй сыртында аттарынан түсті. Үлкендер жағы бұларға жамырай ұмтылысып, қол берісіп, ат шылауын алысып жатты.

Әкеміз Түрекеннің қимылы тым жіті. Келген қонақтары әсте жоғарыдан келген аса сыйлы өкімет адамдары. Сол қарбаластың үстінде ол: бұл жігіттер Бауыржан, біздің ауыл азаматтары. Жаңа ұйым ісіне берілген ақжүрек белсенділер. «Мына жігіт осындағы колхоз ауыл хатшысы Қарымсақ ұлы Тәутей, мына тұрғандар – ферма, бригадты басқаратын Әзімхан, Әбіш, Сапар, Құрмантай», – деп үлкендерді атын атап таныстырып шықты.

Келген қонақтардың бірі әлгінде төрт аяғы дередей, қос құлағы төбесінде ойнаған, екі көзі шоқтай жайнаған қаз мойынды, жұлдыз төбелді қаракермен келген, есімін Бауыржан деп атап, әкем алдында бәйек болып жүрген жиырма жасар шамасындағы



ерек келбетті жас жігіт екен. Өзі шыштай былғарымен киінген, баста пурашкі, аяқта жалттылдаған қыром етікті, белін жалттылдаған әскери белдікпен қынай буынған, сымға тартқандай тіп-тік тұлғалы, жанары өткір, отты көз уәкіл барша тұрғындарға шаншыла барлай қарап: «дүрреес» дегеннен басқа бір сөзін де шығын етпей, әке бастап, қасындағы серігімен бірге мекеме үйіне беттеді.

– Бұл келген уәкілдер біздің Жуалы райисполкомының хатшысы құли Момыштын ұлы Бауыржан, ал қасындағы аудан комсомолының басшысы Аққұлұлы Исағұл, – деп сыбырлай үн қатысып жатты сырттағы үлкендер ортасынан Тәутей көкеміз, өзінің жоғарыдан хабардар, білімдарлығын танытып.

Бұл кез біздің уәкілдегі шаруамыз не, екі көзіміз әлгі уәкіл мініп келген екі көзі оттай жайнаған керемет сұлу арғымақта. Енесінен жаңа түскен құлыншақтай құлпырған қоян жонды, маңдайында жұлдызы таң шолпанындай жарқыраған қаз мойынды от жанарлы мұндай сұлу болар ма?! Шіркін-ай, үстіне құстай қонып, мына кең дүниені еркін шарлаған адамда арман не?!

Осылай тұрғанымызда үй есігінен бас шығарған әкеміз: «Әй, Керімбай, аттарды таза бұлақтан суартып, жемге қойғыз», – деген бұйрық дауысы естілді.

Сол екен, осында жұбымыз жазылмай бірге жүрген Әбдірахман (Қарымсақұлы Тәутей көкеміздің үлкен ұлы, бүгінгі ел газеті «Егемен Қазақстанның» президенті Сауытбек Әбдірахмановтың әкесі) екеуміз кермедегі аттарды шеше бастаған өзімізге ет жақын ағайын ағамыз Керімбайға жетіп келіп: «Айналайын, көкетай, атқа мінгізші бізді», – деп жата кеп жабыстық.

Әншейінде шулаған ойын балаларын кісіміз, сыбай боқтап, бізге үлкендігін көрсетіп, биіктен қарайтын қырқырауық Керімбай: «Қап, кеңсірігінді ұрайын боқмұрындар», – деп зекіп алды да, Әбдірахман екеумізді екі аттың үстіне лақтырып, өзі әкеміздің күреңіне қарғаша қонып, тоғайдағы таза бұлақ суатына бет алды.

Әбдірахманның мінгені Исағұлдың қарасы да, ал мен Құдайдың күдіретімен әлгі кереметті кертөбелдің үстіндемін. Көктемнің көгі жалаған қып-қызыл кішкентай жалаңағымды қайыс таралғыға тығып жіберіп, оң қол кіндіктен жоғары қайқиған ердің қасында, сол қолмен тізгінді қармап ұстап, бейне бір барша жер-дүние маған қарап тұрғандай маңдай тұстағы тау биігіне насаттана көз тігіп, масайрай түсіп келемін.

Сақ Керімбай бізді қатарына алып, тізгінді қолға бергенмен шылбырдан айырылмады. Қос аттың шылауын қоса тақымға басып, ерікке жібермеді. Әйтсе де, суат үстінде аттарды шаужайдан босатты да: «Әй, жәрбиген немелер, аттар таласпасын. Бір-біріңнен алшақ тұрып суарындар» деп өктем бұйырып, еркімізге босатты.

Солай, аттар суарылып, біз суырылып шыға бердік. Керімбайдың: «Әй, тоқтандар» деген өктем даусымен қабат, қатарласа берген, менен төрт-бес жас үлкендігі бар ат шабысқа жарап қалған, өзі қуақы-пысық Әбдірахман: «ал, кеттік» деп онсыз да ауыздық шайнап, ойнақшып келе жатқан кертөбелді артқы жұмыр сауырдан шылбыр ұшымен сырт еткізіп, салып кеп жібергені.

Оқтай атылып жұлқи жөнелген ат үстінен ұшып кетуге шақ қалып, тізгінге қос қолдап, жармасып ес жиғанша ерен жүйрік бой-бермес сұмдық екпінмен бір езулей жұлқи тартып, ауыл сырты – тепсеңге шығып алды да, ауылға соқпай, бір қырындап, жанай тартып, сонау көз ұшындағы Марқабұлақтың керіз жотасына бет түзеп, қасқарып жөнелді.

Артқы жақтан: «кетті-кетті» десіп, үдере шулаған ауыл жұртының айқай-сүреңіне жапа-тармағай үн қосқан ауылдың барлық иті арсылдап, ұзын-создық шұбап, жанұшыра қуып келе жатты. Құйындай жүйткіген ерен жүйріктің ит атаулыға жеткізер түрі жоқ. Шулаған дыбыс, гулеген жел, құстай ұшқан ат шабысынан жер-дүние шыр айналып, алыстағы биік тау өзі қарсы зымырап келе жатқан сияқтанды.

Қос айылмен шірей тартылған желдік сырты – ер-тұрман қапталына тас кенеше жабысып, сірідей қатқан талдырмаш тақым қаншаға шыдар. Көз шарасы жасқа толып гулеген дауылды екпін астында: «тэк-тэк» деп шінкілдеп, барлығы еңіреген балапан дауысты бір тәнірден басқа кім еститін еді. Тек құстай зымыраған мына сұмдық үстінен ұшып кетпеді ойлап, қос қолдап қатып ұстаған тізгінге үміт артып келемін. Құдай ондағанда жел боп ұшқан кертөбелдің үсті барынша жайлы, алақан аясында желпіп алып келе жатқан сияқтанды. Сол жануар менің ұшуға шақ қалған бала жүрегімнің соншалық үрейлі жайын аянышпен сезгендей алдағы асу биігіне шыға берісте екпіні бәсейіп, желе жортысқа ауысты. Сол сәтте артқы жақтан заулата шауып жеткен әйгілі шабандоз әке мені қатарласа беріп ат үстінен телпекше қағып алып: (балалық, ессіздіктен тапқан пұшайман халімді ескеріп, аяғаны шығар) «әй, тентек, балам-ай» дегеннен басқа сөзін шығын етпей кертөбел жүйрікті қатарға алып ауылға беттеді.

Менің қауырсыны шығып үлгермеген сарыезу балапан шағымда әліме қарамай атқұмарлық желігіне беріліп, жел қанатты тұлпар жалына жармасып, екіталай жазым-кәтерінен құдай сақтап аман қалған жайыма соншалық беріле бәйек жан кәрі әжем еді. Безгек тигендей қалшылдап, қалтыраған түрімді көріп: «О, жарығым-ау, жүрегің ұшып кетпесе игі еді», – деп бетіме суық су бүркіп, от алауымен ұшықтап, әлжуаз сұқ саусағын аузыма тығып, таңдайымды көтеріп жатты жарықтық. Осы ем-домның ізінше әжемнің ұядай жұмсақ, жылы ішігінің жан рахаты жылуында балқып бір тәтті ұйқыға кетіпін.


Қанша мезгіл өткені беймәлім, түннің бір шағында үлкендердің үй ішін кернеген биік даусы, шулаған көңілді күлкіден ояндым. Ортада жарқыраған ондық шамның жарығында кең жайылған дастарханда ұзаққа созылатын кешкі қонақасы маңы тым көңілді екені көрініп-ақ тұр.

Төр ортасынан көбіне-көп биік, ашық дауыстап сөйлеп отырған кертөбел тұлпарымен келген, жабағының жалындай қалын кара шашын биік маңдайы үстінен тіп-тік қайырған ақсұр ашаң жүзді, отты көз жігіт – жоғары жақтың уәкілі сөйлеп отыр. Үні соншалық жігерлі, – «ұлы төңкеріс, кедей табы, бәлшәбек» деген бізге беймәлім жұмбақ сөздер.

Әкеміз Түрекең бастаған ауыл үлкендері: О, бәрекелді, жөн айтасың Бауыржан, – десіп жамырай қолпаптап, әлсін-әлі шатырлата қол соғып қояды.

Бір кезде сырттан әлдекімнің: «байларды, молданы қойдай қу қамшымен» деп әндеге шырқаған биік даусы естілді. Сөзді тоқтатып тыңдап қалған кісілер «кім-ей ол, шақырындар мұнда» десті. Үйге Шынтай дейтін жесір әйелдің жалғыз ұлы он төрт-он бес шамасындағы аққұба, ашаң бала Көпбай кірді. Біздің ауылдан алғашқы болып Шақпақтағы интернатта оқып, кешелері келген Омардан қалған жалғыз тұяқ – Көпбай.

«Кәне, айтшы, оқудан алып қайтқан өлеңінді» – деп жамырасты үлкендер жағы. Көпбай төрдегі кісілерге қасқая қарсы тұра қалып, шырқады-ай келіп:



... Кел, кедей жастарым,
Ұйымдас, жалшымен.
Байларды, молданы,
Қойдай қу, қамшымен!
Бұл заман сенікі,
Өз еркің қолында.
Кедеймен бірлес те,
Таптың түс, жолына!
Алға бас, тайсалма,
Қызыл ту қолға алып.
Өзі тұр, партия,
Жеңіске жол салып!

– Ой, пәлі, жігіт екенсің, – деп мақтасты үйдегілер оны. Ал, әкем бәйек боп көтермелеп отырған жоғарыдан келген кісі оған ақ жылтыр қағазға ораулы сұқ саусақтай әлденені ұсынды.

– Ләмпаси, тәтті ләмпәси сыйлады, – деп сыбырласып жатты қазан төңірегіндегі әйелдер жағы.

Көпбайдың қолы жеткен сыйлық мені қатты қызықтырды. Мені неге көрмеді екен. Япыр-ау, шынымен көзге ілінбей қалар ма екем, – деп тыпыршыдым. Жамылған пұшпақ ішікті бүлкілдетіп қаттырақ қозғалып, бірер жөтеліп қойдым.

– Оу, айтпақшы, әлгі біздің кішкентай атшабар жылтыр қара бар емес пе, оның да бір қызықты әні бар. Кәне, қайдасың, Еркіш-ай, шықшы бері, айтшы кәдімгі өлеңінді кісілерге, – деп әкем мені ортаға шақырды.

Ұялу, жасқану сезімі жайлап, лүпіл қаққан жүректі бір мақтаныш сезімі билеп, жылы ішік астынан суырылып ортаға шықтым. Кісілерге қарап шәлтиіп тұра қалып, ауылдағы ересек, қу балалардан үйренген екі ауыз өлеңімді бар даусыммен шіңкілдеп соғып жібердім:

... Қара судың қабағы,
Бетінде ойнар шабағы,
Жұпар иісі аңқиды,
Қыз баланың тамағы.

Қара суда балық бар,
Сырттарыңнан тәліп бар,
Бас жетпесе, қол жетер-р-ай,
Сүйгенінді алып қал.

Е-е-еу, гүл-гүл жайна,
Күліп-ойна,
Төңкерістің шағында!..

– Ой, һай, үййй, – деген екен, – деп үлкендер күле шулап, шатырлата қол соқты-ай келіп. Солардың қалың ортасынан үлкен қара көздері шоқтай жайнап мысқылдай күліп, шаншыла қараған төрдегі кісі мені сұқ саусағымен көрсетіп:

– Әй, мынау әлгі атпен қашқан кішкентай қарақшының өзі ме, – үйбай жаман, – ал

мынаны, – деп қол созды. Көгілдір орамалы ләмпәсі менің үлкендер қолынан алған ең алғашқы қымбат сыйлығым еді.

Бірде түс, бірде елес сияқты сол бір алғашқы кездесуді қиялдап жатып түннің бір мезгілінде әжемнің ұдай жылы қойнында тәтті ұйқыға кетіппін. Жаңа көктемнің жарқыраған шуақты күні құрық бойы көтерілген кіші сәске шағында көзімді ашсам кісілер жоқ. Ата-бабалардан қалған ел жайлауына соңғы рет орнаған қызыл-жасыл жиһазды ақ отаудың ішінде жападан-жалғыз жатырмын. Сөзі де, өзі де жұмбақ ақ семсердей жалт-жұлт еткен бейнесі бірде аяздай қарып, бірде күн көзіндей күліп тұрған ғажайып ағаны бала көңілмен іздеп, мені арғы жағына көз жетпейтін құла далаға, өмірімнің алғашқы өріне бастап тартқан жел қанатты, жұлдыз төбелді аксирақ тұлпарды тағы бір көргім келіп тысқа шықтым. Бірақ отты көз аға да, оның құла дүзде жұлдыздай ағу үшін жаралған құлан жүйрік арғымағы да бұл маңайдан көрінбеді.

Бұдан кейін жер жиһанды астан-кестен еткен аласапыранды дауылды жылдар, тұрымтай тұсымен кеткен қилы замандар өтті. Ел жарасы жазылмаған елуінші жылдардың көктемі жетті. Шымкенттің орталық Совет көшесінің жұрт ағынында қарама-қарсы көзге ыстық шалынып аяғын ширақ басып, ашандау тіп-тік тұлғалы капитан шенді қазақ азаматы келе жатты. Ол кезде лейтенант шенінде облыстық Ішкі істер басқармасына жақында келіп, қызмет атқарып жүрген кезім, оң қолды көтеріп сәлем беріп өттім. Келесі күні сол маңайда кездесіп, сәлем беріп өте берген маған ол жалт бұрылды да:

– Әй, інішек, тоқташы, – деді. Мен бұрылып оның қасына келдім.

– Иә, сен қайдан келген баласың, кімнің баласысың?

– Мен бұрын Жуалыға қараған, бүгінде Шаян ауданындағы Қошқарата, Талдыбұлақ жағынанмын, аға. Сондағы Әжібеков дейтін кісінің...

– Әй, сен Әжібеков Тұрысты айтамысың?

– Иә, сол кісінің, аға.


Капитанның өңіне қан жүгіріп, рені күреңітіп, қайдағы бір өткен шақты еске алғандай бір сәт үнсіз тұрды.

– Бері жүр, інішек, – деп мені аяқжолдан қиыстау оңашаға алып шықты. – Әкел, қолыңды, – ол қолымды қысып, арқамнан қақты. – Сен де өсіп, адам боп қалған екенсің. Сонау бір жылдары Жуалыда комсомол уәкілі боп ауылдарыңа барғанда шауып жүрген кішкене қарасирақ бала едіңдер ғой, сендер... Ай, астан-кестен өтіп кеткен жылдар-ай!.. Ал, енді, Түрекең аман ба? Ағаң аман ба?

– Түрекең аман. Ал, аға... соғыстан оралмады. Ол сәл тұнжырап үндемеді... Оқасы жоқ, қарағым, тұлпар да, сұңқар да құлантаза шыға алған жоқ одан.

– Ал, інішегім, – деді капитан енді өзі туралы сөйлеп: Мен Аққұлов Исағұлмын, НКВД-ның Киров ауданындағы бөлім бастығы едім, күні кеше ауысып, осы облыстық басқармаға келдім. Енді тіптен жақсы, екеуміз бір жерде қызмет ететін болыппыз. – Бұл кісі өзге емес, сонау алыста қалған отызыншы жылдары өмір бақи, есте қалған көктемде Бауыржан ағамен қатарласып бірге келген аудан уәкілі Аққұлов еді.

Міне, осылай кездесіп, қайта табысқан Исағұл ағамен бір қалада тұрып, бір мекемеде қызмет атқарып жүрдік. Кешікпей ағамыз үй-ішін көшіріп те әкелді. Ол



қазіргі Тәшенов көшесінің жоғары тарабында жеке әулі-жайлы алтыншы үйде тұрып жатты.

Иса ағаның денсаулығы жұқалау, күн-түн қатқан қарбалысы көп жұмысты ауырлап, бірер күнге жатып қалатыны бар. Жексенбіні жібермей, көңіл күйін сұрап, хабар біліп тұратын едім.

Бір күні, елу алтыншы жылдың жазғы жексенбісінің бірінде әдеттегідей сәлем бергелі Иса ағамның үйіне тарттым. Бұл кезде Исекең майор дәрежесінде саяси бөлімде қызмет етуші еді.

Келсем, нарттай қызыл алмалары самсыған бау ішінде Иса ағам қызыл текемет, шайы көрпелер жайғызып, ортаға ақ дастархан жабылған аласа дөңгелек үстел қойғызып, өзі шәйнек ұстап, шай құйып, өзінен өрге таман ақ жастықты шынтаққа алып, бір қырындап көлденең – көлбеп жатқан ірі, кесек тұлғалы, нар кеуделі кісіге әңгіме айтып құстай түлеп, қызмет қып отыр. Күнгейдің ыссы күніне орай үстіне мол пішілген келте жеңді сұрғыт көйлек, кең балақты кенеп шалбар киген ол сырт көзге қарапайым ел адамының бірі сияқты еді. Бірақ оның шебер мүсінші тастан қашап жасағандай мізбақпас сұп-сұр, жүдеулеу жүзі тым өзгеше көрінеді. Бетпе-бет жүздесіп қол ұсынып, сәлем бергенімде түксиген қыран қабағы астынан ұшқын ата жалт қараған өткір жанары іштегі көрінбес сезімді шайқап өткендей болды.

– Әй, Еркін, – деді Иса ағам әңгімесі арасында, мына алдыңдағы ел-жұрт айта беретін ағам Бауыржан. Орныңнан тұр да, қолын алып, сәлемінді жөндеп бер, – деді.

Мұндайда сөз бар ма, жалма-жан ұшып тұрдым. Оның салқындау салалы оң қолын қос-қолдап сығымдап, бар ықыласымды көрсеткендей едім.

– Жә, отыр, – деді ол, жай ыңырана үн қатып. Әуелгі түксиген қабағы астынан оның сұсты жанары бұлт ішінде найзағайдың отындай құбыла жалт етті.

Дүниеде ойдан ұшқыр, қиялдан жүйрік нәрсе жоқ. Қанатты қиял сол сәтте қашанғы өткен жылдар мен күндерді шарлап кетті. Көз алдымда сонау бір алыс күндерде қынаптан суырған алмас қылыштай қылшылдаған жиырма екі жастағы Бауыржан тұрды. Онда ол қиянға шырқап кетер сылаң сұңқар бейнелі еді. Енді ол ғаламды шарлап тұғырға қайта қонған темір тегеурінді қыран бүркіт сияқтанды. Шіркін уақыт, бәрінен биік, ұлы әмірші өткен уақыт-заман-ай! Тағы да жылдар өтер, бір кездері мәңгі қажымас қайраулы қылыштай ағаны мына ұлы өмірдің өрінде тұяғы тозған тұлпардай арыған-арыс кезінде қайта айналып көрермін деп кім ойлаған.

– Бұл бала, – деді Иса аға енді мейманына мені таныстырып, Қаратаудағы Қошқарата-Талдыбұлақ ауылындағы Байтулы ата әулетінен шыққан Түрекең, – Тұрыс ағамыздың баласы. Осында облыстық газетте істейді.

– Қай Байтулы, қайдағы Тұрыс, – дегендей Баукең еңсесін көтере түсіп, отты жанарын Иса ағаға аударды.

– Сонау отызыншы жылдары Жуалыға қараған он сегізінші ауылда алғашқы колхоз бастығы Әжібекұлы Тұрыс дейтін бар емес пе еді, Бауке?

– Е, болған.

– Болса, мына отырған сол Әжібек ұлының баласы.

Баукең қайдағы өткен-кеткенді еске түсіргендей сәл үнсіз ойланды. Ойлана отырып қыран қабағын түксите Исекеңе қарап жайлап көтерген оң қолының сүмбідей сұқ саусағын атуға оңтайлаған пистолет сияқты маған қарай бұрып:

– Бұл менің ата жауым, – деді.

Тұла бойым дір етіп, оны бетіне жай қарасам, әзіл-күлкісіз сұсты күйде «бұл менің ата жауым» – деп тағы қайталады. Тек қолын түсіріп, бетін бұрғанда ғана оның көз қиығында бір әжуа, мысқыл ұшқыны жылт еткен сияқтанды.

Расы керек қой, манадан бері өзім бес жасымда атын суарып, алдында өзім білетін әнімді бар даусыммен шырқап мадақталып, бүгінде атақ-даңқы жер жүзіне дүңкілдеген ағамды ойда жоқта қайта көргеніме қуанып, өзіме жақын санап кеудемді қуаныш пен мақтаныш кернеп отырғанда сол ыстық сезімге әлдекім мұздай су құйып жібергендей тіксініп қалдым. Не деп болады, қашаңғы ата-бабалар заманынан мына ұшы-қиырсыз кең дүниеге сыйыса алмай талас-тартыстарды бастан кешкен ағайынды қайран ел қан жүктескен, құн жүктескен күндері болды ма екен, сірә?!

– Әкең бар ма? – деді, Баукең көңілім бәсейіп үнсіз отырған маған бір кезде.

– Бар, Бауке.

– Ендеше не себепті ата жау екенімізді әкеңнен сұра.

Ойламаған жерде кездесіп кір шалмаған бала көңілге бір жұмбақ құйын ойнатқан Бауыржан аға біршама үнсіз, ойға шомып отырды да, жай қоңыржай даусымен күндей күркіреп сөз бастады:

– Сендер білуге міндеттісіңдер, ең үлкен нәрсе не? – Я вас спрашиваю, – деп бізден жауап күтті.

Бала күнде «Жандыда балық үлкен, жансызда қамыс үлкен», бір балықтың арқа қанатына қонып, ертелеп ұшқан құс құйрығына кешке жетіпті деген аңызды талай естіп едік. Соны айтсам ба екен деп ептейленсем де, «қой, білгішсініп бір бәлеге қалармын» деп үндемедім. Бізден түк шықпасын сезген болар, енді Баукең әлгі сүмбідей сұқ саусағымен алдындағы дастархан үстіндегі бір үзім нанды көрсетті. – Міне, дүниедегі ең үлкен нәрсе осы. Білгенге нан – тұздан артық нәрсе жоқ. Понятно тебе», – деп маған шаншыла қарап екі көзі шатынап зірк ете қалды.

– Понятно, – дедім мен жай ғана басымды изеп.

– Ендеше мұны дәптеріңе жазып ал, я тебе разрешаю.

Қазір ғана шақпақтың отындай шарт ете түскен аға, енді шәкіртіне сабақ беретін жай мұғалім сияқтанды. Мен кішкене қойын дәптерімді, қаламымды онтайлап алдыма қойдым.

... Сталинград шайқасы біткенде жаудың бастығы 24 генералы, 2500 офицері, 91000 солдатты тірідей қолға түскен. Бұл тоқсан үш бес жүз жиырма төрт ауыз, соншалықты өңеш пен қарын... мұнша қалың нөпір адамның астына жайлы төсек төсеп, басына жастық жастап, алдына табақ-табақ ас тартуға шама қайда ол кезде. Сегіз ай күндіз-түні өртенген, қираған Сталинградта ондай жай, ондай күй қайдан болсын. Лажсыз сол тұтқындарды қойдай шұбатып, айдап апарып, таяудағы Красноармейск дейтін селодағы сиыр қораларға сабанды белден төсеп сонда паналатуға және «қонақтарға» майдандағы армия есебінен паек, дәм-тұз ұсынуға тура келген.

Сонда сол тұтқындардың қайсыбіреулеріне сиыр қораның көң иісі, қара нанның дәмі ұнамапты. Бұлардың ахуалын білуге келген лагер коменданты – қызыл армияның майорына бір фашист офицері келіп: «Комендант мырза, біздің мұнда тұруымызға элементарлық жағдай жоқ, сіздердің «қолға берілгенде жағдай жасаймыз» деген сөздеріңіз қайда?» – депті беті бүлк етпей.

Жеңілген жау алдында мәртебесі мың есе биік комендант майор бұл күзғынды келістіре сыбап, ит терісін басына қаптауына болатын еді. Бірақ ол олай етпеген. Ол соншалық сабыр сақтап:

– Офицер мырза, біз сіздерге әлдеқайда жақсы жағдай жасар едік. Сталинград түгелдей қиратылған. Бұл маңайда бұдан артық баспана, бұдан дәмді азық болмай тұр. Бұған өздеріңіз де кінәлі. Біз сіздерді қонаққа шақырған болсақ, тіптен басқаша күткен болар едік. Так что, әзірше тәтті шарап пен қазы-қартаны күтпей-ақ қойыңыздар, – деген. Тіптен қираған қаланың қараңғы, суық подвалдарында қар төсеніп, мұз жастанып, айлар бойы сұмдық азапта қиналып оқ атуын тоқтатпаған гитлершіл фанатиктердің тұтқын лагерінде бұрқ ете түскен іш ауруын тоқтатамыз деп, емдеу кезінде бірнеше совет дәрігерлерімен медбикелерінің сол аурулармен бірге өздері опат болғанын не деуге болады?! Мұны біз адамгершіліктің ұлы гуманизмі дейміз. Понятно тебе?!

– Понятно, аға!

Осы кезде: – Әй, Бағлан, тамақ дайын, көкелеріңнің қолына су құйғын, – деген әйел даусы естілді де, кішкентай балақай құмған алып келе жатты. Жанары жарқ еткен Баукең аз бөгелді де, – точка! На этом кончаю, – деді жай ғана.

Сол жылы күзге таман шығыс Қаратауда, Қошқарата-Беспоқыны мекендеген туған елге жол түсті. Өткен жылы «паралич» дейтін сал кеселге бір жақ қол-аяқты беріп, төсекке жіпсіз таңылып, өткен-кеткеннен сәлем, әңгіме күтіп жалтақтап отыратын әкем – Түрекең келгеніме қатты қуанды.

– Ал, кәне, не жаңалығың бар, айта бер, – деді әкем сәлемдесіп, жай- жағдай сұрап болған соң.

– Өткенде мен сіздің бір ескі досыңызды көрдім, көке, – өте ақылды, сөзі өткір кісі екен. Кездесіп жөн сұрасу кезінде ол мені: «Сен менің ата жауымсың, себебін әкеңнен сұра, – деді.

– Қалай-қалай? Не дейсің? – деп әкем сау қолымен сүйеу жастығын қомдап екі көзі жасаурап, еңсесін көтергелі алға ұмтыла түсті.

– Мені «ата жауымсың» деді. Өзі де, сөзі де өткір бір қызық кісі, – деп мен айтқанымды қайталадым.

– Оббоуһи әкбар-ай! – деп әкем сау қолымен оң жамбасын сарт еткізіп салып кеп жіберді. Жылап отыр ма, әлде сілесі қатып күліп отыр ма, о жағы белгісіз, екі көзінен жасы сорғалап, аузы сөзге келмей, екі иіні ұзақ бүлкілдеді. Әлдебір шақта жас жуған бет-жүзін орамалмен сүртіп, шыныаяқтағы салқын шайдан бірер жұтты. «Үһ» деп көкірегін кере дем алды.

– Ой, азамат-ай, ой арыстаным-ай, жүр екенсің ғой, есен-сау! – деп басын бірер шайқап қойды. – Соның өзі, соның сөзі... дәл солай деуші еді. Пай-пай, заман-ай! – деп әкем, жүзін күн шуағы шалғандай нұрланып қырлана түсті.

– Сен Бауыржанды көріпсің ғой, балам, – деді қатты толқыған әкем бір кезде арнасына түскендей болып. – Ол осы кезде оның жиырманың үстіне жаңа шыққан, жайнаған жігіт кезі. Қасына Ісмәтілла Қалықұлұлы, Исағұл Аққұлұлы дейтін қатарлас қызметтес достарын ертіп, біздің жаққа уәкіл боп келер еді. Төңкерістен кейінгі

өрлеудің жаңа кезеңі, жетілген жастардың дүрілдеп тұрған кезі. Қаншама заманғы көшпенді елдің басын біріктіріп ұйысатын шаруаның негізін жасап, кеңес елінің қызыл туы астында жаңа өмірді бастаймыз деп дүрлігіп жүрген кезіміз. Қаншама ауыр бейнет шексек те жастардың жүрген жері дуылдаған-думан, ойын-күлкі. Түнемеге ортамызда Бауыржан, оқыған жігіттерден Тобағабыл, Беласарұлы Бейсе, Жұмағұлұлы Анаш, Қалықұлұлы Ісмәтілла, Сауранбекұлы Еркімбек, Молдатайұлы Жақыпбектер болып қашаңғы өткен ата-тек, шежіреге таласып дуылдасып қалушы едік.

Сонда шежіреге басқалардан жетік Бауыржан көп ішінде мынау отырған Әжібекұлы Байтулының ұрпағы – «Бұл менің ата жауым» – деп, маған өзгеше тиісер еді.

«Менің атам Бәйдібек Байтулы інісімен әлденеше ауыл боп Қаратаудың жонында көшіп қонған. Атамыз дүниеден қайтқанда үш қатыны, оның ішінде біздің әулие әжеміз – Домалақ ене (Нұрила) жалғыз ұлы Жарықшақпен жас жесір боп артында қалған. Аға өлсе – іні мұрагер, жас жесір жеңгесіне мынаның бабасы (мені көрсетіп) Байтулы егелік етуі керек емес пе. Сол Байтулы таз менің Домалақ апамды менсінбей жұртта қалдырған. Соның кесірінен Жарықшақ бабам бала кезінде жапанда жылап жалғыз өскен. Солай болғасын «менің ата жауым Байтулының ұрпағы мынау отырған Әжібектің баласы болмағанда, кім болатын еді», – деп өжеттеніп, оттай жайнап, күлер еді. Бұл отызыншы жылдардың сөзі. Содан бері аз-кемі жоқ жиырма жеті жыл өтті. Пай-пай, өзіңнен, сөзіңнен айналайын ерім-ай! – деп өзгеше бір толқыған еді әкем.

Өмір керуені толассыз алға, алысқа тартып, арада талай жыл өтті. Енді мен шебер табиғаттың тағы бір сәтті күндерінің бірінде Бауыржан ағамен Мәскеу – Алматы жүйрік пойызы ішінде бір купеде келе жаттым. Әр кездегідей қойын дәптерім мен қаламымды оңтайлап әңгіме күтіп отырмын.

– Иә, өткен жолы сонымен немен тоқтаған едік? – деді Баукең ұзынша ақ мүштекке шаншылған темекісін бұрқ-бұрқ түтіндетіп.

– Сіз Руза өзенінің батыс жағы – майдан шебіндегі алғашқы алапат шайқаста тұтас жау дивизиясының қоршауында қалған батальонды бетпе-бет ашық шабуылмен алып шыққансыз, – дедім мен, бұдан сегіз жыл бұрын үзілген әңгімені еске алып.

– Иә, қарағым, сол бір жанкешу жорықта біз адамзаты бастан кешуге жазған қияметтің бәрін көрдік. Қардай бораған жау оғының астында шейіт кеткен елдің азамат ұлдарын жер қойнына тапсырып, жаралы жауынгерлерді бірін қалдырмай қару-жарағымен бірге қоршаған ажал қамалын талқандап алып шығуға міндетті едік. Адамдықтың, азаматтықтың жүрекке жазылған өшпейтін заңы солай еді.

Сол қиян-кескі күндерде жау бір жолдасымызды өлтірсе, біз оның онын өлтіруге тырыстық. Зұлым жауды неғұрлым көп қырып-жойсақ қана Отан алдындағы парызымызды өтейтінімізді, адамзат тағдырын қорғап қалатынымызды білдік. Отан бұйрығы, жүректің әмірі солай еді. Сол Ұлы шайқас тұсында әр қадам жер үшін адам қаны судай ағып жатқан кезде Қызыл Армия тарихында аға лейтенант шеніндегі алғашқы полк командирі болдым. Жасым отыздан жаңа асқан кез еді.

Мәскеу түбіндегі жеңіс жорықтағы Армияны, әскери бөлімдерді, сан мыңдаған жауынгерлерді өшпес даңққа бөледі. Мен басқарған батальон, полктен кеудесіне жарқыратып жұлдыз, орден таққан қаншама ерлер шықты. Әскери бөлім сондай ерлік

даңқына ие болса, оны басқарған командирдің де қол қусырып қарап отырмағаны ғой. Бірақ, сенер болсаң, шырағым, сол жорықта мен кеудеме медаль таққан жан емеспін. Солдат наградасының ең сыпайысы медаль болса, кезінде ол да маған тиесілі болмапты...

Осыны айтты да, Баукең әлдеқашан сөніп қалған темекісін қайта тұтатып, бұрқ-бұрқ түтіндетіп жіберді де оң иықта жарысып қалып бара жатқан құла дүзге терезеден көз тігіп бір сәт үнсіз отырды. Сөйтті де көмекейі күрілдеп түксиген мұрты астынан ыңыраана толғап жайлап өлендетті:

Күннен пайғамбар Гунн туған,
Гунн пайғамбардан мен туғам.
Бір дастан айтып берейін,
Ояншы қазақ ұйқыңнан.
Атадан жалғыз мен туғам,
Қас-кірпігімді мұз жуған.
Бір дастан айтып берейін,
Ояншы балам ұйқыңнан.
Мен бір жан бұл дүниеде арманы көп,
Үстінде киімі бүтін, тамағы тоқ,
Қан майдан, қара жолды кешкен басым,
Бұл күнде жауым да жоқ, оғым да жоқ!..

Адам зердесіне өмірдің қастерлі сабағын әр кез осылай тебірене жеткізуден жаза баспайтын оның жан дүниесі бұл сәтте де жанылған қылыштай жарқылдап тұрды. Ол осындай тебіреніс үстінде өзге тіршілікті өз басының жай-күйін мүлде ұмытар еді. Бұл жолы да солай. Түскі астың мезгілі әлдеқашан өтсе де тек темекісін азық қып, алдындағы астан аузына түйір нәрсе апармады. Солай болғасын:

– Сіз мынадан алсаңызшы, аға, – дедім мен оның алдында әлдеқашан суып қалған қапуста сорпаны көрсетіп.

Алдында ас тұрғанын енді байқағандай ол сорпа толы тарелкаға түксие қарады. Оны қос қолдап көтеріп, қасықсыз ернеуінен сораптап тауысты да бос ыдысты орнына қойды. Дүр сілкінген қырандай қайта қырланып:

– Иә, сонымен қайда келіп тоқтаған едік? – деді.

– Сіз Мәскеу түбіндегі Ұлы шайқасты жеңіспен аяқтап, медаль да алмай қалдыңыз.

– Иә, расы солай, қарағым. Солай болса да мен жерімізге жау боп келген немістерді көп қырғаным үшін көкірегіме награда тақпады деп өкпелеген емеспін. Қоластымдағы барша жауынгер, достарымның маған деген сенімі, халық сенімі менің ең биік наградам еді.

Өмір көргендер: адам жаны темір емес, темір де тозады, – дейді. Анығында ел үшін, өмір үшін, ұрпақтар үшін күреске белді бекем бұғандар темірден де мықты болуға тиіс. Күтімсіз темір де тот басып шіриді. Ал өмір үшін, ізгілік үшін адамдықтың ұлы жолын таңдаған халық ұлдарының өзі тозса да жаны тозбай жарқырап өтеді. Демек, қандай қасірет шексең де адамдық азаматтықтан артық қасиет жоқ. – Точка! На этом кончаю, – деді де Баукең темекісіне қол созды.

Таусылмас өмірдің жолы оны ұлан өлкенің алдағы шегіне көз жеткісіз қиырына бастап бара жатты.



СОҢҒЫ САПАР

Даланың жайлы самал желіндей ағаның жақсы хабары әрдайым өзінен бұрын жетуші еді. Бүгін де солай. Таң сәріден телефон зырыл қакты. Аудан басшысы Нұртаза ағаның қашаннан таныс даусы.

– О, Ер-еке, жаңа ғана Алматының жақсы хабарын алдық. Мұхаң келе жатыр. Бірінші кезекте сендерде өсіп жатқан кішкентай сәби – баласын көрмек. Бала Мұхтарың атасы алдынан алып шығуға жарап та қалған болар.

– Иә, Нүреке, жақсы хабарыңызға рахмет. Атасы келсе, сәлемдесуге баласы даяр.

– Ал ендеше, қарағым, кеңесетін нәрсе көп, қазір барған көлікпен тездеп келгейсің.

Енді міне басшы алдында отырмыз. Үлкен үйдің барша бетке шығар азаматы осында. Әңгіме ағысы нақты, ресми түрге ойысқан.


– Ұлы жазушының бұл сапарының жол-жоспары өткен жылдарғыдан біршама тығыз.

– Жазушы аға бұл сапарында Ыстық көл – Шолпан атадағы саяжайдан, қалың жұмыс орнынан келе жатыр. Осында, арнайы жоспардағы бірер кездесуінен кейін жол-жөнекейгі Бөген, Қайнар ауылдары арқылы Қаратау асып өткен ауыр қыста жұтқа ұшыраған ел қыстауы: – Созақ жағы – Мойынқұмды шолып қайтпақ.

Ал, әзіргі мәселенің үлкені Мұханды қарсы алу, өзі көруге келе жатқан мына Ерекең үйіндегі жас сәби, келін, балаларына бастап бару, ұлы ағамызды күтіп алудың жайы. Өзімен бірге келетін облыстың екі бірдей басшысын және елге әйгілі бірер жазушы серігімен бір көш боп келетін атағы Алатаудай кісіні қарсы алу да, атқарып салу да онай шаруа емесі анық.

– Бүгінгі бір күн еншімізде. Барлық әзірлікті бүгінгі күн мен алдағы түнде аяқтауға тиіспіз. Ерекең үйіндегі келіннің қыруар іске бір басының шарқы қайдан жетсін. Ендеше Қалеке (исполком төрағасы Манасов Қалыбек) өзің бас болып қолғабысқа мына Қалыш, Күлән келіндерді қосып, барлық әзірлік ісін қолдарына алындар, – деп қысқа қайырды Нүрекең.

Сол сәттен бұған дейін мамыражай, елеусіз ел қатарында күй кешкен жас отау әлдеқалай қайнаған қарбаластың ортасына айналды. Тәңірі сәтін салғанда біршама күн бұрын бұл жақта көзге ұшпайтын, ауданға келе қалған болгар жиһазының үлкен созылмалы столы, екі жұп жайлы креслосы бар орындықтар сервизіне қолымыз жеткен еді. Енді орталықтағы шеберхана қыздары келді де барлық кресло, орындықтарды ақ полотномен ақша қардай киіндірді. Кең төселген қызыл кілем, қызыл гүл ақшағыл түске үйлесіп қонақжай кең бөйменің ішін жайнатып-ақ жіберді.



“Көптен қоян қашып құтылмас” деген, көңілді ойын-күлкі, абыр-сабыр қарбалас ағымында түннің бір мезгілінде барша даярлық та жасалды. Ұйқысыз түн өткеріп тағатсыз күткен кіші сәске шағында орталық ақ үй жағынан «келе жатыр» деген хабар да жетті.

Ел-жұртымыз болып күткен ардақты ағамыздың бұл сапарына тарту-шашу шашқандай сол күнгі сәулетті сәуірдің таңы қандай таза, қандай шуақ шұғылалы еді. Бір көш боп келіп тоқтаған алдыңғы машинадан бәз-баяғы келісті-кербез тұлғасы баяу қозғала түсіп, бірге келген облыс басшылары Жарқынбеков Қаржаубек, Бегімбетов Сәлім, жазушы шәкірттерден Әлімқұлов Тәкен аға мен Еділбаев Жұмабек және өзіміздің аудан басшыларын бастап Мұхтар аға келе жатты.

Көктемнің гүліндей жайнап құшақтары қыр қызғалдағына толы қыздар үкідей үлпілдеген кішкене сәби Мұхтарды Ұлы атасының алдынан алып шықты. Келісті кездесу, қуанышты қауышу жарқын жүзді жақсы сөздер отау үйдің ішін жайната түсті.

Ол күнгі дастархан мәзірі қазақтың кең даласында туып, қазақтың ұлттық дәстүр, қадір-қасиетімізді қастерлеумен өмірдің ұлан жолын өткен даңғыл ағаның бірге жүрген күндерден санамызда сақталған тәлімді талғамын ескеріп, барынша таза қазақы тұрғыда жасалынған еді. Алдына ұлттың басты тағамы қазақтың еті мен қасиетті Қаратауда көктемнің ақ жаңбыры кезінде қоздап өсетін ақ қозықұйрығы, марқа құйрығымен араластыра әзірлеген қуырдағы тартылғанда әр тараптағы әлем жұртының дәм-тұзы, ұлттық салт-санасын көз-көңілден талай-талай өткерген Мұхтар: келініміз ене көрген, жол көрген нағыз қазақ ауылының қызы ғой. Дәм-тұзды барлық қазақ кәдесімен жасапты. Әр ұлттың ұлттық қасиеті бірінші кезекте осы дәм-тұз дастарханымен көрінетіні өмірдің қашаннан өшпейтін бір белгісі. – Рахмет, келін қарағым, – деп отырды да: Соңғы кезде біздің тәлімгерлік сөз айтар “жаңашыл” жастарымыз тарапынан – қазақылап ортаға алып ет жеу ескіліктің қалдығы – деп, одан құтылуды мезгейді. Өзіміз қазақ болғанда ұлттық басты тағамымызды тәркілеп, тыйым салар болсақ, онда біздің ата тегімізден арымай, сан ғасырлар қанға сіңген қазақы ғұрпымыз, ұлттық үрдіс, қастер-қасиетіміз қайда қалмақ. Япыр-ау, өмірдің көші өмірмен бірге толассыз, тоқтаусыз екенін қайсыбір азаматтардың қаперіне келмейтініне қайран қалмасыңа шараң не? – деп еді.

Қашанда арзан сөзге жоқ, сырт көзге томаға тұйық көрінетін сом тұлғалы Тәкен аға қомақты мұрнын бірер сипап, тамағын кенеп алды да: Сіз оны айтасыз Мұхтар, әңгіменің сорақысын мен Қонаев қатысқан, Қазақстанда қой санын елу миллионға жеткізу ұранымен шақырылған үлкен жиын мінберінен естідім. Әлгі Жанділдин бұлбұлша сайрап: қойды құртып жатқан қазақтың “бешбармағы”. Оған тыйым салынбай қой өседі деу – бос сөз. Мәселен, қойшыға қонаққа барсам, қой сойылады. Ал, менің жейтінім екі тал шашлық қана. Өстіп те шаруа бағуға бола ма? – дегенде, одан біршама кейін кезек сөзін алып мінберге шыққан Жамбыл облысының атағы таудай қарт шопаны сөз ұрындысы келгенде сом тұлғасын бұрып, үстел басындағыларға шаншыла бір қарап: әлгі бір сөзге шешен жігіт, қойды неге соясын, менің жейтінім екі тал шашлық, – дейді. Шашлықты барша жұрт біледі, жаңа сойған қойдың жас етінен сексеуілдің шоғына пісіреді. Тұздалған сүр ет жарамайды. Ендеше қой соймағанда, оның жейтін шашлығына тірі қойдың қоң етінен кесіп алуым керек пе? – дегенде айызы қанған қалың жұрт кең залдың ішін күлкіге көміп, дүрілдете қол соқты ай келіп...

Әр сөзін көмекейден қайырып, қоңыржайлы дауысымен толғап айтатын Тәкен сөзін

қызыға тыңдаған мұндағылар әлгі залға өздері үйлескендей көздерінен жас аққанша қалың күлкіге қарық болып жатты.

Солай, шай дастарханы кезінде туындаған осы бір жай елеусіз, күнелкі өмірдің өз көрінісі десек те ұлттық ерек қасиетіміздің табиғи болмысын, келешегін алыстан болжайтын, терең ойлы ағаны бейтарап қалдыра алмапты. Ұлттық қасиет, ол ел бейнесі табиғи, тарихи тағдырымыз екенін сонау мұзарт басты Алағау баурайы, Ыстық көлдің жағасы – Шолпан атадағы саяжайында эскиз жобасы жасалып жазылу (диктовка) үстіндегі аяқталмай қалған “Өскен өркен” романының соңғы тарауында өзінің жүрек толғанысын бас кейіпкері облыстың бірінші басшысы Нил Петрович Карповтың атынан былай баяндайды:

“... Сидоркиннің (горком хатшысы) жалпы дұрыс ызалы сөзінде аузы үйреніп кеткен бір ағаттық болды, – деп алып Карпов Сидоркиннің “бешбармашничают” деген сөзін ерекше бөліп алды да, содан кейін ойда жоқ бөлек бір сынға алды.

– Жолдастар, бұл бешбармақ деген тамақтың аты. Қазақ халқының ұлттық тамағы. Оны біздің еңбекші шопандарымыз жейді. Қазақ жұмысшыларымыз жейді. Қазақ ата-аналар, балалар жейді. Интеллигенция жейді. Мен өзім Еркінбектің үйінде бірнеше рет бешбармақты сонша сүйсініп жақсы көріп жеймін. Ал осы сөз Сидоркин айтқандай бір лағнеттеу, қаралау, айыптау сөзіне айналуға жол бар ма? Олай болса “пловничают” деп өзбекті, тәжікті, “шашлышничают” деп әзірбайжанды, грузинді, армянды, “галушничают” деп украинды айыптар ма едік? Солардың сол тамақтары бешбармақтан бөлек те, бешбармақ бәрінен жазықты ма? Соның бәрінде бешбармақты да бүлдіретін бар, ол арақ, арақ. Ендеше ішкілік деп неге сөйлемейміз. Неге кінәламаймыз? Ал мынадай халықтың ғасырлар бойғы ұлттық жақсы таза тамағының атымен жаманшылықты атамау керек! – деген кезінде бар жиын, Сидоркиннің өзі қосыла, дүр қол соққан еді”. (М.Ә. шығармалары. 3-том, 348-бет).

Өзінің табиғи, тарихи болмысында малмен көз ашып, малмен өмірдің қилы-қиын жолын өткен қазақ өмірі мен оның тайғақ кешулі алмағайып тағдырын сан рет көзбен көріп жан жүрегінен өткерген ұлы қаламгер қашанда жол үстінде, қашанда ой үстінде. Оның өзегінде, түп тамырында бұдан көп жылдар бұрын ғарышты жайсаң шағында Абай елі, Абай заманы тұрғысында тұтас қазақ жұртының қасиет пен қасіретке толы тарихын мәңгілік аманат мұра “Абай жолымен” шындықтың шырқау шыңына көтеріп еді. Баянсыз мал байлығының сарқылмас мол байлығының бір жұттық екенін түп тамырымен қопара көрсетіп еді. “Мал жұтаса табылар, ашыққан қарын тойынар” деп үделі үмітпен жол кешкен өмірге құштар халықтың ең ауыр да, айықпас жұты адамгершіліктің, азғындық жұты екенін де бар пәрменімен жалғанның жарығына шығарып еді.

Елі-жұрты, халқының бағына туған азаматы бір заманның жүгін осындай-ақ көтерсін! Осымен тоқтау керек пе еді? Тоқтай алмады. Өмір, заман ағысы Ұлы қаламгердің бүгінгі күн, келер ұрпақтарға деген толассыз толғанысқа толы ішкі дүниесі тоқтам сала алмады. Ол жайында өзінің ендігі алға қойған өмір мұратын мәскеулік әйгілі әдеби басылым “Литературная газетада” жарияланған “Кәзіргі роман және оның геройы” атты мақаласында былай деп жазыпты: “Аяулы Абайыммен қош айтысқаныма, міне екі жыл. Содан бері бүгінгі шындықтан шығарма жазсам деген ойдан бір күн ажырап көрген емеспін” (М.Ә. Шығармалары 12-том, 514-б.)

Иә, солай, Ұлы қаламгер солай шешкен. Тынымсыз ой, Қазақстанда қойды 50 миллионға жеткізу ұранымен жанталас тіршілік соңындағы қазақ жұрты, қазақ баласының көрген күн, көретін алдағы келешегінің жайы. Ал, көрген күн, оның сұрқай сұмдығын өзге емес, жылы, шуақты өлке деп дәріптейтін Оңтүстіктің құм мен дала, тау мен сай-саласын мыңғыған малға толтырған Шаян, Созақ аудандары биылғы өткен қыста небәрі алты күнге ұласқан ақпанның ақ боранын да бастан кешті.

Тау жайлап, құм қыстайтын осы Шаян малшылары тірнектеп өсірген 600 мың малының 200 мыңы, соның ішінде Мұхаң бара жатқан атақты Бөген совхозы 70 мың қойының 20 мыңға жуығы Қаратау асуында қынадай қырылды.

Жарайды делік, мал маңдайға бітеді. Ал адам ше? Ақпанның ақ бораны, сарша тамыздың аңызак аптабында сонау бір қиырда бет күйдірген Бетпақтың даласын кешіп өтіп, құс қанатын күйдіріп, құлан тұяғын тоздырған қиян шетте барша өсіп-өнген, тапқан-таянғанын түпсіз құрдымдай обып жатқан обырды толтырудың зарында мал соңында күн кешіп жатқан жүздеген, мындаған қазақ баласының келер күні не болмақ? Осы толғаныспен жол кешулі жазушы кешегі ақ боранмен айқасып Қаратау асқан көштің жолын көруге, тау асып, айтар сыры таусылмайтын ұлы даланы тағы бір шолып қайтуға келе жатыр.

Сырлы дала, сыры-жыры сарқылмайтын мына ғажайып жарық дүние. Адам әулетіне өмір үшін, жақсылық үшін жаралған перзентіңе деген баянды бақытың қайда сенің?!

Осылай ел жайы, малдың жайы, азамат ердің жайы терең толғандырған жазушының алдыңғы жылғы алғашқы күзгі сапарында Созақтың бірінші хатшысы ер көңілді Қоспанбетов Шакеңмен (Шәріп) әңгімеде оған қойған сұрақтары мен естіген жауаптары есімізде.

– Елің бай, азаматың сай, жайлау өрісің кең Бетпақдала сырты – Жетіқоңырда екен. Аралықта екі жүз шақырымды алып қаңсыған бетпақ шөл жатыр. Одан өтудің, кері қайтудың жайы мал мен малшы азаматыңа сірә қиын, қатерлі емес пе?

– О, не дегеніңіз, Мұха. Біздің жігіттер Бетпақты әлдеқашан бағындырған. Көктемде қардан қалған қақ суымен көшеді де, жаз жайлауын өткеріп тағы да солай күз жаңбыры, қақтың суымен қайтады.

– Е-е-е, бұл дегеніңіз ежелден келе жатқан баяғы ата заманының тәуекелге бел байлаған жолы ғой. Ел-жұртыңды, еңбекші азаматыңды шөл медиенге бұлайша шұбаты обал болмас па?

– Сөзіңіз жөн, Мұха. Бетпақтың беті қалың зерттелу үстінде. Артезиан көздерін іздестіріп жатырмыз. Құдай қаласа көштің жолын келешекте ағын сулы, бірі-біріне ұштасқан саялы тал-терегі жайқалған көкораймен өткізетін боламыз.

Мұхаң күлімсіреп, сыпайы бір қозғалып, бір қырындай езу тартты да:

– Жә, жөн делік, осынау жақсы жоспарыңа халқыңның қай кезде қолы жетпек?

– Ол, тым алыс емес, Мұха. Ары кеткенде он-он бес жылда шет жағасын көріп те қалармыз.

– Он-он бес жыл деймісің?.. – Мұхаңның қас-қабағы қыртыстана бір түйін боп жиылып, жанары кірбің тартты. – Иә, солай де, төзім жақсы қасиет, бірақ... көп тәуекел өмір шіркін жетер ме? – деді де, алдында ашық жатқан көк дәптерін жауып, ауыр қозғала орнынан көтеріліп еді.

Таза табиғат болмысына сәйкес көктем күніндей жайқалатын адамның жан сезімінен биік, тұңғық, тұнық нәрсе жоқ. Ізгі жол бірге келген жайлы жайсаң дос-жарандары ортасында кең маңдайы жарқыраған Мұхтар аға бейне бір ақылдың кені, ағылған саз дариясы. Ғаламның әр тарабындағы беймәлім елдер, қилы-қызық ғұрыптар, ертеде, әр заманда өткен ұлы адамдар жайында ағындап жатқан әңгіменің шегі жоқ. Япыр-ай деп ойлайсың кейде, бүгінгі дамыған электрон құралдары болса ғой, шіркін... Әйтсе де, естігенге, құлақта, жүректе қалғанына шүкір, – дейміз ғой баяғы.

Енді міне, ұлы қаламгер тағы да ел ішінде. Бұдан не замандар бұрынғы керуен тартқан қазақтың қашанғы қара жолымен келе жатыр. Бұл күндері бет-жүзін сәуірдің ақ жауыны жуған кең дала, қарт Қаратаудың сай-сала, кербез төсі көкорайлы гүл-шешегіне толған. Бұл жақта бұдан санаулы апта, айлар бұрынғы өткен сұрапыл-сұмдық ақсирақ жұттын, қаһарлы қыстың сөзі қалған, өзі жоқ.

Қашанда сапар жолда түл табиғатпен сырлас та мұндас жол кешетін жазушы жасанған-жайсаң дүние айдынында шалқар ой, көл көңілде келе жатқандай. Айнала көз жетер көкжиекке ұласқан ұлан өлкеге таңдана барлап қарайды. Әлсін-әлі сол жақ иықта, артқы орында келе жатқан ауданнан бірге аттанған жолсерік Манасов Қалыбекке бір қырындай бұрылып, ел мен жер жайынан, өткен-кеткеннің есте қалған мағлұматын сұрайды.

– Мына алдымызда көрінген Арыстанды – Қарабастың алқабы дейсің, оң жағымызда Жетімтау, сонау теріскейде көсілген Көсегенің көк жоны, оң жағымызда Қарақасқа атты Қамбар батыр, одан бергі заманда қалмақтың Хорен ханы жайлаған Сарытау, Үсіктастың жері екенін өткен сапардан білеміз.

Қай заман, қай кезеңде де қазақтың елі мен жері ішкі-сыртқы жауы мен ағайын ортасының барымта, талас-тартысты дауының талайын бастан кешті. Міне, осы ата-бабалардан мұраға қалған мына келісті кең өлкеде осы тұрғылы оқиғадан не білетін едіңдер?..

Мұханның шалқар ой, телегей қиялынан туындайтын бұл сипатты сөзіне ентелей құлақ тосып келе жатқан Қалыбек мені бір бүйірден түртіп, езу тарта жымыып, рахаттана күліп алды да:

– О, айналайын аға, айналайын көке, мен кешегі қилы жылдарда ағайын, ата-анадан адасып, балалар үйі-интернаттың нанын жеп, Түлкібасыда қалың орыс арасында өскен ем. Бұл жаққа өткен жылы ғана қызмет жайымен келген ем. Сөзді мына кәрі құлақты ата-әжесі бауырында жетілген, ел уызын ішкен Ерекең ініміз сөйлесін, – деп әңгіме арнасынан жалтарды.

Дүниеде ойдан озық, қиялдан жүйрік нәрсе жоқ. Мынадай қысталаң сәтте терен ойлы ғұламаға қайсы әңгімені қай тұрғыда айтсам екен деген ой ішкі сезімді шарлап өтті.

– Аға, – дедім мен шашылған ойды жинақтап, ширап алған бір сәтте. – Өзіңіз айтқандай, бұл Қаратау жері қашаннан халық өмірінің, қилы жайдың қайнары екені рас. Мұнда мекендеген қалың ел, көрші қонған ағайынның арасы ел мен жер билік пен бақ таласының тұсында жан мен қан жылаудың ащы дәмін талай-талай татқан ғой. Соның бірі мына Бөген, Шаян жерінде қанаттас қонған жалайыр мен қалың ошақты арасында өрбіген бақ пен тақ таласының ақыры жалайырдың атақты Бекбау датқасының ұрпағы жиырмадан жаңа асқан жас болыс Батыршаұлы Ескендірдің писарь-хатшы, қорғаушы

нөкерлерімен бірге опат болғаны бұл күндері де оны көрген-білгендердің есінде. Бұл өзі өмірдің ащы сабағы, оған бүгінгі ұрпақ заман сазы, тағдырдың ісі ретінде қарайды. Осы жайды аға, өткенде өзіңізге жіберген ежелгі Баба-атада өткен Үміт қыздың қайғылы хикаясы іспетті, қара сөзбен хатқа түсіріп өзіңізге жіберсем, – деген ойдамын. Сіздің алдағы еңбегіңізге аз да болса септігі тиер болса, қуанар едім, – дегенімде, Мұхтар аға көңілдене бір жарқырап:

– О, пәлі, олай егер болсаң бір азаматтық ісің болар. Алдағы кезде де осылай байланыс жасауыңды ұмытпа.

– Ұмытпаймын, аға.

Реті келген соң айтылғаны жөн болар: жол үстінде және жеке өткен әңгімеде Мұхаңа егжей-тегжей баян етілген бұл оқиғаның желісі ізінше “Көкмешіт серті және Ескендір болыстың өлімі” деген тақырыпта 26-бет хаттамада машинкада басылып, арнайы жедел жөнелтіліп еді. Өткендегі ел өмірі жайында “Өскен өркен” тарауларының біріне өзек болар деп ойластырған бұл материалды жазушы пайдалана алмады. Дауасыз өмір – тағдыр ретін келтірмеді. Ашылған пакет, соңғы хат жұмыс столының бетінде қалды. Енді ол өткеннің өшпес белгісі – М.Әуезовтің “Әдеби мұрасы” кітабының 770-бетінде баяндалған.

Жайлы жол, жайма шуақты мезгіл екіндіге ауысқан шақта Қаржанбай қыстауынан өтіп алдағы асу-белеске көтерілген екенбіз.

Алдағы Ақбұлақ ауылының жақында тұрғызылған ақшаңқан үйлері, одан әрі Ишан талы қалың ауылына қараған қара жолда осылай бет алып келе жатқан қалың нөпір жұрттың қарасы шалынды. Бұлар ауданнан ертелеп жеткен хабармен мынадай жайсаң көктемнің гүл көрікті шуақ-шұғылалы күнінде ауыл ағаларынан Шоқанов Құрбан, Тұрмахамбетов Бегалы, Құлтасов Сайлау, Шыңқожаев Шарап және аудан өкілі Нарбеков Өзтайлар бастап, ұлы Мұхтар ағасын күтіп алуға шыққан алдағы үлкен совхоз ауылының қалың жұрт, жас-желең, мектеп оқушылары еді.

Дүниенің шар тарабында қаншама думанды кездесуді көрген, кісілік пен кішіліктің ізетке толы үрдісін кең жүрегінде жаттап өскен ұлы аға әудем жерде көлігінен түсіп қырдан ескен самал желге кең кеудесін төсеп сом тұлғасына жарасқан сұр макентошы үстінде, сұр шляпасын қолға алып қалың жұртты бетке алып жаяу тартты. Бейне бір жан әкесі алыс сапардан сағынышпен оралған ұл-қыздарындай ауыл жастары дуылдаса-шуылдаса жүгіріп ұлы ағаны жан-жағынан тұтастай қоршап құшағын қырдың қырмызы гүлі қызғалдаққа толтырып жағты. Енді ол бейне бір ұлы думанды салтанатқа келгендей толғана-толқып сөйлеп тұр:

– Уа, жұртым, үлкен-кіші алдымнан шыққан жас достар, мен сіздерге ризамын. Сендерді көргенде, жақсы өмірді өз қолымен жасап жатқан өскен елдің өрімтал ұл-қыздарын көргенде шет ел, шет жердің жай-жағдайымен салыстыра тұрып, ерекше әкелік жүрегіммен қуанамын. Ел білетін Үндістан сапарында оның шет аймақтары – жүнділ тоғайларын мекендейтін тайпаларына барғанда үстінде лыпасыз қабырғаларын санап алғандай аш-жалаңаш, қоңыз терген шерқарын жас балаларды көргенде жүрегіміз сырқырай сыздар еді. Ал енді біздегі ел тұрмысын мына сендердің майлаған бидайдай бет-жүздеріңнен көріп тәңірге тәубе дейміз.

Мен міне, Ұлы “Абайымның” табиғи жалғасы болар, – деп осы заманғы жаңа бір туындыны қолға алған жайым бар. Ол өзге емес, мына өркенді өз еліміз, өздеріңнің бұл күндергі өмір-тыныстарыңнан ел тағдырының елеулі кезеңдерін әдебиетте бейнелеудің қиын да қымбат міндетінен тұмақ. Бізге алдағы асыл мұраттарды бірге көруге, бірге болуға жазсын! Аман жүріңдер, өскен елдің ұл-қыздары, өрен жастары!

Әрдайым алқоныр айқын даусымен көктемнің жібек желіндей баяу желпіп, екпіндей есіп, биіктей, өрлей түсетін ұлы кеменгер сөзі кең дала төсін кернеп, шулаған, дулаған дауыс, нөсерлетіп дүрілдеткен қалың қолдың көпке шейін басылмаған қуатты сарынына ұласты.

“... Қасиетті Қаратау әулиенің кені еді.

Атамды атпен тербетіп, жыр төгілген жер еді”, – деп қаншама заман ұлы көшпен керуен тартқан атамекен Қаратау сырты – Созақтың елі, кең-байтақ сайын даласы Мұхтар ағаның жан жүрегін ерекше бір тебірентер еді.

Тау жолы Ақтасты – Аюлыдан өрлеп, Күшікбай бұлағындағы аз кідірістен кейін Таскөмірсай тұсында жосыған жонның жон арқасы – асу биігіне шыққанда Мұхан ишара ғып жүрдек көлігін тоқтатты. Асықпай тысқа шықты. Оң қанатта шөккен нардай шомбал тастың жанынан салқын-самал желі ескен теріскейдің көгілдір мұнар құшқан қиырсыз ұлан өлкесіне көз жіберді.

– Япыр-ау, неткен ғажап. Бейне бір ұлы мұхиттай шегіне көз жеткізсіз керілген керіз дүние еді бұл!

Жанында тіл қатар, сыр ашар дерлік жалғыз жан жон-жоталы Тәкен аға, сом тұлғасы, тұнжыр-тұнық жанарын төмен салып шығыс тарапқа сонау бір сағым құшқан ылди шетке тұнжырай тұнып қарайды. Уа, шіркін, туған жер, өскен орта алыста сағынған, перзентіне қандай ыстық, қандай қымбат еді!

Сонау мұнар құшқан көк жонның жон арқалығын тіліп Үшбастың асау арынды тентек өзені ағып жатыр. Өзеннің қиясында киігі ойнап, қырандары ұя салған Саурамбай шатқалы Сүлгетайдың күз қонысы Тәкеннің кіндік қаны тамған жері. Сабырсыз жан дүние, сағынған жүрек туған жерді іздейді. Қашан бір қайта айналып көргенше қапастағы құстай жан тағатын таппайды. Осындай жүрегіннің аңсарын Мәскеуден Алматыға әлемдік әдебиеттің теңдессіз ұлы шебері Шолохов қатысатын қазақ жазушыларының әйгілі III съезіне бара жатқан жолында “Оңтүстіктің” бетінен мынадай жан сәлемін жолдап еді.

Армысың алыстағы аяулы ауылым,
Мен дағы кең дүниеде есен-саумын.
Тек қана құрдастармен сайрандаған,
Сағындым кербез төсін Қаратаудың.

Қараңа көзім жетпей көңілім жетіп,
Қараймын терезеден есім кетіп.
Жалынсам токтар емес жүйрік пойыз,
Сымпылдап түстік жерден барады өтіп...

Содан бері қаншама ай, қаншама жылдар өтті. Жер де, ел де орнында. Тек сайран салған балалық-балғын күндердің алыста қалған, елесі қалған өзі жоқ... ескірмейтін, тозбайтын бала жүрек сол балғын күндерін іздейді. Самал жел баяу желпиді. Ұлы тау, ұлы даласын жырлаумен өмір кешкен қаламгер аға өз ой, өз қиялымен толқиды. Шәкірт Тәкен, жазушы Тәкен, азамат Тәкен жаны: “уа, туған жер, атамекенім” деп шалқиды.

Әуезов, Әлімқұлов бірі сонау бір шығыс-қиырда, өткен бір заманда ұлы Шыңғысхан туы шалқыған Шыңғыстауда, бірі ежелгі батыр бабалар шар тарапқа ұлы көш-керуенін тартқан қасиетті Қаратауда туып екі тарапта өскен қара қазақтың ұлдары. Солай болғасын әлемдік әйдік тұлға Әуезовке төрт кластық білімімен алыстағы ауылдан шыққан тәбілші Тәкен, ақын Тәкен, жазушы Тәкенді төтенше қауыштырған не құдырет! Ол жайында “Ер қасиеті ел басына, ер басына күн туған сын сағатта көрінбек” дейтін ел жұртының көкейінде қалған, айтылмаған, ашылмаған сыр жатыр. Соны “өз көзіммен көрдім” – дейтін ұзақ жылдар қанаттас, қатар жүрген жарқын жүзді, өткір тілді сырлас дос, қарымды қаламгер-журналист Жолдасбеков Алтынбек былай дейтін:

Әуезовтің әлем әспеттеген ұлы романы “Абай жолын” феодализм әлпетін дәріптейтін зиянды туынды ретінде тәркілейтін партия ұйыстырған үлкен жиын Алматы ортасындағы үлкен ағарту үйінде өтті. “Есік ашық” дегесін ұлы қаламгердің дос, дұшпаны бар ине шаншар орын қалмаған. Әйтеуір ертелеп қамданып бір топ студенттер үлкен залдың алдыңғы бір шетіне ілінгенбіз.

ЦК тарапынан жасалған әр сөзі атқан оқтай жан жүректі қан жылатар шолудан кейін Академиядан дейсің бе, қайсыбір оқу, зерттеу, қоғамдық ұйымдардан дейсің бе, бірінен кейін бірі шыққан өңшей бір “заказной” шәуілдектер Мұханды жан-жағынан таласын келіп. Мынадай қияметті Құдай пендесіне бермесін. Қан-сөлін ішке тартқан қайран ағаның қоңырқай жүзі, сұрапыл дауыл соққан күзгі жапырақтай, құп-қу. Мұзарт тұлғасы тас-түйін бекіп, тістеніп алған.

Алдыңғы лекте сөйлеген Мүсірепов Ғабит оны құтқарудың жолын тағы бір көрсеткісі келіп, қосымша сөз алып: – Әуезовтен кету – Абайдан кету, екі тұлғаның жүгі тым ауыр. Қашанда уақыт – ұлы төреші. Өлі де ойланар, қатесін терең сезінер. Асықпаған, уақыт бергеніміз жөн болар – деді.

– Тағы кімде сөз бар? – деп Шаяхметов шыбын тайып жығылар сап-сары жалтыр басы жарқырап сілтідей тұнған залды биіктен бір шолды. Сол сәтте артқы жақтан аралықты қақ жарып үстінде мақталы қалың фуфайка, ауыр керзі етігін дүңк-дүңк басып бара жатқан жоталы біреу көрінді.

Ол мына үлкен залға қаланың бет қаймағы ортасынан емес, сүдігерге түрен салып жер жыртып келген тракторшы сияқтанып көрінді.

Иә, ол сөйлей бастады. Орысша. Ойпыр-ай, қалай, не дейді? Әр сөзі зіл батпан бөлек-бөлек, бейне құйма қорғасын. – “Мен жай адаммын. Алыстан, Ащысай – Шымкент кеншілері ортасынан келдім, – дейді. Әуезов халықтың адамы. “Абай жолы” таза халықтық шығарма, тендессіз ұлы шығарма. Ол халқымыздың, ұлтымыздың маңдайына біткен бет бейнесі. Ол мәңгілік халықпен, елмен бірге. Дүниеде халықтан асқан, уақыттан асқан құдырет жоқ, болған емес, болмайды да. Қазақтың қалың жұрты ұлы Әуезовке сау-саламаттық, “Абай жолына” мәңгілік жол тілейді!” – деп бітіргенде Құдай салмасын зал іші тасыған тау өзеніндей бұрқанып, екпіні тау құлатардай гулеп кетті.

– Мәселе де, ұсыныс та, шешім де біреу – деп қыркырады мінберден ЦК-ның өкілі.

– Әуезовтің “Абай жолы” социалистік құрылысқа қатысы жоқ, содан мәні тайыз шығарма деп танылсын, – деген шолақ шешімі тыңдарман құлағына жеткен жоқ.

Тек көргеніміз: жұрт Әуезовтен кете алмай, оны анталай қоршап алғаны. Әуезов орнында. Алдында әлгі елден келген қырыс қабақты, мығым денелі, тұнжыр-тұнық жанарлы қарасұр қазақ жігіті. Әуезов оны: Әй, әлгі кім еді, келтірсендерші мұнда, – деп іздетіп; шақыртып алған тәрізді. Кім едің, қайдан жүрсін, нендей істің адамысын, – деп сұрап жатқан тәрізді.

– Тілші екен. Кенші екен. Көп тиражды зауыт газетінде істейді екен, – десіп жатты біреулер.

– Жоқ, Түркістан, Созақ жағынан жай колхозшы екен, – дескен менсінбеген күңкіл сөз.

Міне, осыдан көп ұзамай Тәкен Әлімқұлов дейтін есім әдебиет айдынында айқын көріне бастады да, оның әлгі төрт кластық білімімен Мәскеуде Фадеев, Тихонов, Сурковтай әйдік тұлғалармен аралас, Горький әдебиетшілер үйінің төрінде төредей боп жүріп жатқанын көрдік.


Жүрер жол, барар бағытына орай әр күн, әр сағаты есептеулі Мұханның Құмкенттегі қонақжай кеші түн ұзағына созылды. Аудан басшыларынан Сасбұқаев Әділ, Намаев Біләл, Шаяннан бірге келген Манасов Қалыбек, ауыл елдің сөз сөйлер даңғыл ағасы Берденов Кенжеқұлдың қауымында Созақ, Шаян қос ауданның сан мың мал, қалың шаруагер елі әр мезгіл бастан кешіп жатқан сұмдық жұттан арылудың жайы әр қырынан сөз болып еді.

Енді әр кездегідей таң сазымен оянып, таң шапағын елден бұрын қарсы алатын Мұхан бүгінде күндегідей сергек. Ертеңгі шай кезінде тағы бір сөз болған кеше кеште Әділ мен Кенжеқұлға оңашада айтылған мына Тәкенді көптен көрмей, (іштей араз) сағыныш жүрегі сарғая күтіп отырған, осында қыз қолындағы жан анасына апарудың, табыстырудың жайы еді.

Алдын ала кеңесіп келіскендей Мұхтар аға бастап, Әділ, Кенжекенді қабатқа, Тәкенді ортаға алып ана алдына келе жатырмыз. Үлкен ауылдың теріскей батыс жағында сымдай түзу көшенің орта тұсында биік шатырлы ақшаңқан үй сыртында бір шоқ әйелдер тобы көрінді. Таяп келдік. Ортада қатар қойылған қос орындық. Бірінде шалғайы кең ақ кимешегін бастыра тартқан ақ сәлдесі бой-басына жарасқан, ұзын етектегі қара барқыт шапанын қынай, көк сәндіп белбеуімен буынған, жетпістен асқан жасында тіп-тік сыр-сымбатын сақтаған айқын ажарлы, салқын-сабырлы ел анасы отыр. Екі жағынан келіндер демеуімен тіп-тік көтеріліп орнынан тұрды. Үнсіз. Алдына келіп, қол созымда бас иіп, тағзым еткен ұлына кірпік қақпай, телміре – төніп қарайды. Ал, Тәкен болса, сағыныш сазы кең кеудеге қамалған палуан мойыны анасы артқан ауыр өкпе-назын әзер көтеріп тұрғандай. Неткен ұстам, неткен дәт!

Өкпе-наз. Оның сыр-сипатын ол күндері аңсаған ана, сағынған баладан өзге кімдер біліп кім сезген дейсіз. Оның сыры мен жыры сол кездегі Тәкен поэзиясы оның газеттерде басылған жоғарыда айтылған жол-жөнекейгі пойыз ішінде жазылған “Елге сәлем” өлеңінде қылаң көрініс тапқан ғой:

Мен енді азаматы астананың,
Әке боп бір үй ішін басқарамын.



Сонда да туған жердің топырағында

Баяғы тайға мінген жас баламын...

Иә, түсінікті жай: Тәкен Мәскеуде. Астана азаматы. Әке, үйдегі келін ұлы халықтың қызы. Пәтер, қызмет, өз шаруа, өз қызығы өздерінде. Ағылған айлар, жылысқан жылдар өте берген ғой...

Өр ана баласына таяп, оның дінгектей қос иығына қол артып, балдай балқыған тұла бойын эзер-эзер ұстап, кең маңдайын құшырлана иіскеді:

– Келдің бе, ұлым, келдің бе, күнім, – деп естілер-естілмес жай ғана сыбырлайды.

– Келдім, апа. Кешір, апатай-ым!..

Бұл сәт, мұндағы жұрт топтана үйірілген барша әйел затының жанары мөлтілдеген ыстық жасқа толы еді.

Осы тылсым сәтте Мұхаң толғана тұрып тіл қатты: Уа, қадірлі ана, осындай азамат, ұл берген тәңірі-табиғатқа шүкір деңіз. Ұлыңыз ел азаматы. Азамат ісі, азамат жолы қашанда елмен бірге. Азамат ұлыңызға батаңызды беріп, аман-саулығын тілеңіз!

– Е-е-е, қайтейін, жаным. Амандығыңды тілемегенде нетейін! Қайда жүрсең аман жүр!.. – деп, сәл діріл қаққан салалы қос алақанын жайып, сағынып мұңы жайлаған бет-жүзін баяу сипады.

Бүркітті шыңы Қаратаудың жон асуына қараған ежелгі көш жолының сол қанатында. Шатқалдан өрлеп қияға тартқан жол үстінде Мұхтар ағаның мына таудың бүркітті атынан туындаған, жастық шағында Шыңғыстауда өткен саят сапарынан бір қызық әңгімесін тыңдап біршама ұзап кеткен екенбіз. Жол шың қапталына ілінген шақта тау жақ артқы орында айналаға көз салып келе жатқан Қалыбек кенет: “Ал, кетті” деп санқ етті.

Машина тоқтап, тысқа шығып қарасақ, көктемнің көкмайсалы тау бөктерінен өрге қарай үрке жөнелген әйгілі Қаратау арқарының нән қоңыр құлжа бастаған бір үйірі шұбай тартып барады екен. Үйірдің соңына таман жана төлдеген жас құралайын ілестірген қызылшұнақ жас туша кетіп барады. Келісті-кербез табиғаттың мына көрінісі дархан жүректі ұлы азамат ағаны қатты қызықтырды.

– Япыр-ау, биылғы “құралайдың салқыны” тым кешіккен екен-ау. Мұнша үйірде жаңа төлдегені жалғыз туша. Әлсіз төлі тым нәзік. Жаңа ғана төлдеген-ау шамасы.

Осы сәт артқы машина жақтан кіші калибрлі винтовкадан атылған оқ абжыландай ысқырып тұнық ауаны тіліп өтті. Өлердей үріккен жас туша үйір соңында тастан-тасқа секіріп өрлеп те қалған еді. Тым әлсіз, буыны бекімеген жас құралай тайғақ таста сүрініп мұрттай ұшты. Әңгірлей домалап, ылди етекке кетті. Анасы үшін балдай тәтті бала жаны қандай қымбат еді. Шыбын жаны шыркыраған жас туша биіктен ылди жанұшыра секіріп тыраңдап жатқан құралайына келді. Оны тұмсығымен түрткілеп тұрғызып алды да, енді тіке өрге салмай, құзардың жақпар тасын жағалап, көкмайсалы тұяққа жайлы қоңырмен тартты. Ол бірте-бірте өрлеп асу биігінен артына қайырыла бір қарап, қырдан асты да, көзден ғайып болды. Тұз тағысының шіркін, таза жан сезіміне не жеткен. Бұған шейін құзардан ұшқан құралайынан кете алмай шарқ ұрған үйірлес серігін тау биігінен тапжылмай ұзақ күткен дағара мүйізді зор құлжа, енді маңғаз бұрылып, ұзап кеткен үйірі соңынан орғи тартып жөнелді.

Тұл табиғаттың мына ғажап көрінісіне беріліп, сұр шляпасын қолға алып тапжылмай

тұрып қалған Мұхаң енді әлгі оқ атылған кейінгі көлік жаққа бұрылды. Мылтығын кезеген күйде сілейген шофер жігітті: Әй, балам, мұнда келгін, – деп жай дауыстап, оны алдына шақырды.

– Пәлі, сен мерген-ақ екенсің. Жақсы болғанда атқан оғың дарымай далаға кетті. Бұл өзі қай мезгіл, білемісің, қарағым? Білмесең енді ұғып ал. Шаруагер ел көкек, дихандар жағы сәуір, табиғат баққан саяткер, аңшылар көктемнің бұл мезгілін – “құралай айы” – дейді. Бұл кезде ұшқан құс, жүгірген аң, төрт түлік мал жаңа төлін өргізіп жатқан шағы. Бұл кезде мылтық кезенуге орын жоқ. Жөн білетін кісі пышақ та қайрамайды. Құралай жолы, құралай айы қашанда ашық, қастерлі. Алдағы кезде бұл жай әсте есінде болсын, – деп баяу бұрылып, көлігіне қарай аяндай берді. Әбестіктің ұятынан шикандай қызарған жас жігіт: Кешір, аға, – деп бет жүзін төмен салды.


Бүркітті шыңына жон асуы ұштас жатқан күңгейдің жұрты қаншама заман теріскейдің елімен ауыл-үйлері қатар қонған жаз жайлауы аралас жатқан ел еді. Мына кең дүние келбетіне беріліп Мұхтар ағаның алғашқы сапары кезінде түн-түнегінде көп адасқан жон өлкесін өтіп, көктемнің май гүліне бөленген өзіміздің Майбұлағымызға келіп те қалған екенбіз. Ауыл елдің азамат ағалары Тасболатов Төлебай, Байғазиев Абай, Қалаубаев Ерболғандар бастаған біршоғыр жұрт Бөрібек сазы жазығында жол тосып күткен Мұхтар ағаны думандасып қуанышпен қарсы алды.

Бұл ауыл Мұхаң алғашқы сапарынан таныс. Алдыңғы жылдың күзінде Созаққа өтер жолында тұтастай бір күнін беріп ел мен жер жайын жете танысып өткен-ді. Ел тарихы оның өткендегі өмірі өзге емес мына Тәкен ағаға етене жақын. Әкесі Әлімқұлмен бірге туған әпкелері Балықұл қалың Байжігіттің “Қыдыр қонған” деп ел ішінде аңыз болған ірі тұлға Бөрібектің Үркімбайына ұзатылған құдандалы жұрт болғасын тайға мінген жас Тәкен бала шағында жон асып келіп қаншама қызық дәуренді осы ауылда өткерген еді. Содан да өзінің ілік алды ірі туындысы – “Ақбоз ат” романының көп кейіпкерлері Бөрібек әулетінің Үркімбай, Шіркімбай, Беркімбайдай белді азаматтары еді.

Толассыз өмір керуенінде тоқтам жоқ. Содан бері ағын судай жылысып қаншама жылдар өткен. Ақын жаны, азамат жаны, алаулап басылмайтын, талмайтын адам жүрегі дәл кешелері өткендей көз алдынан кетпейтін сол қырмызы – қызық қымбат күндерін іздейді. Сол күндердің естен кетпес бейнесі Мұхаң, Тәкен ағамен Төлебайдың қонақжайлы үйінде өткен кеште ұзақ-ұзақ әңгіменің өзегі болды.

Мұхаңның келер жолын тосып күтіне-күткен Төлебайдың үйі бұл кеште мереке күндеріндей жасанған. Төкен өзі, өзіне сай қосылған жұбайы Әлиямен бірге көп оқыған, әлемдік әдебиеттің нелер асылдарынан хабардар, үйінің бір қабырғасы тұтастай Абай заманынан арғы-бергі классикалық таңдаулы кереметтерімен толған әдебиет пен өнерге барыпша жаны жақын ақылға кенде, парасаты биік азамат еді.

Мұхтар, Тәкен ұлт әдебиетінің екі бірдей ірі ұлағатты өкілі келгесін бұл өлкедегі өткен ел тарихы – хан Абылай, Кенесары, Наурызбай тұсындағы азаттық жорық, ел мен атамекен туған жерді қорғап жортуылды жол өткен батыр Тоғанас, Есіркептей бабалары жайындағы әңгіме дүкенін қыздырды. Енді бір кезекте сөз арнасы күңгей, теріскейдің атағы таудай Ықылас, Тәттімбет, Сүгір, Молда Мұса, Манат қыз, Құлыншақ, Нұралы, Орымбайдай күй құдыреті, ақын, жырауларға ойысты.



Соны күткендей көрші бөлмеден жас шөжектің шіңкілдеген үніндей үздігіп, тыңқылдата шертіп тартқан домбыра дауысы естілді.

– Оу, айтпақшы біздің әлгі Бақтыбай бар екен ғой, осында. Әй, келтір мұнда Әлия, атасына біршама домбыра шертіп берсін, – деп Төкең биік дауыстады.

Сол екен, қарсы жақтың есігі ашылып айтабақтай шанағы, салақұлаш мойыны өзінен үлкен кәдімгі Жамбыл домбырасын сүйрей құшақтап алты жасар кішкентай қарадомалақ Бақтыбай келе жатыр. Төкеңнің: Ал, кәне, Бақтыбай төк барынды, көрсет атаңа кім екенінді, – дегені сол еді, мақтау сүйер Бақтыбай кәнігі күйшідей ортаға малдас құра отыра қалып, домбыраның шанағын жерге тіреп бір көзін қыса құлақ күйін келтіріп алып құлашы жетпес мойнына томпиған сол қолының шілтекей саусақтарын жүгіртіп, анау-мынау емес, Тәттімбеттің Сарыжайлауын жорғалата төксін келіп.

– Ойпыр-ай мынауың сойқан ғой-ей, Төке. Мұны сен, мынадай өзінен үлкен домбырамен ауыл еліне қор қылма. Келешек адам болар жолына салғын, – деп Тәкен құрдас жөнімен Төлебайға шаншылды.

Оған мән беретін Бақтыбай жоқ. Бір жақ торсық шекесін домбыра жақтауына жапсырып алып Дәулеткерей, Дина, Құрманғазының қазақтың кең даласын дүбірлеткен әйгілі әйдік күйлерін оңды-солды іліп-шалып бет қаратпай бұрқыратып төге берді.

– Бәлі, «болмасаң да ұқсап бақ» деген ғой. Мұның енді талабына нұр жаусын! – деген ұлы жазушы атасының батасы Бақтыбайдың алғаш көрген ең биік те қастерлі сыйлығы еді.

Қашанда, қайда жүрсе де ел іші, халықтың қалың ортасында бейне мереке күндеріндей жүректі сан алуан қуаныш нұрына бөлейтін думанды кездесулерге толы. Әуезовтің соңғы Оңтүстік сапарының сәуірдің соңғы аптасында бізге еншілеген үш күні өте шықты осылай. Жол-жөнекей Шаянда жаюлы дастарханда жеңіл шайдан соңғы кимас сәтте осындағы келіндер, ұл-қыздарға көктемгі күндей жадырап ризалық алғысын, қайырлас сөзін айтып Мұхаң қайтар жолына беттеді. Енді ол Қызыл көпір – Темірлан аралығы Тойтөбеде шығарып салуға жиылған бір көшбасшы, қосшылардың алдын бастап үлкен жолдың үстінде келе жатыр. Бұдан сан ғасырлар бұрынғы Шыңғысхан, Әмір Темір заманынан бері қаншама үргін-сүргінді көрген қашанғы керуен жолы үстіндегі Тойтөбе. Тойтөбе аты айтып тұрғандай қаншама қыз ұзатып, келін алған той думаны тұсында шат-шадыман қауышу, табысудың куәсі болған нышаналы жер еді. Міне, Мұхаң осы Тойтөбеде, алдағы жол сапары алдында, соңғы рет ортамызда. Шаршап-шалдығудан белгі жоқ. Жаз күніндей жадыраған нұрлы жүзі баз-баяғы қалпы.

– Ал, достарым, – деді Мұхаң, – қаншама қимастық болса да, қайырласар сәтіміз келді. Жүрген жол, көрген-білгеніміз ойдағыдан тіптен артық болды. Мен сендерге ыстық ықыласыммен ризамын. Алдымызда ұлы мереке күндері, сол жақсы күндерін құтты болсын. Табиғат өмір берсе... өздеріңе бұрын да айтылғандай, алдағы жаз соңындағы шопан тойларыңа келермін. Есен-сау кездескенше!

Бұл қазақтың кең даласына дархан жаны сәйкес жаралған ұлы қаламгердің есте қалған соңғы сөз, соңғы бейнесі еді...

Қыркүйек, 2008 жыл.



ЗАМАННЫҢ МҰНДЫ ДАСТАНЫ

Шерхан інім!

Өзің көп айтып, көп жазатын «Шектеулі өмір», «Бес күндік жалған дүниенің» күндері зымырап өтіп жатыр. Рысқұл мен оның арман биігінде қалған азамат ұлы Тұрардың өмір жолына іздеу салып, Қаратаудың күнгеі мен теріскейін шарлаған жастық шағыңнан, шығарманның алды жарыққа шыға бастаған жетпісінші жылдардан бері ғасырға тұрарлықтай Ұлы мезгіл өтті. Арқаға артқан ғаламат жүк пен теңіздің телегейін тәуекелмен кешкенің зая кетпеді. Ел-жұртымыз заман ағысында көз жазып, адасуға шақ қалғанда Мұхтар ағаның «Абай жолынан» кейін ұлы оқиғалы туындыға қол жеткізгені өмір – тағдырдың баршамызға жазған баға жетпейтін сыйлығы болды.

Өткен жылы қарашада Шымкенттіктің көп кітапханаларының бірінде көпшілікпен өткен кездесудің соңында Рүстемова Сәуле қарындасымыз бастаған кітапханашы қыздар: «Аға, сізге мінгізер атымыз» – деп сыртын көк жібек лентамен әспеттеп байлаған көгілдір көптомдықты текшелеп алдыма тартып еді. Қарасам, Алматының «Қазығұрт» баспасында басылған маған ат-арғымағынан қымбат болған «Қызыл жебе» бастаған шығармалардың жеті томдығы екен. «Қызыл жебе» мен «Тамұқтың» кітап бастыру қиямет болған сонау бір жылдары орталық газеттерде басылған үзінділерінен кейін шығарманы тұтастай оқудың реті келмеген еді.

Беташары тартқан кітапты қолдан тастай алмайтын басым, әр кітапқа ұзақ түндердің тұтастай бір аптасын беріп, бастапқы үш томдағы бес кітапты және алтыншы томның бірінші кітабы (ақындар мен әкімдер) айжарым уақытты алып кетті. Шын шығарма күдіретіне берілген адам өзгені ұмытады. Бүтіндей сол ортада, сондағы барша кейіпкерлер әлемінде солармен бірге тағдыр жолын кешеді. Кітап бетін ашып оның соны соқпағына түскенде менің де алдыма сол бір өткен заманның айна-қатесіз өшпейтін ұлы суреті тұрды.

Атамекен Кемербастау, Қарақойыннан жер ауып көтеріле көшкен алсай – сәліктермен бірге көшіп, пана тапқан жер, тау Талғарда көрген зорлық пен қорлықтың ыза-өртіне шыдамай губернатор мен оязнойдың аясындағы атакты болысты оққа ұшырып, өз басын айдау мен байлауға салған Рысқұлмен барша көресіні бірге көрдік. «Өлімді құлға да, күдіреттіге де бірдей» етер тәңірінің өкімімен бақ-дәулеті тасқындап кең дүниеге сыймаған Саймасайды ұзын тұрқы бір құлаш көрге де сыйғыздық. Адам өлтірудің туасы қазақ үшін ақылға сыймас сұмдығын ер мойнымен қайыспай көтерген Рысқұлмен бірге қияметтің жолын бірге кешіп, ақ патшалы Ресейдің қазынасын



адамның қаны мен теріне суарып, алтын кенін қазып жатқан сонау бір жан жетпес қиырдағы Бодайбоға бардық...

Шыдам, төзім адам өмірінің ең бір жақсы қасиеті. Әйтсе де шексіз нәрсе болмайды. Оның баршасына төзіп, ақырғы нүктесіне жетуге өмір қысқа.

Он жыл! Он жыл өткен Рысқұлдың күн көзін көрмей сазға бөккен тас үнгірде толассыз мұздай тамшы астында күндігінде бір атым насыбайдай алтын құмшығын алу үшін көр тышқанша жер астын кеміріп жатқанына. Атар таң, көрер күннің шеті-шегі болмады.

«Рахмет, жетер енді!» деген жан иесін көрмеді. Мал екеш мал да жан тәсілімі алдында аяғын серпуші еді. Атасына нәлет! Ит өлімімен мына меніреу дүниенің мұзтоңында қалғанша мына ит тірліктің тас ошағын талқандап еркін дүниеге шығайын! Туған жер топырағын құшып өлейін!..

Қиырдың қысқа күні жылт етіп бұл жақтағы, көктем белгісі енді көрініп, аспан көгінде алыста қалған туған елдің сарғая күткен хабаршысындай қиыр терістікке бет түзеп, қанаттары талып көк жүзінде қалқыған тырналардың алғашқы қиқулы көші көрінген жаңа таңдағы Рысқұлдың берік байламы осылай еді.

Солай, қашанда тәуекелшіл орыс ағайын мен туысқан қырғыздың өзіндей шемен жүректі екі азаматын қосып алған Рысқұлдың жанкешу тобы темір бұғау, шынжырлы, шідерді үзіп, ит өтпес тайғаның дүлейіне сіңіп өлермен жол кешіп, түпсіз тұңғиық Байкалдың жағасына да жеткен еді.

Адам баласымен тектес барша жан иесін өзіне көрінбес сиқырлы күшпен магниттей тартатын туған жердің құдіретіне не жеткен. Толқын айдаған жаңқадай су бетінде тулаған жалғыз қайықтың тізгінін алған теңіз бен тайғаны өз үйі, өлең төсегіндей білегін орыс жігіті бастап, бұлар қатерлі дүлейден де өтті. Қаншама ұшан-теңіз жер басып, Алтай таудан асып, алыста аңсаған қайран елдің шегіне де ілінген еді.

Дүниеде қиялдан биік, аңыздан асқақ өмір шындығынан асқан керемет жоқ. Қаншама заман ағысында арымай, тозбай адамзат қоғамымен бірге жасайтын өрен туындылардың қадір-қасиеті де осында.

Міне, сол «Қызыл жебенін» Рысқұлға қатысты саласы: айдаудан қашқан үшеудің Байкалдан өткен тұсы он алтыға жаңа толған бозбала, жастық шақта көз көрген естен кетпей өмір бақи көкейде қалған мына бір жайды қозғады:

Төрт жылға ұласқан қырғын соғыс аяқталуға бет бұрған 44-ші жылдың мамыр айының ортасы, алдағы келешегімізді ойлап, ауыл кеңесіндегі хатшылықты тастап, жеті кластық біліммен Шымкентте мұғалімдер институтының даярлық курсына оқуда жүрген күндер еді. Албырт шақта аш-арық болсақ та көрген қызық. Бос уақытта нан талонына билет алып, орталық саябақтағы жазғы театрда Қажымұқанның күшін, Алматыдан келген Құрманбек, Шара, Қанабек, Күләш, Елубай, Иса, Қалыбектердің «Қыз Жібек», «Айман-Шолпанын» тамашалап жүргенде қаланың орталық Совет көшесінде қалың жұрт назарын ерекше аударған бір қайыршы орыс пайда болды. Оның үстінде тізесіне түскен ұзын етекті кең, жаздық көне кенеп жейдесі, аяқта балақты шандып киетін орыс мұжықтарының көншарық лаптасы, мандайын қан түстес қызыл шүберекпен тартып, сол жақ иықта ұзын баулы ат жемдорбасы сияқты кірісінді көне кенеп дорбасы – адамнан емес, құдайдан медет сұрағандай алақаны ашық саусақтары арбиған оң қолын биіктете алға созып, ешкімге назар салмай, қос жанарын белгісіз

алысқа қадаған күйде бұған шейін біз естімеген жан тебірентер бір мұнды әнді зор қоныр даусымен күнірене толғап, баяу теңселе басып кетіп бара жатады. Оның соңынан шұбырған жұрт ішінде әлгінің әні мен сөз мәтініне таңдана құлақ тосамыз...

По диким степям Забайкалье,
Где золото роют в горах,
Бродяга судьбу заклиная
Тащиться сумою на плечах!

Бродяга к Байкалу подходит,
Рыбацкую лодку берёт.
Унылую песню заводит,
Про Родину что-то поёт.

Бродяга Байкала переехал,
На встречу ему родная мать.
– Ой, здравствуй, здравствуй, мамаша,
– А где отец мой, где мой брат?!

– Отец твой давно уж в могиле,
Сырою землею зарыт.
А брат твой давно в Сибири,
Давно там кандалами гремит!

Ол кез Шерхан, өзің жақсы білесің, қайбір жетісіп тұрған күн еді. Солай болса да көз жасын тая алмаған кәрі-жас оның соңынан шұбырып, нанға деген пұлын әлгінің кір дорбасына тықпалап жатар еді.

Төменгі шегі Қошқаратаның қара суынан басталып, бас-аяғы атшаптырым үлкен көшенің арғы басына жетіп әндетіп қайта оралғанда қайыршының көк дорбасы да көнектей семіріп, көкала қағазға толып қалушы еді.

Ол кім, көптен алған ақшасын қайда жұмсайды? Сондағы білгеніміз: Ол да Рысқұлдай Сібірді кешкен, өлмей ел ортасына жеткен. Өз басы айдауда жүргенде барша жанұядан айырылып қара басы қаңғып қалған шер көкіректі адам әлгіндей бар тапқанын өзі басына жаратпай осында «Пересылка» атты түрмеден Сібірге айдалатын тұтқындарға жол азыққа, панасыз жетім, сүйенерінен айырылған қарт аналарға үлестіріп, өзі осында ескі шаһарда өзбек шайханасында түнгі күзетші болып күн көреді екен.

Япыр-ау деп ойладым мен кітапты оқып болғанда. Тар жол, қиын өткелді күндерде Рысқұлдай ерге етене беріліп жолсерік болған жас орыс шындығында көркем кейіпкер емес, Шерхан романының табиғи кейіпкері ме? Болса, жойқын соғыстың жалынында болған, алпысқа келген жасында қайыршылық күнін кешкен сол ғажайып жанның өзі ме? Қайран қаласың!

«Қызыл жебе» оның бас қаһарманы Рысқұл өмірінің оқырманды алға, алыс қиырға бастайтын күдірет-қуаты шексіз. Ол о бастан бір ғана Алсай-Сәліктің емес, кез келген қазақ ауылының ересен тұлғалы азаматы, бір Тұрардың емес, өз басын әр отбасында өсіп-өніп жатқан ұрпақтар жолына құрбандыққа арнаған өзінің туған әкең ретінде көрінеді. Солай болғасын, бастапқы жолдан оның ақырғы көрер күні таусылған төменгі

Таластағы нағашылар ауылына жетіп, туған өлке топырағын құшқанға дейінгі оның қарасынан көз жаза алмадық.

Иә, жетер жеріне дейінгі жансебілді жол, одан әрі не болды? Ақбас Алатаудың мұзарт шыңдарынан ылдига құлап, ақ көбігін шашып тулап жатқан өр Таластың кен етек, бейпіл қазақ жерінде жағасы жайлауына кетіп, жұп-жуас тұнжыр-тұнық күйге түскен төменгі Талас елінде Рысқұл әке де ендігі аз күнгі жалғанның жарығында дамыл тапқан жайы бар. Түсінікті жай. Бұл тараптағы жуас Таластың бойы толы нар қамысты, жиде-жыңғылды қалың жынысты ну тоғай. Қанды қақпаннан шыққан, мойнында арылмаған кесігі бар Рысқұлдай көкжалға бір Тәңірінің өзі сыйлаған ұжмақтың ұясындай пана жер. Сол «ұжмағына» жеткесін одан сырттай хабардар ұлы төңкерістің от-жалынында бір қиырда жүрген Тұрар да “әке қайдасың?” – деп келе алмапты. Ендігі біршама жылдар, қалған күндерін жарық дүниенің жайма шуағында өткізіп, қасиетті Талас топырағына жайғасқанға дейінгі Рысқұл кешкен күндерін Шерхан да тәптіштеп жаппапты.

Әйтсе де мына жарық дүниеге келген барша жан иесінің қилы жол, қилы тағдыр кешетіні бір Тәңірдің ісі. Рысқұл әкенің Таласта өткен соңғы жыл, соңғы күндерін көрген, оған фәни себеппен кездесіп, қияметтей қиын өмірінің бір парасын өз аузынан естіген өзге емес, өз әкеміз Түрекең еді.

Түрекең (санатта бар Тұрыс Әжібекұлы) Рысқұлұлы Тұрармен жылдас, өскен ортасы шығыс Қаратау ішіндегі Қошқарата-Талдыбұлақ ауылында отыз жыл ауыл елін басқарған кешегі кеңес дәуірінің берілген бәлшебегі еді. Өзі отызыншы жылдары Түркісіб құрылысшыларының Түлкібас-Састөбеде өткен бір үлкен жиынында Тұрарды көргенін, оның сөзін тыңдағанын, сол жылдары ел басынан өткен қилы жайларды өз ортасы, дос-жарандарымен басы қосылған мамыражай еру кештерінде келісті әңгімелеп отырар еді.

«...Ақ патша тақтан құлайтын жылан жылының қара күзі еді, – деп сөз сабақтаушы еді Түрекең. – Ат жалын тартып мінген балаң жігіт кезіміз. Әкеміз Әжекеңнің айтқан сәлем-сауқатымен тау асып, Талас бойында ойықтармен аралас қыстайтын нағашымыз қожық шымырдың сөз сөйлер үлкен кісілері – ағайынды Сейітқұл, Дәуітқұлға барған едім. Күн ұясына қонып, шаруа жайланып, үйдегілер от басына енді жайғасын отырғанда, көрші үйден кіші нағашы Дәуітқұл келіп, ағасы Сейітқұлмен әлденені күңкілдесіп кеңесті. Айтқаны:

– Біздің үйде Рысқұл отыр. Мына жиеннің бастырмадағы атын көріп сескеніп отыр. «Әлдекім» деп қаймығатын сияқты.

– Келтір осында Рекенді. Бөтен-бөгде ешкім жоқ, қаймықпай келе берсін, – деп Сейітқұл інісін кері жұмсады.

– Осында біздің көкірек жағындағы сәлік ағайындардан шыққан Жылқайдардың Рысқұлы жүр еді. Кәдімгі Саймасай дейтін Алатау жағының атақты болысын атып, айдалып кеткен. Сібірден ары итжеккеннен кетіп, ел шетіне аман жеткен азамат еді. Мойнында өтелмеген кесігі болғасын да ағайын ішін паналап жүргені, – деп нағашым бұрын-соңды көрмеген адам жайын баян етті.

Болысты атқан ержүрек адамның кім екенін көріп-білуге құштар-құмарлығым арта түсіп отырғанда, көп ұзамай жас құралпын өн-жүзінен танып болмас, күзгі дала тірлігіне бейім дембелше жарғақ бешпент, ескі елтірі тымақ, аяғына ақ жұлық көне

көн етік киген суық жүзді, қарасұр, еңселі кісі келіп кірді. Төрге жайғасып, танысып біліскен соң Рысқұл дөңестеу кең маңдай, биік қабағы көмкерген отты жанарын мен жаққа аудара, барлай қарап отырып:

– Е... е... е..., бұл бала Қараның Әжібегінің ұлы болса, жиен болды ғой бізге. Шақшамға бармағалы, үлкендерге сәлем бермегелі не заман өтті, әкең аман ба? Төменгі өзен бойын түгелдей орыс алды деп естігем. Қай қыстауда отырсындар бүгінде? – деп мені сөзге тартты.

– Біздің Абыша мен Қарадан тараған жүз қаралы түтін Беспоқының баурайына орыс келгесін Доланалы, Әулие бұлақ пен Қараның сайына көшіп-қонып алғамыз.

– Е... е... е..., солай де... Мына тары қауызындағы тар заманда аталы ағайын боп ірге біріктірмесең қиын. Міне, соның бірі мына отырған мен Қарақойын-Кемербастаудағы елден кетіп, мәз болған жерім жоқ. Жазмыштың жазғанын мильққа батар көрдік қой міне, – деп, өзінің бізге ілік-шатысты нағашылық жөнін еске алып, ішке тарта сөйлеп отырды Рысқұл.

Бұл кездейсоқ кездесу үстінде мені жастықтың әсері ме ерекше қызықтырған бірнәрсе болды. Ол мына отырған ержүрек батырдан гөрі тау мен дала кезгіш аңшы немесе түн қатып түзде жүрер жылқышыға ұқсайтын суық жүзді, сұрғылт өңді адамның ел адамдары иық теңестіре алмайтын атақты болысты атқандығы. Кәйтіп атты, неге атты, мұның бәрі мен үшін жұмбақ.

Менің көкейдегі осы құштарлығымды біліп отырғандай жастары қатарлас ағайындығы бар нағашым оған батылдау үн қатып:

– Ей, Рысқұл мына жиен байқаймын, сенен әңгіме естігісі келеді. Сен әлгі қастасқан болысыңды қалай атқаныңды айтып берсейші бұған, – деген.

Рысқұл қайдағы бір бітпейтін жараның аузы тырналғандай қоюлау-бурыл мұрты жыбырлап, аз түнеріп отырды да:

– Е...е...е, ол бір ашу айла таптырмай, қапалықтан қан жұтқан күндегі басқа бермес іс еді ғой өткен. Бір ғана өмірбақиға көз алдымда қалғаны болыстың сол кездегі ажары. Саймасай маңдайы жазық, беті нұрлы, келісті жан еді. Асудағы жолға таяу жартас жақпарынан қарауылға алған кезімде ең алдымен оның теңбіл көк жорға үстінде толысқан тұлғасынан алабөтен жарқырап сол сұлу кескіні көрінді. Ол ешнәрседен бейхабар, тас төбеде қос құлағын қайшылап, басын шұлғи түсіп, алшаң басқан ат үстінен қарсы алдына мәнсіз назар салып, жайбарақат халде келе жатты.

Кек толы кеуде, қанталап шаншылған көз, мұз қатқан жүрек білтеге берік орнаған сұқ саусакқа қаншама әмір еткенмен қарсы алдынан ата алмадым оны. Оның жарқыраған бет-жүзін оқпен бұзуға дәтім бармады. Қарауылға іліккен нұрлы жүзін қайта көргім келмеді.

Ол менен небәрі таяқ сілтем жерден қиыстап өте берді. Әлгінде маңдай тұстан шаншылған қарауыл, енді ырғала түсіп ұзай берген болыстың қос жауырыны арасы қақпақылдан қадалды. Сол сәтте тау шатқалын қақырата сілкінткен берденкенің дүмпуімен бірге атқыған ат үстінен Саймасай бір иықтай аунап, төңкеріле құлап бара жатты...

Болар іс болды. Енді қорқып-үркіге орын жоқ. Мені жалғанның жарығын бір өзім ұстап тұрғандай ерекше мұзарт күш биледі. Аяғымды нық басып жақпардан түсіп, тастақты жолда төңкеріле түсіп жатқан болыстың қасына таяп келгенімде сол жақ жауырынының



астындағы алқара қошқылданып қан аралас бықсыған оқтын орнын, суық қарудан жаны шыға шошып, көздері шарасынан шыға ат үстінде ұйлыққан бір топ болыс нөкерлерін көрдім. Одан арғысы ел-жұртқа белгілі ғой, қарағым...

Тау кезіп, тас жастанып сужүрек қашқын боп жүрген ол кез мынадай биік мәртебелі тұсымда өз аяғыммен іздеп барып, жандармның қолына өз еркіммен берілгенді артық санадым.

Солай қарағым, мен жазмыш алдында алар-берерімді түгелдей түгесіп, енді бәріне де ризалық айтып, күні бүгін әзірейіл мойныма қыл тұзағын салса да әзір отырған адаммын...

Бұл айтып отырғаным: кешегі құбылмалы алмағайып заманда біздің Түлкібас-көкіректің жерінен шыққан айтулы азамат Рысқұлов Тұрардың Шілменбет ішіндегі Сәлік әйгілі Рысқұлдың әңгімесі. – Оны сол Рысқұлдың өз аузынан естіп едім. Одан бері нелер заман өтті ғой, әйтсе де сонда естігенім бәз-баяғы естен кетер емес, – деп отырар еді Түрекен.

Өз заманында Тәңірі жазған тағдырына кереғар жаралы жолбарыстай қан жұтып, тайталасты өмір кешіп өткен Рысқұл мен оның қазақтың көгінде жарық жұлдыздай жарқырап ерте сөнген жалғыз Тұрар жайындағы ұшы-қиырсыз дастан жайын аз сөзбен түгесу мүмкін емес. Роман қаһармандарымен бірге өмір сапарында жол кешетін оқырман барша жайға бейтарап қала алмайды.

Шығарманың шыңы, шырқау биігі – оның табиғи тазалығы. Онда ине жасуындай жасандылық жоқ. Қазақтың қара сөзі жүрек қанымен өрілген – поэзия!

Әрбір ұлы туындының алғысөз-хабаршысы іспетті ел назарын елең еткізер шолғыншысы да болушы еді. Мәселен, Мұхаңның ұлы “Абай жолы” алдындағы “Қаралы сұлу”, “Қыр әңгімелері” сипатты жас қаламгер Шерханның сонау бір жылдары Рысқұл мен Тұрардың туған елдегі қашанғы өтіп кеткен керуен сүрлеуіндей сөнге қалған ізіне іздеу сала жүріп “ат жалында” жазылған “Қара Маржанына” елдегі биік бәйге берілгенде, сол тұста “Жұмысшы табы тақырыбына” жамырай шығып жатқан “Заказной” туындыларының үздігі болса да, оны алдағы асқар асулы үлкен шығарманың жолашары болар деп қарағанымыз рас. Анығы да солай болды. Ұзақ жолдағы “аламанның” алдын күткен ел өз заманында ұлан даласында жосынды жол тартқан жел қанатты “Қызыл жебе” сынды тұлпарымен қайта табысқан екен. Осыған шүкір делік.





ШЕРХАННЫҢ КӨШІ

Қаратаудың Күйік деген асуы бар...

Уа, шіркін жарық дүние, сыры-жыры таусылмайтын өмір-ай! Әр кездегідей түнемеге шаншылатын қалың жазбадан бас көтерсем, мезгіл түнгі екіден асып барады екен. Япыр-ау, баяғы балалықтың бал ұйқысы қайда кетті. Жә, жетер енді. Жақтаудағы жайлы орынға баппен жайғасып едім, бір сәт ғана мызғып қайта ояндым. Жай, бапты ояну емес, әлдеқалай көрінбес бір құдырет жайма-шуақты дүниенің үлбіреген ақ пердесін жұлып алды да, түн шымылдығы ашылып бұдан көп заман бұрынғы естен кетпес елесі қалған жас өміріміздің бейнесі көз алдымда көлбең қақты.


Енді көз, көңілді алдарқатып, біршама бас сейілтудің дауасы осы болар деп қабырға жақтауын тұтас қамтыған кітап сөресі алдына келдім. Сонда қаз-қатар сірескен қалың томдардың ортасынан көгілдір мұқабалы көрнекті бірін қолға алдым. Бұл кітап өзге емес, құдайдың берген жалын атқан жүрегімен қазақ жұртының сарқылмайтын жырын жырлаумен үлкен жолда келе жатқан өзіміздің Шерхан томдарының бір кітабы – «Ай мен Айша» романы екен. Бұрын «Қызыл жебе» бастаған барша тарихи шығармаларын түгендеп көз-көңілден өткерсем де, бұл кітаптың бетін ашудың реті келмеген еді.

Әдеттегідей бас-аяғы емес, кітапты қақ ортасынан айқара ашқанда «Қаратаудың Күйік деген асуы бар» деген тарауының үстінен түскен екенмін. Алғашқы сөйлем, сөз мәтініне көз жүгірттім де ұсталдым. Анау үстелдегі қатпарлы қалың жұмыс, басқаны ойлау бәрі-бәрі жайына қалды.

Қайырымды жарықтық Қаратауда асу көп: Суындық асуы, Торлан асуы, Одаман, Мүзбел, Көкжон, Шыбықбел, Қарабастау – Жамантас, айта берсе сан жетпейді. Ал мынау – Күйік! Сол асулардың асуы.

Асу дегеніміз жол, ел көшінің жолы. Мал айдаған базаршы мен ұзаққа, тым ұзаққа жол тартқан керуендер жолы. Көне тарихымызға іздеу салушы білімпаздар дерегіне қарасақ, алыс батыс елдерін сонау шығыстағы Сібірге, қиырдағы Қытайға жалғастырған ежелгі Ұлы Жібек жолының үлкен бір тармағы осы Күйік асуымен өткен.

Күйік десе Қаратау, Тәңіртауда өсіп-өнген ел есіне оның ата тегін түгендеуші бүгінгі ұрпағына сонау бір өткен қан-қасіретті заман елестейді. Ғаламды тітіреткен Ұлы Шыңғысхан Хорезмді жермен-жексен еткен жойқын жорығында жер



қайыстырған қалың қолын бастап осы Күйіктің асуымен асқан. Айтқаны болып, көңілі толып Хорезм мен Бұхара, Самарқанд пен Отырар үстінде тоғыз құрықты жеңіс туын желкілдеткен сол Шыңғысхан бабамыз араға төрт жыл салып көк сауытқа құрсаңған сан мың аттылы түмендерін бастап келіп жеңістің ұлы тойын үш мың үй тіктіріп керней, сырнайлатып мына Тәңіртау мен Қаратаудың көкмайсалы баурайы – Құланбасы жазығында тойлаған. Аңыздан асқақ ақиқаттың дерегіне қарасак, бұл дүниеде оған шейін де, одан кейін де оған теңдесетін ұлы салтанат жиыны бұл маңайда болмаған. Жеңіс Тәңірінің жердегі иесі осы ұлы Шыңғысхан Көк тәңірінің ғалам ханына арнап жаратқан сыйлығы – алтын тұрманды ақбоз тұлпарына бастатып қайтар сапарында осы Күйік асуымен өткен.

Жер жарықтық, жол жарықтық бәріне ортақ. Бәріне төзетін, бәрін көтеретін, асулар асып қасқайып жатқан қара жол мен қабырғасы қайыспайтын қара жер. Ел ішін жаугершілік жайлаған сонау бір ықылым заманда өрдегі Жетісудан төменгі қос дария тарабына дейінгі ұлан өлкеге билігі жүрген ұлыстың ұлы ханы Бәйдібек бабамыздың елі мен жерін шапқан барымташы, басқыншы жау, түн жамылған қанды жол қарақшылар да Қаратаудың осы асуымен асып, осы жолмен келген ғой.

Ұлы ханның ел қорғаны санатына жеткен ілік алды алты ұлының қарақұрым қалын жаумен шайқаста ажал оғына ұшып, өшпейтін ізі осында қалған. Бәрін көрген, бәріне төзген, барша тарихымызды ішке бүгіп үнсіз жатқан Күйік асуы, ежелден қалған қара жол, қасиетті қара жер!

Ежелгі замандардан арымаған, тозбаған керуендер мен жорықтың жолы Күйіктің асуын асып, кешегі ұлы соғыс жылдарында да бәз-баяғы қалпы. Тек баяғы бір кездегідей қиқулап мал айдаған, қызыл-жасыл жайнатып көш керуенін тартқан қалың жүргіншіден арылған меңсіз де меңіреу күйде. Соның есесіне кең дүниенің қос ұстыны – Тәңіртау мен Қаратау аралығын мәңгілік сөнбес сарынға бөлеп сылаң қағып ағып жатқан еркін-ерке Терістің оң жағалауын қапталдап шығыс пен батысқа күндіз-түні толассыз сарнап өтіп жатқан пойыздар тасқыны. Жауынгерлер лық толы бір көш болып шұбатылған ұзын составтар үстінен кең даланы кернеп:

Жетпіс бір вагон жетелеп,

Желдіре ұшқан паровоз.

Майданға біз де аттандық,

Туған ел, енді қайыр қош, –

деп, биік шырқап, соғыс жылдарының қаралы да қаһарлы әні қалқиды. Сілкініп ояңған алып жанартаудай жер дүниені дүбірлеткен ұлы елдің сол күндергі сырт көрінісі осылай еді.

Иә, қаралы да қаһарлы сол күндердің бірінде торғаймен бірге оянып қара кешке дейін қалың қарбаласта жанталасып бір тынбайтын ел іші егін орағы, қызыл қырмандағы ауыл ортасынан бозала таңда сытыла шығып, сырғи жөнep, ұзай түскен қос жүргінші жолсыз далада төтелей тартып сонау көз ұшында қарауытқан Күйіктің асуын беттеп келе жатыпты.

Оның бірі, астында маймандай басар майда жүрісті салпанқұлақ мәш (ұрғашы) есегі, басында ақ кимешегі үстінен биік ақ сәлдесін қокитып бастыра тартқан кейуана жастағы

биік бойлы, ашық ажарлы, ағайын ортасы “Шоқай апа” дейтін Бибісара ана, оған қатарласып Оңғарбай атаның азынаған көк әңгісі (айғыр есек) үстіне қаршығадай қонып ап, тайпалма жорғасына бастырып қайқая тартып келе жатқан, жасы он екіге қараған тұрымтай тұлғалы, бақыр басты, қыран қабақты Барсхан атты қаршадай қара бала.

Бұл оның туған ауылдан ұзап шыққан алғашқы жол-сапары. Барар бағыты Бектөбе, Әулиеата маңы, бұрын көрмеген бейтаныс – туған анасы Айшаның төркін жағы, нағашы жұрты. Өздеріндей жартыкеш жарлы-жақыбай елге аз күнге болса да басқа пана, жанға сая іздеп шыққан беті.

Жанға сая, басқа пана іздейтіні қашып келеді. Ел ортасынан ұзаған сайын әлсін-әлі бұрылып көз ұшында қалып бара жатқан Ақсай Мыңбұлақтың көгілдір мұнар құшқан алабына қос жанары мөлтілдеген ыстық жасқа толып, үздіге-өксіп қарайды. Көз алдында бұның бес жасында Сібір дейтін көз көрмес, құлақ естімес бір қиянға айдалып кетіп қайтып оралмаған жанындай жақсы көрген жан әкесі Мұртаза мен аңырап ауылда қалған жан анасы Айшаның бейнесі.

Ұядан ерте, тым ерте ұшқан балапан жүрек шерлі де зарлы. Оның мұңын кім тындап, жаңа күзелген жабағының жалындай шаң тұтқан түрпі шашын кім сипайтын еді мына тежеусіз – тентек қиянатшыл дүниеде.

Дүниеде етке тиген таяқтан, атқан оқтан, жарасы ауыр сүйектен өтер сөз жаман. Мына қарғадай қараны қанаты қатайып, топшысы бекімей жатып бір басының азаттығын іздетіп жансауға жапан-дүздің жолына салған да сол жан жүректі қан жылатқан тіл мен сөздің ісі.

Кешегі аптабы ми қайнатқан сарша тамыз, шаңқай түстің шағы еді. Күн ұзағы қызыл қырманда тас айдап астық бастырып қалың бейнеттің ортасында жүрген жас бала өкпе ауруы қысып қан түкіріп қиналған өзіндей өрім жас Сүлейменге шипа болар деп, бір тостақ қымыз үшін түскі тыныс сәтте қостағы аттың бірін міне шауып Жуанқұл бастықтың үйіне кеткен ғой. Онысынан түк шықпай қайтып келсе, масақты бидай паясын жұтып, қарамайлы ащы кекіре аралас шаңды топан құсып күні бойы бір тынбай күркілдейтін молотилка көмейіне өзіндей бірер қатынмен кезектесіп айырмен бау тастауда тұратын анасы Айша анадай айтақырға шығып ап, қара жерді жалаң қолымен тоқпақтап, ойбайға басып, зар жылап отыр. Қара майлы топан тозаңы тұтқан бет-жүзі тарам-тарам көз жасымен айғызданған әлпеті жаншошырлық.

Мына көріністен шошып, аттан аударыла түсе жанұшыра жүгіріп қасына жетіп келген Барсханға анасы:

– Ойбай, Барсхан-ау, не жаздық бұл кураған ку құдайға?! Табан асты қайда кете қалып ең. Ана көкбет – Тасбет түп-тұқияныма, жеті бабама жетті ғой. Бұзық балаң әдейі зиянкестікпен жұмыс көлігін мініп кетті деп ана сасық аузымен аузына келгенін құсып қорлады ғой бізді. Ата-баба, Сібірде өлген әкенің де әруағын табанына таптады. Ойбай-ай, қайтейін-ай, қайда барып сиямын мына кураған ку дүниенің?!

Анасынан мына сөзді естіген жан жүрегі жаралы, көкірегі кекке толы жас бөрі қалай шыдасын. Тау боп үйілген қызыл мая көлеңкесін саялап жантайып жатқан Тасбет бригадирге атой сала ұмтылған ғой. Сілтеген таяғы бетсіздің бетіне тимей маяға барып шаншылып, енді жағадан жармасқанда буыршындай бұлқынған қайсар қараны қалың қырманшылар жабылып ажыратып алған ғой.

Сол сәтте көп арасынан өктем шыққан анасының айқын даусы естілді:

– О, жан балам, Барсханым, бар екенсің ғой, адам боп, қорғаным боп, өсіп қалған екенсің ғой. Енді мен өлмейді екенмін. – Тәубе-тәубе! Жетер енді, қоя ғой, ашуынды бас, ашуыңнан айналайын құлдырап өскен құлыным, – деп құрақ ұшып келеді екен.

Енді ел-жұрттың арашасынан есін жиған әлгі көкбетті Тасбет: мен сендерге көресіні көрсетемін! Жауыздың, әкесінің артынан итжеккенге айдатамын, – деп атын борбайлап шаба женелді.

Кешкісін үйде, оңашада Айша ұлына:

– Ана бетін күйгір Тасбет шынымен аямайды-ау бізді. Мені қойшы, қол жұмсаған жоқпын. Сенің сойқаныңды бәрі көрді. Куәлар табылады. Ойпырым-ай, балам, есің барда бой тасаламасан болмас, – дейді.

– Қайда? – дейді Барсхан.

– Ел іші кең ғой. Мына Әулиеата маңы Бектөбеде бірге тумаса да сыйлас жамағайын ішінде біршама нағашы жұрттың бар. Сәли, Қали дейтіндер. Қырғидан бұққан торғай да бұта паналаушы еді ғой. Аз күн қорғанысына жарар, қарағым, – дейді.

– Қалай жетемін? – дейді Барсхан.

– Осында сол елден мына көрші Қорғанбайдың нағашы апасы – Шоқай апа келіпті. Ертең қайтады. Соған ілестірейін, қарағым.

Міне, осылай Барсхан Айша апасы қайырлы ауылдас ата Оңғарбайдан сұрап алған азынаған көк әнгінің үстінде. Торғай шыр еткен бозала танда ел ортасынан шығып жолсерік Шоқай апасын медеу тұтып алдағы өзін күткен беймәлім, алғашқы өмір жолына ұзай түсіп барады. «Күйіктен ассақ түнделетіп бірдеңе етіп жетерміз» дейді Шоқай апасы.

Митындаған майда жүріспен ара қонып ертеңіне тамылжыған тамыздың шаңқай түсінде мезетті жер, кең жазықта жасыл желекті теректері көк тіреп қаздай тізіліп қанат жайған Бектөбенің көшесіне де ілікті. Сол кезде, көшенің басынан кіре бергенде тайпалма жорғасына басып келе жатқан көк есек даланы басқа көтеріп, әңкілдеп тұрып ақырсын келіп! Бүкіл көшенің ұзына бойына жанасып отырған қалың ауылға:

– Е-е-й, жарандар! Кім келе жатқанына қараңдар! Барсхан келе жатыр! Барсхан-ан! – деп жар салғандай әңкілдепті-ай жануар!

«Бұ дүниеде ұйқы мен күлкіге тыйым жоқ» деген ғой. Артық кетсе құдай өзі кешірсін. Бір қиырдан-қиырға асып аңқып жатқан роман жолдарының осы бір тұсына келгенде қалың түннің ортасы тылсым-тыныш бөлмеде жападан-жалғыз отырып (жын соққандай) көзден жас аққанша кеңкілдеп, рахаттана кеп күлейін. Жай күлкі емес, өмірбақи ескірмейтін, өшпейтін жуадай таза бала көңілдің Барсхандай ұланның анау ит Тасбетті тасқа отырғызып алысқа бет түзеп қарқыны қатты азынаған әңгі үстінде азат дүниені жаңғыртып келе жатқан бақытты сәтіне қызығудың, жанашыр-қуаныштың күлкісі.

Бақытты сәті демей қалай айтарсың. Ол жылдары ауылдағы жаман-жәутіктердің Барсхан батыр сияктанып саяқ жүрісті сәйгүліктей азынаған көк әңгідей әйдік көлікпен ен далаға еркін сапарға шығуы қайда-а-а! Бұл қырғын соғыс тұсы болса да жаудың беті қайтқан, ел ес жиып, шиыршық атып шираған кез еді ғой. Ал, одан он

жыл бұрынғы отыз үшінші жылдың бетін тәңірі қайтып тірі пендесіне бермесін. Оның не екенін аштан қырылу шегіне жеткен тұтас ауылдың көкөзекті көктемде тіршіліктің талшығын таудан іздеп арқаланып, Нұржауға жаяу шұбыра көшкенде көргенбіз. Жұрттың ең соңында қалған бір кездері айдай ажарлы Қантай апамның асуға жете алмай әлсіреген жетегіндегі алты жасар Еркінтайын ауыр жүгіне қоса арқалап, жол үстінде талықсып-талып жығылғаны көз алдымнан кетер ме!

Солай болса да жер бетіндегі қандай зұлымдық, қасірет атаулыдан әлдеқайда биікте өмір дейтін кереметтің шуақ-шұғыласында шарықтайтын балалық шақтың бақытына не жеткен еді. Ұзын өмірде бәрі-бәрі көзден ғайып болса да бәрін көрген, бәріне көнген, бәріне төзген жүректің бақытын бұ дүниеде еш ғаламат сөндіре алмайды. Оны тасты жарып, күнге қарап бой түзейтін тау шынары деп қарауға болар...

Міне, сол бала жүрегінің мәңгілік сөнбес бақыт шуағына бөленген тәңірінің бір сәтті күні сан ғасырлар жасап мына ұланғайыр дүниеде махаббат пен зұлымдықтың, ізгілік пен жауыздықтың қаншама бет-бейнесін көріп, думанды күндер мен қаралы қасіретін бастан кешкен әулиелі Әулиеата жері кешегі өткен кер заманның көгіне Тәңіртау биігінен талпына қанат қаққан ақиық бала қыранын осылай қарсы алған екен.

Тәңірі бұйыртса, мына кең дүниеде жазықсыз жанға орын көп. Туған жер өскен ортасы – Тәңіртаудың баурайы Жуалының жерінде «сайынан сайғақ құрлы пана таппай» Қаратау асып жансауғаның күнін кешіп нағашылар жұрты ортасына жеткен Барсхан бұл жақта аз күн болса да өзіндей жас-жәутіктер арасында көкірек шерін тарқатып аунап-қунапты.

Күн құрғатпай іргедегі қалаға қатынап ол жақтан өзіндей жас жақыбайлар арасынан ойқұрдас, бойқұрдас достар тауып, оларға үйрене келе сол көшешіл көкібайлар ішіне сіңіп кете жаздаған екен. Бірақ жайлы кеш, жұлдызды тұнық түндерде жер төсекте қиялы қиянға шалқитын жас түлектің төбесі көк тіреген Манас пен Тәңіртау, оның баурайында құлыншақтай құлдырап, майсаңдарында аунап өскен туған жердің бейнесі көз көкірегінен кетер ме? Дүниеде жалғыз жаралған, еш жерде кездеспейтін сол ерекше қымбат ел суреттері оның тордағы торғайдай тұрағын таппай лүпілдеген балапан жүрегін сағыныш сазына бөлеп әрдайым көз алдында мөлдіреп тұрар еді.

Жас баланың жан жүрегін сыздатып жай таптырмаған сол бір кереметті құдырет оны тағы да жолға шығарды. Бұл сапар қайтар жолға, Тәңіртауға, туған жерге, ауылға. О, құдыреті күшті қасиетті туған жер! Оның тау-тасы, арқырап аққан өзені, сылдырап аққан бұлағы, тіпті табанға кірер шошқа тікен, шоңайна, қаны сорғалаған жарасына дәрі болған май топырағына не жеткен еді оның!

Міне, енді сол, сағындырған, аңсаттырған ауылы. Барсхан келсе, ел іші ию-қию. Сорлаған жұрттың сорына ауыл бастығы Жуанқұлды түлен түртіпті: «Бірің қалмай жаңа қонысқа көшесіңдер», – депті. «Біз әлі жабайымыз, түсінігіміз төмен. Қарандаршы анау Евгеньевка мен Андреевкаға! Көшелері түп-түзу. Біз де сондай көше салып, соған орнаймыз. Бұған көнбегендеріңді колхоздан аластап, Сібірге, итжеккенге жер аудартамыз», – депті.

Ойласа оныкі әбден дұрыс. Бірақ қырғын соғыс тұсында ер азамат майданда,

мұндағы жұрт жанталас жұмыста күн көрісі сіңірге ілініп отырғанда дүңгіретіп ақсарайдай үй салып алу қайда. Солай екен деп қарсы тұрудың амалы қайсы. Жаман болса да қашаннан өсіп-өнген құт мекеннен амалсыз қуылған жұрттың әлі келгені үш-төрт үйдің қабырғасын көтеріп, қалғаны «жаңа көшені» жағалай көртышқанның күнін кешіп жертөле қазып жатыпты. Сондай тышқаншылап жер қазған Айша мен оның Барсханы қара терге батып қазған кепесін келістіріп жаба алмай мына ит өмірдің ит қорлығын көрген ғой.

Қыркүйектің соңында күн суытып, сұрқай үңгірде сұры қашып үркердей үрпиген шиедей жетімектерін көрген Айша: бүгінгі түріміз мынау, мына үңгірде жата берсек қыс келгенде үсіп өлерміз – дей отырып:

– Қараң қалғыр, қараң қалсын бүйткен өмір! «Бердімбет байдың ұрпағы үңгірде қатып қалыпты» дегізбей не де болса Мұртазадан қалған үйге барып өлейік, – дейді.

Солай, бір тәңір жарылқағыр арбакештен маяға пая тасып жүрген сатылы арбасын сұрап алған Айша көзден таса түн жамылып кәкір-шөкірін артып қашанғы мекен-жайына келе жатыпты. Сөйтсе, жол торығын қарақшыдай атын ойқастатып алдарынан Тасбет жауыз шыға кепті. Келіпті де: атаңа нәлет халық жауының құйрығы, елді бұзып қайда барасың? – деп ат үстінен өгіздердің мойынтұрық самияндарын суырып, босаған өгіздерді атпен қуып кете барыпты.

Жетер жеріне жете алмай, жападан-жалғыз жол ортасы Бердімбет сайы өрінде қалып, көш арбасы жанында қапылыста ашу-ызасы алқымына тығылып ә дегенде сөз айта алмай қалған Айша есін жиып алғасын шер көкірегін ағытып қос қолын аспандағы жарқыраған айға созып аңырасын келіп:

– Уа, Көк тәңірі, жастайымнан жесір қалып бейнеттен басқа жан рахатын көрмеген менің не жазығым бар еді. Не жаздым саған құдай?! Мені жазғырсаң жазғыр, мына үш жетімнің не жазығы бар еді құдай?!

Ай астында айға қарап аңыраған анасына арба үстінен үрей боп ұлардай шулап үн қосқан жетімектердің шырқыраған дауысынан түн түріліп, ай күйіп, Тәңіртау теңселіп кетті-ау сонда!

Айдалада ай мен құдайға айтар арызы да, арманы да таусылған Айша үркердей үрпиген ұлдарына қарап: бүйтіп жарты жолда, далада қалып таң аттырып елге күлкі болмайық.

– Барсхан жерге түс, мына мойынтұрықтың бір жағына мойныңды сұқ. Екінші жағына мен жегілемін. Батырхан, Құрмаш сендер арбаны артынан итеріндер, – дейді.

Айша айтса болды. Анасы мен баласы мойынтұрыққа бас сұғып, анау екі жәутік артқы жақтан итеріп, ал кеп тырбансын. Оқтығы өрге қараған сүйегі ауыр арбаның қозғалар түрі жоқ. Желкені қиған зілбатпан оқтық пен мойынтұрық сақыр-сұқыр жерге құлады. Сары күздің сарғайған таңын жол ортасы далада үрпиген үш ұлының ортасында отырған Айша Барсханға бұрылып:

– Әй, қарағым, көрдің ғой мына қураған қу дүниенің бізге көрсеткен қорлығын. Бүйткен өмір, көрген күні құрысын. Бұл елден кетпесек, қарамызды батырмасак болмады, – дейді. Ал түксиген жау қабағы жауатын бұлттай түнеріп төмен қарап үнсіз отырған Барсхан:

– Кәйтіп, қалайша тастап кетеміз мына көкемнен қалған мекенжай, қасиетті қыстауды, туған жер, өскен ауылды, – дейді жанарына балалықтың мөлтілдеген ыстық

жасы үйіріліп. – Мен өсіп қалдым ғой, енді анау зорлықшыл жауыздарға бой бермеспіз.

– Жоқ, жаным, олармен ерегісе алмаймыз, бар бәлесін істеп бағады. Мына түрімізде қыста ашығамыз. Амалсыз ұрлық істейсің. Сені ұры еткенімше өлгенім жақсы. Басқа амалымыз жоқ, көшеміз, – деп кесіпті Айша.

Айтқанынан қайтпаған Айша далада қалған жүкті шұбап ескі мекенге жаяу тасып алғасын Борандыға, одан пойызбен Әулиеатаға кетті. Арада төрт-бес күн өткенде қасында Сәли ата бар, екі доңғалақты есек арбамен кештетіп оралды.

Бұлар енді таң сазымен жолға шыққалы түн жамылып буған, түйгендерді арбаға артып та қойды. Қаңырап калып бара жатқан үйге Сәлім атасы дұға оқыды. Ал, содан соң... үйден шығар сәтте жазған Айша үй ортасында ұстын-тіреуді құшақтап тұрып сыңсып жыласын келіп:

Қайранда менің Отаным,
Қайтып келер күн бар ма?..

Көршілерден жанашыр жалғыз Баян келіп Айшаға:

– Қой, Айша, өйтіп жылама, құдайға шүкірлік ет. Ұлыңның алды Барсханың адам боп қалды. Соңында жеткіншегі бар. Мына сұм заманның керті мен дерті де кетер. Алланың жақсы бір күні құт мекеніңе қайта ораларсың. Жаратқан сол жақсылығына жазсын, – деді. Оған Айша:

– Баян-ау, мына иесіз қалып бара жатқан үйге бас-көз болып жүрерсің, – деді. – Біз жоқта әруақтар келсе, адасып күйзелетін болды-ау, – деп өксіді. – Ұрлық қылған адамдай жасырынып барамыз. О, жаратқан ата-бабаларымның әруағы, Мұртазаның әруағы назалана көрме, – деп жалбарынады.

Сары күздің таңы да сарғайып атты міне. Енді қарайлайтын не бар.

Көш қозғалар сәтте Сәли атасы Айша мен Барсханға: «Уа, балам, Барсхан, қарағым Айша, көш алдына келіңдер. “Әумин” деп қолдарыңды жайындар», – деді.

– Е, жаратқан Алла, әумин, – деп Айша бет-жүзін күннің шығысы – құбылаға түзеп қос алақанын көкке созды.

– Е, құдай, – деп сыбырлап Барсхан, тобарысып, томпиған қос қолын көкке көтерді.

– Уа, жаратқан ие, ақ тілеулі пенденің жолын бере гөр. Ғайып Ерен, Қырық Шілтен, Бабатүкті Шашты Әзіз, Әзіреті Шері шарапатыңмен қолдай гөр!

– Қолдай гөр, қолдай гөр, – деп ыңырана үнін қосты кең дала.

– Қолдай гөр, қолдай гөр, – деп жаңғырықты өр Манас пен Тәңіртау, қасиетті Қаратау!

Шығыстан кең дүние, биік тауларды нұр шапағына бөлеп жаңа күннің нұр шұғыласы көтеріліп келе жатты.



ҰЛЫ БӘЙДІБЕК ЕСІМІ

**Ауданға қалай берілді?
Қилы замандар қиясында өткен жол.
Үшінші рет таратудан аман қалудың
беймәлім сыры жайлы әңгіме**

“Мың өліп, мың тірілген қазақ елі”... Дарынды дастангер ақын Молдағалиев Жұбанның “Қазақтар” атты әйгілі поэмасы осылай басталатын еді. Асау арынды арқалы ақын қалай бұрқанып, қалай әспеттеп, төгіп жазса да бұрқыраған бұла сөздің ағынында қаншама қайғылы да, қастерлі өмірдің өз шындығы жатыр.

“Мың өліп, мың тірілмесек,” сонау бір замандарда өмір сүріп өткен елдік пен ерліктің мәңгі жасайтын қасқа жолын ұрпақтарға мирас еткен, кемеңгер, батыр бабаларымыздан қалған ежелгі Исфиджаб, Отырар, Оқсыз, Баласағұн, Аспара, Сығанақ, Сауран, Баршынкент, Қараспан, Ханқорғандай ондаған (бәлкі жүздеген) абад шаһарлар, гүлденген ел ордалары қайда кетті?

Ешкімге тағдырдың жүгін артары жоқ, ат мініп түйелі көштерін түзіп қиян даласында шадыман-шалқып өткен жұрт бастан кешкен ауыр нәубетін қашанда “Заман сазы” деп өткеніне салауат айтып, алдағы күнге үміт артумен өмір кешті. Солай болғасын да, аттың жалы, түйенің қомында жүріп киіз кітаптарында жазылған қазақ өмірінің өткендегі тарихын басқа амалымыз болмағасын көне дәуірдегі елдік бейнемізді көбіне-көп өз тарихымен бірге көрші жұрттардың деректі тарихнама жазбаларын мың жылдардың қатпарында қарашықтай сақтаған Қытай, Парсы, Россияның тереңдегі тарихнама хаттамаларынан іздейміз.

Сол дерекнамаларға тереңінен көз жіберсек кешегі кеңестік дәуірде құлақ-зердемізге құйып оқытқандай біз қазақтар азаттық пен ерлік жолымыз Махамбеттен, әдебиетіміз Абайдан басталатын өткені жоқ, шолақ тарихтың жұрты емес екенбіз.


Өткендегі өмір жолымыз біз кейінгі жылдары көп ізденістермен зарығып табысқан ұлы ғұлама, ержүрек батыр бабаларымыз Фараби мен Бейбарыс заманымен, тіптен одан сан ғасырлар бұрынғы Юлий Цезарь, Аристотель, Ескендір Зұлқарнайдың тұсындағы Рим, Эллада дәуірімен де шектелмейді екен. Ол ауызекі көп айтылатын аңыз текті әңгіме емес, Адамата тарихының ғылыми негізін, әуелгі әліппесін жасап кеткен Ұлы ғұлама Геродоттың мәңгі жасайтын өшпес мұрасының сөзі.

Бұдан отыз жыл бұрын жетпіс сегізінші жылдың осындай жазында Алматыда ақын, жазушылардың үлкен бір тобының Әуезовтің саялы мекенжайының кең мәжіліс залында қазақтың ғылымы мен әдебиетінің екі бірдей майталманы Мүсірепов Ғабит және Әлкей Марғұланмен өткен кездесу кеші әркез есімізде. Сонда барша мәнді ғұмырын қазақтың көне тарихын түгендеуге арнаған Әлкей аға: Біз қазақтар ежелгі ата-тек елдік бейнемізді айқындауда ұлы Геродоттың алдында қарыздармыз. Сол Геродот не дейді: “Батыста Дунай дариясынан күншығыстың шексіз суларына (Тынық мұхитты айтады) дейінгі Ұлы кеңістікте аса қуатты, көшпенді жауынгер тайпалар өмір сүрді. Өздерін Үйсіндер, Аргундар, Қыпшақтар, Хангуйлер атайтын бұлар көшпенді өмірге қолайлы, ағаштан жонылған, киізбен жабылған үйлерде тұрды. Қисапсыз қалың жылқы, түйе малын өсірді. Олар шетінен мерген. Ит жүгіртіп, қыран құстар салып, аңшылықты кәсіп етті. Думан тойларында жүйріктер жарыстырып, көкпар тартты. Жау жорықтарда сұлу қыздар мен мол байлықтарды олжалап, ер тұтқындарды құл етті. Көздері ағызылған құлдар тері ыдыстар (саба) толы жылқы сүтінен аса қуатты сусын (қымыз) дайындаумен айналысты. Осы төрт тайпалы жұрт бірлестік құрғанда шығыстағы Таң империясымен тең дәрежелі сауда қатысын жасап тұрды.”

Осы қуатты төрттік бір тудың астына біріккен тұста, адамаралық, еларалық қарым-қатыс заман ағысында сан құбылған заманда айнала қоршаған елдермен кейде достықтың да, жаугершілік жорық-жосынның да қилы кезендерін бастан кешкені анық. Сондай басқыншы жорықтың ащы дәмін көп татқан Шың (Цзин) Таң (Қытай) елі өздерінің теріскейдегі жақын көршісі – көшпенділерді гунндар (көшпенді басқыншылар) атап, олардан сақтанудың шарасы ретінде үш ғасырға ұласқан миллиондаған адамның жанталас еңбегімен ел шегіндегі ұлы таулар жүйесінде үш мың шақырымды алатын “Ұлы қорған” орнатқаны барша ғаламға аян.

Сол гунндардың (көшпенділердің) бүгінгі бір мұрагері – қазақ елінің ежелгі бабаларынан мұраға қалған мемлекеттік басқару жүйесінің сан қайтара өзгерістер сарабынан өтіп, ежелгі хандық, ұлттық, ұлыстық құрылымнан – губерния, уез, дуан, болыстық (патшалы Ресей заманы), өлкелі, облыстық, аудандық (кеңестік дәуір) жүйеде бүгінгі күндерге жеткенін көреміз.

Өмірдің өзі сан рет көрсетіп бергендей ұлан-теңіз кеңістікте өмір сүріп жатқан қазақ елінде ел басқару мен халықтың әлеуметтік жай-жағдайын жүйелі қалыпта ұстап тұруда аудандық жүйенің алатын орны ерекше. Бұл анығында жалпы қоғамдық өркениеттің таңдаулы үлгісінде, басқару мен қалың жұртшылықтың байланысын, даму процесін қамтамасыз етуде бірден-бір қолайлы буын екенін сан рет дәлелдеді. Әйтсе де өмір сүрудің, елдік пен бірліктің сыннан өткен үлгісі бар да, оны сақтап тұру екінші басқа нәрсе екенін өмірдің өзі, заман ағысы қаншама мәрте көрсетті. Ел басқаруда естілік пен есуастықтың ауылы тым жақын қонсы қонатыны осыдан туындайтын ауыр зардаптар Құдайдан емес, адам қолымен жасалатынын біз өмірде ел-жұртымыз болып сан қайтара бастан кештік. Сондай қалың бұқара ел-жұртымыздың мұң-мұқтажына, өсу, өркендеудің сыннан өткен айқын жолына кереғар “жасанды жанашылдықпен” жасалған өзгерістер салдарынан келген өмірдің зардаптарын көп татқан ел аймағының бірі – қасиетті Қаратаудың күнгеі баурайында өркенді өмір жасап жатқан бұрынғы



Шаян (біраз жылдар Алғабас атанған), бүгіндері 80 жылдық мерейін тойлау алдындағы Бәйдібек ауданы.

Сексен жыл! Ұлы дәуірлі тарихтың өлшемінде тұтамдай мерзім болса да, заман ағысында сан тараулы қиын-қилы жол кешетін адам өмірінде жақсы-жайсаң күндері сұрапылды-сұм жылдармен алмасқан соншалық ұзақ та, ауыр еді. Оның ел тағдырында қаншалық өшпейтін із қалдырғанын көзбен көргендер мен бастан кешкендер біледі. Ұлан-байтақ елімен тағдырлас аудан жұрты өзінің елу мыңдай халқының он мыңнан астамын отызыншы жылдарғы аштық пен репрессияға, бес мыңнан астам бетке ұстаған бозым азаматын Ұлы Отан соғысында құрбандыққа бергенін өрелі ұрпақ ешқашанда естен шығара алмайды.

Міне, осы ел басына күн туған қиын-қыстау заманда елдік пен бірліктің рухын биік ұстанған жалпы есебі он екі мыңдай түтін, елу мыңнан астам жанды құрайтын аудан елі осы бір өткен қиын асулы өмір жолында Құдайдан емес, адам қолымен жасалған қиянаттың, тұтас елдің іргесін сөгіп, әр тарапқа бөлшектеп таратудың шұбырынды күйге түскен жан төзгісіз зардаптарын екі рет бастан кешіп, үшінші кезек алдында тұрғанын өз көзімізбен көрдік.

1928 жылы бұрынғы патшалы Ресейдің отаршылдық заманында қидай шашылған елдің басын біріктірген алты болыстық елден алғаш рет ордасын тігіп, шаңырағын көтерген Шаян ауданының арада небәрі төрт жыл өткенде әлдеқалай кеудемсоқ шолақ белсенділіктің тұсында жіліктеп бөлшектеніп төрт тараптағы көрші аудандарға қосылған тұста ауыл-аймақтық тар шеңберлі байланыстан ұзап көрмеген ел іші тым терең сезіне қоймаған еді. Ал, араға отыз жыл салып, қайта келген нәубеттің күнін бір Тәңірі пендесіне бермесін.

Халықтардың Ұлы көсемі Сталин дүниеден өтті де, қит еткенді қия бастырмайтын өзі орнатқан темірдей тәртібін ала кетті. Оның заманында алдында тізесімен жорғалаған Хрущев өзінің жасанды атақ-даңқын одан да асырмақ болып, оның әруағымен шайқасты. Сталиндік жүйенің ішкі мемлекеттік құрылымның тас-талқанын шығарды. Бір ғана Қазақстанда барлық облыстар төрт өлкеге қаратылып, үш жүзге жуық аудандар бірі-біріне телінді. Ел іші ұшарын жел, қонарын сай білген шұбырынды көшке айналды. Жүздеген мәдениет, әкімшілік орындары жабылып, санмындаған адам жұмыссыздыққа ұшыратылды. Ел ішін жалған ақпарат, жасанды жасампаздық жайлады. Сондай нәубеттің азабы мен тозағын тартқандардың ішінде өзіндік ерек табиғаты бар, біртұтас қалыптасқан Шаян ауданы жұртының көрген күні тым ауыр болды. Ауданның теріскей жағы Қаратау асуын асып, бір қиырдағы Созаққа қараса, шығыс тарабы арып-ашып қисынсыз шеттегі Сайрам жағына сандалды. Батыс жағы ит арқасы алыстағы Түркістанға, күнгейі сонау бір қиырдағы – Арыс тарабына шұбырды. Төрт жылға ұласқан осы аласапыранды жай Хрущевтің тақтан тайдырылуымен ғана қайта жөнге келтірілді. Сол ретте облыс басшылығының жолдамасымен бұрынғы бірінші хатшы Ысмайылов бастаған “оргбюро” Алматыда аудан тұтастығын қайта қалпына келтіріп, жақсы жаңалықпен оралды. Ауданның бұрынғы – Шаян атын ұнатпаған Қонаев, – осындай ретті кезде одан құтылыңдар, жаңартып алыңдар, – дегенде табан асты табылғаны – Алғабас болыпты. Солай тіркеліпті. Осы ұранды атымен ғарыштап алға бассақ кәнеки.

Облыс басшысы С.А.Терешенконың қабылдауында сыпайы басталған ақын, жазушылардың кеңесі сыпайы аяқталды. Бәз-баяғы партия мен әдебиет бірлігі елге айтар жақсы сөз, мазмұнды, жақсы шығарма...

Әңгіме нүктесі қойылып, жұрт сыртқа беттегенде Сергей ишара етіп, қала тұруымды өтінді. Осы оңашаны пайдаланып, мен оған арнайы әкелген сыйым – “Мелодии ночи” (қазақшасы “Түндер сазы”) атты кітабымды бірер сөз қолтаңба жазып ұсындым. Сыйлағанды кім шеккі көрсін, шомбал шоқыдай Сергейдің нарттай жүзі нұрланып, қызара түсті.

– Ал, өз халіңіз қалай, Ер-еке, – деді ол, таза қазақшалап, менің бой-басыма байышпен барлай қарап.

– Осы жүргеніме Құдайға шүкір, Сергей, саулығым әзірше жаман емес.

– Жақсы болсын, Ер-еке, Сіз редакторсыз, көп жағдай сізге таныс, аудан жайы қалай?

– О, Сергей-жан, өздерің білесіндер, ауданымыз соңғы жылдары өрлеп тұр. Қой саны миллионға таяған, Республикадағы алдыңғы қатардағы алтының бірі. Тек биылдың өзінде...

Ол мені сұқ саусағын көтеріп ишарамен тоқтатты.

– Да, ол солай, Ер-еке. Бірақ ауданда қой санының көптігі еш нәрсені шешпейді. Содан да аудандарың бүгінде социалды дамудан мешеулеп, артта қалған 32-нің де біріншісі болып, ең алдында тұр. Вот, смотрите, – деп ол Ұ.Қараманов бекіткен ұзын тізімді алдыма жылжытты, жасыратыны жоқ, бұл аудандар келешекте көрші аудандарға қосылуға тиіс.

– Е-е-е, солай де, Сергей. Мал байлығына мәз болып жүргенде, алдағы көрер күніміз солай болса, жетіскен екенбіз.


Бұл сәт менің көз алдымнан алпысыншы жылдардың сұрқай бейнесі көлендеп өтіп жатты.

Осы сәт менің ішкі халімді танып, біліп отырған Сергей, енді бұл тығырықтан шығудың жол-жобасын өзі көрсеткісі келгендей бір сәт менің әбіржулі бет-жүзіме мейірлене қарап отырды да:

– Скажи, Ер-еке, кого из себя представляет Ваш славный предок Байдибек. Я с удовольствием читал Ваш интересный рассказ о нем.

– О, Сергей Александрович, Сіз білетін Бәйдібек бір менің меншікті атам емес, қазақтың бір баласымын, – деп жүрген сенің де атаң. Барлық қазақтың, сонымен қатар ілгері жау-жорықты заманда ел бастаған, қол бастаған Қарасай, Наурызбай, Өтеген, Райымбек, кешегі өткен Тұрар Рысқұлов, Момышұлы, Қонаев сынды тарихи азаматтардың да атасы. Тек ол біздің ел, біздің жерімізде жатыр. Солай болғасын да, Әмір Темір, Әуезов, Шыңғысхан қатарында ол менің ең сүйікті әдеби қаһарманым болып отыр бүгінгі.

– Ал, ендеше, – деді Сергей өр тұлғасы биіктей түсіп, мұндай Ұлы адамның есімін елеусіз қалдыруға болмайды. Сіз бұл Ұлы адамның есімін ардақтауға қызмет етіңіз. Ол сіздерге, ауданыңызға, барша елге қызмет ететін болады. Бұл қазақ жерінің шартарабында андыздаған мың сан азамат ұлдарының бірі емес, “Қазақтың жері – бесігім менің” атты қазақ тілінде сүйкімді кітабын жазып, қазақтың бір баласы



санатында жүрген орыс баласының сөзі. Қалай десе де оның бізге, ата тарихымызға деген сондайлық ыстық ықыласы танданарлық та, сүйсінерлік жай еді.

“Сақтанғанды сақтайды”, “Қарманған қарап қалмас” деген сөздерді қазақ тегін айтпаған әсте. Мына жағдайда ауданның тұтастығын сақтап қалудың амалы тарихи тұлғалы адамның қасиетті есімін ұлықтау болғанда оны мына заманның ағымына сәйкес рәсімдеу ең жоғарғы билік орындарының құзырына ұсынуға дейінгі қат-қабат іс-шаралары бас айналдырып, жүйке талдыратын телегей жұмыс екенін бастан кешкенде көрдік. Оны көзге елестету үшін бұдан мың жыл бұрын дәуірлі өмір жасап өткен ұлы адамның тарихи тұлғасын айқындайтын ғұмырнамалық кітабын жарыққа шығарудың сыртында ауданның барлық ауыл-аймағында оның есімін қастерлеуді бүкілхалықтық талқылаудан өткізудің, бұған қосымша облыстың дариядан бергі тоғыз ауданына өкілдер жіберіп есімі елге әйгілі ардақты ел азаматтары қатарынан 300 адамның қолдау хаттарын ұйымдастырудың, хаттама, құжаттар қорытындысын ауданда, облыста, республикада ономастика комиссиялары сарабынан өткізудің, ендігі кезекте мәселені халық депутаттары аудандық, облыстық Кеңестері – сессияларының күн тәртібіне ұсынып, қуаттап бекітуге қол жеткізудің, оның арғы жағында Республика Парламентінің қоспалатасы тиісті комитеттерінде қаратып, бекітудің, Әділет министрлігі мен Министрлер Кабинетінің келісімінен өтудің ұшы-қиырсыз тауқыметі қалың міндеттері тұрды алдымызда.

Әділ сөздің айтылғаны жөн: ауданда тәуелсіздік таңымен бірге дүниеге келген “Бәйдібек-Сыланды” қайырымдылық қоры аясында қоғамдық негізде басталған осы ізгі ниетті іс-шаралардың оң шешімге жетуіне ауданымызда қазақтың бір қайраткер қызы Асанғазиева Оразкүлдің қатарында Мәліков Амангелді, Бейсебаев Серік, Қожабеков Базарбек, Шөкеев Естай, Кенжебаев Садық және облыс мекеме ұйымдарынан жан-жақты қолғабыс еткен Мәуленқұлов Жәнісбек, Жансейітов Әбдіраш, Әбубәкіров Пернебай, Тұрсынқұлов Ісмәт, Жолдасов Сәбит сынды ел азаматтары аяғынан тік тұрып қызмет етті.

Бұл текті рухани іс-шара облыстың әкімі Тұрысбеков Зауытбектің тарапынан әрдайым қолдау тауып отырды.

Қазақтың ел-жұрты қай заманда да ақылман арлы азаматқа кенде болмаған. Алыстағы ауданда іргелі ел болып көтерген мәселенің жоғарғы өкімет орны – Парламент комитеттерінде қолдау тауып, түбегейлі әділ шешілуіне байтақ қазақ елінің шартарабынан шыққан қайраткер абзал азаматтары: Оспанов Марат, Кекілбайұлы Әбіш, Тұрысов Қаратай, Шерхан Мұртаза, Байгелді Өмірбек, Жолдасбеков Өмірбек, Әбіқаев Нұртай сынды азаматтардың қайраткерлікпен ізгі қызмет атқарғанын ризалы ұрпақтар ұмыта алмайды.

Жол! Ел мен ел, алыс-жақынды жалғап Есімхан мен Қасымханның заманын көрген қасиетті қасқа жол қай заман, қай кезеңде де өзгермей, өшпей баяғы бір орнында. Бұл жолмен ел басына күн туған сонау алыста қалған қилы-қиын заманда самсыған қолын бастап, өзінің кіндік қаны тамған Балабөгендегі қасиетті Әулие ана мен бабалары

зиратына құран бағыштап әйгілі Ордабасыға жол тартқан сапарында қазақтың ұлы қаһарманы Бөгенбай батыр өткен екен деседі.

Міне, бүгін сол қашанғы қасқа жолдың тағы бір тарихи күні. Арада аз-кемі жоқ 267 жыл өткенде сондай көрікті көктемнің кенері толып, шалқыған шағында өзге емес, бүгінгі қазақтың біртума азамат ұлы – азат қазақ елінің ілік алды Президенті Назарбаев Нұрсұлтан ұлы бабалары рухына, сонау өткен сын кезеңде ел бірлігі мен азаттықтың арайлы таңы болған Ордабасыға бет алған алғашқы ізгі сапарымен келе жатыпты.

Таңның атысымен үйдегі телефон зырыл қақты. Ауданның әкімі қағылез Елубайдың асығыс дауысы: Шымкенттен үлкендер хабарласты.

– Ер-аға, Елбасы бізге келе жатыр. Дәл 11-де Әулие ана (Домалақ ене) алдында қарсы алатын болдық. Елбасыға өткендегі ел тарихын Сіз айтуға тиісті болып отырсыз. Дайын болыңыз. Кідірмей аттанамыз.

– О, Ел-еке, біз білетін Нұрекең ақпейіл-ашық әңгіменің адамы. Өзі сөйлетер. Ашық сөзге қашанда дайынмын.

Анығы да солай болды. Сол күнгі жүректі шуаққа бөлейтін аса ізгілікті жол сапарының да әсері болар, бейне бір өзімізбен араласа өскен осы ауылдың бір баласындай жарқырай сәлемдесіп, айнала мөлдіреген таза табиғатқа, шығыста көкжиекті көмкерген көгілдір Боралдай – Үлкен Тұраның зау биігіне көз жіберіп тұрды да ол жалт бұрылып:

– Ал, қәне, айта беріңіз аға, жарықтық Әулие анамыз қай заманның, қандай қасиеттің адамы, – деп, көне дүниенің көзіндей ескіден қалған, қаншама өзгерісті көрген ежелгі орнындағы Нұрила (Домалақ ене) ананың кедейдің күркесіндей шағын күмбезінің тас қабырғасын оң босағасынан бірер сипап, оны сырт жағынан бір айналып шықты.

Әрине, қаншама замандардан өтіп бізге жеткен ел сөзі ағымында біршама әңгімені ағытуға болар еді. Оның бәріне әр минуты есептеулі Елбасының уақыты қайда. Десек те Бәйдібектей ұлы адамға жансерік болған кереметтей Әулие ананың данагөй қасиеті жайындағы көп аңыздың бірін ықшам баяндап, “бәрі жөн, ата жолы бәрінен үлкен ғой”, – деп едім.

– Жарайды, ағасы. Бүгінгі уақыт тар. Ертең алдымызда Ордабасы. Келесі әңгімені құдай қаласа арнайы барып атамекенінде айтамыз. Оған шейін мына жарықтық анамыз бен атамыздың ескірген ғимараттарын ретке келтірейік. Елміз ғой, бастаңыздар. Қолдау болады, – деді, біздің шарқымыз жетпей жатқан алдағы көп-көп жай-жағдайымызды көріп, біліп тұрғандай. Бұл есте қалған, есте ұмытылмайтын 93-тің 27-ші мамыры, ізгіліктің кеші жоқ, таудағы ұлы бабамыздың мәңгілік мекеніндегі тарихи кездесу күнді үш жыл күтуге тиісті екенбіз.

Міне, енді сол айтулы күн де туған екен. Қарсанда жеткен хабарда Ұлы Әмір Темірдің Ташкент пен Самарқандта өтетін 660 жылдық торқалы тойына барған сапар жолында Елбасы атбасын арнайы Қаратау төріндегі ұлы бабамыз Бәйдібекке бұрады екен. Атамекені мен Балабөген саялы жайында кездесудің дайындық рәсімдері жасалған. Салқын самалды қазанның қара кешінде аудан әкімі Мәліков Амангелдіні жолбасы етіп тауға келе жатырмыз. Бұл “нарық” атты бейтаныс кереметтің құзырына берілген жұрттың айналамен барша алыс-берісі үзілген,

каламен бірге барлық ауыл-аймақтарда электр шамы сөніп, түн баласын түнекте өткізіп жатқан күндер еді.

Тау ішінің шымқай тұнық түнгі аспанында жауһардан шашу шашып самсаған көк жұлдызы бүгінгі кеште әр бұтаның басында жарқыраған жер жұлдызына қосылып ұлы баба мекенін тұтастай нұрлы шұғылаға бөлепті. Бұл күткен елдің Елбасы ұлына әзірлеген құрметі алдағы жарық-жайсаң дүниенің өшпейтін бір белгісіндей көңіл-күйімізді биіктете түсті.

Үлкен сәске шағында көкте қалқыған Елбасының ұшағы ауыл сырты – Адамтас биігінің майсаң жазығына қонды. Нұрсұлтан әр кездегідей ашық-жарқын, көңілді. Алматы мен Шымкенттен бірге келген бір топ сапарлас серіктерін “мына достарды білетін бе едіңіздер” деп қашаннан көзкөрген ағайын-достарды күле таныстырып өтті. Қазақтың байтақ жері мен жалпақ елін өз үйі, өзінің туып-өскен алтын бесік атамекеніндей бауырға тартып өскен ел перзенті келісті-келбеті биіктен алақан аясындай көрінетін ойдағы көк-жасыл ауыл-аймағы мен шығыста Ақшоқы биігінен сонау қиырдағы ақбасты Алатауға дейінгі мұнар құшқан Қаратаудың келбетіне сүйсіне қарап:

– Жарықтық атамыз жайлаған жер қандай келісті еді, – деп, көлігіне жайғасып Ылдида Бәйдібектің құрылысы жүріп жатқан жаңа ғимараты алдында күткен ел ортасына тартты. Осында ол жаз ортасында басталып, құрылысы қарқынды жүріп жатқан атаның жаңа мазар-ғимаратына тағзым етіп, құран оқытты. Сан ғасырлар ағысында соқпақ жолы өшпеген қасиетті мекенді асықпай шолып шықты.


Енді ол “Бесана” зәулім күмбезі баспалдағы алдында өзін күткен қалың жұрттың алдына келді.

– Ал, кәне амансындар ма, бауырлар, хал-жағдайларың жақсы ма?

– О, жақсы, бәрі де жақсы, айналайын!

– Е-е, жақсы болсын. Мынадай ағын сулы, керемет көрікті, қасиетті мекенжайда нашар тұруға болмайды. Бәрін-бәрін өз еріктеріңе бердік. Еш нәрсеге шек қойылып жатқан жоқ. Мал өсіріп, егінді молайтып, дәулетті арттырындар. Алдағы жақсы өмірді өз қолдарыңмен жасандар! Міне, бүгін осы жақсы кездесуге, сіздерге арнап алып келген тарту-сыйлығым: тілектеріңізге сай ауданға берілген ұлы бабамыз Бәйдібектің есімі. Жаңа ғана осында, алдарыңызда Жарлығыма қол қойдым. Осы сәттен аудан енді – Бәйдібек ауданы, құтты болсын! Баршамызды Ұлы бабамыздың қасиетті рухы қолдасын!

– Берекелді! О, рахмет, өзіңе Алланың нұры жаусын! Атамыздың қасиетті әруағы қолдап жүрсін өзінді! – думандата көтерілген биік дауыстар, дүрілдете соғылған қолдар мөлдір-тұнық ауаны кернеп тұрды.





ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛДАРЫ

(Еңбек Ері Көштен Бөрғазыұлының 80 жасқа толуына)

Сонау өткен елуінші жылдары екі жыл облысымызды басқарған бұған дейінгі Республика басшысы Шаяхметов Жұмабай ағамыз Мәскеу Кремлінде Ұлы кеңестің ұлттар палатасын басқарған, өзі кеңестік дәуірдің ең ғарышты кезеңінде әлемге әйгілі ұлы Сталинге жаны жақын қазағымен қаны бірге, еркін сөз бен батыл істің адамы еді. Бізге келгесін (өзі бір кездегі «ГПУ», «НКВД» дейтін темір тәртіп саласының адамы) істі заң мекеме орындарында қатаң тәртіпті қолға алудан бастаған-ды.

Облыста заңгерлермен өткен үлкен жиында облыстық үлкен мекемедегі жетпіс бес әписер арасында небәрі жеті қазақтың бар екенін естіген Жұмекең сол басқарманың бастығы Сытдықовты (татар азаматы еді) орнынан тұрғызып:

– Бұл қалай, жолдас полковник, Қазақстандағы қазақтар көп орналасқан облыста қазақ кадрларын қатарға тарту неге бұлай мешеулеп артта қалған?

– Кешіріңіз, Жұмеке. Білместік кеткен. Жағдайды түзетеміз, – деп ақталып жатты бастығымыз.


Енді сол «жағдайды түзетудің» шарасы ретінде айрықша тапсырмамен үлесіме тиген үш ауданның бірі Созаққа жүргелі жатырмын.

Жұмекең бастап, үлкен бастығымыз қостап желі оңынан тұрған істі құлшына қолға алуға кіріскен жақында Алматыдан келген кадр бөлімінің бастығы – кешегі соғыс майдангері – жігерлі жас капитан Түсіпбеков Төлеутай (қазіргі Әділет министрі Рашид Түсіпбековтің әкесі) мені оңаша жұмыс бөлмесіне шақырып:

– Ел ішінде, аудандарда, аппаратта істеп жүрген іскер, сауатты жігіттер жоқ емес қой. Өздерімен жете сөйлесіп ең жарамдысын тандарсың, – деген.

Сонымен алдымда жол сапары. Ол кезде бүгінгідей Қаратаудан асып қасқайып жатқан асфальттанған жол қайда. Жер сабырлы, ерте көктемнің мезгілі. Қиналмай ерте жеткізер жайлы көлік – қала мен аудан арасына пошта таситын «ПО-2» дейтін екі орынды ғана жеңіл самолет үстіндемін. Ішінде емес, «үстінде» дегенім, оның төбесі ашық. Мандай алдымда шағын шыны желқағар қалқан. Сол арқылы қол созымдағы ұшқыштың жонарқа, желкелігін айқын көріп келемін. Ұшқышым өзім қатарлы жиырманың ішіндегі екі көзі тұздай шикіл сары орыс жігіті, қапсырмалы көз әйнегін қара қайыс шлемінің маңдайына ысырып оң қолының басбармағын жоғары көтеріп бұрыла қарап, ыржия күліп қояды. Онысы, жақсы келе жатырмыз дегені ғой сірә.

Қала мен Шолаққорғанның арасы ол кездегі даланың шаңды жолымен жолаушының



аттай алты сағатын алады екен. Оны мына Пейтканың көк аспанда шайқала түсіп қасқая қалықтаған көк-жасыл «сұңқар құсы» біржарым сағатта өтпек. Тоқсан минут! Аспанның алмағайып жолында аз уақыт емес. Мұнша уақытта құстан да ұшқыр адамның ой-қиялына нелер келіп, не кетпейді. Жол ортасы ауып Қаратаудың арқасына өрлеген шақта қайқая самғап келе жатқан Пейтканың көк кемесі бейне оқалақ тиген ала танадай ойқастап мөңкіп, ойнақтады-ай келіп!

Сол сәтте бұдан көп жыл бұрын бала кезімізде естіген мына бір жай көз алдымнан елестеп өтті. Ескірмей, есте қалған отыз сегізінші жылдың қалың қыс ортасы еді. Сауатымыз ашылып үшіншіде оқып жүргеміз. Жоғарыдан келетін газеттердің сыртқы беті қаралы хабарға толы. Терістік мұзды мұхитты көктей ұшып Америкаға қонбай жеткен қаһарман ұшқыш Чкалов жаңа самолетті сынау үстінде опат боқты. Осы қаралы күнді аза тұтқандай мына кең дүниені сұр тұман тұмшап, қаңтардың ақтүтек қарлы бораны әлденеше күндер ұлардай ұлып тұрды. Сол күндердің бірінде түске таманғы үлкен үзілістен кейін кезекті сабағына кірген мұғалім ағайымыз Жиенбаев бәрімізді биіктен барлай қарап біршама үнсіз тұрды да: Жаңа ауданнан хабар жетті. Теріскей жақтан келе жатқан өкімет самолеті кешегі түнгі тұманда Созақ жағында адасып осы Қаратау үстінде жоғалыпты. Қайда құлап опат болғаны, не аман қалғаны белгісіз. Ел адамдарын атқа қондырып іздеуге кірісіп жатыр. Осыдан сендер де хабарлар болындар. Кешегі түні самолет даусын естіген, көрген-білгендер болса, жоғарыға хабарлауға тиіспіз...

Солай, бір кездері балауса көңілге құйын ойнатқан Созақ жеріне аумай-талмай аман-сау келіп қондық. Сапарым да сәтті болды. Аудандық бөлімде ақыл айтқан мекеме бастығы Сүлейменов Әлі ағамен кеңесе келісіп қалаға шақырылған жуадай жас жігіт Туғанбеков Байділда сенімді ақтады. Сол тұста өзімен бір мезгілде облыстық басқармаға Арыстан келген Байдәулетов Оспан, шәуілдірлік Мұсабеков Орынбасар, түркістандық Нұрымбетов Мүсілім, Шаяннан келген Құттыбаев Әбдәлім сияқты ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарып полковник дәрежесінде зейнетке шыққаны әлі есімде.

Жұрт сырттай суық-сұсынан үрке қарайтын сол қызыл жағалылар ортасында обалы не керек, өмір көрген ізгі жүректі салауатты азамат ағалар баршылық еді. Солардың бірі менің тікелей бастығым – басқарманың саяси саласын (политчасть) басқаратын өзі соғыс жылдары әйгілі 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясы құрамында қаһарман ағамыз Б.Момышұлы басқарған Талғар полкының алғашқы комиссары болған подполковник Ұлтанбаев Рәпілбек аға менің кей кездері газеттерде тәрбие, мораль тақырыбына шығып тұратын көркем әңгіме, мақалаларымды ерінбей шолып: Әй, қарағым, сен бізге адасып келген адамсың. Сенің орның мына жамбасына қару байлап түн күзеткендер ішінде емес, анау қызыл түнікелі көк үйде ғой деп, терезесі арқылы қарсы беткейден көрінетін облыстық газет жағын нұсқап отырар еді.

Рәпілбек ағамның осы сөзін құдай естіп қойғандай ойда жоқта менің алдағы барша өмір жолымды жаңа арнаға салған төтен бір жайды бастан кештік. Шұғыл тапсырмамен жадағай-ашық автокөлікпен шыққан іссапардың кезінде Қаратаудың Байжансай кенішіне бет алған дала жолында қараңғы түні қарашаның алғашқы қарлы боранына тап болған өрімдей төрт эписер жігіт құдай сақтап ажал аузынан аман қалған едік. Арпалыста өткен сол түннің азабы тегін кетпеді. Сүйектен өткен суықтан мұрттай ұшып ауырып, мұның соңы тұтас бір жыл емделуден кейін өзіме жан туыстығы жақын газетшілер мен әдебиетшілер ортасынан бірақ шығарды.

Мұндайды қазақ: «еруліге қарулы, іздегенге сұраған» дейтін еді. Шынын айтқанда жабағының жасында мойынға бұғалық, басқа нөқта боп киілген алтын пагондылар ортасында өткен сегіз жылдан соң мынадай бейпіл дүние маған өмір-тағдырдың өзі сыйлаған жалғанның жарық-жанның сияқтанды.

Қаламдастар қауымында алғаш қарсы алып газетші өмірінің жол-жобасын көрсеткен Байтұрсынов Мәди, одан кейінгі сыршыл – сырбаз Омаров Әділбай аға, Сағындықов Құрманбек пен Тілеукеев Әсет ағалардың тұсында «Оңтүстік Қазақстан» аясында өткен он бес жыл жастық пен азаматтықтың ең бір қиянға қанат қағар ғарышты шағы барша өмірде көз алдымда. Ұшаң-теңіз ұлы дала, биік тауларға ұласып жатқан тұл табиғат кереметтерімен сырласу, сан қилы тағдырлармен кездесіп ой орманына саяхат шегудің өзі өзгеше бір өмірдің шешілмеген жұмбағы, ашылмаған аралы сияқтанып тұрар еді.

Сондай жол сапармен Қаратау асып шығармашылық іссапармен Созақтың қасиетті елі мен жеріне бара жүргенде мың жылдардың тарихын өз қолдарымен жасаған ұлы бабаларымыздан мұраға қалған ел мен жер ұлылығының өшпес бейнесін өз көзімізбен көрдік.

Бергі шеті қасиетті Қаратау, одан әрі шаруагер елдің сан ғасырлар арымаған қыс өрісі Мойынқұм мен Шу өңірі, одан әрі сонау бір шеті Арқаның Ұлытауына ұласып жатқан ұланғайыр Бетпақтың ұлы даласы тұтастай алғанда өткен өміріміз бен бастан кешкен тағдырымыздың шексіз шежіресі, тұнып жатқан тарихы.

Бұл жақты бір заманда Арқаның алып даласын қос дария өлкесіне ұластырып шалқып аққан шулаған Шу мен айдынды Сарысуды өрлеп қасқайған қара жолмен жер қайыстырған қолын бастап әлемнің әйдік тұлғалары Шыңғысхан мен Темірлан, Керей хан мен Жәнібек, Абылай мен Кенесары, Наурызбай, Рабия Сұлтан бегім мен Ақбикеш ару, Бопай ханым мен Сұлтан Садықтың кешегі кер заманды кешіп өткен қазақ әдебиетінің қызыл сұңқары Сәкеннің, ұлы Мұхтар аға мен өзіміздің Тәкеннің өшпейтін ізі қалған.

Созақ жағы – Бетпақдала дегенде оны осы «Бетпақ» атынан үркіп көз алдында жер жүзінің жағрапия картасында айтылатын Африка Сахарасы мен Азияның Такла-Макан, Гобии сияқтанған ажал-араны тірі жанды құтқармайтын жансыз-күнсіз шөл медиен құла дүз елестер еді.

Сөйтсек, онымыз бекер-ақ екен: Көре білген, сүйе білген адамға қазақтың Қаратауы мен Сарыарқаның арасында батылдық пен ерлікке толы ел өмірінің ежелгі алтын көпірі сияқтанып көсіле-көлбеп жатқан кәрі Бетпақ шын мәнінде тұл табиғат пен адам бірлігінің мызғымайтын тірегі. Көне замандардан арымаған, тозбаған өмір жолының откеніне қарасақ: бұл Бетпақтың бетімен өз заманында қаздай қалқып, мамырлай басып сән-салтанатымен ырғалып байлар да көшкен, шоқат-шоқат, қараң-құраң үйірлі малын айдап, шал-шауқан, жас балаларын атан түйелер аркасында тербетіп, өз күні, өз тағдырын қанағат тұтар қоңыр шаруалы аз үйлі ауылдар көшкен.

Бұл Бетпақтың бетімен ой мен қырдың елін қан қақсатып жол торып бөрі-қарынын күнін кешкен ұры, қары, қарақшылар да жортқан.

Бетпақтың жолын, адамның жан дүниесін толғандырар қатал да қайырымды, сұсты да сұлу бейнесін Арқаның асқан кербез ардагер ұлы Сәкеннен асып кім айтып, кім суреттеп еді. Арқаны асып, Бетпақты басып ел көшімен Созақ еліне өткен сол Сәкен – жиырма беске жаңа толған жасында тұл даланың қара күзгі тұрпатын өзінің әйгілі «Тар жол тайғақ кешуінде» қалай сипаттапты десеңізші.

... «Әуелі Арқаның шалғыны бірте-бірте селдіреп үзілді. Бірте-бірте қалын бетегелер де таусылды. Селдіреген сұр сояу жусан. Тырбиған сұрғылт көкпек, тырбиған, қураған бұйра баялыш. Бозқараған... Жерінің қыраны тастақ, ойпаны шоқат, сортаң... Бетпақ дала сұп-сұр. Елсіз, жансыз Бетпақ дала...

Қураған құба жондар, ұшы-қиыры жоқ тәрізді таусылмайды. Елсіз, жансыз Бетпақ дала...

Сұп-сұр бұйра баялыш қаптаған ойлы, қырлы қиырсыз сұр бетпақ-бұйра толқынды сұр теңіздің бетіндей...

Сол сұп-сұр бұйра толқынды сұр теңіздей Бетпаққа шығып ырғалып жүріп отырып, енді Бетпақтың ортасына құба шөліне шықтық. Бетпақ далада сыдыра аяндап келеміз. Он шақты түйеге төрт үйдің жүксымақтарын артып тізген. Ауыл бастығының әйелі салт атпен көшті алып келеді. Әйел үсті-басына қабаттап киінген. Кей түйелердің үстінде жаман шекпен күпісіне оранып, шошайып отырған кемпір, бала-шағалар көрінеді. Елсіз ен даланы қақ жарып, изендеп, ырғандап, аяндап, шұбалып, түзіліп жалғыз көш келеді. Ұшы-қиыры жоқ сұр бұйра толқынды теңіз үстінде тізбектеліп, шұбап дүзіп келе жатқан бір топ құс тәрізді. Көштің жанында бір-екі салт атты әйел келеді. Көштің алды-артына шығып, жортып төрт-бес ит келеді. Көшті қабырғалап, бір үйір жылқысын айдап, бір бала мен ауыл бастығы келеді. Жылқышы жедел, ауылдың үркердей қойын айдап, жирен байталды, жыртық шекпен күпілі сары бала келеді. Көштің алдында бес-алты атты кісі Мәдібектер мен біз келеміз...

Кештетіп келіп, соқыр құдыққа жете қонамыз. Лезде баспаналар тізіледі. Біреулер үй іргесінен оп-оңай баялыш шауып әкеледі. Тамызық тигізіп қалса, қу баялыш ду етіп жанады. Қызуы қатты-ақ. Біреулер соқыр құдықтан су әкеледі. Су талғау жоқ. Табылса болғаны. Тез шай қайнайды. Ет те асылады...

Бүкіл қазақта қой етін де, жалпы мал етін де, осы Бетпақтың қара жусан, қызыл изенің жеген қойдың етінен, Бетпақтың шөбін жеген малдың етінен дәмді етті мен ешбір жерде көргенім жоқ!

Енді ет піскенше сөйлесіп, күлісіп отырдық. Жігіт пен қатын майлы буын бұрқыратып, іркілдетіп қоңыр қойды сойып жатыр. Қараймын: қойдың сүбе майының қалыңдығы үш елі. Қойдың терісі мен семіз шелді қыртысының арасындағы сұйық майын түсірілген терісіне іркіп, шұңқыр тостағанға құйып алып жатты».

Бұл Сәкен көрген, Сәкен жазған Ұлы Бетпақтың бейнесі аз үйлі, қоңыр шаруалы көшпенді қазақ ауылының айна-қатесіз суреті. Қоспа бояусыз қаз-қалпында көз алдымызда тұр. Ен даланың еркін-ерке жұрты. Аспанда шырқап ұшқан тырналар көші қандай ерікті-еркін болса, бұлар да солай. Тағдыр тағылымымен жиған-тергені, өсіп-өнгені бір Тәңірінің, қала берді өздерінің қолында. Аянышпен қызыға да, таңдана да қарайсын.

Толқынды заман тоғысында ұлы ақын көрген, келістіре жазған ұлы даланың, ондағы өрелі өмір көшінің өткеніне тарих өлшемінде қамшының сабындай ғана азғана мезгілді алып жатыр. Құдыреттің ісі ме, әлде реті солай ма, араға замана желімен өте шыққан отыз жеті жыл салып сонау елу жетінші жылдың осындай жайсаң жазының басында Сәкен өткен, келістіре жазған көш жолымен біз де келе жатыппыз.

Жолбасшымыз Арқаның жерін, Бетпақтың бетін өз үйі өз шарбағындай танытын осы Созақ елінің Жүсіпов Өмірзақ атты ер кеуделі, сом тұлғалы азаматы. Көп жыл ауыл

шаруасын басқарған, өмір көрген, шындалған мал маманы. Көш болғанда Сәкен жазғандай малын айдап, түйелерін түзіп ырғала тартқан бұрынғының көші емес, бүгінгінің қасқайған қара жолында кең даланы тілгілеп жұлдыздай аққан жүрдек автокөліктердің өзгеше бір керуені: Ішімізде облыс пен ауданның өкілдікпен келе жатқан Созақ ауданы парткомының хатшысы Қожамсүгіров Ахметті ортаға ала келе жатқан Байтұрсынов Мәди, Бекаманов Ізтілеу, Әбуов Сейдахмет және басқа да басшылық пен баспасөздің егей мен сығай адамдары. Ішімізде бұлардан басқа дәрігер Мәркембаев Сәттібай, Қожабаев Ілияс басқа да басшы-қосшы ауыл адамдары бар еді.

Бара жатқан бағытымыз – Сарысу алабы, әйгілі Бесқұлан жолында Арқа мен Бетпақтың шегінде жатқан мол шүйгінді Жетіқоңыр жайлауы. Мұнда Созақ ауданының жүз мыңдай қойы, екі мыңдай жылқысы, келе-келе түйесі жатыр.

Белден-бел асып Қоңыр құмдарының бергі саласы Бесқұдық, Бұлдырық, Шенгелдіге келгенде алдымыздан жұптасып, кейде топтана қонған киіз үйлі ауылдар көрінді. Бұл жайлаудағы малшылар ауылы. Сайлы жігіттері ат үстінде. Қайсы үйіне тоқтасаңыз да жамырай алдыңнан шығып, төріне бастап, қазан көтерісе бастайды. Қашанғы қазақы жұртымыздың қаймағы бұзылмаған бейнесі.

Жайғасып отырғасын аман-саулықтан кейінгі ас-су шай үстіндегі әңгіме көбіне-көп мына шегі-шегіне көз жетпейтін Бетпақ дейтін атының өзі қорқынышты құла дүзден көшіп өтудің жайына ұласады. Олардың сөзіне сынай да, барлай құлақ тосамыз. Кешегі көшпенділердің бүгінгі ұрпағы біздің мына Бетпақтың көш жолына соншалық ерліктің ісіндей ерекше мән беретінімізге тандана, күле қарайды. Күлетіні, бұларға Бетпақпен көшу бәз-баяғы Сәкен ағалар бастап өткендей ұлы даланың ұлдарына той-тамашасында жүргенмен бірдей. Бұрынғының Шудағы қыстаудан Арқаға, не Қаратауға бет түзеп жайлауға көшуі бүгінгіден өзгеше еді ғой – дейді өткеннің шет-жағасын көрген үлкендер жағы. Ол кезде, жайлауға тігер ақ үй, боз үйлерін күн бұрын эзірлеп алғасын жолашар кештерін өткізіп, қыстауда ата мекендегі әруақтарға бағыштап құдайы берісіп, құран оқылғасын наурыз ортасы – сәрсенбінің сәтті күні тырналардың тыраулаған әніне ән қосып үлкендер соңын ала атқа мінген жас-желең, қыз-бозбала тізбегі көштің алдын бастап Теріскейді беттеп жолға шығар еді. Бұлардың соңын алып сән-салтанатпен қозғалған жасау-жабдықты үй, жиһаздары артылған, шал-кемпір, жас балалары мінген түйелі көштер тізбегі қаздай тізіліп ұлы Бетпақтың үстіне шығар еді.

Көктемнің сол бір кезінде кәрі Бетпақтың үстінде осы сән-салтанат ел көшіне тарту жасап қойғандай жазды күнгі айна-тақырлардың үсті қас суымен жарқыраған айдын көлдерге қарық боп жатар еді. Көш керуенін жанай қозғалған айдаудағы қора-қора қойы, үйір-үйір жылқыларын қаптата өргізіп бел буып белсенген ат үстіндегі қойшы-қолан, жылқышылар жайқын қақтың мөлдір-тұнық суымен суаттап, бусана бөртеп бүршік атқан ең даланың қара жусан, боз жусан көкпек отына өрістеп, дарқан дала төсінде қона жылжып, аз күнгі думанды қызығымен өте шығар еді.

Бүгінде ғой, міне, ондай көш көлігі баяғы ата-бабалар заманынан түбегейлі өзгерді. Бұрын түйелі көш керуенін бүгінгінің жер танабын жұтып ағындаған техникалар – машиналар мен тракторлар алмастырды. Арқа жайлауына бұрынғы аталардан қалған көш жолының бүгінгі мұрагер-көшбасшысы мына Өмекендер көрсетіп, сызып берген белгілі бағытпен баяғыдай көктем басы – Наурыздың ортасын ала қалың отарларын өргізіп саяқ ат мініп, жол қосы мен азығын артқан бірер түйесін жетекке алған шопандар қауымы

қозғалады. Бұлар жол ортасынан озған кезде Арқаны жайлайтын малшы ауылдарын, көтере тиеп алған техникалар көші жөңкіледі. Бұрынғылар апталап қона жылжып, он-он бес күнде өтетін ұзақ жол арындаған машиналарға шақ келер ме еді. Бес-алты сағатта жетіп жайғасып алған елдің мына берекелі жазда толыса-толған шағы. Тек қана күнделікті алысқа көз тігіп күтетіні ел хабары, жақсы хабармен сағындыра келетін ел адамдары, тума-туыстары. Солай болғасын да ізгі сапармен мына бір қауым ел, кісілермен қауышу бұларға өзінше бір мереке.

Әңгімеге арқау болған Созақ елінің сонау алыстағы елуінші, алпысыншы жылдарғы өмір өрісінің ұмытылмай есте қалған бейнесі қашанда көз алдымызда. Ол кез фашизмді қанға тоғытып күл-талқанын шығарған кеңестік дәуірдің өркені өрлеп, сол қатарда «Ұлы кеңестер елінің шығыстағы мал шаруашылық базасы» атанған Қазақстан шаруасының толып шалқыған, данқы дабырайып дүркіреп тұрған кезі.

Қазақ елі – Қазақстан десе, мал есебін елу миллионмен қайырып жер жүзіндегі ең қуатты мемлекетті, оның ұшан теңіз елін ең байлыққа кенелтіп, өндірісті қалалары мен айбынды Армияның қажеті үшін астық пен мал өнімдерінен тау тұрғызып жатқан ұлан-байтақ дала ұлдарының өр тұлғасы көз алдында тұрады. Солардың бірі мына жол сапарымызды бастап жүрген сөзге сараң, жаны жомарт сом тұлғалы Өмірзақ ағаның өткен жаздағы ересен ерлігінің өзі – өзінше бір дастан.

Мемлекеттік ғылыми сараптау орталығының қорытынды ұсынысын қолдаған басқару орындары Созақ ауданы бірыңғай қаракөл қойын өсіру бағытына көшкендіктен мұндағы жүз мыңдай қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойын түгелдей айдап апарып сонау бір қиырдағы Қостанай облысына өткізу міндеті қойылған ғой. Сонда Созақтан аралықтағы екі мың шақырымды алып жатқан Бетпақтың шөлін басып, ұлан-байтақ Арқаның даласы мен тауларын асып алты айшылық жол кешіп бас-аяғы күншілік жолға шұбай созылған қисапсыз малды көш керуенімен бастап баруға тәуекел еткен неткен көзсіз батырлық десеңізші. Аудан басшылығында отырғандар:

– Уа, Өмеке, осындай бір міндет тұр алдымызда, атқарып беруге қалайсыз? – дегенде, тіптен бір ауыл арасының күнделікті шаруасындай ойланып қиналмастан:

– Е, жарайды, қарақтарым! Барайын, барайын, арқаға артар міндеттің сендерден несін аяйын! – деген ғой. Сөйткен Өмекең сондайлық қыруар ел аманатын түз-түгел жетер жеріне жеткізіп, көктемде кеткен жолынан есен-сау қара күз соңы қарашада оралған екен.

Ия, Ұлы дала табиғаты, оның ұлылығына сәйкес ер азамат ұлдарына аманат еткен тарихи тәлімі, артар жүгі солай болғанда, оның ұрпақтан-ұрпаққа ұласып жатқан сыры мен жыры да сарқылмақ емес.

1965 жылдың бүгінгідей жайсаң көктем еді. Жер бетін гүл-шешегіне ораған сәулетті сәуірдің орта тұсы. Жеңімпаз данқы әлемде дүркіреген ұлы кеңестер елі Май мейрамы мен Ұлы Жеңістің жиырма жылдық салтанатына дайындалып жатқан кез. Газеттің теріскей аудандар тобындағы «өз тілшісі» міндетінде жүрген жерде асығыс бас редакторға шақырылдым.

Кейінгі жастарды «қарағым, қалқам» деп ішке тарта сөйлейтін жан жүрегі жақсылық үшін жаралған көргені көп көсемсөзді Әділбай аға әркездегідей ойлы жүзбен бой-

басымды бір шолып: – Қарағым, Созақ десе, тау мен дала десе басқа дүниені ұмытып, құстай түлейтініңді білемін. Сол елде, айта беретін Созақтың жерінде, Қайнар дейтін мекенде кешегі Ұлы Отан соғысының жылдарында екі майданға бірдей ересен еңбегімен орасан үлес қосқан адам – даланың қарапайым қазағы Бөрғазы дейтін атаңның бар екенінен хабарың бар ма еді? – деп мөлдір айналы көзәйнегі үстінен маған барлай қарады.

– Хабарым бар, аға. Еңбек ері, аса қадірлі кісі екенін сырттай білем.

– Ой пәлі, неге сырттай? Қаламы ұшталған мақтаулы тілшінің ел ішіндегі тау тұлғалы азамат кісі жайынан сырт қалғаны қалай?

– Кешіріңіз аға, сол кісіні көрсем, білсем деп өзім де көптен ойланып жүр едім.

– Ал, ендеше, қарағым, Бөрғазы атай жайындағы очеркің мына мерекелік номер жоспарында. Тым көсілтуге газет беті көтермес. Ықшамдап, мән-мазмұнды етіп жазғайсың...

Сәті келгенде бастықпен араздағы осы әңгіме кезінде теріскей елінің жұрт білетін шаруагер басшы азаматының бірі Созақтың Тоқпанбетов Созақбайы бөлім редакторы Баятанов та аудан шаруасы жайында ұзақ әңгіме шертіп жатқан еді. Сол Созақбай бас редактор алдынан іліп әкеткен бойда кең дүниенің қиян шетінде өзінше бір ұжмақ аралы сияктанған көкорайлы келбеті көз тартатын Қайнар ауылынан бір-ақ шығарды. Ол кісіні бұл жақта білмейтін жан иесі жоқ. Құла дүзде құлдырай жортқан жеңіл автокөлігінің басын ауыл орта тұсы жасыл желекті ауланың алдына тіреген Тельман атты жас шофер: “ал, көке, келдік міне, Бөрғазы атамның мекенжайы осы”, – деді.

Бөрғазы көкеміздің ол кезде жасы жетпісті өрлеп қалса да, қилы заманның қия жолында шым болаттай шындалған кезі. Қайрат-жігері қайтпаған сом тұлғалы, жылы жүзді кісі баяғы ескі үлгіде күншығысқа қаратып салған еңсесі биік қазақы қоржын тамның алдына шығып бейне бір алыс жолдан сағындырып оралған өз перзентін күтіп тұрғандай құшағын жая қарсы алды.

Төрге жайғастық. Есен-саулық сұрастық. Сұраса отырып: жаннан бұрын мал амандығын сұрайтын бүгінгінің белсенділерін көріп жүрміз ғой, көке. Мен ондайлардан емеспін. Өз жайыңыз қалай, шаршамай-шалдықпай жүрсіз бе? – дедім.

Менің көкемізді жақсы сөйлетсем, – деген көкейімді көріп қойғандай Бөкең көке сыншыл, мейірбанды қос жанары кішірейе жымыып, ірі тұлғасы селкілдеп, еңкілдей бір күліп алды да:

– Е, пәлі, айтқаның жөн-ау. Бірақ біздің жазған қазақтың жаны малында екені рас еді ғой, қарағым.

– Мал жанға бітеді. Басы аманның малы түгел, – дейтін де сөз бар емес пе қазақта.

– Оның жөн. Сол бас амандығының, ел амандығының өзі де қазақтың төрт түлігінің арқасы ғой, қарағым. Сол малдың көзіне бітпей, өзіне біткені, еліне біткені ғой қазақтың сұрайтыны. Естулерің бар шығар мына сырттағы Арқаның арғындары ішінде атакты Есенейге елу қос, Отыншыға отыз қос, ағасұлтан Алшынбайға алты мың, оның құдасы Құнанбайға екі мың жылқы бітті дейтін ел ішінде аңыз бар. Жылқысы көзіне емес, өзіне, еліне біткен сол ілгері өткен санасы биік, ойы терең байлардың өзі кеткенмен соңында ел сақтаған сөзі мен өшпейтін ізі қалған ғой. Ал, көзге біткен малы өзіне де, еліне де опа қылмаған қаншама «қарынбайлар» да өтіп кеткен ғой мына жарық жалғаннан.

Алла адалынан бұйыртқаны шығар, сол Отыншының отыз қосындай болмаса да мың қаралы жылқы бізге де бітті. Біз деп отырғаным біздің Үсті бұлағы, «Қайнардағы» колхоз

ауылымыз ғой баяғы. Он төртке жасы жаңа толған қаршадай ұлым Көштенді қасыма алып ауылдың бас-аяғы елу шақты қылқұйрығын құрастырып жылқы фермасын жаңа құрғанда соғыстың өрті бұрк етті ғой. Ер азамат түгел майданға аттанды.

Солардың алдыңғы легінде ұясынан жаңадан талпынып ұшқан қос ұланым Көшімханым мен Досымханым да он сегіз – жиырмаға жаңа толған жасында аттанып кете барды ғой.

Ерлер қан кешуде жүргенде елде қалған кәрілер мен жас келін, қанаты бекімеген жас балалар болып, қысы-жазы жанталасқан еңбектің қалың ортасында жүрдік. Жылқы дейгін жануар адамзатымен мінездес те тағдырлас киелі түлік. Қарасаң өседі, қарамасаң кетеді. Жаз жайлауымыз Қаратау мен Сарыарқа, қыстауымыз шүйгінді Шу мен Мойынқұм жерұйығын таңдап, талғап көшіп көз қарашығындай қорып, қылшығына қылау шалдырмай бағудың арқасында ғой аз жылда кең өріс, жасыл жайлауымыз шұрқырай өрген сәйгүліктер үйіріне толғаны. Соғыс жылдары қаншама асыл арғымақтарды таңдап майдан жолына жөнелттік.

Солай, Ұлы жеңістің күні де туды. Көл болған көз жасымызға жуылған өмір шіркін қайтадан өркенді өрісіне бет түзеді. Өріс малға толды. Еңбегіміз ескерілді. Қазақстанның ең биік өкіметі басшылары жағамызға жарқыратып алтын жұлдыздарын тақты. Соның баршасы қарағым, айта беретін қиын күндерде маңдайға біткен, маңдай тердің арқасында келген малдың арқасы дейміз-ау! Соның бәрі айтып келгенде құлдырап өскен құлын жасында мына жарық дүниенің бір күндік қызығын да көре алмай көзден ұшқан қос ұланым – Көшімханым мен Досымханымның тырнағына тұра ма?! Әй, шіркін жалған дүние-ай! деп, таудай боп биік отырған нар кеуделі Бөрғазы көке еңсесі төмендеп, бүгіліп кеткендей болды.

Әр адамның жан сарайы ашылмаған арал, жұмбағы терең құбылыс. Мұндай сәтте мына дүбірлі дүниенің бәрін көрген, содырлы-соқпақты жолын өткен адамға қандай ақыл айтарсың! Күні кешегі ғаламды теңселтіп өткен ұлы заманның тарихын өз қолымен жасаған ұлы азаматтардың бірі қаһарман аға Бауыржан: «Жалғызынан айырылғанның жарасы алтауынан айырылғаннан кем емес» – деп отырар еді. Ресейдің Смоленск облысының орманды өлкесіндегі шеткері бір селосында биік тұғырға орнатылған, кеудесін биік ұстап қос қолын көкке созған қарт ананың ескерткіші тұр. Бұл сегіз ұлын бірдей ұлы майдан жолына өз қолымен аттандырып бірде-бірін қайта көре алмаған ер-ана Смирноваға орнатылған Отан-ана ескерткіші. – Адам ұлылығының белгісі.

Осындай заман қасіретін көтерген қазақ елінің ауыр тарихын өзінің ұлы жүрегінен өткеріп терең толғайтын Бөрғазы көке тез ширап: – Е, қарағым-ай, көргенге өмір, Тәңірінің бергеніне қанағат етпей кәйтеміз. Енді мына өздеріңмен қатарлас, қанаттас жаңа заманның өркенді өрісінде Көштенім мен Өскенім жүр. Өздерің аман жүргенде мына жас отаулардың отын маздатып, шырағын жарқыратқан келіндерім алтын ұядан ұшырып жатқан жас ұрпақ немерелерімді көргенде құдайдың бергеніне, бір тәңірдің көрсеткеніне мың да бір шүкір дейміз!

Бөрғазы көкеміздің алдында өткен осы бір есте қалған қымбат күннен бері көп заман өтті. Бұл аралықта Тәңірінің бергеніне разы мына сырлы дүниенің өзіне еншілеген сый-сияпатын көріп тоқсанға қараған жасында ұлы даланың ұлы азаматы, ауыл елінің Бөрғазы

атасы да тоқсанға қараған жасында дүниеден өтті. «Дарияның орны құр болмас» дегендей, әке жолын көрген, тәлімін алған екі ұлы Көштені мен Өскені де елімен бірге есейді. Аtpалды азамат болып атқа мінді. Шаруагер елдің көшін бастап дәулетін көтеруді ізгі мақсат тұтқан ел азаматтары қатарында ұзақ жылдар қалың істің қайнарында жүрді. Жер аумағына Еуропаның орта деңгейлі елі еркін сиятын Созақтың ұлан-байтақ жері мен елінде қайда барсаң да Көштеннің атқарған ісі, қалдырған ізі сайрап жатыр.

Өзі туып-өскен ортаға бейім білім алып мал мамандығының қыры мен сырын меңгерген іскер азамат өзінің еңбек жолына берген елу жылдан астам мезгілде жазғы жайлау, қысқы қыстау табиғатпен тайталас қиын күндерде ел қалынында қызу қарбаласты ерлік істердің ішінде жүрді.

Бүгінгі өркені өскен Созақтың елі мен жерінде көз қуантып көңіл шарықтарлық өмірдің көркем көріністері, ауыл-аймақтардың жаңа заманда жарқырай-жайнап өсуі Көштендей ел азаматтары бастап жаңа ұрпақтың тұсында жалғасын тапқан Ұлы дала ұлдарының ерен еңбегінің аркасы.

Өткен жол, ізгілікпен қалдырған ісің қашанда өрелі өміріміздің асу-биіктерінен айқын көрінеді. Сол биіктен қарағанда заман таңында ерте есейіп алпыс жыл ел аманатын қайыспай көтеріп өткен халықтың Алтын жұлдызды азаматы Көштен Бөрғазыұлының айдай айқын ұлағатты ұзақ жолы жатыр соңында. Туған ел өскен халқымен бірге жасап, біте қайнаған азамат жолы бір қиырдан-қиырға асып сарқылмақ емес.

*Балабөген,
мамыр 2009 ж.*





СЫРЛЫ ТАБИҒАТ ТӘЛІМІ

Республика парламенті сенатының депутаты Өмірбек Байгелдидің «Неге?» атты әңгімесі хақында

Өткен жазда ел мен жердің өткені мен келешегін көп толғайтын ел газеті «Егеменнің» кезекті бір санында газеттің тұтас беттерін алып жатқан «Неге?» атты әңгімемен танысып сонау бір өткен заманда ұлы теңізде адасып «Жаңа дүние» Американы ашқан Колумб сияктанып бүгінгі әлемнің қилы келбетін көз алдымнан өткізіп қайран қалғаным бар. Әңгіме авторы өзге емес, өзіміздің Республика Сенатының депутаты Өмірбек Байгелді іссапармен әлемнің әр тарабындағы елдерге барғанында көзбен көріп, ой-санадан өткізген адам мен жанды-жансыз табиғаттың арақатысы жайында таңғажайып жайлардан сыр толғайды.

Әлемнің барша жаратылыс болмысы адамзатының алақан аясында қалған бүгінгі жетілген дүниеде аяқ баспаған жер, көз көрмеген ғаламаты қалған жоқ десек те, мына кереметі таусылмайтын дүниенің ашылмаған сыр, шешілмеген жұмбағы жетіп-ақ жатыр. Мұхиттар тұңғығының шешілмеген кереметтерін айтпағанда анау, Оңтүстік Американың Амазонка, Ориноко, Бранку дариялары алабын тұтастай көмкеріп жатқан ұшы-қиырсыз ну тоғайларында осы бүгіндерге шейін өздерінен өзге адамзат әулетінің бар екенін білмейтін, анадан тума жалаңаш тағы тайпалардың бар екенін және өз тәртібінде өмір сүріп жатқанын жоққа шығара алмаймыз.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары Бранку дариясының жан аяғы баспаған қалың жынысында тіршілік ететін, сол кезге дейін адам жейтін әдетінен бас тартпаған «тупари» атты үндіс тайпасы табылған. Солардың арасына тәуекелмен барып, үш ай қыл үстінде өмір сүріп аман қайтқан сербиялық жас жұбайлар Тибор мен Лори Цекельд жариялаған әңгімесі есімізде. Өзіміздің азиялықтар сияқты қоңырқай түсті, мығым тұлғалы, бірақ киім киюді білмейтін, туыстық арақатынасының шегі жоқ сол тайпаның бұдан бес ғасыр бұрынғы Колумб көргендей баяғы бір қаймағы бұзылмаған тұл табиғат ортасында алып айдаһарлар, неше түрлі жыртқыш аң, құстармен бірге аралас өмір сүріп жатқаны айтылады.

Сондай ғажап өмірдің көріністерін өз көзімен көрген Германияның Гамбург шаһарының әлемге әйгілі зообағын ұйымдастырушы атақты ғалым Карл Гаганбек сол ғасырдың басында сол Амазония алабына экспедициямен барғанында көл жағасына арқандаулы жерінен ұшты-күйді жоғалған араби арғымағы арада апта өткенде тасқын су батпағында тұншығып өлген 17 метрлік алып анакаонданың асқазанынан табылғанын «Адамдар мен хайуандар» («Люди и звери») атты кітабында жазылған ғой.

Осындай сапар жолдарында жер жаһанды шарлаған біздің Өмірбек бауырымыз Грекия тауларында, Балтық бойы елдерінде, Канаданың орманды өлкесі мен көркем-сұлу шаһарларын көргенде, Швейцарияның көрікті көркем көлдерінде болғанда, көргендері мен көңілге түйгендерін келістіре, қызықтыра жазыпты.

Италияның Аттика өңірінде Эгей теңізі жағалауының көрікті тауларына барғанымызда дейді автор, жақын маңда «қыт-қыттап» шулаған кекілік дауысын есіттік. Япыр-ау, жарықтық кекіліктер бұл жақта да бар екен-ау деп ойладық. Ілгері барған сайын оның көптігі, кереметі солай, бізде адам қарасын көрген бетте зыта жөнейтін тау сұлуы бұл жерде қорқу-үркүді білмейді, аяқ астында шымалдай өріп жүргенін көріп бұл қалай? Неге бұлай? – деп танданып, қайран қалдық...

Ал Канаданың Ванкувер шаһарының көрікті-көркем саялы бауларында қалың орманды ағаштын басында жүретін кішкентай сұлу тиіндері мен кәдімгі жау шымшықтары ағаш бұтақтарынан түсіп, жорғалап келіп, осында орындықтарға жайғасып демалыста отырған кәриялар алақанынан жем жеп жатыр. Біздер «жау» деп ат қойып алған бармақтай құстың жүгерінің дәніндей жүрегін елжіреткен не керемет?!

«Бір уақта көгалдың үстіне тізбектеліп ұшып қаздар, үйректер келіп қона бастады. Мен жолбасшыға: мына құстар қолға жақсы үйренген, асыранды екен-ау, дедім. Ол: жоқ, бұл құстар тіптен асыранды емес, кәдімгі жабайы құстар. Бұлар сыртқы жақтан осы қала ішінде, адамдар арасында демалғанды жақсы көреді. Себебі, адамдардың өздеріне тимейтінін біледі, – деді. Япыр-ау, мынау неткен сұлу өмір, – деп қызықтым...»

Ал, әлемге әйгілі көргеннің көз жауын алатын Женева көліндегі жағдай өзгеше бір дүние. Аспанға 190 метр биікке шапшып жатқан су фонтаны. Көлдің беті адамдармен аралас құжынаған түрлі құсқа толы. Топтана қалқыған ақшағала аққулар. Фонтанға барар жолдың жиегінде сол кербез аққу құстың бірі жұмыртқасын басып жатыр. Адамға деген қандай сенім десеңізші. Ал, адамдар қасынан шошытпайық деп сыбырлап қана өтеді. Осы көріністер жай ғана таңғалатын нәрсе ме?!

Үндістанның көптеген көрікті шаһарлары адам мен айуанаттар дүниесінің керемет бір жарасымды көріністеріне толы. Шаһардың кең көгалды алаңдарында ешбір қауіптен бейхабар мамыражай жайылып, демалып, мүйіздері әсем бұралған киіктері жүр. Арасында осылардың күзеткері сияқтанып әр тұста қоқиып отырған маймылдар көрінеді. Өзінше бейбіт, зорлықсыз, қорлықсыз емін-еркін өсіп жатқан мына өмір адамның жанын елжіретіп жібереді екен. Неге барлық жерде бұлай емес? Неге біздегі өмір жөнсіз толған тайталас?!

Бұл бір ғана әңгіме авторының өзіне қойған өз басын толғандырған, кездейсоқтан туған, күнелкі өмірдің сұрағы емес. Ол бүгінгі ел мен жер, табиғат пен адам, келешектің тағдырына қатысты бүкіл қауымға, қазақ қауымына біздің әрқайсымызға қойылған өмір, тағдырымыздың сұрағы. Оның жауабы да, шешімі де өзгеде емес, өзімізде.

Әңгіме авторы бұдан сан ғасырлар бұрынғы көшпенді, бейпіл ата-бабалар заманынан мирасқа қалған ұшы-қиырсыз жеріміздің бейнесі – жан-жануарлар тіршілік әлемінің көз-көңілден көшпейтін керемет көріністерін, ел жадынан мәңгібақи өшпестікке қалған Ұлы жаһангер бабаларымыз Шыңғысхан мен Кетбұға, Әмір Темір заманы тұсындағы «Ақсақ құлан» аңызын келтіреді. Аңыз-оқиғаның да, оны ұрпақтан-ұрпаққа

жеткізген керемет дастан – күйдің де құдыретті қуаты сондай, оны қаншама заман беріле, егіле тыңдаған ұрпақ кемеңгерлік пен мәрттіктің ұлы дәстүріне бас иіп қайран қалумен келеді.

Сол сипатты аңыздан асқақ, шындықтың шыңындай бір оқиғаның ұлы бабамыз Бәйдібек заманында өткені, өшпей, талмай біздің күндерімізге жеткені ел жадының өшпес өміршеңдігінің айғағы. Ол айта беретін Қаратау сырты – Сарысу алабында сан ғасырлармен сырлас әйгілі Бесқұлан жолының үстіндегі Қоңырдың құмы, Арқаның жерін жайлайтын Ұлы Бәйдібектің сан мың қалың жылқышылар қауымына сырттағы Көкше теңіз (бүгінгі Арал) тарабы – Әлім елінен келген, ұлы бидің шарапатына бөленген Кішкене атты жасөспірім жылқышы бала қосынында қасиетті Құла айғырдың үйіріне ғайыптан келіп қосылған Құлан бие хикаясы.

Сол Ұлы бидің дәуірлеп тұрған заманында, – дейді аңыз. – Таңсәриде өрістегі жылқыны шолуға шыққан жас жылқышы Бетпақтың бетін жайлаған сансыз құландар үйірінен бөлініп, киелі Құла айғырдың үйіріне келіп қосылған келісті Құлан биені көреді. Осыны қосындағы қос ағасына айтқанда, ол: «Е, балам, ол дегеніңіз Ғайып Ереннің өзіне жіберген сыйы болады. Тәңірі жазса сол кереметтің шарапатын да көрерсің, – дейді.

Кешікпей, қарашаның қалың ортасында бұл өлкеде жылдарда бір айналып соғатын Арқаның сұрапылды кара дауылмен келген сұмдық қысы басталады. Көп қосын жылдағыдай жылқыларын айдап қалың Шудың ну қамысты тоғайларына ойысады. Кішкененің Құлан бие мен Құла айғыр бастаған бір қосын, мың жылқысы қайыру бермей белгісіз ылди өңірге ығып жөнеледі. Жас бала қалың қосыннан көз жазбай бірге кетеді. Арттағы көп қосын одан хабарсыз қалады.

Осы сұмдық жұтта мың сан жылқыдан айырылған көп қосындар көктемде Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібек ордасына саяқ аттарымен құрығын сүйреп оралады. Сол күндердің бірінде хабар-ошарсыз кеткен Кішкенеден күдерін үзгендей отырған Бәйдібек ордасына, ғайыптан түскендей, ақбоз атты, ақ киімді жиһангез дәруіш, – Ұлы бидің алдына ақ киізді жайғызып, құмалағын шашып: «О, шарапатты Ұлы би, Сізге күннің батысынан құс қанатты қуанышты бір хабар келе жатыр. Ертең, кіші бесін мезгілінде шаң беріп қалар, – дейді.

Міне, сол айтылған мезгілде алыстан қылаңытқан шаң, артынша мың жылқысын түз-түгел құлындатып, Құла айғыр, Құлан биесіне бастатып заулап келе жатқан балаң жігіт Кішкененің қарасы да көрінген екен, – дейді... Мұның соңы ұлан-асыр той. Жас жігітке Байдекем кіші бәйбіше Нұриладан туған Қоңырбике атты сұлу қызын қосып, қалың жылқысын тең бөліп еншісін беріп, алтын босағалы ақ отауын тігіп, жасау-жабдықты сән-салтанатты көшімен туған еліне аттандырып салған екен, – дейді.

Ұлы замандардан қалған бұл әңгімелерден біз туған өлкеміздің елі мен жері бір кездері қандай жомарт болса, оның тау мен тасын, ұлы даласын жайлаған жер қайыстырған құба-құландары, арқары мен ақбөкен, киіктерінің қаншалықты көп болғанын елестетеміз.

Табиғаттың ұшан-теңіз байлығы бір ғана біздің қазақ жерінде емес, шексіз әлемнің әр тарабында да кенеріне сыймай шалқып жатқаны, бізге атадан қалған аманат. әңгімелерден мәлім: сол әңгімелерге көз жіберсек, Колумб жаңа дүниені ашқанға дейін, бүгінгі терістік Американың «прерий» атты шалқар даласында жергілікті үндістер

егелік еткен жалпы есебі 20 миллионнан астам жабайы бизондар болғанын, ол сол жұрттың жейтін асы, киер киімі, өмір сүретін баспанасы болғанын дәйекті баяндайды. Сол телегей-теңіз ұшан байлықтың молдығы сондай арғы ғасырда салынған Транс-Атлантикалық теміржол қызметі іске қосылғанда жол табаны арқылы өріс ауыстыра қозғалып (миграция) өтіп жатқан ұшы-қиырсыз бизондар ағынын күтіп, жолаушы пойыздары бірнеше күн тұрып қалғанын айтады. Бұл заманда өзі түгілі ізі де қалмаған сол шексіз табиғат байлығының мұндайлық тағдыры өзге емес, өктем-зорлықшыл адамзатының ісі.

Естігенге ертегі сияқты ел жадының әңгімесін қоя тұрғанда өзіміз бұдан 60-70 жыл бұрынғы көз көрген бала кезіміздегі табиғат көріністері қандай еді? Шығыс Қаратаудың қалың ортасында Аралтау мен Боралдайдың қалың шатқалды сай-саласында таудың жабайы жеміс-жидегін тере барғанымызда ертелі-кеш құз-қиялар биігінде топтанып, етектегі елді биіктен шолып, таңырқап, сайран салып жүретін Қаратаудың ай мүйізді маңғаз құлжалары бастаған қалың арқарлар үйірін көруші едік. Қандай қызыққанмен көзге ыстық жануарлар қару-қайратсыз елге аспандағы ай, көктегі қол жетпес жұлдыздай болушы еді. Сол кездері ерінбей, көрінбей аңдып жүріп сирек, ілуде бір олжа түсіретін мергеннің ісін жұрт ерліктің, ептіліктің ісі деп бағалаушы еді.

Қырқыншы жылдардың соңы әлемнің тас-талқанын шығарған алапат соғыс елге, тұл табиғатқа, жан-жануарына тажал болған қанды ауыз қаруын ала келді. Әскери мекемелерге берілген кешегі жауға атылған спайнерлік бесатарлардың ұнғысы енді ешкімге зияны жоқтау табиғат еркесі арқарлар үйіріне бұрылды. Алыс қаладан арнайы келіп аудан басындағы беделді орындарда отырған көкелерге бастатып, алып келген қаруын орман күтуші кешегі соғыс қырғынынан қалған жан жарасы жазылмаған ағаларға ұстатып мергендіктің қызығын көру өзінше бір мерей боп көрінер еді.

Табиғат басына төнген осы зорлық аздық еткендей жеке ауыз – бесатармен бірге енді ажал оғын қардай борататын автоматтарын сайлап, жер-көктің арасын жай түскендей күркіретіп тірі жанды тарының қауызына тығып жіберердей тас-төбеннен шүйілген тікұшақтар іске қосылды. Оның қандай сұмдық екенін көзімен көрген тау бағбаны Әбуәлі Келтаев бұдан 20 жыл бұрынғы бір жайды жаны тебірене отырып былай әңгімелеген еді:

Қазанның қалың ортасы еді. Күн ашық. Кіші бесін мезгілі. Ертелеп, өрістегі жылқыны шолып қайтқалы аяқ сүңгінің Қосмола биігіне көтерілгенім сол еді. Шығыстан ызындап мотор дауысы жетіп, ізінше жон үстінде қалықтап келе жатқан вертолеттің қарасы көрінді. Атымды таяуда бұтаға байлап, көленкеге жайғасып, дүрбіні қолға алдым. Қайда барады, не етер екен? – деп көз алмай бақылап отырмын. Ол екі айрық аяқ сүңгінің күнбатыс шығаберіс кезеңіне екі жерге қарулы төрт адамын түсірді де, өзі шатқалға шығыс жағынан кіріп, өрлете сүзіп келе жатты. Осы тұста ала көктемнен, келісті қоңыр құлжасы бастаған арқардың шағын үйірі өздері жетеу, байырқалап жүруші еді. Әй, сорлайтын болды-ау дегенімше төбеден төніп келе жатқан тажалдан естері шыға үркіп, жандәрмен өрге тартқан үйірді қақпалап, қырдағы мерген жендеттеріне айдап апарды. Әп-сәтте құлжа бастаған ірілердің төртеуі жайрап қалды. Қалған көктемгі қосылған үш төлі жартасты қияға жанталаса, шашырай қашып бет алған жағына кетті...



Осындай жауыздық жайлағанда бір кездері сарқылмас, таусылмастай көрінетін киелі жануарлардың тұқымын сақтап қалудың өзі ойланарлық жай еді. Жарықтықтың жабайы дегені болмаса тұтас тұлғасы барынша келісті көз жанары мөлдір сұлулыққа тұнған киелі жануарды қолға үйретсе қалай болар еді, – деп жүрген жолсапардың бірінде кіші Шаянның орман қорығының тау бағбаны майдан ардагері Қырқымбай ағамыздың мекеніне барғанда кешегі күні жаңа төлдеген жерде үстінен түскен иттен шошып үрке жөнелген енесінен ажырап қалған жерінен орманшы үйіне әкелінген жас құралайға кез болдық.

– Арқардың қодықасы қой қозысынан әсте айырмасы жоқ. Тек ерекшесі алғаш көз көріп, бауыр басқан адамынан айырылмайды. Оның ақылды еркелігі мен шалдуар тентектігіне төзу керек. Мұның қазіргі қорегі жаңа төлдеген қойдың уыз-сүті мен тәтті. Осыны ескеріндер, – деді Қырекен.

Солай, Шаянның шандақ көшесін алты жыл шандатып еркін-ерке өмір сүрген Бөрте құлжа мен оған бір жылдан кейін қосылған Зөре атты сұлу тушаның үйірі үйренген ортасына, адамдар қауымына шексіз берілген таза жүрегі, ойдағысы бола қалмаған кей кездергі тентектікке басатын ерке мінезімен көрген жұртты таң-тамашаға батырар еді.

Сол жылдары Шаянның қалың жұрты орталық көшеде емін-еркін сайрандап, қайсы-бір мекеме, азық-түлік дүкендеріне кіріп сатушы қыздар қолынан сыйға ұсынған тәтті қант, дәмді кәмпиттерін рахаттана жеп, зәреде сол қыздардың бірінен жеку сөз ести қалғанда екі көзінен от шашып, шатынап, сес көрсетіп, жұмыс орнынан далаға қуып шығып, дүкен ішін еркін шарлап болғасын ешнәрсе болмағандай маңғаз аяңдап бара жатқан тайыншадай сері құлжаны көруші еді.

Жұрт жабайы деп қарайтын сол Бөрте құлжаның бір кереметі таяудағы үлгілі орта мектептің оқушы балаларымен арадан қыл өтпейтін дос еді. Ол мектептің сыртындағы спорт алаңына барып, «Волейбол» ойынын сырттан бақылап, ауыт кеткен допты жерге түсірмей атыла барып, биік секіріп, дағара мүйізімен қағып ала қашып, жеткізбей, ылдида, өзен жағасына апарып тастаушы еді.

Мінеки, адамдар қауымын қас жауы емес, ізгіліктің ұясы деп таныған тау тағысының біздерге қалдырған ойланарлық, толғанарлық бір тәлімі осылай. Ол өзіміз «жабайы», тек атуға, азық етуге жаралған тау тағысы дейтін бірбеткей эгоистік көзқараспен ата жауымыздай қырып-жоюмен өзімізден тым алшақтатып алған, көргенде оққа көзің қимайтын, бүгінде көз алдымыздан біртіндеп құрып бара жатқан арқар атты киелі жануардың өзімен жарық дүниеге бірге келген адамзатына берген естен кетпес тәлімі.

Жанды да, жансыз табиғат қашанда қиянатты көтермейді. Ретін тауып, қапысын келтіріп, оған басты кінәлі адам қауымын қатаң жазалайды. Ол жайында әлемдік аймақтық деңгейдегі өмірдің саң қилы сабақтары жеткілікті. Тереңнен алып қарасақ бұл жарық дүниеде басы артық, немесе кем жаратылған еш нәрсе жоқ. Даму, өсіп-өнудің өзгермес заңы бір-бірімен қат-қабат байланысып жатыр. Мәселен, өзіміз «қанды ауыз қаракшы» деп тұқымын тұздай құртудың жолын сан рет қарастырған қасқыр да табиғат алдындағы өз міндетін атқаруға тиісті екен.

Арқадан акбөкен ауып, кешегі кеңестік дәуірдің мындаған малы құрдымға кетіп тынғасын жол азығын жолынан іздейтін даланың ашыққан көкжалы енді ауызды қорадағы малдарға салды. Қасқыр қашанда қасқыр. Өз үлесін Көк тәңірінен сұрайтын көк бөрінің серілігі мен мәрттігіне ешкім де көлденең тұра алмайды. Онымен санаспаған адамзат қауымы бұл күндерге дейін табиғаттың нелер ғажап орны толмас қымбатынан айырылып бармақ тістегені аз емес.

Бұдан небәрі бір ғасырдай бұрын Сыр мен Балқаштың, Шу мен Іле, Арыстың ит тұмсығы батпайтын тоғайларында күндей күркіреп жойқын күш пен ұлылықтың ұлы мәртебесін танытып, әр тұстан бой көрсететін әйгілі Тұран жолбарыстары қайда кетті? Сол кербез шерімен қат-қабат аралас өсіп-өнген көргеннің көз-көңілінен кетпейтін маңғаз марал, бұғылары қалайша көзден ұшты?

Қалай десек те оның бір ғана жауабы өзгеде емес, өзімізде. Жаксылықты да, ізгілікті де жасайтын, сонымен бірге, жауыздықтың не түрлерін ойлайтын, қатыгез де басты қанішер адамзатының қолында.

Жолбарыс сынды текті шерінің кегіне душар болған Үндістанның Бенгалия тарабындағы Кабалгар аймағын мекендеген бір тайпа ел бастан кешкен традегиясы жайында адам жейтін қанқор жолбарыстарды жоюды кәсіп еткен ағылшынның атақты мергені Джим Корбетт өзінің «Кумаонские людоеды» атты кітабының «Кабалгарский холостяк» атты тарауында мынадай сыр шертеді: үндістардың маңайдағы ну тоғайларын мекендеген маралдары мен қабандарын аулап тауысқанын сезіп адам қиянатын кек тұтқан аса айбарлы жолбарыс жұбы маңайдағы елдің ірі қара малына тиіседі. Андысқан жұрт жұбайды жуырда екі аланын (күшігін) туған ұрғашы таутанын апанға жығып көзін жояды. Аландары аш-жетім қалған жаны жаралы арлан жолбарыс енді адам жегіш қанішерге айналып небәрі екі жылда аймақтың 700 адамын жарып өлтіріп, бір тайпа елді мекен жайынан аударып жібереді. Оның соңғы құрбандығы күріш орағындағы 17 жасар сұлу бойжеткен еді. Қалың нудың ішінен атыла шығып балапандай қағып әкеткен ару қыздың шырқыраған ащы даусы ну тоғайда көпке дейін естіліп тұрыпты. Отты қарусыз жиналған жұрт дабыра-дабылын қағып кеткен жолбарыс ізімен іздеп барғанда тасқындап ағып жатқан тау өзенінің қақ ортасында дөңбек жұмыр тастың үстіне бетін суға төндіріп, қалың қолаң шашын төгілдіріп көлденең салған қыздың жалаңаш тәнін көреді. Оның бел омыртқаға түскен терең жарақаты тазартып жалап тасталған. Бейне бір су ағынының сырлы әуеніне беріліп, балбырап ұйықтап жатқандай еді.

Бұған таң қалған жұрт топтанып мәйітті алып кеткелі суға түсе бергенде дәл жақын манда қалың нудың ішінен күндей күркіреп айбат шеккен шерінің сұмдық даусынан қоғадай тапырылып кейін шегінеді. Арада апта мезгіл өткенде аймақ үкіметінің телеграммасымен Лондоннан арнайы ұшып келген Корбетт қыздың тәнін күзетіп ашыққан жолбарысты маңайдағы алаңқайға түнемеге шықыртқыға салмағы 15 пұттық өгіз байлатып, өзі тал басына жайғасып жыртқыштың жолын тосады. Таң алды қараңғыда арқырап келіп жуан арқанды үзіп, өгізді жайратып қансоқтыға мейлінше тойған жойқын арланның су жағасына, ағаш томарының көлеңкесіне барып терең ұйқыға батқан жерінде көреді.

Мергеннің жазылмаған жеке сертінде құрбандығын оятып, өзіне қарсы атылған сәтте ажал оғын екі көздің арасы – қақ маңдайдан тигізіп, сұлатып салушы еді. Бұл жолы

Корбетт ол тәртіпті бұзды. Қанқорды ұйқыдағы сәтінде атты. Себебі, ол жүктеген қан мен адам өмірінің құны тым қымбат еді, – дейді.

Негізгі әңгімеде елдің бір азамат ағасы Өмекең тебірене жазғандай сонау Грекия мен өзіміздің Қаратаудың адамды көрген жерде жанұшыра зығта жөнелетін кекілігі бір кекілік, «жау» шымшығымыз бен жанына жан жуытпайтын үйрек, қаз, аққу құсымыз, бір кездері түйе жетектеп аулап, кейінше трактор-техникамен алдап, енді жүйрік машиналардың қарасы көрінгенде жандәрмен көз көрмеске ұша жөнелетін дуадақ құсымыздың да туа біткен қасиеті, Алла жаратқан барлық жердегі тегі бір. Арқарымыз бен ақбөкен, бір заманда құла далада жортқан қисапсыз құландарымыздың да өткен жол адам қауымынан алған үлес-сабағы осындай.

09.03.2010 жыл.





ҚАРАТАУДЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ

Ежелден қалған атамұра, қол жеткен арман биігі

Мемлекеттік мұрағаттың қалың қатпарында сарғайып ғасырға жуық бір сурет сақталған. Оның астыңғы ақ жиегінде сол заманғы кириллица әрпімен мына сөздер жазылған: «Пленники на дорожно-строительной работе с. Китаевки Черняевского уезда, Сырдаринской губернии, апрель 1915 год».

Түсінікті жай: Бұдан 95 жыл бұрынғы өмірдің өз көрінісі. Жалпы қарасы елу шақты тұтқындар қол күшімен жаппай жұмылып қара жердің қыртысын кесе қырқып жол салып жатыр. Ол кездегі (1990 жылға дейін Китаевка атанған) әр қадым жері көзге таныс киелі мекен, бүгінгі Бәйдібек ата ауылы. Құрылыс жүріп жатқан жер көктемде бұрқанып таситын Балабөген өзені өткелінің қарсы беті – Бәйдібек кесенесінен небәрі жүз қадымдай ғана күнбатыс маңы.

Әскери тұтқындар, тағдыр ісіне мойынұсынған басыбайлы қатаң тәртіптің адамы. Суретке түсер сәтінде қайсыбіреулері бір мезет бет бұрып, бел жазғаны болмаса, бұларды мізбақпай бакылауда тұрған бірі ақшатырдай киінген зыптай түзу, екіншісі сом денелі, ірі тұлғалы қос эписердің көз алдында, әрбірі өз орнында, қызу істің қарамағында. Бұлар кімдер? Қалай, қайдан келген тұтқындар? Бейтаныс ел, жат жердің адамдарын пенде ғып айдап әкеліп шалғайда, бір қиырдағы Қаратаудың ішінде жанқиярлықтың қалың бейнетіне салған не құдіреттің ісі?

Ендеше, бір сәт өткен заман көшіне бүгінгі азат дүние биігінен көз салайық: Өрттің кашанда тұтануы оңай, өшуі қиын. Адамзатын шектеусіз сұмдық қасіретке душар ететін соғыстың өрті де солай. Тарихта «Бірінші дүниежүзілік соғыс» деп аталған Орыс-Герман соғысы да Сервияның Сараево қаласында терроршы қолынан ажал тапқан бір ғана елші өлімінен басталған ғой. Сол тұста ара ағайындық жөнімен діндес, қандас Сервияға жанашырлық жасаған Ресейге елдіктен кеткен ежелгі ата жауы Австрия-Герман одағы шекараға қарақұрым әскерін төгіп тарихта тамғаланған 14-ші жылдың 1-ші тамызының таңында мың шақырымдық майданда миллиондық әскерімен баса-көктеп кірген ғой.

Бұл соғыс бұдан жүз екі жыл бұрынғы Наполеонға қарсы Отан соғысында сағы сынбаған рухы биік отаншыл орыс халқын тағы да тағдырдың ауыр сынына салды. Өліспей-беріспейтін жанталас, қантөгіс шабуылдар айлар мен жылдарға ұласып екі жақтан қолға түскен сан мыңдаған тұтқындар ел түкпіріне, алыс шеттерге айдалып кетіп жатты. Бұл кез арғы ғасырдың алпысыншы жылдары Қоқан хандығына қарсы жорықта «азат етілген шет аймақтарды игеру» саясатымен ішкі Ресейден ағылған

переселендерді шұрайлы жерлерге орналастыру, ішкі жол қатынасын орнықтыру жаппай қолға алынып жатқан-ды. Сол бір аласапыранды заманда патша ағзамның жарлығымен шығысқа айдалған сан мыңдаған соғыс тұтқындарының жалпы қарасы мыңнан астам алдыңғы бір легі айтулы он бесінші жыл көктемінде Жосалыдағы теміржол бекетінен түсіріліп, Қаратауды қапталдап шығысқа тартылған даланың қара жолымен Черняев уезінің тау тарабына келтірілген еді. Бұл жақта ол кезде бергі шеті Арыс, Бөген, Қошқарата, Боралдайдан басталып күншығыста Аса, Таластан асып Жетісудың жаннатты жайсаң жерінде, арғысы ақ патшаның атақты генералдары мен переселен көштерін бастап келген сарыала шенді апайтөс әписер, жер қазығын қағушы землемелердің аты қойылған Корниловка, Ермоловка, Мамаевка, Леонтьевка, Орловка, Кантемировка, Алексеевка, Петровка деп, соңы «овка», «евка» мен аяқталатын сансыз селендері мен деревнялары ұлан өлкеде қанатын кең жайып дәурен сүріп жатқан-ды. Енді мынау бір қиырдағы қазақ жерінде ежелден көшкен елдің ат тұяғы, түйе табанының өшпеске қалған ізімен қаншама заман таптаурын болған кәрі соқпағының үстіне қазығын қағып, арқанын керіп, құмырсқадай құжынап тер төгіп жатқан «Малдан басқада ісі жоқ» деп құла дала мен сай-салаға қуып тасталған «түземтіктерге» емес, ұлы Империяның шығыс өлкелердегі тірегі – қатарын түзеп, қат-қабат ірге тепкен станица, селоларын Әулиеата, Меркі, Бішкек, Верный («Алматы») бекіністері арасын күре жолмен жалғастырудың әрекеті ғой, әрине.

Ылди, тарапта жер атын қашанда лайықтап, тауып қоятын қазекем «Шошқабұлақ» дейтін, ақ патшаның тұсында «Глинково» атанған бұл күндергі Ақбастау ауылынан басталып күншығысқа тартатын даланың байырғы көш-керуенінің қара жолы қалың тұтқындардан қалған Қаратау ішіндегі екі тарапты – қазған жол, қасқа жол деп аталар еді.

Бұл жарық жалғанда мәңгілікке жаралған не болушы еді: «Жыланның жұтымен» келген 17-ші жылдың қаһарлы қара күзінде Ұлы төңкеріс патшаны тақтан ұшырды. Соғыс тоқтап, тұтқындар еліне қайтты. Соңында Қаратаудың қазған жолы мен қасқа жолы қалды. Көш керуені өтсе де өмірдің ізі мен сазы өшпейтін қазақтың елі мен жері қалды. Қасиетті қара жер заман сызымен қалған қасиетті қасқа жол баз-баяғы орнында. Сол жолмен ел басына екіталай күн туып Отан аттан салғанда Қаратау елінің мыңдаған егей мен сығай жас азаматы лек-легімен қан майданның жанпида сапар жолына аттанып кетіп жатты. Сол жолмен тау елінің қабырғасы қатпаған жас ұландары мен жұбайынан ажырап желек астында қалған жас келіндері айлы түн, жұлдызды аспан астында тау үшін сағыныштың мұң-сазды әніне бөлеп екі тарап – шығыс пен батысқа майданға арнаған астық керуенін ағылтып жатар еді.

Керуен өмір. Заман ағысында тоқтам жоқ. Тау да, ел де, байырғы қасқа жол да орнында. Тек талап та, талғам да өткен-кеткенге көзқарас та өзгерген. Адам арманының шегі жоқ. Тәуелсіздік, азаттық күнімен бірге келген арман ағысы, мезгілдің қуатты күдіреті мың жылдар қатпарында қалған көне тарихымызды, сан ғасырлар таңын күзетіп туған жер топырағында жатқан Ұлы бабаларымыздың қасиетті есімін жарық дүние биігіне шығарды. Көне замандардан Қаратаудың теріскейі мен күнгеі, батысы мен шығысында ежелгі ел мекенінде мәңгілік тұрағын тапқан қасиетті Ысқақ баб, Бабатүкті Шашты Өзіз, Қарабура, Айша бибі – Қарахан, Домалақ ана, Қос ана, Бәйдібектей Ұлы баба, аналарымен табысты. Ел-жұртымыздың

сөнбейтін ыстық ықыласы, өшпейтін махаббатымен ежелгі белгі – көнерген күнбездер мен мұрағатты мазарлар шығыс сәулет өнерінің жетілген жаңа үлгісінде еңсесін қайта көтерді.

Осындай халықтық рухани ізгілікпен орайлас қаншама жылдар ел-жұртымыздың арылмаған арманы болған ежелден қалған ескі жолда жаңарып Қаратаудың өшпеген қасқа жолы ізімен ылди өлкелерден Ұлы таудың төскейінде жатқан Ұлы Бәйдібекке, одан әрі әулиелі Әулиеата бағытына бет түзеді. Тас тағанды айнадай данғыл жолдың құрылысы «Тауды тіліп, тасты бұзып» қарқынды жүріп жатыр.

Халықтың аманаты, жақсының шарапаты, сабырмен күткен ізгілік ертелі-кеш арман биігіне жеткізері анық. Он бес жыл! – Жол картасын сызып ел аманатын хатқа жазып қанаттас жатқан Оңтүстік, Жамбыл екі облыс басшылығы алдына тілек айта барғанымызға аз-кемі жоқ он бес жыл өтіпті. Ол кездегі күш-қуат, қазынаның қарымы кемшін күрмеуге келмей жатса да елдің азамат ұлдары Үркімбаев пен Байгелди Жамбыл – Шымкент екі тараптан болашақ құрылыстың зерттеу, жоба-жоспарлау жұмыстарын жасатып, алдағы істің негізін салып, қазығын қағып бергені әр кез есімде.

Осы ізгіліктің ізін суытпай шығыс Қаратауда «Бәйдібек», «Қасиетті бес ана» кесене ғимараттарының құрылысы қолға алынған тұста Жамбыл облысының сол кездегі әкімдері Өмірбек Байгелди, оның орнына келген Серік Әбікенұлы Үмбетов екі облысты тау арқылы жалғастыратын болашақ төте жолдың тағанын ерінбей шарлап, өз көздерімен көрді. Бұл күрделі құрылысты қолға алудың бастамашы, жаршысы болды.

Қаратауда қасқа жолдың құрылысы бұл күндері облыс басшылығына келген аса жігерлі де пайымды ел азаматы Асқар Исабекұлы Мырзахметовтың назарында.

Жаздың күндері қала мен аудандарда қат-қабат өрістейтін мың-сан істің ортасынан уақытын бөліп елге іссапарымен Астанада келген Сенат депутаттарының бір тобын бастап Қаратаудың қасқа жолы құрылысын ерінбей шарлап қайтты.

Өткен кезде: ел-жұрт болып көптен күткен игілікті істің күні туып жол құрылысы басталыпты және шығыс есебі миллиардпен өлшенетін Алатаудай ауқымды шаруаны қолға алған елдің ер тұлғалы әйдік бір азаматы емес, ауылда өскен, өмірде алған тәлімі, талпыныс-талабымен мақсатының биігіне жеткен қазақтың тұрымтайдай ғана Рәшкүл атты бір қарапайым-қайраткер қызы басқаратын «Береке» атты серіктестік екенін естігенде әрі қызығып, әрі таңданып қайран қалғанмын. Көргелі, ой-орамын білгелі жұмыс орнына арнайы іздеп барғанмын.

– Туған ел кімге болса да қымбат ғой, аға. Елді де жолды да өз көзімізбен тағы бір көріп, әнгімені сол жақта, құрылыс басында айтқанымыз жөн болар, – деді, өзге емес өз қызымдай алдымнан шығып қарсы алып, ілтипат-ізет көрсеткен Рәшкүлім менің. Сол күні таң сазында қаладан бір көш болып бірге қозғалған ағайын тума, Қаратаудың ұл-қыздары мен баспасөз, ақпарат өкілдері қауымында жаздың жайсаң шағында істің қайнаған ортасы – тұнық сулы Қошқарата мен Талдының көкорайлы сағасына келдік. Осында тұтас екі жылға ұласқан ауқымды құрылыстың табан тіреген күрделі де түйінді ортасы қос өзен үстіне 120 және 80 метрлік қос көпір салынып жатыр. Құлашын көкке көтерген алып крандар, тау мен тасты қопарып істі алға бастайтын, зор экскаваторлар мен бульдозерлермен қызу қимыл үстінде. Алматы


құрылыс жобалау орталығында жасалған жоба бойынша Әбдірайымов Нұрланның басқаруы және көпір құрылысының бас маманы Оспанәлиев Қырымның атқаруымен жүріп жатқан қызу жұмысқа сондағы Сарыойлық, Қошқарата, Кеңсай ауылдарының 240 жас азаматы қатысуда. Ауыл елінің кейінгіге жөн айтар бір топ ардагер ағалары қауымында осында жүрген ауыл-аймағының әкімі Жарқымбаев Бейсен: – Мына шығыс іргедегі Жуалы, одан арғы Алматыға бару үшін кері бағытта облыс орталығы арқылы 160 шақырым айналма-артық жол шегетін едік. Енді мына сәті түсіп ұлы баба Бәйдібектің елі мен жерінде салынып жатқан қасиетті қасқа жол арқылы тұтас аудан елі болып, шығыс тарапқа жайлы көлікпен қатынауға мүмкіндік алып отырмыз. Қазақстанның ғарыштап алға даму кезеңінде соның бір жарқын өрісіне шығарған облыс басшылығына және осы халықтық істің қалыңында тер төгіп жүрген бүгінгі жаңа толқын жас азаматтарға, өркенді өндірістің көшін бастап жүрген халықтың қайраткер қызы Рәшкүлге көп рахмет! – дейді, ауыл-аймағының бүгінгі аса көтеріңкі көңіл күйінен сөз қозғап.

Күн соңынан күндер өтіп заманды – заман, ұрпақты – ұрпақ өзгертер. Ел тарихының талай-талай жарқын беттері жазылар. Соның бір шетінде өркенді өмірдің бір айтулы кезеңінде қолы жеткен арман биігінде дүниеге келген сонау бір бағы заманда ата-бабалар көш-көлігін тартқан ежелгі қара жолы жатпақ. – Қасиетті Қаратаудың жаңарып, жасанған қасқа жолы!





**ҚҰТТЫҚТАУ ХАТТАР ЖӘНЕ
ЗАМАНДАСТАР, ҚАЛАМДАСТАР
ЖАЗУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
ТУРАЛЫ**



Сәуірдің Қазақстан облысының сәуір 3. Түркістан
17.10.97ж.

ҚҰРМЕТТІ ЕРЕКЕ!

Бәйдібек ауданының Талдыбұлақ ауылында дүниеге келіп, он төрт жасыңыздан қолхозшы, селолық Кеңестің хатшысы болып еңбекке араласыпсыз. Онан кейін жеті-сегіз жыл Ішкі істер органдарында саяси қызметкер, біраз мерзім облыстық “Оңтүстік Қазақстан” газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, он жылдай уақыт “Алғабас” аудандық газетінің редакторы болып, ұзақ жылдар ел ортасында жүріп, үлкен өмір мектебінен өтіпсіз. Сол жиған-терген мол тәжірибеніз шығармаларыңызда сәулелі көрініс берген қаламгерсіз. Қырық жылдан аса қалам тартқан уақытыңызда қоғам өмірінің өзекті мәселелеріне қатысты жүздеген очерк, публицистика, тарихи, әдеби мақала-зерттеулер жазыпсыз. Әдебиет сүйер қауымға 12 прозалық кітап ұсыныпсыз. Роман, повесть, әңгімелерден тұратын “Темірлан”, “Келіншектау”, “Ақбақай”, “Құралай жолы”, “Қыран тауы”, “Түндер сазы”, “Бәйдібек”, “Нұржаудың нұрлы түндері”, т.б. жинақтарыңыз қалың оқырманға кеңінен таныс. Әрі әдеби сыннан да жақсы деген бағасын алған туындылар. Бұл шығармаларыңыздың бірсыпырасы орыс тіліне аударылып басылды. Кітаптарыңыздың жалпы таралымы миллион данадан асыпты. Әдебиетімізді дамытуға сіңірген еңбегіңіз үшін екі мәрте Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталдыңыз. Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы атағына ие болдыңыз. Жазушылардың ІХ съезінде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болып сайландыңыз.

Құрметті Ереке!

Осы 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Өзіңізге зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар, отбасыңызға амандық тілейміз.

Қазақстан Жазушылар одағының басқармасының Секретариаты.

12.10.1997 ж. Алматы.

**БЕЛГІЛІ ҚАЙРАТКЕР ЖАЗУШЫ,
ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ
ТҰРЫСОВ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫНА**

ҚҰРМЕТТІ ЕРЕКЕ!

Сізді жетпіс жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен, шынайы пейілмен, қызу құттықтаймын. Оңтүстік Қазақстан жұртшылығы Сізді белгілі тарихшы, өзіндік қолтанбасы бар қаламгер, қоғамдық өмірге белсене араласатын ардагер аға, бірлік пен ынтымақтың қамы үшін аянбас айтулы азамат ретінде жан-жақты біледі, әрі мақтаныш етеді.

Сіз қырық жылдан бері қазақ әдебиетінде қызмет етіп келесіз. Алғаш журналист ретінде көзге түстіңіз. Ұлы жазушы, кемеңгер суреткер Мұхтар Әуезовпен аралас болып, жанында жүрген кездеріңіз мол шарапатын тигізді. Ұлағатты ұстаздан көп үйреніп, тәлім алып, сенімін ақтай білдіңіз. «Темірлан», «Түндер сазы», романдары, «Ақбақай», «Көксеңгір», «Қызыл қаршыға», «Алыста қалған» повестері, «Шығыстың шын ұлдары» эссе-естеліктер жинағы, Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығына арналған «Кемеңгердің керуені» повесі, тағы да басқа көптеген дүниелеріңіз оқырмандардың рухани игілігіне айналды. «Бәйдібек-Сыланды» қайырымдылық қорының президенті ретінде ұлы бабаны таныту жолында тер төгіп жатырсыз.

Туған өлке тарихы мен табиғатының тамаша жыршысы болып келе жатқаныңызды ел ерекше бағалайды. Бәйдібек ауданының құрметті азаматысыз, екі мәрте Республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облыстық Мәслихатының грамотасымен марапатталдыңыз. Ресми делегациялардың құрамында халықаралық, республикалық, тағы басқа үлкен шараларға, маңызды жиындар мен дүбірлі тойларға қатысып келесіз.

АРДАҚТЫ АҒА!

Жетпіс жасқа толған торқалы тойыңыз құтты болсын дей отырып, Сізге қажымас қайрат, шығармашылық қуат, отбасыңызға бақыт тілеймін. Жамбыл баба жасына жетіңіз.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі З. Тұрысбеков.

17.10.97ж.

**ЖАЗУШЫ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫНЫҢ
70 ЖАСҚА ТОЛУЫНА**

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сіз тума талантыңыз, еңбекқорлығыңыз бен ізденімпаздығыңыздың арқасында Ұлы Жеңіске үлес қосқан қаршадай ауыл баласынан республика жұртшылығына кеңінен танымал жазушы, журналист дәрежесіне дейін көтерілдіңіз.

Қырық жыл толып отырған әдеби-шығармашылық қызметіңіздің барысында Сіз өз оқырмандарыңызды үш жүзге тарта тарихи, әдеби көркем, публицистикалық шығармаларыңызбен қуанттыңыз. Биыл жүз жылдығын өлем тойлап жатқан заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің өз қолынан әдебиет әлеміне жолдама алған Сіздің кез келген шығармаңыз бүгінгі әдебиетіміздің аса құнды туындылары ретінде ұрпақ игілігіне айналып отыр.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталары, оқырмандарыңыздың өзіңізге деген сүйіспеншілігі мен құрметі қазақ әдебиетін дамытуға сіңірген зор еңбегіңізге берілген әділ баға деп білемін.

Сізді шығармашылық шыны — 70 жасқа толған мерейтойыңызбен қасиетті Тараз жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын. Ғұмырыңыз ұзақ, денсаулығыңыз зор болып, халқымызды жаңа шығармалармен қуанта беруіңізге тілектеспін. Басыңыздан бақ, қасыңыздан қызыр кетпесін.

Ізгі ниетпен,

Жамбыл облысының әкімі А. Тшанов.

Тараз қаласы. қазан, 1997 жыл.

ҮКІМЕТТЕН

ЖЕДЕЛХАТ

17110 16 сағ. 41 мин. қабылданды

Бланк № 337

Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы

Жазушы Е. Тұрысовқа

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы! Сізді салиқалы жас сексенге толған мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сізді қазақ әдебиетінің қорына “Темірлан”, “Келіншектау”, “Қыран тауы”, “Қайран Сәкен” сияқты бірнеше толымды туындылар қосқан, сол шығармаларына шындықты тарихи оқиғаларды арқау ету арқылы оқырмандардың ықыласына бөленген жазушы ретінде танимыз.

Мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр және жазар таусылмасын деп тілейміз.

Ізгі ниетпен,

Алматы облысының әкімі С. Үмбетов.

Талдықорған. 17.10.2007.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІңІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ,
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ “АЛАШ” СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ
ЕРКІНБЕК ТҰРЫСОВҚА**

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы!

Сізді қазақ әдебиетіндегі еңбегіңіздің елу жылдығымен және халықаралық “Алаш” сыйлығына ие болуыңызбен, сондай-ақ үш бірдей жаңа кітабыңыздың шығуымен шын жүректен қызу құттықтаймын!

Елу жыл бойы ел мен жер, ерен перзенттер, тарих туралы толғанып, әдебиетімізге, мәдениетімізге және журналистикамызға мол еңбек сіңіріп келесіз. Сіздің қарымды қаламыңыздан туған деректі әңгімелер, көркем повестер мен романдар қалың оқырманға кеңінен танылды. Сізді жұртшылық ұлы жазушы, кемеңгер суреткер Мұхтар Әуезовтің шәкірті, ол кісі Оңтүстікке келген жылдары жанына еріп жүрген жақсы інілерінің бірі ретінде біледі. Сіздің “Темірлан”, “Түндер сазы” романдарыңыз, “Бәйдібек”, “Кемеңгердің керуені”, “Тұлпардың ізі”, “Ақбақай”, “Көксеңгір”, “Нұржаудың нұрлы түндері” сияқты повестеріңіз, өзге де хикаяттарыңыз бен әңгімелеріңіз, эссе-естеліктеріңіз өз оқырмандарын тауып, әдебиет пен тарих казынасына айналды.

Сіз ауылдық Кеңесте, Ішкі істер органдарында еңбек еттіңіз, әсіресе, облыстық және аудандық газеттерде ұзақ жылдар бойы қызмет істедіңіз. Қазір де облыстың қоғамдық өміріне, жастарды тәрбиелеуге лайықты үлес қосып жүрсіз. Сіздің өмір жолыңызды, жүріс-тұрысыңызды, бейнетқорлығыңызды, епсектілігіңіз бен елгезектігіңізді үлгі тұтып, өнеге алатындар аз емес. Сондықтан да үнемі құрмет пен беделге, мерейлі марапаттауларға ие болып келесіз.

Ардақты Ереке!

Алдағы кезде де шығармашылық табыстарға жете бергейсіз. Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, ұл-қыздарыңызға, немере-шөберелеріңізге бақ-береке тілеймін!

**Құрметпен,
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Жылқышиев.**

25.07. 2005 ж.

ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының ұжымы атынан Сізді әдебиеттегі жарты ғасырлық маңызды еңбегіңіздің мерейлі тойымен шын жүректен құттықтаймын.

Алашқа руханият шапағатын шашып, өскелең ұрпаққа ағалар жолын дәріптеп таныта білген Сіздің, көрер қызығыңыз, шығармашылық туындыларыңыз әлі де көп болсын.

Ғұмырыңыз ұзақ, денсаулықта болыңыз.

Әулетіңізге бақ-береке тілейміз!

Ізгі ниетпен,


Қазақстан Республикасы

Ұлттық кітапханасы

Бас директоры

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов.

Алматы. 26 шілде, 2005 жыл.



ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сізді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құтықтаймын! Егемен еліміз еселі табыстарға қол жеткізіп, болашаққа нық қадам басып келеді. Сол игі істердің ішінде Сіздің де еңбегіңіздің бар екендігін жұртшылық жақсы біледі, бағалайды.

Сізге мықты денсаулық, жаңа табыс, қажымас қайрат, отбасыңызға береке-бақыт тілеймін!

**Ізгі ниетпен,
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі А.Мырзахметов.**

1.10.2010 ж.

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сізді жас мемлекетіміздің жаңа тарихына арқау болған бүкілхалықтық ұлы мереке – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі күнімен құттықтаймын. Мемлекетіміздің өркендеуіне, ел бірлігін нығайтуға, демократиялық өзгерістердің өрістеуіне арналған еңбегіңіздің жемісті болуына тілектестігімді білдіремін.

Зор денсаулық, қызметіңізде табыстар мен сәттіліктер, отбасыңызда игілік, құт-береке және баянды бақыт жан серігіңізге айналсын.

**Ізгі ниетпен,
Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихат хатшысы Ә.Досболов**

16.12.2009 ж.

КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСОВ 80 ЖАСТА

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы!

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты, барша қаламдас әріптестеріңіз Сізді 80 жасқа толған мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіз бұл жасқа елге сіңірген абыройлы еңбегіңізбен, талай оқырманның рухани азығына айналған шұрайлы шығармаларыңызбен, ағалық, кісілік келбетіңізбен жарасты келіп отырсыз. Сұрапыл соғыс жылдары қаршадайыңыздан туған ауылыңызда еңбек етіп, ерте есейген Сіз соғыстан кейін аудандық, облыстық газеттерде жауапты қызметтер атқара жүріп, ел өміріне етене болып өстіңіз. Осы өмір сабағының ізі алғашқы туындыларыңыздан-ақ айқын аңғарылады.

Көркем әдебиеттегі аяқ алысыңызға заңғар жазушылар Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Шыңғыс Айтматов, біртуар батырымыз Бауыржан Момышұлы, Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтердің ризашылық білдіріп, сәт сапар тілеуі жайдан-жай болмаса керек.

Ағалар сенімін ақтай білгендігіңізге өз өміріңіздің жарты ғасырында жазған әдеби-көркем, тарихи, публицистикалық шығармаларыңызды жиырмаға тарта жеке кітап етіп бастырып, қалың оқырмандардың ыстық ықыласына бөленуіңіз айқын дәлел іспетті.

Сіздің қаламыңыздан туған “Темірлан”, “Бәйдібек”, “Түндер сазы” романдарыңыз бен Шыңғысхан, Қажымұқан, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов, И.Байзақов, Б.Момышұлы, Ә.Досов, Ж.Тәшенов, А.Асқаров сияқты аса ірі тұлғалар хақындағы хикаят, естеліктеріңіз қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейте түскен құндылықтар қатарына жатады.

Еліміздің мәдени-рухани өміріне қызу араласқаныңыз және шығармашылық табыстарыңыз үшін Сізге Елбасының Жарлығымен “Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері” атағы берілді. Сіз халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының иегерісіз. Оңтүстік Қазақстан облысының және Бәйдібек ауданының құрметті азаматысыз. Екі мәрте Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталдыңыз. Осының бәрі еңбегіңізге берілген лайықты баға болса керек.

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы!

Сізді осы 80 жасқа толуыңызбен құттықтай отырып, Өзіңізге зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар, отбасыңызға баянды бақыт тілеймін.

Құрметпен,

Нұрлан Оразалин.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы.

12.10.2007 ж. Алматы.

АСА АРДАҚТЫ ЕРКІНБЕК АҒА!

Бүгінгі 70 жылдық торқалы тойыңызға дейін Сіз қатардағы журналистен ел таныған көрнекті қаламгер дәрежесіне көтеріліп, машақатты да абыройлы жолды басып өттіңіз. Сіздің тарихи, әдеби-көркем, публицистикалық тақырыптарға жазылған шығармаларыңызды Өзбекстан қазақтары да сүйсіне оқып келеді. Әсіресе Шығыстың әйгілі қолбасшысы, өзбек халқының біртуар перзенті Әмір Темір Тарағайдың кесек образын сомдаған «Темірлан» атты туындыңыз екі туысқан елдің әдеби-мәдени байланысына соны серпін беріп, шығармашылық талантыңызға баршаны бас игізді.

Өзбекстандық қандастарыңыз кемел жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге темірдей мықты денсаулық, тың шығармашылық шабыт тілейді. Мұхтар Әуезов сынды ұлы тұлға ұштаған қаламыңыз мұқалмай, әдебиет әлемінің асқарлы асуларынан көріне бергейсіз.

«Узбекистон» баспасының «Асыл мұра» қазақ редакциясы.

17.10.1997 ж. Ташкент.

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сіз әдебиеттегі шығармашылық қызметіңіздің 30 жылдығына жан-жақты кемелденіп, толысып келіп отырсыз. Қазір талантты жазушы ретінде есіміңіз қалың оқырман қауымға белгілі.

Жастық шағыңыз Ұлы Отан соғысы жылдарында балалық бал дәуренді еңбекке алмастырған ауыр кезеңде өтті. Ауылдық мектепті бітіріп, 14 жасыңыздан бастап колхозда жұмыс істедіңіз, ауылдық Кеңес аткомына хатшы да болдыңыз.

1956 жылы «Оңтүстік Қазақстан» газетіне қызметке ауысып, табаны күректей 15 жыл еңбек еткеніңізді де көнекөз оқырмандар ұмыта қойған жоқ. Қазір де Сіз «Оңтүстік Қазақстанның» жақын жанашыры, әсіресе газетке жазылу науқаны кезеңінде көмектесетін белсенді авторысыз.

Алғашқы көркем очерктеріңіз бен әңгімелеріңіз «Келіншектау» – «Сарыарқа» циклімен «Оңтүстік Қазақстан» газетінде басылды. Содан бері қарай қаламыңыздан екі жүзден астам көркем туындылар шықты. Ал алғашқы көлемді еңбегіңіз («Дала дастаны») «Жұлдыз» журналында басылды. Одан соң жазған «Ақбақай», «Көксеңгір», «Қызыл Қаршыға», «Түнгі ән», «Құралай жолы» атты повестеріңіз бен ондаған тарихи әңгімелеріңіз оқырман қауымның ыстық ілтипатына бөленді.

Сіздің соңғы жылдары күрделі тарихи тақырыпқа ден қоюыңыз да сәтті болды. Жақында бітірген әлемге әйгілі Темірдің өміріне арналған «Темірлан» атты тарихи романыңыз осының куәсі. Газетіміздің 17 мамыр күнгі санында туған өлке тарихы туралы жазылып жатқан «Мәңгілік сарын» атты романыңыздан жарияланған үзінді және оның редакцияға түскен тараулары қазір нағыз шабытты шағыңызда екеніңізді көрсетеді.

Қазір ел саяси, әлеуметтік, экономикалық дағдарысқа ұшырап, халық, ұлтаралық қарым-қатынас шиеленісе түскен кезде жазушының рухани күшті сөзі қажет-ақ. Біз Сізді әдеби шығармашылық қызметіңіздің басталғанына 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық зор табыс, отбасына амандық тілейміз.

Әмірсейіт Әлиев,

“Оңтүстік Қазақстан” газетінің редакциясы.

18 мамыр, 1981 жыл.

ҚҰРМЕТТІ ЕРЕКЕ!

Жалындаған жас шағыңызда өзіңіз қызмет істеп, қанатыңызды қомдауға ықпал еткен “Оңтүстік Қазақстан” газеті редакциясының ұжымы Сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Бұл күнде Сіз есімі жалпақ елге мәшһүр жазушы болсаңыз, сол биікке көтерілер жолда қаламыңызды біздің редакцияда ұштағаныңызды біз әрдайым мақтан етеміз. Сіздің қаламыңыздан шыққан дүниелерді қалт жібермей оқып отыратын әріптес інілеріңіз үшін Сіз еңбексүйгіштік пен ізденімпаздықтың айқын үлгісісіз.

Қазақ және орыс тілдерінде оннан астам кітап бастырған Сіз журналист ретінде де “Оңтүстік Қазақстанмен” әрдайым тығыз байланыста болып келесіз. Елдің, жердің жағдайына байланысты өзіңізді толғандырып жүрген мәселелерді газет бетінде көтеріп, жұртпен ой бөлісуіңіз нағыз кәриеге, ұлағатты кісіге лайық қасиет деп түсінеміз.

Құрметті Ереке! Бүгінгідей мереке күні інілеріңіз бен қыздарыңыз Сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, мол шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық, бақыт тілейді.

“Оңтүстік Қазақстан” газеті редакциясының ұжымы.

17 қазан, 1997 жыл.



Республика Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Оңтүстікке арнайы сапары кезінде.
“Ордабасы тауындағы” кездесу. 28. 05. 1993 ж.



Ортадағы төртеу: Исабек, Шерхан, Еркінбек, Мият Қаратаудың
Көкжон асуында. Қазан, 1970 ж.



Бәйдібек ата кесенесіне ұлы бабаның рухы
“Қызыл жолбарыс” мүсінін орнату.
01. 06. 1999 ж.



Облыс әкімі З. Тұрысбековтың
жазушыны мерейтойымен құттықтауы.
Шымкент, облдрам театр сахпасында, Қазан, 1997 ж.



Олжаспен бірге. Қазақстан Жазушыларының VII съезінде. Сәуір, 1976 ж.



Ұзақ жылдарға ұласқан достығымыздың ұстыны еді, ұлы қаһарман Қасым аға Қайсенов.



Шерханмен бірге жүру бір мерей.
Астана, қараша, 2007 ж.



Есте қалды көрген тұс,
Нұрмахан әкім болған тұс. Шаян ауылы, 2006 ж.



Әділхан аға, әз-аға, жаны жібек жақсы аға!
Құрылтайдағы кездесу, мамыр, 2005 ж.

Ұзақ жылдар сыйласқан аға, дос, замандастар



Ж. Тәшенов



Б. Момышұлы



А. Асқаров



Н. Тілендиев



Ə. Жылқышиев



Ш. Мұрғаз



С. Нұрғалымов



Н. Ысмайылов



В. Шумов



Ə. Сасбұқаев



Қ. Тұрысов



Қ. Жаркынбеков



Шымкентте Шыңғысты қарсы алу.
Әл-Фараби алаңы, сәуір, 1998 ж.



М. Әуезовтың Алматыдағы мұражайы ауласында.
Қазақ жазушылары, маусым, 2005 ж.



Талантты орыс жазушысы, шебер аудармашы
Ю.В. Кунгурцев адал дос азамат еді.
Шаяндағы үйде, қыркүйек, 1997 ж.



Бақтияр батырмен Алматының
гүл-бағында. Маусым, 2001 ж.



Балабөген саяжайы. М. Әуезовтың әдебиет отауында.
Казан, 2002 ж.



Майра, Азамат Стамбул шаһарында.



Ағайын достар Астанада той үстінде басқосқан күн.
Сол жақтан: Еркінбек, Шерхан, Ақбілек, Оразкүл, Жора, 3 қараша, 2007 ж.

Әдебиетке жанашыр, жазушы кітаптарының корректорлары.



Биғайша



Урзада



Айша



Сәуле



“Шаянға орнаған Қаратау” тақырыбымен
Шымкентте 87-орта мектепте өткен әдеби кездесуден көрініс. 10.03.2006 ж.



Жакып, Шайзат ұл-қыздарымен Тараз, 2009 ж.



Түзелбек, Талша ұл-қыздарымен Тараз, 2009 ж.



Серік пен Майра Мәскеуде оқудағы күндері. Ұлдары Жандос, Азамат және Шырынкүл Нұржандармен бірге. Желтоқсан, 1995 ж.



Оңласын, Нұржамал, ұлдары Ғани, Наурыз.



Ерланның отауында. Шәру, Жанар келін, Ләйлә, Жәнел және Темірлан батыр. Қараша, 2008 ж.



Гүлсара, Шәкизат, Шәрия, Шәкір Машат пионер лагерінде. Шілде, 1990 ж.



М. Әуезов мектебінің 10-а класс оқушыларымен Шаяндағы үй ауласында кездесу. 12. 05.1983 ж.



Шымкентте Ы. Алтынсарин атындағы облыстық балалар кітапханасында. Қала мектептері оқушылар өкілдерімен кездесу. 12.03.2008 ж.



Балабөген саяжайы. М. Әуезов әдебиет отауы кітапханасына келушілерінің Шырынкүл апаймен кездесуі. Сәуір, 2002 ж.



Сәби бала Серік Бекжанұлының жазушы атасына сәлем бере келуі. Күз, 2007 ж.



Ұлы Отан соғысының
отжүректі қаһарманы,
полк командирі
Дауылбаев Ордабек аға
есімі ел есінде.

★★★



Әлемге әйгілі Ұлы
Сталинград
шайқасының
қаһарманы
Төлеутай Түсіпбеков
елім, халқым
деп өткен ер тұлғалы
азамат еді.

★★★



Ұлы даланың ұлағатты перзенті Еңбек ері –
Көшген Борғазыұлы



Ұлы Отан
соғысы мен
енбектің ардагері
азамат ағамыз
Өмірзақ Әтемов
бұл күндері де
халықтың
қалың ортасында.

★★★



Әдебиет пен мәдениет майданының қайраткері, елдің ерен
азаматы Табанды Әжібеков өшпейтін тұлға.



Тауда туып, тауда өскен,
шыңға қарап шындалған
ел азаматы Бейсен Жарқынбаев
тұлғасы қашан да биіктен көрінеді.

★★★



Майбұлақ таулары. Алтуайт шоқысы баурайында.
Қараша, 1970 ж.

Елбасы елге келгенде...



Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев облыс әкімі М.Ф.Үркінбаевтың және кеңшар төрағасы С.Кенжебаевтың қатысуымен Боралдай ауылының егіс алқабында. 27мамыр, 1993 ж.



Алғабас ауданын Бәйдібек ауданы деп өзгерту туралы Жарлыққа қол қою сәті. Бәйдібек ата ауылы, 23 қазан, 1996 ж.



Ел Президентімен Балабоғенде кездесу. Жазушының “Темірлан” романын сыйға тарту сәті. 23 қазан, 1996 ж.



Ер жасы дейтін елуін, мына тұрған жер екен... Шаянда өткен салтанат жиынының төралқасы. “Жастар сарайы” 21.10.1977ж.



Ұлы Отан соғысының қаһарманы, әйгілі мерген, ішкі істер ардагері Құрекен (Құрманбек) жанұясы ортасында. Қатарда Жұлдыз, немерелер. Сырт жақта: Жаркынбек пен Нәзіпа



Елдің Қайраткер қызы – “Қаратаудың қасқа жолы” құрылысын басқарушы Рәшкүл Оспанәлиева. Маусым, 2009 ж.



Таланттар жол басында: Қалдарбек, Шерхан, Аян, Мұхтар.



Халық қызы Ханзада



Ақын Шалқар



Туған елдің сыйлығы “Көксенгір” аргымақтың үстінде. 18 мамыр 1981 ж. Ақтастағы ауылда.



Ағайынның қашанда бары жақсы. Алыс, жақыннан келген Шақшам бауырлар Балабөгенде басы қосылған сәтте.



Темірлан мен Шыңғысхан



Атамекен туған жерге саяхат. Тұрыс, Жолдас атаның ұрпақтары Талдыбұлақта. Маусым, 2006 ж.



Сырлы дүние, кең дүние... Қасиетті Балабөген жағасында.



Кен-Баба

28.05.10г.

Ерланның жанұясы



Ақбастау ауылының ұлағатты бір қызы Сәуле.



Шаяндағы жаңа құрамының бір тобы жоғарғы үйде.
Қыркүйек, 1997 ж.



Шырынтай



Шырынкүл апа немерелері ортасында. Қыркүйек, 1997 ж.



Арқалы ақын Әбілда



Асқар, Сәуле, Перизат.



Немерелер Сауран, Сымбат,
Бауыржанмен Алматыда. Қаңтар, 1999ж.



Нұрғали



Бақытты сәт! ҚР Мәдениет қайраткері Жарылқасын-Раушан өрімтал сұлу қыздары мен ұлы Бақтияр батырдың ортасында. Алматы, ақпан, 2008 ж.



Тау тәңірісі ұлы мерген Әбдікүл көкеміздің таудағы қыстау мекеніне барғанда. Үлкен Шаян орман қорығы, қазан, 2006ж.



Нұржамалдың нұрлы шуақты сәті. Үйелменді үш ұлы-Ғазиз, Ғани, Наурыздың ортасында



Ең сүйікті, ең қызықты кіші немере Сымбаттың мектепке барған кезі. Сентябрь, 1999 ж. Шымкент.



Жас отаудың алғашқы жас өскіні. Ғазиз, Нұрия қолында Гүлімі. Маусым, 2009 ж.

ТУҒАН ЖЕРГЕ САЯХАТ



Әулеттің ұл-қыздары, келіндері, немерелері
ұлы бабамыз Бәйдібек ата кесенесінде. Алдыңғы қатардан өрге қарай:
Еркінбек, Жәніл, Ләйлә, Аршақұл, Ғабиден, Сәуле, Базарқұл, Құралай,
Түзелкүл, Айжан, Шәмет, Ақмарал, Шәрия, Жанат, Орынкүл, Сымбат,
Пәридә, Нұржамал, Сандуғаш, Нұржан, Ерлан, Айдар, Самат, Мырзахан т.б.
13 маусым, 2009 ж.



Әулеттің ұл-қыздары, келіндері, немерелері туған елге барар жолда.
Шыбықбел асуында, 13 маусым, 2009 ж.




Әулеттің ұл-қыздары, келіндерінің бір тобы. Ортада елдің қайраткер қызы
“Қаратаудың қасқа жолы” құрылысын басқарушы Рәшкүл Оспаналиевамен бірге.
Қошқарата өзені жағасында, 13 маусым, 2009 ж.



Туған елге барар жолда, Адамтас асуында. Сол жақтан: Құралай, Еркінбек, Ырысалды,
Сәуле, Сымбат. Алда отырған Гүлсара. 13 маусым, 2009 ж.



Әулеттің ұл-қыздары, келіндері, немерелері, Балабөгенде.
“Домалақ ене” кесенесі алаңында. 13.06.2009 ж.



Туған елде. Борлысай мектебінде әр жылдары оқыған әулеттің ұл-қыздары.
Мектеп тарихына 71-жыл (1938-2009) толғанда, мектеп табалдырығы алдында. 13.06.2009 ж.



Борлысай аралас орталау мектебін бітірген
1942 ж. соңғы класс бөлмесіне арада
67-жыл өткенде қайта оралған сәт.
Жазушы бірге келген немере, шөберелері
ортасында. Қошқарата ауылы, 13.06.2009 ж.



Шымкентте, қалалық зиратта 2007-2008 ж.
орнатылған Шырынқұл ана
кесенесінің сыртқы көрінісі.
Жобасын жасаушы сәулетші ұста Баһадүр
Дүйсенбайұлы Ахметов.

ЖЕДЕЛХАТ

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ 4 МӨЛТЕК АУДАН 89 ҮЙ 4 ПӘТЕР Е. ТҰРЫСОВҚА

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы! Сізді Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы атағын алуыңызбен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыз. Сіз халықтың қалың ортасында тұрып, барлық саналы өміріңізді туған жер, өскен ортаға творчестволық тағылымыңызды арнағансыз. Сізді ғұлама жазушы ретінде жақсы білеміз. Өмірде әрқашанда азаматтық пен адамгершілік үлгісін танытып үлкенге құрмет пен кішіге қамқор бола беруіңізге тілектеспін. Сізге деніңізге саулық, отбасыңызға ырыс, бірлік, құт-береке, бақ-дәулет, қуаныш тілейміз.

Ізгі ниетпен,

Облыстық мәслихаттың хатшысы Ш.Мырзахметов.

5.10.2005 ж.



ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК АҒА!

Сіз 80 деген сеңгірдің сүрлеуіне сергек қалпыңызбен, сері көңіліңізбен, сезімтал жаныңызбен, сырбаз да салмақты салтанатыңызбен қадам басып отырсыз. Бұл Сізге Тәңірдің тартқан сыйы.

Соған қоса елу жылдан астам уақыттан бері қаныңызға қаламның сиясын тамызып, жан дүниеніңізбен жазушылық өмірдің азабы мен ләззатына еніп кеткен адамсыз. Еліңіз Сізді қарымды қаламгер ретінде де, жалынды азамат ретінде де құрмет тұтып, қадірлейді. Сіз осы қалпыңызбен ерексіз, Еркінбек аға!

Әдебиеттің талай тарландарынан лайықты баға алып, шығармашылық жолда ерінбей еңбектеніп, қаншама қомақты туындыларыңызды оқырманға ұсындыңыз.

Алдағы уақытта да шабытыңыз шалқи берсін, денсаулығыңыз берік, сергектік жаныңызға серік болсын.

Ізгі тілекпен

Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеті ұжымы атынан

Бас редактор Абай Балажан.

17 қазан, 2007 ж.

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сізді 80 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сіз Қазақстанның оңтүстік өнірінде дүниеге келіп, ғұмырлы өмір кешіп, халықтың құрметіне бөленіп, ел атасы атағына үлкен абыроймен жеттіңіз.

Еңбек жолыңыз Ұлы Отан соғысы кезеңіне кез келіп, 14 жасыңызда еңбекке етене кірісіп кеттіңіз. Колхозшы, селолық Кеңес хатшысы, Ішкі істер органдарында саяси қызметкер, аудандық, облыстық газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім менгеруші, редактор қызметтерін атқардыңыз. Әдеби шығармашылық қызметіңіздің де басталғанына 50 жыл толып, Сіз бүгінде білімділігіңіздің, еңбегіңіздің, таудай талабыңыздың арқасында қазақтың белгілі қаламгерлерінің қатарынан орын алып отырсыз.

Сіздің болашақ ұрпақтың білімді, тәрбиелі болып өсуіне қосқан үлесіңіз мол, 500-ге жуық тарихи, әдеби көркем, публицистикалық шығармаларыңыз, «Темірлан», «Бәйдібек», «Ақбақай», «Шығыстың шың ұлдары» т.б. таңдаулы роман, повесть, тарихи хикаят, әдеби көркем туындыларыңыз бірнеше ұрпақты тәрбиелеп келеді және тәрбиелейді.

Өмір Темір, Шыңғысхан, Сейфуллин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы, т.б. тарихи тұлғалар жөніндегі эссе-естеліктеріңіз құнды туындылар есебінде еліміздің тарихының бір бұрышын алып тұр.

Өзіңіз жүріп өткен өмір жолыңыз бен асқан белестеріңіз, атқарған жарқын істеріңіз бен айқын іздеріңіз кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Еңбегіңіз бағаланып, шығармаларыңыздың көбі әдеби байқаулардың басты сыйлықтарымен марапатталды.

Қадірлі Еркінбек аға! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Жемісті жылдарды жетелеп жеткен сексен жасыңыз одан әрі жалғассын! Сізге келешекте де қажымас қайрат, отбасыңызға амандық-саулық, ғұмырлы өміріңіз ұзағынан болсын деп тілеймін.

Оқырмандарыңыз ұрпақтан ұрпаққа жалғасып іздегенін Сіздің шығармаларыңыздан тапсын.


Елімізде тыныштық, халқымызда молшылық болсын!

Ізгі тілекпен, бауырыңыз

Көші-қон комитеті ұжымының атынан Ж.Абдиев.

Астана қаласы.

17 қазан, 2007 жыл.



ҚАДІРЛІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сіздің сексеннің сеңгіріне көтерілген мерейтойыңызды Қазақ елі, әсіресе туған топырағыңыз Оңтүстік өңірі ерекше ықыласпен қарсы алып, ақ тілектерін жаудыруда.

“Нұр-Отан Халықтық демократиялық партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының мерейлі 80 жасыңызға орай жолдаған ыстық ықыласқа толы шынайы құттықтауын қабыл алыңыз!

Сіздің шырайын келтіріп жазған көркем шығармаларыңыздың қай-қайсысы да туған әдебиетіміздің алтын қорын байыта түсті. Олардың беттерін парақтаған сайын туған жер, өскен ел тарихының терең талдауын табамыз. Ел шежіресінің өзекті тұстарын қозғаған өткеніміз бен бүгініміздің шынайы шындығына қанығамыз. Барына ие болып, бағы ашылған қазақ елінің басындағы бүгінгі егемендіктің бағасын біле түсеміз.

Жасыңызға жас қосылған сайын қарымды қаламгерлік қасиетіңізге қоса ел қамын жеген ел ағасына ақ көңілмен “Өз елім менің өзегім” – деп толғаған туындыларыңыз өзіңізді айрықша алғысқа бөлеп келеді.

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы!

Кемелдігіңіз бен кемеңгерлігіңізге кепіл мерей мәртебеңізді қалың жұртқа жариялай келген 80 жасыңызды Тәңірі баянды етіп ауыл-елдің ақылшы Абыз-атасы атануыңызға тілектеспіз.

“Нұр-Отан” ХДП ОҚОФ

Төрағасының бірінші орынбасары А.Е.Тұрғымбеков.

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сіз дүниеге келген қарт Қаратаудың күнгейімен қатарлас, қоныстас жатқан Созақ елі өзіңізді жетелі ойларға жетелейтін 70 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Құрметті Ереке! Ежелгі «Бөген-Шаян» деген атпен белгілі болған мамыражай мекенде дүниеге келген Сіз бір жетпіс жылдық ғұмырыңызда қазақ әдебиеті деп аталатын шалғыны шүйгін әлемге еркін араластыңыз. 300-ге жуық тарихи, әдеби көркем, публицистикалық шығармаларыңызбен қатар, республикалық, орталық баспалардан жарық көрген 12 кітабыңыз халқымыздың рухани қазынасын толтырған алтын қор болып отыр.

Қымбатты Ереке! Халық аузында Теріскей деп аталатын Ысқақ баб, Бабатүкті Шашты Әзіз, Қарабура сынды әулие-әнбиелер мәңгі тыныстаған киелі мекенде Сіздің Шаян мен Созақ ауданы негізінде «Өскен өркен» деп аталатын шығарма жазу үшін арнайы іссапармен келген ұлы, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовпен бірге болғаныңызды жақсы білеміз. Бәлкім, осы бір сапардың игі нәтижесі болар, Сіздің қаламыңыздан Созақ елі туралы қаншама шырайлы шығармалар дүниеге келді десенізші... Тіпті жақында ғана біздер Созақ елінде өзіндік із қалдырған Сәкен Сейфуллиннің аңызға бергісіз өмір жолы туралы, оның «Тау ішінде» деп аталатын әнін Теріскей топырағында қалай туындатқанын сүйсіне оқып білдік.

Аса құрметті Еркінбек Тұрысұлы!


Біздің пайымдауымызша, Сіз тек қана бірыңғай жазушылықтан гөрі халықтың қалың топтасқан жерінде туып, соның қырын, мұңын көбірек тындап, соларды сол халықтың имандылыққа ұйыған тұстарын да көбірек қолға алған жансыз. Сондықтан да болар, Сіздің ізгілікпен өрілген жолыңызда «Бәйдібек-Сыланды» қорының президенті болу сияқты ұлағатты істер де молынан ұшырасады. Осынау шарапатты шаруаны қарт Қаратаудың Теріскей тұсында да жалғастырып, біз Сіздің жақында ғана Бабатүкті Шашты Әзіз, Қарабура кесенесінің ашылуына, әруақтарға арнап ас берілуіне үлкен үлес қосқаныңызды жақсы білеміз.

Құрметті Ереке! Жетпіс дейтін жастың жотасына жемісті енбегіңізбен еркін көтерілген Сізге бақытты ғұмыр, отбасының амандығын тілейміз. Халқымыздың біртуар данагөйіне айналып, қаламыңыз қолыңыздан түспей, оқырмандарды ойлы шығармаларыңызбен қуанта беретініңізге сенімдіміз.

Сізге деген ізгі тілекпен Созақ ауданының әкімі

Қуаныш Айтаханов.

18 қазан, 1997 жыл.



ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Сізді 70 жасқа және әдеби шығармашылық қызметіңізге 40 жыл толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізді біздің ауданның халқы облыстың республикаға белгілі бірден-бір жазушысы ретінде таниды. Біздің оқырмандар Сізді «Темірлан», «Түндер сазы» романдары мен «Бәйдібек» және «Нұржаудың нұрлы түндері» атты әдеби-көркем әңгімелер мен повестері арқылы бүгінгі әдебиетімізге аса құнды туындыларды дүниеге келтірген жазушы деп біледі.

Сіз өз еңбегіңіз арқылы қазақ оқырмандарына М. Әуезовті, С. Сейфуллинді, И. Байзақовты, Б. Момышұлын және ұлы Бәйдібек бабаны бұрынғыдан да терең таныстыра түстіңіз.

Бүгінгі мерейтойыңыз күні құрметті елдікке мұрагер бола білген Ереке Сізге зор денсаулық, шығармашылық биіктерін жалғастыра беріңіз деп тілек білдіреміз.

Қазығұрт ауданының әкімі

Ә. Мақұлбаев

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Ильясов

17 қазан, 1997 жыл.

ҚАДІРЛІ ДЕ ҚЫМБАТТЫ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Ордабасы аудан әкімшілігі мен мәслихаты сізді 70 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіз осы күнге дейін өзіңіздің саналы өміріңізде, бойыңыздағы күш-қуатыңызда халыққа эстетикалық тәрбие беруде мәдени көшіміздің бастауында жүрген ірі тұлғаларының біріне айналып, халық арасында құрметке ие болудасыз.

Сіздің жазған «Келіншектау», «Ақбақай», «Көксеңгір», «Құралай жолы», «Қыран тауы», «Түндер сазы», «Тау аңызы», «Ел ішінде» және т.б. повестер, тарихи романдар, эссе мен естеліктеріңізді жұртшылық сүйсіне оқиды. Әсіресе «Темірлан» тарихи романы әлемге мәшхүр сайыпқыран қолбасшы Әмір Темірдің Темірлан топырағында ат басын тірегенін айта келіп, ұлы бабамыз Әмір Темірдің – Ұлы ерліктің үлгісі, биік парасат, ақыл иесі бай иман – салауатты тұлға екенін жан-жақты толық суреттеп бергенсіз. Осындай ерен еңбектеріңіз жоғары бағаланып, мемлекет тарапынан бірнеше наградалардың иесі атандыңыз!

Аса құрметті Еркінбек Тұрысұлы!

Сізді тағы да ұланғайыр мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта қажымас қайрат, зор денсаулық, жанұяңызға бақыт, шығармашылық табыс тілеуге рұқсат етіңіз! Сіздің бүкіл саналы ғұмырыңыз жана ұрпаққа өнеге сәулесін шашар қасиет шегінде бола бермек!


Ордабасы ауданының әкімі

О. Омаров.

Аудандық мәслихат хатшысы

Ә. Байбосынов.

17.10.1997 ж.



УВАЖАЕМЫЙ ЕРКИНБЕК ТУРУСОВИЧ! ДОРОГОЙ ЕРЕКЕ!!!

С большим воодушевлением и приливом радости сердцу поздравляем Вас одного из старейшего и известнейшего писателя Казахстана, со знаменательной датой – 70-летием со дня рождения!

Около 200 художественных произведений и свыше двух тысяч очерков, статей, эссе вышло из-под руки того, кого называют чаяновским отшельником, южно-казахстанским Шолоховым.

Прошлое и настоящее, переплетясь в таинственном тигле Вашего вдохновения, встает со страниц Ваших книг, увлекая читателей живостью изложения, динамикой сюжета, колоритными характерами. «Темирлан», «Байдибек», «Истинные сыны Востока», «Караван мудреца» – для каждого, кого занимает история родного края, – а это тысячи ваших поклонников! – эти исторические повествования стали настольными книгами.

Редакция «Южного Казахстана» гордится тем, что писатель и переводчик романа «Темирлан», лирико-нравственных повестей из «Мелодии ночи» Юрий Кунгурцев, – наш сотрудник и Ваш коллега по литературному произведению. Отрывки этих широко известных теперь произведений были опубликованы на страницах «Южанки» и были встречены с одобрением читающей публикой.

Скакуны Коксенгир и Акбакай, названные так в честь Ваших первых книг, стремительно несутся в аламан-байге в гуле грамоподобного одобрения. Желаем Вам, дорогой наш Ереке, такой же дальнейшей литературной и жизненной судьбы!

Коллектив «Южно Казахстана»

17 октября, 1997 г.

Шымкент.

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК ТҰРЫСҰЛЫ!

Киелі Қазығұрт жұртшылығы атынан, Сіздің әдебиет саласындағы еңбегіңізге 50 жыл толуы және халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты атануыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің балалық шағыңыз Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келіп, еңбек жолыңызды ауылдық Кеңес хатшысы, Ішкі істер органында саяси қызметкер, аудандық “Алғабас”, облыстық “Оңтүстік Қазақстан” газеттерінде жалғастыра отырып, шығармашылық саласында жарты ғасырдан аса қызмет атқардыңыз. Елге осы уақыт ағымында 400-ден астам тарихи, көркем, публицистикалық шығармаларын ұсындыңыз.

Сіз “Бәйдібек-Сыланды” қоғамдық қайырымдылық қорын құруға үлкен үлес қосып, қазіргі таңда қор президенті лауазымын абыроймен атқарып келесіз.

Бүгінде де шығармашылықтан қол үзбестен “Шығыстың шың ұлдары”, “Тұлпардың ізі”, “Нұржаудың нұрлы түндері” атты жаңа туындыларыңыз жарық көруде.

Елге сіңірген еңбегіңіздің жемісі – 1958 жылдан КСРО және Қазақстан Журналистер одағының, 1976 жылдан КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болып, Қазақ әдебиетін дамытудағы еңбегіңіз үшін 1977-1987 жылдары екі мәрте Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталып, Елбасымыздың Жарлығымен Республика алдындағы еңбегіңіз үшін 1998 жылы “Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері” құрметті атағын иемденіп, Оңтүстік Қазақстан облысының және Бәйдібек ауданының құрметті азаматы атандыңыз.

Құрметті Еркінбек Тұрысұлы!

Әрқашан өзіндік пікір-ұсынысын білдіріп, оның үдесінен шығу үшін күресетін қарымды қаламгер, облыстың ғана емес, Республиканың сыйлы азаматы дәрежесіндегі Сізге қажымас қайрат, өнегелі өмір, қуатты денсаулық тілеймін!

Ізгі ниетпен,

Қазығұрт ауданының әкімі Ә.Көбеев.

25.07.2005 ж.

ҚҰРМЕТТІ ЕРКІНБЕК АҒА!

Сізді бүгінгі туған күн мерекенізбен Арыс қалалық мәслихаты атынан және өз атымнан шын жүректен құттықтаймыз!

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсара түсіп, өркендеу бағытын алған, халықтың саяси белсенділігі мен қоғам дамуына деген қызығушылығы артып, әлемдік демократия негіздерінің барлық салада кеңінен орын ала бастаған кезеңімен қатар, өзіңіздің бойыңыздағы қайрат-жігеріңізді туған халқыңызға қызмет етуге арнап келесіз.

Мұның жарқын дәлелі Сіз шығарған он сегіз кітапқа, бес жүзден астам роман, повестеріңіз бен әңгімелеріңіз басылып шықты. Осындай елеулі еңбегіңіздің арқасында ел алдында қашанда жүзіңіз жарқын, мәртебеңіз биік, мерейіңіз үстем.

Сізді құрметті Еркінбек аға, туған күнінізбен тағы да ыстық ықыласпен қызу құттықтап, отбасыңызға бақыт, өзіңізге мықты денсаулық, қаламыңызға творчестволық табыстар тілейміз.

Ізгі ниетпен,

Арыс қалалық мәслихат хатшысы Ө.Керімқұлов.

17.10.2007 ж.

Сәбит ЖОЛДАСОВ,
тарих ғылымының докторы, профессор,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛЕГІ

Аға туралы сыр

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовті өзіне ұстаз тұтқан, бірнеше рет сапарлас болып, кейін ол жөнінде тамаша естеліктер жазған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Еркінбек Тұрысов жөнінде шертер сыр көп екені сөзсіз.

Шығыс Қаратаудың шалғай шетінде, Шыңғысханның Қарақорымдағы құрылтайға кетіп бара жатқанда қонып өткен «Ордақонғанның» етегінен онша алыс емес, елеусіз елді мекен – «Талдыбұлақ» деген ауылда дүниеге келген еді ағамыз. Қазір онда ел тұрмағанымен, әлі күнге дейін Ерекеңнің атасының атымен «Әжібек қыстауы» делінеді.

Ағаның балалық шағы отызыншы жылдардың басында қазақ елі бастан кешкен сұмдық ашаршылық жылдарына тұстас келіп, бес-алты жасында тамақ іздеп шұбырған, жол бойында қырылған елді өз көзімен көріп, күйзелген ел тағдыры оған сол кезде-ақ ұмытылмас әсер қалдырған еді. Туған жері мен елі жөнінде көп қалам тартатыны да содан болса керек-ті.


Ел басынан өткен сол қасіретті жылдар елесі алпыс жыл өткенде «Нұржаудың нұрлы түндері» атты керемет, мөлдір сезімнен туған шығармасына өзек болғанын көреміз. Ол повесть шын мәнінде адам, заман, табиғат, тағдыр үйлестігінен туған жан тебіреніс туындысы. Жас албырт балалық шақ, қаншама қиын болса да барша өмір бақытын туған жер, өскен ортадан іздейді.

Сол балалық шақтың қиындыққа, қызыққа толы бақытты шағы, ұмытылмас бейнесі жазушыны қанаттандырып, қайталанбас таза туындылар беруіне сарқылмас дүниелік болғаны әр кез көрінеді.

Жазушы шығармалары ол көбіне көп, келісті табиғаттың керемет суреттері, онда өмір сүрген қарапайым да әрқилы тағдырлы адамдардан, мерген-аңшы, құсбегі сияқты аса тартымды тұлғалардан тұрады.

«Ақбақай» – бұл отызыншы-қырқыншы жылдарда өткен замандастар, романтикалы жастық шақтың бейне көрінісінен тұрады. Ауыл, ғажайып жайлау, бейбіт өмір, жастық шақ махаббаты... Кенет соғыс... «Ақбақай» атты керемет сәйгүлігі майданға алынған жас жылқышы Жәнібек тағдыры. Бір қарағанда бұл оқиға «Ақбақай» тарихы сияқты болып көрінгенімен сол кезеңдегі ел, адамдар тағдырымен мейлінше байланысып жатыр.

Өткен-арғы ғасырдың соңы мен жиырмасыншы ғасырдың басында алыстағы бір тау елінде өткен ғажайып өмірлі адамдардың тіршілік тынысына арналған «Көксеңгір» шығармасы биіктік, ерлік, парасат, мәңгі жасайтын өмір жалғасының көріністері – «Дауылқара» жас қыран мен тағдыры таласта өткен Жамбай құсбегінің өмірі, оның Шанқанбоз атты жүйрік тұлпары жөнінде сыр шертеді. Онда сұлу табиғат,



қайталанбас тамаша көріністер сізді сөзсіз қиялдандырып, бірде сонау заңғар тау, енді бірде кең жазира далаға алып кетіп бара жатқандай болады. Сіз шығарма оқиғасынан бөлініп кете алмайсыз, кейіпкерлермен бірге жүресіз. Ерекеннің табиғатты шебер суреттейтіндігінің бір ерекшелігі, ешкімде қайталанбайтындығы осында.

Жазушының қайсы шығармасын алсаңыз, оның негізгі кейіпкерлері ауылдағы өзіміздің қатарымызда жүрген қарапайым ел адамдары. Таудағы ауыл өмірі, Битас, Байтас атты тау азаматтарының қиын да қызықты өмір жолына арналған «Қызыл қаршыға» атты шығармасы да осындай адамдар өміріне арналған.

Романтикалық жастық шақтың, Отан соғысы тұсындағы ауыл өмірінің өзгермес, өшпес суреті берілген «Түнгі ән» повесі жазушы творчествосындағы туған жерге деген сүйіспеншілік, оның ел табиғатын керемет түсіне білетіндігін көрсеткен шығарма.

Ерекеннің шығармаларындағы бір ерекшелік, оқиғалардың жалаң баяндалмайтындығы. Еліміздің табиғаты, тауы, жері, өзені, аспаны жөнінде қаншама суреттегенімен ондағы сөздер, ойлардың ешқашан қайталанбайтындығы.

Сөзі бай, ойы терең, қиялы жүйрік, сөздері шырайлы, маржандай тізілген бір дүние. Сирек кездесетін теңеулері өз алдына. Сондықтан да оның табиғатты суреттеуі сізді ешқашан зеріктірмейді. Сөз зергері десек артық айтқан болмас.

Жазушының шығармаларының биік шыңы – талайымызды таң қалдырып, талайымызды тамсандырған «Темірлан» романы. Бұл шығарманы жазарда ұзақ жылдар бойына әзірленіп, ел ішінен ілкі заманда өткен жаһангер падишах Әмір Темірдің өміріне, жорықтарына қатысты әңгімелер жинады. Ташкент, Самарқанд, тағы басқа қалаларға барып деректі материалдар жинады. Темір жорықтарының өткен жолын, одан әрі тарих төңірегінде Шыңғысхан дәуіріне іздеу салды. Сол уақыттар ішінде қаншама еңбектерді ақтарып шықты. Сүбелі еңбекті жазуға дайындық оңай болған жоқ.

Рас, Темірлан жөнінде жазылған шығармалар жоқ емес. Жетерлік. Онда Ерекен неге бұл тақырыпқа қалам ұрды деген сұрақ туары сөзсіз. Жауабы біреу ғана: Ерекен Темірлан жөнінде шындықты іздестірді. Шектен асқан қаталдығымен бірге оның пенделік, адамдық, азаматтық, қолбасшылық, данышпандық саясаткерлік, әділ әміршілік, теңдесі жоқ әлемдік жаһангершілік қасиеттерін ашуға күш салды. Расында, батыс жазбагерлерінің Темірдің шектен тыс қаталдығын айта беретініне келсек, ол сол заманның талабы. Қатал болмаған патша ортағасырлық заманда елді басқарып тұруы мүмкін емес те еді.

Өте бай материал негізінде романның қысқа мерзімде, бас-аяғы жыл ағымында ғана жазылып шыққанмен одан асығыстың табы байқалмайды, жүйелі, салиқалы шығарма. Тілінің шұрайлылығы жөнінде бұрынғы шығармаларынан асып түскен, ағыл-тегіл сөз тасқынымен аса зор ыждаһатты ыстық ықыласпен жазылғаны көрінеді.

Осы романды оқыған қаһарман партизан жазушы Қасым Қайсенов: «Аса құрметті Еркінбек! Сенің батыр да қатыгез бабаң «Темірлан» ойламаған жерден менің қолыма тұтқынға түсті. Бабаң жайлы сол заманның әуені, сол заманның сөзімен аңыртыпсың» – деп арнайы хат жазғаны романның қастер-қасиетін көрсетіп тұрғаны емес пе? «Темірлан» бүгінде ел ішінде, ауыздан ауызға, ауылдан ауылға көшкен, аса құнды, сирек туындыға айналды.

– Бұл шығармаға тәуекел етіп қолға алуыма Қазақстан жазушыларының 1976 жылы өткен VII съезінің кезінде әйгілі тарихшы-жазушы Ілияс Есенберлинмен арада өткен бір оңаша әңгіме әсер етті, – дейді аға.

– Сен Қаратауда алтын көмбе үстінде отырсың, – деді Ілекең, – Қаратау ұлы оқиғалардың ордасы. Қасында Отырар, Түркістан, Сайрам, Созақ, Баба ата, арғы жағында Бұхара мен Самарқанд, мынадай тіл, мынадай шексіз мүмкіндік барда, сен жазбағанда Темір тарихын кім жазады?..

«Темірлан» – әлі де кеңейте түсетін, жалғасын табатын туынды. Ол туралы жазушы материалдары да ұшан-теңіз. «Орайы келсе қолға алуды бір күнде естен шығарғаным жоқ», – дейді жазушы аға.

Тарихи тақырып Ерекеңнің жанындай сүйетін тақырыбы. Расында да жақсы шығарма жазуға бірінші шарт – туған жер, өскен елді шексіз сүйю. Адамдармен етене жақын өмір сүру. Осы қасиеттің бәрі жазушы ағада бар. Ол кісіге сарқылмас қуат, талмайтын қанат, сөнбейтін шабыт берген керемет осы. Бұдан қырық бір жыл бұрын, облыс орталығындағы қызметтің жайлы орнын өз еркімен қалдырып, ел ішіне, ауданға көшуінің сыйы да, сыры да осы терең мағына, биік мұраттарда жатыр.

Өмір көрген, туған жерде ұшан-теңіз бай ғұмырнамалық материал жинақтаған жазушы, әсіресе соңғы жылдары кең құлашты, өнімді еңбек етіп, аса терең, мән-мазмұнды, терең сырлы, ғибратты шығармаларын берді.

Соңғы екі-үш жыл ішінде дүниеге келген тамаша шығармалары «Құла айғыр Құлан және Құланбике» атты ғажайып аңыз әңгімесі, «Бәйдібек» атты тарихи хикаясы, «Алыста қалған» повесі, «Жабайы жылқы» тарихи әңгімесі әр заман, әр кезеңнің суреттерін өз тұрғысынан әсем шындығымен бейнелейтін, ұшқыр ой, шалқар шабытпен туған озық туындылар.

Тарихи, көркем, публицистикалық шығармаларды қат-қабат қамти өрбіткен жазушы өзі сапарлас, сырлас, сыйлас болған қазақ елінің ардақты ұлдары, аса биік тарихи тұлғалар жайлы эссе-естеліктерін мейлінше ыстық ықыласпен жазды.

Жазушы ағаның өзінің ұлы ұстазы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің адамдық, ұстаздық, азаматтық қасиеттері терең суреттелген, жақында аяқталған «Кемеңгердің керуені» атты керемет повесі, «Ұмытылмас бейне», «Құралай жолы», «Баба ата хикаясы», «Ел ішінде», «Ағаның сыйлығы» атты естеліктері ерекше сыршыл да сындарлы дүниелер.

Сол сияқты «Қайран Сәкен», «Исаның домбырасы», «Таңғы елес», «Тынық Донға саяхат» атты естеліктері оқырманын бір қиырдан бір қиырға шарықтатып әкететін шығармалар.

Жазушы ағаның Шаяндағы үйі «тек шығармашылық ортасы ғана емес, сонымен бірге сонау бір жылдар ұлы Мұхтар ағаның арнайы тоқтап, өшпес із қалдырған әдебиет пен мәдениеттің, достық кездесулер мен бірлесудің ұлағатты ордасы. Тұтас бір аудан елі қадір-қастер тұтатын киелі үлкен шаңырақ. Мұнда байтақ елдің әр қиырынан қаламгерлер, әдебиет пен өнердің, білім мен мәдениеттің қайраткерлері – жай қарапайым ел адамдары үздіксіз келіп-кетіп жатады.

Ел-жұртына етене, табиғатқа шексіз ғашық, барынша қарапайым өмір тағылымын ұстанған ағаны жерлестері жазушы ағамыз өзіміздің Ер-ағамыз, “Шаяндағы Шолоховымыз” деп қадірлеп сыйлайды.

Қашанда, қандай кез-кезенде де қуанышы, қиындығы аралас өмірде ел-жұртымен бірге өмір кешкен аға бүгінде сол үлкен жолдың үстінде. Әр күні таңмен бірге оянып, бір сәт алыстан көрінетін тау мен дала өлкесін биіктен шолып, жазу столына оралады. Ақ қағаз бетіне, өмір тәлімінен алған сарқылмас ой дариясының асыл маржандарын төге бастайды.

Туған жер түлегі үшін одан биік тіршілік мұраты болмақ емес.



ЖАЗУШЫ БАҚЫТЫ

Жазушы – жаратылыстың жаны. Ол кемеліне келген кезде табиғатқа тамылжытып тіл, құстарға құйқылжытып үн бітіреді. Гүл шырынынан тәтті гуілге толы омартаға бал жинайтын аралардай көп күндері мен түндерін тынымсыз қарекет үстінде шығармашылық іңкәрін ізденіспен өткізеді.

Әдебиет ежелден адам өмірінің айнасы болып келді. Сондықтан оған жүрдім-бардым атүсті қараудың өзі күшірлікпен бара-бар. Ол қасиетті өнерге өлермендіктің сорпасы үш қайнаса да қосылмайды. Бесіктен ана тілін арда емгендер ғана қолына қалам ұстап, келе-келе халқының асыл мұратының жоқшысына айналады. Олардың туындылары да табиғи ортаға біртабан жақын болып тұруы да сондықтан болар. Өз туған жерінен табан аудармай, соның тіршілік-тірлігімен сіңісіп кеткен жазушылардың әдебиетімізге, қала берді тарихымызға әкелер олжасы ешқашан ортаймайды. Және ол тек рухани қызмет атқармай көзіқарақты оқырманға тың тұлғалар бейнесін ұсынары да хақ. Талдыбұлақ ауылында туып-өскен Еркінбек Тұрысұлы әдебиетке кейінірек келіп араласты. Бізде ауылдан әлдеқашан кетіп, Алматы көшелерін босқа шандатып жүргендер аз емес. Ал, ел ішінде сөз сардары атанып, туған топыраққа бауыр басып, қаламгершілікті күйттеп жүргендер саусақпен санарлықтай некен-саяқ. Атырауда Берік Қорқытов, Сыр бойында – Қомшабай Сүйенішов, Ақжайықта – Жанғали Нәбиулин, Семейдің Ақсуатында – Ахмет Жүнісов, Көкшетаудың Красный Ярында – Ибраһим Салақов, Ақсу Жабағылыда – Сатыбалды Дулати ешкімнен кем еңбек етіп жүрген жоқ. Түркінің туын тіккен Тұран ойпатының алтын дінгегіндей болған Қаратау – қазақтың түп атасының бастау шежіресі, баянды тарихының сарқылмайтын сағасы екендігі айдан анық. Олай болса бір кездері Қорқыт дүниеге келген қасиетті топырақтан, аңыздарда көп айтылатын Бабатүкті Шашты Өзіз бастаған қаншама әулие мен батыр бабаларды өмірге келтірген өңірден өресі мен өрісі тар таланттың шығуы әсте мүмкін еместігі тағы бар. Міне, дәл осындай топырақта дарыны қалың жапырақ жайған Еркінбек Тұрысұлы аз шығармалар берген жоқ. «Ақбақай», «Келіншектау», «Құралай жолы», «Алыста қалған» туындыларында ол осы өлкенің кешегісі мен бүгінгісіне жіті үңіліп, кен қорытқандай сөз дүкенінің көрігін басады. Бала жастан санасында сәулелендіріп, сол қызықты әлемнің ортасында жүріп, өзінше түйін түйіп, бойға сіңіреді, бақытқа орай, болашаққа қарай алтын арқау тартады. Көкірегі күмбір күйге толы кейіпкерлерді кітаптар бетінен сырбаз сөйлетеді.

Ол өзінің еңбек жолын Ішкі істер министрлігінің облыстық басқармасында істеп жүрсе де, институтта оқыса да, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің көп жылдар тілшілік қызметін атқарса да, тіпті сол күнгейдегі аудандық газетті бірнеше жыл басқарып еңбек етсе де өзінің азаматтық та, жазушылық та міндетін бір сәт ұмытқан емес. Е. Тұрысұлы замандастар тірлік-тіршілігін жырлаудан жалықпай келеді. Біздің ұлттық әдебиетте тарихи

тақырыптарды игеруде мол тыңғылықты тәжірибе жинақталып, үлкен үрдістер пайда болды десек ешқандай шындыққа қиянат болмайтын шығар. Бұндайда М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, Ә. Нұрпейісов, Т. Әлімқұлов, І. Есенберлин, Ш. Мұртаза еңбектерінің өзі көркем ойдың көсегесін көгертіп, қазақ халқының рухани көкжиегін кеңейтті.

Е. Тұрысұлы да сол қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, «Темірлан» романы мен «Бәйдібек» хикаятын жазды. Автор шабытты шақтарында туған шығармаларында тарихи сезім өткірленіп, қазіргі заманның көкейкесті мәселелерімен астасып жатыр. Егер романда сонау шапқыншылыққа толы шақтардың зұлматтары ыждаһаттық пен шежіредей ширатылып таратылса, прозаның бір жанрында жақсы туған хикаят ата-бабалардың ел мен жер үшін жасаған ерліктері мен төккен тері зая кетпегенін көрсетеді.

Сол сол екен, бір-бірімен құйрық тістесе жарық көрген повестері мен әңгімелері елді елең еткізіп, Ерекеңнің жазушылық қабілетінің мол екендігіне көз жеткізді. Олардағы бейнелер көркем бедерленіп, қат-қабат өмір жолындағы өзекті өртер мәңгілік мезеттері өз өрнегін тапты. Бұл кезде сана танымының да, зерде ұғымының да көкжиегі кеңейіп, биіктеп, тереңдеп, мазасыз ойлар толғаныс күй кешкізіп, жазушы жалаңтөс шындығын жайып салғызады. Біраз творчестволық тәжірибе жинақтап, өзіне тән қолтаңбасын қызық қалыптастырған Е. Тұрысұлы прозаның күрделі жанрына да ұдайы қалам тартып келе жатыр. Осы орайда бүгінгі заман мен тарихи сезімдердің іштей жымдасып, қатар өріліп жататынын айтқан артық болмас еді. Оның қай шығармасын алмаңыз, бәрінде де бұл қос арна бір айдыңға құйылып, шалқарланып сала береді.

«Нұржаудың нұрлы түндері», «Шығыстың шың ұлдары» атты эссе-естеліктер шығармаларымен бірге ұлы Мұханның бір ғасырлық мерейтойына тарту есебіндегі «Кемеңгердің керуені» атты повестері тек бір жеке тұлғалар төңірегінде емес, зор қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларды қамтиды. Онда заман мен адам, жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық күн мен түндей алмасып жатады.

Иә, Ерекең осыншалық еңбектерінің таза тұнбасы өз туған топырағында жатқандығын тағы да қайталап айту шарт. Ол өзі ғұмырында аштықты да, тоқтықты да көп көрді.

Өнер өңірінде қырық жылдан астам еңбек етіп келе жатқан жанның бұған дейінгі өмірінің өзі өз өрнегін дөп басуға жетерлік мезгіл. Демек, жазушының шығармашылық өмірінің бастауы да сонау балалық шағындағы ұғымталдығының әсерінен қайнар алып жатыр.

Қазір заман өзгеріп жатыр. Жер-жерде кітапханалар, клубтар мен басқа мәдени ошақтар жабылып, нарықтық қатынастардың ауыртпалығынан ауылдың хал-ахуалы мүшкіл жағдайға жетті.

Бұлар елім деп еңірейтін ер жігіттердің көз алдында өтіп жатқан құбылыс. Жазушы Е. Тұрысұлының да алдында жаңа биік асулар тұр. Бірталай қоғамдық қордың жетекшісі мен мүшесі бола жүріп, халық өмірімен егіз күн кешуі қаламгер бақыты. Бұл кімге болса да үлкен жауапкершілік жүктейді.

«Егемен Қазақстан».
қазан, 1997 ж.

АТАЖҰРТ АЙШЫҚТАРЫ

Заулап өтіп бара жатқан уақытқа дауа бар ма? Өйтпесе күні кеше Қаратау күнгейінде Арыстанды-Қарабас пен Шақпақтың желімен жарысып, ат жалын тартып мініп, азаматтықтың үлкен ауылына аттанған Ерекенді алпыстың асуын артқа тастап, жетпіске жетті дегенге кім сенеді?! Ол әлі тың.

Қойнауы құт Қаратаудың бұл тұсы ит мұрны өтпейтін жыныс тоғайға, бадам-бадам шатқалға айналып кетеді. Жазға салым шиесі мен бүлдіргені пісіп, мизамда жабайы алмұрты мен алмасы, доланасы мен шетені көз жауын алып, уылжыған алуа қатты аңсар ауғызды. Жусанды жазира дерменелі далаға бетегелі белдер аңқасы кепкен қызылдың бұйрат-бұйрат шөлдеріне ұласады.

Қияндағы Арыс пен Арыстанды арасындағы өлке өмірінің өткені мен бүгінін Еркінбек Тұрысов жақсы біледі. Көргендері мен көңілге түйгендері, ой олжасы өте көп. Оны аңдар мен құстар, өсімдіктер мен талдар (тобылғы мен талшын, ұшқат пен бүрген, жыңғыл мен сәмбітал, қандым мен қарағаш, т.б.), тау-тас пен өзендер тағдыры аз толғантпайды. Жазушы шын жаратылыстанушыдай тұз тіршілігін тамыршыдай тап басады.

Бесігінен бастап бозала таңда даланы тәтті әуенге бөлейтін бозторғай шырылы ана сүтімен бірге қанына сіңгендей. «Ақбақай» мен «Көксенгір», «Қызыл қаршыға» мен «Алыста қалған» кітаптарына кірген повестері мен әңгімелері уақыт шежіресін шертіп, әртүрлі толғаныс үстіндегі адамдардың жан сырын шамырқандырып баяндайды. Бұл өңірде Қожа Ахмет Иассауи, Бәйдібек пен Нұрилла және Сыланды, Әмір Темір іздері сайрап жатыр.

«Қазақ даласы – алғашқы адамдар пайда болып, мекендеген жер бетіндегі санаулы кіндіктердің бірі. Алғаш Қаратау өңіріндегі табиғи ошақтарды мекендеген адамдар екі миллион жылдан бері өніп-өсіп, қоныстарын барлық аймақтарға жайды, – деп жазды геология-минералогия ғылымының докторы Әділхан Байбатша Темір дәуірін сипаттай келіп. – Ал, қазақ даласы кіндігінен өнген адамдар Шығыс Еуропаны, Азияның солтүстік бөлігін, Орта Азияны, оның оңтүстік жағын мекендеді, Аляска арқылы Америка құрлығының тұрғын халықтарына айналды... құлашын кең жайған қоныс аударулар негізгі екі кезенді қамтиды».

Сол Ұлы дала, Қаратау қойнауындағы арайлы таңдар мен жұлдыз жауған түндер, қырмызы гүлдер мен ғажайып еңбекқор адамдар қай шығарманың болса да ажарын айшықтайды. Тамаша саңлақ суреткер Мұхтар Әуезовтің соңғы уақытта қайта-қайта осы атырапқа ат басын тіреп, Оңтүстік очерктері мен аяқталмай қалған «Өскен өркен» романын жазуының өзі біраз жайды ашып береді. Шабыт шақыртатын өлкенің өткені қандай ғажап болса, болашағы да сондай жарқын. Еркінбек Тұрысовтың шығармашылығы да сол топыраққа тамыр тартып, дарын дәнін көктетеді. Бір жағы Сайрамдағы сансыз баб, екінші жағы Түркістандағы түмен баб, Арыстағы Арыстан баб пен теріскейдегі Ысқақ баб шежіресі оның құлағына көлденең көк аттының аузымен жеткен жоқ. Ол осы ортада қайнап пісті. Е.Тұрысов кейіпкерлерінің кең тынысынан күнгей керімсалының отты лебі, жусан, андыз бен жалбыз иісі аңқып қоя береді. Бейтаныс бейнелер қаймана



қазақ емес, біреуге бауыр, біреуге туажап, ал енді біреуге қимас жанындай кітап беттерінен сырласқанда жерден жеті қоян тапқандай қуанып, рухани жансерікке айналғанына көз жетеді. Оларды жатырқамай, іш тартатыны – жазушы шеберлігінің сиқырлы әлемі. Бір кездері ұлағатты ұстаздың “Қызылкөпірден өткенде Шаян жақтан ән мен күйдің самалы есіп қоя береді”, – дегеніне бейне бір жан біте түскендей. Дала мен тау жырлары тұтасып, Боралдай бойында туған туындыларға бояу-бедер мен рең дарытады. Бұнда бір кездерде үйір-үйір жылқы тебіндеп, қора-қора ақтылы қой өрген. Күйге қанат бітіп, ән әуелеген болатын. Жазушы соларға мәңгілік ғұмыр сыйлады.

Біраз жыл облыстық және аудандық газеттерде түрлі қызмет атқаруы төл тақырыбын саралай іріктеп, тәжірибесін молайтып, қалам ұштап, тіл ұстартуға жағдай жасады. Үлкен таңдау мен талғау алдында талап талғампаздығын сезім сүзегінен өткізді, шеберлік шыңына жеткізді.

Е. Тұрысов «Темірлан» романында Тұран топырағындағы жойқын тұлғаның қиын кезеңдеріне көз жүгіртіп, қаламгер қиялын оятады. Тарағай баласының билік биігіне көтерілген тұсын сөз етіп, қолбасшы көрегендігін оқырманға паш етеді. Шытырман оқиғаға толы шығарма шыншыл шынайылығымен жанды баурап, қилы-қилы күй кешкізеді.

Шынында да, романның бас кейіпкері – күрделі бейне. Тақ пен тәж үшін талас еш толастамаған заманда өмір сүрген ол жан алып, жан беріп жүріп жер мен елге деген махаббатпен өмір кешті. Қилы қиянатпен жаудай жағаласып, арыстандай арпалысты. Өкінішке қарай, кейбір дәйектемелер мен деректерде Темір біржақты сұрқай суреттеліп жүр. Көп жағдайда ірі мемлекет қайраткерлігі мен әйгілі әскербасылығы да ескеріле бермеді.

Орталық Азияны көктей өтіп, шаңды шаңға қосып, қаншама жортуыл мен шапқыншылық жасағанмен, оны Еділ (Атилла) мен Шыңғысханнан соң тағылар тобына қосып қылышынан қан тамған қаныпезер әмірші ретінде көрсетуге тырысушылық қасақана кең етек алып, шындық шырайына шөнгедей қадалып келеді әлі. Ал, негізінде, жаны нәзік жұмырбасты пенде болған соң адам баласына тән қадір-қасиеттерден ол да ада-күде емес.

Әйгілі әміршінің Шығыстың атышулы шайыры Хафизбен кездесіп, сұхбаттасуының өзі неге тұрады? Қанша өмір шексіз болғанымен, ең алдымен ол да ет пен сүйектен жаралған адам. Сондықтан бір бойда күйініш пен сүйініш, үміт пен күдік, зайырлық пен зұлымдық қатар өріліп жатуы мүмкін. Еркінбек Тұрысов төл туындысында осы жағын қатты ескеріп, мекен мен мезгілге ой жүгіртіп, көкірек көзінен өткізеді, тереңінен қалам тербейді. Ол – қазақ қаламгерлерінің ішінен Ақсақ Темір тақырыбына тұңғыш барғандардың бірі.

Әр уақытта маңызын жоймайтын тарихи сезім хас суреткерді ешқашан алдарқатпайды, қайта шыңдай түседі. Кейде тарихтың әдебиетпен төркіндістік сипат алуының да себебі сол. Бұл саладағы «Бәйдібек» хикаяты да – кейінгі жылдардағы жазушы ізденісінің жақсы жемісі. Шамамен орта ғасырлардағы қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды арқау еткен қанатты шығарма сағым жүзген сахараның сазындай әсерге бөлейді. Аңыз бен ақиқаттың аражігін ашып, жырақ күндердің қоламтасын көрсетіп, көркөмсөзбен ажарын айшықтайды. Дала дидары, оны мекен еткен ата-бабалардың асыл мұраты мәңгілік екенін көрсетеді.

Әуелден онтүстік өңірі ән мен жырдың алтын қайнары, адамзат өркениетінің осындағы оты өшпейтін ошағындай.

Ұлы Жібек жолы бойындағы көненің көзіндей кенттер мен кесенелер бүгінгі ұрпақты бекерден-бекер қызықтырмайды.

Тарихшылығы да, әдебиетшілігі де бір басына жете тұрса да Қаратаудың күнгейі мен теріскейіне ат ізін салғандардың Еркінбек Тұрысовтың қонақжай еліне соқпай кететіндері кемде-кем. Тізе берсе ол талай мәрте заманның заңғар жазушысы М.Әуезовпен және А. Тоқмағамбетов, Т.Әлімқұлов, Ш. Мұртаза, О. Малқаровтармен бір жүріп, сапарлас болуының өзі де тағылым түйгізеді. Бірде түн ішінде Қаратау қыратындағы Көсегенің көк жонында құралай күндерінің бірінде Мұхаңмен адасқаны мәңгібақи есте қалыпты. Асып-сасып жүрген ауылдағыларға ұлы суреткер сабырлылық танытып, басалқы айтқаны да зердеде тоқылғаны күні кешегідей көкіректе сайрап тұр.

Бұл кездесу кездейсоқ емес болатын. Көп уақыт көкейден кетпей, кейіннен «Құралай күндері» атты туындының алтын арқауына айналып, қызық желі тартса, «Кеменгердің керуенінде» кәусар бұлақ арналы шалқар дарияға ұласты.

Әсте, табиғат пен адамның тығыз қарым-қатынасы Ерекең шығармаларында еркін қамтылып, үйлесімді қабысып, түбегейлі тұжырым тауып, көркемдік көкжиегіне меңзейді. Атбегілік пен құсбегіліктің қыр-сырын көп білетін Е. Тұрысовтың тау мен дала тағыларын қолбала етіп, құралай мен бөлтірікті бірнеше рет асырап, қайта қатарға қосуға талпынушылығы жазушы жанының табиғат тамашаларына бүйрегі бұрып тұратынын аңғартады. Талдыбұлақтан табылған жерасты теңізінің де тұңғыш жанашыры болып, жаһанға жар салып жүргені де жайдан жай емес. Оны жел өтіндегі туған топырақ тағдыры ұдайы тебірентіп, толғанып келеді. Оның қаламынан туғандардан тынымсыз ауыл әуендері естіліп тұрады.

Әрине, қаламгерлердің онша күй талғамай, қайда болса да өнімді жаза бергеніне не жетсін! Ол ауылда ма, не астанада ма, әйтеуір нәтижелі еңбек еткені ғанибет. Бұл тұрғыда Еркінбек Тұрысов Алматыдан алыстағы ел ішінде тұрып, шығармашылығында Атажұртын алтын айшықтап, әдебиетіміздегі дархан дәстүрді дәстүрге, жаңашылдықты жаңашылдыққа ұштастырып тынбай, маңдай терін төгіп жүр. Ол әрқашан өз кейіпкерлерінің қасынан табылады.

Әманда қағылез қайраткерліктің үлкен-кішісі жоқ. Ол барлық деңгейде де азаматтық алымдылықты керек етеді. Қаламгер халқының туған қажыр-қайратын бойына сіңіріп, соншама кітаптар жазумен бірге «Бәйдібек-Сыланды» қоғамдық қорының президенті болып, Қаратау күнгейінде ежелгі ескерткіштер мен байырғы бәдіздерді қайта қалпына келтіріп, жаңғыртып, жаңартуда ұйытқы – бастамашы ретінде қызмет етті. Әсіресе, Бәйдібек кешені мен Әулие ана-Нұриланьың басындағы кесенені тұрғызуға Еркінбек Тұрысовтың қосқан үлесі қомақты да мол.

Қалай дегенмен, осындайда оның тағы бір қайталанбас қыры белен береді. Қазір жазушы кемел кезіне келіп, шабыттың шырқау шыңына шығып келеді. Жарық жалғанның әлі берер ғұмыры көп болса, ол жаңа шығармашылық жоспардың үстінде отыр. Тағы да бұл ұдайы ізденіске бастайды. Өйткені Еркінбек Тұрысов үлкен жол үстінде келе жатыр. Келешегі керемет кейіпкерлеріне қарай!..

*“Қазақ әдебиеті”,
10 қазан, 1997 ж.*

ШАЯНҒА ОРНАҒАН ҚАРАТАУ

Емендей түп-түзу тұлғасына маңғаз жүрісі, кербез кейпі келісіп, шырайын бермейтін сымбат-келбетімен текті табиғаты, бекзат болмысы біте қабысқан ардақты ағаның бойынан әркез тауға ұқсас биіктік, далаға тартқан дарқандық, бұлақтың мөлдіріндей тазалық танымын. Осының бәрін ол өзі құшағында құландай жортып, бауырында бөкендей желіп өскен Шаянның шағыл топырақты даласынан, әрбір тасы мен текшесі бала күнінен көзі мен көңіліне таныс Қаратау мен Қостұраның тәкаппар кербез келбетінен жанына жұғысты етіп қабылдап алғандай. Ол ауылда жүріп-ақ әдебиеттің көк мұнар биігіне ерінбес еңбекқорлықпен, ширақ шабытпен, тәңір берген талантпен асықпай, алқынбай шыға білді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркінбек Тұрысовтың шығармалары оқушысын шынайы суретімен, құнарлы қою тілімен, нәрлі бояуымен, табиғи, нанымды нәшімен еліктіріп, жетелеп отырады. Солай болары заңды да. Өйткені, жазушының нысанаға алған объектісі өзіне етене таныс, өзі күнде көріп, мидай араласып жүрген ауыл тіршілігі, таудың тылсым ғажайып құбылыстары, оның бауырындағы мерген, аңшы, құсбегі секілді тұлғалар. Мұндай аңшылық өнерді өзі де жеті жасынан жанына серік етіп өскендіктен, оның қыр-сырын қанықтыра суреттеу, табиғаттың бояуын өз сурет ажарымен мөлдірете жеткізу Тұрысов үшін түк емес.

“Шаянның Шолоховы” атанған жазушының “Ақбақай”, “Көксеңгір”, “Қызыл қаршыға”, “Келіншектау”, “Қыран тауы” атты шығармаларының шырайын ашқан шынайылық та осында. Өмірінің 45 жылдан астам уақытын қаламның құдіретіне құрбан етіп келе жатқан жазушының әдебиет әлеміне келуіне оның бойындағы табиғи талантымен бірге өскен ортасы да оңтайлы әсер еткендей. Ерекеңнің үлкен атасы Әжібек аталы әулеттің сөзге ұста, ойға кеніш қариясы болыпты. Ақыл-парасаты мол, шешен, шежіре шалдың арғы-бергіні үйіріп әкететін қасиетінен болар, бұл үйге қонақ көп келетін, әңгіме көп айтылатын. Сол ортаның қаймағын қалқып өскен әкесі Тұрыс та оқыған, орысша сауатты, ел басқарған, колхоз бастығы болған адам еді. Үйге келетін небір көзі ашық, көкірегі күмбез кісілердің нәрлі сөзі мен әрлі әңгімесін тындап, көкейіне тоқып ержеткен Ерекеңнің ерте хат танып, алты жасынан оқуға баруы да соның ықпалы болса керек. Әкесімен аралас-құралас достығы бар Бауыржан Момышұлы үйге келгенде талай әңгімесіне құлақ түрген. Ол кезде Баукең Жуалыда аудандық атқару комитетінің хатшысы еді.


Үлкендерге бала күнінен “Батырлар жырын” оқып беріп, өзі де шығармамен бірге сөз құдіретінің құпиясына сүңгіп кететін. Жазуға жетелеген сол әсерлер оның қолына қаламды ерте берді. Он бір жасында “Октябрь балалары” (қазіргі “Ұлан”) газетінде алғашқы “Қансонар” әңгімесі жарық көрді.

Ерекең мұғалімдік мамандықты алғанымен, ұстаздық қызметке араласпады. Өмірдің ағымы солай болды. 14 жасынан еңбектің дәмін татты. “Жазуың жақсы”

деп ауылдық Кеңеске хатшы етіп жұмысқа алғанда бозөкпе бала еді. Әскерге шақырғанда жапон соғысы жүріп жатқан. Әкесі марқұм “айналдырған үш ұлымның бірі соғыста, бірі қолымда өлді. Енді жалғыз тұяқтан айрылар жайым жоқ” деп облыстық Ішкі істер басқармасына жұмысқа тұрғызды. Содан 10 жыл органда қызмет етті. Кім біледі, егер Байжансайға барған бір жұмыс сапарында қатты суық тиіп, содан “ревмокардит” боп ауырмағанда сол лейтенанттық дәрежесінен шені өсіп, офицерлік қызметте қалып қояр ма еді?! Бұрыннан жазу-сызуға жақындығы бар ол денсаулығына байланысты “Оңтүстік Қазақстан” газетіне жұмысқа қабылданғанда бұл басылымның редакторы Мәди Байтұрсынов деген кісі болатын. Мәди ағай неге екенін, Ерекенді ә дегеннен жақсы көріп, “қалқам” деп іштартып кетті. Е.Тұрысовтың “Ақбақай” повесіндегі редактордың прототипі осы кісі. Журналистік қызметте жүрген жылдар Ерекенді жазушылық соқпаққа оңай түсірді. Оның жолсапардан жазған очерктері қарымды қаламгерлік қасиетімен танылған көркем дүниелер еді. 57-нің қуаңшылығында Созақ пен Сарыарқа арасын шарлап жазған циклді очерктері “Келіншектау” жинағына жұп-жұмыр дүниелер боп енді. “Ақбақай” сиясы кеппей “Оңтүстік Қазақстанның” он номерінде жарияланды. Аңыздан тұратын “Көксеңгір” повесін суық тиіп үйде ауырып жатқанда жеті күн ішінде жазып бітті. Оның да алғашқы тұсауы “Оңтүстікте” кесілді. Сол кездері Шерхан Мұртаза осы өңірге келген еді. “Жалында” редактор кезі. “Дайын нең бар?” дегенде Еркінбек аға қолына екі кітаптың дүниесін ұсынған. Келесі 1973 жылы баспадан “Ақбақай” 40 мың тиражбен шықты. Одан соң екі кітабы біріктіріліп “Қыран тауы” деген атпен “Жазушыдан” қайта басылды.

1976 жылы Әнуар Әлімжанов Ерекенді Жазушылар одағына қабылдауға жеделхат жіберді. Талқылау кезінде Жайсаңбек Молдағалиев Ерекеннің шығармашылығына талдау жасап, пікірін білдіріп, одаққа мүшелікке қабылдауға ұсыныс айтқанда Жазушылар одағының президиум мүшесі Ғабит Мүсірепов: “Басқасын білмеймін, бірақ бұл жігітті Мұханның қасында жүріп, атқосшы бола білгені үшін-ақ мүшелікке қабылдауға болады” деген екен. Мұхтар Әуезовтей ұлы тұлғаның жанында сан рет сапарлас боп, сырбаз жанның сырына қанығып, қолына су құйып, ұстаз тұтқан Ерекенді кеменгер ағасының шынайы ықылас-пейілі де қолдаған болар. Үйінен екі рет дәм татты. Ұлы қаламгердің құрметіне есімін Мұхтар деп қойған ортаншы ұлының маңдайынан иіскеп, қолына алып түскен суреті Ерекеннің шаңырағының қак төрінде кастерлеп ілулі тұр.

Мұханның маңғаз кейпін алғаш рет 54-ші жылы ҚазПИ-де сырттай оқып жүргенде көрген еді. Сабақ кестесіндегі “Тауар және ақша” деген кезекті бір лекцияға кірейін деп тұрғанда “қазір ҚазГУ-де Әуезов абайтанудан лекция оқиды” дегенді естіп қалды. “Тауар мен ақшадан” Әуезовтің дәрісін тыңдаған өмірлік азық емес пе деп сабақтан қашып барып, тұңғыш ұлы тұлғаның тұңғыық ойынан сусындап еді. “Абайтануды ҚазГУ-дің студенттері бес жыл оқыса, мен бір жарым сағатта-ақ санама сіңіріп алғанмын” деп отыратыны содан. Бірақ, ұлы тұлғаға көптің арасынан тамсана көз тіккен студент жігіт сол сәтте арада бес жыл өткенде аңыз адамды қолтықтап қатар жүрермін деп сірә де ойламаған еді. Әуезовпен Шаян мен Созақтың сары даласын, тау-шатқалын аралап, бүкіл ғұмырына азық болар рухани ырыс, рухани тыныс тапқанын Тұрысов ағамыз Алланың берген бағы мен сыйы деп түсінеді.



Шығармашылығына жел берген, дем берген де, ұлы тұлғадан кейін шаңырағына небір жақсы мен жайсаңдардың – С.Мұқанов, Ж.Тілеков, Қ.Жандарбеков, Т.Қайсенов. Ш.Мұртаза, Н.Тілендиев, О.Бөкеев, Ф.Оңғарсынова, Р.Бағланова, Қ.Найманбаев. Т.Молдағалиев, А.Жағанова, Ғ.Қайырбеков, М.Шаханов, І.Жарылғапов. Ә.Нұршайықов, Б.Сокпақбаев, Қ.Исабаев, Р.Бердібаев, С.Асанов сынды ақын-жазушы ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің ағылып келуі де сол Мұханның шарапат-шапағаты деп ұғынады.

Еркінбек Тұрысовтың шығармашылық ізденісінің шыңындай қос романы “Темірлан” мен “Бәйдібек” жазушыны тарихи тақырыптың қиын да құнды соқпағынан сәтті алып шықты. Тарихқа қарай бет бұруына мына бір кездесу себеп болып еді. 1976 жылы сәуірде Ер-ағаң Жазушылар съезіне шақырылды. Сол жерде Бауыржан Момышұлы оны Ілияс Есенберлинмен таныстырды. Бұдан бұрын Ерекеннің “Қыран тауын” Баукең Есенберлинге берген екен. І.Есенберлин ол кезде Жазушылар одағының хатшысы еді. Шаяннан келген жазушының, Мұханның шәкіртінің сөз өрнегі, ой кестесі Есенберлинге ұнаса керек. “Сен тарих тұнған өңірде отырсын. Әмір Темірді неге зерттеп жазбайсың? Соны қолға ал” деген-ді тапсырма бергендей. Алғашында “оған шамам келмейді” деп батылсызданғанымен жастайынан ұлы әмірші жайлы естіген әңгіме аңыздарды терең зерттеп, ізденуге бел бұды. “Испанда Әмір Темір қырған адамдардың бас сүйегінен мұнара тұрғызылған екен. Соны Бәйімбет атамыз көріпті” деп әкесі Тұрыс әңгімелеп отырушы еді. Осы секілді ел ішіндегі аңыз-әңгімелердің артына түсіп, Самарқанд, Бұхара барып, мұрағаттардың сарғайған қағаздарын ақтарып, Отырар мен Түркістан, Сайрам мен Шаянның шатқал шыңын шиырлап, талай-талай тарихи жерлерді жіліктеп зерттеді. Шарафаддин Иезди, Гиас Аддин, Владимир Бартольд, Ибрагим Моминов, Сергей Бородин сынды теміртанушы ғұламалардың том-том кітаптарын ақтарып, ізденуге 14 жылын (1976-90) сарп етті. Бірақ, мол дерек-дәйекпен қаруланып алған соң романды жазып шығу қиынға соққан жоқ. “Темірлан” 8-9 айда жазылып, “Жұлдыз” журналында жарияланды. Тұрысовқа Ақсақ Темірді қолға алуға ұсыныс айтқан Ілияс Есенберлин “Темірланның” кітап боп басылып шыққанын көре алмады. Бірақ, “Жазушы” баспасының сол кездегі директоры Әбілмәжін Жұмабаев “Әмір Темірге ешкімнің тісі батпай жүр еді. “Жұлдыздан” оқып, Ілияс та жақсы қабылдады” деген-тұғын.

“Темірланға” талай әдебиет зерттеушісі, сыншы, жазушылар, ғалымдар биік бағасын бергенін білеміз. Бұл роман кезінде Мемлекеттік сыйлыққа да ұсынылған еді.

Ал алғашқы жұқа ғана кітап болып шыққан “Бәйдібек” кейіннен қалың, қомақты дүниеге айналды, оқырман қолына тиді. Оның толымды шығарма боп қайта басылуына Президент Н.Ә.Назарбаевтың бір ауыз сөзі қамшы болғандай еді. Президент Алғабас ауданының аты Бәйдібек боп өзгеріп, Шаянға келген сапарында жұқалтаң “Бәйдібек” кітабын көріп, “Қазақта ел қорғаған батырлар көп. Бәйдібектей бабаның ел билеген тарихын солардың тағдырымен сабақтастырып жазуға болады ғой” дегені бар. Нұр-ағаң нұрлы тілек айтқан шығарманың толық нұсқасы жазушының Шаяндағы үйінде 1996-ның электр жарығы зар болған күндерінде майшамның жарығымен үш айда жазылып бітті. Сол қасиетті баба есімінің ауданға берілуіне тікелей ұйытқы, себепші болған да Еркінбек ағаның өзі еді.

Жетпіс бестің жобасына қырықтағы жігіттей қайрат-қуатпен кербез басып, шымыр, ширақ қалпында шығып отырған Қаратаудың құлжасындай қунақ та сергек қаламгер ағаның дәл осындай кейпінен айнымай, қаламы жорғалығынан танбай келе жатқаны бабалардың әруағы қорғап, даналардың батасы шарапат боп тигендігі деп түйеміз.

Болғандай елдікке мұрагер,


Ағасың әні асқақ, жаны алау.

Осылай биіктеп тұра бер,

Шаянға орнаған Қаратау, – деп жазған еді Мұхтар Шаханов. Қаратау мен Қостұра расында осындай ұлымен биік, бекзат көрінетіндей. Тауды ұлы, ұлын тауы асқақтатқан Бәйдібектің бауырында дәл бүгін той қалай шалқыса да жарасады.

“Оңтүстік Қазақстан”,

11 қазан, 2002 ж.



ЕЛДІҢ ЕРЕН ЖЫРШЫСЫ

Белгілі жазушы, халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер Еркінбек Тұрысовпен “Оңтүстік Қазақстан” газетінің арнаулы тілшісі Бөйділда Қонысбектің сұхбаты.

— Ер-аға, жазушы болу, оның ішінде, тарихтың терең қойнауларында жатқан құпия сырлар мен ата-бабаларымыздың өмір жолдары, сондай-ақ қазіргі замандастар жайлары оқырмандардың көңілінен шығатын келісті, келісімді шығармалар жазу үлкен жауапкершілікті, суреткерлікті, білімді қажет етері даусыз. Талдыбұлақтың қара домалақ баласының еліміздің елеулі ұлдарының қатарына қосылып, тамаша шығармашылық биіктерге көтерілуіне нендей жәйттер себепкер болды?

— Әдебиет пен өнер әлемінде келісті бір шығарманы жасау — сан алуан объективті жайлардан құралатын, бір сөзбен жеткізуге болмайтын аса күрделі құбылыс. Оның түпкі, қайнар бастауында мына шебер құдыреттің өзі адамның жүрегіне, қаны мен жанына құйып жаратқан туған жер, өскен ортаға, бірге өскен ел-жұртына, жалпы өмір атты ұлы кеңістікке деген шексіз сүйіспендік жатыр. Бұған өзінді дүниеге әкелген, аялап өсірген, ұшырған ұяның қадір-қасиеті мен ерте, бала күндерінен қиял-қанатынды шындап, арман көкжиегін киырдан-қиырға бастайтын өмір атты құдыреттің ұлы мектебін қосыңыз.

Өмірдің маған деген өз сыйлығы болар, мен қасиетті Қаратаудың қойнында, айнала тұнып тұрған сұлу табиғат, мөлдір сулы Қошқар мен Талдының сағасында келісті мекен-жайда туған екенмін. Атам Әжібек өсіп-өнген үлкен шаңырақ иесі, аталы елдің ақыл айтары, сөз сөйлері болған екен. Үлкен ұлы — менің әкем Түрекен де ескіше, жаңаша сауатты, көрші орыс селениесімен қалың аралас өскен көзі ашық, көргенді, үлкен колхозды ауыл елін ұзақ жыл басқарған Кеңестік дәуірдің берілген бәлшебегі еді.

Бастықтың үйі, ол кез — шығыс тарапта Жуалыға қарайтын ауыл қашанда келген уәкіл қонақтардан арылмайды. Жайлау, қыстаудағы ерулік кештер өн мен өңгімелерге толы. Үлкендер сөзі, аса инабатты кәрі әжеміздің қыстың ұзақ түндерінде сарқылмайтын керемет ертегілері біздің балауса қиялымызды тым биікке шарықтатар еді. Осындай ортада әкенің кітаптарына үніліп, төрт жаста қара танып, мектепке дейінгі алты жасарымда алыстағы қалада оқуынан (Шымкенттен) жазғы демалысқа сағындырып келетін сүйікті ағамыз Сауқымбек әкелетін Майлыұлы Бейімбеттің, Сәкеннің, Сәбиттің — “Байшұбар”, “Батырлар жыры”, “Сұлушаш” атты кітаптарын үлкендерге заулата оқып беруге жарап қалған едім.

Сондай ортада бес жасымда Борнайдан (қазіргі Б.Момышұлы ауылынан) ауылға келген жас уәкіл Бауыржанның атын суарып, он төртте (соғыс жылдары) елге келген қазақтың керемет дауылпаз-дүлдүл ақыны Иса Байзақовқа бір апта жолсерік болып бірге жүрген күндері, он алтымда Шымкентте “подкурста” оқуда жүргенде қаһарман атамыз Қажымұқанға кездесіп кереметін көргенім, 46-шы жылы көктемде кешкі қонақасы кезінде сол ұлы адамның шомбал тізесіне сүйене отырып керемет өңгімесін тыңдағаным өмірбақи естен кетер ме еді.

Қилы заман қиясында есейдік. Тағдырдың алысқа тартар соны соқпағында газет

жұмысына келген алғашқы жылдарымда Мәди Байтұрсынов, Әділбай Омаров сынды жаны жайсаң аса парасатты ағалардың ұстаздық мектебінен өттім. Ой орнығып, көкжиек кеңейген өмірімнің ең бақытты жылдарында тағдырдың сыйлығы болып ортамызға келген ұлы кемеңгер Мұхтар аға Әуезовпен сапарлас, бірге жүрген күндер, оның айтқан ақыл-кеңестері, көрсеткен ағалық қамқорлығы — туған ел, өскен ортаңың кереметі ой ойлатпай, қиял тербетпей қояр ма?!

Көрген күн, кешкен өмір қайда жүрсең көз-көкірегіңнен кетпейтін ел мен жер бейнесі әр кез ақ қағаз айдынына бастайды. Сол бір сәт менің көз алдыма өзіме алғаш рет әдебиет әлемінің жол-жобасын елестеткен дауылпаз ақын Исаның жан тербеп, жүрек қылын шертетін:

Қоғалы айдын шалқар көл жырлайды,
Сарыарқа салқын-самал жел жырлайды.
Халықтың қасиетін жанмен ұққан,

Бұл жырды мен жырламай, кім жырлайды —

дейтін өзгермейтін, өшпейтін мәңгілік жыр-сауалнамасы тұрады. Шынында туған елін, сыры мен жырын сол сұлу да, сырлы дүниенің төсінде аунап өскен өз перзенті — мен жырламай, кім жырлайтын еді.

— Бала Еркінбек пен ардагер Ер-ағаның арасын небір есте қаларлық оқиғалар, қиыншылықтар мен қуанышты сәттер бөліп тұр. Бозбала Еркінбектің алға қойған мақсаттары орындалды ма екен? Бәйдібек ауданының табиғаты айрықша мөлдіреп тұрған аймағында туып-өскен баланың қиялшыл болмауы мүмкін емес. Сол қиялдың шегіне жете алдыңыз ба?

— Қанатсыз құс, қиял-армансыз адам болмайтыны жаратылыстан белгілі. Ойлап қарасақ, қиялдың да, арманның да шегі жоқ. Бозбала — жастық шақта алып ұшқан асау жүректің биікке самғайтыны, қонар жері беймәлім көкте жүзген ақшоғыр бұлтпен ғана салыстыруға болады. Аш-жалаңаш жүргендегі Ұлы отаншылдық, алдағы бақытты заманына жетеміз дейтін құштарлықтың да шегі болмайтын. Соғыс дауылы оны астан-кестен етті.

“Сыйлар ем әлемнің жарығын, сыйлар ем ай-күнді, қолыма түспеді” деп анасын жырымен жұбатқан ақын арманындай, — айдың алыста, күннің қиянда екенін көрдік. Өмірде өзіміз балаң жүрекпен имандай сенетін ізгіліктің жанына қоңсы конған — зұлымдық, опасыз — сатқындық атты өмір қасіретінің де бар екенін көрдік.

Бізді отаншыл етіп темір төртіпке баулыған Сталиннің тұсында оның ең сенімді ізбасары болған Хрущев ұлы ұстазы өлгесін оның әлемді табындырған атақ-даңқын қызғанып, оның әруағымен ашық айтысқа шығып, күн құрғатпай әсіре жаңашылдықпен қазақтың елі мен жерін судай сапырып, “әлсіз аудандарды” жаппай тарату, ел мен жерді бөлшектеудің тежеусіз шовинистік тәртібін енгізді.

Сол тұста төртке бөлініп, — теріскей тарабы Созаққа, батысы Түркістанға, түстігі Бөгенге, шығысы Сайрамға бөліп берілген ежелден біртұтас өсіп-өнген бүгінгі Бәйдібек ауданы, менің аяулы жерлестерім көз алдымызда (ел аман, жұрт тынышта) “ақтабан шұбырынды” күйге түскенін көрдік. Қалың қыс ортасында Қаратау асып, Созаққа жиналысқа кеткен 34 адам ер-әйелдері аралас елдің бетке ұстар азаматы қайтар жолында асуда ақ боранда адасып, төрт тәулік қар астына көміліп қалған жерде тауып алынды. Қыстың қызыл-шұнақ аязында, жаздың ми қайнатар аптап ыстығында күнкөрістің жолы — жәрдемақы, зейнетақы, еңбекақысын іздеп сонау шығыс шеттен ары-берісі 300-400 шақырым жол шегіп жан азабын тартқан жас балалы әйел, қарт аталардың жанына сая таппай сандалған күндерін көрдік.

“Жер киесіз, ел иесіз болмас” деген сол тұста, сонау Мәскеуде, Кремльдің ақ сарайында қазақтың қайсар ұлы Тәшенов Жұмабек елінің сөзін сөйлеп, қасқайып



қарсы шықпағанда, ұзамай Хрущев тағынан таймағанда, “Мың өліп, мың тірілген” қазақтың алдағы күні не болар еді.

Құдай оңдап, араға үргін-сүргінді үш жыл салып орынсыз жойылған аудандар қатарға қайта қосылды. Өмір арнасына қайта түсті. Ел есін жинады, шүкір дедік. Бірақ, толассыз заман ағысына тоқтам жоқ. Жаңа заман, жаңа кезеңде — кешегі Қажыгелдин үкіметі тұсында Қазақстанның басқа аудандарға телініп-қосылатын “Әлеуметтік-экономикалық артта қалған” 32 ауданының көшін бастап, “Алғабас” ауданының тұрғанын көрдік.

Ол кез менің қазақ әдебиетінде Әмір Темір жөніндегі ілік-алды шығарма деп танылған “Темірлан” романын аяқтап, тәуелсіздік таңында ел-жұртымыздың өзінің ұлы атасы, өз ортамызда — Қаратаудың қасиетті топырағында мың жылдық тарихымызды жастап жатқан Бөйдібекпен табыстыруды қолға алған күндер еді. Бөлкім енді, осы ұлы бабамыздың қасиетті рухына жүгінгеніміз жөн шығар.

“Жолы болар жолаушыға Қыдырдың өзі кез келер” дегендей, шебер өмір оның да ретін өзі келтірді. 93-ші жыл көктемнің соңғы бір күні, әйгілі Ордабасы жиыны тұсында ат басын арнайы бұрып, Елбасы, шарапаты мол, жаны жайсаң азамат Нұрсұлтан ортамызға келді. Екеуара өткен қысқа әңгімеде елдік пен бірліктің мызғымайтын тірегі — ұлы бабаларға, әулие аналарға, ел мен жер тағдырына қатысты жайлар жеткізе айтылды. “Біздің қазақ тарихы — ұлы бабаларымыздың ерлік жолының тарихы. Өткенімізді түгендеп жаңа ұрпаққа жеткізудің заманы туды. Бөйдібек ұлттың ұлы атасы, ірі тарихи тұлға. Қолға алыңыздар, қолдау болады, аға”, — деді Нұрсұлтан қоштасарда қол алыса тұрып.

Өмір-тағдырдың бізге деген шексіз сыйлығы сол болар — елі үшін туған ел перзенті біз бастаған ісімізді бар ықыласымен қолдады. Аудан мызғымас елдік-бірлігіміздің ұстыны ұлы бабамыздың есімімен аталды. “Бөйдібек” тарихнама кітабын жазу сәтті аяқталып, жарыққа шықты. Ежелден ел қастерлеген ескі шағын күмбездер орнына қысқа мерзімде гранит, мәрмәр тастан өрілген “Бөйдібек”, “Қасиетті бес ана”, “Домалақ ана” зәулім ғимараттарын орнаттық. Қалың қазақтың басын қосып, аламанға ат шаптырып үлкен салтанат жиынын өткіздік. Ойлап көргенге арманнан асқақ, қиялдан жүйрік, одан биік өмір мерейі болар ма?! Ал әдеби өмір, шығармашылдық қиялдың жөні басқа. Ол өр кеудеде ыстық жүрек соғып тұрғанда сарқылмақ та, таусылмақ та емес.

— Еркінбек аға, кімге болса да өзінің төл перзентінен артық ешкім жоқ. Он балаң болса да, соның бәрі де әке мен ана үшін бірдей. Ал өнер адамдары үшін де өзі шығарған өнімдері де сондай қымбат болатын шығар. Алайда, сіз “Шығыстың шың ұлдары” кітабыңызға “Алаш” сыйлығын алдыңыз. Автор ретінде өзіңізге қай шығармаңыз ұнайды? Тарихи кітаптар жазған кезіңізде өмірде болған, жұрт аузында жүрген халықтың қаһармандарына сіз қаншалықты қиялыңызды көркемдеп қоса аласыз? Шындық пен қиялдың арасалмағы қандай дәрежеде?

— Тарихи жанр шығармалары, ол анығында тарихи болмысқа негізделген, оның тұңғыық-тұнығынан бастау алатын көркем туынды. Оның кереметі, қадір-қасиеті де адамның жан дүниесін тұтастай баурап алатын аңыздан асқақ өмірдің өз шындығымен жымдасып жатуында. Тарихи жанр жазушысы, ол бірінші кезекте таңдаған тақырыбын, алған объектісін қаһарман-кейіпкерлерінің түр-тұлға, мінез, қырлы қасиетін жан-жақты жетік меңгерген, сол кезеңнің, сол заманның тұрпатын айна-қатесіз елестете алатын, жадағай-жасандылықтан таза, барынша шыншыл, өмірге келер туындысына да, келешек оқырмандарына да шын пейілмен берілген сан қырлы, терең сырлы шын мәніндегі көркемдіктің шебер суреткері болуға тиіс. Қаламгер жұмысы үстінде өзге дүниені ұмытып, белгілі кезең, белгілі ортада кейіпкерімен қат-қабат аралас, олармен сырлас та мұндас өмір кешуге тиіс.

Мысалға он жылдай зерделі-зерттеуден кейін бас-аяғы он айда жазылған “Темірлан” романы, ондағы ұлы жиһангер Әмір Темірдің, Шыңғысханның бейнесі “инемен құдық қаздырған” сондай жансебіл еңбектің нәтижесі. Жазушыға бейнет шегіп, аялап өсірген әр перзенті сияқты әр шығармасы өзінше қымбат. “Алаш” сыйлығымен марапатталған “Шығыстың шың ұлдары” әр заман, әр кезеңде өткен тарихи тұлға, өзім жетік білген замандастар жайындағы хикаят, эссе, естеліктер жинағы. Әйтсе де бұл кітапты шығармаларымның шыңы осы деп өз жүрегіме қиянат жасай алмаймын. Мен үшін кіршіксіз жастық шақтың таңғы шықтай таза шындығында туған өмірдің өз суретінен қымбат нәрсе жоқ! Атын атап, түрін түстемей-ақ қояйын. Өзімнің оқырман ретіндегі жан-жүрегімді тербейтін, жұрт білетін ондай шығармалар баршылық.


— Алғашқы шығармаларыңыздың дені табиғат, өзіңіз туып-өскен Қаратаудың келісті суреті — аңшылық, құсбегілік, сонар-саяттар болып келетін еді. Кейіннен ірі тарихи тұлғаларға, Ақсақ Темір, Шыңғысхан, Бәйдібек, Есіркеп, Рысбек батырларға, т.б. ірі тарихи тұлғаларға ойыстыңыз. Соңғы кезеңде қазақтың ұлы кеменгер, қайраткер ұлдарының өмірін көп зерделейсіз. Осы жайында не айтасыз?

— Қиындығы мен қызығы қат-қабат шығармашылық өнерінің басталар, барар жолы әрқилы. Ол құдайдың берген дарын талантынан тыс ой мен ұждан, білімдарлық пен терең ізденісті талап ететін дүниедегі ең бір төзімге жаралған жансебіл жанның ісі. Оған баратын, биігіне шығатын өмірдің өзі салған соны соқпағы да әрқилы. Қайсыбір тәуекелшіл мықтылар “жығылсаң нардан” деп, әу дегеннен романға құрық тастайды. “Асығыстан туғанның арты қуыс” — сапасыздық, жасандылық осындайдан шығады. Ал, анығында “ақырын жүріп анық басуды” ғибрат тұтқан, әдебиетке оның жеңіл-шолғыншы жанры — әңгіме, эссе, новелладан бастаған, әлдеқайда тиімді екенін де сол өмірдің өзінен көрдік. Мен баспасөзде қызметте жүріп әдебиетті, оның төменгі баспалдағы — өзіме етене таныс туған жер, өскен орта — Қаратауда өткен жастық шақтың романтикаға толы қызықты хикаяларынан бастағанмын. Осы жолды таңдауыма ерте жастық шақтан көз-көкейге өшпейтін ұя салған ұлы ұстаз М.Әуезовтің “Қыр суреттері, “Бүркітші”, “Көксерек”, “Қаралы сұлудай” сырлы да мөлдір дүниелері және ғұлама қаламгердің сапарда бірге жүрген күндерде кейбір сәті келген шақта Шыңғыстауда өткен жастық шағынан айтатын ағыл-тегіл әңгімелері — біздерге қайта келмес өмірдің кереметі көп, сарқылмас сырлы өлкесін осы кеменгер ағамен бірге кешкендей әсер қалдырар еді. Өмірге, ел мен жер, тағдырлы тарихымызға деген сарқылмайтын құштарлық — біртіндеп іргелі, ірі туындыларға бастайтыны ақиқат. Ол өзге емес, өмірдің өз заңдылығы болса керек-ті.

— Көркем шығармалар мен өнер, сахна туындыларында адам тағдыры, махаббат, бақыт жайлы көп жырланады. Шын мәніндегі адамның арман-бақыты жайында не ойлайсыз. Өзіңіздің бақытты күндеріңіз жайында не айтар едіңіз?

— “Үйің (пәтерін) бар. Көйлегің көк, қарның тоқ болсын. Одан әрі не болады” депті кеменгер Достоевский. Әлбетте, бұл арғы ғасыр ақылманының сөзі. Оған енді қалтаң тоқ, астыңда тайпалған “иномаркан” болсынды қосайық. Иә, арғы жағы не болуға тиіс. Өмір мерейі, алдыңдағы арман асқарың, кол жеткізер бақытың осында ма екен?

Сол Достоевский қарын қайғысы мен көк көйлекті төрк етіп, өмірбақи кенепті кебенек етіп, қара нан, қара суды талшық қып, өзі емес, өзгелердің ғибраты, жан тазалығы үшін тау-теңіз асыл мұрасын беріп кеткен ғой. Бұған сол ұлы Ресейдің Лев Толстой мен Лермонтовын, өзіміздің қазақтың Шоқаны мен Абайын, кешегі өткен ер Бауыржаны мен Саттарын, Мақатаевы мен Қалдаяқовын қосайық. Бұлардың өмірінен бақыт дейтін ерттеулі ат, басқа келер бақ, даяр тұрған тақ еместігін көреміз.



Ол жанкешті күрестің жолы. Осы арманды — айқын жолда ел-жұртының баянды бақытын көрген, адалдықтың, әдептің ақ жолын кешіп өткен күрескерліктен асқан арман да, бақыт та болмаса керек. Өз басым сондай ұлы күрескерлер маңында өткен қымбат күндерімнен, соның арғы жағында, сонау бір алыста қалған, өмірге жаңа көз ашқан қилы-қилы кезеңде бізді ажалдан алып қалған Нұржаудың нұрлы түндері мен шапағатты күндерінен таза бақытты шақты кездестірген емеспін.

— Сіз, Ер-аға, өмірді көрген адамсыз. Қаймағы бұзылмаған қазақ тұрмысының қалың ортасында өстіңіз. Қазақтың сіз білетін ең биік қадір-қасиеті мен оған кереғар жан жаралайтын, сүйексізді жаман әдеттері жайында не айтар едіңіз?

— Бұл бүгінгі әлеуметті, бүкіл қазақ қауымын терең толғандырып отырған аса үлкен өзекті өңгіме. Арғы аталар заманын айтпағанда, бүгінгі аға буын шет жағын көрген бір ғасыр бұрынғы қазақтың ұлттық қасиеті көп жағдайда оның бүгінгі ұрпағымен салыстыруға келмейді. Өткен бір заманда шалқар дала, биік тауларында жер қайысқан малын айдап көшкен елдің, ақ үйлерін алшысынан тігіп, көл жағалап, бел жағалай қонған елдің бейіл-бейнесі бүгінгі ұрпаққа ертегі сияқты естіледі. Сол кезеңдегі қазақ тұрмысының салт-санасының қандай екенін Шыңғыс тауын бөктерлеп көшкен Құнанбай мен Бөжей көштерін өзінің ұлы туындысы — “Абай жолында” ұлы суреткер Әуезов қалай келістіре жазған еді. Дархан дала, келісті-кербез дүниеде өскен елдің көрі-жас, үлкен-кішісі сан алуан мінездің адамдары қандай бір қақтығыс-соғыстықтың, талапай-тартыстың тұсында да ерлікпен шайқасып, бірлікпен қайта табысып жатар — аталы сөз, айқын жолдағы тек қазаққа тән мәрттік пен бауырластықты биік ұстанған түз перзенттері. Ауыл арасының майдагер қулық-сұмдығы оларға жат. Дархан көңіл кең дастарханы досқа да, дұшпанға да бірдей ашық. Құдайы қонақ, оның құдайдай құрметтісі. Қазақтың осы дархан жан жомарттығын біздің халық қасиетінің асқан суреткері Ғабит Мүсірепов ағамыз, өзінің кейінгіге аманатқа қалдырған өсиетнама дәптерінде:

“Алтайдан салт атпен шыққан қазақ Астраханға жеткенше қалтасына бір түйір құрт салмаған” деп жазған екен. Бұдан біз өткен заман қазағының қазаны бірге, қаны бір еншісі бөлінбеген қайран жұрттың ұшан даласында жұлдыздай шашылып жатқан елдің бізге жеткен айна-қатесіз өз суретін көреміз.

Содан бергі құбылмалы дүниеде адамды заман билейтін — заманына қарай адамын көрудің қаншама қилы кезеңін бастан кешкен екенбіз. “Бөрі Отан үшін, ел үшін жан пида” ұранымен өткен кеңестік дәуірдің соңы — бақ, дәулеті баянсыз, тиянақсыз-тұрлаусыз “Тоқырау” атты бәтуасыз бір кезеңге ұласты. Ол шіріген “Бөйтерек империяны” түп-тамырымен құлатып тынды. Енді міне, төуелсіздік таңында ғасырлар армандаған азаттыққа қолы жеткен жаңа қазақ барар бағытын айқындап, әлемдік өркениеттің айдынына бет түзеген, кімнің-кім екенін, адам мен азаматтың қадір-қасиетін айқындайтын айтулы кезеңге кез келдік. “Бөрі — бірі үшін, бірі — бөрі үшін” дейтін кешегі коммунизм моралі — жалаң, қияли утопия болып, далада қалды. Бүгін нарық әлемінің ағымында қазақтың көп заман қалыптасқан ұлттық дархан қасиетінен алабөтен ел танымас өзімшіл мінез бой көрсетіп, өрістей түсті. Есігі бір қатар қонған ауылдас бірін-бірі танымайтын, темір есік құрсаған жөн сұрамас, жан танымас бір ұрпақтың тұрпатына тандана, қайран қалып отырмыз. Бұндай ахуалда Алтайдан қалтасын қалындап, қосқалағын қамдап шықпаған аттылы қазақ Ертіс пен Есілдің біріне жетпей, сандалып, далада қалуы танданарлық іс емес. Өзімшілдік жайлаған жер қашанда қызылкөз қызғаныштың бақталас-бақастықтың өрісі. Бүгінгі қазақ қоғамын жегідей жейтін қатерлі дерттің ең қатерлісі осы!

— Сіз ауылда өстіңіз, барша өмірде ауыл елін, туған өлкені жырлаумен келесіз. Бүгінгі ауылдың ең көкейтесті мұрат-мұқтажы не деп ойлайсыз?

— Ауыл қазақ жұртының мәңгібақи толассыз соққан жүрегі. Шексіз өмір, тынымсыз тіршілігінің тірегі. Күс ұядан ұшса, қазақ өмірі ауылдан басталады. Қазақ өмірін ауылсыз елестете алмайсыз. Сондықтан да бұл дүниеде туған жер, өскен орта — ауылы әр қазаққа қашанда ақ сүт беріп өсірген, ақ бесікте тербеткен анасындай қымбат.

Толассыз қозғалыс, даму, өсу, өзгеру үстіндегі ел өмірі қазақ ауылының бейнесін әлденеше танығысыз өзгертті. Бұдан жарты ғасыр бұрын — елуінші жылдары басталған ірілену, бірігу барысында шалғайдағы қаншама шағын ауылдар көшіп, тек есте қалған елесі, өзгермес, өшпес орны жатыр бүгінде.

Іріленген ауыл белгілі бір кезеңде әлеуметтік өркендеу, өрлеу, қуаттану жолынан өтті. Алайда, тоқсаныншы жылдары басталған жаңа нарық қатынасы арнасына бағыт алған даму процесі қаладан алыс, шеткері ауылдарда мәдени-экономикалық жағынан недәуір әлсіретіп тастады. Осы зардаптан, әсіресе, жол қатынасы, оқу, мәдениет, медицина саласы, жер өңдеу, егіншілік, мал өсіруге аса зәру техника тапшылығы, жанармайдың шектен тыс қымбаттауы ауыл арқасына аяздай батқан, әлі де шешімі табылмаған проблема болып отыр бүгінде. Осындай жағдайда суға тапшы, қуаң аймақтарда бұрын техника, тыңайтқыш қуатымен тау-тау астық, жем, азық өндірілген сан мыңдаған гектар телімі егіншілік жерлері игерусіз бос жатыр. “Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз” дейтін өмірдің сұлу қағидасын сөзден іске көшіретін күнді жеделдету — жұрт тыныш болса, арманшыл ауыл қазағының ақ тілеуі алыста қалмасына сенейік.

— Сізді халық “Шаянның Шолоховы” дейді. Бұл енді артық болса да, кем болса да халық берген атақ. Алайда соңғы кезде ауылды тастап, қалаға келдіңіз. Бұл қалай? Жайлы жер іздегеніңіз бе, жоқ әлде қаланың қайнаған ортасында жүріп қалалықтар туралы да қалам тарту ойыңызда бар ма?

Жалпы ақын-жазушыны жай қарапайым жұрт кейде түсіне де бермейді. Ел ортасында елу жыл халықтың жырын жырлап, қоныс аударудың мәнісі неде?

— Иә, бұдан аттай елу жыл бұрын 56-шы жыл көктемінде мен қаладағы жылы орын, жайлы қызметімді қалдырып, өз тілегіммен Шаянға көштім. Сол жерде бір кездегі тәлімді ауыл қызы Шырынкүлмен бірлесіп көтерген жас отау жылдар өте өскен-өнген үлкен шаңыраққа айналды. Шаянның биік, жарлауыт жағасына орнаған келісті мекен-жайымыздан айнала кең дүние, алыстағы биік таулар айқын көрінеді. Бір жағы газет жұмысын басқарып, одан тыс ел өмірінен жүздеген шығармалар жазып, істен қол босағанда, ат мініп, иыққа мылтық асып, Қаратаудың күз-қия, сай-саласын, баурайында көсілген кең даласын шолып, серпіліп-сергіп қайтарымды білетін қайран қазақ — менің қымбатты жерлестерім, сонау бір қиырда Дон қазағы мен Шаян қазағын үйлестіріп, әзіл-шыны аралас солай атайды. Тіпті, Астанада шығатын үлкен ел газетінің қарымды қаламгері Әділбек іні сапарнама кітабының үлкен бір тарауын “Шаянның Шолоховы” деп келістіре сілтепті. Түстік өлкенің талантты бір жазушысы Серік Жанәбілдің осы атты көлемді әңгімесі де газеттерде, кітаптарда солай басылды. Не десе де сөзге тапқыр, сезімі ұшқыр қазақтың өзінің еркі. Айтпағым, ұлы есімін жерлестерім маған теліген әлемнің әйдік қаламгері Михаил Александрович Шолоховпен “құдай айдап” бұдан отыз жыл бұрын, — 75-ші жылы 8 май, Ұлы Жеңістің күні Кавказда өткен демалыстан қайтар жолда, мәскеулік ірі жазушы — (Шолоховтың майдандас досы) И.Г.Падеринмен бірге Тынық Донның биігінде келісті жерде қоныс тепкен әлемге әйгілі мекен-жайында кездестім. Қуаты қайтқан, шаршаулы ұлы адам Мәскеудегі пәтерінен қарсаңда оралған екен. (Бұл кездесуді мен “Тынық Донға саяхат” атты әңгімеде жазғанмын).

Солай, қос мекенді ұлы жазушының қыстауы Мәскеуде, жайлауы Дон жағасында...

Мәскеу мен Донның арасы 700 шақырым — ұшқыр көлікке он сағаттық жол. Ел еркесі ұлы адамға қалай тұрса да жарасады.

Ал өз басым, мына таңғы түтіні көрініп, күшік даусы естіліп тұрған Шаянымнан түбегейлі кеткенім жоқ. Елу жыл от жағып, күл шығарған үлкен үй орнында тұр. Жастар қалаға жылысты. Елу бес жыл шайымды беріп, жанымда болған ел қызы (ол кісіге артар өкпе жоқ) бәрімізді қалдырып, өз жөніне аттанды. Қарсаңда болған бір кездесуде менің қал-жайымды түсінген облыстың әкімі пайымды азамат іні Болат Әбжаппарұлы ойда-жоқта жаңа үйден жайлы пәтер сыйлады. Арқадағы ауыр жүгім жеңілдеп, жаз жайлауым Бөген-Шаянның жағасы, қыс қыстауым шырайлы Шымкент қаласы, құдайдың құтты күнін құр жібермей, кейінгіге айтар сөзді ақ қағазға төгіп жатқан жайым бар.

* * *

— Еркінбек аға, бірқатар әңгіменің басын бастап, тиянақты жауап алдым. Сіздің терең мағыналы әңгімеңіздің оқырман қауым үшін пайдасы мол болар деген үміттемін. Заманымыздың ерекшелігі, жақсылығы мен қиындығы кейінгі ұрпақтарға сіздер сияқты зергер-суреткерлердің шығармалары арқылы көркемделіп жететін болса, біздің сол ұрпақтар алдындағы парызымызды өтегеніміз болар. Сізге зор денсаулық, қажыр-қайрат, шығармашылық табыс тілеймін. Баршамызға Алланың нұры жаусын!

— Рахмет, қарағым!

Б. Қонысбеков,
“Оңтүстік Қазақстан” газеті.
26.07.2005 ж.



ЗАМАН ҰЛЫ ДАРИЯ, ӨМІР ҚАЛҚЫҒАН ҚАЙЫҚ

Республикалық «Жаңа Шолпан» журналының Бас редакторы ақын Баян Бекетованың белгілі қайраткер жазушы халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Еркінбек Тұрысовпен сұхбаты.

Қаламгерлік, жазушылық еңбектің қайыспас қара нары, қазақтың қаймаққа шығар саусақпен санарлық көрнекті жазушыларының бірі, Алланың мейірімі түсіп, күн сүйген, түстік ендікте жатқан елдің атын әйгілеп, абыройын асырған ел мақтанышы, асқар тауына айналған, қалың елге белгілі шебер сүйреткер Еркінбек Тұрысовты оқымаған қазақ жоқ шығар.

Қалам ұстаған бір қауым ел, «Шерағанның шинелінен» шыққанындай, «Ер ағаның канатынан да» талай-талай ұрпақтар толқыны қаламын ұштап, әдебиет атты үлкен әлемге түлеп ұшты.

Қазақ елінің сан ғасырлық өткен жолын тарихи, көркем суреттеуде көп еңбек атқарған жүз қаралы ірі туынды – әйгілі «Темірлан», «Бәйдібек би», «Қыран тауы», «Түнгі ән», «Мәңгілік сарын» атты тарихи роман, повестердің авторы, елінің тарихымен бірге жасасып келе жатқан аса ұлағатты қайраткер жазушы. Бүгіндері 83 жасқа толып отырған Еркінбек Тұрысовқа бірнеше сұрақтар қойған едік.

– Еркінбек аға, Өзіңізбен Алматыда ұшырасып, сұхбаттасуға мүмкіндік туғанына қуанып, олжалы болып отырмыз. Жұрт қолына да оңайлықпен түсе бермейсіз, хош көрдік, дейміз. Қайда жүрсіз, оқырмандарға нендей тартуыңыз бар, қандай кітап жазып жатырсыз, мынау қоғамда жазушы болған оңай ма?

– Жаңалыққа, жақсылыққа өмірбақи сусаумен келе жатқан қазақ еліміздің әдебиет, мәдениет өлкесінде «Жаңа Шолпан» атты жаңа журнал шығады екен. Оны шығарушы өзге емес, өзіміздің Қаратаудан алысқа канат қаққан бір қарлығашы ақын Баян қызымыз екенін естігенде жоғымыз табылғандай қатты қуандық. – «Шолпаның» құтты болсын, биікте жарқырасын, Баянжан!

«Ақын болу міндетін емес, азамат болу парызын» дейтін, қазақ ұлына айтылатын қағида бар ғой, халықта. Парызыңды ұмытпай ел қызы, халықтың перенті болып жүргеніне сырттай жүріп сүйсінеміз. Сырттай жүріп дейтінім, өзің сәулетті Алматыда, мен болса да ежел бастан туған жерді жайлаған ел ішіндемін. Қалада жүрсең де алыстағы ел-жұртыңды, Боралдайыңды ойлап, ағайын-тумаларыңды іздеп келетінінді жүрегімізбен түсінеміз.

Көл жайлаған аққу құс,

Қырға қонып не қылсын.

Қырда өскен дуадақ,

Көлге қонып не қылсан ... – деп, өткендер өрнек етіп кеткендей жарық

дүниеге келген жүгірген аң, ұшқан құс сияқты адам баласына туған жер, өскен ортасынан қымбат нәрсе жоқ. Адамның жанын жай таптырар, жүрегін махаббаттың нұр сәулесіне бөлейтін алтын ұя туған жері болмаса, шығарма атты өмір туындысы қайдан туындар еді.

Ойлап көрсем менің келешек жазар кітабымның алғашқы ақ парағы алты жасымда алыста буырқанған Боралдай іші, Нұржау атты төбесінен нұр төгілген құзар шыңның баурайында ашылған екен. Ол кітаптың аты «Мәңгілік сарын». Қолға қалам алып бұдан мың жылдар бұрынғы ұлы бабаларымыздан басталып бұл күндерге ұшғасып жатқан ел мен жер, адам мен заман, тағдырлы өміріміз жайындағы көптеген жазбаларым осы кітаптың ішінде. Қалайша деп, танданарсың, әрине. Ол өзі анығында «Мың бір түнге» ұласқан Шехеризада ертегісі сияқты тым ұзақ, сарқылмайтын әңгіме. Әйтсе де, шет жағасын қысқаша бірер сөзбен ашпасак болмас.

Өмір мен өлім жанталаста өтіп жатқан «ашаршылық» атты қиналған – қиын жылдардың соңы, естен кетпес 1934 жылдың көктемі еді. Құлаққа жеткен бір жылы хабарға қарағанда Алла Тағала жылаған аш жәутіктердің көз жасын көрген сияқты. Қазақстанға жоғарыдан жаңадан келген Мырзаян дейтін мыңболғыр Қаратаудың бөктері Марқабұлақтың маңғаз жотасына түрен салғызып алыстан келтірген ақ бидайын септіруді бастапты. Бас көтеріп қайрат қылар азамат атаулы сол қырдағы егінжайдың басында.

Енді, сол «Құдай жеткізсе жетерміз» – десіп үміт артқан егінге орақ түскенше, нан болып тіске тигенше саусақпен санап таусылмас, жылдай ұзақ үш ай – тоқсан күніміз жатты, алдымызда.

Өлмес жанға амал көп, ақылгөй үлкендер бастап әр үйден бөлінген шиедей бала, кәрі-жасы аралас жүз қаралы жан арқаланып шұбыра көшіп Талдыдағы ел-ішінен Боралдай астық. Сонда қалың өскен тау ырзығы алғының тибірін азық қып жансақтаудың амалы.

Сол жылы бізге сыйлық еткендей тамылжыған табиғаттың көркі де, адамға деп жаратқан жер жемісі де ересен еді. Өзен жағалай көк майсаңға қамыс күркелерін тігіп, жыпырлай қонып алғасын жер ошақтарда оттары маздап, қазаны қайнап, ес жиып еңсе көтерген ауылдың іші мәре-сәре. Жарқын сөз, ойын-күлкіге толды.

Ел көшінің соңында қалып, шалдығып келіп тіккен қамыс шайламыз қалың ауылдың күнбатыс шеті, тау күңіретіп тасқындап ағып жатқан асау өзеннің жағасы, айлы кештерде айнадай жарқырайтын көк ирімнің жанында еді. Ел қатарлы тірлік етіп кішкене тас ошағымызда от жанып жан жұбанған көңіл тоқ жайлы-жайсаң айлы кештерде ақ шайламыздың алды, көкмайсалы алаңқайда тоқымдай ғана төсеніш ақ киізге жайғасар едік. Ұзақ түн, ай нұрының астында келісті келбеті жібектей жұмсақ жайлы мінезіне үйлескен менің бұл жердегі жалғыз қамқоршым Қантай апамның алдында шалқалап жатып, оның мұң мен сырға толы жібек толқынды «Қара торғайына» ұштасқан, ән-әңгімелерін тындау қандай жан рахаты болушы еді.

Өзі қалың сиқымның текті ортасы Борастың Есті атасынан, есімі күллі сиқымның аттаныс ұраны болған атақты Рысбек батырдың шөбелегі, кешегі қалың кәмпіс-дүрбелеңнің кезінде бастарынан бақ тайып қуғын-сүргінге душар болған әйгілі Батырбек, Сәуірбай би әулетінің Қарқаралы қызы болғасын да: – Әй, шіркін заман-ай деп, терең бір күрсініп алып, Арқаның мұң-сазды әуенін баяу әндете отырып,

Қаратаудың көсілген көк жонында жайлауына көшкен елдің той-тамашалы өткен өмірі жайынан ертегідей сұлу-сырлы әңгімесін төгілтер еді, жарықтық. Заман ұлы дария өмір қалқыған қайық дегендей. Содан бері тұтас бір дәуірді алып жатқан дауылды, дабылды қаншама жылдар өтті. Мына жарық дүниеде ескірмейтін, тозбайтын нәрсе жоқ. Әйтсе де Нұржаудың нұрлы түндерінде кішкене Темірқанат ұлының үлгілдеген балапан жүрегін алақаны аясында тербеткен ана бейнесі, оның ғажайып ән-әңгімесіне ұласып мәңгі бақиға толласыз сарнап жатқан тау өзенінің сарыны көзден көшіп, жүректен өшкен емес. Солай, өмірімнің таңында ақ парағы ашылып соңғы нүктесі қойылмаған «Мәңгілік сарын» жыры жылдардан-жылға ұласып, бұл күндерге жалғасып жатыр. Оның немен аяқталары алдағы өмір, бір Тәңірдің еркінде.

Бүгінгі қоғамда жазушы аз, жазғыштар көп. Шын жазушы ісі қашанда қияметтің қиыны. Оның беймәлім қия жолына жанын жалау етіп жүрек жұтқандар түседі.

– Әр заманның өз жазушысы, өз ақыны, өз әншісі, тіпті өз әкімі болады дегенге қалай қарайсыз? Заман өзінің тарих сахнасын өз қолымен жасайды, дегенге саятын әңгіме көп айтылатын болып кетті. «Атақты, бай-қуатты болу үшін әнші немесе, әкім болу керек бұл заманда» – деп жазыпты бір үнпарақ. Жазушылық дегеніміз не, оның қазіргі техногендік қоғамдағы мән-маңызы қандай? Өз дәрежесінде қалай сақтап қалуға болады? Жазушы көп деуге бола ма? Қазіргі таңда Қазақстан Жазушылар Одағында 700-ден аса жазушы бар. Осыған қалай қарайсыз?


– Бұл дүниеде аспаннан, айдан түскен ешкім жоқ. Ақын да, әкім де, әнші мен күйші де күні кеше елде туып, жерде, ортамызда өскен өз заманының түлегі. – Елдің, халықтың өз перзенттері.

Адам боп, азамат боп дүниеге келгесін ақын да, әкім де туған ел, өсірген халқына адамдықтың ақ жолымен қызмет ету парызы. Ақынның да, әкімнің де кім екенін азаматтық бейнесін айқындайтын ұлы төреші бар. Ол уақыт, уақытпен бірге жасайтын келер заман ұрпақтары.

Өмірде жазушы атты лауазым да, мамандық та жоқ. Оны жазушы етіп шығаратын – төзім мен білім, өмірге, табиғатқа құштарлық, адам затына, өсірген халқына деген шексіз сүйіспендік. Мұндай қабілет-қасиетті жасаған тәңір кез келгеннің маңдайына жазбапты. Содан да шығар, қазақ елінде есептегі жүз мың оқырманға бір жазушыдан ғана келеді екен. Оның да көпшілігі жаңа толқын, көк өскіндер көрінеді.

Мына «Бес күндік» керуен дүниеде жан кешіп жиған байлығы ешкімге опа қылмаған. Тек ізгіліктің ізі, ұлының аты, дананың хаты (руханият мұрасы) қалады өмірде.

– Адамзаттың ойлау жүйесінде, ішкі ықылымында Батыс пен Шығыстың қақпақылында қалған бүгінгі ұрпаққа қарап жаныңыз ашымай қалмайды. Ақпараттар тасқынының ортасында, жоғары технология тораптарының шырмауында қалған, онсыз да түп-тамырымен әрең жалғанып тұрған бүгінгі заман ұрпағы ғаламданудың аузын арандай ашып келе жатқан аждаһасының аузына түсіп қалмауы үшін не істеуге болады? Қағынан безінген, өз тіліне, ұлтына менсінбей қарайтындардың көкірек көзін қалай ашып, санасына қалай сәуле шашамыз. Бұл туралы шырылдап айтқан Мұхтар Шаханов ағамыздың да сөзі де елең болмай бара жатқандай... Сіз не айтар едіңіз?



— Арылмас арман болған азаттыққа қол жетті. Тәуелсіздікті ту етіп биікке көтерген егеменді елміз. Мың жылдарға ұласқан ұлттық рух, елдік салтымызды, ата-бабаларымыздың қаншама заманынан үзілмеген ұлы мұрасын өшірмей, санасында сақтап, келген ел емес пе едік. Енді жаһандану дейтін бір құбыжық аждаһа келе жатыр, тіл мен ділімізден айрылатын болдық, құтқарыңдарб – деп кімге жалынап, кімге шағынамыз.

Осы дүрбелеңге қарап еріксіз таңданамын. Меніңше барша солақай тірлігімізге «Өгіз қайда тартса дөңгелек солай дөңгелейді» дегендей тұтас бір дәуір көшін бастаған кешегі, бүгінгі аға ұрпақ кінәліміз. Қазақтың тілін жасайтын Назарбаев емес. Елбасшы болса да, ол да елден шыққан ел азаматының бірі – «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деп ақ жарылып айтты ғой. Одан артық не десін.

Ойлап көргенде үделі үмітпен жүректен көшпейтін өмірдің өз шындығы бар. Ол қазақ барда қазақтың тілі өзімен бірге жасайды. Мына замандар тоғысында адасып, шаңқай түстің шаңында өскен дүмбілез бір толқын өтеді. Жаңа қазақ, жаңа ұрпақ қазақтың таң шығындай таза, келешектің өшпейтін тілін өз қолдарымен жасайды. Осыған орай мына бір ғажап мысалды айтайын: бұдан бір жыл он ай бұрын жанұмызда Гүлім атты шөбере дүниеге келді. Оған былай сөйле деп, тәлім айтқан ешкім жоқ.

Сол сәби жасына жаңа толғанда аз күн зат есімдерін ежелеп қазақша қоспасыз таза айтып, жүрді. Арада бірер ай өткенде іркілмей таза сөйлей бастады. Бүгінде өз тілімізде бұлбұлша сайрап жүр. Мұны қалай қабылдап, қалай түсінеміз.

Ал ұлттық тілімізбен рухымызды биік, Мемлекеттік дәрежеге көтеру сөз жок үлкен саясаттың, көрегендіктің ісі. Ел барда халқымыз аман тұрғанда қазағымыз қашанда өркен жайып келешектің айқын жол, биік асуларынан көрінетініне сенейік.

— Сізді өмірбаяны бай, қоржыны қалың, өзі қызғылықты оқылатын жазушы, аса зиялы тұлға, көпті көрген көнекөз қаламгер ретінде бағалайды оқырманыңыз. Әсіресе, халқыңыз ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен тәлім алған талантты тұлға ретінде таныған. Ұлы жазушының өткен ғасырдың 60-жылдардағы атақты «Оңтүстікке сапары» әлі күнге аңыздай айтылады, бұл туралы көп жазылды, өзіңіз де бұл тақырыпқа кезінде жиі қалам сілтедіңіз. Біздер өзіңіз ұшырған түлек ретінде сол кездері бұл туралы жазған естеліктеріңізді бас алмай оқыдық, басымызға жастап жүріп оқыдық. Біздің қатардағы толқын солай оқитын. Адамзат ой-құндылығының дамуына ғаламдық үлес қосқан ғаламат тұлғаның қасында айлап жүру, әңгімесін есітіп, сұхбат құру, өмірлік қағидаларына, арман-мақсаттары туралы әңгімелеріне, жалпы тұрмыс-тіршілігіне куә болу – зор ғибрат, үлкен бақыт. Әдебиет, Отан тарихының алтын беттері дер едік. Бұл әрине, ескірмейтін тақырып. Бүгінгі оқырман үшін де өте қызықты. Есіңізде қалған, жаныңызды толқытқан ең қызықты сәттерді әңгімелеп берсеңіз.

Отбасыңызбен де жақын таныс болды ғой, бізбен қатар ұлыңыздың есімін ұлы жазушының құрметіне Мұхтар деп атағаныңызды да білеміз... Осы туралы да. «Өскен өркен» трилогиясын жазуы да тарихи жағдайлар еді, өзіңіз басы-қасында болдыңыз ғой... Сол кітапты бітіргенде-ше, қандай ой-арманы болды, түстіктен не көрді, нені бағалап еді?

Оңтүстіктің тіліне қырын қарайтындар табылатын болған бұл күнде.

Жазушылар арасында. «Атап айтар біраз жазушылар бар, бірақ әдеби тілде шұрайлылығы кем» дегенге саятын әңгімелер бар. Ұлы Әуезов түстіктің тілі туралы қандай пікір айтып еді?

– Ұлы адамдар жайында сөз қозғау қаншалықты қызықты болса, ол жайында жазу қияметтің қиыны.

Ал, кейіпкерін Абайды көрген, Абай заманынан, Қазақтың ғасырлық тарихынан бұрын-соңды болмаған «Абай жолы» сынды дәуірдің ұлы дастанын берген әлемнің Әуезовы болса ше?.. Көз көрген, бірге жүрген күндер шындығын, ел білетін миллиондар назарындағы аса күрделі замана тұлғасының табиғи болмысын қоспасыз реалистік тұрғыда көркем баянын жасау жауапкерлік жүгінің қаншалықты екенін тек бастан кешкендер біледі. Солай болса да Әуезов жайлы, оның елмен бірге жасайтын сарқылмас мұрасы жайында көп жазылды.

Көркем туындыларды қоспағанда естеліктердің өзі бірнеше томды құрайды.

Еліме, қалың қазағыма «Абай жолының» табиғи жалғасы дерлік мөлшері төрт томға жобаланған осы заман болмысынан жана, кең құлашты туынды берсем деп, үш жыл қатарынан келген «Оңтүстік сапары» әдебиет пен ел тарихының ұлы мақсаты биігіне бет түзеген нағыз қарқын алған шағында жол ортасында үзілді. «Өскен өркеннің» айқара беті жабылмай, соңғы нүктесі қойылмай жазу үстелінің үстінде қалды. Ол оның алдағы өмірге, ел жұртына, ұрпақтарға қалдырған соңғы сөз, ақырғы аманаты.

Сырттай ойлағанда атақ-данқы асқар таудан биік, бірге жүргенде жаз дидарлы жылы бейнесімен туған әкеміздей көрінетін ұлы ағамыздың қасында өткен күндерім сөз жоқ өмірімнің ең бір бақытты шағы. Оңтүстік жеріне аяқ басқан соңғы сапарының алғашқы күні қасына еріп жүрген облыс, аудан басшыларын бастап өткен жолы айтқан сөзін ұмытпай бізде өсіп жатқан кішкене бала Мұхтарын көргелі Шаяндағы жас отауымызға келгені, әр кездегідей жаз күніндей жарқырай отырып әлем елдеріндегі әрқилы салт-сана жайынан ағылта айтқан әңгімелері естен кетпейді.

Мұхтар аға дүниеден өткесін әр жылдары сапар күнделіктері мен қалың дәптерлерімді алдыма қойып жүректен өшпейтін сапарлар сазынан қағазға түсірген естелік жазбаларым әр кездері жарыққа шыққан «Қыран тауы», «Құралай жолы», «Шығыстың шын ұлдары», «Тұлпардың ізі» атты кітаптарымда басылды. Олардың жалпы жинағы «Кемеңгердің керуені» атты жана жинақта топтасқан.

Біздің қазақтың жері – «Батысы мен шығысы алты айшылық жол еді» – деп жыраулар жырға қосқандай ұланғайыр. Солай болса да біртұтас елдігі мен бірлігінің арқасында барша қазақтың тілі мен салт-сана, әдет-ғұрпында күнге жұлты кейде сөз арасынан көрші ағайынан ауысқан: «Жүдә», «Әбдән», «Қатта» сияқты диалектін қыстырып жіберетіні болмаса, ешбір айырымы жоқ.

Мұндай тұтастық батыс-шығыстың көп елдерінде жоқ. Мәселен Кавказдың Дағыстанын мекендеген түбі бір небары 270 мың Авар, Құмық, Даргин, Лезгин халықтары бірін-бірі түсінбейтін өз тілдерінде сөйлейді. Ал, Исламды парыз тұтқан татар ағайынның көнекөз үлкендерінің өзі: «Юзумду бүрдүм западқа, Ниет эттим пятикратный намазға» деп сөзінің тең жарымын орысшамен тұздықтап отырғанда, біздің жағдайымыз олардан көш ілгері ғой, деп жымияр еді, жарықтық.

– Сізді тарихты саралауда білгір жазушы, үлкен суреткер деп қарайтын

оқырманыңыз Өзіңіздің атақты «Темірлан» романын қолдан-қолға өткізіп, қызығып оқыды. Сол бір ХХ ғасырдың 93 жылдары болуы керек, «Темірлан» романы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған жылы, ел-жұртым шақыртып, алғашқы жыр жинағымның тұсаукесерін өткізілуне өзіңіз де келіп, куә болып едіңіз. Бүкіл еліңіз сол «Арғымақтың» бәйгеден келеріне күмәні болмаған... Атақ, сыйлық, марапаттарға деген көзқарасыңыз қалай? Жазушының еңбегі шыныменен сондай марапаттармен бағаланады ма?

– «Темірлан» қазақтың әдебиет тарихында ұлы Темір бабамыз жайлы алғашқы жалғыз роман болғасын маңдайына шөп қыстырып «аламанға» тәуекел еткеніміз 1994-ші жыл еді. Ойымыз түзу, көңіліміз тоқ еді. «Ауылдағы көрікті ойды базардағы нарық бұзатынынан» хабарымыз жоқ еді.

Сыйлық тағдыры шешілетін қарсаңда Алматыға жолым түскенде үлкен үй маңында кездесе кеткен ақкөңіл бір азамат іні, өзі Жоғарғы Кеңестің депутаты салған жерде: Япыр-ай аға, кітабыңызды бір орынға 16 үміткер тізімінің қақ ортасынан көріп төбе құйқам шымырлап кетті. Қожанасыр сияқты неткен әулие адамсыз. «Бір Құдай, бір әруақ» деп Қаратауыңызда жатырсыз. Ал, анау онбестің әр қайсысының арқасында пәленбай министрі мен академиктері жүр ғой, – дегені.

А, ендеше, ағаңыздың кітабы үлкен доданың ішінде екен, соған да шүкірлік, дегенбіз.

Кейін одақ шығарған анықтамаға қарасақ: үздік шығармаларға мемлекеттік сыйлық тағайындалған 1966 жылдан бері 54 жыл өтіпті. Жоғарыдан осы сыйлықты алғандардың саны 75-ке жетіпті. Соның ішінде елде тұратын, облыс, аудан, ауылдарды мекен еткен төрт жүздей жазушыдан бір жазушы бар ма екен? – жоқ қой! Түгелдей Алматыдан, кейінгі жылдарғысы Астанадан. Сыйлықтың не екенін, кімдерге берілетінін осыдан-ақ бағамдарсын, қарағым.

О, баста, акын-жазушы еңбегі сыйлық үшін жазылмайды. Ең үлкен сыйлық жазушы мәртебесін арман биігіне көтеретін еңбегінің жарыққа шыққаны. Қалын халқына, оқырманына жеткені. Елім деп өскен халықтың ұл-қызына ел-жұртының алғысынан асқан сый-құрмет жоқ.

– Қазіргі заманның жазушылары өміріне, қаламақысына көңіліңіз тола ма? Кітапты шығаруына, оның халыққа таралуына жүйе жасалынған ба? Оны кім жасауы керек, жалпы жазушының еңбегін, еңбекақысын кім қорғауы керек? Бет-бетімен күн көрген, үкіметке жақын, басшылықтың қасында жүргендер ғана бармағына іліккен балды жалап, басқалары итін тіршілікпен күн көргені дұрыс па? Жапон жазушысы секілді аштан өлсе де жазушыны керек етейін деп тұрған қоғам келіп қалған сияқты көрініп кетеді кейде...

– Кітап киелі дүние. Оның дүниеге келуі айлар мен емес, жылдар, ондаған жылдар, тұтас бір адам өмірімен адамның жаны, жүректің қанымен өлшенеді. Сол киелі дүние мына «Нарық» әлемінде ең арзан тауарға айналды. Солай болғасын «Арзан тауар» өндіретін жазушы еңбегінің қайтарымы қайдан болсын? Азғана таралыммен шығатын кітаптың саусақпен санап алатын кітапханалардан басқа салаға таратудың жолы қияметтің қиыны. Шыдамға, төзімге жаратылған жұртпыз ғой, – қиын күндер өтер, кетер. «Қос қанатты қоғамның бір қанаты» руханият тірегі әдебиет өлкесінің күні

де туар. Үміт бар жерде өшпейтін өмір бар. Жаратқан тәңір ізгілікті үмітінен айырмасын, адамды.

– Сізді ақсүйек жазушы, қырға ақ үй тіктіріп, қымыз ішіп, аң аулағанды ұнатады деп жатады. Әдеби ортаны да аңсамайды деген әңгімелер есітіп қаламыз. Әдеби орта керек пе жазушы адамға?

– Өмір жалғыз. Армансыз адам болмайды, өткен күн қайтып келмейді. Тәңір бұйырса жақсылық үшін жаралған барша жанның өкінішсіз, өмір сүргеніне не жетсін. Қайсы бір жылдары Мұхтар ағаның алдына ақ дастарханын жайып ақ батасын алған (теберік келін) Шырынкүл апаларының барында өткеннің өрнегін кейінгілер көрсін деп, Шаянның биік жағасын жайлау етіп түйе ұстап аруананың ақ шұбатын (бізде қымырын дейді) сапырған күндерді ұмытпаған екенсін.

Айнала түгел, көңіл хош сонау бір күндері алыстан ат терлетіп іздеп келетін Нұрғиса, Шерхан, Қалдарбек, Қайсенов Қасым, Өзілхан, Тәшенов Жүмекең сынды сері ағаларды бастап дала кезіп, тау шарлап жүргеннің өзі өзінше бір дәуірлі дәурен еді. Бүгінде ол күндердің ізі қалған өзі жоқ. «Ізі» деп отырғаным бұдан он жыл бұрын Балабөгенде ашылған Әуезовтың әдебиет отауы. Ұлының жолын қастерлеген жас өскін ерте көктемнен суық күзге дейін сол ізгілікті орынға саяхаттап келіп-кетіп жатады. Әдеби ортасыз жазушының тіршілігі тұл. Алматы бізден хабарсыз. Шымкенттегі кіші отаудан ақын інім Әбілда іздеп тұрады.

– ҚЖО-ның 70 жылдық мерекесінде қазақтың біртуар ақын қызы Фариза апайдың Өзіңізге үлкен құрмет көрсетіп, ілтипатпен амандасып жатқанына куә болғаным бар еді. Ешкімге иіле қоймайтын апамыздың да ерекше сыйлап, ізет көрсететін ағасының біреуі өзіңіз екенін көріп, Сіз үшін іштей ризаланып едім. Аға, соңыңыздан келе жатқан толқындардан қолына қалам ұстаған қыз-келіншектерден кімдерді оқисыз?

– Фаризамен біздің отбасымызды табыстырған да ұлы Мұхтар ағаның шарапаты болар. Жас Фаризаны алғаш «Лениншіл жаста» басылған отты жырларына риза боп Алматыға барғанымда маңдайынан сипағаным бар еді. Кейінше, Сексенінші жылдары қасына ілестірген өзіміздің Аян мен Тұрсынай, Нармахан, Қабылбектер бар бір топ жас ақын достарын бастап бір кезде ұлы ұстаз ағаның отырған орнын іздеп арнайы сапармен Шаяндағы үйімізге келді. «Шілде» атты жыр кітабының бетіне: «Ер-ағамның жан серігі – ұлы Мұхаңның батасын алған Шырынкүл тәтеме» деген қолтаңбасын жазып, қымбат сыйын ала келді.

Жаны жайсаң, жалын жүректі ел қызы әрдайым бір анадан туған жан-бауыр, қарындасымдай көзіме ыстық басылады.

Фариза, Күләш, Тұрсынхандай апаларының жолын қуып жарқырай көрініп келе жатқан жас таланттар шоғыры бар екенін білемін. Жылт еткені қайсы бір газет, журнал беттерінен көзге шалынады. Бұл жақтағы Ханбибі, Роза, Тұрсынай мен бірі өзің, екі Баянның кітаптарынан өзге-дүние – кейінгі жас толқынның шығармалары бізге жетіп жатқан жоқ.

– Айтыңызшы, өзін-өзі жалмап жеп бара жатқан өркениетті қоғамда қалай ұзақ жасап денсаушылықты сақтауға болады? Менің нені мегзеп отырғанымды түсінген шығарсыз.

Мәселен, асханада (тоңазытқыш, микротолқынды пеші бар т.т.) жүрген

әйел, тұрмыстық техникалар сататын дүкен сатушысынан да көп зиянды сәуле қабылдайтын көрінеді. Оған компьютер, қалта телефонын қоссақ... Бұлар қазір өмір сүрудің ажырамайтын амал-құралдары болып отыр. Біздің толқынның жағдайы қалай болады дегенім ғой. Өзіңіздің жасыңызда кітап жазып, шығарып жүре алар ма екен?

— Өркениет барша адамзаттың арманы еді, кезінде «Алтын деп ашқан сандықтан айдаһар шығыпты»-ның кері келіп бүгінгі өркенді өмірде «Тілеген жаңбыр басқа еңбек» болып жатқаны шындық. Әр У-дың өз қайтармасы болатынындай жетілген ғылым, адам даналығы радиациядан қорғанудың да амалын табатын шығар. Біз тауда туып биікке қарап өстік қой. Биіктік жолы мәртебе. Сол биіктікке меңзейтін таза мақсат, таза жолдың қуаты болар, сексен дейтін сенгірден серуендеп өте шығыппыз. Таңданатын не бар, Мариэтте Шагинян дейтін апаныз тоқсанында таудай роман жазған ғой...

— **Атақты тұлғаның отбасы, бала-шағасы туралы да білгісі келеді. Оқырмандарға бұл тақырып та қызық...**

— Кешегі өткен дүбірлі заманда Бәйімбет балалары дейтін үлкен әулеттен шығып іргелі ауыл елін ұзақ жыл басқарған әкеміз Әжібекұлы Тұрыстың қара шаңырағында қос ананың бауырынан өрбіген үш ұл, алты қыз едік. Ағамыз жалындаған жас азамат қан майданнан қайтпады. Іні жастай шетінеді. Аласапыран заман толқынында аман қалғасын «Жалғыздың жары бір Құдай» деп Алласына жалбарынған әке-шешенің көз жасын құрғатып, тым ерте үй болдық. Сол көз жасын көріп көк Тәңірінің аяғаны шығар, көшіміз жүре түзелді. — «Сізді емес, атам мен әжемді қуантуға келдім» деп, менің әке-шешемді келмей жатып меншіктеген ауылдың томпаңдаған торы қызы Шырынкүл Құдайдың берген сегіз перзентін өрбітті. Төрт қызымызды ұзатып, төрт келін түсіргенбіз. Осылардан өсіп-өнген ер-азамат, ұл-қызы бар отыз шақты ұрпақ сан тараулы өмірдің жолын өздері тауып, ел ішінде еңбек етіп, оқуларын оқып жүр. — Сырттарынан қараймын. Адамдықтың ақ жолынан адаспаса екен деп, тілеймін.



— **Еліңізге, оқырмандарыңызға, біздің жап-жас басылым «Жаңа Шолпанға» айтар тілегіңіз?**

— Асқар тау, ұшан теңіз жері бар, Қазақстандай елі бар, Қазақтай дархан халқы бар елде туған барша жанның бар өмірде сарқылмайтын бағы бар. Сүйікті туған елімнің аспанда айы, көкте күні жарқырап, “таң шолпаны” астында өмірі жайнап, гүлденсін!





АРНАУЛАР



ҚАДАЙСЫҢ ШЫРҚАУ ШЫҢҒА ЖАНАРЫНДЫ

(Е. Тұрысовтың елу жасқа толуына)

Адамға уақыттан әділ бола ма сын,
Азға іні, көпке бүгін төр-ағасың.
Қадайсың шырқау шынға жанарыңды,
Сыпырған қырандайын томағасың.

Кезін бұл екпіні ерен, топшың берік,
Қаратау кірпігінен көк сүңгі еріп.
Көк, жасыл бояуларын көктемде,
Жолына кемпіркосақ жатсын керіп.

Жақпарға қонса қыран самғап өрден,
Ат барма «Ақбақайдай» арда желген?!
Мақпалдай «Құралайдың жолы» жатар,
Ақ танда асып түсіп талма белден.

Хас қыран болсаң қалай іркілерсің,
Тұғырдан шын түлерсің, сілкінерсің!
Шың асып, шыған көкке шығып алып,
Қылыштай қанатыңмен бұлт ірерсің!

Кен тыныс келген кезде күш-кемелін,
Үн қатар: «Биігіңе ұш!» деп өмір.
Қияға ұя салар қыран болсаң,
Қашанда қадірлейді құсбегі елін!

20 қазан, 1977 жыл.

ҚАРАТАУДЫҢ ҚЫРАНЫНДАЙ ШАРЫҚТАП

Қатарынан асып туған кеменгер,
Даңғыл аға, асылын жырдың төге бер.
Мұхтар аға көз алдыма келеді,
Қарсы алдымнан шыға келсең сен егер.

Әлем білер, бүгін міне, Мұхтар кім?!
Сарқылмайтын сол данадан ұққаның.
Қаратаудың қарт тарихын түгендеп,
Қазағымның бар мәтелін жұптадың.

«Көксенгірің» шын биігі – «Қырантау»
«Бәйдібекті» жұрт сүйсініп, оқыды-ау.
«Темірланың» қолға тимей кетті аға,
Шығарманда сарқылмайтын сыр бар-ау!

Ақ жол асқан арғымағың «Ақбақай»
«Келіншектауды» туған елін мақтады-ай!
«Кеменгердің керуенімен» сапарда,
Туған елдің ақ тілеуін ақтадың.

Тұлпарына тұрман салып жетпістің
Сан жылдарды серілікте өткіздің.
Сіз болдыңыз «Шолоховы» Шаянның,
Ұландарды Ұлы жолға жеткіздің.

Келер талай Ұлы тойға дос-аман,
Арманшыл аға, жолыңды сенің қош алам.
Қаратаудың қыранындай шарықтап,
Шынар шыңда, ортамызда болшы аман!

Шашауына шаң жұқтырмас, тілің бал,
Жоқ мінезің кейбіреудей ұрымтал.
Ақын емен, бірақ та жыр арнадым,
Ініңіздің ақ тілегін қабыл ал.

*Шаян ауылы,
қазан, 1987 ж.*



ЕЛ ДЕП СОҚТЫ ЖҮРЕГІҢ

Жазушы Еркінбек Тұрысовқа

Құрмет өлең

Кеудені өлең ұрғылап,
 Құлап түсті бір бұлақ,
 Сәлем айтты өзіне,
 Талдыбұлақ, Мыңбұлақ,
 Қаратауды мүжіген,
 Уақыт тез сырғымақ,
 Сіз едініз Ереке,
 Сыңғырлаған сырлы бақ.
 Серілікпен келесіз, —
 Тау мен тасты бұрғылап,

«Ақбақаймен» желдіртіп,
 Иыққа артқан бұрымын.
 «Келіншектау» кербезін,
 Мөлдіреген тұнығын.
 Дәріптедің тағы да,
 «Темірланның» құзырын.
 «Түндер сазынын» таусылмас,
 Қызықтадың қылығын.
 Бүгін міне әлпешеп,
 Жатыр қазақ түстікте,
 Бәйдібектің құлынын!!!

Ел деп соқты жүрегің,
 Елге арналды тілегін,
 Қарсы аққан ағысқа,
 Қазағымның ұлы едін.
 Қашап жаздың тарихты,
 Қаратаудың төсіне,
 Таусылмасын лайым,
 Алла берген несібе!
 Мың жасаныз тірлікте,
 Қартаймайтын сезімдей,
 Сол биікте тұра бер,
 Қаратаудың өзіндей!!!

САН ҒАСЫРЛАР БОЛҒАН ОНЫҢ СЫРЛАСЫ

Еркінбек Тұрысов ағаға арнау

Мұхтар аға жырлап өттің Абайды,
 Жолың жатыр таң сазында арайлы,
 Уа, ұлы аға, шәкіртіне медет бер,
 Рухың сенің қолдар әлі талайды.
 Ұлан асу алда талай мақсаттар,
 Өтер мезгіл, шіркін уақыт сыландар!
 Ер-ағамыз бата алған өзіннен,
 Шың-құздарға шығар шырқап қырандар!

Орта ғасыр оқиғасы – «Темірлан»,
 Аршып алған Ер – ағамыз сағымнан.
 Өткендерге ойлы көзін жіберіп,
 Ақсақ Темір нақ қасынан табылған.
 Таразылап ақылменен тарихты,
 Өткендерге ойлы көзін салыпты.
 Сан ғасырдың қиырына шарықтап,
 Бәйдібектей бабасын да тауыпты.

Қай ғасырға жатқызамыз бабаны,
 Дейтіндер көп, – қай дәуірдің адамы?!
 Ел-жұртына тағылым етті тарихты.
 Даукестерден аулақ салып араны.
 Ауданымыз аталғанда Бәйдібек,
 Ол кірісті елдің сөзін бастап тек.
 Шық жуытпай сол атасын қорғады,
 Әділеттің туы биік тұрсын, – деп!

Айқындалған азаматтық тұлғасы,
 Сан ғасырлар болған оның сырласы.
 Саулық берсін Ер – ағаға бір Алла,
 Келер ғасыр келе жатыр жырласы.
 Деп тілекті біз айтамыз Ереке,
 Сіз болғанда ортамызда береке.
 Құтты болсын жетпіс шоқы биігің,
 Біздер үшін ұланғайыр мереке.

*Шаян ауылы,
 1987 ж.*

ЕРЕН ТҰЛҒА БІР ҒАСЫРДА БІР КЕЛЕР

Арнау

Арналады сізге деген толқын--жыр,
Іш тартуда таусылмайтын жатыр сыр.
Жан бітірер қаламыңның бояуы,
Малынады сұлулыққа мына қыр.

Шығарманда туған жердің тастағы,
Толқын шабыт теңіз болар бастағы.
Ардақты ғой біздер үшін Ераған,
Дастандарды Ұлы дария – Өуезовтен бастады.

Қара сөзден кесте тікті көркемдеп,
Шығарманда «алтын күрек» – жақсы леп.
Тұғырынан таймаған сіз жігітсіз,
Есігінді қақсадағы жетпіс кеп.

Тәлім берер халыққа сіз керексіз,
Тұңғыықтан маржан тартқан зерексіз.
«Шаянымның Шолоховы» атандын,
Көркем сөзді түрлендірмес дерексіз.

Біз тілейміз жақсы ағаның саулығын,
Шынайылық – шыншылдыққа арлы кім?
Мол қасиет Ерағанның бойында,
Сіз орнатқан ескерткіштер – биік шың!

Данқыңыздың «Кұралай жол» бастауы,
Дүбірлі той ауылымнан басталды.
Бергенінен берері көп әлі де,
Ерағанның жетпіс – биік асқары!

Алдыңызда жете алмаған биіктер,
Артыңызда қорғаныңыз, сүйікті ел!
Ерен тұлға бір ғасырда бір келер.
Шалқар шабыт, сырлы бұлақ,
Сіз, Ер-аға, жүзге кел!

Ботбай елді мекені.

СӨЗ ЗЕРГЕРІ, ӨРНЕКТЕГЕН ӨМІРДІ

Жазушы Еркінбек Тұрысовқа

Таудың ұлы тауға қарап өседі,
Биіктік пен пандық содан деседі.
Таулықсыз ғой, таудай қылып Ер аға,
Халқыңызға сөз айтасыз көшелі!

«Кұралайдың жолын» тандап алғанда,
«Туған жерде», «Түнгі әнді» салғанда.
Мүлгіп кеткен «Қыран тауын» сезіп қап,
«Сырлы қайың» сырын бүгіп қалған ба?

Туған жердің сырын терең сезіне,
Айыра алған алтыны не, жезі не.
Бәйдібектей бабамыздың дерегін,
Бұйыртыпты жазу аға өзіне.

Сөз зергері – өрнектеген өмірді,
Демеп алды көншітіп бір көнілді.
Өзгелердің олжасына жібермей,
Өзі жазды Ұлы Ақсақ Темірді.

Отыз жылдай мазалаған санасын,
Ақсақ Темір билік құрған даласын.
Елеп-екшеп жайып салған халқына,
Қалам тартқан о, Ер аға, дарасын.

Таусылмасын маздайтұғын жана үміт,
Кестелі сөз, шұрайлы тіл таң қылып.
Жұртыңыздың баурап алып жүрегін,
Бітпесінші сазды «Сарын мөңгілік».

Деп ойларсыз жүрген дұрыс дем ала,
Таза ауада, туған жерде, кең дала.
Қалам тастау – ойыңызға келмесін,
Жүзден жүйрік, мыннан тұлпар, Ер аға!

«Оңтүстік Қазақстан».

15.10.1997 жыл.



ӘУЕЗОВТИҢ ІНІСІ

Жанын тұнық,
Өнің асқақ,
Әуезовтің інісі

Аңсаттырған шапағатын,
Шәкірттердің бата алатын,
Мейірімдінің бір ісі.

Аспан аға,
Дастан аға
Тарихшы тарланым!

«Темірланын» тұтас дүние,
Болмашынды көзге іле
Жұрттан бұрын барлардың.

Тарих қойнын аралауға,
Бөлекше сыр саралауға,
Асығатын дәйімі.

Сырлы сөздер,
Мақсат көздер,
Көркем сурет көнігі.

Тынымсыз жан,
Нұрлы кеуден,
Ой жіберсем, мөп-мөлдір.

«Ақбақаймен» алға кетіп,
«Қырантаудан» кеткен өтіп,
Толқын атар арман жыр!

Сенен алған талғампаздық,
Қасиеттер менде барлық
Жүрегімде орнықты.

Шабыт – еңбек,
Шабыт шалқар
Жетпісінде жолықты.

Шаян ауылы.

КӨКСЕҢГІР ТАУЛАР ТҮР ҚАЛҒЫП

Асудан талай асса да, арымай тартқан сері ағам,
Еңсесі биік ер тұлға, көңілі көл шері ағам.
Ұлағат жасқа үйреткен, мінезі дарқан, кең пейіл,
Қазақстанға белгілі, Шаянда тұрар Ер-ағам!

Ұрпаққа деген пейілін, шалқыған-шалқар теңіздей,
Сыйынып сырттай жүреміз, жебейтін көктен иеміздей.
Көрінбей қалса бір мезет, сағынып-іздеп қаламыз,
Сынарымыз сияқты бірге өскен егіздей.

Қиянға сілтеп қанатты, қиып түсер сұңқардай,
Бастаған дүбір-толқынды, ағыны ерен тұлпардай.
Заманымыздың заңғары Әуезов кескен тұсауын,
Ұстазың ұлы, дана аға, табиғат берген ұсауын.

Алшан басып жүргейсін, тұлғасы биік, ірі аға,
Білмейтінің аз сірә, табиғат берген ғұлама.
Тандарың таңға ұласып, арманың жетті алысқа,
Жасаған әрбір ісіңнен, жас өркен алар ұлағат!

«Ақбақай» әйдік тұлпарың, алысқа құлаш сермеген,
«Көксеңгір» таулар түр қалғып, «Құралай» құзда өрлеген.
«Талдының» кәусар суындай, сарқылмас сырың жан-аға,
Есілген жібек ерке жел, даланы дархан кернеген!

*Таңатар ауылы,
Бәйдібек ауданы.*

ЕРКІНБЕК АҒА – ЕР АҒА

Толғаныс

Білсін мұны үлкен де,
Білсін мұны кіші де,
Ер – аға, деймін мен бүгін,
Есімізге тәк тұрып,
Рухын сөздің арттырып.

Тарттыңыз қалам толғана,
Кеуденіз жойқын жалынға,
Өліп те барып тірілді,
Айналған тарих сағымға.

«Ақбақай» жырын оқығам,
Толқытты және «Көксеңгір».
Сүбелі томын «Темірлан»,
Парасатына өлшем бұл.

Еңбегің ерек жұрт білер,
Керек пе тізіп, соны атау,
Жетпісте пансыз, салмағын
Беріпті сізге Қаратау!

*Шаян ауылы,
Қазан, 1997 жыл.*




ШӘКІРТІ БОЛҒАН МҰХТАРДЫҢ

Дана туған Ер аға да, қасиетті бір текті,
Жүзі жылы, нұрлы шырай әлі-дағы кетпепті.
Ұлы адамды жағалаған, Мұхтар атын қастерлеп,
Қаламгерлік қасиеті жеміс беріп көктепті.

Баба жолын ұмыт болған, басқаларға ұқтырдың,
Жалғастырдың шежірені, шәкірті боп Мұхтардың.
Тарих – таңым суарылған ақиқатпен зердеде,
Өтелмеген қарыздардан бұл халқынды құтқардың.

Мұхтар аға қазақтағы ұлылардың бірі еді,
Қолын алды данышпанның – Ер ағаң да түледі.
Талай асу, асқар белді артқа тастап бұл күнде,
Шаршамастан соға берсін ағамыздың жүрегі.

Шаян ауылы.



ЖАНЫП ТҮРҒАН СЕЗІМНІҢ ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

Басталатын бағзыдан келешегі,
 Табиғатпен етене емешегі.
 Айтыстарда қасқып алқара көк,
 Қаратауда долана көп өседі.

Сіз де бір доланасыз тасқа біткен,
 Тағдырыңыз осы екен баста күткен.

Ұлылыққа қол берген тереңіміз,—
 Сізді жазу жат маған басқа әріппен.

Оныңыздан туғандай күнде айыңыз,
 Анық тастап келесіз, Сіз дәйім із.
 Болашаққа аманат, бізге — олжа,
 Ақ қағазға төгілген көз майыңыз.

Бүгінгі мен өткенді жалғағандай,
 Өрге ұмтылып келесіз жолда қалмай.
 Иығыңызда отырған қос періште—
 Мұхтар менен Бәйдібек қолдағандай.

Өтті жылдар не килы, не ыланды,
 Өзіңізге олжа боп өмір қалды.
 Бір абырой болғанда Сіз жаздыңыз,
 Тұңғыш рет тарихи «Темірланды».

Таусылмасын күніңіз несіп етер,
 Таусылмасын суыңыз кешіп өтер.
 Келдім дейсіз жетпіске, тағы жетпіс
 Берем десе Алланың несі кетер!

Жанып тұрған сезімнің қызғалдағы,
 Жігіттің таусылмайтын ізгі арманы.
 Жетпістегі Ер-аға, аман жүрсек,
 Талай-талай шығарамыз тауларға әлі.

Бар байлығы — көңілі, дені—пұлы,
 Інізіз ем шайырлау, делі-құлы.
 Бағдаршамдай биіктен жалт-жұлт етіп,
 Жүріңізші «Шаянның Шолоховы!»

17 қазан, 1997 жыл.

Шымкент.

КӨРКЕМСӨЗ ӘЛЕМІНІҢ КӨКСЕҢГІРІ

Жазушы Еркінбек Тұрысовқа

Қашанда қаламгерді тербентті ел,
Көктемде Қаратауда келбетті бел,
Одаманнан ассаңыз Созақ жатыр,
Ер ағаң сол Созақтың перзенті төл!

Тел емген Қаратауды Шаян, Созақ,
Екі елдің айырмасы тіпті аз-ақ.
Малшылары жайласа бір жайлауды,
Ақындары бір жүріп өлең жазад.

Ерағаң Созақты көп аралаған,
Кішіні інім деген, үлкенді ағалаған.
Бетпақты көктей өтіп, Арқаны асып,
Аптапқа ақ боранға қарамаған.

Сомдаған талай бейне Созақ жақтан,
Кеудеге «Келіншеқтау» гүлін таққан.
Қаһарман Бөрғазыны әке санап,
Көштен мен Өскеніндей бауыр тапқан.

«Қайнарға» аттың басын талай бұрды,
Әкеме сәлем беріп келіп тұрды.
Қолына қаламы мен дәптерін ап,
Андағандай болатын небір сырды.


Әкем де қуанатын келгеніне,
Әңгіменің өрмегін өргеніне,
Отырушы ем қасында мен олардың,
Тәнті боп сөзден інжу тергеніне.

Ер-ағаң онда жап-жас өрімдейтін,
Бойда мол төзім дейтін, сезім дейтін,
Бүгін арнау жыр жазды інісі Өскен,
Той күні көтеретін көңіл кейпін.

Ел қадірлеп окитын көптен бері,
Кітаптарың – көктемде еккен гүлің.
Ер-аға!
Самғай берші санлағындай,
Бейне бір көркем сөздің көксенгірі!

«Теріскей толғауы» кітабынан.

1999 ж.



ҚЫЛАУ САҚТАП ҚАЛМАЙТҰҒЫН ЖҮРЕГІ

Қылау сақтап қалмайтұғын жүрегі,
Сізге арналды інііздің тілегі.
Елуін не? Мұқалған жоқ жетпісте,
Көрнекті ақын Малқаровтың жігері.

Қарт Қаратау ғажап «Түнгі әніне»,
Құлақ тосып, келді қайта сәніне.
Бізге егде тартғың дейтін қу қыздар,
Өзіңізді жігіт дейді әлі де.

Алқымы іспей алты ай бойы шапқандай.
Шіркін, Сіздің «Ақбақайдай» ат қандай?
Ана тілі – анамыздың ақ сүті,
Ана сүтін ірітуден сақтағай.

Қиялыңыз қалған емес өнезіп,
Көбік сөзді жүрген жоқсыз және езіп.
Дәулет болса данышпанның лебізі,
Қасиет боп қонған сізге Әуезов!

Пікір айтып еңбегіңіз хақында,
Достар бүгін сыйлар асыл затында.
Қомсынбастан қабыл алғын Ерекем,
Жырдан қымбат не бар дейсіз ақында?

21 қазан, 1977 ж.



НАЖАТ
БІРГЕ ЖҮРДІҢ ӘУЕЗОВ ЗАҢҒАРМЕНЕН

Асыл аға, жан аға, Ер ағамыз,
Қандай баға біз сізге бере аламыз.
Кітабынды оқысақ «Ақбақаймен»,
«Келіншектауды» аралап ораламыз.

Мәжбүр етті жастарды ойлануға,
Шопандармен кітабың қой бағуда.
«Темірланды» жаздың да «Бәйдібекті»,
Сапар шектің тарихтың қойнауына.

Бірге жүрдің Әуезов заңғарменен,
Ғұламаға табынып таңқалды әлем.
Ғаламның ойшылының ізін басқан,
Осал жан емесінді аңғарған ем.

Сізден де Ұлылықтың лебі еседі,
Өлкемде өзінмен кім теңеседі.
Алды жаз, жаны жайсаң жан ағамен,
Ел-жұрты кең жайлауда кенеседі.

Еліңе ерте жастан сүйікті едің,
Тауға қарап өстің де, биіктедің.
Қолға ұстап, мәпелеп, аяладың,
Даланың арқары мен киіктерін.

Қаратаудай биікте қайсарлығың,
Дәл өзіндей өзгеге ой салды кім?!
Жараспай ма, ағажан, жараспай ма,
Есімінді бір шынға қойсам бүгін.

Шын тұлпар жол үстінде қажымаған,
Қаламы қолдан түспес төзімді ағам.
Ақыл ап жүре берсек қандай шіркін,
Өзіндей таусылмайтын қазынадан.

Арқау болып жырыма, дастаныма,
Жарқырай бер жұлдыздай аспанымда.
Қаратаудың деп білем мұзбалағы,
Келіп қонған Сенгірдің асқарына.



НЕҚЫРАНСЫҢ ҚАРАТАУДАН САМҒАП ҰШҚАН

Ереке, ел ағасы ең жаны жайсан,
 Жанынды жадыратар сөзі майсан.
 Отызда орда бұзып танылыпсыз,
 Газетті қырық жылғы қарап қойсам.

Танушы ем отызыннан өзінді мен,
 Жинадым іздеп кітап — сөзінді мен.
 Ауылдан алысқа ұзап шықпасам да,
 Ашқан ем газет оқып көзімді мен.

Жүргенде «Оңтүстікте» тілші болып,
 Ұшталды қаламыңыз бақыт қонып.
 Жазушы атандыңыз туған елге,
 Кеменгер жетпіс деген жасқа толып.

Жетпіске жеткен де бар, жетпеген көп,
 Бір аяқ асқа сөзі өтпеген көп.
 Ұстазың ұлы дана Мұхтар еді,
 Білемін шәкірттерің көптеген деп.

Өнердің не екенін ұққаным да,
 Сахнаға «Жібек болып» шыққанымда.
 Ауылға таланттарды іздеп келдің,
 Ізбасар іні бар деп шыққан мұнда.

Жаздыңыз «Оңтүстікке» жарқыратып,
 Жастарды өнер сүйген жарқыратып.
 Өзіңіз болмағанда ақыл берген,
 Кім білсін қалар ма едім қапта жатып.

Айтамын құтты болсын тойыңызға,
 Шарықтап ой қосылсын ойыңызға.
 Қырансың Қаратаудан самғап ұшқан,
 Жасай бер, алға мақсат қойыңыз да!

Абай ауылы.

16 қазан, 1997 жыл.

ҚАРАТАУЫ ДАЛАМНЫҢ

Тілі тәтті шекерден,
Ойы алмасқа пара-пар.
Сөздің жүгін көтерген,
Қайыспаған қара нар.

Сиреп қалған күрдасы,
Жалғыз емен жардағы.
Қайсеновтың сырласы,
Әуезовтың тармағы.

Ешкімде жоқ шатағы,
Тұрса болды таңы атып.

Туған жердің жағады,
Ұлылығын таратып.

Туған жерді жырлаудың,
Абызына айналған.

Тамырына Нұржаудың,
Кіндігімен байланған.

Туған жерге баянды,
Ұлтан болып келгендей.

Көшпей қойған Шаянды,
Астанаға теңгермей.

Алтын тәжді Алатау,
Айта алмайды “жайлы” деп.

Ән ұраны – Қаратау,
Астанасы – Бәйдібек!

Ерекенді бар игі,
Жандар жақын тартады.

Керек болса таниды,
Алтуайттың арқары.

Толағай боп өскенде,
Тауды, тасты қалқалап.


Жүрер ме еді, көшкенде,
Қостұрасын арқалап.

Айтпасам да сыр қанық,
Ұстазым ғой шын текті!

Талай шәкірт үлгі алып,
Талай ақын жыр төкті.

Бас иемін саған мың,
Қара нардай аяулым.

Қаратауы даламның
Шолоховы Шаянның!



КЕШЕГІДЕЙ КӨЗІМЕ ЕЛЕСТЕЙСІҢ

Елуге келіп қапсың Еркін сіз де,
Бозбаладай көрінуші ең тіптен бізге.
Кешегідей көзіме елестейсің,
Жалаң аяқ жүргенің ойнап түзде.

Көкпар шауып жүргенің санынды ұрып,
Ескірмеген сияқты сол бір із де.
“Елуге Еркін де тұр нөқта салып”,
Дегенде шын ойланып қалдық біз де.

Япырым-ау, неткен жүйрік жылы түскір,
Көп емес кешегідей көрген түс бір.
Бұл күнде бегімсалды кісі болдың,
Жастықтан нышан қалмай бойында ешбір.

Көзге түстің ақ таңда өрге шығып,
Қарауылдап көз салдың, белге шығып.
Ұзақ өмір, шат көңіл, бақыт қонып,
Мерейің үстем болсын төрге шығып.

Тілеуімді қабыл ал, Еркін інім,
Шын тілеу, бұл тілеуім, емес күлгін.
Мұхтардай ағаңыздың жолын беріп,
Жолына ілікпесін ешбір кірбін.

Жемісің шырын болсын еңбек еткен,
Бабанның бағы қонсын ілгері өткен.
Үйде жатқан ағанның тілеуі осы,
Деп білерсің бұл сәлем Батырбектен!

21 қазан, 1977 жыл.

ЗАМАНЫ БІР ІНІМЕ

Еркінбек елу жасқа келіп отыр
Ел ағасы тобына еніп отыр.
Кешегі бадырақ көз, қара бала
Елудің төбесіне төніп отыр.
Отызда ойран салған қайсар жігіт
Елудің заңдарына көніп отыр.

Елу жас алпыс та емес, қырық та емес,
Әрине, отыз да емес ырық бермес.
Жайтандап елу жаста бәйге атындай,
Құрбының алдындасың өзің теңдес.
Өмір – өрмек болғанда өнер – өрнек,
Өнерді өрнектесең – атың өлмес.


Елу жас – туындының қоймасындай.
Әр ойдың салмағы бар қорғасындай.
Қаламы қағаз бетін қалықтайды,
Бапкердің бағып жүрген жорғасындай.

Елу жас – ақыл жасы пайымдаса.
Тек қана елу жастың жайын жаса.
Шығарма, әңгіме, повесть, романдар
Құндысы жазылады елу жаста.

Елуді бұрынғылар елек депті.
Жасықпенен жақсыны бөлектепті.
Жасығы шалдар жаққа ауа көшіп,
Жақсысы жігіттерше желектепті.

Тірнектеп көптен бері жазып жүрсін.
Асылын көркем сөздің қазып жүрсін.
Тілің жатық, мазмұнды туынды бар.
Қайсыбір қатарыңнан озып жүрсін.

Шын асыл иілгенмен сынбайтұғын.
Жарқ етіп көрінумен тынбайтұғын.
Жігітсің ақылың бар, ұшқыр ойлы,
Терең ой – асыл қазына жинайтұғын.
Шын жүйрік – шапқан сайын көсілетін.



Тұлпарды білгір бапкер өсіретін.

Бапкерін алып аға — Мұхан еді,

Тындап ен талай оның өсиетін.

Пірің де ұстазын да сол еді ғой,

Жөнің бар тәңірідей бас иетін.

Алғысын алып едің — шын ықылас

Сақтай біл қымбатындай қасиетін.

Бір кезде есінде ме, жаз дегенім,

Болмағын қолда барға мәз дегенім.

Мақала газеттерде шығып жүрген,

Жігітке сен сияқты аз дегенім.

«Өзімнің де ойымда бар іс еді,

Ағажан осы ақылың саз» деп едің.

Ендігі айтар тілегім: өмірлі бол,

Өмірде қабақ шытпа, көңілді бол.

Қаламың ұстарылып, шеберленсін,

Сапалы, мағыналы, өнімді бол.

Оның да үлесі бар енбегінде,

Сөзіне Шырынкүлдің көнімді бол.

Кең пейіл, ақ көңілді қарындасым,

Жасапты түрлендіріп, дастархан мол.

Нәзік қой нәрестедей көңіл деген,

Көңілдің түсінеді жөнін білген.

Өмірде неше түрлі дос болады,

Дос болмас шын пейілмен берілмеген.

Кейбіреу керегінде сәлем үзбей,

Керексіз боп қалғанда көрінбеген.

Шын жолдас бар жағдайда бірқалыпты,

Кімді кім жапсырады желімменен.

Менің де азын-аулақ «достарым» бар,

Кезінде қиын-қыстау келінбеген.

Ешкімге бірақ кінә таға алмаймын,

Жақсы ғой әркім өзі жөнін білген.

Еркінді шын досыма бағалаймын,

Көңілдес, әрі туыс, тері сінген.

Жасадық біраз өмір сыннан өтіп,

Дүние бұл заманда жатыр жетіп.

Кейде жетпей қалатын жылы лебіз,

Аңғарсаң ойға салып, пайым етіп. —

«Жаксы сөз — жарым ырыс» деген сөз бар,
Айтылмак қандай мақал бұдан өтіп.
Жеңешен костюм әкеп кигізіпті,
Мен жабам өленімді шапан етіп.
Мынау Мұқан ағаның екі томы,
Қосамын өленіме бастык етіп.

Алайық осы тосты өнер үшін,
Алдағы Еркінбектің берері үшін,
Көп жылдан қалам сілтеп келе жатқан,
Мүшелді әдебиет шебері үшін.

Жас та емес, кәрі де емес — елу үшін,
Көп еңбек әлі талай беру үшін,
Қосағы Шырынкүлмен қоса ағарып,
Әлі де талай қызық көру үшін,
Әлі де талай-талай өмір сүріп,
Достары қуанышын бөлу үшін.

Шаян ауылы.

18.10.77 жыл.



ӨЗІҢДІ ЖҮРЕГІМЕН СҮЙДІ ЕЛІҢ ДЕ

Жерлесіміз КСРО Жазушылар одағының мүшесі Тұрысов Еркінбектің әдебиеттегі еңбегіне 30 жыл толуына.

Ақтастың алтын бесік аясында,
Қостұра, Көксеңгірдің сағасында,
Отыз жыл жырлап келді тау мен тасын,
Өрнектеп сөз маржанын даласында.

Бата алып асыл дана Мұхтарымнан,
Сыр тартып тау мен дала шындарынан,
Нұржаудың нұр төгілген сырын ашып,
Балдәурен балалықтың шалқарынан.

Аралап туған дала еркін елін,
Мұхтарға шәкірт болып төккен терін,
Отыз жыл әдебиет майданында,
Келеді ізін қуып Еркінбегім.

Жазушы кетер көшіп Алматыға,
Елінің қарамай-ақ мұң-зарына,
Ерекең отыз жылдай елмен бірге,
Жол салды Қаратаудың шындарына.

Қастерлі туған жердің болып ұлы,
Шаттықтың жанарында толып нұры,
Шабыттың шаңқай түсі мезгілінде,
Атанды “Шаянының Шолоховы”.

Қыранның шырқап көкте самғайтынын,
Жаздыңыз шабытпен алмай тыным.
«Түнгі әнді», «Ақбақайда» шарықтаттың,
«Көксеңгір», «Қырантауда» жалғайтынын.

Тарихтың ашып бердің парактарын,
Телегей «Темірланды» сарапқа алдың,
«Келіншектауындай» боп мұң кешсең де,
Ұстадың рухын биік жаратқанның.

«Кұралай жолын» кешіп тарынбадың,
«Мәңгілік сарын» болып арындадың,
Ел жайын ерте оянып ойландың да,
Жырлаудан туған жерді жаңылмадың.

Өзінді жүрегімен сүйді елің де,
Бірге өсіп, біте қайнап жүргенің де,
Отыз жыл туған жерден шықпай қойдың,
Бір пәтер Алматыдан тимеді ме?


Ақжелкен айдын өлке ақ таңында,
Өмірдің кім шыдаған аптабына,
Шаянның қыратына үйді салдың,
Қарауға Қаратаудың шатқалына.

Әрине туған жердің жөні бөлек,
Өлкенді отырсың ғой жырға бөлеп,
Жусан мен әрбір тасқа тіл бітірген,
Өзінді асқак дарын, дара дер ек!

Құт болсын қыран дала, мекенің де,
Жүргейсің шалқар шабыт жетегінде,
Азамат ел қарызын арқалаған,
Қадірін ел перзенті екенің де.

Өмірдің қаламгер боп көктемінде,
Тамылжып нұрын төккен көкте күн де.
Сарқылмас толқын-дария толған шақта,
Басталған Қыран таудың бөктерінде.

*Ақтас ауылы.
18 мамыр, 1991ж.*



АҚ ҚАҒАЗДЫҢ БЕТІНЕ ГҮЛ ЕКТІ КӨП...

(Еркінбек Тұрысовқа арнау)

Ол думанның иесі менің ағам,
 Онтүстікте жок оны танымаған.
 Таниды оны шал-шауқан, баласы да,
 Данқы кеткен тау, дала арасына.

Ойлары бар, Қаратау сынды көрі,
 Шыққан сөзі ақылды, мұнды бөрі.
 Тәлім алған тербелген бесіктен бе,
 Таң қаласың арманын есіткенде.

Аруанының қосылып боздауына,
 Жас өмірдің үн қосып озбауына.
 Таңсәріде Тәңірден тілеп тілек,
 Ақ қағаздың бетіне гүл екті көп!

Өмір...

Кейде қаласың қапаланып.
 Көп ілтипат көңілде жатады анық.
 Ит, итақай баратын тойда басың.
 Оқшауланса,
 Өрнені ойға аласың.

Осы шақта бетке ұстар ұлыстағы,
 Алтын қындай, сабырлы қылыштағы.
 Сияктанып,
 Ер-ағам күліп келіп,
 Көрінеді,
 Көп жаннан іріктеліп.

Мен қараймын бетіне, жүрісіне,
 Ол қарайды сынаумен інісіне.
 Сосын жайлап бір күліп алады да,
 «Қара», – дейді палуан-қаламыңа.

Күтіп алған Тәңірдің берген сыйын,
 Тағдыр саған басқаша өрген түйін.

«Көрген жоқсын, — деп — әлі менше өмір түк»...
Жақсы сөзін айтады жан семіртіп.

Аямайды шуағын жүрегiнiн,
Айта берсе түбi жоқ тiлегiнiн.
Мүшел тойы бұл күнде сол ағамның!
Назарында өткенi әр адамның.

Қуанышта iнi үнсiз жата ала ма?!
Тiлекке — өлен,
Сыйға-ат, шапан аға!
Соңғы толқын ұсынды қабылдаңыз!
Үн қосамыз сiз қаққан дабылға бiз!

Үстiндемiз қоғам мен заман-жолдың,
Алдымдағы Ер-ағам аман болғын!
Өзiң жетсең жүз жастың данасына,
Сөзiң кетер мың жылдың баласына!

Шымкент. 1999 ж.



ҰШЫРҒАН ҰЯСЫНАН ШЫҒАН КӨККЕ

Қолыма қалам алдым тебіреніп,
Қасиетті Қаратау сені көріп.
Жарық ай, арайлы күн шапағында,
Жатқандай жампоз түйе еміреніп!

Баурайында Боралдай шудаланып,
Марқадан құлап жатыр тулап ағып.
Осынау бетеге бел шүйгінін де,
«Ақбақай» ойнап басқан шырғаланып.

Баурайында Боралдай шудаланып,
Марқадан құлап жатыр тулап ағып.
Осынау бетеге бел шүйгінін де,
«Ақбақай» ойнап басқан шырғаланып.

Қошқарата жырласам тербеп сені,
Ол халық, ол қаламгер өрнектері.
Ұшырған ұясынан шыған көкке,
Ағаштысай ел-жұртының көк мектебі.

Мөлдіреп Талдыбұлақ шапағаты,
Жазған хат байтақ елге аманаты.
Ереке елу-жүзде жүлдегер бол,
Борлысай ауылының азаматы!

Миллионнан асырып мың жылқыны,
Құрық салсын қыр қызы, қырдың ұлы.
Келешекке – берешек зергер сөзді,
Самғай бер, Отан-ана бір дүлдүлі!

ТАУ ҰЛЫ

Қошқарата, Талдыбұлақ ауылы,
Өрістеткен Октябрьдің дауылы!
Тұрыс аға дұрыс жолға сілтеген,
Ол – қаламгер, ол – Еркінбек Тау ұлы!

Шағысында – Марқа-жота, Жуалы,
Түстігінде – өр Боралдай уәлі.
Теріскейі – Кедейжетпес, үш Сүнгі,
Батыс жағы – Балабөген тымалы.

Бізге жеткен жұрнағындай асылдың,
Елдігіне, Ерлігіне бас ұрдым!
Домалақ ене, Сыланды ана, Бәйдібек,
Өрендері ерте өткен ғасырдың.

Тарихта бар, кітапта бар аттары,
Елдің айтқан, ерлік аңыз жаттаны.
Басқыншы жау – Жоңғарларды жондаған,
Қазағымның қасиеті, мақтаны!

Тарта бер алға інім, жолың анық,
Қаламың мен өмірдің отын жағып.
Жазушы атамыз деп келер ұрпақ,
Мың жылдан соң қуансын танып алып.

АҚБАҚАЙЫҢ

Ақбақайың бұл өңірде әлі жүр,
Бурыл жалды, жанарында жалын-нұр!
Сыры кетсе сыны қалған кеудеде,
Жануарды туған елің бағып жүр.

Ақбақайдың сұлу – сылқым мәніне,
Жан-жүрегін ғашық шығар әлі де.
Балуан Шолақ “Беу, Ғалия-ай”, дегендей,
Шырқай салшы сәйгүліктің әніне.

Ақбақайың бұл өңірде әлі бар,
Көрген кезде көзге оттай шалынар.
Елдің іші алтын бесік кең өріс,
Бірден-бірге жасай берсін жануар.

*Бәйдібек-ата ауылы.
қазан, 1996 ж.*



ШАРЫҚТАЙ БЕРСІН ТАЛАБЫҢ

Қаратау Сырға иіліп,
 Нуына тұр-ау сүйсініп,
 Сыр-қылықты бойжеткен,
 Сыландар сұлу киініп.
 Шатқалын түрік мекендеп,
 Жауына шапқан түйіліп.
 Батыр да шыққан, дана да,
 Сөз айтар сөзбен шиырып.
 Киелі бұл атырап,
 Қалмақты қуған иіріп.
 Ордабасыдан аттанды,
 Үш биіміз бұйырып.
 Қаратау көкпен тілдесіп,
 Көп ұранға боп тал бесік.
 Фараби әлемде екінші,
 Ғылымда озып шендесіп.
 Әуезов – заңғар жазушы,
 Атасы кеткен мұнда өсіп.
 Бауыржан-сардар ержүрек,
 Фашисті қырып, мың кесіп.
 Бәйдібек баба қолдап жүр!
 Қыдыр боп жолда кездесіп!
 Солардың салған сүрені,
 Кетпей жүр әлі ірені.
 Ойынды озық оятты,
 Қаратау жасыл кілемі.
 Киелі таудың жоқ, сірә,
 Сен баспаған сілемі.
 Шыңға, құзға бастады,
 Аңшылықтың әлегі.
 Шығарманда сарнап тұр,
 Қаратау – тарих әлемі.
 Көрікке малып келбетін,
 Суретін салып әдемі.
 Қаламың сенің сырғыған,
 Сан – салалы тұрғыдан.
 Жүйелі сөз, шебер тіл,
 Озық ой көп құрбыдан.
 Дарының сенің көсілді,

Паш етіп талай есімді.
Бәйдібек, Мұхтар жайлы сөз,
Ел аралап есілді.
Қасқайып шықты Бауыржан,
Батыр тұлға шешімді.
Тіл жетпес бұл тақырып,
Өзіңе сыр боп шешілді.
Ұлыларды пір етіп,
Мұратқа тұрсын сен жетіп.
Роман жаздың тереннен,
«Темірді» толғап, тіл жетік.
Жазушы болдың сараман
Асудан қилы жол өтіп.
Батасын беріп Қаратау,
Асқарда тұрсың нық бекіп.
Сәтті боп басқан қадамын,
Талмасын, қанат – қаламың!
Жазуын өршіп, жалын ап,
Шарықтай берсін талабың.
Ден сау боп іс өндіріп,
Тілеймін бастың аманын.
Биіктей берсін мәртебең,
Бағы қонып дананың!

Шымкент.

16 қазан, 1997 ж.




ТАБИҒАТ ДАРЫНЫ

Табиғат талғап жаратқан,
Өткізіп қатал сараптан.
Жарамдысын алып қап,
Дүниеге таратқан.
Жеріне сәйкес жаны бар,
Табиғатқа танылар.
Жазықта құлан дүсір сап,
Тауына ұқсас аңы бар.
Мұнарланған Қаратау,
Жыныс – орман, өскен қау.
Көркіне көркем көз тартар,
Бөктерінде бөртіп бау.
Мұзарт шынды Қаратау,
Қамал болдың өтпес жау.
Батырлар сенен қуат ап,
Даналар туды не жарау.
Сахараны төрлетіп—
Аяғың Сырға түр жетіп.
Еркінбекті тербеттін.
Жазушының ірі бірі етіп
Біткендей дара бәйтерек
Ереке, болдың тым ерек.
Жас түлеген сұңқардай,
Атадан тудың боп зерек.
Ақ таңнан бұла сыр алдың,
Есітіп даусын қыранның.
Шоқтанды көзің қияда,
Ұшуға самғап сұрандың.
Сұрыптап және оны әрлеп,
Әңгіме шерттің мәнерлеп.
Күрделі істе ізі бар,
Айшықты онда бар өрнек.
Толғауын серпіп әр қырлы,
Ұқтым одан көп сырды.
Қиналасың сөз теріп,
Төгейін деп бір жырды.
Романың «Темірлан»
Татымды жиған бойға мән.
Сары алтынмен аптаған,
Саралы сөз де оған тән.
Мәрмәр тастан өріліп,
Тұрған сарай керіліп.

Сөз – қорғасын құйылған,
Танданамын беріліп.
Жайылым жасап, кең өркен,
Шуақты сезім тым көркем.
Көп ойдан сонда сергідім,
Соккандай таудан нәз желкем.
Сиғызған сөзге мың ғалам,
Бүгінгі сенсің бір данам,
Түледім-ау қайтадан,
Қыл өтпес достық арадан.
Ұшақтай ұшқыр қаламын
Көсіліп, жайнап талабың.
Демей көр, – деп досымды
Аллаға сұрау саламын!

Отырар ауданы.



КҮЛІМДЕЙСІҢ КҮН КӨЗІНДЕЙ КӨКТЕМГІ

Жазушы да бал жинаған арадай,
Енді бірде, тау көтерген толағай!
Жадыраңқы қабағы бар баладай,
Оңтүстікте сирек өсер қарағай!

Бәйдібектің мың жылда бір туатын,
Бұлағысың, бұлақ бастан тұнатын.
Еркін аға! Еркін болмыс! Еркін ой!
Қаламыңа берсін ерке қуатын!

Нұрлы болсын, биік тауың беттеген,
Жетпісінде ат шалдырып өткен ең.
Құдай сүйген құлы келер сексенге,
Көп адамға мұны нәсіп етпеген!

Сексен жылдан қалса-дағы көп белгі,
Күлімдейсің күн көзіндей көктемгі!
Қара сөзден қаймақ алған шеберсің,
Қара сөзді көркемдейтін леп белгі!

Жолы жатпас Сіз бастаған даңғылдың,
Бостан елге сәйкестеніп, жаңғырдың.
Сексенінді бізге бер де, ағатай,
Ал өзіңе жүзін алшы Жамбылдың!

Шымкент.

17 қазан, 2007 ж.

АРДЫҢ ІСІН АРДАҚ ТҮТҚАН,
ҚИЯНАТТЫ БАЛТАЛАП...

(Еркінбек Тұрысовқа арнау сөз)

Бауырынан бұлақ қашып тас емшегі ісінген,
Алты Алашқа шуақ шашып мұра болған үйсіннен.
Бәйдібектің ен жайлауын Астанаға теңгермей,
Тамылжыған табиғатқа теңеу таппай сүйсінген.

Арқар мұнын көзі көріп жан-тәнімен түйсінген,
Қазыналы қарт Қаратау қабақ шытса, күрсінген.
Қыз күйінде сырын бүккен қасиетті даланы,
Тылсымына кім үңіліп Еркінбектей кім білген!

Сан ғасырлық тозақ басқан қойнауынан тарихтың,
Бәйдібекті аршып алды ісін істеп алыптың.
Сексенінің сенгірінде жас жігіттей құлшынып,
Сапта тұрған жауынгердей Еркінбегі халықтың!

Іні болып тәлім алған Әуезовтей данадан,
Ағамызға үй беріпті қала әкімі қаладан.
Бірақ, бірақ... Бал арадай гүлдің нәрін аңсаған,
Барып-келіп өз шырынын жинап жатыр даладан.

Ардың ісін ардақ тұтқан қиянатты балталап,
Темірланға қалам тартқан нардың жүгін арқалап.
Ой еңбегі бейнетінің – зейнетінің жемісін,
Тарлан аға дәмін татып тойда бүгін байқамақ.

Қазан, 2007 ж.

САН ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНІП ЖАЗУШЫ АҒАМ

Бак шабарын, білмедім бап шабарын,
Бірақ, елім көтерер жатса дарын.
Жырмен бүгін жарасар құттықтасак,
Әдебиеттің бүгінгі ақсақалын.

Жол серік боп Мұқана бала қыран,
Жүрек отын аңғартып талабынан.
Содан, содан өріліп таңғажайып,
Қанат жайды тың дүние қаламынан.

Ұшырамай Баукеңнің қаһарына,
Ғабит аға шақырып қатарына.
Томағасын сыпырып ұшырғасын,
Ерекен де ерлемей жатады ма?

Биіктіктен жасқанып, сескенбеген,
Асқағына жетіпті жетсем деген.
Сан құрметке бөленіп жазушы ағам,
Құрдас болып сенгірлі сексенменен.

Жүйрік ойдың жеткізіп сомдап нәрін,
Қаламыңды Ер аға, құрғатпадың.
Туындыңыз орын ап тарихтардан,
Аңсарына айналсын ұрпақтардың.

12 қазан, 2007 ж.

БӘЙДІБЕК БИ

(Ескерткіш алдындағы ой)

Батыр тұлға Қарашаұлы Бәйдібек,
Арманың Алатаудай ед.
Армандап күткен заманың,
Қадады туын бізге кеп.

Байлауың болды Алатау,
Жайлауың болды Қаратау.
Ұрпағы үшін қазақтың,
Көтердің ірге үш отау.

Ұлдарың өсті көбейіп,
Алатау шыңға тіреліп.
Орданың биі сен болып,
Алты алаш сонда бір едік.

Келіншектау, Мыңжылқы,
Құландар жүрген жердегі.
Батыры болдың азулы,
Қазаққа аты әйгілі.
Еркінбек аға тер төккен,
Тарихтың бізде жазулы.

Бейненді қойдық мүсіндеп,
Ұландар көріп жүрсін деп.
Алдыңа сенің гүл ектік,
Гүлденіп баба тұрсын деп.

Сенгірдің биік шыңындай,
Ардақтап асқақ атыңды.
Ұрпаққа ұран болсын деп,
Қолдаған өзі Приезидент!

Қазақстан барысы,
Елімнің тұрған арысы,
Бәйдібек!
Бәйдібек ауданы болдық керемет!



БАР ҚАСИЕТ ТҮЙІСКЕН

(Жазушы Еркінбек Тұрысовқа)

Алмағанмен шен бірден,
Азаматсыз ел білген.
Асып тұрсыз, Ер-аға,
Сексен атты сеңгірден.

Қаратаудай ірі шын,
Қарттарымның бірісін.
Шашың бозаң тартқанмен,
Бозбаладай жүрісін.

Бар қасиет түйіскен,
Сізге Хақтың сыйы үстем.
Жымиясың жігіттей,
Қызбен алғаш сүйіскен.

Шабығыңыз борандай,
Шапағатқа оранғай.
Қыс қыстауың – Шымкент,
Жаз жайлауың – Боралдай.

Үй тігіп ап тепсеңге,
Төгілер сыр көп сенде.
Сіздей аға аз бүгін,
Сері болар сексенде.

Ізі өзгешем, үні ізгім,
Жүрегімнен жыр үздім.
Бәрі осының, Ереке,
Күші-ау деймін қымыздың!?

Қостұрадай өр шыным,
Осы менің төл шыным –
Жолы болсын жазбаңның,
Толы болсын торсығың!

17 қазан, 2007 ж.

АҚБАҚАЙМЕН АРЫНДАП ШАУЫП КЕТТІ

Эпиграмма


Жазушы Еркінбек Тұрысовқа достық әзіл

Інілеріне тастап газет — «Алғабасты»,
Жазушылық қадаммен алға басты.
«Ақбақаймен» арындап шауып кетті,
«Көксеңгірдей» көкке өрлеп шабыт кетті.

Қамбар батырдай «Қызыл қаршыға» қолында,
Қыз Назымдар қалып қойды соңында.
«Қыран тауға» беттеді «Құралай жолыменен»,
«Темірланға» тоқтады соныменен.

Жазушылар әдетте ауылда туып,
Алматыға кетеді,
Қалада жүріп, ауылды сағынумен өтеді.
Ал, біздің Ер-ағамыз айырбастамай ауылды жер — жаннаттына,
Керісінше таныттырды ауылымызды Алматыға.

*Шаян ауылы.
мамыр, 1995 ж.*



ТЕКТІЛІК

Жазушы Еркінбек Тұрысов ағаға

Жыры мен әні басым, сазы басым,
Кей күнді еске алғанда сағынасың.
Шымкенттің вокзалынан күтіп алып,
Шаянға жол бастады Жарылқасын.

Желдіртіп желмаядай «Мерседесін»,
Жайы бар жанымызды тербетететін.
Музыка, музаменен ойым шалқып,
Бусанып, бойым балқып мен келемін.

Адамды жаралғандай ерке етуге,
Не сыр бар Жарылқасын әндерінде?
Құстайын ұшқан қара Құлагері-
Көңілге одан әрмен жел беруде.

Бір белден асқан сайын бір қия бар,
Арғымақ аршындаумен жүйткір алға?
Кештетіп келіп жеттік көзді арбаған
Он екі қанат ашпақ жылы ұяға.

Салқын су, саумал ауа жан тербеді,
Бұл жердің бір ғажайып сәнді өрнегі.
Ерекең ағамыз бар ортамызда,
Өрбіді өткен жайлы жанды ертегі.

Боралдай өзеніндей сарқыраған,
Ағаның көңілін-ай аңқылдаған.
Сексенге сергек жеткен сырбаз тұлға,
Бойында жігер оты сарқылмаған.


Әңгіме желісі әбден жалғанады,
Ашылды ақ ниеттің арналары.
Өзенді көктей салған нар үстінде
Мызғыдық желпігенше таң самалы.

Алуға ащы судан ұялмадық,
Шалқыдық, арман қудық, қиялдадық.
Сапарлап аттанарда Сарыағашқа,
Нар мінез ағамызды қия алмадық.

Көрінді бар қазақтың тұлғасындай,
Мәңгілік аласармас шың басындай.
Тұлпар боп жаратылған кесек болмыс,
Қазақы қасиеттің түнбасындай!

Танытып тұла бойдан мәрт қылығын,
Танытып сері көңіл, оттылығын,
Ағамыз әңгімесін шерте берді,
Танытып бұл қазақтың тектілігін!

*Маңғыстау облысы
Ақтау қаласы.
тамыз, 2006 ж.*



ҰЛАҒАТ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Шырынкүл апайды жұрт “Мұханның келіні” деп атайды. Өйткені кезінде ол кісі өз қолымен Мұхтар Әуезовке шай құйып берген, батасын алған кісі. Ұлы ағаның батасы, оң болып бүгінде ол үбірлі-шүбірлі ұрпақ өсіріп отырған аяулы ана. Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген. Шырынкүл апамыздың бүгінгі жастарға айтары да аз емес.

Бойжетіп, тұрмыс құрар кезде апам:

– Бір ауылдың ел сыйлаған үлкен үйіне, біреудің бетке ұстаған жалғызына кетіп барасын. Жас келінге өмірдің артар жүгі аз болмайды. Соған шыдасаң ғана ортаңа балдай батып, судай сіңесің. Біздің атымызға кір келтірме. Не көрсең де барған ортаңмен көр, – деген еді. Сол қайран ана ақылымен мен жасаған тәңірден барған жер, аттап басқан босағаның жақсылығын тіледім.

Ауыл-аймағы “Тұреке” деп құрметтейтін менің атам кешегі колхоз дәуірінің қайраткері, көпті көрген салауатты кісі еді. Сол кісі маған әрдайым қамқор болып, хал-жағдайымды сұрап отырса, Қантай әжем де бар мейірін төгіп, бауырына тартты. Олардың жақсылығын ұмыту мүмкін емес.

Кейіннен атам атүсті, ел қызметінде жүргенде бір жақ қол-аяғын ауыр кеселге беріп, төсек тартып қалды. Содан сегіз жыл жатты. Сол кісіге бар пейіліммен қызмет еттім. Жарықтық о дүниеге маған риза болып аттанды.

Елуінші жылдардың орта тұсы біздің жас отауымыз үшін аса ауыр сын кезеңі болып есте қалды. Ашық мәшине үстінде алыс Қаратау ішіндегі Байжансай кенішіне іссапармен аттанған Ерағаң (ерім) жол үсті ақборанға кез болып, әскери жеңіл киіммен суық тиіп, кесел жүрегіне шауып, айлап госпитальда жатты.

Сол тұста шыбынжан шүберекте жүрген өзіме суық тиіп, өкпемді сарысу қаптап құладым. Екі жас сәби әжемнің бауырында қалды.

Екі айдан астам уақыт ішінде атақты дәрігер Романычевтің кеңірдекті тесіп, тікелей құйған дәрі-дәрмегі арқасында өмір жарығына қайта оралдым.

Ал Ерағаңның кеселіне Қаратаудың кәусар ауасы шипа болды. Сауыққасын жұлдызды пагон таққан қатаң қызметпен біржола қоштасып, қаруын қаламға алмастырды. Содан бергі өткен елу жылдай өмірде қасиетті Қаратау мен ұшан даланың ол шықпаған биік, бармаған ел, кезбеген кеңістігі, сусын ішпеген бұлағы қалмаған шығар. Қолы қаламнан босаса дала кезіп кетеді. Сол жазуының арқасында үйімізден ұлы адамдар да дәм татты. Әсіресе Мұхтар ағаның ортамызға келіп түскен әр сәті әлі күнге көз алдымда.

Ерім Мұхтар ағамен бірге сапарда жүргенде дүниеге келген сәбидің атын аға құрметіне Мұхтар қойғанбыз. Енді талпына бастаған кішкене сәбидің өсіп жатқанын есіткен қайран аға сонау Алматыдан Шымкентке келген сапарында сол батырға арнайы келіп құтты болсын айтатыны жөнінде хабар жіберген екен.

Түн баласы ұйықтамай, ақ дастарқанды жайып, кішкентай Мұхтарды үкідей қып таза киіндіріп күтіп отырғанбыз. Сәске мезгілінде қасында облыс, ауданның бір топ


басшылары мен жазушы Тәкен Әлімқұлов ағамыз бар, жарқырап үйге келіп түсті. Төр алдына жайғасып, ақмандайы жарқырап отырған ол кішкене сәбиді алдына алып, емірене бауырына басканы да естен кетпейді.

Сол қымбат сәт, қимас бейнені мәңгіге сақтап қалған өшпес белгі дана Мұхтар мен бала Мұхтардың үлкен фотосуреті бүгінгі үлкен үй мен Мұхтар аға мұражайының төрінде. Ағадан қалған қымбат сый – өзінің қолтаңбалы кітаптары, шай ішкен дастарқан, шыны ыдыстары бәрі қастерленіп сақтаулы.

Отау үй жылдар өте ұлы аға түскен, өшпес белгісі қалған үлкен шаңыраққа айналды. Бұл аралықта өткен жылдарда Мұхтар жолы, Мұхтар ізі бізді оның қаншама дос-жаран, қаламдас, замандастарымен табыстырды. Аға жолымен алыстан ат басын бұрған кешегі өткен С. Мұқанов, Қ. Жандарбеков, А.Токмағанбетов, Ж. Тілеков, Н.Тілендиев, С.Қожықов сынды саңлақтар, ұлы ағаның ақ жолын қуған, бүгінгі Шерхан, Сайын, Мұхтар (Шаханов), Оралхан, Қалдарбек, Қалаубек, Дүкенбай, Дулат, Фариза сынды талантты адамдардың үйімізге келуі біз үшін нағыз мереке еді.

Бүгінде ағайын біздің шаңырақты “Әуезовтің үйі” десе, ұлы адамның алдына дастарқан жайған мені “Мұхатның келіні” дейді. Бұл төрт қыз ұзатып, орнына төрт келін түсіріп, немере-шөбере сүйіп отырған мен үшін зор құрмет деп білемін.

*“Егемен Қазақстан” газеті,
қаңтар, 1999 ж.*



1. ТЕБЕРІК КЕЛІН

Ертеде ел ішінде “көргенді келін”, “сабырлы ене”, “салиқалы бөйбіше” деген сөздер жиі айтылушы еді. Олардың кім екенін өзгелер көзімен көргенше тағатсызданып жататын. Шіркін-ай, кім болды екен деп әлдекімге аңсары ауатын. Неге екені белгісіз, соңғы кездері осындай асыл сөздер қазіргі қолданыстан шығып қалғандай. Неге?! Шынымен-ақ ғасырлар бойы ұлтымыздың ұйытқысындай болған осынау сөздердің жаңа ғасырда қадірінің қаша бастағаны ма, қалай? Әлде біз маңайымызда жүрген бар дүниені байқамай жүрміз бе?

Көптен көкейде жүрген осы сұрақтың жауабын қоғам қайраткері, белгілі жазушы Еркінбек Тұрысовпен болған әңгімелескен кезімізде тапқандай болдық.

— Мен өз шығармаларымдағы қазақ әйелдерінің бойындағы кереметтей қайрат пен өмірге деген құштарлықты, сұлулықты ауыл әйелдерінің, кешегі соғыс кезіндегі желегі желбіреген күйі жесір қалған жеңге-апаларымның тағдырынан алғанмын. Мықтылыққа сұлулық жалғасып жатса, кереметтей аңызға бөргісіз өмір пайда болғанына куә болғанмын, — деп сыр шертті қаламгер, — басқа қазақтың қыз-келіншектерін терміштеп жатпай-ақ, өзім елу жылдан астам бірге өмір кешкен кешегі дүниеден өткен Шырынкүл апаларың жайлы-ақ айтайын.

Шырынкүлдің адами жоғары қасиетін мен ғана емес, марқұмды білетін алыс-жақынның бәрі де оның жақсылыққа шөлдеген шаңырақтың “теберік келіні” атанғанынан хабардар. Яғни халқымыздың екінің біріне тағыла бермейтін “теберік” деген атауды иеленуінің өзі оның тегін еместігінен хабар берсе керек.

Мен Шырынкүлді алғаш көргенде ол 17-де, мен 18 жаста едім. Соғыстың енді аяқталып, елдің есеңгіреген халден әлі айыға қоймаған кезі. Талайдың боздағы соғыстан қайтпай, қалың жұрт қайғыға шаршаған шақ. Менің де өзімнен он жас үлкен жалғыз ағам 18 жасында әскерге алынып, содан әне-міне елге қайтамын деп тұрғанда, 1941 жылы соғыс басталып кетті. Жалғыз ағайым төрт жыл жаумен алысып жүріп, майданда ерлікпен қаза болды. Қарт әжем мен ата-анама бұл өте ауыр соқты. Жанға батқан жараны қайтсем емдеймін деп аласұрумен мен қалдым. Ол кезде Шырынның да әкесі мен ағасы майданнан оралмаған. Содан мені баяғы ата-баба салтымен қыз көрсету мақсатында қалың таудың арасында тұратын шағын ауылға жақын жездем алып барды. Ол кезде өз бетінше қыз қалау деген сирек заман болатын. Оның үстіне қаралы әке-шеше көкірегіндегі жараны жазу үшін сол кісілердің айтқан, қалаған жерінен қыз алу деген де міндет бар еді. Сонымен аяқ астынан ауыр бейнетке мүлгіген шағын ауылға күйеу ұрын келді болып қалды. Мал сойылды. Жүдеу ауылдың тіршілігіндегі сұрықсыз қуаныштың түрлі жол-жоралғысы жасалды. Ең соңында жігіт отырған үйге қыз жеңгелері Шырынкүлді алып келді. Екеуміз оңаша қалдық. Ол мені танымайды, мен оны танымаймын. Бір-бірімізді алғаш көруіміз. Көз астынан қиғаш сығалап, барлай қарап үнсіз отырмыз. Уақыт сырғып барады. Бір кезде:

— Иә, сізді біздің ауылға барады десіп жатыр. Бұған қалай қарайсыз? _ дедім. Қыз:

— Мен сізді білмеймін. Атам мен әжемді білемін. Барсам екі үй, екі ауылда тілек тілеп отырған екі ананы жұбату үшін барамын, — деп, дауысы қалтырап сыбырлай үн қатты.

Аяныш сезім бе, не екенін түсіне алмадым. Ішім езіліп, жұтқыншағым кептеліп, бір сәт үнсіз қалдым. “Япырау” деймін іштей, бармай жатып менің әке-шешемді “атам мен әжем” деп өзіне меншіктеп алғанын қарашы мына қыздың. Солардың

қуанышы, жұбанышы болып баратын қызға, жылдар сарыла күткен алдағы “теберік келінге” көзімнің астынан ұрлана қараймын. Іштей табысып, үнсіз егіліп бас изегеннен басқа сөз қалмаған еді менде. Қыз жауабына көңілім толғаны ма, әлде сынағаным ба, не екенін өзім де түсінбеймін. Әлден соң “сонда жақсы келін бола аламын деп ойлайсың ба?” деймін. Ол: “қолдан келгеннің бәрін жасаймын” дейді дауысы дірілдеп.

— Жарайды, Шырын. Күт онда, атаң мен әжеңе барасың дедім әлдебір шақта ширап, шашыраған ойымды жиып.

Көп ұзамай қоңыр күз — қыркүйектің соңында қыз ауылында той болды. Үлкен атамыз Қоршабайдың киіз үйінде үш бірдей азамат ұлы соғыстан қайтпаған, көңілі жаралы ата жарықтық аппақ сақалы жапқан кең кеудесіне басып, ілікалды немере қызына алақанын жайып батасын берді. Ауыл тілегі қабыл болып, біз жұбайлық өмірге осылай аттанып кеттік.

Обалы не керек, Шырын марқұм сөзінде тұрды. Келін болып түскен соң өзімнің туған анамды қолға алып, аудан орталығы — Шаянда біраз уақыт тұрдық. Одан Шымкентке көшіп келіп, “Оңтүстікте” қызмет атқардым. Осының бәрінде Шырынкүл жаз болса сонау ауылға барып, кемпір-шалдың шай-суын реттеп, азық-түлігін, бар жағдайын қамдап қайтатын.

Жүрген ортасында өте сыйымды, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін.

Қалада тұрған кезімізде сол өңірдің оқуға келген баласының бәрі біздің аядай екі бөлмемізге тығылатын. Ол кезде Шырынкүлдің өзі де жас балалы. Соған карамастан, оқушы балаларға білген ақылын айтып, олардың сабақтан қалмауына, ұқыпты болуына, жақсы болып өсуіне көп жәрдемдесіп, ақыл-кеңесін айтып отыратын. Тапқаны болса дастарханға салатын. Әйтеуір, бәрімізді де домалаңдап жүріп аш қоймайтын. Көрі ата-енесімен бірге ауыл-аймақ жақсы көрген келін — Шырынкүл осылайша “теберік келін” атанды.

Кейін елге қайта көштік. Балалар өсті, оқыды, үйленді, қыз ұзатылды. Жекжаттың басы көбейді. Оның үстіне қазақтың айтулы қаламгері Мұқаннның (Мұхтар Әуезовті айтамын) Оңтүстік өңіріне келіп, менің ол кісімен сапарлас болуым, қайтар жолда біздің үйге түсіп Шырынкүлдің қолынан дәм татуы бәрі де бір-біріне сабақтасқан тіршіліктің біздің шаңыраққа сыйлаған үлкен сыйы болды. Мұқан өмірден өткен соң ұлы жазушының Қаратау өңірінде болған жерлерін өз көзімізбен көреміз деп келген қаншама қазақтың зиялыларын айтсаңызшы. Үйден қонақ үзілмейтін, қазан оттан түспейтін небір күндер өтті. Соның бәрінде мен Шырынкүлдің шаршап, қабақ шытқанын, еңсесі түскенін көрген емеспін. Соның жылы шуақты жүзін көргенде кімнің де болса бар дүниесі түгелденгендей болып жүре беретін. Барлық уақытта марқұм менің жоқ-барымды білдірмей, өзімді төрге шығарып, төредей күткен пейілінен бір танған емес. Соның арқасында атадан қалған жалғыз қазір бәйтеректей өсіп-өнген әулетке айналдым.

Сондықтан, айналайындар, өз тарихында мың өліп, мың тірілген қазақтың өдет-ғұрпы, ата-салтының ұмыт қалуы, сабырлы ене, салиқалы бәйбіше деген атаулардың өшуі мүмкін емес. Себебі, олар өмірдің өз көрігінде қайнап, шындалған ұлттық атаулар, қасиеттер. Тек соны ерінбей, ұрпақ бойына бесіктен сіңіріп өсіруіміз керек, — деді жазушы.

2. ЖАЗУШЫҒА ЖАР БОЛУ ОҢАЙ МА?

Әдетте қарапайым адамдарға тумысында бөлектеу жаратылған өнер адамдарының, оның ішінде ақын-жазушылардың тыныс-тіршілігі басқашалау болып көрінетіні табиғи шындық. Көп жағдайда елдің көкірек түкпірінде “осылардың жеке басының өмірі немесе ішкі “кухнясы” қандай екен?” деген сұрақтар ауызекі айқайлап айтылмағанымен, іштей сан қайталанып, олардың әлгі адамға деген қызығушылығы одан сайын от үрлегендей маздап жататыны да бар. Сол пенденің бірі өзіміз.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына “Шаянның Шолоховы” деген атпен кірген Еркінбек Тұрысов ағамыздың ішкі “кухнясына” кіру үшін жазушының жұбайы Шырынкүл апамызға жолықтық. Сауалымызды қойдық.

Алғашында қамсыз отырған жазушының жары өзінің жарқын ашық мінезіне басып:

– Әй, қу қыздар-ай, киелі өнердің шалығы шалған адамдармен бірге отан құру оңай деймісіндер, – дей отырып, өздерінің тұрмыс құрған сәттерінен біраз сыр шертті.

Менің пікірімше, жазумен айналысатын адам бір нәрсеге ренжісе қиялындағы өрмекшінің нәзік өрнегіндей болып кестеленген ойының желісі үзіліп қалатындай болып көрінетін. Ол жазу жазғанда бала-шағамызбен үнімізді шығармай жай-жай сыбырласып сөйлесетінбіз. Өзіне жасалған сондай жағдайлардың арқасында болар деп ойлаймын, ағаларыңның қай шығармасын алсаң да мазмұны жанға жайлы, шуақты оқиғаларға құрылған, тілі шұрайлы, сөз тіркестері көркем болып келеді. Жалпы, Ерекең сұлу дүниені, айналасында сұлу ойлы адамдардың болғанын ұнатады. Өзі соны үнемі іздеп жүреді. Мен оның ол мінезін жақсы түсінемін. Сондықтан да оған ылғи жағдай жасауға ұмтыламын.



Ерекең бір шығарма жазар кезде үйде отырмайды. Қатты мазасызданып даланы көп кезеді. Тау-тасты, елді аралап кетеді. Әсіресе соңғы “Бәйдібек”, “Темірлан” атты романдарын жазған тұста көп еңбектенді, ізденді. Ол сондай кездері үйде болса Қостұраның басына ұзақ-ұзақ қарап, өзінің кейде қайда отырғанын ұмытып, ойымен сөйлесіп, қабағын бірде түйіп, бірде жазып, көзінен ұшқын ұшып отыратын сәттері жиі болатын. Ондайда тірлік өртеніп бара жатса да біз оны мазаламаймыз. Бала-шағаның тауқыметін айтпаймыз. Күн ұзақ солай толғатқан Ерекең қағазға тек ел ұйқыға кеткен соң отырады. Жазуды көбінесе түнде жазады. Таңертең біз орнымыздан тұрғанда оның көзі қып-қызыл болып төбелестен тұрғандай сал-сал болып шаршап отырғанын көп көремін. Кейде шынымды айтсам, оған жаным ашиды. Бірақ ол маған азап болып көрінгенмен, өзіне қаламгер адамға айтып тіл жеткізгісіз рахат өмір, жан рахаты. Мен соны түсінемін де үндемеймін.

Әрине, жан қатпары сан қырлы жазушының ойынан шығу оңай емес. Дегенмен, мен әйел ретінде бағымның сол құдай қосқан қосағым Ерекеңнің қаламы арқылы жанғанына сенемін. Ол жазуға ынтық болмаса, ұлыларға жақын, жаны жақсыға ғашық болмаса, шалғайдағы бір ауылдағы кішкентай ғана қазақтың қараша үйіне ұлы Мұхтар Әуезов келер ме еді.

Сөздің шыны керек, барлық ырыс-несібе сол ұлы Мұхтардың біздің шаңыраққа келуінен басталды, ол жайында ағаларың өз шығармасында талай айтып та, жазып та

жүрді. Ол кісі үйге келіп кетісімен біздің үйді айналадағы ағайын, аяқ жетер жердегі игі жақсылар басып қалатын. Әрбірден соң сонау Мәскеуден келетін оқымыстылар мен әдеби зерттеушілерді айтсайшы. Оған қоса қазақ әдебиетінің Сәбит Мұқанов бастаған талай мүйізі қарағайдай майталмандары, өнерпаз, әртіс, ақын, атақты елі сүйген батырлары келіп-кетіп жататын. Сондағы олардың айтатыны да, сұрайтыны да “Мұхтар болған, Мұхаң жүрген жерлері қайсы? Не деді? Қалай отырды деген сияқты қызығуы мол әңгімелер болатын. Қазір көбісі есімде жоқ, бірақ солардың ішінде басқаларға қарағанда көбірек келгені марқұм Нұрғиса, Роза Бағланова, Қасым Қайсенов, Тәкен ағай, Шерхан, Тұманбай, Қалдарбек, Сабырхан, Дулат Исабеков сияқты ел танитын азаматтар еді. Ол күндер бір қызық еді ғой. Шаршауды білмеуші едік.

*“Оңтүстік Қазақстан” газеті,
наурыз, 2002 ж.*



ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ БЕЙНЕ

дана Мұхтар мен бала Мұхтардың кездесуі

Кітаптағы алдына кішкене сәбиді алып, жүзінен нұр шуағы төгілген ұлы ағаның бұл бейне суреті жазушының 1961 жылғы соңғы оңтүстік сапарында Шаяндағы үлкен үйімізде түсірілген еді.

Бұдан он ай бұрын, алпысыншы жылғы жазғы сапары кезінде дүниеге келген кішкене балақайдың есімін, аға сапарының құрметіне бала Мұхтар деп қойған едік.

Енді Шымкенттен қуанышты хабар жетті, Алматыдан жаңа сапарға шыққан ұлы атасы осы жолы арнайы ат басын бұрып, кішкене сәби Мұхтарға келмек. Ұйқысыз түн өткізіп, дайындалып, күтіп отырдық. Жайсаң көктемнің шуақ-шұғыласы төгілген үлкен сәске шағында жанында жазушы Әлімқұлов Төкен аға бар, бір топ облыс, аудан басшыларын ілестіріп келе жатқан Мұхтар ағаны көрдік. Қуанышшымыз қойынға сыймай кішкене балақайды үкідей үлпілдетіп алдынан алып шықтық.

Келісті кездесу, әсерлі әңгіме, жайдары жақсы сөздер кішкене отау үйімізді гүл жайнатып жіберді. Шай дастарқаны кезінде кісілер бір сәт тысқа, таза ауаға шыққан кезде, Мұхаң балақайды алдына алып, төрдегі орнында қалып қойды. Осы тиімді сәтті пайдаланған фототілші Елеубеков Үркімбек әбжел қимылдап қайталанбас қымбат бейнені жан-жағынан бірнеше түсіріп үлгірді. Бұл 1961 жыл, 25 сәуір күні еді.

Мұхаң елден аттанғасын, ізінше 1 Май мерекесімен құттықтап, поштамен жіберілген суретті алып, елден жеткен ең соңғы хат, соңғы сәлемдемені жазу столында қалдырып, өзі Мәскеуге емделуге аттанып бара жатып, қызы Ләйлә арқылы ризалы сәлем жолдапты. Тағдыр бізді ұлы ағаны қайта көруге жазбады.

Мұхаңның көзі тірісінде түсірілген осы ең соңғы бейнесі — Дана Мұхтар мен бала Мұхтардың суретінен бүгінде үлкен портрет жасалып, Алматыда М.Әуезов мұражайында, көрнекті орын, көгілдір қабырғада ұрпақтарға ұлағатқа қалдырған мәңгілік аманат сөзі: “Ел боламын десен, бесігіңді түзе” деген алтынды жазу астында тұр. Сол ұмытылмас ұлы бейне мәңгібақи көз алдымызда!

*“Егемен Қазақстан”
28 қыркүйек, 2002 ж.*



МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	3
Ұстаздардан, ағалардан, замандастан, қаламдастан қалған сөз	4

Бірінші бөлім

Шығармалар	7
Нұржаудың нұрлы түндері	8
Талдының тұнық сулары	57
Мәуе тере барғанда	68
Жаһанды кезген қаһарман.....	71
Сәкен деп өткен бір өмір	83
Арқадағы аманат	95
Таңғы елес	103
Соңғы сапар	113
Заманның мұнды дастаны	125
Шерханның көші	131
Ұлы Бәйдібек есімі	138
Ұлы даланың ұлдары	145
Сырлы табиғат тәлімі	154
Қаратаудың қасқа жолы	161

Екінші бөлім

Құттықтау хаттар және замандастар, қаламдастар жазушы шығармашылығы туралы	165
Қазақстан Жазушылар одағының басқармасының Секретариаты	166
З.Тұрысбеков – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	167
А.Тшанов – Жамбыл облысының әкімі	168
С.Үмбетов – Алматы облысының әкімі	169
Б.Жылқышиев – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	170
М.Әуезов – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы Бас директоры	171
А.Мырзахметов – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	172
Ә.Досболов – Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихат хатшысы	172
Нұрлан Оразалин – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы	173
“Өзбекстан” баспасынан	174
Ә.Әлиев – “Оңтүстік Қазақстан” газетінің редакциясы	175
“Оңтүстік Қазақстан” газеті редакциясының ұжымы	176
Ш.Мырзахметов – Облыстық мәслихаттың хатшысы	177
Абай Балажан – Облыстық “Оңтүстік Қазақстан” газетінің ұжымы	178
Ж.Абдиев – Көші-қон комитеті ұжымы	179
А.Е.Тұрғымбеков – “Нұр-Отан” ХДП ОҚОФ Төрағасының бірінші орынбасары	180
Қ Айтаханов – Созақ ауданының әкімі	181
Ә.Мақұлбаев – Қазығұрт ауданының әкімі, М.Ильясов – Аудандық мәслихат хатшысы	182
О. Омаров – Ордабасы ауданының әкімі, Ә.Байбосынов – Аудандық мәслихат хатшысы	183


Коллектив «Южно Казахстана»	184
Ә.Көбеев – Қазығұрт ауданының әкімі	185
Ө.Керімқұлов – Арыс қалалық мәслихат хатшысы	186
С. Жолдасов. Туған жердің түлегі	187
С. Оспанов. Жазушы бақыты	191
А. Нысаналин. Атажұрт айшықтары	193
А. Майлыбаева. Шаянға орнаған Қаратау	196
Б. Қонысбек. Елдің ерен жыршысы	200
Б.Бекетова. Заман ұлы дария, өмір қалқыған қайық	207

Үшінші бөлім

Арнаулар	215
И.Сапарбай. Қадайсың шырқау шыңға жанарынды	216
М.Батырханұлы. Қаратаудың қыранындай шарықтап	217
Ә.Аймақ. Ел деп соқты жүрегің	218
З.Пәрімбекова. Сан ғасырлар болған оның сырласы	219
Ө.Қыдырбаев. Ерен тұлға бір ғасырда бір келер	220
Р.Тұрдалиева. Сөз зергері өрнектеген өмірді	221
Қ.Серікбаев. Әуезовтің інісі	222
А.Балқыбеков. Көксеңгір таулар тұр қалғып	223
Б.Аймаханов. Еркінбек аға – Ер аға	224
Ә.Жақсыханқызы. Шәкірті болған Мұхтардың	225
С.Дулати. Жанып тұрған сезімнің қызғалдағы	226
Бөрғазының Өскені. Көркемсөз әлемінің Көксеңгірі	227
Н.Бегалиев. Қылау сақтап қалмайтуғын жүрегі	228
А.Пірімжарұлы. Бірге жүрдің Әуезов заңғарменен	229
Қ.Тайбекұлы. Қырансың Қаратаудан самғап ұшқан	230
Ж.Дәулет. Қаратауы даламның	231
Б.Бақтияров. Кешегідей көзіме елестейсің	232
Ә.Жылқышиев. Заманы бір ініме	233
Е.Әбдіразақов. Өзінді жүрегімен сүйді елің де	236
Ә.Қалмырзақұлы. Ақ қағаздың бетіне гүл екті көп	238
С.Молданов. Ұшырған ұясынан шыған көкке	240
Тау ұлы	240
Ақбақайың	241
О.Мәмеков. Шарықтай берсін талабың	242
Табиғат дарыны	244
Х.Есенқарақызы. Күлімдейсің күн көзіндегі көктемгі	246
К.Ахат. Ардың ісін ардақ тұтқан, қиянатты балталап	247
Қ.Сапарбаев. Сан құрметке бөленіп жазушы ағам	248
О.Шойынбайұлы. Бәйдібек би	249
ОҚО тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы. Бар қасиет түйіскен	250
К.Керімбекқызы. Ақбақаймен арындап шауып кетті	251
Ғ.Әріп. Тектілік	252
Ж.Солтиева. Ұлағат отбасынан басталады	254
Ү.Айтөрсева. Теберік келін	256
Жазушыға жар болу оңай ма?	258
Ш.Тұрысова. Ұмытылмас ұлы бейне	260



“Нұрлы Әлем” баспасы кітап
авторымен бірге осы кітаптың
жарыққа шығуына қолдау көрсеткен
“Оңтүстік түстіметалл” бірлестігінің
бас директоры
Асанбаев Тұрсынбекке
және
“Береке” ЖШС-нің төрайымы,
облыстық мәслихаттың депутаты
Рәшкүл Жәлелқызы Оспанәлиеваға
шын жүректен алғыс айтады.



Еркінбек ТҰРЫСОВ,
*Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер,
халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты,
Оңтүстік Қазақстан облысының және
Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы*

НҰРЖАУДЫҢ НҰРЛЫ ТҮНДЕРІ

*Туған жер, өмір, тағдыр, табиғат жайлы толғаныстар,
естеліктер, арнаулар*

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы
Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы – Ж. Жүнісбекұлы

Корректоры – Сәуле Сейдалықызы

Компьютерде беттеген – Жазира Аштеннова

Дизайнер – Гүлнұр Алтаева

Тех. редакторы – Раушан Молдабекова

Кітаптың қосымша беттеріндегі фотосуреттерді түсіргендер:

Үркімбек Елеубеков – “Оңтүстік Қазақстан” газетінің фототілішісі

Ф.Будневич – “КазТАГ” фототілішісі

А.Розметов – “Шымкент келбеті” газетінің фототілішісі

Ә.Сүгірбеков – “Алғабас” газетінің фототілішісі.

Теруге 25.06.2009 ж. жіберілді. Басуға 21.08.2009 ж. кол қойылды. Қалпы 70 x100 1/8. Қағазы офсетке арналған. Қаріп түрі “KazTimes”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 18,5. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 71

*“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды. 481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы,
Алмалыбақ ауылы, Ерленесов көшесі 1 үй.*

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:
Алматы 8-(727) 276 30 10